

СТАТИСТИКА

Ю.К. Шоқаманов
Қ.Қ. Белгібаева

Ю.К. Шоқаманов
Қ.Қ. Белгібаева

СТАТИСТИКА

Оқулы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Ю. К. ШОҚАМАНОВ
Қ. Қ. БЕЛГІБАЕВА

СТАТИСТИКА

Oқулық



УДК 330.1

ББК 65.051

Ш 78

Білім және ғылым министрлігі, Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің ғылыми кеңесі, Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ жанындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беретін «Әлеуметтік ғылымдар және бизнес» мамандықтары бойынша ОӘК басуға ұсынған.

Пікір жазғандар: С.Н. Нысанбаев – ә.ғ.д., профессор;

М.А. Нұриев – профессор, КР Жоғары мектебінің енбекі сіңген қызметкері;

А.П. Авров – ә.ғ.к., доцент.

Ш 78

Шокаманов Ю.К., Белгібаева Қ.Қ.

Статистика: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық /
Ю.К. Шокамановтың редакциялаусымен – Алматы: Экономика, – 540 бет.

ISBN 978–601–225–143–2

Оқулық БҰҰ-ның 1993 жылғы ұлттық шоттар жүйесіне негізделген статистиканың қазіргі заманғы әдістемесінің және халықаралық статистика жөніндегі басқа ғылымдардың, сондай-ақ КР Статистика агенттігінің озге де жарияланылған оқулыктар мен оқулықтар мен оқу күралдарының негізінде дайындалған.

Оқулықта статистикалық деректерді жинаудың, өндеу мен талдаудың статистикалық әдістемесі екі белгітә баяндалған. Кітаптың авторы экономика ғылымдарының докторы Ю.К. Шокаманов дайынданған бірінші белгілінде статистикалық деректерді жинау, өндеу мен талдаудың жалпы қағидалары, әдістері мен тәсілдері қарастырылады, сондай-ақ бұкаралық-қоғамдық құбылыстар мен процестердің дамуының зандылықтары және үрдістері зерттеледі.

Оқулықтың экономика ғылымдарының кандидаты Қ.Қ. Белгібаева жазған екінші белгігінде әлеуметтік-экономикалық процестерді сипаттайтын аса маңызды ұғымдар мен статистикалық көрсеткіштері, сонымен бірге еліміздің экономикалық дамуының негізгі факторлары мен деңгейіне баға беріледі, сондай-ақ өндіріс саласындағы шығындар мен нәтижелердің көрсеткіштері, халықтың әл-аукатының көрсеткіштерін есептеу әдістемесі қарастырылады.

Кітап кредиттік оқыту технологиясы саласы бойынша экономикалық мамандықтарды оқытатын жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне арналған, сондай-ақ біліктілік арттыру курстарының тындаушыларына, аспиранттарға, ғылыми қызыметкерлерге, мемлекеттік басқару органдарының қызыметкерлеріне де пайдастын тигізеді.

УДК 330.1

ББК 65.051

Ш 0601000000

444 (05) 09

ISBN 978–601–225–143–2

© Шокаманов Ю.К., Белгібаева Қ.Қ., 2010.

© «Экономика» баспасы» ЖШС, 2010.

Коржын Ата атындағы
Қызылорда Мемлекеттік
Университеті

КИТАПХАНА

580592

Тіркеу

АЛҒЫ СӘЗ

Қазіргі кезеңдегі нарықтық экономикада әлеуметтік-экономикалық және өндірістік процесті түмді басқару саласында басқарушылық шешім қабылдан, оны орындауды ұйымдастыруда статистикалық ақпараттың рөлі айтарлықтай артты. Алайда ақпарат қана емес, сонымен бірге оның мазмұнын жесте түсінетін әрі оны талдау әдістерін игерген мамандар да қажет, ал мамандарға білімді статистика береді.

Нарықтық экономика статистикасы жалпы теорияны немесе математикалық статистиканы қоспағанда, жоспарлы экономиканың статистикасынан түбекейлі ерекшеленеді. Осыған байланысты осы оқулықта статистиканың әр түрлі тараулары бойынша әр алуан әдебиеттің жеткілікті болуына қарамастан, атапмыйші оқулық статистиканың екі құрамдас бөлігі кіретін және экономикасы нарықтық елдер үшін статистика саласындағы халықаралық стандарттардың талаптарына жауап беретін республикадағы мемлекеттік тілде жазылған алгашиқ оқулық болып табылады.

1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жариялған сәттен бастап республикамыздың ресми статистикасы Халық шаруашылығы балансының (ХШБ) әдістемесінен бастап БҰҰ Ұлттық шоттар жүйесі (ҰШЖ) әдістемесіне дейінгі даму жолынан өтті. Мемлекеттік статистиканы реформалаудың уш бағдарламасы шеңберінде 1992-2005 жылдары тәуелсіз мемлекеттің мәртебесіне лайық ұлттық статистикалық жүйе жаңадан құрылды, статистикалық жіктемелер мен стандарттар, сондай-ақ халықаралық деңгейде қабылданған қазіргі заманғы құрайлар мен статистикалық қадағалау әдістері енгізілді.

Осы өзгерістердің нәтижелері Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі 2001 және 2005 жылдары шыгарған Статистика жөніндегі әдіснамалық ережелерде көрсетілген. Алайда осы өзгерістер статистика жөніндегі қазіргі кезеңдегі оқу әдебиетінде жеткілікті түрде көрсетілмеген. Осы оқулық атапмыйші олқылықтың орнын толтырады.

Экономикалық мамандықтардың мамандары үшін статистиканың әдіснамаларын түсінудің маңызы зор. Сондықтан авторлар осы оқулықты статистикалық деректерді жинау, өңдеу мен талдаудың жалпы әдістерін ғана емес, сонымен бірге елміздің экономикалық дамуының негізгі факторлары мен деңгейін бағалауды, өндіріс саласындағы шығын мен нәтижелердің көрсеткіштеріне баға беруді, халықтың әл-ауқатының көрсеткіштерін есептеу әдістемесін қоса алғанда әлеуметтік-экономикалық процестердің көрсеткіштер жүйесі мен оны талдау әдістерін игерген мамандарды даярлауга көмек көрсету мақсатында жазды.

Статистика әдіснамасы жөніндегі әдебиеттің тапшылығын ескерсек, атапмыйші оқулық біліктілік арттыру курстары тыңдаушыларының,

асирианттардың, гылыми қызметкерлердің, мемлекеттік басқару органдары қызметкерлерінің де кәдесіне асады.

Авторлар оқулықтың тақырыптарын Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінде, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, Алматы экономика және статистика академиясында, Еуразиялық нарық институтында, Қазақстан Республикасының Президенті жасындағы Ұлттық мемлекеттік жогары басқару мектебінде «Статистиканың жалпы теориясы» және «Әлеуметтік-экономикалық статистика» курстарын оқыту жөніндегі көп жылдың жұмыс барысында пайдаланды.

Оқулық жаңа кредиттік оқыту технологиясында пайдалануга арналған және лекциялық сабактарды өзін-озі тексеру бойынша сұрақтар мен ұсынылатын әдебиеттің тізбесін корсете отырып откізуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге оқулықта баяндалған материалды түсініп, статистикалық деректерді іс жүзінде пайдалануга кірсуге көмектесетін практикум (семинар сабактарында пайдалану үшін ізденуге арналған сұрақтар мен типтік есептердің шешімдері кіретін) және студенттердің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары бар.

Авторлар пікір білдірушілерге – экономика гылымдарының докторы, профессор С.Н. Нысанбаевқа, ҚР Жогары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор М.А. Нұриевке, экономика гылымдарының кандидаты, доцент А.П. Авровқа оқулықтың сапасын жақсартуға мүмкіндік берген құнды ескертүлөрі үшін шынайы алғысын билдіреді.

Авторлар оқырмандардың сыйни ескертпелерін, ұсыныстары мен пайдалы кеңестерін ризашылықпен қабылдайды.

Социология - наука о социальных явлениях и процессах, изучающая их в их взаимодействии с обществом и социальными группами.

Социология как наука имеет свою историю, сформировалась в результате длительного процесса, в ходе которого были получены важные научные результаты.

Социология как наука имеет свою историю, сформировалась в результате длительного процесса, в ходе которого были получены важные научные результаты.

Социология как наука имеет свою историю, сформировалась в результате длительного процесса, в ходе которого были получены важные научные результаты.

Социология как наука имеет свою историю, сформировалась в результате длительного процесса, в ходе которого были получены важные научные результаты.

I БӨЛІМ

СТАТИСТИКАНЫҢ ЖАППЫ ТЕОРИЯСЫ

Социология как наука имеет свою историю, сформировалась в результате длительного процесса, в ходе которого были получены важные научные результаты.

Социология как наука имеет свою историю, сформировалась в результате длительного процесса, в ходе которого были получены важные научные результаты.

Социология как наука имеет свою историю, сформировалась в результате длительного процесса, в ходе которого были получены важные научные результаты.

1-ТАҚЫРЫП

СТАТИСТИКАНЫҢ ПӘНІ МЕН ӘДІСІ

1.1. Статистика жөніндегі жалпы түсінік және оның даму тарихы

Статистика жөніндегі жалпы түсінік. «Статистика» деген термин әдetteтте үш мағынада қолданылады. Біріншіден, бұл қоғамдық құбылыстар жөніндегі кестеде жинақталған сандардың қатары. Екіншіден, статистика – бұл дерек жинаумен, өңдеумен және таратумен байланысты практикалық қызмет саласы. Үшіншіден, статистика – күрделі әрі сан қырлы ғылым. Ол ғылым ретінде екі бөлікке, яғни статистиканың жалпы теориясына және әлеуметтік-экономикалық статистикаға бөлінеді.

Статистиканың жалпы теориясы шын мәнінде математикалық статистикамен тұтасқан математикалық пән болып табылады. Статистиканың базалық негізі регінде ықтималдық теориясы қолданылады. Осы тұрғыдан статистика қоғамдағы, экономикадағы, өндірістегі, табиғи құбылыстардағы көп өзгеретін құбылыстардың санын көрсетудің, оларды талдау мен модельдеу әдістерін зерттеп, әзірлейтін кең салалы әдістер жиынтығы болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық статистика БҰҰ Ресми статистиканың негізін қалайтын қағидаларына (1994 ж., 1-қосымша, 1-қағида) сәйкес БҰҰ Ұлттық шоттар жүйесіне (1993 ж.) (1.1-кесте) негізделетін төрт негізгі тармаққа, яғни экономикалық, әлеуметтік, демографиялық статистикаға және коршаган орта статистикасына бөлінеді.

1.1. Статистика салалары жүйесінде статистиканың жалпы теориясының алғын орны

Статистиканың жалпы теориясы (математикалық статистика)	Экономикалық статистика	Әлеуметтік статистика	Демографиялық статистика	Коршаган орта статистикасы
Ықтималдық теориясы	Ұлттық шоттар жүйесі			

Статистиканың салалары мен статистикалық ұйымдардың қызметінің бүдан да толық жіктемесі 2-косымшада көлтірлген.

Статистиканың пайда болуы мен дамуы. Статистиканың тарихшылары әдette статистиканың түп-тамыры ерте заманда кейбір сандық деректерді жинаудан басталады деп пайымдайды.

Мәселен, бізге төрт мың жылдан астам уақыт бұрын Қытайда халықты санау жөніндегі мәлімет жетті. Ал олардың бір санағаның өзі біздің дәуірімізге дейін 2238 жылы атақты Ся әuletінің заманында болғаны мәлім. Көне Египетте, Грецияда, Римде, Иранда, Жапония мен басқа да көне заман мемлекеттерінде де халық санағы болғаны жөніндегі мәліметтер баршылық.

Италияда XVI ғасырда халықаралық сауда дамыған әр түрлі мемлекеттер жөніндегі мәліметтердің жинақтары пайда бола бастады. Германияда XVII ғасырдың сонында мемлекеттердің жай-куй жөнінде жиналатын материал жүйеге келтіріле бастады. Жаңа ғылым мемлекеттану деп аталып, оның негізін неміс ғалымы Г. Комринг (1606-1681 жж.) қалады.

Осы бағыттағы жұмысты Г. Ахенваль мен А. Шлецер жалғастырды.

Г. Ахенваль (1719-1772 жылдары) 1742 жылдан бастап алғашқыда Магдебург, ал содан кейін Геттинген университетінде өзі *статистика* деп атаған жаңа оқу пәнін оқыта бастады. Мектеп 150 жылдан астам уақыт бойы өзінің теориялық негізін өзгертуестен жұмыс істеді. Аталыш ғылымның мәні мен әдісі айқын белгіленбеген болатын, негізінен акпараттық-сипаттау материалы жиналатын.

Ресейде статистиканың сипаттау мектебінің ең беделді өкілдері ретінде И.К. Кириловты (1689-1737 жж.), В.Н. Татищевті (1686-1750 жж.), М.В. Ломоносовты (1711-1765 жж.), И.И. Голиковты (1735-1801 жж.), С.Н. Плещеевті (1752-1802 жж.), М.И. Чулковты (1740-1793 жж.) атауға болады.

Статистиканы сипаттаудың осы неміс мектебінен 100 жылға жуық бұрын статистиканың казіргі кезеңдегі ұйымына жақын *саяси арифметиктер мектебі* пайда болды. Оның негізін Дж. Граунт (1620-1674 жж.), Э. Галлей (1656-1742 жж.) және В. Петти (1623-1687 жж.) қалады. Олардың еңбектерінде демографиялық және статистикалық-экономикалық деп аталатын екі бағытқа баса назар аударылды. Мектеп Ұлыбританияда ғана емес, сонымен бірге шет елдерде де, атап айтқанда Голландия мен Францияда дамыды.

Капиталистік құрылымның дамуына байланысты мемлекеттік басқарудың бір құралы ретінде статистиканың рөлі артып, статистикалық қызметтің жылдам жандануына жол ашылды.

XVIII ғасырда ғылым ретінде қалыптасқан статистика келесі ғасырдың өзінде-ак жалпы ғылымда өзінің орнына нық орналасты. Көптеген европалық елдерде XIX ғасырда әр түрлі статистикалық мәліметтерді жи-

наумен және өндеумен жүйелі түрде айналыса бастаған арнайы мекемелер кұрылды. Мәселен, Францияда 1801 жылы статистикалық бюро кұрылды, содан кейін мемлекеттік статистика органдары Пруссияда, Австрияда, Бельгияда, Англия мен Ресейде пайда болды.

1853 жылы Брюссельде бірінші Халықаралық статистикалық конгресс өтті, содан кейін ол жиырма жыл бойы Еуропаның әр түрлі қалаларында сегіз рет өткізілді. 1885 жылы тұрақты халықаралық статистикалық ор-ган – Халықаралық конгрестің функциясын атқаратын Халықаралық статистикалық институт кұрылды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында статистикалық ғылымның үшінші бағыты пайда болып, ол *статистикалық-математикалық статистика* деп ат-алды. Осы бағыттың дамуына статистиканы «әлеуметтік физика», яғни сандық әдістердің көмегімен коғамдық өмірдің заңдылықтарын зерттейтін ғылым деп атаған бельгиялық ғалым Адольф Кетле (1796-1874 жж.) зор үлес кости.

Статистикадағы математикалық бағыттың дамуына П.П. Чебышев (1821-1894 жж.), А.А. Марков (1856-1922 жж.), А.М. Ляпунов (1857-1919 жж.) есімді орыс математиктерінің еңбектері ықпал етті. XX ғасырда Батыста математикалық статистика саласымен айналысқан ғалымдардың ішінен ең танымалы Р. Фишер (1890-1962 жж.) болып табылады.

XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басы аралығындағы кезең Ресей ғалымы А.А. Чупровтың есімімен байланысты. Ғалым немістің сынына шыдамай күйрекен Кетле доктринасының орнына *академиялық статистика мектебі* деп аталған жаңа статистикалық теорияны қалыптастыру мақсатын қойды.

Кеңес статистикасы мектебінің осы бағытының сол кезендегі ең танымал өкілі ретінде В.И. Хотимскийдің (1892-1937 жж.), В.С. Немчиновтың (1894-1964 жж.), В.Н. Старовскийдің (1905-1975 жж.), А.Я. Боярскийдің (1906-1985 жж.), Б.С. Ястремскийдің (1877-1962 жж.), Л.В. Некрашаның (1886-1949 жж.) есімдері аталады. Соғыстан кейінгі кезеңде индекстік әдістің теориясына С.М. Югенберг, В.Е. Адамов, Г.И. Бакланов, Л.С. Казинец, И.Г. Венецкий, ал статистикалық байланыс теориясына – Я.И. Лукомский көп үлес кости.

1.2. Статистиканың мәні және оның теориялық негіздері

Әрбір экономист статистикалық деректерді түсінуге, олардың өз жұмысында пайдалана білуге, сонымен бірге экономикалық-статистикалық талдау әдістерін жете игеруге және оның нәтижелері бойынша дұрыс шешім қабылдауға тиіс.

Кейде статистика әмбебап немесе әдістер жинағы – қоғамдық та, сонымен бірге табиғи құбылыстарды талдауға да бірдей қолдануға болатын статистикалық әдістер жүйелі түрде баяндаптын теория ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда «статистика» деген ұғым ықтималдық теориясына негізделетін математикалық статистикамен тұтасады.

Мәселен, Еуростаттың «Зерттеу саласы мен дайындау аялары» (1999 ж.) басшылығына сәйкес статистиканы зерттеу (462- код) деп «сандық деректерді жинау, сипаттау, ұйымдастыру мен талдау» деп түсініледі /1, 37-бет. Мұның өзінде статистика математикамен бірге (461-код) Халықаралық білім беруді стандартты жіктеуге (ХБСЖ, ISCED-97) «математика және статистика» деп аталатын 46-кодпен білім беру саласының құрамына кіреді.

Статистиканы зерттеу ауқымына актуарлық ғылым (сактандыру статистикасы), математикалық (теориялық) статистика, ықтималдық теориясы, қолданбалы статистика, тексеру жоспары, ірікеп тексеру бойынша бағдарламалар кіреді. Бұл ретте осы саладан *демографиялық статистика шығарылып, ол «Әлеуметтану және мәдениетті зерттеу»* деп аталатын 312-саладаға енгізілді.

Біздің ойымызша, статистика бір әмбебап ғылым ретінде (бір жакты) қарастырылса да, ол ең алдымен қоғамдық құбылыстардың санын зерттеуге қолайлы болғанына қарамастан статистиканың жалпы теориясына лайық деп санаймыз.

Статистиканың жалпы теориясы курсында статистикалық ғылымның негізгі категориялары, қағидалары, статистикалық деректерді жинау, өңдеу және талдаудың ғылыми негіздері баяндапты. Арнайы оқытылған статистикалық қызыметкерлер статистикалық ғылымда белгіленген тиісті ережелер мен тәртіптерді басшылыққа алады.

Статистиканың әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестерді зерттеумен байланысты екенін ескере отырып, статистикага дербес қоғамдық ғылым ретінде (шын мағынасында) анықтама беріледі. Кез келген ғылым ретінде оның да зерттеулерінің мәні мен өзіндік ерекше әдістері бар.

Статистика пәні. *Статистика жаппай белең алған қоғамдық құбылыстың сапалық мағынасының сандық жасын зерттейді.*

Осы анықтама статистиканың үш ерекшелігіне келесідей сипаттама береді:

1) *статистика* математикалық статистикамен тұтасатын әмбебап ғылым емес, бұл қоғамдық құбылыстарды зерттейтін ғылым (осыған қарамастан біз статистика деп математикалық статистикамен шын мәнінде тұтасатын статистиканың жалпы теориясын ғана әмбебап ғылым дейтін ғалымдармен келісеміз);

2) қоғамдық құбылыстардың сапалы мазмұнының сандық жасы зерттеледі;

3) статистика жаппай белен алған қоғамдық құбылыстарды зерттейді, яғни статистика көп заттардың санын олардың әр түрлі белгілері бойынша сипаттайтын. Статистика статистикалық жиынтық, вариация, вариацияланатын белгілер, статистикалық зандаудықтар, көп сандар заны сияқты категориялармен байланысты.

Статистика – қоғамдық ғылым, сондыктан басқа қоғамдық ғылымдар сияқты ол экономикалық теория мен философияға негізделеді.

Статистика және экономикалық теория. Статистик өзі зерттейтін құбылыстардың мәнін дұрыс түсіну үшін ол жаксы экономист болуы тиіс.

Статистик озық экономикалық теорияны басшылыққа ала отырып, статистикалық жинақтаудағы факторлардың жиынтығын ғылыми жағынан корытады және оларды қойылған максатқа орай топтарға бөледі немесе біріктіреді. Ол қоғамның дамуының зандаудықтарын білген жағдайда статистика қоғамдық құбылыстардың накты сандық сипаттамасын беретін көрсеткіштерді, топтар мен жіктемелерді аныктай алады.

Сонымен катар статистика экономикалық теорияны дамытуға мүмкіндік беретін статистикалық зандаудықтар түріндегі қорытылған фактілердің жана жиынтығын береді. Ал демографиялық статистика демографияға немесе халықты зерттейтін ғылымға негізделеді.

Статистика және философия. Статистикалық әдіснама диалектикалық және тарихи материализмнің жалпы зандаурына негізделеді.

Диалектикалық таным әдісінің талабының бірі – барлық құбылыстарды бір-бірінен бөлектеу емес, кайта оларды өзара байланыстырып қарастыру. Метафизикада табиғат пен қоғам бір-бірімен байланысы жоқ кездейсөк жиын ретінде қарастырылады. Статистика осы құбылыска катысты фактілердің салдарлы себептерін, тұгастай әрі өзара байланыстары мен тәуелділіктерін ашып зерттейді.

Диалектикалық таным әдісінің екінші бір ерекшелігі ретінде оның табиғат пен қоғамның барлық құбылыстарын үздіксіз даму жолында қаруын айтуға болады. Құбылыстардың өзара байланысы мен тәуелділігі жағынан ғана зерттеліп қана коймай, сонымен бірге олардың қозғалысы, өзгеруі, дамуы және пайда болуы мен жоғалуы да назардан тыс қалмауға тиіс. Статистика барлық құбылыстарды тарихи жағынан, ал алынған статистикалық сипаттамалар – өндірістің осы тәсіліне тән тарихи ретінде қарастырады. Диалектикалық әдістің осы ерекшелігінің статистиканың барлық тарауラры үшін, әсіресе динамиканы, орташа шама мен топтастыру әдісін зерттеу әдістері үшін өте маңызды болып табылады.

Статистика, сондай-ақ санның жаңа сапага көшудің диалектикалық занына да сүйенеді. Даму санның шамалы әрі жасырын өзгеруінен түбебегейлі және сапалы өзгеруге көшу ретінде қарастырылады. Сондай-ақ статистикада кездейсөк және қажеттілік, жеке дара және жаппай белен алушылық, жеке және жалпы сияқты ұғымдар диалектикалық түрде қолданылады.

Қоғамдық жаппай белен алған процестер мен құбылыстардың заңдылығы. Статистика жаппай белен алған қоғамдық құбылыстардың сипаттамасын жинақтап қорыта келе, олардың көмегімен статистикалық деректердің орналасу тәртібіндегі, аракатынасындағы немесе өзгерісінде байқалатын белгіленген заңдылыктарды аныктайды. Заңдылықтардың мынадай түрлері болуы мүмкін:

- 1) құбылыстардың даму (динамикасының) заңдылықтары (мысалы, халық санының, өндіріс мөлшерінің, халықтың әл-ауқатының деңгейінің, өнімнің өзіндік құнының және т.б. динамикасы);
- 2) құбылыстар құрылымының өзгеру заңдылықтары (мысалы, қала халықтың оның жалпы санындағы үлесі; салалардың өнеркәсіптегі техникалық прогресті қамтамасыз ететін үлестері; жекелеген өнімдердің халықтың тұтынуындағы өзіндік салмағының үлесі);
- 3) жиынтықтың ішінде бірліктерді бөлу заңдылықтары (халықты жас бойынша бөлу, дүкендердегі сатып алушыларды сағаттар бойынша бөлу және т.б.);
- 4) жиынтықтағы вариацияланатын әр түрлі белгілердің бір-бірімен байланысты өзгеруінің заңдылықтары (өнімділіктің енгізілген тыңайтқыштың мөлшеріне байланысты болуы, жұмысшылардың біліктілігінің жұмыс өтіліне байланысты болуы және т.б.).

Талдап қорытылған статистикалық деректер күрделі себептердің кешенінің ықпалынан пайда болады. Осы себептер кешенінің ішіндегі бір себептер негізгі, жиынтықтың бірліктері үшін ортақ, ал басқа себептер жеке бірлікке тән (бүкіл жиынтық үшін кездейсок) болады. Жаппай бақылаудың негізінде есептелген талдап қорытылған статистикалық көрсеткіштерде осы жеке себептер туыннатқан салдарлар тегістіледі, ал бүкіл жиынтық үшін ортақ болып табылатын себептер айқын білінеді. Бұл орайда көп сан заны осылай қолданылады.

Статистикалық сипаттамалар үлгі түрінде болуы және оған кездейсок факторлар ықпал етпеу үшін көп сан занына сәйкес бақылаудың санын барынша көбейту қажет. Мысалы, 100 қызға шаққанда 105-107 ер бала көп туатыны белгілі, бұл жағдай белгіленген биологиялық занының көрінісі болып табылады.

1.3. Статистикалық әдіснама және статистикалық көрсеткіштер

Статистикалық зерттеу үш жүйелі кезенге бөлінеді:

- 1) статистикалық бақылау, яғни бастапқы статистикалық материалды жинау;

3) статистика жаппай белең алған қоғамдық құбылыстарды зерттейді. Яғни статистика көп заттардың санын олардың әр түрлі белгілері бойынша сипаттайды. Статистика статистикалық жиынтық, вариация, вариацияланатын белгілер, статистикалық заңдылықтар, көп сандар заны сиякты категориялармен байланысты.

Статистика – қоғамдық ғылым, сондықтан басқа қоғамдық ғылымдар сиякты ол экономикалық теория мен философияға негізделеді.

Статистика және экономикалық теория. Статистик өзі зерттейтін құбылыстардың мәнін дұрыс түсіну үшін ол жақсы экономист болуы тиіс.

Статистик озық экономикалық теорияны басшылыққа ала отырып, статистикалық жинақтаудағы факторлардың жиынтығын ғылыми жағынан корытады және оларды қойылған мақсатқа орай топтарға бөледі немесе біріктіреді. Ол қоғамның дамуының заңдылықтарын білген жағдайда статистика қоғамдық құбылыстардың нақты сандық сипаттамасын беретін көрсеткіштерді, топтар мен жіктемелерді анықтай алады.

Сонымен қатар статистика экономикалық теорияны дамытуға мүмкіндік беретін статистикалық заңдылықтар түріндегі қорытылған фактілердің жаңа жиынтығын береді. Ал демографиялық статистика демографияға немесе халықты зерттейтін ғылымға негізделеді.

Статистика және философия. Статистикалық әдіснама диалектикалық және тарихи материализмнің жалпы зандарына негізделеді.

Диалектикалық таным әдісінің талабының бірі – барлық құбылыстарды бір-бірінен бөлектеу емес, қайта оларды өзара байланыстырып карастыру. Метафизикада табиғат пен қоғам бір-бірімен байланысы жоқ кездейсок жиын ретінде карастырылады. Статистика осы құбылысқа катысты фактілердің салдарлы себептерін, тұтастай әрі өзара байланыстары мен тәуелділіктерін ашып зерттейді.

Диалектикалық таным әдісінің екінші бір ерекшелігі ретінде оның табиғат пен қоғамның барлық құбылыстарын үздіксіз даму жолында карауын айтуға болады. Құбылыстардың өзара байланысы мен тәуелділігі жағынан ғана зерттеліп қана қоймай, сонымен бірге олардың қозғалысы, өзгеруі, дамуы және пайда болуы мен жоғалуы да назардан тыс қалмауга тиіс. Статистика барлық құбылыстарды тарихи жағынан, ал алынған статистикалық сипаттамалар – өндірістің осы тәсіліне тән тарихи ретінде карастырады. Диалектикалық әдістің осы ерекшелігінің статистиканың барлық тараулары үшін, есіресе динамиканы, орташа шама мен топтастыру әдісін зерттеу әдістері үшін өте маңызды болып табылады.

Статистика, сондай-ақ санның жаңа сапаға көшудің диалектикалық занына да сүйенеді. Даму санның шамалы әрі жасырын өзгеруінен түбебейлі және сапалы өзгеруге көшу ретінде карастырылады. Сондай-ақ статистикада кездейсок және қажеттілік, жеке дара және жаппай белең алушылық, жеке және жалпы сиякты ұғымдар диалектикалық түрде қолданылады.

Коғамдық жаппай белен алған процестер мен құбылыстардың заңдылығы. Статистика жаппай белен алған коғамдық құбылыстардың сипаттамасын жинақтап корыта келе, олардың көмегімен статистикалық деректердің орналасу тәртібіндегі, аракатынасындағы немесе өзгерісінде байқалатын белгіленген заңдылықтарды аныктайды. Заңдылықтардың мынадай түрлері болуы мүмкін:

- 1) құбылыстардың даму (динамикасының) заңдылықтары (мысалы, халық санының, өндіріс мөлшерінің, халықтың әл-ауқатының деңгейінің, өнімнің өзіндік құнының және т.б. динамикасы);
- 2) құбылыстар құрылымының өзгеру заңдылықтары (мысалы, қала халқының оның жалпы санындағы үлесі; салалардың өнеркәсіптегі техникалық прогрессі қамтамасыз ететін үлестері; жекелеген өнімдердің халықтың тұтынуындағы өзіндік салмағының үлесі);
- 3) жиынтықтың ішінде бірліктерді бөлу заңдылықтары (халықты жас бойынша бөлу, дүкендердегі сатып алушыларды сағаттар бойынша бөлу және т.б.);
- 4) жиынтықтағы вариацияланатын әр түрлі белгілердің бір-бірімен байланысты өзгеруінің заңдылықтары (өнімділіктің енгізілген тыңайтқыштың мөлшеріне байланысты болуы, жұмысшылардың біліктілігінің жұмыс өтіліне байланысты болуы және т.б.).

Талдап корытылған статистикалық деректер күрделі себептердің кешенінің ықпалынан пайда болады. Осы себептер кешенінің ішіндегі бір себептер негізгі, жиынтықтың бірліктері үшін ортақ, ал басқа себептер жеке бірлікке тән (бүкіл жиынтық үшін кездейсок) болады. Жаппай бақылаудың негізінде есептелген талдап корытылған статистикалық көрсеткіштерде осы жеке себептер туындақтан салдарлар тегістіледі, ал бүкіл жиынтық үшін ортақ болып табылатын себептер айқын білінеді. Бұл орайда көп сан заны осылай колданылады.

Статистикалық сипаттамалар үлгі түрінде болуы және оған кездейсок факторлар ықпал етпеу үшін көп сан занына сәйкес бақылаудың санын барынша көбейту қажет. Мысалы, 100 қызға шаққанда 105-107 ер бала көп тұатыны белгілі, бұл жағдай белгіленген биологиялық заның көрінісі болып табылады.

1.3. Статистикалық әдіснама және статистикалық көрсеткіштер

Статистикалық зерттеу үш жүйелі кезенге бөлінеді:

- 1) статистикалық бақылау, яғни бастапкы статистикалық материалды жинау;

- 2) бакылау нәтижелерін жинақтау, яғни оларды өндөу;
- 3) жинақталған материалды талдау.

Осы кезеңнің әрқайсысында статистикалық әдіснаманы құрайтын және статистика пәнінің ерекшеліктеріне байланысты арнайы мамандандырылған әдістер колданылады.

Жаппай бақылау әдісі. Статистика көп сан заңының ықпалымен жаппай белен алған құбылыстарда байқалатын занылықтарды зерттейді, сол себептен статистикалық зерттеудің бірінші кезеңінде жаппай бақылау, яғни жекелеген жеке-дара фактілердің көп саны мен оған тән белгілердің жеке мағыналар қамтамасыз етілуі тиіс.

Топтастыру әдісі. Статистикалық зерттеудің екінші кезеңінде жинақталған фактілер жүйеленіп есептеледі немесе жинақталады. Фактілер ерекшеленетін белгілер бойынша бөлінеді және ұқсастық белгілері бойынша біріктіріледі, басқаша айтқанда топтастырылады. Статистиктер топтастыру әдісінің қомегімен зерттелетін құбылыстарды аса маңызды түрлерге, ерекше топтар мен зерттелетін белгілер бойынша шағын топтарға бөледі.

Көрсеткіштерді жинақтап қорытудың қомегімен талдау әдісі. Статистикалық зерттеудің үшінші кезеңінде жинақталған материал, зерттелетін фактілердегі занылықтар мен байланыстардың білінуі, оларға тән сипаттамалар талданады. Осы кезеңде жинақтап қорытылған көрсеткіштер (жынтық, қатысты және орташа шамалар, статистикалық коэффициенттер) есептеледі.

Жинақтап қорытылған көрсеткіштердің қомегімен талдау кезінде белгілер өлшенеді, біріктіріледі, салыстырмалы және орташа мөлшерлер есептеледі, белгілердің вариациясы, құбылыстардың динамикасы жинақтап бағаланады, балансты құруда, байланыстың тығыздығын сипаттайтын көрсеткіштерді есептеуде, сондай-ақ басқа да тәсілдерде индекстер қолданылады.

Осының барлығы сандық материалды неғұрлым ұтымды баяндайтын кестелік әдіспен және статистикалық деректерді көрнекі көрсету әдісімен – графикалық әдіспен толыктырылады.

Статистикалық жынтық – бұл бірынғай сапалық негізben біріктірілген, алайда бірқатар белгі бойынша ерекшеленетін бір түрдегі жекелеген бірліктердің массасы.

Мысалы, қайсы бір елдің жекелеген адамдардан тұратын, жынысы, жасы мен басқа да белгілер бойынша ерекшеленетін халқы жынтыққа жатады. Алайда, осы халық бір елдікі болғандықтан ол біртұтас болып саналады.

Жаппай белен алған құбылыстар бір жағынан біртекtes, ал екінші жағынан өзара ерекшеленетін бірліктердің жынтығын білдіреді.

Статистика жынтыкты екі текті болуы мүмкін өзінің келесі көрсеткіши-сандарамен сипаттайды:

1) жиынтықтардың мөлшеріне жинақтап қорытылған сипаттама беретін көрсеткіштер. Мысал ретінде жұмыс істейтіндердің санын, өндірістің мөлшерін және т.б. көлтүрге болады.

2) жиынтықтарды бірқатар белгілер бойынша жинақтап қорытып сипаттайтын көрсеткіштер. Мысалы, халыкты санак нәтижелері бойынша, яғни жынысы, жасы, ұлты, білім деңгейі және т.б. бойынша сипаттау.

Вариацияланатын белгілер – жиынтықтың жекелеген белгілерінің әр түрлі мағынаны (сапалық немесе сандық) қабылдайтын белгілері.

Жиынтықтың жекелеген бірліктерінің вариацияланатын белгілерінің мағыналары *нұсқа* (вариант) деп аталады. Мысалы, кез келген кәсіпорынның жұмысшылары өзара жынысы (сапалы мағына – ер немесе әйел) немесе алатын еңбекақының мөлшері (белгінің сандық мағынасы) бойынша ерекшеленеді.

Статистика – бұл жинақтап қорытылған есеп. Статистикалық сандар қайсы бір фактілердің жиынтығын жинақтап қорытып сипаттайты, өзінің белгілерінің көмегімен олардың санын, мөлшерін, біліктерінің аракатынасының мөлшерін немесе орта деңгейін көрсетеді. Сөйтіп ол есептің бір түрі, атап айтқанда жеке-дара факт емес жиынтықты сипаттайтын жинақтап қорытылған есеп болып табылады.

Статистикалық көрсеткіш – қоғамдық құбылыстардың сапасы белгіленген сандық шамасы.

Статистикалық көрсеткіштің мазмұны мен оның нақты сандық мөлшерінің ерекшелігін білу қажет.

Көрсеткіштің мазмұны немесе белгіленген сапасы әлеуметтік-экономикалық категорияны (халықты, ұлттық байлықты, өндірістің мөлшерін, тауар айналымын және т.б.) сипаттайты. Статистикалық көрсеткіштердің сандық мөлшері (яғни статистикалық деректер) орын мен уақыттың нақты жағдайына байланысты болады.

Мысалы, еңбекақы – бұл белгіленген экономикалық категория. Статистика оның жалпы мөлшері мен орташа деңгейін өлшейді. Сондықтан еңбекақы қоры мен орта еңбекақыны сипаттайтын статистикалық көрсеткіштер пайда болады. Әр түрлі жағдайларда және әр түрлі уақытта осы көрсеткіштер бойынша статистикалық деректер бірдей болмайды.

Статистикалық көрсеткіштерді есептеу әдіснамасын әзірлеу статистикалық ғылымның аса маңызды міндеті болып табылады. Осы мәселелер салалық статистика аясында шешімін табады.

Статистикалық көрсеткіштер жүйесі. Статистикалық көрсеткіштер өзара байланысты көрсеткіштер жүйесін құра отырып, өзара белгілі бір байланыста болуы тиіс. Статистикалық көрсеткіштер жүйесі казіргі заманғы демографияға, экономикалық теорияға және басқа да қоғамдық ғылымдарға негізделеді.

Халықаралық дengейде статистикалық көрсеткіштер халықаралық ұйымдардың ҰШС жөніндегі басшылық, Мемлекеттік қаржы жөніндегі басшылық, Банк және қаржы статистикасы жөніндегі басшылық, Төлем балансы жөніндегі басшылық және т.б. деп аталатын жекелеген басшылыктарында жүйеленген.

Статистикалық көрсеткіштер жүйесі өзгеріссіз қалмайды. Көрсеткіштер жүйесінде қоғамның даму процесінде бір құбылыстардың жойылғаны, ал басқа құбылыстардың пайда болғаны байқалады.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Статистика деген не?
2. Статистика кашан пайда болды, ол қандай максатта құрылды?
3. Статистика ғылыминың дамуындағы негізгі мектептерді атап етіңіз.
4. Статистикаға бір жакты аныктама беріңіз.
5. Статистика неге қоғамдық ғылымдарға жатады? Оның басқа қоғамдық ғылымдардан айырмашылығы қандай?
6. Статистиканың теориялық негізін ағаңыз.
7. Жаппай белең алған процестер мен құбылыстардың заңдылығы қалай деп аталады?
8. Осы заңдылыктардың қандай түрлері болады?
9. Статистикалық зерттеу қандай кезеңдерден тұрады, осы кезеңдерде қандай жұмыс жүргізіледі?
10. Статистикалық зерттеудің әрбір кезеңінде қандай ерекше әдістер пайдаланылады?
11. Статистикалық жиынтық деген не?
12. Нұсқаның вариацияланатын белгіден айырмашылығы қандай?
13. Статистикалық көрсеткіш деген не? Ол белгіленген әлеуметтік-экономикалық категориямен қалай байланысты?



Ұсынылатын әдебиет

1. Anderson P., Olsson A.K. Области изучения и сферы подготовки. Евростат, декабрь 1999. – 108 с.
2. Закон Республики Казахстан от 7 мая 1997 г. № 98-І «О государственной статистике» (с изменениями и дополнениями, внесенными Законами Республики Казахстан от 30.01.01 г. № 154-II; от 15.01.02 г. № 280-II; от 20.12.04 г. № 13-III; от 21.12.04 г. № 14-III).

3. Программа совершенствования государственной статистики в Республике Казахстан на 1999-2005 годы / Постановление Правительства Республики Казахстан от 19 ноября 1998 г. № 1180.
4. Харламов А.И. и др. Общая теория статистики. – М.: Финансы и статистика, 1995.
5. Елисеева И.И., Юзбашев М.М. Общая теория статистики: Учебник. – 3-е изд. / Под ред. чл.-корр. РАН И.И. Елисеевой. – Финансы и статистика, 1998. – 368 с.: ил.
6. Теория статистики: Учебник для вузов / Под ред. Р.А. Шмойловой. – М.: Финансы и статистика, 1996.
7. Ефимова М.Р., Петрова Е.В., Румянцев В.Н. Общая теория статистики: Учебник для вузов. – М.: ИНФРА-М, 1998.
8. Харченко Л.И. и др. Статистика. – М.: ИНФРА-М, 1997.
9. Сиденко А.В., Попов Г.Ю., Матвеева В.М. Статистика: Учебник. – М.: Дело и сервис, 2000. – 464 с.
10. Гусаров В.М. Теория статистики: Учебное пособие для вузов. – М.: Аудит, ЮНИТИ, 1998.
11. Ряузов Н.Н. Общая теория статистики: Учебник для студ. экон. спец. вузов. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1984. – 341 с. ил.
12. Общая теория статистики: Учебник / Т.В. Рябушкин, М.Р. Ефимова и др. – М.: Финансы и статистика, 1981.
13. Общая теория статистики: Учебник / Г.С. Кильдишев, В.Е Освиенок, П.М. Рабинович, Т.В. Рябушкин. – М.: Статистика, 1980.
14. Статистический словарь / Гл. Ред. М.А. Королев. – 2-е изд. перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1989.

1.4. Практикум

1.4.1. Ізденуге арналған сұраптар

1. Статистиканың әр түрлі ұғымдарының мазмұнын сипаттаңыз, 2-косымшаны пайдалана отырып статистиканың әр түрлі салаларының жіктемесін көлтіріңіз.
2. Статистиканың әр түрлі мектептерінің жіктемесін кесте түрінде, оның даму кезеңін, ол пайда болған елді, осы мектептердің дамуына айтарлықтай үлес косқан ғалымдардың есімдерін көрсете отырып көлтіріңіз.
3. Статистиканы әмбебап (бір жакты) және коғамдық (жан-жакты) ретінде сипаттаңыз. Статистиканың коғамдық ғылым ретіндегі мәніне толық анықтама беріңіз.
4. Статистиканың теориялық негіздерін сипаттаңыз. Жаппай белең алған процестер мен құбылыстардың заңдылықтарының негізгі түрлерін көлтіріп, оларды сипаттаңыз.

5. Статистикалық зерттеудің кезеңдерін атап өтіңіз, олардың негізгі мазмұны мен пайдаланылатын ерекше әдістердің мәнін ашыңыз.
6. Статистикалық жиынтық пен оларды сипаттайтын көрсеткіштердің үғымын жан-жакты ашыңыз. Статистикалық көрсеткіштер мен әлеуметтік-экономикалық категориялардың өзара байланысын анықтаңыз.

1.5. Өзіндік жұмысқа арналған сұрақтар

1.5.1. Тест тапсырмалары

1. **Ғылым ретінде статистикаға қатысты не дұрыс емес?**
 - 1) қоғамдық құбылыстарды зерттейді;
 - 2) қоғамдық құбылыстардың сапалық мазмұнын зерттейді;
 - 3) қоғамдық құбылыстардың сапалық мазмұнын сандық жағынан зерттейді;
 - 4) жаппай белен алған құбылыстарды зерттейді;
 - 5) статистика әмбебап ғылым болып табылады.
2. **Статистиканың теориялық негізі не болып табылады?**
 - 1) математикалық ғылымдар мен философия;
 - 2) математикалық ғылымдар мен демография;
 - 3) философия, экономикалық теория мен демография;
 - 4) философия мен демография;
 - 5) барлық экономикалық және әлеуметтік ғылымдар.
3. **Статистикалық занылыштардың түріне жатпайды:**
 - 1) динамиканың занылыштары;
 - 2) құрылымның занылыштары;
 - 3) жиынтық ішінде бірліктерді бөлу занылышы;
 - 4) көп сандар занылышы;
 - 5) жиынтықтағы әр түрлі вариацияланатын белгілердің өзгеруіне байланысты занылышы.
4. **Дүкендердің мамандандырылу деңгейі қашалықты жоғары болса, сауда шығынының деңгейі соншалықты жоғары болуы – бұл ненің занылышы?**
 - 1) уақыт аралығындағы қозғалыстың;
 - 2) құбылыстың құрылымының өзгеруінің;
 - 3) жиынтық ішінде бірліктердің бөлінуінің;
 - 4) көп сандардың;
 - 5) жиынтықтағы әр түрлі вариацияланатын белгілердің өзера байланысып өзгеруінің.
5. **Осы құбылыска тән занылышың неде білінеді?**
 - 1) әрбір белгінің белгілі бір мағынасында;
 - 2) барынша көп бақылау санында;

- 3) мағыналардың бөлігінің олардың орташа мағынасынан ауыткуда;
- 4) құбылыстың тұрақтылығында;
- 5) әрбір жекелеген жағдайда.
- 6. Статистика қолданатын ерекше әдістер нені құрайды?**
- 1) статистикалық көрсеткіштер жүйесін;
 - 2) статистикалық бақылау құралын;
 - 3) статистикалық құбылыстың заңдылығын;
 - 4) статистикалық нәтижелердің жинактауын;
 - 5) статистикалық әдістер жинағын.
- 7. Бірыңғай сапа негізімен біріктілген, алайда бірқатар белгі бойынша ерекшеленетін әлеуметтік-экономикалық объектілердің жиынтығы калай аталады?**
- 1) статистикалық жиынтық;
 - 2) статистикалық көрсеткіштер жүйесі;
 - 3) белгілер жиынтығы;
 - 4) бақылау объектісі;
 - 5) статистикалық кесте.
- 8. Жиынтық бірліктерінін өзгермелі белгілері – бұл белгі.**
- 1) сапасының мазмұны әр түрлі;
 - 2) әр түрлі мағына кабылдайтын;
 - 3) тепе-тен;
 - 4) сан мен сапа жағынан ерекшеленетін;
 - 5) тұрақты немесе орныкты.
- 9. Нұска (вариант) деп не аталады:**
- 1) жиынтық бірлігінің жекелеген белгісінің мағынасының саны;
 - 2) жиынтық бірлігінің белгісінің жекелеген мағынасының нөмірі;
 - 3) жиынтықтың жекелеген бірлігінің вариацияланатын белгісінің мағынасы;
 - 4) жиынтық бірлігінің сапа мазмұнының сапалық мағынасы;
 - 5) жиынтық бірлігі.
- 10. Сапасы белгіленген қоғамдық құбылыстардың сандық өлшемі не дең аталады?**
- 1) статистикалық бірлік;
 - 2) вариант;
 - 3) бақылау объектісі;
 - 4) жиынтық бірлігі;
 - 5) статистикалық көрсеткіш.
- 11. Өзара белгіленген өзара байланыстағы статистикалық көрсеткіштер нені құрайды?**
- 1) статистикалық көрсеткіштер жүйесін;
 - 2) статистикалық жіктемені;
 - 3) статистикалық топты;
 - 4) статистикалық кестені;
 - 5) статистикалық заңдылыкты.

Коркыт Ата атындағы
Қызылорда Мемлекеттік
Университеті

КИТАПХАНА
580592
Тіркеу

2-ТАҚЫРЫП

СТАТИСТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРАРЫ

2.1. Статистиканың жоспарлы және нарықтық экономикадағы рөлі

Акпарат басқарушылық шешімді талдау, бакылау, қабылдау мен ұйымдастыруды ойдағыдай іске асыру үшін қажетті мәліметтер мен деректердің жиынтығы ретінде әлеуметтік-экономикалық процестерді тиімді басқарудың қажетті элементі болып табылады. Басқару жүйесіндегі мәліметтердің жалпы жиынтығында ұзак кезеңдегі жаппай белен алған құбылыстарды сипаттайтын, даму аспектілерінің арасындағы үрдістерді, байланыстарды, сондай-ақ факторлардың өзара ықпалдасу қырларын анықтауға мүмкіндік беретін статистикалық акпарат өзгеше орын алады. Статистикалық акпарат бүкіл басқару цикліне қызмет көрсетеді.

Әлеуметтік-экономикалық статистика елдің даму деңгейі мен мүмкіндіктері жөнінде маңызды сандық акпарат беруді қамтамасыз етеді. Статистика саясаттың ең маңызды бағытының бірі ретінде накты мәселелерді дұрыс шешуге ықпал етеді, сонымен бірге қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық процестерге кіркітілген барлық тұлғалар мен мекемелердің акпаратқа қажеттілігін қанағаттандырып, пысықталған шешім қабылдауға септігін тигзеді.

Осы мақсат үшін қажет деректермен қамтамасыз ету жөніндегі өте күрделі жұмыс – «ресми статистикаға» жүктелген өте маңызды мемлекеттік міндет.

Көптеген елдерде белгілі бір мемлекеттік органдар әлеуметтік-экономикалық деректерді ресми өндіруші ретінде ерекше орын алады. Бұл жағдай статистикалық зерттеулерді үдайы жүргізу үшін айтарлықтай қаражаттың қажет болуымен байланысты. Сонымен бірге мемлекет осы зерттеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін мәліметті өтесіз әрі уақытында беруді талап ете отырып респонденттерге қысым көрсетуі мүмкін.

Ресми емес статистиканы, әдетте, респонденттерден кажетті мәлімет алуға мүмкіндік беретін заңмен бекітілген арналы құқыктары жок үйімдар береді. Мундай үйім ең алдымен ресми статистиканы статистикалық талдаумен айналысады, сонымен бірге қажет жағдайда оны өзінің зерттеулерімен және есептерімен толықтырады.

Нарықтық экономикада ресми статистиканың аткаратын рөлі оның жоспарлы экономикадағы рөлінен түбегейлі ерекшеленеді.

Жоспарлы экономикада ресми статистика жоспардың орындалуын бақылау, сондай-ак үгіт және насиҳат құралы болды. Осының нәтижесінде микродеректер (жекелеген кәсіпорын немесе тұлға жөніндегі деректер) анонимді **турде** (домалақ хат) болмады және оны статистикалық мақсаттарға ғана пайдаланып қоймайтын. Сонымен бірге макродеректер (зерттеудердің біріктіліген нәтижелері), керісінше, көбінесе құпиялы болды.

Нарықтық экономика елдерінде ресми статистиканың рөлі керісінше. Жалпыға жариялымды коспағанда, микродеректер құпияда сакталады, ал макродеректер, керісінше, барлығына қол жеткізімді. Статистика мен бухгалтерлік есеп (кәсіпорындардың қызметін бақылауды қамтамасыз ету жағынан) бір-бірінен ерекшеленеді.

Қазақстанның мемлекеттік статистикасының мекемесі 1920 жылғы 8 қараша күні ресімделген сәттен бастап РСФСР құрамындағы Қазак автономиялық республикасының сол жылдың тамызында құрылған бірынғай органды ретіндегі оның даму тарихы Қазақстан 1991 жылғы 16 желтоқсанда тәуелсіздік алған сәтке дейін орталықтандырылған басқарулатын шаруашылықты құру жоспарына сәйкес жұмыс істегенін көрсетеді.

Отандық статистиканы зерттеуші К. Байжанова Қазақстанның мемлекеттік статистикасының кенес кезеңіндегі даму заңдылығы жөніндегі былай деп жазады ол «көп сан заңы мен ірікеп зерттеу әдісіне негізделген және осыған байланысты талдамалы және болжау функциясын аткаруы тиис классикалық статистика канондарына сәйкес емес интегралдық жоспарлық-орталықтандырылған есеп элементі ретінде дамыды. Тиісінше статистиканың (акпараттың, есептіліктің және т.б. нысаны, қағидасы, жинау мен көрсету тәртібі)* сапасы айтартылтай өзгерді».

Қазақстандық статистика пайда болған сәтте ол классикалық статистиканың белгілері мен қағидаларын сактады, алайда бірқатар қайта үйімдастырудан кейін ол тұтас есептілікке негізделген деректерді тіркейтін қаранайым органға айналды, ал әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің құрамы негізінен белгіленген жоспарлық тапсырмалар мен техникалық-экономикалық нормативтердің орындалуын бақылауға бағдарланды.

* Байжанова К.Д. История развития государственной статистики Казахстана. Диссертация на соиск. уч. степени канд. экон. наук по специальности 08.00.12 – Бухгалтерский учет, статистика. – Оренбург, 2004. – С. 60.

Осыған орай, статистикалық есеп әлеуметтік саланын, кредит-каржы жүйесінің, акша айналысының, қызмет көрсету, халықтың әл-ауқатының және қоғамның дамуының басқа да аса манызды аспектілерінің статистикасына залал келтіріп, материалдық және еңбек ресурстарының шаруашылық ішіндегі айналымын, олардың бөлінуі мен пайдалануын көрсетуге бағдарланды. Статистика әлемдік практикамен байланысты болмады, ал мұның өзі халықаралық сәйкестендіру саласындағы жұмысты қурделендіріп, Қазақстанның әлемдік қауымдастық экономикасына интеграциялану процесін тежеді.

2.2. Қазақстанның статистикасын реформалау

1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін Халық шаруашылығы балансы (ХШБ) әдіstemесіне негізделген статистикалық ақпарат жүйесінің елде қалыптасып келе жаткан қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық қатынастарды дұрыс сипаттауға қабілетсіз екені белгілі болды.

Экономикалық және қоғамдық-саяси құрылыштың трансформациялануына, әлемдегі және мемлекет ішіндегі жағдайдың өзгеруіне байланысты қазақстанның статистиканы тубегейлі реформалау (шын мәнінде қайта құру) қажет болды, атап айтқанда:

- Қазақстанның егемендік алуына байланысты тәуелсіз мемлекеттің мәртебесіне лайық ұлттық статистикалық жүйе құрып, қалыптастырудың қажет екенін көрсетti;
- Қазақстанның әлемдік қауымдастырға кіруі және тәуелсіз сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруы техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпаратты әлемдік практика стандарттарына сәйкес жіктеу мен кодтау жүйесін енгізу талабын қойды;
- экономиканың нарықтық қатынастарға бет buquerque, мемлекеттік емес сектордың дамуы, жаңа мекемелік бірліктердің көптеп пайда болуы статистикалық бақылау әдістерін реформалауға, қазіргі заманғы статистикалық тіркелімдер құруға, экономикалық көрсеткіштерді қайта қарауға себеп болды.

Сөйтіп, статистиканы реформалау басынан бастап келесі үш негізгі мақсатты ұстанды: 1) тәуелсіз мемлекеттің мәртебесіне лайық ұлттық статистикалық жүйе құру және оны қалыптастыру; 2) халықаралық деңгейде қабылданған статистикалық жіктемелер мен стандарттарды енгізу; 3) қазіргі заманғы статистикалық бақылау құралдары мен әдістерін енгізу.

ХХ ғасырдың соңғы он жылында Қазақстан мемлекеттік деңгейде статистиканы жетілдірудің үш бағдарламасын қабылдады.

Бірінші – Статистиканы, бастапқы және бухгалтерлік есепті қайта күру жөніндегі мемлекеттік бағдарламада (Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 29 желтоқсандағы №1098 қаулысымен бекітілген) өзекті проблемаларды шешуге ерекше назар аударылып, ресурстар белінді.

Экономиканың нақты секторында, қаржы және банк саласында халықаралық деңгеймен бірдей ұлттық статистиканы қалыптастыру жөнінде шаралар колданылды. Ұлттық шот жүйесіне көшу, республикада статистиканың сыртқы экономикалық қызмет, төлем балансы, баға және т.б. жана тарауларына көшудің негізін қалайтын іс-шаралар кешені жүзеге асырылды. Статистиканың басқа салалары да халықаралық талаптарға сәйкес реформалана бастады.

Колданылған шаралар жалпы ішкі өнімді (ЖІӨ) және басқа да макроэкономикалық көрсеткіштерді есептеуді бастауға, сонымен бірге елдің төлем балансын жасауға, баға статистикасын дамыту үшін бағалар мен тарифтерді тіркеу жөніндегі желі құруға мүмкіндік берді. Осы кезеңде нарықтық экономика статистикасының құралы ретінде шаруашылық жүргізуши субъектілердің мемлекеттік тіркелімі қалыптастырылды. Үлкен ЭЕМ-нан дербес компьютерлерге көшу жүзеге асырылды.

Статистиканы реформалаудың бірінші бағдарламасын іске асыру нәтижесінде тәуелсіз мемлекеттің мәртебесіне лайық ұлттық статистикалық жүйе құрылды. Республиканың мемлекеттік статистикасының тарихын зерттеуші К.Д. Байжанованаң^{*} пікірінше Қазақстан осы миссияны 1991-1994 жылдар аралығында орынады. 1995 жылдан бастап алғашқы Бағдарламаны іске асырылып жаткан уақыттың өзінде-ақ республика халық шаруашылығы балансының көрсеткіштерін есептеуді алып тастап статистиканы реформалаудың екінші кезеңіне қадам басты.

Екінші бағдарламада – Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің 1996-1998 жылдарға арналған бағдарламасында (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 қазандығы №1244 қаулысымен бекітілген) акпарат жинаудың салалық қағидасынан кәсіпорын статистикасына бірте-бірте көшу; халықаралық жіктемелермен үйлестірілген жаңа экономикалық жіктемелер мен техникалық-экономикалық акпаратты кодтау жүйесін енгізу; қоғамның статистикалық акпаратқа қажеттілігін бұдан да толық қанағаттандыру үшін жағдай жасау үшін статистикалық байқау әдістерін реформалау сиякты басты бағыттар белгіленді.

* Байжанова К.Д. История развития государственной статистики Казахстана. Диссертация на соиск. уч. степени канд. наук по специальности 08.00.12 – Бухгалтерский учет, статистика. – Оренбург, 2004.

Екінші бағдарламаны іске асыру:

- ұлттық шотты құруды жалғастыруға және салалық статистикаларды БҰҰ-ның 1993 жылғы ҰШС-тың әдістемелік негізінде реформалауды бастауға;
- жана бухгалтерлік есеп жүйесінің енгізілуіне байланысты қаржы және ақша-кредит статистикасының нысандарын қайта қарауға;
- статистикалық тіркелімді калыптастыруға және статистикалық ақпарат әзірлегендеге экономикалық қызметтің түрлерін халықаралық жіктеуді және өнім мен қызметтерді жіктеуді пайдалануға;
- ауыл шаруашылығы статистикасының мысалында статистикалық ішінәра бакылау әдістеріне көшуді бастауға, сондай-ак шағын кәсіпорындардың мысалында кәсіпорын статистикасына көшуді бастауға;
- статистика органдарын қазіргі заманғы есептеу техникасы және телекоммуникация құралдарымен техникалық қайта жараптандырудың келесі кезеңіне көшуге, сондай-ак республиканың статистикалық органдарының ақпараттық ресурстарын қалыптастыруды автоматтандыру жөніндегі жұмысты бастауға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының Парламенті 1997 жылғы мамырда «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік статистика туралы» жана (екінші) Зандағы қабылдады («Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік статистика туралы» алғашқы Зан Қазақстанның Жоғарғы Кенесінің VII сессиясында 1992 жылғы қантарда қабылданған болатын).

Жалпы 1996-1998 жылдары статистиканы реформалау басымдық, ресурстарды аса маңызды іргелі бағыттарда барынша шоғырландыру қағидасын негізге ала отырып іске асырылды, осының барлығы әлемдік статистикалық қауымдастыққа кіруге көп септігін тиғізді.

Реформалаудың үшінші кезеңі Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы реформалаудың 1999-2005 жылдарға арналған бағдарламасына (Үкіметтің 1998 жылғы 19 қарашадағы №1180 қаулысымен бекітілген) сәйкес жүзеге асырылды. Осы бағдарлама еліміздің басқару органдарының, іскерлік орта мен көғамды елдің, өнірлердің, экономиканың салалары мен секторларының әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі басқа елдердің ақпаратымен халықаралық деңгейде салыстыруға болатын дұрыс статистикалық ақпаратқа қажеттілігін толық қанағаттандыру мақсатында әзірленді.

Бағдарламада Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасын жетілдірудің 1999-2005 жылдарға арналған мына басымды бағыттары көзделді:

- халықаралық деңгейде қабылданған жіктемелермен үйлесетін ұлттық статистикалық жіктемелер жүйесін енгізу;

- тіркелімдерді статистикалық қызметті ұйымдастырудың негізгі күралы ретінде дамыту;
- статистикалық бақылау әдістерін жетілдіру және кәсіпорындардың статистикасына көшү;
- нақты, сыртқы, мемлекеттік, қаржы және әлеуметтік секторларда көрсеткіштер жүйесін, сондай-ақ макроэкономикалық және салалық статистика әдіснамаларын жетілдіру;
- Қазақстанның және оның өнірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуын кешенді талдауды жетілдіру;
- жана ақпараттық технологияларды енгізу және автоматтандырылған жіктеу банкі, тіркелімдер, кіріктірілген бөлінген дереккорлар кіретін бірынғай ақпараттық статистикалық ресурстарды қалыптастыру;
- статистикалық деректерді жариялау және тарату жүйесін жетілдіру;
- статистика және ақпараттық технологиялар саласындағы мамандарға үздіксіз кәсіби білім беру жүйесін жетілдіру;
- статистика саласында халықаралық ынтымактастық жасасу қарастырылды.

ХВҚ-ның арнайы миссиясы 2002 жылды республиканы *Дерек таратудың арнайы стандартына* (ДТАС) косу мүмкіндігін қарастыру мақсатында қазақстандық статистиканың саласын бағалады. Үкіметтің 1998 жылғы 11 қыркүйектегі №871 қаулысына сәйкес КР Статистика агенттігі Ұлттық банкпен және республиканың Қаржы министрлігімен бірлесе отырып 1999 жылғы сәуірде Қазақстанның ТМД елдерінің ішінде алғашқылардың бірі болып Дерек таратудың жалпы жүйесіне (ДТЖЖ) қосылуын қамтамасыз етті.

ХВҚ миссиясының қорытындылары бойынша есептер дайындалды. Аталмыш есептерде Қазақстанның 2003 жылдың шілдесінде ДТАС-ка қосылуы үшін деректердің сапасын жаксартуы және бірқатар даярлық жұмысын жүргізуі жөніндегі ұсыныстар берілді. Осы жұмыстардың барлығы орындалғаннан кейін Қазақстан 2003 жылғы 24 наурызда, яғни бұрын тағайындалған мерзімнен үш ай бұрын көрсетілген стандарттарға қосылды. ДТАС талаптарына сәйкес Агенттіктің сайтында (<http://www.stat.kz>) метадеректер, Деректерді шығару күнтізбесі мен Ұлттық бет орналастырылды. Аталмыш беттің экономикалық деректері Деректерді шығару күнтізбесіне сәйкес ұдайы жаңартылады.

Статистикалық деректердің сапасы жоғары болуына қарамастан, КР Статистика агенттігі шешімі табылған жағдайда қазақстандық статистиканың сапасын одан әрі арттыруға, яғни мынадай жағдайда: 1) Агенттіктің үйымдастыру құрылымын жетілдіру; 2) статистикалық қызметтің ғылыми-талдау сипатын күштейту; 3) әкімшілік деректер көздерін пайдалану сияқты үш проблеманы анықтап, үш міндетті қалыптастырыды.

Агенттіктің ұйымдастыру құрылымы жүйесін жетілдіру аясында Агенттікке бағынысты өнірлік ақпараттық-статистикалық орталыктарды (АСО) дерек өндөу жөніндегі облыстық статистикаға (Агенттіктің аумактық бөлімшелері) косу арқылы (статистикалық деректерді жинау жөніндегі функцияларды беріп) Агенттіктің статистикалық ұйымдарының өнірлік құрылымы оңтайландырылды. Мұның өзінде АСО-дың дерек өндөу жөніндегі функциялары «Статистика жөніндегі агенттіктің АЕО» РМК еншілес мемлекеттік кәсіпорындарға берілді.

Статистикалық қызметтің ғылыми-талдау сипатын күштейту мәселесі бойынша 1991-1997 жылдар аралығында Мемлекеттік статистика жөніндегі комитеттің (Статистика агенттігі) бағынысты ұймын ретінде жұмыс істеген Статистикалық зерттеулер мен болжай институтын қайта құру ұсынылады. Осы мәселе шешімін тапқан жағдайда статистика әдіснамасы мен әлеуметтік-экономикалық саласын талдау саласындағы реформаларды бұдан да карынды жүргізуге мүмкіндік туар еді.

Әкімшілік көздерін пайдаланып республиканың әкімшілік көздерден мемлекеттік статистика органдарына дерек беру, сондай-ақ мемлекеттік статистиканың мұддесін ескере отырып жалпы мемлекеттік және ведомстволық дереккор әзірлеу мәселесін қозғайтын заннама актілеріне тиісті өзгерістер енгізу қарастырылады.

Еуростаттың сарапшылары ТАСИС жобасы аясында Қазақстанның статистикалық жүйесін жалпы (ғаламдық) бағалады. Агенттік 2004 жылғы сәүірде сарапшылардың есебінің соңғы редакциясын алды*. Есепте Қазақстан статистикасының жетістіктерге жеткені, статистикалық есептің сапасының айтартылған жақсарғаны атап өтілген. Сөйтө тұра сарапшылардың республика статистикасын одан әрі жетілдіру жөніндегі ұйымдастырушылық және мазмұндық сипаттағы ұсыныстарын іске асыру мақсатында КР Статистика агенттігі 2004 жылдың басында Іс-шаралар жоспарын әзірледі. Ұсыныстар сондай-ақ Мемлекеттік статистиканы жетілдірудін 2006-2008 жылдарға арналған кезекті (төртінші) бағдарламасында да ескерілген.

Колданыстағы мемлекеттік, салалық және өнірлік бағдарламалардың мониторингін жүзеге асыру және «Қазақстан – 2030» Стратегиясына сәйкес жана бағдарламалар әзірлеу мақсатында мемлекеттік органдарды статистикалық деректермен сапалы ақпараттық қамтамасыз ету үшін Қазақстанның мемлекеттік статистикасын одан әрі дамыту қажет, бұл үшін мемлекеттік статистиканы жетілдірудін көп жылғы бағдарламаларын әзірлеудің кажеттілігі туындал отыр.

Осы бағдарламалар ауқымында деректерді халықаралық деңгейде салыстыруды және халықаралық деңгейде қабылданған міндеттемелердің,

* Қазақстанның статистикалық жүйесін ғаламдық бағалау. Еуростат. 2004 жылғы 30 наурыз.

яғни әлемдік көшбасшылар БҰҰ Мынжылдық саммитінде 2000 жылы қабылданған БҰҰ Мыңжылдық декларациясының мониторингін камтамасыз ету мақсатында статистика саласындағы халықаралық стандарттарға көшу қамтамасыз етілуі тиіс. Еуростаттың *Статистикалық талаптардың резюмесі (қысқаша сипаттама) (Statistical Requirement Compendium)*^{**} статистика саласында халықаралық стандарттарға көшу жөніндегі талаптардың жиынтығының мысалы болып табылады.

Казакстан Республикасы Үкіметінің «ҚР Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы» 2003 жылғы 5 қыркүйектегі №903 қаулысына сәйкес 2005 жылдың сонында Агенттік Үкіметтің қарауына *Мемлекеттік статистиканы жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған кезекті (төртінші) бағдарламасын* бекітуге енгізdi.

Бағдарламаның мақсаты республикадағы статистикалық қызметтін практикасына Еуропалық одакта қабылданған халықаралық стандарттарды енгізу арқылы статистикалық ақпараттың сапасын арттыру болып табылды.

Койылған мақсатқа келесі міндеттерді шешу арқылы қол жеткізу көзделді:

1) статистикалық қызметтің барлық аспектілері бойынша сапаны басқару жүйесін кезең-кезеңмен енгізу және осыған барабар ұйымдастыру және құқықтық негіз құру негізінде статистикалық жүйені үйлестірудің қазіргі заманғы жүйесіне көшу;

2) халықаралық ұсныстар мен стандарттарды ұлттық деңгейде бейімдеу мақсатында статистикалық әдіснамалар мен әдістемелер әзірлеу және оларды енгізу;

3) мемлекеттік және салалық бағдарламаларды әзірлеу енгізу ді ақпараттық камтамасыз етуді жаксарту үшін статистикалық ақпаратты талдауды ұйымдастыру мен жүргізуге жүйелік көзқарасты енгізу;

4) деректерді жинау, өндеу, сактау мен тарату жөніндегі халықаралық стандарттардың талаптарына жауап беретін «Мемлекеттік статистика» деп аталаатын бірыңғай статистикалық жүйе құру;

5) техникалық көмек алудан БҰҰ Ресми статистикасының негіз қалаушы қағидаларына сәйкес белсенді халықаралық ынтымактастық жасасуға көшу.

Бағдарлама ойдағыдай іске асырылған жағдайда статистикалық деректерді барлық негіз қалаушы халықаралық стандарттар мен ұсныстарға сәйкес шығаруды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы ұлттық статистика жүйесі қалыптастырылады.

* Бас Ассамблеяның 55/2 қаравы (резолюциясы).

** Statistical Requirement Compendium. Eurostat Unit F-3. December 2003.

2.3. Ресми статистиканың негізін қалайтын қағидалары

Келенсіз саяси ықпалға бағынышты емес сенімді ұлттық статистика жүйесін құру және оны дамытуда БҰҰ Статистикалық комиссиясы Нью-Йоркте 1994 жылғы 11-14 сәуір аралығында (1-косымша) өткен арнайы сессиясында бірауыздан қабылданған Ресми статистиканың негізін қалаушы қағидалары маңызды рөл атқарады.

Олардың мәні қыскаша төмөндегіге сайды:

1. Ресмилік. Мемлекеттік статистикалық ведомстволар азаматтардың қоғамдық ақпарат алу құқығын құрметтеуді қамтамасыз ету үшін практикалық жағынан құнды ресми статистикалық деректерді обьективті негізде дайындан таратады. Бұл ресми статистиканың демократиялық қоғамның ақпараттық жүйесінің мемлекеттік органдардың істерлік орта мен қоғамды экономикалық, демографиялық, әлеуметтік және экологиялық жағдай жөніндегі деректермен қамтамасыз ететін кажетті элементі болуымен байланысты.

2. Кәсіби. Ресми статистикаға артылатын сенімді ақтау мақсатында статистикалық ведомстволар дерек жинау, өңдеу, сақтау және табыс ету жістері мен тәртіптемелеріне қатысты шешімдерді ғылыми қағидалар мен кәсіби этиканы қоса алғанда кәсіби жағынан ерекше назар аударып қабылдауга тиіс.

3. Ғылыми. Деректерді дұрыс түсінуді қамтамасыз ету үшін статистикалық ведомстволар ақпаратты статистика саласындағы көздер, жістер мен рәсімдерге қатысты ғылыми стандарттарға сәйкес беруге тиіс.

4. Деректерге түсініктеме беру. Статистикалық ведомстволар қате түсіндірмелерге немесе статистикалық деректерді қате пайдалануға түсініктеме беруге құқылы.

5. Дерек жинау сыйбасын оңтайландыру. Статистикалық мақсаттағы деректер статистикалық зерттеу немесе әкімшілік есептілік сиякты барлық көздерден жиналуы мүмкін. Статистикалық ведомстволар сапаны мерзімділікті респонденттерге жүктелетін шығын мен жүктемені ескере отырып деректемені таңдауга тиіс.

6. Бастанқы деректердің құпиялышы. Статистикалық ведомстволар статистикалық ақпарат дайындау үшін жинайтын жеке деректер олар жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты екенине қарамастан қатан құпиялы болуы және тек статистикалық мақсатта ғана пайдалануы тиіс.

7. *Статистиканың жариялышы.* Статистикалық жүйелер қолданылатын ауқымдағы заңдар, нормалар мен өлишемдер жариялануы тиіс.

8. *Статистикалық қызметті үйлестіру.* Келісімділік пен тиімділікті камтамасыз ету үшін статистикалық жүйеде статистикалық ведомстволардың қызметтің елдің деңгейінде үйлестіруді жүзеге асыру қажет.

Осы қағида статистикалық қызметті жүргізетін барлық мемлекеттік органдарды қамтиды, сол себептен мемлекеттік статистиканы жетілдіру манызды рөл атқарады. Аталмыш мемлекеттік органдарға КР Статистика агенттігі, КР Ұлттық банкі, КР Қаржы министрлігі, КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, КР Ауыл шаруашылығы министрлігі, КР Білім және ғылым министрлігі, КР Денсаулық сактау министрлігі, Бас прокуратура және т.б. жатады.

9. *Әрбір елдегі статистикалық ведомстволардың халықаралық тұжырымдамалар мен әдістерді қолдануы.* Осы қағида статистикалық жүйенің барлық ресми деңгейде келісілуі мен тиімділігіне ықпал етеді.

10. *Статистика саласындағы екі жақты және көп жақты ынтымақтастық жасасу барлық елдердің ресми статистика жүйесінің жақсаруына көмек көрсетеді.*

Адамзат өркениеті индустримальдық экономикадан акпарат негізгі тұтынылатын ресурска айналған акпараттық экономикаға көшкен заманда статистиканың маңызы да артты.

ТМД елдерінде ұлттық статистика қызметтерінің құрылымы бұрынғы Кенес Одағынан мұра ретінде калды және ол тұтастай статистикалық бақылау әдісі қолданылған жағдайдағы орталықтандырылған жоспарлаудың қажеттілігіне қызмет етті. Құрылым мемлекеттік басқару құрылымы жетілдірілуіне орай бірнеше рет өзгерді. Жалпы экономикасы өтпелі елдерде ресми статистиканы реформалаумен катар оның қоғамның қажеттілігін ақпаратпен қамтамасыз етудегі рөл артты. Реформалар барысында басқа да сыртқы және ішкі факторлардың ықпалынан мемлекеттік статистика органдарының мекемелері де, оның ішінде өнірлік деңгейдегі құрылымдары да өзгеріске ұшырады.

Мәселен, Арменияда Статистика министрлігі 2000 жылы өз функцияларын қоғам мұдделерінде жүзеге асыратын және өз міндеттерін аткарғанда мемлекеттік органдар мен жергілікті басқару органдарына тәуелді емес органның мәртебесін алған Ұлттық статистика қызметі (УСК) болып кайта құрылды. Арменияның УСК республиканың Парламентіне есеп береді. Арменияның КСК өнірлік құрылымына Ереван қалалық агенттігі, 10 өнірлік статистикалық агенттік пен 37 жергілікті бөлім кіреді. Өнірлік статистикалық агенттіктердің басшыларын Президент тағайындаиды.

Кыргыз Республикасының 1995 жылы құрылған Ұлттық статистикалық комитеті (Ұлттық статком) Кыргызстанның бүкіл аумағында статистикалық қызметті тәуелсіз негізде ұйымдастырып үйлестіретін мемлекеттік бас акпараттық-статистикалық орган болып табылады. Ұлттық статком Үкіметтің құрамынан шығарылған және республиканың Президентіне ғана есеп береді. Ұлттық статкомның өнірлік құрылымына 8 өнірлік және 49 аудандық статистика органдары кіреді, олардың басшыларын Ұлттық статкомның Төрағасы тағайындауды.

ҚР Статистика агенттігі ҚР Үкіметінін 2004 жылғы 31 желтоқсандағы №1460 қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес «Қазакстан Республикасының Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық аткаруышы органдары болып табылады». Сонымен бірге оның қызметі Үкіметтің қаулыларымен реттеледі, ал Агенттік тің Төрағасын Агенттік туралы ережеге сәйкес Қазакстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

Сөйтіп, ТМД үш елнің мысалынан БҰҰ ресми статистикасының 10 кагидаһынан туындастырын жалпы ортақ функцияларға қарамастан ұлттық статистикалық органдардың мэртебесінде елеулі ерекшеліктердің бар екенін көруге болады.

2.4. Қазақстанда және шет елдерде статистиканы қазіргі кезеңде ұйымдастыру

Қазақстанда халықаралық ұсынымдарға сәйкес орталықтандырылған мемлекеттік статистика жүйесі қабылданған.

Статистика агенттігі *статистика саласында бірыңгай мемлекеттік саясат жүргізу* және басшылық жасауды келесі іс-шараларға негіздел камтамасыз етеді:

- статистиканы дамытудың ұзак мерзімді бағдарламаларын әзірлеу және оларды іске асыру. Бағдарламаларда статистиканы ұйымдастыру, стандарттар мен әдістемелер әзірлеп енгізу жөніндегі іс-шаралар енгізілген;
- жыл сайынғы Статистикалық жұмыстардың жоспарын әзірлеу және оларды іске асыру. Осы жоспарларда Агенттік пен басқа да мемлекеттік органдар жүргізетін барлық статистикалық бақылаулардың тізбесі болады. Статистикалық жұмыс жоспарынан тыс жүргізілетін зерттеулер статистикалық болып табылмайды;
- статистикалық бақылау жүргізуге арналған статистикалық нұсқалар мен нысандарды әзірлеу және бекіту;

Басқа мемлекеттік органдардың (Ұлттық банктін, Бас прокуратуралының, Қаржы министрлігінің, Денсаулық сактау министрлігінің, Қаржы министрлігі Кеден комитетінің және т.б.) статистикалық қызметін Агенттік үйлестіреді.

Статистика агенттігінің статистикалық қызметіне үш негізгі кезең; статистикалық деректердің ~~жинау, әндеу және тарату~~ кіреді.

(Осы жұмыстарды орындау үшін Агенттікке келесі функциялар жүктелген:

- ұлттық санакты жүргізу дікоса алғанда статистикалық бақылауларды жүргізу;
- жеке және заңды тұлғаларды статистикалық нысандар бланкілерімен және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулармен қамтамасыз ету;
- статистикалық дереккордың жинақталуын, жүргізуін және өзектілігін қамтамасыз ету;
- статистикалық акпараттың барлық пайдаланушылар арасында кол жеткізімді құралдармен тарату.

Агенттік статистикалық қызметті үйлестіруді бірыңғай әдістеме колдану негізінде қамтамасыз етеді. Осы мақсатта Агенттік туралы ережеде келесі функциялар көзделген:

- мемлекеттік органдардың арасында және жекелеген статистикалық бақылаулардың арасында деректердің бірыңғай жіктелімі мен салыстырмалылығын қамтамасыз ететін Мемлекеттік статистикалық тіркелімді жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- әр шаруашылық бойынша есеп жүргізуге әдіснамалық басшылықты жүзеге асыру және осы есептің деректерін тиісті статистикалық көрсеткіштер жасау үшін пайдалану.

Казіргі уақытта Агенттік заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің бастапқы есебін тексеру түріндегі бақылау функцияларын атқарады. Сонымен бірге Агенттіктің бақылау функцияларын алып тастау мәселесі қаралуда.

Ресми статистиканың халықаралық қағидаларын сактау мақсатында ғылыми зерттеулер мен халықаралық стандарттардың негізінде ресми статистиканың ашиқтығын (демократиялығын), деректердің сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету талап етіледі. Осы мақсатта:

- статистика жөніндегі ведомствоаралық кенес (СВК) шенберінде статистиканы жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді. 2005 жылдың басында СВК жойылып Ресми статистика жөніндегі қоғамдық кенес құрылды;
- ғылыми-зерттеу қызметі жүзеге асырылады;
- еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы Қазақстан Республикасының ғалымдарын жұмылдырумен талданады;
- халықаралық ынтымақтастық бойынша әр түрлі қызмет жүзеге асырылады.

Агенттік құрылымында 1999-2004 жылдар аралығында облыстық деңгейде әр түрлі ұйымдастыру-құқықтық нысандағы статистикалық ұйымдардың артық санының болғаны байқалады:

1) өнірдің статистика басқармасы (облстат) – мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекеме (облыстық деңгейдегі облстаттардың штат санының лимиті – 371 бірлік, сонымен бірге 2003 жылдан бастап облстаттың құрылымына облстат аудандық бөлімшелер болмағанда Агенттіктің басқа бағынысты ұйымы – өнірдің Ақпараттық-статистикалық орталығы арқылы жұмыс істеуге мәжбүр болған жалпы саны 2319 бірлікті құрайтын селолық округтердін статистиктері енгізілді;

2) өнірдің ақпараттық-статистикалық орталығы (АСО) – мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекеме (2000 жылдан бастап өнірлердің АСО-ның штат саны 2750 бірлікті құрады);

3) Агенттіктің Ақпараттық-есептеу оргалығы РМК еншілес мемлекеттік кәсіпорнының (АЕО) еншілес мемлекеттік кәсіпорындары (саны кезекті жылға арналған Статистикалық жұмыс жоспары бойынша жұмыс көлеміне сәйкес анықталды; 2004 жылы ол 240 бірлікке жуық болды).

Статистика агенттігі өзінің өнірлік құрылымын ықшамдау мақсатында 2001 жылдан бастап Үкіметке оны оңтайландыру жөнінде ұсыныс енгізді. Агенттік 2004 жылы енгізген ұсыныска орай Үкімет 2005 жылғы 18 қантарда №24 қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес Агенттіктің ведомствоның бағынысты ұйымдар жүйесіне кіретін өнірлердің ақпараттық-статистикалық орталықтары (АСО) Агенттіктің аумактық органдарына (облстаттарға) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылды. Мұның өзінде АСО штат санының лимитінің 2750 бірлігінен облстаттарға 1350 бірлік берілді. АСО қызметкерлерінің 800-ге жуық адамы Агенттіктің АЕО еншілес мемлекеттік кәсіпорындарына (МЕК) жұмыс істеуге ауысты, ал 600 штат бірлігі қыскартылды. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде облстаттардың аудандық бөлімшелері (аудандық статтар) пайда болды.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі жүйесінің жалпы құрылымы 2005 жылғы 1 шілдедегі қайта ұйымдастырудан кейін біршама қарапайым жүйе болып табылады (2.1-сурет). Оның құрамына мемлекеттік органдар (Агенттіктің өзі мен оның аумактық органдары – облстаттар, сондай-ақ Агенттіктің АЕО-ның мемлекеттік кәсіпорындары мен оның өнірлік МЕК) кіреді.


Халықаралық статистикалық ұйымдар^{*}. Халықаралық байланыстардың кеңеюіне орай әлемнің статистикалық әлпетін жасау қажеттілігі мен мүмкіндігі пайда болды. Әр түрлі елдердің статистикалық зерттеулері бір әдіснама бойынша жүргізілп, үйлестірілген жағдайда ғана оларды салыстыруға болатыны түсінікті.

* Заимствовано из: Сиденко А.В., Попов Г.Б., Матвеева В.М., Статистика: Учебник.

Халыкаралық статистикалық конгрестер үйлестіруші функциялар берілген алғашкы үйім болды. Ұлттар Лигасында 1919 жылдан бастап халыкаралық статистика құруға бағытталған іс-шаралар үдайы өткізілді. Ұлттар Лигасы халыкаралық статистикалық зерттеулердің бірынғай әдіснамалық негіздерін бекітіп үлкен жетістікке кол жеткізді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы жанында 1946 жылдан бастап БҰҰ Статистикалық комиссиясы жұмыс істейді. Ол тұрақты сессия өткізу жұмысымен айналысады. Статистикалық комиссия жанында арнайы бағыттарына, яғни экономикалық статистикаға сәйкес келетін келесі алты мақсатты болімшеден құралады:

- 1) ұлттық есепшілік;
- 2) өнеркәсіп статистикасы;
- 3) халықаралық сауда статистикасы;
- 4) қаржы статистикасы;
- 5) баға статистикасы;
- 6) коршаған орта статистикасы.



2.1-сурет. КР Статистика агенттігі жүйесінің жалпы құрылымы (2005 жылғы 1 шілдеге калыптаскан жағдай бойынша)

Мақсатты бөлімшелер ақпарат жинайды, әдіснаманы пысыктайды және оны жан-жаққа, яғни өнірлерге таратады, сондай-ақ мамандар даярлайды, ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

БҰҰ Хатшылығының дербес жұмыс істейтін бөлімшесі және сонымен бірге Статистикалық комиссияның жұмыс органы ретінде БҰҰ Хатшылығының Статистикалық бөлімі жұмыс істейді.

Статистикалық бөлім қызметінің негізгі бағыттары:

- статистикалық комиссияның сессияларына материал дайындау;
- статистикалық деректерді жинау, өндөу (шынайылығын бағалауды коса алғанда) және жариялау;
- дербес бағалауды жүргізу;
- елдерге практикалық көмек көрсету;
- оку орталықтарының жұмысы;
- мамандарды жер-жерлерге іссапарға жіберу.

Қазіргі уақытта көп елдердің күшімен құрылған *Fatalandyқ статистикалық жүйеге*:

1) БҰҰ жаңындағы статистикалық комиссия;

2) БҰҰ салалық статистикалық бөлімшелері;

3) БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдардың статистикалық басылымдар жүйесі;

4) БҰҰ арнайы мекемелері:

ФАО – БҰҰ азық-түлік жөніндегі комиссиясы;

ЮНЕСКО – ғылым, мәдениет және білім беру саласындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссиясы;

ДДҰ – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы;

ДБ – Дүниежүзілік банк (бұрынғы атауы – Халықаралық жаңғыру және даму банкі);

ХВҚ – Халықаралық валюта қоры;

ДСҰ – Дүниежүзілік сауда ұйымы;

5) Мемлекетаралық ұйымдардың статистикалық қызметтері;

ЭҮДҰ – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы;

ЕЭҚ – Еуропалық экономикалық қауымдастық;

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы;

6) өнірлік статистикалық ұйымдар:

ЕУРОСТАТ – Жалпы нарық елдерінің статистикалық ұйымы кіреді.

Статистикалық орталықтардың деректері арасында катан бағыныстылық жок. Үйлестіруші рөл атқаратын БҰҰ-ның Статистикалық комиссиясының «теңелгендер арасындағы алғашқы» деп аталатын ресми мәртебесі бар. Аталмыш комиссия халықаралық стандарттар мен жіктелімдердің бас тізбесін үйлестіреді және олардың әр түрлі мемлекеттерге берілуі үшін жауп береді.

Бас статистикалық жүйені құрудың негізгі мақсаты ретінде статистикалық қызметті ұлттық және халықаралық деңгейде жүзеге асыру үшін колда бар ресурстарды тиімді пайдалану міндеті қалыптастырылды.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Ресми және ресми емес статистиканың арасындағы айырмашылықтың неде екенин түсіндіріңіз.
2. Жоспарлы экономикадағы ресми статистиканың рөлін ашыныз.
3. Нарықтық экономикадағы ресми статистиканың рөлі кандай?
4. Казакстандық экономиканың көнестіңдерінде рөлі кандай?
5. Нарықтық экономикаға өту жағдайында мемлекеттік статистиканы реформалау кезінде койылған негізгі міндеттерді атап өтіңіз.
6. Республика тәуелсіздік алған сәттен бастап казакстандық статистиканы реформалаудың неше бағдарламасы қабылданды?
7. Қазақстандық статистиканы реформалаудан кандай нәтиже алынды?
8. Қазақстандық статистикасы ХВҚ дерек таратудың жалпы және арналы стандарттарына қашан косылды?
9. Республиканың мемлекеттік статистикасының жұмысында кандай проблемалар бар?
10. Қазақстанның статистикалық жүйесін Еуростат қалай бағалайды?
11. Қазақстандық статистиканы жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасының мақсаттары мен негізгі міндеттері кандай?
12. БҰҰ ресми статистикасының негіз қалаушы қағидалары кандай мақсатта қабылданды? Олардың негізгі мазмұны кандай?
13. Қазақстандық статистиканың құрылымына не кіреді?
14. ҚР Статистика агенттігі кандай функциялар атқарады?
15. Қазақстан Республикасында статистиканы ұйымдастыру негізін қалайтын қағидалар кандай?
16. Халықаралық деңгейде кандай статистикалық ұйымдар бар? Олар кандай функциялар атқарады?



Ұсынылатын әдебиет

1. Закон Республики Казахстан от 7 мая 1997 г. №98-І «О государственной статистике» (с изменениями и дополнениями, внесенными Законами

- Республики Казахстан от 30.01.01 г. №154-II; от 15.01.02 г. №280-II; от 20.12.04 г. №13-III; от 21.12.04 г. №14-III).
2. Программа совершенствования государственной статистики в Республике Казахстан на 1999-2005 годы / Постановление Правительства Республики Казахстан от 19 ноября 1998 г. №1180.
 3. Харламов А.И. и др. Общая теория статистики. – М.: Финансы и статистика, 1995.
 4. Елисеева И.И., Юзбашев М.М. Общая теория статистики: Учебник. – 3-е изд. / Под ред. чл.-корр. РАН И.И. Елисеевой. – М.: Финансы и статистика, 1998. – 368 с.: ил.
 5. Теория статистики: Учебник для вузов / Под ред. Р.А. Шмойловой. – М.: Финансы и статистика, 1996.
 6. Ефимова М.Р. Петрова Е.В., Румянцев В.Н. Общая теория статистики: Учебник для вузов. – М.: ИНФРА-М, 1998.
 7. Харченко Л.И. и др. Статистика. – М.: ИНФРА-М, 1997.
 8. Сиденко А.В., Попов Г.Ю., Матвеева В.М. Статистика: Учебник. – М.: Дело и сервис, 2000. – 464 с.
 9. Гусаров В.М. Теория статистики: Учебное пособие для вузов. – М.: Аудит, ЮНИТИ, 1998.
 10. Ряузов Н.Н. Общая теория статистики: Учебник для студ. экон. спец. вузов. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1984. – 343 с.: ил.
 11. Общая теория статистики: Учебник / Т.В. Рябушкин, М.Р. Ефимова и др. – М.: Финансы и статистика, 1981.
 12. Общая теория статистики: Учебник / Г.С. Кильдишев, В.Е. Освиенко, П.М. Рабинович, Т.В. Рябушкин. – М.: Статистика, 1980.
 13. Статистический словарь / Гл. ред. М.А. Королев. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1989.
 14. Петер фон дер Липпе. Экономическая статистика. – ФСУ Германии. 1995. – 629 с.

2.5. Практикум

2.5.1. Ізденуге арналған сұрақтар

1. Ресми статистиканың жоспарлы және нарыктық экономикадағы негізгі белгілерін кесте түрінде көлтіріңіз. Казакстандық статистиканың кеңес дәуіріндегі рөлі мен мазмұнын сипаттаңыз.
2. Нарыктық экономикаға ету жағдайындағы Қазақстанның мемлекеттік статистикасын түбебейлі реформалаудың негізгі себептері мен мақсаттарын баяндаңыз.
3. Республикамыз тәуелсіздік алған сәттен бастап казакстандық статистиканы реформалаудың негізгі кезеңдері (бағдарламаларды) мен нәтижелерді кесте түрінде көрсетіңіз.

4. ҚР Статистика агенттігінің сайтындағы (<http://www.stat.kz>) ХФК-дың казакстандық статистиканың ХВК деректерін таратудың жалпы және арнайы стандарттарына косылуымен байланысты құжаттарын зерделеніз. Осы стандарттардың тағайындалуы мен мазмұнын сипаттаңыз.
5. Шешімін тапқан жағдайда казакстандық статистиканың сапасын одан әрі арттыру үшін жасайтын негізгі проблемалар мен міндеттерді сипаттаңыз.
6. Еуростаттың қазакстандық статистиканы ғаламдық жағынан берген бағасы тұрғысынан қазакстандық статистиканы жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған төртінші бағдарламасының максаттары мен негізгі міндеттерін сипаттаңыз.
7. I-қосымшаны пайдалана отырып БҰҰ Ресми статистиканың негіз калаушы қагидаларының мазмұнын сипаттаңыз.
8. Казакстандық статистиканың ұйымдастырылуын және ҚР Статистика агенттігінің негізгі функцияларын атаңыз.
9. Халықаралық статистикалық ұйымдардың құрамы мен функцияларын кесте түрінде көрсетіңіз.

2.6. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

2.6.1. Тест тапсырмалары

1. «Ресми статистика» – бұл:
 - 1) Үкімет бекіткен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі деректер;
 - 2) елдің даму деңгейі мен мүмкіндіктері жөнінде дерек беру міндеті кіретін мемлекеттік органдар;
 - 3) сол немесе басқа әлеуметтік-экономикалық құбылыс жөніндегі жалпыға жариялыш деректер;
 - 4) деректері елдегі әлеуметтік-экономикалық құбылысты бағалау үшін пайдаланылатын кез келген мәншік нысанындағы ұйымдар;
 - 5) ұйымдар өзінің қызметінің нәтижелері бойынша ресми түрде жариялатын деректер.
2. Төмендегілердің қайсысы жоспарлы экономиканың ресми статистикасының сипаттамасына жатпайды?
 - 1) статистикалық деректер жоспарды орындау құралы болып табылады;
 - 2) статистикалық микродеректер үгіт пен насиҳат құралы болып табылады;
 - 3) статистикалық макродеректер құпиялды болуы мүмкін;
 - 4) микродеректер құпияда сакталады;
 - 5) статистика мен бухгалтерлік есептің әдіснамалық бірлігі байкалады.

3. Төмendегілердің қайсысы нарыктық экономиканың рееси статистикасының сипаттамасына жатпайды?
 - 1) статистикалық деректер баршаға қол жеткізімді;
 - 2) макродеректер күпиялды болуы мүмкін емес;
 - 3) микродеректер барлығына қол жеткізімді;
 - 4) статистика мен бухгалтерлік есептің негіздері шектелген;
 - 5) банк қадағалауда статистика мен бухгалтерлік есеп бірнеше.
4. Қазақстанның мемлекеттік статистикасы бірыншай орган ретінде қашан құрылған?
 - 1) 1918 жылғы 25 маусымда;
 - 2) 1802 жылы;
 - 3) 1897 жылы;
 - 4) 1920 жылғы 8 қарашада;
 - 5) 1991 жылғы 16 желтоқсанда.
5. Қазақстанда 90-жылдары мемлекеттік статистиканы реформалау мақсатында неше бағдарлама қабылданды?
 - 1) 2 бағдарлама;
 - 2) 3 бағдарлама;
 - 3) 4 бағдарлама;
 - 4) 5 бағдарлама;
 - 5) 6 бағдарлама.
6. Төмendегілердің қайсысы рееси статистиканың негізін қалайтын қағидаларға жатпайды?
 - 1) реесмилік;
 - 2) кәсіби;
 - 3) есеп пен статистиканың біртұтастыры;
 - 4) ғылыми;
 - 5) деректерге түсініктеме беру.
7. Төмendегілердің қайсысы рееси статистиканың негізін қалайтын қағидаларға жатпайды?
 - 1) бастапкы деректердің құпиялышы;
 - 2) статистиканың жариялышы;
 - 3) статистикалық қызметті үйлестіру;
 - 4) индикативтік жоспардың орындалуын бақылау;
 - 5) халықаралық тұжырымдамалар мен әдістерді пайдалану.
8. Төмendегілердің қайсысы ҚР Статистика агенттігінің функцияларына жатпайды?
 - 1) статистикалық бақылау жүргізу;
 - 2) респонденттерді статистикалық нысандардың бланкілерімен және толтыру жөніндегі нұсқаулармен қамтамасыз ету;
 - 3) республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы;
 - 4) дерекқорды енгізу, өңдеу және жүргізу;
 - 5) статистикалық деректерді тарату.

3-ТАҚЫРЫП

СТАТИСТИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

3.1. Статистикалық бақылау, оның міндеттері мен нысандары

Статистикалық бақылау – кез келген статистикалық бақылаудың бірінші кезеңі. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңында оған «әлеуметтік-экономикалық өмірдің құбылыстары мен процестері туралы деректерді алдын ала әзірленген бағдарлама бойынша тіркеу арқылы жоспарлы түрде ғылыми ұйымдастырып жинау» деген анықтама берілген.

Статистикалық бақылау алынған материалға сүйене отырып оны тиисінше пысықтағаннан кейін дұрыс қорытынды жасауға болатындей етіп ұйымдастырылуы тиіс. Бұл үшін фактілерді есепке алу мен бастапқы материалды жинауды мұқият ойластырып, ғылыми негізде ұйымдастыру керек.

Казақстанда «Мемлекеттік статистика туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік статистикалық бақылау КР Статистика агенттігі өткізетін жалпы мемлекеттік статистикалық бақылаудан және статистикалық қызметті жүргізетін басқа мемлекеттік органдар жүргізетін ведомстволық бақылаулардан тұрады.

Әрбір статистикалық бақылаудың жұмысы үш кезеңнен тұрады: 1) бақылауды дайындау; 2) материалды тіkelей жинау; 3) оны әзірлеуге жиберу алдында бақылау.

Статистикалық бақылаудың бірінші кезеңінде оның мақсаттары мен міндеттерінен туындайтын бақылаудың бағдарламасы әзірленеді және бақылауды өткізуін ұйымдастырушылық жоспары жасалады. Бұл орайда келесі мәселелерді шешу қажет: 1) бастапқы ақпараттың мазмұны; 2) ақпараттың есебі қандай тәсілмен жүргізілетін; 3) ол қалай құралдармен жасалатыны; 4) қандай мерзімде; 5) алынған бастапқы материалды жинау мен тексеруді ұйымдастыру; 4) материалды кейінгі өндөу техникасы қандай болуы тиіс (қолмен енгізу, сканерлеу).

Статистикалық бақылаудың мақсаты – накты әлеуметтік-экономикалық процестер жөнінде акпарат жинау.

Статистикалық бақылауда жағдайдың накты жағдайды обьективті түрде көрсететін шынайы (2) және толық (3) бастапқы акпаратты барынша қысқа мерзімде (1) алу мақсаты қойылады.

Нашар дайындалған бақылау кемшіліктерді тек келесі кезеңдерде жабуға болатын ақаулы материал алуға әкеп соқтырады. Осының нәтижесінде барлық статистикалық бақылау сәтсіз аяқталады.

Статистикалық бақылау жаппай бастапқы деректерді жинаудың 1) статистикалық есептілік; 2) арнары ұйымдастырылған статистикалық бақылау деп аталатын екі нысаның пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

«Мемлекеттік статистика туралы» КР Заңында оларға *мемлекеттік статистикалық бақылаудың* екі түрі ретінде мынадай аныктама беріледі:

«Мемлекеттік статистикалық есептілік – жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық бақылаулар, бұл орайда жеке тұлғалар, заңды тұлғалар және олардың құрылымдық бөлімшелері хабарланатын мәліметтердің берілуі мен дүрыстығына жауапты адамдар кол койған есептерді мемлекеттік статистика органдарына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ұсынады».

«Арнары ұйымдастырылған статистикалық бақылаулар жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық бақылаулар, бұл ретте бастапқы статистикалық акпаратты жинау есептер негізінде емес, басқа тәсілдермен жүзеге асырылады».

Есептілік саланың барлық кәсіпорындары үшін бастапқы есеп материалдары жинақталған бірынғай бағдарлама болып табылады, ол бастапқы есепті ұйымдастыруға және оның бағдарламасына өте ықпал етеді. Бұл жағдайда кәсіпорындарда бастапқы есептілік статистикалық жағынан ұйымдастырылған деген баға беріледі.

Арнары ұйымдастырылған статистикалық бақылаулардың нәтижесінде статистикалық есептілік камтымайтын құбылыстар мен процестер туралы деректер алынады. Кейде арнары ұйымдастырылған зерттеулердің көмегімен есептік деректер тексеріледі.

3.2. Статистикалық бақылаудың бағдарламасы

Бақылау бағдарламасының манызы. Статистикалық бақылау бағдарламалық та, сонымен бірге ұйымдастыру мәселелері де кіретін белгіленген жоспар бойынша өткізуі туіс.

Әзірлеменің бағдарламасы алдын ала жасалмаған жағдайда статистикалық бақылауға барлық кажетті мәселелер енбеуі немесе әзірлеменің бағдарламасында көзделмеген артық мәселелер де болуы ықтимал.

«Мемлекеттік статистика туралы» ҚР Занында «статистикалық бақылау бағдарламасы – бақылау жүргізудің мақсаты мен міндеттері, деректер жинау жүзеге асырылатын көрсеткіштердің (сұраптардың) тізбесі, нысан, сұраптама, сауалдама, санак парагы, есепке алу бланкісі және басқа (бұдан ері - статистикалық нысандар) түрінде ұсынылған, оларды есептеп шығарудың әдістемесі және статистикалық бақылау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар» деген анықтама берілген.

Қысқаша айтқанда статистикалық бақылау бағдарламасы статистикалық бақылау жүргізу кезінде жауап алынуы тиіс сұраптардың тізбесін билдіреді.

Бақылау бағдарламасы бүкіл статистикалық бақылаудың мақсаты мен міндеттімен белгіленеді. Сондықтан мақсат пен міндет қалыптастырылғаннан кейін бақылау бағдарламасының мазмұнын құрайтын: 1) оның обьектісін шектеу; 2) жиынтық пен бақылау бірлігін белгілеу; 3) көрсеткіштер жүйесін белгілеу кажет.

Статистикалық бақылау обьектісін шектеуден бұрын оны анықтау кажет.

Статистикалық бақылау обьектісі деп статистикалық мәлімет жиналуды тиіс байқалатын құбылыстың бірліктерінің жиынтығы аталауды. Халық санағында елде барлық тұратындардың жиынтығы статистикалық бақылау обьектісі болады. Халықтың әл-ауқатын зерттегендеге статистикалық бақылау обьектісі ретінде іріктелген үй шаруашылықтары, өнеркәсіпті зерттегендеге – өнеркәсіптік кәсіпорындардың жиынтығы болады.

Жұмысты ойдағыдай жүргізу үшін статистикалық бақылаудың обьектісін нақты анықтау, зерттелетін жиынтықтың шектерін белгілеу өте манызды. Бұл орайда егер зерттеу мақсатында зерттелетін жиынтықтың біртектілігі қарастырылса, әсіресе, егер зерттеу кезен-кезенмен жүргізілсе, бұл жағдайда ценз қолданылады. Статистикада ценз деп зерттелетін жиынтықтың барлық бірліктерін канагаттандыратын шектеу белгісі аталауды. Мысалы, шағын бизнестің субъектілерін зерттегендеге колданыстағы заңнамада белгіленген оларды заңды және жеке тұлғаларға жатқызу өлшемдерін сактау кажет.

Статистикалық бақылау обьектісін анықтап, шектегеннен кейін жиынтық бірліктері мен бақылау бірліктері белгіленеді.

Жиынтық бірліктері – статистикалық бақылау обьектісінің тіркелуге тиіс белгісі және зерттеу кезінде негіз болып табылатын есепті білдіретін бастапқы элементі, яғни жиынтық бірлігі – бұл зерттелетін нәрсе.

Бақылау бірлігі – кажетті статистикалық мәлімет алынуы тиіс бастапқы бірлік.

Басқаша айтқанда бақылау бірлігі – зерттелетін нәрсе немесе мәлімет алынатын көз.

Бақылау бірлігі мысалы, халық санағында жиынтық бірлігімен бірдей болуы мүмкін, алайда, мысалы, жиынтық бірлігі, яғни өнеркәсіптік жабдық туралы мәлімет алынатын кәсіпорын бақылау бірлігі ретінде болғанда көбінесе олар бірдей болмайды. Сол сияқты мал санағында да: жиынтық бірлігі ретінде мал басы, ал бақылау бірлігі – жекелеген шаруашылық болады.

Статистикалық жұмыс ойдағыдан болуы үшін бақылау объектісі мен жиынтық бірлігін дұрыс анықтау және бір есептен екінші есепке олардың салыстырмалылығын қамтамасыз ету қажет.

Бақылау бағдарламасының мазмұны. Бақылау объектісі, жиынтық бірлігі мен бақылау бірлігі анықталғаннан кейін осы статистикалық бақылау барысында жауап алынуы тиіс нақты қалыптастырылған сұраптардың тізбесінен тұратын бақылау бағдарламасы әзірленеді.

Осы сұраптар кез келген есептілік нысанында немесе зерттеу бланкінде көрсеткіштер жүйесі түрінде көрсетіледі және осы көрсеткіштер бақылау бағдарламасының мазмұнын құрайды.

Статистикалық бақылау бағдарламасының сұраптары статистикалық бақылаудың қазіргі заманғы ғылыми көзқарасының негізін қалаушы болып саналатын белгілі бельгиялық статистик Адольф Кетле (1796–1874 жж.) бір жарым ғасыр бұрын қалыптастырылған талаптар ескеріліп жасалады. Ол статистикалық бақылау бағдарламаларына *сол немесе басқа сұраптардың енгізу/енгізбеуге қатысты мына үшін ережені қалыптастыруды:*

- 1) статистикалық бақылау бағдарламасына қойылған мақсатқа жету үшін қажетті ғана сұраптардың енгізу қажет;
- 2) бағдарламага сапасы қанағаттаныптын жауап алу мүмкін емес сұраптардың енгізбеу қажет;
- 3) бақылау бағдарламасына сұратылатындардың жеке мүдделерінің аясына араласу болып саналатын сұраптардың енгізілмеуге тиіс.

Сұраптар олардың мазмұнын барлығы бірдей түсінетіндей етіп қойылуы тиіс. Қолайлы болу үшін кейде сұраптарға ықтимал жауаптар колданылады.

Есептілік нысандары мен зерттеу бланкілеріне әдетте арнайы статистикалық құжаттар, яғни косымша түсініктеме беретін нұскалар коса тіркеледі.

Статистикалық формуларлар мен олардың түрлері. Есептілік нысандары мен зерттеу бланкілері *статистикалық формулар* деп аталады. Зерттеу бланкілері карточка, санак параграфы, есепке алу бланкісі сұраптама, сауалдама және тағы басқадай аталуы мүмкін. Статистикалық формуларлар бақылау бағдарласының сұраптарына берілген жауаптарды сактауға арналған. Олардың адрестік бөлімі жиналған мәліметтерді тексеріп, оларды кейін пысықтау үшін өтеді.

Формулярдын тізімдік және жеке деп аталатын екі түрі болады. *Тізімдік формуларда* жиынтық бірлігінің тобы, мысалы, үй шаруашылығы немесе кәсіпорын жөніндегі мәлімет жазылады. *Жеке формулярга* жиынтықтың жекелеген бірліктері, яғни үй шаруашылықтарының жекелеген мүшелері, кәсіпорынның накты жабдығы жөніндегі мәлімет енгізіледі.

Формулярлар автоматтандырып өндөу кезінде пайдаланылатыны, компьютерге колмен енгізілетін немесе сканерленетін ескеріліп әзірленеді.

3.3. Статистикалық бақылауды үйымдастыру түрлері мен тәсілдері

Статистикалық бақылау жоспарының үйымдастыру бөліміне бақылаудың уақыты мен орнын анықтау, бақылаудың нысаны, түрі мен тәсілін белгілеу сияқты мәселелер кіреді. Статистикалық бақылауды үйымдастыру нысандарына (типпері) жоғарыда карастырылғандай: 1) статистикалық есептілік; 2) арнайы үйымдастырылған статистикалық зерттеу жатады.

Статистикалық бақылаулар бақылау бірліктерін қамтуудың толықтығына немесе фактілерді уақыт бойынша есептеді үздіксіздігіне байланысты бөлінеді, сондай-ақ фактілерді есептей тәсілі бойынша ерекшеленеді.

1. Жиынтық бірліктерін қамту толықтығына орай статистикалық бақылау түрлері. Жиынтық бірліктерін қамту толықтығына қатысты барлық бақылаулар жаппай және жаппай емес бақылауға бөлінеді.

Жаппай статистикалық бақылауда негізгі міндет – зерттелетін құбылысты құрайтын жиынтықтың барлық бірліктерін толық есептей. Мәселен, халық санағында осы елдің барлық тұрғындарының толық есебі, ал кәсіпорындардың өнім өндірісі жөніндегі есебінде барлық өндірілген өнімнің толық есебі басты міндет болып табылады.

Жаппай емес статистикалық бақылау жиынтық бірлігінің бөлігінің, алайда накты және сенімді статистикалық сипаттама алу алу үшін жеткілікті болатында жаппай есебі ретінде алдын ала үйымдастырылады. Үй шаруашылықтарының бюджеттерін, бағалардың тіркеуден зерттеу, жағдаятты зерттеуді, әлеуметтік сауалнамаларды зерттеу осылай үйимдастырылады.

Жаппай емес бақылаулар күш-жігер мен каражатты азырак қажет етеді, сонымен бірге толық бағдарламаны және фактілерді бұдан да жетілдірілген есептей тәсілін колдануға, зерттеу корытындысын жылдам шығаруға мүмкіндік береді және тиісінше статистикалық материалдың жеделдігін арттырады.

Жаппай емес зерттеудін ішінара, негізгі массивті, сауалнамалық, монографиялық деп аталатын бірқатар түрлері қолданылады.

Ішінара бақылау байқалатын жиынтықтың бірліктерін кездейсок іріктеу арқылы жүзеге асырылады. Осымен іріктеудің нәтижелері ішінара жүзеге асыратын адамдардан тәуелсіздігіне кепілдік беріледі, ал іріктеу нәтижесінде тенденциялық кателіктер болмайды. Ішінара бақылау жиынтықты жалпы сипаттайтын деректер алуға мүмкіндік береді.

Ішінара бақылау экономикалық статистиканың үй шаруашылықтарын зерттеу, бағаларды тіркеу, жағдаятты зерттеу, нарықты зерттеу сиякты әр түрлі салаларында кеңінен қолданылады.

Негізгі массив тәсілі бойынша бақылау кезінде зерттелуге тиіс барлық фактілердің айтарлықтай бөлігі шоғырланған ең ірі бақылау бірліктері іріктеледі.

Мәселен, нарықты зерттегендегі ішінара болатын кездейсок іріктеу әдісін емес негізгі массив тәсілін қолдануға болады. Аталмыш тәсіл кала халқының жартысынан артығы тұратын каланың елді мекенінің 5%-ға жуық нарығын қамти отырып, нарық жағдаяты жөнінде сенімді материал алуға мүмкіндік береді.

Өнеркәсіп бойынша ай сайынғы деректерді қалыптастырғанда да көрсетілген әдіс пайдаланылады. Есептер тек ірі және орташа кәсіпорындардан жиналады – олар республикадагы бүкіл өнеркәсіптік өндірістің 95%-ын құрайтын 1600 бірліктен асады, ал іс жүзінде өнеркәсіптік кәсіпорындардың жалпы саны 16 мың бірлікті құрайды.

Саудамалық зерттеуде мәлімет алынуы тиіс тұлғалар саул наманы толтырып, содан кейін оны қайтаруды (жіберуді) өтініш жасалып таратылады. Әдетте қайтарылатын саудаманың саны аз, ал мұның өзінде жауаптар кездейсок қайтарылмайды. Нәтижесінде деректер бүкіл жиынтыкты дәл көрсетпейді деуге болады. Осы әдіс әлеуметтік саудамада, байланыс статистикасында, кітапханада оқырмандарға сұрап қоюда және т.б. қолданылады.

Монографиялық сипаттау тәсілі бірлі-жарым, алайда кәдімгі, мысалы, жекелеген кәсіпорындарды, аудандарды және т.б. жете зерттеу үшін пайдаланылады. Бұл жекелеген кәсіпорындарда байқалатын динамиканы зерттеуге мүмкіндік береді.

2. Фактілерді уақыт бойынша есептеуге орай статистикалық бақылау түрлері. Фактілерді уақытқа сәйкес есептеу үздіксіздігіне көткесінше бақылау ағымдағы (тұрақты), кезеңді және біржолғы болады.

Ағымдағы (тұрақты) бақылау – құбылыстың туындауына орай жүйелі, тұрақты, үздіксіз жүргізілетін бақылау.

Статистикалық есептілік нысандары ірілендірілген кезеңдер (айлар, тоқсандар, жылдар) бойынша табыс етілсе де ағымдағы бақылау барысында жиналған фактілерге үздіксіз есептеуге негізделеді.

Кезеңді бақылаулар – тұрақты емес, алайда белгіленген уақыт кезеңдерінен кейін ұдайы жүзеге асырылатын бақылаулар.

Деректер әдette белгіленген уақыт сәтіндегі кайсы бір күбылыстардың жай-күйін сипаттайтын. Оларға халық санағы, мал, өндірістік жабдық, сауда нұктелерінің, тауар запасының, материалдық құндылықтардың калдығының санағы, желі, окушылардың, профессорлар мен оқытушылардың оқу жылдарының басындағы күрамы және т.б. жөніндегі деректер жатады.

Осы есеп орайластырылған сәт бақылаудың сыни сәті деп аталады. Барлық күбылыстардың үнемі өзгеретінін ескере отырып сәтті катан сактау кажет.

Біржолғы бақылау – кезең-кезеңмен емес уақыт өте, яғни кейде жүргізілетін бақылау.

Осы бақылаудың деректері де белгіленген уақыт сәтіндегі күбылыстарды сипаттайтын.

3. Статистикалық бақылауда фактілерді есептеу тәсілдері. Статистикалық бақылауда фактілердің есебі әр түрлі тәсілдермен, яғни: 1) зерттеу процесіндегі фактілерді тікелей есептеуге; 2) есеп жасалатын сәтте олардың құжаттық есептеуге; 3) адамдарды сұрауға негізделуі мүмкін.

Фактілерді тікелей есептеуде қажетті мәлімет жиынтық бірлігін жеке есептеу, яғни қарау, қайта есептеу, өлшеу, салмақты өлшеу және т.б. арқылы алышынады.

Фактілердің құжаттық есебі деректер жүйелі түрде құжатпен ресімделеді, осының негізінде кейін статистикалық есептілік нысандары толтырылады.

Сұрату халық санағы мен әлеуметтік зерттеуде пайдаланылады және оны әр түрлі үйымдастыруға болады.

Сұратудың экспедициялық (ауызша) сұрату, өзін-өзі тіркеу, корреспонденттік тәсілі деп аталатын үш тәсілі болады.

Экспедициялық сұрату кезінде арнайы бөлінген адам (тіркеуші немесе интервьюер) зерттелетін адамға сұрап беріп, оның сөздерімен зерттеу бланкілерін толтырады.

Өзін өзі тіркеу жағдайында сұратылатын адамға зерттеудің бланкілері беріледі, сұратылатын адам бланкін өзі толтырады. Тағайындалған уақытта арнайы бөлінген адам толтырылған бланкілерді жинап, олардың толық әрі дұрыс толтырылғанын тексереді.

Корреспонденттік тәсілде де нұскалары (варианттары) бар бланкілер оларды толтырып белгіленген уақытка дейін кері жіберу сұратылып пошта арқылы жіберіледі.

3.4. Статистикалық есептілік

Статистикалық есептілік – кәсіпорынның жұмысы жөніндегі ресми құжат. Ол арнайы нысанға енгізіледі және статистикалық органдарға табыс етіледі.

Есептіліктің деректемелері. Есептіліктің әрбір нысанында келесі міндетті мәліметтер (деректемелер): 1) нысанның мазмұнын анықтайтын атау; 2) есептіліктің нөмірі мен бекітілген күні; 3) есептілік ұсынылуы тиіс мекенжай; 4) мәлімет берілетін кезең немесе ол қатысты күн; 5) есептілік ұсынылатын (жіберу) күн; 6) есептілік таратылатын кәсіпорындардың ауқымы; 7) есептілікті ұсынатын кәсіпорынның немесе ұйымның атауы; 8) есептілікке қол қоюға міндетті және жасалуы үшін жауапты тұлғалардың лауазымдары болуы тиіс.

Есептілікті бекіту тәртібі. Қазақстанда барлық мемлекеттік статистикалық есептілік «Мемлекеттік статистика туралы» КР Заңына сәйкес КР Статистика агенттігі жинап әзірлейтін жалпы мемлекеттік және статистикалық кызметті жүргізетін басқа мемлекеттік органдар (Бас прокуратура, Ұлттық банкі, Қаржы министрлігі, Денсаулық сактау министрлігі және т.б.) жинап әзірлейтін ведомствоның есептілікке бөлінеді.

Статистикалық есептіліктің нысанын статистиканың сол немесе басқа тарауы үшін жауапты мемлекеттік органдар әзірлейді. Мәселен, құбын бұзушылықтың статистикасын Бас прокуратура, банк секторы мен төлем балансының статистикасын Ұлттық банк, мемлекеттік қаржының – Қаржы министрлігі, денсаулық сактаудың – Денсаулық сактау министрлігі және т.б. жүргізеді. Мемлекеттік статистикалық есептілік нысандарының көп бөлігін үекілетті мемлекеттік орган – КР Статистика агенттігі әзірлейді.

«Мемлекеттік статистика туралы» КР Заңына сәйкес статистикалық есептілікті КР Статистика агенттігі бекітеді және есептілік бланкісінде көрсетілген мерзімдерде Статистика агенттігінің аумақтық органдарына немесе кәсіпорын немесе ұйым орналасқан жердегі өзге мемлекеттік органдарға міндетті түрде ұсынады.

Белгіленген жылға арналған мемлекеттік статистикалық есептіліктің оны ұсыну кезеңділігі мен мерзімдері көрсетілген толық тізбесі Үкіметтің қаулысымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарында болады.

Есептіліктің бағдарламасы. Есептіліктің бекітілген нысандарында есептіліктің бағдарламасын құрайтын көрсеткіштер жүйесі болады. Бұл ретте есептілік нысаны кәдімгі – экономиканың барлық салаларының кәсіпорындары үшін ортақ және жекелеген салалар үшін ерекше – арнайы мамандандырылған болуы мүмкін.

Статистика органдары статистикалық есептіліктің нысандарын қайта карау, оларды ұтымды ету, жаңа құбылыстардың пайда болуына және статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың оған деген қажеттілігін қанағаттандыруға орай біреулерін алып тастау және жаңаларын енгізу жөнінде жүйелі жұмыс жүргізуге тиіс.

Есептіліктің кезеңділігі. Есептіліктердің арасында айлық, токсандық және жылдық кезеңділіктегі есептілік ең кең таралған. Сонымен бірге жартыжылдық кезеңділіктегі және біржолғы есептілік те колданылады.

Айлық есептіліктегі кәсіпорындар мен ұйымдардың негізгі өндірістік көрсеткіштері болады, тоқсандық есептілікке олардың қаржы-өндірістік қызмет бойынша көрсеткіштердің кең ауқымы, ал жылдық есептіліктегі кәсіпорының немесе ұйымның жыл ішіндегі қызметі жөніндегі ең толық ақпарат болады.

3.5. Статистикалық санақ

Статистикалық санақ құбылыстың кайсы бір құрамының саны толық есебі мен осы құбылысты құрайтын әрбір бірлікті статистикалық формулярга жазу арқылы сипаттауға тиис арнайы ұйымдастырылған статистикалық бақылауға жатады.

Статистикалық есептілік байкалатын құбылыс туралы ақпарат алуудың негізгі тәсілі болуына қарамастан, оларды санақ толықтырып, есептілікті тексеруді қамтамасыз етеді.

Санақтың: 1) кәсіпорындардың бастапқы есеп материалдарының негізіндегі; 2) фактілердің арнайы ұйымдастырылған тіркеудің негізіндегі екі түрі болады.

Санақтың бірінші түрі сондай-ак *біржолғы есеп* де аталағы. Аталмыш санақтың мысалына өнеркәсіптік жабдықтың санағы, ауыл шаруашылығы құрамаларындағы машина-трактор паркінің есебі, малды санау және т.б. жатқызуға болады.

Санақтың екінші түріне халық санағы жатады.

Халық санағы – халықтың саны, оның орналасуы мен құрамы туралы дерек алу мақсатында арнайы ұйымдастырылған статистикалық бақылау.

Қазақстанда халық санағы 10 рет, яғни 1897, 1920, 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989, 1999 және 2009 жылдары өткізілді.

Халық санағы тәуелсіз Қазақстан жағдайында, статистика органдары халықаралық ұйымдардың көмегімен санақтың бағдарламасын қалыптастырып, оны 1999 және 2009 жылдары дербес өткізді.

Санақтың негізгі бланкісінде 18 сұрақ болып, осы сұрақтар көрсеткіштерді өткен санақтардың нәтижелерімен салыстыруды қамтамасыз етті, сонымен бірге халықаралық деңгейде салыстыруға болатын ақпарат беріп, өтпелі кезеңде орын алған құбылыстарды сипаттауға мүмкіндік берді.

Санақ өткізуіндегі ұйымдастыру жоспарының басымды мәселелері. Санақ өткізуіндегі ұйымдастыру жоспарында санақ өткізілетін уақыт пен мерзім, оны өткізу тәртібі, халықты жаппай сұрау тәсілдері, санақ участеклерін ұйымдастыру, санақшы мен нұсқаушы мамандарды іріктеу мен даярлау,

оларды кажетті материалдармен камтамасыз ету, дайындық жұмыстарын жүргізу, санакшылардан санак материалдарын қабылдау тәртібі және т.б. мәселелер карастырылады.

Санак өткізуде санактың сыни межелін белгілеудін маңызы зор. Мәселен, 2009 жылғы халық санағында акпаның 24-нен 25-іне қараған түн осындай сыни межел болды. Санак 25 акпаннан бастап 6 наурыз дейнінгі кезенде өткізілді. Егер адам кешірек кайтыс болып, санакшы оны тірі кезінде көрмese де сол адам санак парагына жазылуы тиіс болды. Және керісінше, егер бала сыни межелден кейін туса да ол санак парагына енгізілмеді.

Санак экспедициялық тәсілмен өткізілді, яғни арнайы тартылған санакшылар санак парактарын халықтың сөзінен толтырды.

3.6. Статистикалық бақылаудың қателіктері және олармен құресу шаралары

Статистикалық бақылаудың қателіктері екі топқа, яғни репрезентативтік қателіктері мен тіркеу қателіктеріне бөлуге болады.

Репрезентативтік қателіктер іріктеп бақылауда ғана орын алады. Олар іріктелген жиынтық бас жиынтықты қандай дәрежеде білдіретін көрсетеді. Осы қателіктер зерттелетін жиынтықтың бөлігі ғана байкалып, осының нәтижесінде алынған мәліметтер жиынтықтың жаппай құбылысының касиетін барынша дәл көрсете алмауынан туындаиды.

Тіркеу қателіктері жекелеген фактілерді тіркеу кезінде туындаиды және өзінің мәні бойынша кездейсок (абайсыз) не әдейі істелген (қасакана) болуы мүмкін.

Абайсыз қателіктерге көбінесе кездейсок жол беріледі. Олар жаңалысып жазудан, сандардың орнын ауыстырудан және т.б. орын алады. Егер статистикалық бақылау кәсіпорындардың статистикалық есептілік ұсыну арқылы ұйымдастырылса, онда бақылаудағы кездейсок қателіктер кәсіпорындардың есептіліктері қателіктердің салдарынан жасалады. Жаппай деректерді жинақтағанда кездейсок қателіктер бірін-бірі ішінәра өтейді.

Әдейі жасалған қателіктер деректерді косып жазу немесе керісінше жасырудың салдарынан пайда болады. КР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінде статистикалық деректерді табыс етпеу немесе бұрмалап табыс ету үшін жазалау көзделген.

Арнайы ұйымдастырылған статистикалық зерттеуде зерттеуді жүргізетін мамандардың *нашар даярлышының, бағдарламаны жасаудағы*

кемшіліктердің, атап айтқанда, бақылау объектісін немесе жиынтыктың бірлігін айқын белгілемеудің салдарынан статистикалық бақылауда қателіктер пайда болады.

Деректердің дұрыстығын арттыру және қалдырып кеткендерді анықтау үшін санактан кейін жаппай және ішінәра *бақылау тексеру* өткізіледі.

Деректерді тіркеу қателіктерін статистикалық бланкілерді қабылдау кезінде бақылау арқылы анықтауға болады. Бақылау арифметикалық (санай) және логикалық болады.

Санай, арифметикалық бақылау жекелеген деректерді арифметикалық байланыстыруға негізделген. Арифметикалық бақылауда қорытындылар тексеріледі және бір-бірінен туындастының көрсеткіштер салыстырылады. Атап айтқанда косындылардың сомасы жалпы қорытындыдан аспауға, ал баска көрсеткіштердің көбейтіндісін білдіретін көрсеткіш олардың көбейтіндісіне тең болуы тиіс.

Логикалық бақылауда жауаптардағы сәйкесіздіктерді анықтау мақсатында жауаптар салыстырылады. Адамдардың жасы мен білім деңгейі немесе жасы мен отбасы жағдайы осының мысалы болып табылады.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Статистикалық бақылау деген не? Ол қандай кезеңдерден тұрады?
2. Статистикалық бақылаудың негізгі ұйымдастыру нысандарын атап сипаттаңыз.
3. Статистикалық бақылау бағдарламасы деген не?
4. Бақылау объектісіне, жиынтық бірлігіне, және бақылау бірлігіне анықтама беріңіз.
5. Статистикалық бақылаудың жиынтық бірлігін қамту толыктығына байланысты түрлерін атаңыз. Жаппай емес тексерудің түрлерін сипаттаңыз.
6. Фактілер уақыт бойынша есептелеңтін статистикалық бақылаудың түрлерін атаңыз. Уақыттың сыни сәті ретінде не түсініледі?
7. Статистикалық бақылауда фактілерді есептеу тәсілдерін колданылады?
8. Статистикалық есептіліктің негізгі деректемелерін сипаттаңыз. Есептілікті бекітудің тәртібі мен оның бағдарламасының мазмұнын сипаттаңыз.
9. Санактың түрлері мен санактың өткізудің ұйымдастыру жоспарының негізгі сұрақтарына тоқталыныз.
10. Бақылауда қандай қателіктер кездеседі? Бақылаудың қателіктерін анықтау үшін қандай әдістер пайдаланылады?



Ұсынылатын әдебиет

1. Закон Республики Казахстан от 7 мая 1997 г. №98-І «О государственной статистике» (с изменениями и дополнениями, внесенными Законами Республики Казахстан от 30.01.01 г. №154-II; от 15.01.02 г. №280-II; от 20.12.04 г. №13-III; от 21.12.04 г. №14-III)
2. Авров А.П. Аврова Ю.А. Общая теория статистики. Основы курса: Учебное пособие. 2-ое изд. доп. – Алматы, 2004. – 112 с.
3. Сиденко А.В., Потов Г.Ю., Матвеева В.М. Статистика: Учебник.– М.: Дело и сервис, 2000. – 464 с.
4. Елисеева И.И., Юзбашев М.М. Общая теория статистики: Учебник. – 3-е изд. / Под ред. чл.-корр. РАН И.И. Елисеевой. – М.: Финансы и статистика, 1998. – 368 с.: ил.
5. Теория статистики: Учебник для вузов / Под ред. Р.А. Шмойловой. – М.: Финансы и статистика , 1996.
6. Ефимова М.Р., Петрова Е.В., Румянцев В.Н. Общая теория статистики. Учебник для вузов. – М.: ИНФРА-М, 1998.
7. Харченко Л.И. и др. Статистика. – М.: ИНФРА-М, 1997.
8. Гусаров В.М. Теория статистики: Учебное пособие для вузов. – М.: Аудит, ЮНИТИ, 1998.
9. Ряузов Н.Н. Общая теория статистики: Учебник для студ. экон. спец. вузов. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1984. – 343 с.: ил.
10. Общая теория статистики: Учебник / Т.В. Рябушкин, М.Р. Ефимова и др. – М.: Финансы и статистика, 1981.
11. Общая теория статистики: Учебник / Г.С. Кильдишев, В.Е. Освиенок, П.М. Рабинович, Т.В. Рябушкин. – М.: Статистика, 1980.
12. Статистический словарь / Гл. ред. М.А. Королев. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1989.

3.7. Практикум

3.7.1. Ізденуге арналған сұрақтар

1. Статистикалық бақылауға, оның мақсаты мен міндеттеріне және оны ұйымдастыру нысандарына сипаттама беріңіз.
2. Статистикалық бақылау бағдарламасы ұғымы мен мазмұнына толық және қыскаша түсінік беріңіз. Статистикалық бақылау бағдарламасын жекелеген сұрақтарды енгізу/енгізбеу ережелеріне тоқталыңыз.
3. Бақылаудың мақсаты қандай? Бақылау және ценз объектісіне анықтама беріңіз.
4. Статистикалық жиынтық бірлігі және статистикалық бақылау бірлігі ұғымдарының ерекшеліктерін атаңыз. Мысал көлтірініз.

5. Статистикалық бақылаудың түрлерін: а) жиынтықтың бірліктерін камту толыктығына; ә) фактілерді уақытка орай есептеуге орай схемалық жіктемесін жасаңыз. Оны фактілерді тіркеу тәсілдерінің схемасымен толыктырыңыз.
6. Статистикалық формуляр мен олардың түрлеріне токтальыңыз. Статистикалық есептілік ұғымын, оны әзірлеу және бекіту тәртібіне сипаттама беріңіз.
7. Санактың негізгі түрлері мен санакты ұйымдастыру жоспарының негізгі мәселелерін сипаттаңыз. Мысал келтірініз.
8. Статистикалық бақылаудағы қателіктердің, олар пайда болатын көздерді және оларды анықтау әдістерінің схемалық жіктемесін жасаңыз.

3.7.2. Типтік есептерді шығару мысалдары

1 - м ы с а л. Статистикалық бақылауда келесі құбылыштарды: а) өнеркәсіптік кәсіпорында өнім шығару мен еңбек өнімділігінің динамикасын; ә) студенттердің оку үлгерімін; б) өнеркәсіптік кәсіпорынның жұмысшылары мен қызметкерлерінің құрамын толық сипаттауға болатын көрсеткіштердің тізбесін келтірініз.

Көрсеткіштерді олар бойынша бақылаудың бағдарламасын жасауға болатын-дай етіп калыптастырыңыз.

Ш е ш у 1. а) өндірістің динамикасын бағалау үшін ағымдағы (колданылатын) бағалардағы көрсеткіштерді ғана емес, сонымен бірге салыстырмалы бағаларды да пайдалану кажет екенин атап өткен орынды. Бұдан кейін еңбек өнімділігі бір жұмыс істеушіге шағылған өндірілген өнімнің мөлшерін білдіретінін ескеріп кәсіпорын қызметкерлерінің саны жөніндегі деректерді толтыру кажет. Статистикалық бақылау бағдарламасындағы осы талаптарды ескере отырып: 1) өнім өндірісінін ағымдағы және салыстырмалы бағадағы мөлшері; 2) өнеркәсіптік-өндірістік қызметкерлердің санын білдіретін көрсеткіштерді жинау кажет.

Өнеркәсіптік кәсіпорында өнім шығару мен еңбек өнімділігінің динамикасын сипаттау үшін: 1) өндірістің есу қарқынын – есепті кезеңдегі өндіріс көлемі мен базистік (салыстырылатын) кезеңдегі салыстырмалы бағадағы өндіріс көлемінің аракатынасының; 2) еңбек өнімділігін – өндіріс көлемі мен жұмыс істеушілердин санының аракатынасының; 3) еңбек өнімділігін – есу қарқынының – еңбек өнімділігінің салыстырмалы бағадағы аракатынасының көрсеткіштерін есептеу кажет.

б) статистикалық бақылау бағдарламасында студенттердің үлгерімін талдау үшін сессияның қорытындысы бойынша әрбір топта әрбір пән бойынша: 1) топтағы студенттердің саны; 2) орташа бағаны (орташа балды); 3) өте жақсы, жақсы және қанағаттандырлық және қанағаттанғысыз бағалардың орташа санын; 4) емтиханға келмеген студенттердің санын білдіретін деректерді жинауды қарастыру кажет.

Осы деректердің негізінде әрбір топ үшін келесі көрсеткіштерді, яғни: 1) топтың орташа бағасын (орташа балын); 2) бір пәнге шаққанда өте жақсы, жақсы және қанағаттандырлық және қанағаттанғысыз бағалардың орташа санын; 3) бір пәннің емтиханына келмеген студенттердің орташа санын есептеуге болады.

б) өнеркәсіптік кәсіпорынның жұмысшылары мен қызметкерлерінің құрама талдау үшін келесі көрсеткіштерді, яғни: 1) жұмысшылардың жынысы, лауазымы мен жұмысшының жұмыс өтіл бойынша бөлінген санын; 2) қызметкер-

лердің жынысы, лауазымы мен қызметкердің жұмыс өтіл бойынша бөлінген санын жинау қажет.

Алынған деректер келесі көрсеткіштерді есептеу арқылы жағдайды талдауға мүмкіндік береді: 1) жұмыс істейтіндердің жалпы санындағы жұмысшылар мен қызметкерлердің өзіндік салмағы; 2) жұмыс істейтіндердің жалпы санындағы, оның ішінде жұмысшылар мен қызметкерлердің ішіндегі ерлер мен әйелдердің өзіндік салмағы; 3) ерлер мен әйелдерді коса алғанда жұмысшылардың жалпы санындағы жекелеген разрядтағы жұмысшылардың өзіндік салмағы; 4) лауазымдар бойынша, оның ішінде ерлер мен әйелдердің ішіндегі қызметкерлердің өзіндік салмағы.

2 - мұсақ. Сауда кәсіпорындарының қызметкерлерінің құрамын зерттегендегарнайы тексеру жобаланады. Сіз зерттеу бағдарламасына қандай сұраптарды енгізузді қажет деп санайсыз? Осы сұраптарды енгізу неге қажет деп санайтыныңды туғындаудың көмекшіліктеріндең оңайлықтарынан пайдаланыңыз. Осы тексеру үшін әзірлеменің бағдарламасын жобаланыңыз, кестелермен статистикалық формулярлардың макеттерін жасаңыз (тандыуының бойыншаформуляр жеке немесе тізімдік).

Шеши. Эр түрлі категориядаға сауда қызметкерлері жұмыс істейтін сауда кәсіпорындары зерттеледі делік. Эрбір категория бойынша сауда қызметкерлерінің жұмыс өтілі, сондай-ақ олардың жынысы жөнінде деректің болуы да маңызды. Зерттеу жүргізу үшін жеке формулярга қарағанда *тізімдік* формулярды пайдаланған дұрыс. Тізімдік формулярга кәсіпорын бойынша жиынтық деректерді бір уақытта жазуға болады. Формулярдың түрі мынадай болады:

(кәсіпорынның атауы)

Кәсіпорын бойынша сауда қызметкерлерінің саны мен құрамы

Кестенің соңы

Оның ішінде әйелдер							
Сатушы							
Оның ішінде әйелдер							

Осы формуляр пайдаланылып алғынған мәліметтің негізінде сауда касіпорындары үшін қызметкерлердің орташа санын, қызметкерлердің, оның ішінде әйелдердің категория бойынша пайыздық бөлінуін, қызметкерлердің, оның ішінде әйелдердің әрбір категориясы бойынша жұмыс өтіліне орай пайыздық бөлінуін есептеуге болады.

3 - мисал. Жоғары оку орындарына қабылдау жөніндегі 1 қыркүйекке қалыптаскан жағдай бойынша мәлімет жинауды бақылаудың кай нысаны мен түріне жатқызуға болатынын көрсетіңіз.

Жауап бергенде статистикалық бақылаудың нысандары мен түрлерін жіктеуді пайдаланыңыз.

Шешүі. Осы сұраққа жауап беру үшін статистикалық бақылау нысандарының балама нұсқаларын (есептілік немесе тексеру), сондай-ақ бақылау бірлігін қамтудың толықтығына байланысты (жаппай немесе жаппай емес) немесе уақытқа орай фактілерді есептейді үздіксіздігіне байланысты (ағымдағы, кезеңді, іріктең) тандау кажет.

Бұл жағдайда статистикалық бақылау *арнайы тексеру* түрінде, алайда оны жоғары оку орындарының статистикалық есептілігі түрінде үйімдастырған жақсы.

Мәселені тұжырымдау – «жоғары оку орындарына қабылдау жөніндегі 1 қыркүйекке қалыптаскан жағдай бойынша мәлімет жинау» статистикалық бақылаудың ауық-ауық емес ұдайы өткізілеттін, яғни біржолғы емес кезеңді екенін негіздейді. Деректер уақыт кезеңінің емес оку жылының басында қалыптаскан жағдайда жиналғандықтан байқау *ағымдағы* болып саналмайды.

Жоғары оку орнына қабылдау жөніндегі деректер тольық болуы үшін бақылау *жаптай* болуы тиіс. Сейтіп, жоғары оку орнына қабылдау жөніндегі 1 қыркүйекке қалыптасқан мәлімет жаппай статистикалық есептілікке жатады.

4 - мисал. Цехтың немесе бригаданың ағымдағы жылдың айларының түріндегі жұмысы жөніндегі барлық қажетті деректемелері бар есептіліктің нысандарын жасаңыз. Неге осындай бақылау бағдарламасы белгіленгенін түсіндіріңіз, бағдарламаның сұрақтарын қалыптастырыңыз.

Шешүі. Цех немесе бригада табиги мөлшерде (дана, метр, декалитр, шартты банка, килограмм немесе тонна және т.б.) сипатталатын өнімнің бір немесе бірнеше түрін шығарады. Сонымен бірге шығарылған өнімнің бүкіл жиынтығы ағымдағы бағада көрсетілген құнмен белгіленеді, сондай-ақ салыстырылатын кезеңдермен салыстырмалы бағада салыстыру мақсатында ағымдағы бағада көрсетіледі. Жұмыс істеушилердің санының өзгеруін ескеріп олардың саны жөніндегі деректерді жинау кажет. Есептіліктің түрі келесідей болады:

жылдын айының

Өндіріс есебі

Цех (бригада): _____

	Өлшем бірлігі	Жолдын коды	Есепті ай	Өткен жылдың есебі
Өндірістің көлемі ағымдағы бағада	мын тенге	1		
Өндірістің көлемі салыстырмалы бағада	мын тенге	2		
Жұмыс істейтіндердің саны	адам	3		
1-өнім		4		
2-өнім		5		
		6		

3.8. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

3.8.1. Есептер

1-е с е п. Статистикалық бақылау кезінде төмендегі құбылыстарды толық сипаттауға болатын көрсеткіштердің тізбесін келтірініз: халықтың ақшалай табыс көздері және табысты пайдалану бағыттары бойынша ақша шығыны; ә) өнеркәсіп салаларының өнеркәсіптік кәсіпорындарында жұмыс істейтіндердің кызметкерлердің (кызметкерлер, жұмысшылар) категориялары мен атқаратын лауазымы немесе разрядына байланысты енбекақысы; б) халықтың экономикалық белсенділігі бойынша 15 және одан жасы үлкен жастағы құрамы (жұмыс істейтіндер, жұмыссыздар және экономикалық жағынан белсенді еместер), сондай-ақ экономика салалары бойынша жұмыс істейтіндердің құрылымы.

Көрсеткіштерді олар бойынша бақылау бағдарламасын жасауға болатындей етіп қалыптастырыңыз.

2 - е с е п. Өнеркәсіптік кәсіпорындарда кызметкерлердің категориясына (кызметкерлер, жұмысшылар) және олар атқаратын лауазымын денгейине (жоғары, орта, төмен), сондай-ақ жұмыс істейтін разрядына (1-6) байланысты енбекақы денгейін зерттеу үшін арнайы тексеру жүргізу жобаланады. Сіз бақылау бағдарламасына қандай сұраптарды енгізуі қажет деп санайсыз? Осы сұраптарды енгізуі неге қажет деп санайсыз? Осы тексеру үшін әзірлеменің бағдарламасын жобалаңыз, кестелердің макеттері мен статистикалық формуляр жасаңыз (тандауыңыз бойынша формуляр жеке немесе тізімдік).

3 - е с е п. Келесілер статистикалық бақылаудың кай нысаны мен түріне жатынын көрсетіңиз: а) халық санағы; ә) азаматтық ахуалды тіркеу актісі (туу, некелесу, айырылысу, кайтыс болу); б) үй шаруашылыштарының бюджеттерін тексеруде кіріс және шығыс бланкідегі күнделікті жазулар; в) әрбір токсанның басында сау-

да-көйма желісіндегі тауар калдығының есебі; г) өнеркәсіптік өнім шығару және сауда кәсіпорындарының тауар айналымы жөніндегі ай сайынғы есептілік; д) мал санағын жүргізу кезінде бақылау жасау.

Жауап бергенде статистикалық бақылаудың нысандары мен түрлерін жіктеуді пайдаланыңыз.

4 - е с е п . Оку сессиясының нәтижелері жөніндегі барлық қажетті деректемелері бар есептілікті жасаңыз. Осындағы бақылау бағдарламасы негі белгіленгенін жан-жақты түсіндіріңіз, бағдарламаның сұраптарын қалыптастырыңыз.

3.8.2. Тест тапсырмалары

1. **Әлеуметтік-экономикалық өмірдің құбылыстары мен процестері жөніндегі деректерді алдын ала әзірленген бағдарлама бойынша тіркеу арқылы жоспарлы, ғылыми жағынан ұйымдастырып жинау не деп аталауды?**
 - 1) статистикалық зерттеу;
 - 2) статистикалық бақылау;
 - 3) бастапқы акпаратты топтастыру;
 - 4) бастапқы материалдарды жинақтап корыту және талдау;
 - 5) зерттеу нәтижелерін жиынтықтау және әзірлеу.
2. **Статистикалық бақылаудың нысандары:**
 - 1) ағымдағы және кезеңді;
 - 2) жаппай және ірікте;
 - 3) фактілерді тікелей немесе құжатпен есептеу;
 - 4) есептілік нысаны, анкета, санак парагы;
 - 5) есептілік және арнайы ұйымдастырылған бақылау.
3. **Статистикалық бақылау жүргізгенде жауап алынуы тиіс сұраптардың тізбесі және оларды есептеу әдістемесі не деп аталауды?**
 - 1) статистикалық бақылау бағдарламасы;
 - 2) статистикалық нысан;
 - 3) көрсеткіштер жіктеуіші;
 - 4) статистикалық зерттеу әдіснамасы;
 - 5) зерттеу жүргізу жөніндегі нұсқаулық.
4. **Статистикалық бақылау обьектісі не болып табылады?**
 - 1) статистикалық жиынтық;
 - 2) статистикалық бақылау субъектілері;
 - 3) зерттелетін құбылыс бірліктерінің жиынтығы;
 - 4) статистикалық көрсеткіштер жүйесі;
 - 5) әр түрлі белгілердің жиынтығы.

- 5. Статистикалық бақылау объектісінің белгісі болып табылатын жеке элементі не деп аталады?**
- бақылау субъектісі;
 - бақылау бірлігі;
 - жынтық бірлігі;
 - әр түрлі белгілердің жынтығы;
 - статистикалық көрсеткіш.
- 6. Қажетті статистикалық мәлімет алынуы тиіс бастапқы бірлік қалай аталады?**
- жынтық бірлігі;
 - бақылау бірлігі;
 - көрсеткіштер жынтығы;
 - бакылау объектісі;
 - бакылау субъектісі.
- 7. Статистикалық бақылау өткізгенде айқын қалыптастырылған жауап алынуы тиіс сұраптардың тізбесі қалай аталады?**
- статистикалық нысан;
 - статистикалық нысандың нұскаулығы;
 - көрсеткіштер жүйесі;
 - бакылау бағдарламасы;
 - бакылауды ұйымдастыру жоспары.
- 8. Статистикалық нысандың нұскаулығында не болады?**
- бақылауды өткізу жөніндегі ұйымдастырушылық мәселелердің сипаттамасы;
 - статистикалық нысандың көрсеткіштері мен оларды есептеу әдістемесі;
 - бақылау бағдарламасының сұраптарына қосымша түсіндірme;
 - адрестік бөлімді толтыру және деректерді ұсыну мерзімдері жөніндегі талаптар;
 - статистикалық бақылау объектілері мен бірліктерінің сипаттамасы.
- 9. Статистикалық бақылаудың жынтық бірліктерін қамтудың толықтығына орай қандай түрлері болады?**
- тұрақты және кезенді;
 - жаппай және жаппай емес;
 - тұрақты және іріктеп;
 - mezettik және аралық;
 - тұрақты және біржолғы.
- 10. Статистикалық бақылаудың фактілерді уақытқа орай есептеуге байланысты қандай түрлері болады?**
- жаппай және іріктеп;
 - тұрақты және іріктеп;

- 3) тұракты, мезеттік және біржолғы;
- 4) ағымдағы, кезеңді және біржолғы;
- 5) мезеттік және аралық.

11. Статистикалық есептілік қалай аталады?

- 1) бухгалтерлік немесе бастапқы есеп құжаты;
- 2) кәсіпорынның, ұйымның жиынтық тізімдемесі;
- 3) статистикалық бақылау нысаны;
- 4) статистикалық кесте;
- 5) арнағы ұйымдастырылған статистикалық бақылау.

12. Статистикалық бақылау кезінде қандай тіркеу қателіктері орын алады?

- 1) кездейсок және бір жакты;
- 2) кездейсок және абайсыз;
- 3) қасакана және бір жакты;
- 4) ұдайы және кездейсок;
- 5) ұдайы және абайсыз.

4-ТАҚЫРЫП

СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖИНАҚТАУ

4.1. Статистикалық жинақтау туралы жалпы ұғым

Ақпардың мазмұны. Статистикалық бақылау нәтижесінде жиынтықтың әрбір бірлігі туралы деректер бар материалдар алынады. Осы материалдар статистикалық зерттеудің екінші кезеңінде статистикалық жинақтаудың көмегімен жүйеленуі тиіс.

Статистикалық жинақтау – зерттелетін құбыльысқа тән елеулі бірқатар белгі бойынша жинақталып қорытындыланған сипаттама алу мақсатында бастапқы деректерді ғылыми өндесу.

Жинақтаудың нәтижесінде бастапқы материалдар барынша жинақталып қорытындыланған көрсеткіштермен сипатталатын статистикалық жиынтықты құрайды. Бұдан кейін жиынтықталған қорытындылардың негізінде баска қорытындылайтын көрсеткіштер (орташа және қатысты шамалар), сондай-ақ статистикалық талдаудың әр түрлі әдістері есептеледі.

Олар жинақтау зерттелетін құбыльыстың жоғалып кетуіне, құбыльыстың ішінде көрінбей кетуіне әкеп соктыруы мүмкін. Осыған жол бермеу үшін осы құбыльыстың даму заңы туралы ғылыми негізделген ілімді басшылыққа алған жөн.

Статистикалық жинақтаудың алдында статистикалық бақылаудың деректерін зерттелетін материалдың толық қамтылуына және олар жөнінде алынған мәліметтің сапасына қатысты алдын ала тексеру қажет.

Жинақтаудың құрамадас болігіне: 1) әзірлемеде колданылатын топтарды аныктайтын бағдарлама және жалпы жиынтықты және оның жекелеген топтарын сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі; 2) топтық және жалпы қорытындылардың есебі; 3) жинақтаудың сонғы нәтижелерін статистикалық кестелерде ресімдеу кіреді.

Статистикалық жинақтаудың бағдарламасында жиынтық жекелеген бөлгілер бойынша бөлінуі тиіс топтардың тізбесі болады. Бағдарламада же-

келеген топтарды және жалпы бүкіл жиынтықты сипаттайтын жинақталған катысты және орта көрсеткіштер аныкталады. Онда сондай-ақ материал әзірленетін аумактық бірліктер де қарастырылады.

Жинақтаудың бағдарламасы статистикалық материалдың жинақтау-ларының негізінде толтырылуы тиіс жинақталған статистикалық кестелер макеттерінің түрінде болады.

Жинақтауды ұйымдастыру. Деректерді екі желі, яғни мемлекеттік статистика органдары жүйесі арқылы және ведомствоның жүйе арқылы жинақтап корытындылауға болады. Деректерді ведомствоның өндеумен салыстырғанда мемлекеттік статистика органдары жүйесі арқылы өндеудің біркатар келесі артықшылықтары бар:

- 1) мемлекеттік статистика органдары жүйесі дұрыс жиынтық корытынды алуда жалпы мемлекеттік мұдделерді қамтамасыз етеді;
- 2) әкімшілік-аумактық бірліктердің аткаруышы органдарының мұддесінде әкімшілік-аумактық бөліністі қатан сактау мүмкіндігі;
- 3) жиынтық жұмыстардың қатарлас ағынын жою нәтижесінде жалпы жұмыс мөлшері айтартылғанда қыскарады;
- 4) материал жинақтаудың тәменгі сатысының (аудан, облыстық бағынystағы кала) өзінде шоғырлануының арқасында есептеу техникасын колдану және материалдарды бұдан да терен әзірлеу мүмкіндігі пайда болады;

Жинақтау орталыктандырылған және орталықсыздандырылған болуы мүмкін. Орталыктандырылған жинақтауда материал бір немесе бірнеше жерде жиналып, сол жерде өнделеді, алайда осының салдарынан нәтиже кеш алынады. Аумактық-орталықсыздандырылған жинақтауда материал аумактың іріленуіне орай кезең-кезеңмен әзірленеді және жинақтаудың нәтижесін жылдам алуға мүмкіндік береді. Алайда бұл жағдайда топтастыруды колдану шектеледі.

Іс жүзінде әдетте аумактық-орталықсыздандырылған және орталыктандырылған жинақтау катар қолданылады. Мәселен, 2009 жылы Қазақстанның халық санағының материалдарын әзірлегендеге алдын ала қыскаша корытындылар әрбір елді мекен, округ, аудан, облыс бойынша халық санын есептеуді қамтамасыз ететін негізгі корытындылардың жиынтық тізімдемесін орталықсыздандырып өндеу нәтижесінде алынған. Санактың соңғы корытындылары санақ бланкілерін орталыктандырып өндеу арқылы алынды.

Жинақтауды қолмен есептеуге болады. Алайда қазіргі уақытта статистикалық бақылаудың нәтижелері негізінен есептеу техникасының құралдары пайдаланылып әзірленеді. Ауқымды акпаратты енгізу үшін деректерді оптикалық есептеу, тану, бақылау және нактылау құрылғылары бар технологиялық кешендер қолданылады.

4.2. Топтастыру – статистикалық жинақтаудың ғылыми негізі

Топтастыру және топтастыру белгілері жоніндегі ұфым. Топтастыру жинақтаудың ғылыми негізін құрайды. Бастапқы материал жинақ процесінде қайсы бір вариацияланатын белгілер бойынша топтарға бөлінеді.

Статистикада топтастыру деп зерттелетін жиынтықты елеулі белгілер бойынша бөлікке бөлу аталады.

Жиынтықтың әрбір бірлігі бірқатар вариацияланатын белгілермен сипатталады. Мысалы, өнеркәсіптік кәсіпорын жиынтықтың бірлігі ретінде өнеркәсіптің белгіленген саласына жатады, сондай-ақ өндірістің көлеміне немесе жұмыс істейтіндердің санына байланысты мөлшерімен, сондай-ақ меншік нысанымен, белгіленген аумақта орналасуымен және басқа да белгілермен ерекшеленеді. Өнеркәсіптік-өндірістік қызыметкерлер жынысымен, білімімен, мамандығымен, жұмыс өтілімен, білктілігімен, еңбекакы мөлшерімен және басқа да белгілермен сипатталады.

Сапа мағынасын қабылдайтын белгілер (жыныс, білім, мамандық) *атрибутивтік*, ал саны вариацияланатын белгілер (жұмыс өтілі, еңбекакы) *сандық* деп аталады. Атрибутивтік белгілердің бір түріне *балама* белгілер жатады.

Егер атрибутивтік белгінің әр түрлі көп саны (мамандыктар, өнімнің түрлері), онда жиынтықтың бірліктерін топтарға негіздел бөлу үшін номенклатуралар мен жіктелімдер (классификация) колданылады. Номенклатура деп жиынтықтың жекелеген түрлерінің жүйеге келтірілген толық тізбесі, жіктеме деп жиынтықтың жекелеген түрлерінің толық тізбесі ғана емес, сонымен бірге жиынтық бірліктерінің топтары мен шағын топтары кіретін атрибутивтік белгі бойынша тұрақты іргелі топтастыру аталады. Жіктеу статистикалық стандарт ретінде қарастырылады.

Топтастыру негізделген белгілер топтастыру белгілері деп аталады. Олар экономикалық және әлеуметтік ұфымдар мен терминдерге сәйкестігі бойынша таңдалынады және бұл орайда төмендегі ережелер басшылыққа алынады:

1. Белгілерді жүргізілетін статистикалық жұмыстың мақсатына сәйкес таңдау қажет.

2. Топтастыру белгілері жергілікті жер мен уақыттың нақты жағдайы ескеріліп таңдалады.

3. Күрделі құбылыстар үшін топтастыру бір емес бірнеше топтастыру белгілері бойынша жасалады.

Топтастырудың міндеттері мен түрлері. Топтастыру арқылы бірқатар міндеттер шешіледі, топтастырудың жекелеген түрлері осы міндеттер бойынша ерекшеленеді. Топтастырудың барлық міндеттері мен түрлері төртке бөлінеді:

- 1) жиынтықтың сала жағынан біртекtes топтарға бөлу (әлеуметтік-экономикалық түрпатқа жеке бөлу) – *тиологиялық топтар*;
- 2) жиынтықтың құрамын сол немесе басқа белгілер бойынша зерттеу – *құрылымдық топтар*;
- 3) вариацияланатын белгілердін сол немесе басқа жиынтықтың шектерінде өзара байланысты өзгеруін зерттеу – *аналитикалық топтастыру*;
- 4) жиынтықтың бірліктерін киыстырып алынған екі өзара байланысты белгі бойынша бөлу – (*өзара байланысты*) *корреляциялық топтар*.

Топтардың үшінші және төртінші түрлерінің өзара байланысты белгілері *факторлық* және *нәтижелілік* деп аталады. Бірінші белгі екінші белгінің өзгеруіне себеп болады. Мысалы, жұмысшылардың біліктілігін арттыруы (факторлық белгі) еңбек өнімділігінің артуына (нәтижелілік белгі) себепкер болады.

Топтар алғашкы үш түрге қатысты сипатта бөлінеді, ейткені топ әмбебап болады, яғни бір уақытта оларды типке бөледі, сонымен бірге жиынтықтың бірқатар белгі бойынша құрамын көрсетеді және белгілердін топтар бойынша өзгеру зандалығын ашады.

Топтардың сан белгісі бойынша құрылудының негізгі ережелері. Сан белгісі бойынша топтастыруды топтың саны мен аралықтың көлемі жөнінде сұрақ көп туындаиды. Аталмыш көрсеткіштер өзара байланысты, яғни топ неғұрлым көп болса аралық солғұрлым аз болады.

Осы мәселені шешкенде өзгеру өрісі, яғни белгінің ең көп және ең аз мағыналарының айырмасы назарға алынады. Айырма неғұрлым көп болса солғұрлым көп топ құруға болады.

Сондай-ақ зерттелетін жиынтықтың санына назар аудару қажет: егер жиынтықтың саны шамалы болса, онда көп топ құруға болмайды.

Топтың шамаланған саны (n) жиынтық бірлігі санына (N) байланысты американдық ғалым Стерджесс (Sturges) формуласы бойынша анықталады:

$$n = 1 + 3,322 \lg N.$$

Осы формуланың негізінде мынадай номограмма жасауға болады:

N	15–24	25–44	45–89	90–179	180–359	360–719	720–1439
n	5	6	7	8	9	10	11

Үшінші аралыктан бастап әрбір кейінгі аралықтың басы өткен аралықтың басының екі есе мағынасымен анықталатынын ескерсек, осы номограмманы есте сақтау киынға сокпайды.

Аралық – әрбір топтағы белгінің ең көп және ең аз мағынасының арасындағы айырма.

Жиынтық бірлігінің осы белгі бойынша бөліну сипатына байланысты аралық тең немесе тең емес болуы мүмкін.

Егер аралықтың бөлінуі біршама қалыпты болса, онда тең аралық белгіленеді. Мысалы жұмысшыларды енбекакы деңгейі немесе ауыл шаруашылығы дақылдарының егістігін өнімділік бойынша топтастырығанда осылай жасалады. Аралықтың мөлшері өзгеру өрісін топтың санына бөлу арқылы былайша анықталады:

$$i = \frac{x_{\max} - x_{\min}}{\text{топ саны } (n)}$$

Жиынтық бірліктер біркелкі емес бөлінген жағдайда тең емес аралық қолданылады. Сонда жиынтық бірліктері жинақталған шектерде бұдан тар аралық, ал қашықтық – бұдан кең болып қолданылады.

Бірінші және соңғы аралық тиісінше бір немесе екі шекарасының болуына байланысты ашық немесе жабық болуы мүмкін.

Бастапқы материал жиынтық бірліктерінің бөлінуін көру үшін көбінесе көп топ санына бөлінеді. Содан кейін осы топтар ірілendіrlip, сапасы біркелкі топтар алынады.

Топтастыру белгісінің бірдей сан өлшемінің әр түрлі жағдайда сала мағынасы әр түрлі болуы мүмкін екенін ескеру қажет. Мәселен, өнеркәсіптің көптеген салалары энергияны көп жұмсайды. Сондыктан кәсіпорындарды энергияны жұмсау деңгейі бойынша топтастырығанда топтарды өнеркәсіп саласының кәсіпорындарын саралау қажет.

4.3. Күрделі және қайталама топтар

Күрделі топтар. Бір белгі бойынша топтастыру қарапайым топтастыру деп аталады. Күрделі қоғамды құбылысты жан-жақты әрі терең зерттеу үшін деректерді екі немесе одан көп белгі бойынша топтастыру керек. Мұндай топтастыру *күрделі* деп аталады.

Күрделі топтастырудың ең көп тараған түрі қызыстырылған топтастыру деп аталады, мұнда бір белгі бойынша құрылған топтар кейін екінші және т.б. белгі бойынша шағын топтарға бөлінеді. Әдетте топ 2-4 белгіге негізделеді.

Бірнеше топтастыру белгісін бір уақытта пайдаланудың арқасында оқшаулап топтастыруға негізделген бірқатар топтастыру белгінің негізінде зерттелетін белгілердің арасындағы білінбейтін осындағы ерекшеліктер мен байланыстарды тауып, салыстыруға мүмкіндік береді.

Белгілердің көп санының ықпалын зерттегендеге қыстырылған топтастыруды колдану мүмкін емес, өйткені акпаратты тым бөлшектеудің салдарынан заңдылықтардың білінуі нашарлайды және осылайша факторлық белгінің бүкіл кешенін зерттелетін көрсеткішке бір уақытта жасайтын ықпалын анықтау мүмкін болмайды.

Осы мәселені бейне танудың статистикалық теориясының бір әдісімен – **XX** ғасырдың 60-жылдарында әзірленген кластерлік талдаумен шешуге болады.

Кластерлік талдау *көп өлшемді топтастыру* мәселесін шешуге септігін тигізеді. Белгілердің бүкіл кешені «белгі кеңістігін» құрайды. Эрбір белгіге координатаның маңызы беріледі. Көп өлшемді топтастыру осы кеңістіктегі нүктелердің (объектілердің топтарының) шоғырын жеке бөлектеуге тиіс болады.

Объектілердің арасындағы жақындық (ұқсастық) шамасын әр түрлі өлшемдермен өлшеуге болады. Объектілердің арасындағы евклид қашықтығы жақындықтың ең кең таралған өлшемі болып табылады. Жақын объектілердің топтары компьютерді пайдаланып кластерлік талдау әдісімен табылады.

Қайталама топтастыру. Статистикада топтастырудың ерекше тобы деп бұрын жеке бөлінген (бастапқы) топтастыру негізінде жаңа топтың пайда болуы қайталама топтастыру деп аталады.

Әдетте жаңа топтар бастапқы аралықтарды ірілендіру арқылы алына-ды. Сондай-ак жаңа топ алудың екінші тәсіліне жиынтықтың бірліктерін үлеспен қайта топтастыру жатады.

Қайталама топтастыру келесі бірката проблемаларды шешу, яғни: 1) бөлу ерекшелігі айқын білінетін ірілендірілген топ құру; 2) сапасы біртекtes топ (тип) құру; 3) аралықтары әр түрлі екі (немесе одан астам) топтарды салыстыру мақсатында бірынғай түрге келтіру үшін қолданылады.

Алғашқы екі мәселе бастапқы аралықтарды ірілендіру арқылы шешіледі. Бұл сапасы біртекtes жиынтықтың пайда болуына, сондай-ак байқала-тын жиынтық бірліктерінің сараланғаны анық көрінетін бірнеше топты (әдетте үш) алуға болады. Екінші мәселені де үлестік қайта топтастыру арқылы жаңа топ құрып шешуге болады.

Үшінші мәселе үлестік қайта топтастыру арқылы жаңа топ құрумен шешіледі, бұл әр түрлі жиынтықтарды салыстыру мақсатында оларды бірынғай түрге келтіруге мүмкіндік береді. Оның шешуін екі кәсіпорында жұмысшыларды айлық енбекакының мөлшері бойынша топтастыру мыса-льында карастырайық (4.1-кесте).

4.1. Жұмысшыларды айлық енбекақының мөлшері бойынша болу

1-кәсіпорын		2-кәсіпорын	
жұмысшылардың енбекақы бойынша топтары, теңге	жұмысшылардың топтар бойынша өзіндік салмағы, корытындыға %-бен	жұмысшылардың енбекақы мөлшері бойынша топтары, теңге	жұмысшылардың топтар бойынша өзіндік салмағы, корытындыға %-бен
12000–14000	5	—	—
14000–16000	12	13000–16000	14
16000–18000	18	16000–19000	30
18000–20000	26	19000–22000	21
20000–22000	25	22000–25000	15
22000–24000	7	25000–28000	16
24000–26000	4	28000–31000	4
26000–28000	3	—	—
Жиыны	100	Жиыны	100

Екі кәсіпорында жұмысшыларды бөлудің аралығы әр түрлі болуына байланысты, оларды тікелей салыстыруға болмайды. Алайда қайталама топтастырудың көмегімен салыстырылатын түрге келтіруге болады. Мысалы, 4000 теңге аралығын алайық (4.2-кесте).

4.2. Жұмысшыларды айлық енбекақы мөлшері бойынша болу (бірыңғай топтастыру)

Жұмысшылардың енбекақы бойынша топтары, теңге	Жұмысшылардың топтар бойынша өзіндік салмағы, корытындыға, %-бен	
	1-кәсіпорын	2-кәсіпорын
12000–16000	17 (5+12)	14
16000–20000	44 (18+26)	37 (30+1/3 × 21)
20000–24000	32 (25+7)	24 (2/3 × 21+2/3 × 15)
24000–28000	7 (4+3)	21 (1/3 × 15+16)
28000–32000	—	4
Барлығы	100	100

Екі кәсіпорында топтастыру салыстырылатын түрге келтірілгеннен кейін 2-кәсіпорында енбекақы 1-кәсіпорынмен салыстырғанда сарапанған екені көрінеді.

4.4. Бөлу қатарлары

Бөлу қатарын анықтау. Статистикалық материалдарды бөлу нәтижесінде статистикалық деректердің қатарлары пайда болады. Осы қатарлар жиынтық мөлшері динамикасының өзгерісін (жеке тарауда

каралатын болады) немесе жиынтықтардың сол немесе басқа белгілер бойынша статикада бөлінуін көрсетеді.

Деректер саны өлшембейтін (атрибутивтік) белгі бойынша, сондай-ақ олардың сан өлшемі (вариацияланатын қатарлар) өзгеретін белгілер бойынша да бөлінуі мүмкін.

Атрибутивтік бөлу қатарлары. Осылай бөлу мысалына халықты қала мен село халқына, ер мен әйелге, тауар айналымын азық-түлік және азық-түлік емес тауарларға, жұмыс істейтін халықты салалар мен мамандықтар бойынша, ересек халықты білім деңгейі бойынша бөлу жатады.

Вариациялық (өзгермелі) қатарлар. Мысалы, осындай қатарларға жұмысшыларды орташа айлық еңбекақының мөлшері бойынша және кәсіпорындарды өндіріс көлемі немесе жұмыс істейтіндердің саны бойынша бөлу жатады.

Вариацияланатын қатарда нұска (вариант) және жиілік деп аталатын екі элемент болады. *Варианттар* – бұл топтастыру белгісі вариацияланатын қатарда қабылдайтын жеке мағыналар. *Жиілік* деп сол немесе басқа варианктар жи кездесетінін көрсететін сандар.

Барлық жиіліктердің сомасы бөлу қатарының көлемін немесе оның *санының* құрайды. Салыстырмалы көлем түрінде (улесте, бірлікте, пайызда) білдірілген жиіліктер *жиілік шамасы* деп аталады.

Құрылу тәсілі бойынша вариацияланатын қатарлар аралық және дискреттік болады. *Аралық вариациялық қатарлар* – варианттардың мағыналары аралық түрінде берілген қатарлар (мысалы, халықтың жас топтары бойынша саны). *Дискреттік вариацияланатын қатарлар* – варианттардың мағыналары бүтін немесе белгіленген санның мағынасында болады (мысалы, отбасының адам саны бойынша жалпы саны).

Вариацияланатын қатардың ерекшелігі (аралық немесе дискреттік) өзгерістің ерекшелігімен анықталады. Вариация үздіксіз (аралық қатар) немесе үзілетін (дискреттік қатар) болуы мүмкін. Вариациялық қатардың сипаты (аралық немесе дискреттік) вариацияның сипатымен анықталады.

Үздіксіз вариацияның мысалына ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін, еңбекақыны, өндіріс көлемін жатқызуға болады.

Дискреттік вариацияға отбасы мүшелерінің санын, жұмысшының тарифтік разрядын, пәтердегі бөлме санын, кәсіпорындағы жұмысшылардың санын жатқызуға болады.

Егер дискреттік вариация кен шектерде білінсе (мысалы, кәсіпорындағы жұмысшылардың саны), онда аралық вариациялық қатар құрылады.

Бөлу қатарын құру және оны графикалық бейнелеу мысалдары. (Жұмысшы-слесарлардың тарифтік разряды мен жұмыс өтілі). Жұмысшыларды дискреттік қатар бойынша бөлудің бастапқы дискреттік қатарын құрайық. Бұл жерде белгінің вариациясының сипаты алты топпен


– разряд саны бойынша белгіленген. Бастапқы деректер бойынша әрбір разрядтағы жұмысшылардың санын санау оңай, осының нәтижесінде 4.3-кесте алынады.

4.3. Жұмысшыларды гарифтік разряд бойынша болу

Тарифтік разряд (x)	Жұмысшылардың саны	
	абсолюттік (f)	кортындыға %-бен
1	3	5,0
2	6	10,0
3	15	25,0
4	20	33,3
5	10	16,7
6	6	10,0
Жиыны	60	100,0

Дискреттік вариациялық қатардың графикалық ерекшелігін *полигон түрінде* көрсетуге болады. Бұл үшін x осінде варианктар, ал y осінде жиіліктер көрсетіледі (4.1-сурет).

Тарифтік разрядтар бойынша
60 жұмысшыға полигонды бөлу



4.1-сурет. Дискреттік вариациялық қатарды бөлу полигоны түрінде көрсету

Дискреттік қатарларда бөлу варианктардың тиісті мағыналарына перпендикуляр сызық түрінде көрсетіледі, мұның өзінде осы сызыктардың биіктігі осы варианттың жиілігімен анықталады.

Енді жұмысшыларды жұмыс өтілі бойынша бөлудің аралық вариациялық қатарын құрайық. Бұл жерде материалды бөлу кажет топтардың саны және осымен байланысты топтастырудың аралығы жөніндеңі мәселе туындаиды.


Топтардың саны жөніндегі мәселені материалдың сипатына және бөлінетін жиынтықтың санына байланысты шешу қажет. Сонымен бірге дұрыс бағытты ұстану үшін Стерджестің бұрын келтірілген келесі формуласын пайдалануға болады: $n = 1 + 3,332 \times \lg N$, мұнда N – жиынтық бірлігінің саны.

Топтастырудың алдында бірлік санының сараланған катарын құру қажет. Біздің жағдайда 60 жұмысшының жұмыс өтілі 0,6-дан 15,5 жылға дейін өзгереді. Варианттың өрісі 14,9 жылға ($15,5 - 0,6$) тең. $7 = n$ үшін аралық $2,16$ жылға ($14,9/7$) тең болады. Аралықты бүтін сан түрінде алған қолайлыш, сондықтан оны екі жылға тең етіп аламыз. Бұл жағдайда 8 топ құрылатын болады ($14,9/8$) (4.4-кесте).

Графикалық аралық вариацияланатын катар x осінде құрылған тік бұрыштар түрінде көрсетіледі (4.2-сурет). Осы тікбұрыштардың ені ара-лыққа тең, ал биектігі тиісті жиілікке үйлесімді (пропорционалды) болады.

4.4. Жұмысшыларды жұмыс өтілі бойынша бөлу

Жұмыс өтілі	Жұмысшылардың саны		Жұмысшылардың кумулятивтік саны
	абсолюттік (f)	%-бен	
0-2	4	6,67	4
2-4	5	8,33	9
4-6	6	10,00	15
6-8	10	16,67	25
8-10	15	25,00	40
10-12	9	15,00	49
12-14	7	11,67	56
14-16	4	6,67	60
Жиыны	60	100,00	



4.2-сурет. Аралық вариациялық катарды бөлу гистограммасы түрінде көрсету

Осындай кесте вариация гистограммасы деп аталады. Тікбұрыштардың жоғары қырларының орталарын тік сзықтармен қосып бөлу полигонын алуға болады.

Бөлудің кисық сзықтарын, сондай-ақ жинақталған жиіліктердің кумулята (сомалардың кисық сзығы) түрінде де көрсетуге болады. Бұл үшін 4.4-кестенің соңғы бағанын пайдаланамыз. Жинақталған жиіліктер аралыктардың жарты сомасын көрсететін нүктелерде x осіне перпендикуляр түрінде графикке салынады. Перпендикулярлар содан кейін тік сзықтармен қосылады, осының нәтижесінде сынық сзық пайда болады (4.3-сурет). Осьтердің орнын ауыстырып огива алынады.

Кисық шоғырланымдар. Кумулятивтік кисық сзықтардың көмегімен шоғырлану процесін графикалық түрде көрсетуге болады. Бұл үшін аса маңызды белгілердің корытындыға пайызда көрсетілген жинақталған мағыналарының сомасы болуы тиіс.



4.3-сурет. Аралық вариацияланатын катарды бөлуді кумулята түрінде көрсету

4.5-кестеде кәсіпорындардың санынан басқа қызметкерлердің саны мен жалпы өнім сияқты белгілер де келтірілген. Жинақталған корытындылардың негізінде квадрат (тікбұрыш) өрісте кумулятивтік кисық сзықтарды құрып Лоренцтің кисық сзықтарын аламыз (4.4-сурет). Шоғырлану процесі болмаса, онда кисық сзықтар квадраттағы диагональ тік сзықпен (біркелкі бөлу сзығымен) үйлесуі тиіс еді. Оның күру үшін қызметкерлердің санының кумулятивтік корытындыларының мағыналарымен үйлесетін жалпы өнім бойынша кумулятивтік корытындыны алу қажет.

Бөлу тығыздығы. Егер вариацияланатын катардың аралықтары тен өмес топтары болса, онда жекелеген аралықтардағы жиліктер аралықтың еніне байланысты болуына орай оларды тікелей салыстыруға болмайды. Оларды салыстыруға болатындей ету үшін аралықтың еніне шағылған жиілік, яғни бөлу тығыздығы есептеледі.

4.5. Жалпы өнімнің жылдық көлемі бойынша топтастырылған кәсіпорындардың сипаттамасы

Кәсіпорындардың жалпы өнімнің жалпы көлемі бойынша топтары, мың теңге	Корытындыға пайызбен			100 мың теңгеге шағылған тығыздық		
	кәсіпорын саны	жалпы өнім	кызметкерлердің саны	кәсіпорын саны	жалпы өнім	кызметкерлердің саны
100-ге дейін	6,0	0,0	0,2	6,000	0,000	0,200
101–500	13,1	0,3	1,3	3,275	0,075	0,325
500–1000	12,5	0,9	2,3	2,083	0,150	0,383
1001–5000	36,8	8,6	14,6	0,920	0,215	0,365
5001–10000	12,9	8,6	11,5	0,258	0,172	0,230
10001–50000	14,5	29,4	31,1	0,036	0,074	0,078
50001–100000	2,3	15,2	13,8	0,005	0,030	0,028
100001 және жоғары	1,9	37,0	25,2	0,000	0,009	0,006
Жынысы	100,0	100,0	100,0			



4.4-сурет. Лоренцтің қисық сызығы

Мәселен, жоғарыда көлтірілген 4.5-кестеде аралықтары тен өмес дүкендердің топтары көлтірілген. Жиілікті аралықтың еніне бөлу арқылы алғынан тығыздық көрсеткіштері (жиілікті аралықтың еніне бөлінген және 100 көбейтіліп алғынп 100 мың теңгеге шағылған) кестенің соңғы үш бағанында көлтірілген.

4.5. Статистикалық кестелер

Статистикалық деректердің жинактау нәтижелері кесте түрінде көрсетіледі. Алайда кез келген кесте статистикалық бола бермейді.

Статистикалық кесте деп статистикалық жиынтықтың сандық сипаттамасын билдіретін кестелер аталады. Ол жинактау нәтижесінің ұтымды, көрнекі және жүйелі көрінісінің нысанында болады және негізгі қорытындыларды тенеу, салыстыру, талдау мен қалыптастыру үшін негіз болып табылады. Статистикалық кестелерде жеке және жалпы қорытынды болады немесе оларды алуға болады.

Статистикалық кестенің мазмұнын сипаттайтын *атауы* болады. Атауда дерек жаттын аумақ мен уақыт кезеңі (сәт) көрсетіледі. Сонымен бірге егер кестенің барлығы немесе басымды бөлігі бір өлшем бірлігінде берілген жағдайда, атауда, әдетте, өлшем бірлігі көлтіріледі. (Соңғы жағдайда жекелеген бірліктердің өлшем бірлігі кестенің өзінде көлтіріледі).

Кесте көлденен жолдар мен тік бағанның (бағана, катар) қиынласуынан тұрады және ол үш бөліктен, яғни *бастауыштан* (kestенің бүйірі), *баяндауыштан* (kestенің тақырыпшасы) және *деректер өрісінен* құралады. Деректер өрісіндегі әрбір жол ерекше логикалық сөйлем ретінде қарастырылады, оның бастауышы кестенің бүйірінің мәтіні, ал баяндауышы – тік бағандардағы мәтін болып табылады.

Бастауыш жай және күрделі болуы мүмкін. *Жай бастауыш* келесі үш түрге бөлінеді:

1) *тізбелік*, бұл жағдайда бастауыштың жолында кеңістіктік-уақытша жағдайды коспағанда әлеуметтік-қоғамдық құбылыстың әр түрлі аспектілері сипатталатын белгілердің мағыналары болады;

2) *хронологиялық* (*динамикалық*), бұл жағдайда бастауыштың жолында уақыт аспекті (кезеңдер немесе уақыт сәті) сипатталатын белгінің мағыналары көрсетіледі;

3) *аумактық*, бастауыштың жолында кеңістіктік аспект (елдер, өңірлер) сипатталатын белгінің мағыналары болады.

Күрделі бастауыштың келесі екі түрі болады:

1) *топтық*, мұнда бастауыштың жолында зерттелетін құбылыстың әр түрлі топтарының атаулары болады;

2) *қыыстырылатын*, мұнда бастауыштың жолында жай бастауыштың әр түрлі қыыстырулары көрсетіледі.

Статистикалық кестенің баяндауышы да бастауыш сияқты жай және күрделі болуы мүмкін.

Статистикалық кестенің макеті 4.5-суретте көлтірілген.

Кестенің атауы

		Бағандардың атауы								
A		1	2	3	4	5	6	7	8	9
Жолдардың атауы										
Кестенің ескертпесі										
Дереккөз:										

4.5-сурет. Статистикалық кестенің макеті

Статистикалық кестені құру және толтыру ережесі. Статистикалық кестені құру және толтыру кезінде мына ережені сақтау кажет:

1. Құрделі әрі барлығын тегіс қамтитын кесте құру кажет емес. Бір құрделі кестенің орнына екі немесе бірнеше қарапайым, өзара байланысты кесте құрган орнанды.
2. Кестенің атауы, бастауыш және баяндауыштың мәтіні айқын әрі қысқа болуы тиіс. Деректерге қатысты жер мен уақыт, сондай-ақ өлшем бірлігі міндетті түрде көрсетілуі тиіс.
3. Бастауыш пен баяндауыштың көрсеткіштері белгіленген қисынды жүйеде орналасуы тиіс.
4. Егер бастауыш пен баяндауыштың көрсеткіштерінің саны көп болса, онда кестенің жолдары мен бағандарын нөмірлеу керек. Бұл ретте бастауыштың бағандары әріптермен («А», «Ә» және т.б.), ал баяндауыштың бағандары санмен белгіленеді.
5. Кестеде бос толтырылмаған тор болмауы тиіс. Егер мәлімет болмаса, онда көпнүктे (...) қойылады немесе «мәлімет жок» деп жазылады. Құбылыс болмаган жағдай дефиспен (-) белгіленеді. Егер деректер өрісінің торлары толтырылмауы тиіс болса, онда крест (x) қойылады.
6. Бағандар мен жолдардың деректері бірдей дәлдік дәрежесінде көлтірілуі тиіс. Егер сандық мағыналар дәлдік кестесіндегі қабылданғаннан аз болса, онда 0,0 қойылады.
7. Кестелерде көрсеткіштерге түсініктеме беретін сілтеме, сондай-ақ дереккөздер болуы мүмкін.
8. Кестелер, әдетте, тұйық, яғни топтар, шағын топтар («барлығы» және жалпы кесте («жинын») бойынша корытындылар болуы тиіс.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

- Статистикалық жинақтаудың мәні мен мағынасы неде? Оны жа-саяу бағдарламасына не кіреді?
- Статистикалық жинақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру тәсілдерін сипаттанаңыз.
- Топтастыруға аныктама беріңіз. Топтастыру қандай белгілерге негізделеді?
- Топтастырудың колданылатын түрлерін атап өтіңіз. Олар қандай мәселелерді шешеді?
- Жиынтықты сандық белгі бойынша бөлінуі қажет топтастырудың болжамды саны қалай аныкталады?
- Қандай топтастыру құрделі деп аталады? Қыстырылған және көп өлшемді топтастыру.
- Кайтала ма топтастыру деген не? Кайтала топтастыру құрудың қандай тәсілдері бар? Олар қандай міндеттерді шешеді?
- Статистикалық бөлу катары деген не және олар қандай белгілер бойынша құрылады?
- Болу катарларының графикалық түрі қалай көрсетіледі?
- Статистикалық кесте деген не және олардың құрамдас бөлігі қандай?



Ұсынылатын әдебиет

- Авров А.П. Аврова Ю.А. Общая теория статистики. Основы курса: Учебное пособие. 2-ое изд. доп. -- Алматы, 2004. – 112 с.
- Сиденко А.В., Попов Г.Ю., Матвеева В.М. Статистика: Учебник. – М.: Дело и сервис, 2000. – 464 с.
- Елисеева И.И., Юзбашев М.М. Общая теория статистики: Учебник. – 3-е изд. / Под ред. чл.-корр. РАН И.И. Елисеевой. – М.: Финансы и статистика, 1998. – 368 с.: ил.
- Теория статистики: Учебник для вузов / Под ред. Р.А. Шмойловой. – М.: Финансы и статистика, 1996.
- Ефимова М.Р., Петрова Е.В., Румянцев В.Н. Общая теория статистики: Учебник для вузов. – М.: ИНФРА-М, 1998.
- Статистика: Курс лекций для вузов / Под ред. В.Г. Ионина. – М.: ИНФРА-М, 1996.
- Гусаров В.М. Теория статистики: Учебное пособие для вузов. – М.: Аудит, ЮНИТИ, 1998.
- Гусаров В.М. Теория статистики: Учебное пособие. – М.: ИННТИ, 2000.
- Рязов Н.Н. Общая теория статистики: Учебник для студ. экон. спец.

- вузов. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1984. – 343 с., ил.
10. Общая теория статистики: Учебник / Т.В. Рябушкин, М.Р. Ефимова и др. – М.: Финансы и статистика, 1981.
 11. Общая теория статистики: Учебник / Г.С. Кильдишев, В.Е. Освиенко, П.М. Рабинович, Т.В. Рябушкин. – М.: Статистика, 1980.
 12. Статистический словарь / Гл. ред. М.А. Королев. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1989.

4.6. Практикум

4.6.1. Ізденуге арналған сұрақтар

1. Статистикалық жинақтаудың мазмұнын, оның құрамдас бөліктері мен оны ұйымдастыру тәсілдерін сипаттаңыз.
2. Статистикадағы топтастырудың рөліне тоқталыңыз. Топтардың негізін қалайтын белгілердің жіктелуін көлтіріңіз. Номенклатура мен жіктелім арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз. Топтастыру белгілерін ірктеңде пайдаланылатын ережелерді көлтіріңіз.
3. Топтастырудың негізгі түрлері мен міндеттерін сипаттаңыз. Мысал көлтіріңіз. Факторлық және нәтижелік белгілердің арасындағы айырмашылықтарды түсіндіріңіз.
4. Топтастыру сандық белгі бойынша құрылған кезде қолданылатын негізгі ережені көлтіріңіз: топтастырудың саны мен аралықтың мөлшері.
5. Құрделі топтастырудың жай топтастырудан, кайтала ма топтастырудың бастапқы топтастырудан айырмашылығын сипаттаңыз. Олардың толық жіктелімі мен тағайындалуын көлтіріңіз.
6. Статистикалық бөлу катарларының мазмұнын, құрылуы мен түрлерін сипаттаңыз.
7. Бөлу катарларын графикалық көрсетудің әрбір түріне тоқталыңыз.
8. Кестенің бастауышы мен баяндауышының типіне байланысты статистикалық кестенің тағайындалуын, оның құрамдас бөліктері мен түрлерін көлтіріңіз. Статистикалық кесте құру мен оны толтыру ережесін жазыңыз.

4.6.2. Типтік есептерді шешу мысалдары

1 - мұсабақа. Зауыттар негізгі корлардың құны бойынша байлайша бөлінеді:

Негізгі корлардың құны, млн тенге	1–3	3–5	5–10	10–30	30–50	Барлығы
Зауыттарды бөлу, %	4	14	16	52	14	100

Кайтала ма топтастыру әдісін пайдаланып зауыттардың мына топтарын негізгі корлардың құны бойынша құрыңыз: 1–5, 5–10, 10–20, 20–30, 30–40, 40-тан астам.

Шешүі. Жаңа топ калыптастырғанда қайта топтастыру және *ірілендіру* деп аталағын екі тәсілді пайдалануға болады. Біздің жағдайда екі тәсілді пайдаланау керек. Мәселен, жаңа топ негізгі қорлардың 1-ден бастап 5 млн тенгеге дейінгі құны бойынша бастапкы топтастырудың алғашқы екі тобын *ірілендіру* (бірлеңесу) арқылы құрылады. Қайталама топтастырудың екінші тобы бастапкы топтың үшінші тобымен үйлеседі. Қайталама топтастырудың үшінші және төртінші тобы бастапкы топтың төртінші тобын жартыға бөлу арқылы құрылады. Қайталама топтастырудың бесінші және алтыншы топтарын құру үшін осындай іс-әрекет жасау қажет. Нәтижесінде біз келесі қайталама топтастыруды аламыз:

Негізгі қорлардың құны, млн тенге		1–5	5–10	10–20	20–30	30–40	40-тан астам
Зауыттарды бөлу, %		4+14	16	52/2	52/2	14/2	14/2

2-мысал. Халық банкінің бөлімшесінде жекелеген ұйымдардың айдың соңында ағымдағы шотындағы қалдықтары туралы келесі деректер бойынша аралық қатар мен бөлу гистограммасын құрыңыз, мың тенгеде:

911	692	1396	1028	563
478	782	695	878	793
956	728	844	819	1296
519	1093	756	1070	1165
417	1367	911	1079	1057
1173	913	623	926	1244
933	1190	656	912	744
1295	869	963	1089	576
917	866	611	1140	916
926	770	892	1278	845

Бөлу қатарын төң аралықта құрыңыз. 5 топ құру қажет.

Шешүі. Вариацияның ауқымы (көрсеткіштің ен жоғары және ен төмен магынасы арасындағы айырма) $1396 - 417 = 979$ мың тенгеге құрайды. Топ санына байланысты аралық 194 тен тенгеге ($979/5$) тен болуы тиіс. Қолайлы болу үшін аралықты 200 мың тенгеге дейін дөнгелетуге және 400–600, 600–800, 800–1000, 1000–1200 және 1200–1400 мың тенге топтарын құруға болады.

Әрбір топқа түсетін кәсіпорындардың санын кестеде бірліктеміз және әрбір топқа бірігетін кәсіпорындардың санын есептейміз:

Кәсіпорындардың шотындағы қалдық, мың тенге	Кәсіпорындардың саны, бірлік	Корытындыға, %
400–600	5	10
600–800	11	22
800–1000	18	36
1000–1200	10	20
1200–1400	6	12
	50	100

Осы кестенің негізінде гистограмма құрамызы:



З-мысал. Аяқ киім дүкенінде сатып алушылардың сұранысын ішінәра зерттегендеге аяқ киімнің мына мөлшерлері сатылғаны белгілі болды:

34	33	34	34	33
32	34	33	32	34
33	31	32	31	32
34	33	34	34	31
32	32	33	32	32
33	31	33	31	32
31	33	31	34	31
32	34	34	32	34
33	31	34	31	32
34	33	33	34	33

Катар мен полигон құрып, алғынған нәтижені талдаңыз, оны мектеп аяқ киімі өндірісінің типтік шкаласымен салыстырыңыз:

Мектепке киетін аяқ киім өндірісінің шкаласы

Аяқ киімнің мөлшері	34	33	32	31	Барлығы
Корытындыға %-бен	32	30	20	18	100

Шешүі. Вариацияланатын белгі сапаны білдіреді, сондыктан катар атрибуттік болып табылады. Вариацияланатын белгінің мағынасының саны төртке тең, демек, бастапқы материалды келесі 4 топқа жинақтау кажет:

Аяқ киімнің мөлшері	Сатылған аяқ киім жүбүйінің саны	Корытындыға %-бен
31	10	20
32	12	24
33	13	26
34	15	30
	50	100

Осы кестенің негізінде бөлу полигонын кұрамыз:



Мектеп аяқ киімі өндірісінің типтік шкаласымен салыстырғанда нақты сатудың нәтижесінің мынадай айырмашылығы болады:

Аяқ киімнің мөлшері	34	33	32	31	Барлығы
Типтік өндіріс шкаласына %-да	32	30	20	18	100
Нақты сату бойынша қорытындыға %-да	30	26	24	20	100
Типтік шкаласымен, пайыздық пункттердің салыстырғандағы алшактық	-2	-4	+4	+2	

Кестеден 33 және 34 аяқ киім мөлшері бойынша ең көп ауытқу байқалады. Бұлар үшін ауытқу 4 пайыздық пунктті құрады, бір жағдайда кему жағына (33 мөлшер үшін), екінші жағдайда – көп жакка карай (32 мөлшер үшін) байқалады.

4.7. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

4.7.1. Есептер

1 - е с е п. Өнеркәсіптегі шағын кәсіпорындарда жұмыс істейтіндердің саны бойынша байлайша бөлінеді:

Жұмыс істейтіндердің саны, адам	5-ке дейін	6-10	11-15	16-35	36-50	Барлығы
Кәсіпорындарды бөлу, %	40	20	11	20	9	100

Қайталама топтастыру әдісін пайдаланып өнеркәсіптегі кәсіпорындардың көлесі топтарын жұмыс істейтіндер саны бойынша құрыныз: 1-5, 6-10, 11-20, 21-30, 31-40, 41-50.

2-есеп. Мектептің екі сыныбындағы балалардың өсуін аралық қатары мен бөлү гистограммасын құрып карастырыңыз:

130	126	140	132	123
121	127	126	129	128
131	126	129	128	138
122	134	127	133	135
120	139	130	133	133
135	130	124	130	137
130	135	125	130	127
138	129	131	133	123
130	129	124	134	130
130	127	130	137	129

Бөлу қатарын тән аралықпен құрыңыз. 5 топ құру қажет.

3-есеп. Кәсіпорында мынадай разрядтары бар 50 жұмысшы жұмыс істейді:

6	5	6	6	5
4	6	5	4	6
5	3	4	3	4
6	5	6	6	3
4	4	5	4	4
5	3	5	3	4
3	5	3	6	3
4	6	6	4	6
5	3	6	3	4
6	5	5	6	5

Қатар мен бөлу полигонын құрыңыз және алынған нәтижені талданыз, сондай-ақ оларды талап етілетін өндіріс технологиясы бойынша ең тәмен разрядтармен салыстырыңыз:

Разряд	3-ші	4-ші	5-ші	6-ші	Барлығы
Корытындыға, %-бен	25	25	30	20	100

4.7.2. Тест тапсырмалары

1. Статистикалық жинақтау – бұл ненің ғылыми ұйымдастырылған процесі?
 - 1) бастапқы дерек жинаудың;
 - 2) бастапқы деректі өндеудің;
 - 3) жиынтықты елеулі белгі бойынша бөлудің;
 - 4) статистикалық деректерді талдаудың;
 - 5) аппарат хабарлаудың.
2. Статистикалық топтастыру – бұл ненің ғылыми ұйымдастырылған процесі?
 - 1) статистикалық дерек ұсынудың;

- 2) статистикалық көрсеткіштерді есептеудің;
- 3) статистикалық деректерді талдаудың;
- 4) статистикалық дерек таратудың;
- 5) жиынтыкты елеулі белгі бойынша бөлудің.
- 3. Төмөндегінің қайсысы жекелеген міндеттерді шешетін топтастыру түріне жатпайды?**
- 1) аралық;
 - 2) типологиялық;
 - 3) құрылымдық;
 - 4) аналитикалық (талдамалы);
 - 5) өзара байланысты (корреляциялық).
- 4. Жіктеу деп не аталады?**
- 1) атрибутивтік белгі бойынша жай топ;
 - 2) зерттелетін құбылыстың күрделі тобы;
 - 3) зандастырылған тұрақты іргелі топтастыру;
 - 4) көп өлшемді топтастыру;
 - 5) қайталама топтастыру.
- 5. Бұрын жеке бөлінген топтың негізінде жаңа топтың құрылуы не деп аталады?**
- 1) киыстырылған топтастыру;
 - 2) күрделі топтастыру;
 - 3) қайталама топтастыру;
 - 4) аналитикалық топтастыру;
 - 5) құрылымдық топтастыру.
- 6. Жиынтыкты сол немесе басқа белгі бойынша болу не деп аталады?**
- 1) жіктеу;
 - 2) топтастыру,
 - 3) саралау;
 - 4) бөлу қатары;
 - 5) көп өлшемді топтастыру.
- 7. Атрибутивтік бөлу қатары деп қай белгі бойынша құрылған қатар аталады?**
- 1) сандық;
 - 2) сапалық;
 - 3) бастанапқы;
 - 4) қайталама;
 - 5) дискреттік.
- 8. Қай белгі бойынша құрылған қатар вариациялық қатар деп аталады?**
- 1) сандық;
 - 2) сапалық;
 - 3) бастанапқы;
 - 4) қайталама;
 - 5) үздіксіз.

9. Вариациялық бөлу қатары нeden құралады?

- 1) орта мағыналардан;
- 2) жиіліктер мен жиілік шамасынан;
- 3) жиіліктер мен нұсқалардан (варианттардан);
- 4) сапа белгісінің вариантынан;
- 5) динамика көрсеткіштерінен.

10. Кумулятивтік бөлу қатарларына не қіреді?

- 1) орта мағыналар мен жиіліктер;
- 2) абсолюттік және салыстырмалы жиіліктер;
- 3) жинақталған жиіліктер мен жиілік шамалары;
- 4) вариантынан мен жинақталған жиіліктер;
- 5) полигондар мен кумуляттар.

11. Бөлу қатарының аралығының еніне шағылған жиіліктер не деп аталауды?

- 1) жеке нәрсе;
- 2) салыстырмалы жиілік;
- 3) орташа жиілік;
- 4) кумулятивтік жиілік;
- 5) бөлу тығыздығы.

5-ТАҚЫРЫП

АБСОЛЮТТІК ЖӘНЕ ҚАТЫСТЫ ШАМАЛАР

5.1. Статистикада жинақтап қорытылған көрсеткіштер

Статистикалық жұмыстың бірінші кезеңінде статистикалық бақылау жүргізіледі, статистикалық материалдар жинақталып топтастырылады. Статистикалық бақылаудың қорытындысы бойынша статистикалық материал алынады, онда зерттелетін жиынтықтың әрбір бірлігінің бірката белгісі болады. Статистикалық жинақтау мен топтастыру кезінде жиналған бастапқы материал жиынтық статистикалық кестеге жинақтап қорытылады. Осы кестелерде *бірліктер жиынтығы жалпы және топтар түрінде келтіріледі*. Оларды сипаттайтын көрсеткіштер жинақтап қорытылған көрсеткіштер деп аталады.

Жинақтап қорыту – статистиканың маңызды міндетті. Жинақтап қорытылған көрсеткіштер әдісі топтастыру және жаппай бақылау әдісі сияқты статистикаға тән, ерекше әдіс болып табылады. Статистикада жинақтап қорытылған көрсеткіштер абсолюттік, катысты және орташа болуы мүмкін.

Абсолюттік көрсеткіштер бастапқы статистикалық материалды жинақтау (жиынтықтау) нәтижесінде тікелей алынады. Осының негізінде абсолюттік көрсеткіштерді толыктыратын катысты және орташа шамалар есептеледі.

Сол немесе басқа құбылысты сипаттау үшін жинақтап қорытылған көрсеткіштердің барлық үш түрі де жиі қолданылады. Мысалы, өнеркәсіпті зерттегендеге кәсіпорындар сала бойынша топтастырылады. Нәтижесінде төменде келтірілген макетке сәйкес жинақтап қорытылған статистикалық кесте алынады (5.1-кесте).

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың саны мен олар өндіретін өнімнің құны жинақтап қорытылған *абсолюттік шаманы* білдіреді. Кәсіпорындардың

жалпы санындағы немесе өнімнің құнындағы өнеркәсіптің жекелеген салаларының өзіндік салмактары қатысты шама деп аталады. 1 кәсіпорынға шағылған өнімнің орташа құны орташа шама болып табылады. Жалпы барлық осы көрсеткіштер өнеркәсіпті жан-жақты сипаттайды.

5.1. Өнеркәсіптің жекелеген салалары бойынша кәсіпорындарды сипаттауға ариналған статистикалық кестенің макеті

Өнеркәсіп салалары	Кәсіпорын, бірлік саны	Өнімнің құны, млн теңге	Өзіндік үлес салмақ		1 кәсіпорынға шағылған өнімнің орташа құны, мың теңге
			Кәсіпорын саны бойынша, %	Өнімнің құны бойынша, %	
Кең өндіруші өнеркәсіп					
Өндіре өнеркәсібі					
Электр энергиясын, газ және т.б. өндіру					
ЖЫЫНЫ			100	100	

5.2. Абсолюттік статистикалық шамалар

Абсолюттік шамалардың мағынасы мен түрлері. Кез келген құбылысты талдағанда және шешім қабылдағанда абсолюттік статистикалық шамалардың маңызы ерекше рөл атқарады. Олар осы құбылыстың ауқымы жөнінде түсінік береді және белгіленген өлшем бірлігінде, яғни килограмда, метрде, данада, гектарда, кубометрде, литрде, тенгеде, долларда, еурода және т.б. көрсетіледі.

Абсолюттік шамалар экономикада жұмыс істейтіндердің санын, өндірілген косылған құнның шамасын, сыртқы сауда айналымының көлемін және т.б. сипаттайды. Статистикада талдан қорытылған көрсеткіштер ретінде олар әр кезде жиынтық шама болып табылады. Жиынтық шаманы келесі бірнеше белгі бойынша жіктеуге болады:

1) абсолюттік шаманың құрамындағы жиынтықтың сипаттамасының белгісі бойынша – жиынтық санының көрсеткіштері (кәсіпорындардың саны, жұмысшылардың, халықтың саны) және белгі көлемінің көрсеткіштері (жұмысшылардың өнбекақысы, кәсіпорындардың өнімі және т.б.). Мұның өзінде сол бір көрсеткіш бір жағдайда жиынтық санының көрсеткіші, ал екінші жағдайда – белгі көлемінің көрсеткіші, мысалы, кәсіпорындардың жұмысшылар санының көрсеткіші болуы мүмкін;

2) даму процесі сипаттамасының белгісі бойынша – құбылыстың белгілентген сәттегі жай-күйін – мезеттік көрсеткіштер (халықтың, жұмысшылардың, кәсіпорындардың, машиналар мен жабдықтардың, малдың және т.б. саны) немесе процестердің белгілентген кезеңдегі нәтижелерін сипаттайтын – аралық көрсеткіштер (өнім өндіру, еңбек пен материал шығыны, халық санының өсімі мен кемуі);

3) құбылыстың ауқымын білдіретін өлшем бірлігі бойынша – натуралды (заттай) және құндылық көрсеткіштер;

Натуралды (заттай) көрсеткіштер жай (мысалы, электр станцияларының қуаты – киловатта, ал тасымалданған жүктің көлемі – тоннада) және құрамдас (өндірілген электр энергиясының саны – киловатт-сағатта, ал жүк айналымы тонна-километрде көрсетіледі) болуы мүмкін.

Сондай-ак шартты өлшем бірлігі де қолданылады (мысалы, отынның әр түрі жану жылулығы 7000 ккал/кг деңгейінде қабылданған шартты отынның тоннасына айналдырылады, ал сыйымдылығы бойынша әр түрлі консерві қалбырлары сыйымдылығы 353,4 куб.см. шартты қалбырға ауыстырылады).

Құндылық көрсеткіштер (өндірілген немесе сатылған өнімнің көлемі, өнімнің өзіндік құны, шығын) ағымдағы бағада да, сондай-ак салыстырмалы бағада да көрсетіледі.

Абсолюттік есеп айырысу шамасы. Абсолюттік көрсеткіштер катары жинақтау нәтижесінде емес, қосымша деректерді (мысалы, есеп берменен кәсіпорындардың, жасырын қызметті және ресми емес сектордың өндіріс көлемі) ескеріп есептеу арқылы алынады. Баланстық есептеу негізінде жетіспейтін көрсеткішті есептеу әдісі кеңінен пайдаланылады. Көбінесе белгінің көлемі орта мағына мен жиынтық санының негізінде есептеледі (мысалы, картоптың қабының орташа салмағын қап санына көбейту арқылы жиналған картоптың жиынтық салмағын анықтауға болады).

5.3. Қатысты шамалар

Қатысты шамалар және олар көрсетілетін нысандар жөніндегі түсінік. Статистикалық материалдарды талдағанда ең алдымен катысты және орташа шамалар назарға алынады. Мысалы, әр түрлі елдерде өмір сүру деңгейін салыстыру үшін ЖІӨ өндіру көлемі жөніндегі абсолюттік көрсеткіштер немесе елдегі жалпы автокөлік саны жөніндегі абсолюттік көрсеткіштерді ғана пайдалануға болмайды. Халықтың жан басына немесе 1000 адамға шағылған көрсеткіштерді есептеу кажет.

Сейтіп, статистикалық талдауда ең алдымен катысты шамаларды есептеу керек.

Қатысты шамалар екі көрсеткішті салыстыру нәтижесінде алынады. Мәселен, респубикалық бюджет туралы Занда бюджеттің табыс бөлігінің мөлшері 500 млрд теңге мөлшерінде белгіленген, ал нақты табыс 525 млрд теңгені құрайды, бұл Қаржы министрлігінің бюджеттің табыс бөлігінің жоспарын 5%-ға артық орындағанын билдіреді.

Қатысты шаманың бөлгіші *негіз* немесе *салыстыру* базасы деп аталауды. Біздің жағдайда ол 300 млрд теңгені құрайды. Егер негіз ретінде бірді қабылдасақ, онда қатысты шама (1,05) *коэффициенті* нысанында көрсетіледі; ол салыстырылатын шама негізден неше есеге көп немесе аз екенін көрсетеді. Егер негіз 100 деп қабылданса, онда қатысты бірлік пайызда, егер 1000 деп қабылданса, онда *промилле* көрсетіледі. Жекелеген сирек құбылыстар үшін статистикада, сондай-ак 10 000 немесе 100 000-ға шағылған қатысты көрсеткіштер де пайдаланылады.

Егер пайызда көрсетілген көрсеткіштен 100-ді алса, онда салыстырылатын мөлшер негізден қанша есе көп немесе аз екенін айтуға болады.

Промилле бала туу, өлім-жітім және басқа да біркатарап көрсеткіштер 1000 халыққа шағылып есептелетін демографиялық статистикада кен таралған.

Әдетте тек абсолюттік көрсеткіш салыстырылады, алайда қатысты және орташа көрсеткіштерді де салыстыруға болады. *Қатысты шама – бұл салыстырылатын екі статистикалық шаманың арақатынасының сандық шамасын беретін жинақтап қорытылған көрсеткіші*.

Мұның өзінде салыстырылатын көрсеткіштер әдістемелік жағынан салыстырмалы болуы тиіс.

Танып білу мәніне байланысты динамиканың, жоспарлық тапсырманың, жоспардың орындалуының, құрылымның, үйлестірудің, дамуды салыстыру мен оның қарқынының қатысты көрсеткіштері қолданылады.

Динамика көрсеткіштері құбылыстың уақытқа орай өзгеру дәрежесін сипаттайды. Бұл ретте өткен уақыт кезеңдерінің (сәттерінің) базистік деп аталатын мөлшері 100 немесе бір деп қабылданады, ал кейінгі кезеңдердің көрсеткіштері базистікке пайызда немесе коэффициентте көрсетіледі. Олар өсу қарқыны деп, ал бірлікке немесе 100-ге шегеріліп – өсім қарқыны деп аталады.

Жоспарлық тапсырма көрсеткіштері жоспарланған көрсеткіштің нақты қол жетіскең деңгейге арақатынасын көрсетеді. Бұл ретте салыстырылатын көрсеткіштер әр түрлі уақыт кезеңдеріне жатады. Мысалы, егер индикативтік жоспарда өнеркәсіптік өндірістің өсу қарқынын 8-ден 10%-ға дейін, ал ЖІӨ-ге бюджет тапшылығын 3%-дан 2,5%-ға дейін қысқарту қарастырылса, бұл өнеркәсіптік өндірістің өрлеу қарқының ұлғайту жөніндегі жоспар 125%-ды (10 : 8 × 100), ал бюджет тапшылығын қысқарту жөніндегі жоспар 83,3% -ды құрайтынын билдіреді (2,5 : 3,0 × 100).

Жоспардың орындағу көрсеткіштері катысты шаманың алдыңғы түрімен салыстырғанда, керісінше, жоспарланған деңгеймен салыстырғанда накты қол жетісken деңгейдің мөлшерімен аракатынасын көрсетеді. Мұның өзінде, алайда, көрсеткіштер бір уақыт кезеңіне (сәтіне) жатқызылады. Мысалы, егер өткен мысалда өнеркәсіптік өндірістің өсуінің накты қарқыны 10 емес 12%-ды, ал бюджет тапшылығының қыскаруы 0,5% емес (ЖІӨ-ге 3%-дан 2,5%-ға дейін) 0,6%-ды құраса (яғни накты тапшылық 2,4%-ды құрады), онда бұл жағдай өнеркәсіптік өндірісінің өсу жоспары 20%-ға (12 : 10 × 100), ал бюджет тапшылығының қыскарту жоспары да 20%-ға (0,6 : 0,5 × 100) артық орындалғанын білдіреді.

Құрылым көрсеткіштері пайызда көрсетілген бүтіннің үлесін (немесе өзіндік салмағын) білдіреді.

Мысалы, ЖІӨ-нін жалпы көлеміндегі ауыл шаруашылығының үлесі өтпелі кезеңде 34%-дан (1990 жылы) 8%-ға дейін (2004 жылы) қыскарды. Бұл ретте өзіндік салмактың қыскаруы жынтықтың осы бөлігінің абсолюттік мөлшерінің тиісінше кемуін білдірмейді. Мәселен ЖІӨ-де ауыл шаруашылығы үлесінің 4 еседен астамға қысқарғанда өндірістің абсолюттік көлемінің тек 39%-ы ғана қыскарды. Сонымен бірге өнеркәсіп ЖІӨ-гі өзінің үлесін бір жарым есеге арттырғанына (21-ден 31%-ға дейін) қарамасстан оның накты көлемі 14%-ға қыскарды.

Үйлестіру (координация) көрсеткіштері бүтіннің жекелеген бөліктерінің аттас шамаларының өзара аракатынасын сипаттайтыны, оның біреуі салыстыру базасы ретінде қабылданады. Басқаша айтқанда, құрылым көрсеткішінде салыстыру базасы ретінде жалпы корытынды қабылданса, онда бұл жағдайда салыстыру базасы ретінде бүтіннің кез келген бөлігі қабылдануы мүмкін. Кәспорында 1000 жұмысшының 900-і өндірістік, 100-і – өндірістік емес жұмысшы болып табылады делік. Сонда құрылым тұрғысынан алып қарағанда кәспорын жұмысшыларының 90%-ы – өндірістік, ал 10%-ы өндірістік емес жұмысшыны құрайды деуге болады. Ал өндірістік және өндірістік емес жұмысшылардың санын салыстыруға катысты өндірістік жұмысшының саны өндірістік емес жұмысшының санынан 9 есе артық екенін атап өту керек. Демографиялық статистикада халықтың жалпы санында ерлер мен әйелдердің үлесі 48 және 52%-ды құрайды, ал сонымен катар 1000 әйелге шаққанда 923 ер адам келеді.

Салыстыру көрсеткіштері әр түрлі обьектілерге немесе аумактарға катысты, алайда сол бір уақыт (сәт) кезеңіндегі аттас көрсеткіштерді салыстыруды сипаттайтыны. Демек, біз елдін әр түрлі өнірлерінің халық санын немесе өнеркәсіптік өндірісінің көлемін немесе елдерді салыстыра аламыз. Мысалы, Ресей Федерациясының халық саны Қазақстан халық санынан он еседей асады, ал жыл ішінде өндірілген косылған құнның барлық көлемі бойынша салыстыру он бес есе айырманы көрсетеді. Бұл Қазақстанмен салыстырғанда Ресейдегі еңбек өнімділігі деңгейінің жоғары екенін раdstайды.

Даму интенсивтілігінің көрсеткіштері осы құбылыстың белгіленген ортада таралу дәрежесін білдіреді. Тугандардың немесе кайтыс болғандардың жиынтықтарын халықтың санымен салыстырып осы құбылыстың дамуының дәрежесін, интенсивтілігін бағалаймыз. Интенсивтіліктің басқа көрсеткіштеріне халықтың материалдық және мәдени деңгейінің өсуін сипаттайтын көрсеткіштер (халық санына шағылған ЖІӨ, білім деңгейі және т.б.) жатады. Осы көрсеткіштерге, сондай-ақ халықтың тығыздығының, теміржол желісінің жиілігі және т.б. жатады.

Халықтың жан басына шағылған өндіріс көрсеткіштерін есептеуге болады. Интенсивтілік көрсеткіштері өндірістің жетілу, оның жаңа техника мен жарактандырылу дәрежесін көрсету максатында, сондай-ақ жабдықтың пайдаланылуын, құрделі салымдардың тиімділігін сипаттау үшін кеңінен пайдаланылады.

Даму интенсивтілігі көрсеткіштерінің басқа қатысты шамадан айырмашылығы олар дерексіз емес атаулы сандар, яғни олар әр кезде қатынастың алымында тұрған жиынтықтың бірлік санын бөлгіште тұрған жиынтықтың бірлігінің санан білдіреді.

5.4. Абсолюттік және қатысты шамалардың графикалық көрінісі

Графикалық көрініс статистикалық мәлшерлерді өзара салыстыру, бүкіл жиынтықтағы жекелеген факторлардың рөлін анықтау, құрылымды және құрылымдық ілгерілеуді, белгілердің, құбылыстардың уақытқа орай өзгерістерінің арасындағы байланыстарды зерттеу, құбылыстың кеңістікте таралу дәрежесін анықтау және т.б. үшін пайдаланылады.

Шкала, аукым, координата осі мен сандық (координаттық) тор сандық арақатынастарды көрсететін графиктердің негізгі элементтері болып табылады.

Әр түрлі графикалық суреттермен көрнекі көрсетілген статистикалық көрсеткіштердің диаграмма, картограмма, картодиаграмма деп аталатын үш түрі болады.

Диаграмма деректер көрсетілетін көрнекі құрал болып табылады және салыстыруды орындауды, заңдылықтарды және деректердің үрдісін анықтауды жөнілдетеді. Мысалы, беттегі сандардың бағанын талдаудың орнына диаграммага қарап тоқсан сайын сатудың көлемі түсे ме әлде олар өсе ме немесе накты сату көлемінің жоспарланған көлемге қатынасын білуғе болады.


Диаграммалардың стандартты түрлеріне (олар Windows операциялық жүйесінің Microsoft Excel кеңсе бағдарламасында келтірілгендей) мыналар жатады:

- гистограмма (бағандық) және сзықтық (көлденен жолактар) – әр түрлі категориялардың мағыналарын немесе әрбір категорияның жалпы сомаға қосатын үлесін білдіреді немесе жалпы сомадағы әрбір категорияның үлесін көрсетеді;
- график – процестің уақытқа орай немесе категория бойынша дамуын білдіреді; жинақтаушы график жалпы соманы уақытқа орай немесе категориялар бойынша жақсы көрсетеді; онда деректердің нұктесін белгілейтін маркерлер болуы мүмкін;
- секторлық (дөңгелек) – әрбір мағынаның жалпы сомаға қосатын үлесін көрсетеді; көлемді және кесілген болуы мүмкін;
- нұктелік – ол кесінділермен немесе тегістейтін сзықтармен қосылуы мүмкін мағыналардың жұптарын салыстыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ олардың деректердің нұктелерін белгілейтін маркерлері болуы мүмкін;
- облыстары бар – катардың мағыналарының уақытқа орай өзгеруін жақсы көрсетеді; деректерді жинақтаушысы, нормаланған (жалпы сомаға жекелеген құрамдастардың салымының үлесі) және көлемді болуы мүмкін;
- шығыршық – дөңгелекке ұксайды, алайда бірнеше қатар деректі көрсете алады;
- гүлжапырактық – графiktің координаттардың полярлық жүйесіндегі үлес варианты болып табылады; мағыналардың координатының басына катастырылған көрсетеді;;
- кеңістік – мағыналардың екі өлшем бойынша, кеңістік түрінде өзгеруін көрсетеді;
- көпіршікті – жазықтықтағы үш мағынадан тұратын жиынды білдіреді; нұктелік диаграммаға ұксайды, алайда үшінші мөлшер көпіршіктің мөлшерін көрсетеді;
- биржалық – жазықтықтағы үш мағынадан тұратын жиынды білдіреді (ең жоғары бағам, ең төмен бағам, жабу бағамы);
- цилиндрлік – бағандары цилиндр түріндегі гистограмма;
- коникалық – бағандары конус түріндегі гистограмма;
- пирамидалық – бағандары пирамида түріндегі гистограмма.

Жекелеген диаграммалардың – бағандық (гистограмма), графика (бөлу полигоны мен кумулята), нұктелік (нұктелік диаграммаға құрылған Лоренцтің кисық сзығы) мысалдары өткен тақырыпта келтірілді. Сзықтық және дөңгелек диаграмманың мысалдары 5.1 және 5.2-суреттерде көрсетілген.


Картограммалар картада қоюлығы әр түрлі түс немесе нүктө түрінде көрсетілетін деректерден құралады және тиісінше бедерсіз бір түстіге және нүктелікке бөлінеді.

Картодиаграммаларда карталарда орналаскан әр түрлі диаграммалар немесе белгі-денелер көрнекі түрде көрсетілген. Бұл ойда диаграмманың көлемі сол немесе басқа әкімшілік-аумақтық бірлікке қатысты деректердің ауқымын білдіреді.



5.1-сурет. Сызықтық диаграмманың мысалы

Үй шаруашылықтарының тұтынушылық шығынының 2004 жылдағы құрылымы



5.2-сурет. Секторлық (дөнгөлек) диаграмманың мысалы

Салыстырылатын құбылыстардың көлемін көрсету үшін көбінесе дұрыс геометриялық деңе (квадрат немесе шеңбер) түріндегі және ауданы көрсеткіштердің көлеміне үйлесімді диаграммалар пайдаланылады.

Екі ауқымда салыстыру үшін *Варзар белгісі* (оларды ұсынған орыс статистигі В.Е. Варзардың тегі бойынша) деп аталатын тік бұрыш диаграммалар пайдаланылады. Әдетте олар егер кейбір көрсеткіш екі басқа көрсеткіштің көбейтіндісі болған жағдайда қолданылады (мысалы, бидайдың жалпы түсімі егістік ауданының өнімділікке көбейтіндісіне тен болады).



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Қандай көрсеткіштер жинақтап қорытылған деп аталады? Олар қалай алынаады?
2. Жинақтап қорытылған көрсеткіштердің түрлерін атанаңыз. Мысал келтіріңіз.
3. Абсолюттік статистикалық шама деп не аталады және олардың маңызы қандай? Мысал келтіріңіз.
4. Абсолюттік шаманың жіктелімін атанаңыз. Мысал келтіріңіз.
5. Абсолюттік статистикалық шамалар қандай өлшем бірлігінде көрсетіледі? Мысал келтіріңіз.
6. Қатысты шама деп не аталады? Статистикада катысты шама қандай рөл атқарады?
7. Қатысты шаманың қандай түрлерін білесіз? Мысал келтіріңіз.
8. Интенсивтілік көрсеткіштері басқа қатысты шамадан қалай ерекшеленеді?
9. Қатысты статистикалық шамалар қандай өлшем бірлігінде көрсетіледі? Мысал келтіріңіз.
10. Статистикалық графиктердің маңызы неде?
11. Графиктің негізгі элементтері қандай?
12. Статистикалық графиктердің негізгі түрлерін сипаттаңыз.
13. Картограмма мен картодиаграмманың ерекшелігі неде?



Ұсынылатын әдебиет

1. Авров А.П. Аврова Ю.А. *Общая теория статистики. Основы курса: Учебное пособие*. 2-ое изд. доп. – Алматы, 2004. – 112с.
2. Сиденко А.В., Попов Г.Ю., Матвеева В.М. *Статистика: Учебник*. – М.: Дело и сервис, 2000. – 464 с.

3. Елисеева И.И., Юзбашев М.М. Общая теория статистики: Учебник. – 3-е изд. / Под ред. чл.-корр. РАН И.И. Елисеевой. – М.: Финансы и статистика, 1998. – 368 с.: ил.
4. Теория статистики: Учебник для вузов / Под ред. Р.А. Шмойловой. – М.: Финансы и статистика, 1996.
5. Ефимова М.Р., Петрова Е.В., Румянцев В.Н. Общая теория статистики: Учебник для вузов. – М.: ИНФРА-М, 1998.
6. Статистика: Курс лекций для вузов / Под ред. В.Г. Ионина. – М.: ИНФРА-М, 1996.
7. Гусаров В.М. Теория статистики: Учебное пособие для вузов. – М.: Аудит, ЮНИТИ, 1998.
8. Гусаров В.М. Теория статистики: Учебное пособие. – М.: ИНТИ, 2000.
9. Ряузов Н.Н. Общая теория статистики: Учебник для студ. экон. спец. вузов. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1984. – 343 с.: ил.
10. Общая теория статистики: Учебник / Т.В. Рябушкин, М.Р. Ефимова и др. – М.: Финансы и статистика, 1981.
11. Общая теория статистики: Учебник / Г.С. Кильдишев, В.Е. Освиенко, П.М. Рабинович, Т.В. Рябушкин. – М.: Статистика, 1980.
12. Статистический словарь / Гл. ред. М.А. Королев. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1989.

5.5. Практикум

5.5.1. Ізденуге арналған сұрақтар

1. Статистикадағы жинақтап қорытылған көрсеткіштердің мазмұнын сипаттаңыз, жіктеуішті келтіріңіз. Оларды алу тәсілдерін атаңыз.
2. Абсолюттік шаманың жинақтап қорытылған статистикалық көрсеткіштер ретіндегі мағыналарын сипаттаңыз, олардың жіктелімі мен мысалдарын келтіріңіз.
3. Абсолюттік статистикалық көрсеткіштерді өлшеу бірлігінің жіктелу схемасын жасаңыз және оны сипаттаңыз. Мысал келтіріңіз.
4. Қатысты шаманың жинақтап қорытылған статистикалық көрсеткіш ретінде анықтамасын беріңіз, олар көрсетілетін нысанды сипаттаңыз, мысал келтіріңіз.
5. Қатысты шаманың түрлерінің жіктеуішін келтіріңіз. Оларды қатысты шаманың жекелеген түрлерінің мысалында көрсетіңіз.
6. Қатысты статистикалық шаманың қандай өлшем бірлігінде көрсетілетінін сипаттаңыз. Жаупты мысалдармен толықтырыңыз.
7. Статистикалық графиқтер не үшін қажет? Олардың негізгі элементтері мен түрлерін келтіріңіз.
8. Windows операциялық жүйесінің Microsoft Excel кеңсе бағдарламасындағы статистикалық диаграммалардың стандартты түрлерін сипаттаңыз.

5.5.2. Типтік есептерді шығару мысалдары

1 - мұсал. Зауыт бойынша 1 кг өнімнің нақты өзіндік құны өткен жылы 54 тенгені құрады. Ағымдағы жылы зауыт 1 кг өнімнің өзіндік құнын 52 тенгеге дейін төмендетуді жоспарлап отыр.

Зауыттың жоспарын салыстырмалы көрсеткіштерде көрсетініз. Олар катысты көрсеткіштердің кай түріне жатады?

Шешуі: Жоспарланған көрсеткіштерді нақты қол жетіскең көрсеткіштермен салыстыру жоспарлы тапсырманың көрсеткіштеріне жатады. Біздің жағдайда 1 кг өнімнің өзіндік құнын 54-тен 52 тенгеге дейін төмендету өзіндік құнның 3,7%-ға қыскаратынын білдіреді, яғни $100 - \frac{52}{54} \times 100$.

2 - мұсал. Зауыт басшылығы ағымдағы жылы жұмыс істейтіндердің орташа саны 680 адамның 17 млн тенгенін өнімін шығаруын жоспарлаған болатын, ал іс жүзінде жұмыс істейтіндердің саны бойынша; а) өнім шығару бойынша; ә) әнбек өнімділігі бойынша.

Шешуі: Есептелген нәтижелерді кестеде көрсетеміз:

Көрсеткіштер	Жоспар	Накты	Өсу каркыны
Өнім шығару, млн тенге	17,00	18,56	109,2
Жұмыс істейтіндердің саны, адам	680	673	99,0
Әнбек өнімділігі, мың тенге/адам	25,0	27,6	110,3

3 - мұсал.

Төменде келтірілген деректер бойынша Қазақстанның респубикалық бюджетінің 1970, 1975, 1980 жылдардағы шығын құрылымының катысты шамасын (млрд рубль) есептепіз:

Шығын бабы	1970 ж.	1975 ж.	1980 ж.
Барлығы, оның ішінде:	154,6	214,5	276,4
халық шаруашылығына	74,6	111,6	151,4
әлеуметтік мәдени іс-шаралар мен ғылымға	55,9	77,1	92,8
корғаныска	17,9	17,4	17,2
басқаруға	1,7	2,0	2,4

Қазақстанның респубикалық бюджетінің құрамында қандай ілгерілеу болғанын анықтаңыз.

Шешуі: Құрылым көрсеткіштерінің нәтижелері кестеде келтірілген:

Шығын бабы	1970 ж.	1975 ж.	1980 ж.
Барлығы, оның ішінде:	100,0	100,0	100,0
халық шаруашылығына	48,3	52,0	54,8
әлеуметтік мәдени іс-шаралар мен ғылымға	36,2	35,9	33,6
корғаныска	11,6	8,1	6,2
басқаруға	1,1	0,9	0,9

Кестеден 10 жыл ішінде бюджеттің халық шаруашылығына жұмсалған шығын үлесінің ұлғайғаны көрінеді. Сонымен бірге басқа бойынша шығындардың өзіндік салмағы кемітген. Әсіреле корғаныска жұмсалған шығынның үлесі айтарлықтай қыскарған (екі есеге жуық).

4-мысал. Зауытта ағымдағы жылдың басына қалыптаскан жағдайға орай тізім бойынша 21000 адам, әкімшілік-басқару қызметкері ретінде – 150 адам жұмыс істейді.

Зауыттағы жұмысшылардың саны мен әкімшілік-басқару қызметкерлерінің саны арасындағы арақатынасты есептөніз. Есептелген қатысты көрсеткіш не деп аталауды?

Шешуі: Бұғыннің екі болігінің арақатынасы $\frac{150}{21000} = 14$ -ке тең.

5-мысал. Аудан халқының орта жылдық саны былтырғы жылы 31 550 адамды құрады. Ауданның көлемі 997 шаршы метрге тең. АХАТ өткен жылы 495 бала туу фактын тіркеді.

Мынаны анықтаңыз: а) аудан халқының тығыздығын; ә) туу коэффициентін (халыктың 1000 адамына шағылған орташа жылдық санына қатынасты бойынша анықталады). Осы көрсеткіштер қатысты шаманың кай түріне жатады?

Шешуі: Кестеде бастапқы деректер мен есептік көрсеткіштерді келтіреміз:

Көрсеткіш	Магына
Аудан халқының саны, адам	31550
Ауданның көлемі, шаршы метр	997
Жыл ішінде туған бала саны, адам	495
Аудан халқының тығыздығы, адам/шаршы метр	31,6
Туу коэффициенті, промилле	15,7

Осы көрсеткіштер даму интенсивтілігінің көрсеткіші түріне жатады.

6-мысал. Өнімнің жекелеген түрінің мына саны шығарылды (мың т): кір сабын 60%-дық – 30,0, кір сабын 40%-дық – 40,0, иіс сабын – 25,0, кір жуатын ұнтақ – 15,0.

Қайта есептеу коэффициенті 60%-дық кір жуатын сабын бойынша – 1,75, 40%-дық бойынша – 1, кір сабын бойынша – 1,75, кір жуатын ұнтақ бойынша – 0,5 деп алғы өндірістің шартты бірлікте жалпы көлемін анықтаңыз.

Шешуі: Өнімнің әр түрі бойынша өндірістің көлемін шартты бірлікті есептеу үшін тиісті коэффициенттерді көбейту, содан кейін алынған көбейтінділерді косу қажет. Келесі кестеде бастапқы деректер мен есеп келтірілген:

Өнімнің атауы	мың тонна	коэффициенттер	шартты бірлік, мың тонна
60%-дық кір сабын	30,0	1,75	52,50
40%-дық кір сабын	40,0	1,00	40,00
Иіс сабын	25,0	1,75	43,75
Кір жуатын ұнтақ	15,0	0,50	7,50
шартты өндіріс көлемі	110,0		143,75

Бұл жерде өндірістің шартты бірлікте есептелмеген көлемі де көлтірілген. Бұл жүк тасымалдау көлемін бағалау үшін қажет. Ал шартты бірлікте есептеу шығарылған кір жуатын ұнтақтың көлемін 40%-дық кір сабынға шағып бағалауға мүмкіндік береді.

7-мисал. Зауыт басшылығы кезекті жылы өндірістің көлемін 5%-ға ұлғайтуды жоспарлады, ал накты өсу қаркыны 7%-ды құрады. Жылдық өсу және өнім өндіру жоспарының орындалуының қатысты шамасын анықтаңыз.

Шешуі: Өнімнің өсу жоспарын бағалау үшін накты өсуді жоспарланған өсуге бөлу (7 : 5) қажет. Өнім шығару жоспарын орындау үшін накты көлемдерді жоспарланған көлемдермен арақатынасын (107 : 105) белгілеу қажет. Кестеде бастапқы деректер мен есепті көлтіреміз:

Көрсеткіштер	Мағына
Өнімнің өсу жоспары, %	5,0
Өнімнің накты өсүі, %	7,0
Өнімнің өсу жоспарының орындалуы, %	140,0
Өнім шығару жоспарының орындалуы, %	101,9

8-мисал. Кәсіпорында жыл басында 3120 жұмысшы және 285 инженерлік-техникалық қызметкер (ИТҚ) болды. Жыл шінде 192 жұмысшы мен ИТҚ жұмыстан босатылды, ал жұмысқа 56 жұмысшы мен 41 ИТҚ қабылданды.

Жылдың басы мен сонында жұмысшылар мен ИТҚ арақатынасын сипаттайтын қатысты шаманды анықтаңыз.

Шешуі: Жылдың басында жұмысшылар мен ИТҚ арақатынасы (үйлестіру көрсеткіші) $3120 : 285 = 10,9$ -ға тең болды. Жылдың сонындағы осы көрсеткішті анықтау үшін баланстық есепті орындау, яғни жылдың басындағы жұмысшылар мен ИТҚ санынан жұмыстан босатылғандардың санын алып тастау және жұмысқа қабылданғандардың санын косу қажет. Кестеде бастапқы деректер мен есепті көлтіреміз:

	Жылдың басында	Жұмыстан босатылғандар	Жұмысқа қабылданғандар	Жылдың сонында
Жұмысшылардың саны	3120	192	56	2984
ИТҚ саны	285	16	41	310
Жұмысшылар мен ИТҚ санының арақатынасы	10,9			9,6

Жыл сонында үйлестіру коэффициентінің 9,6-ға дейін төмендегені көрінеді.

5.6. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

5.6.1. Есептер

1-есеп. Кәсіпорында енбектің өнімділігі откен жылы 1500 мың тенгені құрады. Ағымдағы жылы кәсіпорын енбек өнімділігін салыстырмалы бағамен 4%-ға ұлғайтуды жоспарлап отыр.

Кәсіпорын өнімі бағасы жылына орташа 10% деңгейінде өседі деп күтілген жағдайда, бір жұмысшыға шакқанда шығарылатын өнімнің колданыстағы бағадағы жоспарланатын деңгейін анықтаңыз.

2-е сеп. Фирманың басшылығы ағымдағы жылы өнім шығару үшін 20 млн теңге жұмсал 35 млн теңгенің өнімін шығаруды жоспарлады. Іс жүзінде осы жылы кәсіпорын өнім шығаруға 21 млн теңге жұмсал 36 млн теңгенің өнімін шығарды.

Зауытта жоспардың орындалу көрсеткіштерін анықтаңыз: а) өнім шығару бойынша; ә) өнім өндірісіне жұмсалған шығын бойынша; б) өнімнің табыстылығы бойынша (өндіріске жұмсалған шығынға пайданың пайыздығы қатынасы).

3-е сеп. Томенде келтірілген деректер бойынша Қазақстанның республиканың бюджетінің шығын құрылымының қатысты шамасын есептөніз (млрд теңге):

Шығын бабы	1995 ж.	1999 ж.	2003 ж.
Барлық шығын, оның ішінде:	260,2	468,4	1068,4
жалпыменлемектік қызметтерге	10,1	28,9	65,3
корғаныска	10,8	17,2	47,5
қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке	17,5	32,5	91,6
білім беруге	45,8	78,5	149,0
денсаулық сактауға	30,0	44,8	89,8
әлеуметтік қамтамасыз ету мен алеуметтік көмекке	7,8	159,1	239,2
мәдениетке, спортқа және акпараттық кеңістікке	6,9	12,2	33,8

Қазақстанның республиканың бюджетінде кандай өзгерістер болғанын анықтаңыз.

4-е сеп. Адам дамуы жөніндегі 2005 жылдың есебінде Ресейде жан басына шакқанда ЖІӨ өндіру көлемі сатып алу кабілеттінін тере-тендігі (СҚТ) бойынша 8230 АҚШ долларын құрады. Қазақстанда осы көрсеткіш СҚТ бойынша 5870 доллар деңгейінде болды.

Ресей мен Қазақстанда жан басына шакқанда ЖІӨ өндіру көлемдерінің арасындағы арақатынасты есептөніз. Есептелген қатысты көрсеткіш не деп аталауды?

5-е сеп. Республика халқының орташа жылдық саны 2004 жылы 15013,0 мың адам болды. Республиканың көлемі 2724,9 мың шаршы метрді құрайды. АХАТ органдары жыл ішінде 273,0 мың бала тұғанын және 152,3 мың адамның қайтыс болғанын тіркеді.

Мыналарды анықтаңыз. а) республика халқының тығыздығы; ә) туу және қайтыс болу коэффициенттерін (1000 адамға шакқанда). Осы көрсеткіштер қатысты шаманың қай түріне жатады?

6-е сеп. Кондитерлік фабрика бір айда мына өнім түрлері мен көлемін (мың тонна) шығарды: шоколад – 10, салмасы бар шоколад кемпіт – 30, карамель – 50 және мармелад – 40.

Салмасы бар шоколад кәмпитет шығару бірлігі, сондай-ақ өнімнің баска да түрлері үшін келесі коэффициенттерді, яғни шоколад – 1,5; карамель – 0,6; мармелад – 0,5-деп қабылдан шығарылған кондитерлік бұйымның шартты бірліктең жалпы көлемін анықтаңыз:

7-есеп. Қазақстанның жалпы ішкі өнімін (ЖІӨ) екі еселеуді камтамасыз ету үшін 2000 жылмен салыстырғанда 2010 жылы ЖІӨ өсуінін орташа жылдық қарқыны 7,2%-ды құрауға тиіс. Іс жүзінде республиканың ЖІӨ өсімі 2004 жылы 9,6%-ды құрады.

ЖІӨ өсімінің жылдық жоспары орындалуының катысты шамасын, сондай-ақ жоспарланғанмен салыстырғанда нақты көлемнің асуын анықтаңыз.

8-есеп. Кәсіпорынның негізгі құрал-жабдығының құны жыл басында 350 млн тенгені, ал жұмыс істейтіндердің саны – 100 адамды құрады. Жыл ішінде 35 млн тенгенін негізгі құрал-жабдығы кетті және 85 млн тенгенін жана құрал-жабдығы енгізілді, ал жұмыс істейтіндердің саны 8 адамға ұлғайды.

Жылдың басымен салыстырғанда жылдың соңында калыптасқан жағдай бойынша кормен жарактандырылу (негізгі құрал-жабдық құнының жұмыс істейтіндердің санына қатынасы) қалай өзгергенін анықтаңыз. Қормен жарактандырылу катысты шаманың қай түріне жатады? Өзіндік құнның өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш қатысты шаманың қай түріне жатады?

5.6.2. Тест тапсырмалары

1. **Жиынтықтың бірліктерін жалпы және топ бойынша сипаттайтын көрсеткіштер... деп аталады.**
 - 1) абсолюттік;
 - 2) катысты;
 - 3) орташа;
 - 4) талдап қорытылған;
 - 5) аналитикалық (талдамалы).
2. **Әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың ауқымын көрсететін көрсеткіштер... деп аталады.**
 - 1) синтетикалық;
 - 2) абсолюттік;
 - 3) катысты;
 - 4) орташа;
 - 5) аналитикалық.
3. **Жиынтық сипаттама белгісі бойынша абсолюттік шаманың құрамында ... көрсеткіштері болады.**
 - 1) жиынтық саны мен белгі көлемінің;
 - 2) мезеттік және аралық;
 - 3) бастапқы және қайталама;
 - 4) сипаттамалық және аналитикалық;
 - 5) табиги және құндық.

4. Даму процесінің сипаттамасы бойынша көрсеткіштердің келесі түрлері болады:
 - 1) тікелей және кері;
 - 2) бастапқы және қайталама;
 - 3) сипаттамалық және аналитикалық,
 - 4) абсолюттік және қатысты;
 - 5) мезеттік және аралық.

5. Абсолюттік статистикалық көрсеткіштерді өлшеу бірлігіне келесінің кайсысы жатпайды?
 - 1) киловатт, сағат, тонна, километр;
 - 2) киловатт-сағат, тонна-километр;
 - 3) шартты отын тоннасы, шартты банктер;
 - 4) мың тенге, АҚШ доллары;
 - 5) шаршы метрге шағылған адам, жан басына шағылған АҚШ доллары.

6. Эр түрлі елдерде кедейшіліктің немесе жұмыссыздықтың деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер... жатады.
 - 1) синтетикалық көрсеткішке;
 - 2) абсолюттік көрсеткішке;
 - 3) қатысты көрсеткішке;
 - 4) орташа көрсеткішке;
 - 5) аналитикалық көрсеткішке.

7. Қатысты шамаларды есептеу үшін ... талабы қойылады.
 - 1) көрсеткіштерді бір өлшем бірлігінде көрсету;
 - 2) көрсеткіштерді салыстырмалы бағаларда көрсету;
 - 3) салыстырылатын көрсеткіштерді әдіснамалық салыстыру;
 - 4) салыстырылатын көрсеткіштердің бір аумаққа қатынасы;
 - 5) салыстырылатын көрсеткіштердің бір уақыт кезеңіне қатынасы.

8. Эр түрлі обьектілерді немесе аумактарды сипаттайтын аттас абсолюттік шаманың қатынасы... деп аталады.
 - 1) жоспарлы тапсырманың көрсеткіші;
 - 2) даму интенсивтілігінің көрсеткіші;
 - 3) үйлестіру көрсеткіші;
 - 4) салыстырудың қатысты шамасы;
 - 5) күрылымның қатысты шамасы.

9. Даму интенсивтілігінің қатысты шамасына... көрсеткіш жатады.
 - 1) ЖІӨ өндірісіндегі өнеркәсіптің үлесі;
 - 2) халықтың жан басына шағылған ЖІӨ өндірісі;
 - 3) энергияның шартты отын тоннасындағы шығыны;
 - 4) ЖІӨ өндірісінің өсу қарқыны;
 - 5) әкімшилік-баскарушылық қызметкерлердің бір бірлігіне шағылған жұмысшы саны.

10. Қатысты статистикалық көрсеткіштің өлшеу бірлігіне... жатады.
- 1) бір адамға шағылған мын тенге, 1000 отбасына шағылған телефон аппаратының саны;
 - 2) рубль, евро, доллар, тенге;
 - 3) дана, тонна, километр, килокалория;
 - 4) тонна-километр, киловатт-сағат;
 - 5) шартты банк, шартты отынның тоннасы.
11. Құрылымды графикалық түрде көрсеткендегі.. қолданылады.
- 1) гистограмма;
 - 2) полигон;
 - 3) секторлық (дөңгелек) диаграмма;
 - 4) Варзар белгісі;
 - 5) кумулята.
12. Гистограмманың комегімен графикалық түрде.... көрсетіледі.
- 1) аралық вариациялық катар;
 - 2) үздікесіз катар;
 - 3) дискреттік катар;
 - 4) кумулятивтік катар;
 - 5) атрибутивтік катар.

6-ТАҚЫРЫП

ОРТАША ШАМАЛАР

6.1. Статистикадағы орташа шаманың мәні мен түрлері

Статистикадағы орташа шаманың мағынасы. Орташа шама статистикада ең көп тараған жинақтап қорытылған көрсеткіш болып табылады. Оның көмегімен саны өзгеретін белгі бойынша жиынтықты сипаттауға болады. Мысалы, екі кәсіпорын жұмысшыларының еңбекақысын салыстыру үшін нақты екі жұмысшының вариацияланатын көрсеткіші болып табылатын еңбекақысы алынбауы мүмкін. Сондай-ақ кәсіпорында төленген еңбекақының сомасы жұмыс істеушілердің санына байланысты болғандықтан ол да алынбайды. Егер біз әрбір кәсіпорынның еңбекақысының жалпы сомасын жұмыс істеушілердің санына бөлөтін болсақ, онда кай кәсіпорында орташа еңбекақы жоғары екенін салыстырып анықтай аламыз.

Басқаша айтқанда жұмысшылардың зерттелетін жиынтығының еңбекақысы орташа шамада жинақтап қорытылады. Онда жұмысшылардың жиынтығына зерттелетін белгіге катысты жалпы және тән нәрсе көрсетіледі. Ол жиынтық бірліктерінде мағынасы әр түрлі болатын осы белгінің жалпы шамасын бір мөлшерде көрсетеді.

Орташа шаманы анықтау. Статистикада **ортша шама** деп біркелкі құбылыстардың жиынтығының қайсы бір вариацияланатын белгі бойынша жинақтап қорытылған сипаттамасы аталады. Орташа шама жиынтықтың бірлігіне жатқызылған осы белгінің деңгейін көрсетеді.

Орташа шаманың көмегімен әр түрлі жиынтыктарды вариацияланатын белгілер (жан басына шағылған табысты, ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімі, әр түрлі кәсіпорындарда өнім өндірісінің өзіндік құнын) бойынша өзара салыстыруға болады.

Орташа шама біз зерттейтін жиынтықты сипаттайтын және жиынтықтың барлық бірліктеріне тең дәрежеде тән белгінің санының вариациясын әр кезде жинақтап қорытады. Демек, кез келген орташа шама жиынтық бірліктерінің қайсы бір вариацияланатын белгі бойынша бөлінетін катарды, яғни вариацияланатын катарды білдіреді.

Осыған көтысты орташа шама салыстырмалы шамадан және атап айтқанда интенсивтілік көрсеткішінен мүлдем ерекшеленеді. Интенсивтілік көрсеткіші – екі әр түрлі жиынтықтың қолемінің көтынасы (мысалы, жан басына шағылған ЖІӨ өндірісі), сонымен бірге орташа ретінде – ол жиынтық элементтерінің сипаттамасын белгілердің бірі бойынша жинақтап корытады (мысалы, жұмысшының орташа еңбекақысы).

Орташа шама және көп сандар заны. Орташа көрсеткіштердің өзгеруінде жалпы үрдіс байқалады, осының ықпалынан жалпы құбылыстың даму процесі қалыптасады, ал жекелеген жағдайларда осы үрдіс айқын білінбеуі де мүмкін. Орташа шама фактілерді жаппай жинақтап корытуға негізделуінің маңызы зор. Тек осы жағдайда гана жалпы процес негізделген жалпы үрдісті анықтауға болады.

Кездесік себептер туындалатын ауытқулар толық түзеле бастағанда, байқау саны ұлғаю шамасына орай көп сан занының мәні мен оның орташа шамалар үшін маңызы біліне бастайды. Яғни, көп сандар заны орташа шамада нақты жер мен уақытта вариацияланатын белгіге тән деңгей орташа шамада білінуі үшін жағдай жасайды. Осы деңгейдің мөлшері құбылыстың мәнімен анықталады.

Орташа шаманың түрлері. Статистикада қолданылатын орташа шама дәрежелі орташалардың жіктеліміне жатады, олардың жалпы формуласы келесідей болады:

$$\bar{x} = \sqrt[m]{\frac{\sum x^m}{n}}$$

мұнда: \bar{x} – дәрежелі орташа шама;

x – белгінін вариацияланатын шамалары (варианттар);

n – варианттардың саны;

m – орташа дәреженің көрсеткіші;

Σ – жиынтықтау белгісі.

Орташа дәреже көрсеткішінің (m) мағынасы әр түрлі болғанда орташа шаманың түрлері де келесідей әр түрлі болады:

$m = 1$ – арифметикалық орташа шама;

$m = 2$ – квадраттық орташа шама;

$m = 3$ – кубтық орташа шама;

$m = -1$ – гармоникалық орташа шама;

$m = 0$ – геометриялық орташа шама (өзгертуден кейін).

Бір бастапқы статистикалық материалдар пайдаланылғанда орташа шаманың әр түрлінің мағыналары әр түрлі болатынын ескеру қажет. Орташа шаманың көрсеткіші неғұрлым көп болса, оның мөлшері де солғұрлым жоғары болады (ортаса шаманың мажоранттық ережесі).

Статистикада жекелеген әрбір жағдайда жиынтықты орташа шамалардың тек белгіленген түрі ғана дұрыс сипаттайты. Орташа шаманың осы түрін анықтау үшін орташа шаманың белгілерін анықтайдын келесі өлшемдер анықталады: тек сонда ғана орташа шама жиынтықты вариацияланатын белгі бойынша жинақтап қорытатын сипаттама болады, сондай-ақ барлық варианттар орташа шамамен ауыстырылса да вариацияланатын белгінің жалпы көлемі өзгермейді. Яғни орташа шаманың дұрыс түрі вариацияланатын белгінің жалпы көлеміне байланысты анықталады.

Мәселен, арифметикалық орташа шама вариацияланатын белгінің көлемі жекелеген варианттардың сомасы ретінде, квадраттық орташа шама – вариацияланатын белгінің көлемі квадраттар сомасы ретінде, гармоникалық орташа шама – жекелеген варианттардың кері мағыналарының сомасы ретінде, геометриялық орташа шама – жекелеген варианттардың көбейтіндісі ретінде колданылады.

Статистикада орташа шамадан басқа вариацияланатын белгіні (кұрылымдық орташа) бөлу сипаттамалары: мода (ен жиі кездесетін вариант) және медиана (ортша вариант) колданылады.

6.2. Арифметикалық орташа шама

Арифметикалық орташа шаманы анықтау. Арифметикалық орташа шама варианттың сомасын оның санына бөлуден алынған бөлінді. Ол бүкіл жиынтық үшін вариацияланатын белгінің көлемі жекелеген оның бірліктерінің мағыналарының сомасы ретінде құралады (мысалы, жалпы еңбекакы қоры – төленген еңбекақының сомасы, астықтың жалпы түсімі – әрбір гектар егістікten алынған түсімнің сомасы).

Арифметикалық орташа шаманы есептеу үшін барлық жекелеген варианттарды косып, алынған соманы олардың санына бөлу қажет:

$$\bar{x} = (\Sigma x) / n.$$

Жай және салмақталған (өлшенген) орташа шама. Жоғарыда келтірілген формула арифметикалық жай орташа шаманың (салмақталмаған) формуласы болып табылады.

Егер кейбір варианттардың мағынасы бірдей болса, онда арифметикалық орташа шаманы варианттардың әр түрлі мағыналарын олардың жиілігіне (салмағына) көбейтіп, содан кейін варианттардың көбейтіндісінің сомасын жиіліктің (салмақтың) сомасына бөлу қажет:

$$\bar{x} = (\Sigma xf) / \Sigma f.$$

Тапсырылған емтиханның топ бойынша орташа балды есептеу салмақталған орташа шаманы пайдалану мысалына жатады. Мысалы, топ-

та 25 студент оқиды, онын 5-і – «өте жақсы», 10 – «жаксы», 8 – «қанағаттандырлыш», 2 – «қанағаттанғысыз» алды. Топ бойынша орташа балды жай арифметикалық формула бойынша есептеуге де болады, алайда бұл жерде келесі күрделі арифметикалық орташа шаманы колданған орынды: $x = (5 \times 5 + 10 \times 4 + 8 \times 3 + 2 \times 2) / 25 = (25 + 40 + 24 + 4) / 25 = 93 / 25 = 3,72$.

Арифметикалық орташа шаманы есептеудің үш тәсілі (орташа шаманы есептеуге арналған формуланы тандау). Көп жағдайда арифметикалық орташа шаманы есептеудің келесі тәсілдері кездеседі:

- Егер бакылау нәтижесінде алынған вариацияланатын белгінің барлық мағыналары бар болса, онда арифметикалық орташа шама формуласы пайдаланылады. Егер деректер әр түрлі мағыналар түрінде берілсе, онда салмақталған арифметикалық орташа шамасы формуласы колданылады.

- Егер вариацияланатын белгілердің дайын сомасы мен онымен үйлескен жиынтықтың саны болса, онда арифметикалық орташа шама оларды бөлу арқылы анықталады.

- Арифметикалық орташа шаманы вариацияланатын катардың негізінде есептеу.

Есептілік жасағанда вариацияланатын белгілердің жалпы саны мен онымен үйлесетін жиынтықтың саны жөніндегі деректер болған жағдайда көбінесе екінші ереже колданылады. Мысалы, астықтың жалпы түсімі мен оған сәйкес егістік көлемі болады, осының нәтижесінде біріншіні екіншіге бөлген жағдайда астықтың түсімі алынады. Еңбекақы төлеу коры мен жұмыс істейтіндердің саны болса, олардың қатынасы алынып, орташа еңбекақы есептеледі.

Арифметикалық орташа шаманы вариацияланатын катардың негізінде есептеу. Егер катар дискреттік болса, онда арифметикалық орташа шама салмақталған арифметикалық орташа шама формуласы бойынша есептеледі, яғни варианттар (нұсқалар) жиіліктерге көбейтіледі, содан кейін көбейтінділердің сомасы жиіліктердің санына бөлінеді. Мысалы, Оңтүстік Казахстан облысының бір селосында 200 отбасының бала саны бойынша келесідей бөлінеді (6.1-кесте).

6.1. Селодағы бала саны бойынша бөлудің статистикалық катары

Отбасындағы балалардың саны (x варианттар)	Отбасы саны (жиілік f)	Бала саны (варианттардың жиілікке көбейтіндісі, xf)
0	10	0
1	30	30
2	75	150
3	45	135
4	20	80
5	15	75
6	5	30
Жиыны	200	500

Осы селодағы бала санының орташа шамасы келесідей болады:

$$\bar{x} = (\Sigma xf) / \Sigma f = 500 / 200 = 2,5 \text{ бала.}$$

Егер катарап аралық болса, онда оны ең алдымен дискреттік қатарға келтіру қажет. Ол үшін әдетте аралық жоғарғы және төмөнгі шектерінің жарты сомасы ретіндегі оның орташа мағынасымен ауыстырылады. Мәселен, жұмысшылардың саны 500 адамдың құрайтын кәсіпорынның бірінде орташа айлық еңбекақы 26000-38000 теңге аралығында болды. Еңбекақысы бар жұмысшылардың санын 1000 мың тенгеге тен аралықта бөлу жөніндегі де-ректер бар, алайда жалпы еңбекақы қоры туралы мәлімет жоқ. Бұл жағдайда келесідей есеп жасалады (6.2-кесте).

6.2. Кәсіпорында жұмысшылардың еңбекақы мөлшері бойынша бөлудін статистикалық қатары

Жұмысшылардың еңбекақы бойынша тобы, теңге	Аралықтың орта мағынасы (\bar{x})	Жұмысшылардың саны (f)	Варианттардың жиілікке көбейтіндісі (xf)
26000-28000	27000	10	270 000
28000-30000	29000	50	1 450 000
30000-32000	31000	100	3 100 000
32000-34000	33000	115	3 795 000
34000-36000	35000	180	6 300 000
36000-38000	37000	45	1 665 500
Жиыны		500	16 580 000

Нәтижесінде осы кәсіпорында орташа айлық еңбекақы мынаны құрайды:

$$\bar{x} = (\Sigma xf) / \Sigma f = 16580 000 / 500 = 33 160 \text{ теңге.}$$

Арифметикалық орташа шаманың ең маңызды ерекшеліктері. Арифметикалық орташа шаманың вариацияланатын қатардың деректері бойынша орташа шаманы есептеу үшін практикалық маңызы бар өте маңызды ерекшеліктері бар.

1. Орташа шаманың жиілік сомасына көбейтіндісі әрқашан варианттардың жиілікке көбейтінділерінің сомасына тен болады:

$$\bar{x} \cdot \Sigma f = \Sigma xf.$$

Арифметикалық орташа шаманың осы ерекшелігіне егер вариацияланатын белгінің әрбір мағынасын оның арифметикалық орташа шамасымен (тендеудің сол бөлігі) ауыстырса, онда олардың сомасы (он бөлігі) өзгермейді. Біздін жағдайда $33160 \times 500 = (27000 \times 10 + 29000 \times 50 + 31000 \times 100 + 33000 \times 115 + 35000 \times 180 + 37000 \times 45) = 16 580 000$.

2. Егер әрбір вариантты қайсы бір еркіті санға кемітсе немесе үлгайтса, онда жаңа орташа шама сол санға өзгереді:

$$[\Sigma(x - A)f] / \Sigma f = \bar{x} - A, [\Sigma(x + A)f] / \Sigma f = \bar{x} + A.$$

Осыладан

$$\bar{x} = [\Sigma(x-A)f] / \Sigma f + A, \bar{x} = [\Sigma(x+A)f] / \Sigma f - A.$$

Мәселен, біздін мысалда барлық вариантты 27 000-ға кемітсе, онда аз шамаларды көбейтіп, содан кейін арифметикалық орташа шаманы алу үшін нәтижеге 27 000 қосып есептеуге болады.

Егер A санын қосу нәтижесінде көбейтуді оңайлататын дөңгелек сандар алынса, онда вариантарды үлгайту қолайлы болады. Мысалы, егер біздін мысалда аралық 1000 тенгеге тең болса, олардың орташа мағынасы 500 еседей болатын еді. Көбейтуді оңайлату үшін орташа мағыналарға 500-ді қосып, оларды тиісті жиілікке көбейтіп, жиіліктің сомасын бөлгеннен кейін бастапкы катардың орташа шамасын алу үшін нәтижені 500-ге кеміту кажет.

3. Егер әрбір вариантты қайсы бір еркіті санға бөлсө немесе көбейтсө, онда арифметикалық орташа шама сонша есе өзгереді:

$$[\Sigma(x/A)f] / \Sigma f = \bar{x}/A, [\Sigma(x \times A)f] / \Sigma f = \bar{x} \times A.$$

Осыладан

$$\bar{x} = \{[\Sigma(x/A)f] / \Sigma f\} \times A, \bar{x} = \{[\Sigma(x \times A)f] / \Sigma f\} / A.$$

Интервалдар бөлшек болған кезде вариантарды көбейткен қолайлы.

4. Егер барлық жиіліктерді (салмактың) қайсы бір санға бөлсө немесе көбейтсө, онда арифметикалық орташа шама бұдан өзгермейді.

Салмақ (жиілік) корытындыға пайызда көрсетіліп, осы ерекшелік жиі пайдаланады. Біздің жағдайда жиіліктің 100-ге тең жиынтық санын алу үшін жиілікті 5-ке бөлуге болады.

5. Жай, сондай-ак салмақталған арфиметикалық орташа шамадан ауытқудың сомасы әр кезде нөлге тең болады:

$$\Sigma(x - \bar{x}) = 0 \text{ и } \Sigma(x - \bar{x})f = 0.$$

Бұл осы ерекшелік арифметикалық орташа шамада вариантың сол немесе басқа жаққа карай өзара өтелетінін білдіреді.

Вариацияланатын катардан орташа шаманы моменттік (мезеттік) тәсілмен есептеу.

Арифметикалық орташа шаманың әр түрлі ерекшеліктерін пайдалана отырып оны әр түрлі келесі тәсілдермен есептеуге болады:

1) тұрақты санның барлық вариантарды шегеру арқылы (ортаса вариантың мағынасы немесе жиілігі ен жоғары вариантар, осы мысалда 33 000);

- 2) вариантты тұракты санға, атап айтканда аралықтың шамасына бөлу арқылы (біздін мысалда 2000);
 3) жиілікті пайызда көрсету арқылы.

Алғашкы екі тәсіл шартты басталудан есептеу тәсілі немесе қысқаша «мезеттер тәсілі» деп аталады. Ол біркелкі аралықтағы катарларда колданылады (6.3-кесте).

6.3. Орташа шаманы моменттік (мезеттік) тәсілімен есептеу

X	$x_1 = (x - 16\ 500) / 1000$	f (жыны %-бен)	$x_1 f$
27000	-3	2	-6
29000	-2	10	-20
31000	-1	20	-20
33000	0	23	0
35000	1	36	36
37000	2	9	18
Жыны		100	+54-46=8

Осы жана варианттардың арифметикалық орташа шамасы (m_1) бірінші тәртіптегі мезет деп аталады және ол келесі формуламен көрсетіледі:

$$m_1 = (\sum x_1 f) / \sum f = 8/100 = 0,08.$$

Арифметикалық орташа шаманы анықтау үшін бірінші кезектегі мезеттің шамасын барлық варианттар бөлінетін аралықтың мөлшеріне (біздін жағдайда 2000-ға) бөліп, содан кейін алынған көбейтіндіге шегерілген варианттың мөлшеріне косу қажет:

$$\bar{x} = m_1 + A = 2000 \times 0,08 + 33\ 000 = 33\ 160.$$

Егер катар біркелкі аралықты болса, онда арифметикалық орташа шаманы салмақталған арифметикалық орташа шама формуласымен есептегеннен гөрі анағұрлым жөніл болады.

6.3. Гармоникалық орташа шама

Гармоникалық орташа шаманы анықтау. Гармоникалық орташа шама өзінің анықтаушы ерекшелігі бойынша белгінің жалпы көлемі варианттардың көрі мағыналарының сомасы ретінде құрылғанда колданылуы тиіс. Алайда әлеуметтік-экономикалық салада мұндай мысалды табу киын, осыған қарамастан ол статистикада жиі колданылады. Ол варианттардың жиілігі емес (f), салмак ретінде болатын варианттың жиілікке көбейтіндісі ($xf=w$) болғанда қолданылады. Мысалы, егер бізге кәсіпорындардың әр түрлі топтарының өндірісінің жиынтық көлемі,

сондай-ақ әрбір топ бойынша орташа өндіріс көлемі белгілі болса, онда жиілікті анықтау үшін көбейтінділерді вариантарға немесе олардың кері мағынасына көбейту қажет:

$$\bar{x} = (\Sigma xf) / \Sigma(xf/x) = (\Sigma w) / \Sigma(w \times 1/x).$$

Бұл жағдайларда гармоникалық орташа шама – белгінің кері мағынала-
рының арифметикалық орташа шамасына кері мөлшер.

1 - мұсыл. Жоспардың орындалуының орташа пайызын есептеу.

6.4-кестеде жоспарланған және нақты өндіріс үш көлемі жөніндегі
деректердің негізінде үш кәсіпорынның жоспарды орындаудың орташа
пайызын есептеу келтірілген (сандар шартты).

6.4. Жоспарды орындаудың орташа пайызын есептеу

Кәсіпорын	Жоспар, мың дана	Накты, мың дана	жоспардың орындалу пайызы (%)
A	100	105	105
Ә	200	180	90
Б	300	330	110
Барлығы	600	615	102,5

Үш кәсіпорынның вариацияланатын белгісінің орташа мағынасы (жоспардың орындалу дәрежесі) – 102,5%-ды жекелеген вариантарды жоспардың көрсеткіштері салмақтап арифметикалық орташа шама ретінде былайша алынуы мүмкін:

$$\bar{x} = (1,05 \times 100 + 0,9 \times 200 + 1,1 \times 300) / 600 = 615 / 600 = 1,025.$$

Егер көрсеткіштер жоспарды нақты орындау бойынша салмақталса,
онда қате жауап алынады:

$$\bar{x} = (1,05 \times 105 + 0,9 \times 180 + 1,1 \times 330) / 615 = 635,25 / 615 = 1,033.$$

Гармоникалық орташа шама нақты орындау бойынша салмақталғанда
дұрыс нәтиже береді:

$$\bar{x} = (\Sigma w) / \Sigma(w \times 1/x).$$

Гармоникалық орташа шаманы есептеу үшін:

а) салмақты тиісті вариантарға бөлу;

$$105 / 1,05 = 100; 180 / 0,9 = 200; 330 / 1,1 = 300.$$

ә) салмақтардың сомасын бірінші бөлудің бөлінділердің сомасына бөлу
қажет:

$$615 / (100 + 200 + 300) = 615 / 600 = 1,025.$$

2-мұсыл. Әр түрлі бағамен (тиісінше 5, 10 және 15 теңге) үш топ-
пен (100, 200 және 300 кг) сатып алынған A материалының орташа сатып

алу бағасын есептеу керек. Топтың құны тиісінше 500, 2000 және 4500 теңгені құрайды.

Егер салмак ретінде тауардың санын алсак, онда арифметикалық орташа шама дұрыс нәтиже береді:

$$\bar{x} = (5 \times 100 + 10 \times 200 + 15 \times 300) / 600 = 7000 / 600 = 11,67 \text{ теңге.}$$

Гармоникалық орташа шама салмак ретінде топтың құны алынған жағдайда ғана дұрыс нәтиже береді:

$$\bar{x} = 7000 / (500 / 5 + 2000 / 10 + 4500 / 15) = 7000 / 600 = 11,67 \text{ теңге.}$$

З - мисал. Сол бір тауар массасының айналу уақыты тиісінше 20, 5 және 2 күнді құрайтын үш кәсіпорында айналудың орташа уақытын есептеу.

Тауардың массасы бір көлемде болғандықтан, жай (салмакталмаған) орташа шама формуласы қолданылады:

$$\bar{x} = (20 + 5 + 2) / 3 = 27 / 3 = 9 \text{ күн.}$$

Гармоникалық орташа шама бойынша есептеудің нәтижесінде 4 күн алынады:

$$\bar{x} = 3 / (1/20 + 1/5 + 12) = 300 / (5 + 20 + 50) = 4 \text{ күн.}$$

Айналу уақыты – тауар массасын бір күндік айналымға бөлуден алынған бөлінді болуына орай екінші формула бойынша есептеген дұрыс болады. Кәсіпорындардағы тауар массасы бірдей, алайда бір күндік айналым әр түрлі, сондыктan айналым уақыты да әр түрлі болады. Барлық жерде тауардың массасын 100-не тенесек, онда бірінші кәсіпорында бір күндік айналым 5-ті, екіншіде – 20-ны, үшіншіде – 50-ді құрайды. Сондыктan арифметикалық орташа шама бойынша есептеуге болмайды. Айналым уақытын бір күндік айналым бойынша келесідей салмақтау кажет:

$$\bar{x} = \frac{\sum t_o}{\sum o}.$$

Мұнда: t – жекелеген кәсіпорында тауар массасының айналым уақыты;

o – жекелеген кәсіпорында тауар массасының бір күндік айналымы.

$$\bar{x} = (20 \times 5 + 5 \times 20 + 2 \times 50) / (5 + 20 + 50) = 4 \text{ күн.}$$

Гармоникалық орташа шаманы пайдаланғанда осындай нәтиже алынған, өйткені бұл жағдайда өлшем ретінде тауар массасының бірдей көлемі қолданылады.

Гармоникалық орташа шаманы қолдануға қойылатын жалпы талаптар. Гармоникалық орташа шаманы қолданудың жалпы ережесінде гармоникалық орташа шаманы өлшем ретінде жиынтық бірлігі – белгіні тасымалдаушы емес осы бірліктердің белгінің мағыналарына көбейтіндісі (yf , $w = xf$) қолданылатын жағдайда қолданған орынды деп айтылады.

Бірінші мысалда жоспарды накты орындау жоспарды оны орындау дәрежесіне көбейтуді білдіреді. Екінші мысалда құн санды бағаға көбейту арқылы алынған. Үшінші мысалда тауар массасы айналым уақыты мен бір күндік айналымның көбейтіндісі болып табылады.

Осы ережеден гармоникалық орташа шама шын мәнінде жиынтықтың белгісіз саны колданылғанда және варианттарды белгінің көлемі бойынша салмактауға тұра келетін жағдайда қолданылатын түрлendірілген арифметикалық орташа шама екені белгілі болады.

Олшем ретінде абсолюттік шама қолданылған жағдайда кез келген аралық іс-әрекеттер экономикалық маңызды нәтиже беруі тиіс екенін атап өту кажет. Мысалы, баға тауардың санына көбейтіледі және нәтижесінде құн алынады. Экономикалық көзкарастан бағаны құнға көбейту ақылға сыймайды. Бұл орташа шаманың нысанын таңдаудың дұрыстығының косымша өлшемі ретінде болуы мүмкін.

6.4. Мода және медиана

Мода және медиананың анықтамасы. Мода және медиана вариацияланатын белгіні бөлудің косымша сипаттамасы болып табылады.

Мода – бөліну қатарында ең жиі кездесетін жиілік белгісінің (варианттың) шамасы.

Медиана – бұл реттелген бөліну қатарының ортасында орналасқан вариант. Медиана катарды ортасынан бөледі, оның екі жағында жиынтықтың саны бірдей бірлігі орналасады.

Мода жиынтықтағы ең жиі кездесетін белгіні (ұйымда ең жиі таралған лауазым, ең жиі таралған аяқ киімнің мөлшері және т.б.) колданады. Басқаша айтқанда құбылыстың типті (ұлғі) екенін (әдептілігін) сипаттайды.

Медиана жиынтық мүшелерінің жартысына жеткен вариацияланатын белгінің мағынасының сандық шекарасын көрсетеді. Мысалы, жалпы Қазақстан экономикасы бойынша жалдамалы қызметкерлердің енбекақысы 19 754 тенгені құрады, сөйті тұра жұмыс істейтіндердің жартысының енбекақысы 13 505 тенgedен аспайды, яғни жалдамалы жұмыс істейтіндердің жартысының енбекақысы орташа енбекақыдан бір жарым еседен кем болған.

Бөлудің екі қатарының кейбір белгілерінің орташа шамасының шамалы айырмашылығы, ал сонымен қатар медиандық мағынасы бірдей болуы мүмкін. Сол себептен, мода сияқты, медиана да белгінің типтілігін көрсетеді.

Сонымен бірге мода мен медиана жиынтықтың құрылымы жөнінде түсінік береді, сондыктan олар құрылымдық орташа шама деп те аталады.

Мода мен медианынын дискреттік қатарда орналасуы. Бір елді мекенде отбасылардың бала саны бойынша бөлінуін қарастырайық (6.5-кесте).

6.5. Отбасыларды бала саны бойынша болу қатары

Отбасылардың бала бойынша саны	Отбасы саны
0	10
1	30
2	75
3	45
4	20
5	15
6	6
Жиыны	201

Осы мысалда мода ретінде екі баласы бар отбасы болады, өйткені отбасының көп саны варианттың осы мағынасымен үйлеседі (75).

Варианттар бірдей жи кездесетін бөлү біркелкі болса, онда қатар мода-сыз, әйтпесе барлық варианттар бірдей модальдық деп айтады.

Екі вариантта бірдей жи болатын жағдайлар да кездеседі. Бұл жағдайда бөлү модальді емес деп айтады.

Медиананы табу үшін жиіліктің сомасын жартыға бөліп, алғынған нәтижеге 0,5-ті қосу қажет. Біздің жағдайда бұл 101 вариант ($201/2 + 0,5$) болады. Осы вариант екі балалы отбасылар бар топта болады, яғни медиана екі баласы бар отбасы болады.

Егер қатарда жиіліктің тақ саны (мысалы, 200) болса, онда медиандық варианттың нөмірі бөлшекті болады (200 үшін 200,5 болады). Біздің жағдайда медиана 100 және 101-варианттың арасында болады, ал оның мағынасы осы екі варианттың мағынасының орташа шамасына тең болады.

Аралық вариацияланатын қатардағы моданы есептеу. Мода мен медианада жеке ауытқулар өтелмейді. Ол әр кезде белгіленген вариантпен үйлеседі. Егер белгінің барлық мағыналары болса, онда мода мен медианы анықтау үшін есеп жасау қажет емес. Алайда аралық вариацияланатын қатарда мода мен медиананың белгіленген аралық шектеріндегі болжамды мағынасын табу үшін есеп жасау қажет.

Жұмысшыларды енбекақы бойынша бөлудің бұрын көлтірілген мысалын қарастырайық (6.6-кесте).

6.6. Жұмысшыларды енбекақы мөлшері бойынша бөлу қатары

Жұмысшылардың енбекақы бойынша тобы, теңге	Жұмысшылардың саны
26000–28000	10
28000–30000	50
30000–32000	100
32000–34000	115
34000–36000	180
36000–38000	45
Жиыны	500

Модальдық аралық деп бұл жерде варианты 34-36 мың тенге шектерінде болатын аралық аталады, өйткені жұмысшылардың ең көп санының еңбекакысы осы шектерде. Осы аралықтағы белгінін модальдық мөлшерінің белгіленген шамасын есептеу үшін келесі формула қолданылады:

$$M_o = x_{M_o} + i_{M_o} \times (f_{M_o} - f_{M_{o-1}}) / [(f_{M_o} - f_{M_{o-1}}) + (f_{M_o} - f_{M_{o+1}})],$$

мұнда: x_{M_o} – модальдық аралықтың ең төменгі шекарасы (мысалда – 34000);

i_{M_o} – модальдық аралықтың мөлшері (2000);

$f_{M_{o-1}}$ – модальдықтың алдындағы аралық (115);

f_{M_o} – модальдық аралықтың жиілігі (180);

$f_{M_{o+1}}$ – модальдықтан кейінгі аралықтың жиілігі (45).

Біздің мысал үшін моданың мағынасын есептейік:

$$\begin{aligned} M_o &= 34000 + 2000 \times (180 - 115) / [(180 - 115) + (180 - 45)] = \\ &= 34000 + 2000 \times 65 / 200 = 34000 + 2000 \times 0,325 = 34650 \text{ тенге.} \end{aligned}$$

Формулада модальдық аралықтың оның ең аз шекарасына қосу қажет бөлігінің мөлшері өткен және кейінгі аралыктардың жиілігінің мөлшеріне байланысты анықталады. Бұл жағдайда 34000-ға 650-ді, яғни аралықтың жартысынан аз (2000) қосамыз, сондыктan өткен аралықтың жиілігі (115) өткен аралықтың жиілігінен (45) көп.

Аралық вариацияланатын қатардағы медиананы есептеу. Медиананы есептеу үшін ол орналаскан аралықты (медиандық аралықты) анықтау қажет. Бұл аралықтың кумулятивтік жиілігі жиіліктің сомасының жартысынан асады. Біздің жағдайда жиіліктің жартысы 250 (500 / 2) тен болады. Қатардағы жиіліктерді бірте-бірте қосып, біз төртінші аралықта жиілік сомасының ортасынан асып кетеміз ($10 + 50 + 100 + 115 = 275$), яғни 32000–34000 тенге аралығы медиандық болады. Бұған дейін жиілік сомасының аралығы 160-қа тен болды. Медиананы алу үшін тағы да 90 бірлік қосу (250 – 160) қажет.

Медиананы анықтағанда аралық шектеріндегі бірліктердің мағынасы біркелкі бөлінеді деп қарастырылады. Демек, егер осы аралықта орналаскан 115 бірлік 2000-ға тен аралықта біркелкі орналасса, онда 90 бірлікке оның келесі мөлшері сәйкес келеді:

$$2000 \times 90 / 115 = 1560.$$

Алынған мөлшерді медиандық аралықтың ең аз шекарасына қосып медиананың ізделіп отырған шамасын аламыз.

$$Me = 32000 + 1560 = 33560 \text{ тенге.}$$

Аралық өзгермелі қатардың медианасын есептеуге арналған формуланың түрі мынадай болады:

$$M_e = x_{Me} + i_{Me} \times (\Sigma f / 2 - S_{Me-1}) / f_{Me},$$

мұнда: x_{Me} – медиандық аралықтың бастапқы мағынасы;

i_{Me} – медиандық аралықтың мөлшері;

Σf – күтірдің жиілігінің сомасы (күтірдің саны);

S_{Me-1} – медиандықтың алдындағы аралықта жинақталған жиіліктердің сомасы;

f_{Me} – медиандық аралықтың жиілігі.

Біздің мысалдағы медиананы есептейік:

$$Me = 32000 + 2000 \times (500/2 - 160) / 115 = 33560 \text{ теңге.}$$

Сөйтіп, біздің мысалымыз үшін арифметикалық орташа шама 33160, мода – 34650, медиана – 33560 теңгеге тең болады. Осы шамалардың арақатынасы бөлу асиметриясының бағыты мен дәрежесін көрсетеді (кеleсі тәқырыпта қарастырылатын болады).

Квартильдер мен децильдер. Вариацияланатын бөлу қатарының күрілімын сипаттау үшін медианаға қосымша қатарды жиіліктің сомасы бойынша 4 тең бөлікке бөлетін квартиль және қатарды жиілік сомасы бойынша 10 тең бөлікке бөлетін дециль есептеледі.

Екінші квартиль медианаға тең болады, ал бірінші мен үшінші квартиль медианаға ұқсас есептеледі, тек медиандық аралықтың орнына бірінші квартиль үшін жиіліктің j санын кесетін варианты орналасқан аралық, ал үшінші квартиль үшін жиіліктің s кесетін варианты орналасқан аралық алынады. Біздің мысалымыз үшін бірінші және үшінші квартильдерді есептейік:

$$Q_1 = x_{Q1} + i_{Q1} \times (\Sigma f / 4 - S_{Q1-1}) / f_{Q1} = 30000 + 2000 \times (125 - 60) / 100 = \\ = 31300 \text{ теңге.}$$

Жиіліктің төртінші бөлігі 125 (500/4) құрайды және ол 30000–32000 аралығында орналасады. Демек, $x_{Q1} = 30000$. Осы аралықка дейін жинақталған жиіліктің сомасы 60 (S_{Q1-1}) тең, осы аралықтың жиілігі – 100 (f_{Q1}) болады. Бірінші квартильдің алынған мағынасы жұмысшылардың төрттен үшінің енбекақысы 31300 теңге және одан жоғары (немесе жұмысшылардың үштен бірінін енбекақысы 31300 теңгеден аспайтынын) екенін білдіреді.

Үшінші квартильді есептейік:

$$Q_3 = x_{Q3} + i_{Q3} \times (\Sigma 3f / 4 - S_{Q3-1}) / f_{Q3} = 34000 + 2000 \times (375 - 275) / 100 = \\ = 35110 \text{ теңге.}$$

Демек, ербір төртінші жұмысшының енбекақысы 35110 теңгеден аса-ды (немесе жұмысшылардың төрттен үшінің енбекақысы 35110 теңгеден аспайтынын) білдіреді.

6.5. Статистикада орташа шаманы қолданудың негізгі ережелері

Жалпы талаптар. Орташа шама сол бір түрдегі құбылысқа жатуы және фактілердің жалпы жинақтап қорытуға негізделуі тиіс. Тек кана сонда орташа шама құбылыстың мәнін көрсетеді және олардың мағынасына кездейсок факторлар ықпал етпейді. Статистикада осы талап орташа шаманың көп сандар занымен байланыстырады.

Статистикада орташа шамаға жиынтықтың сапасының біркелкі болуына екінші талап ретінде қойылады. Осыған байланысты жекелеген бөліктепе орталанатын белгі қатысында әр түрлі даму зандарына бағынатын жиынтыққа орташа шаманы қолдануға болмайды. Сапасы біркелкі жиынтықтар топтастыру әдісімен жеке бөлінеді.

Жалпы және топтық орташа шамалар. Тіпті біртектес жиынтық шектерінде де сапа ерекшеліктері кездейсок емес жүйелі түрде кездесуі мүмкін. Сондықтан бүкіл жиынтықтың жалпы орташа шамасымен катар топтық орташа шама есептеледі.

Мысалы, ауыл шаруашылығы дақыларының түсім динамикасы оның тәмендеу үрдісін көрсетуі мүмкін. Алайда түсім әр түрлі өнірлердегі топырак пен ауа райының және басқа да жағдайлардың ерекшеліктеріне байланысты да болады. Елдің аудандарын осы белгілер бойынша топтастырып, жекелеген аудандарда орташа түсімнің динамикасы өзгермейтінін немесе ұлғаятынын, ал жалпы орташа шаманың кемеу ел бойынша осы ауыл шаруашылығы дақылары түсімнің жалпы көлемі бұдан да тәмен аудандардың өзіндік салмағының артуына байланысты екенін анықтауға болады. Яғни, топтық орташа шаманың динамикасы түсімнің өзгеруінін зандаудың толық білдіреді, ал жалпы орташа шама оның тек жалпы нәтижесін көрсетеді екен.

Орташа шама және бөлу қатары. Бөлу қатарымен толықтырылған орташа шама әдісі зандаудың талдау үшін айтартылған толық.

Статистикада орташа шаманы топтастыру әдісінің негізінде және оны біртұтас қолдану қажет. Топтастыру әдісі орташа сипаттамаларды қолдану үшін сапасы біркелкі жиынтықтарды шектеуге, сондай-ак жалпы орташа шаманы топтық орташа шамалармен толықтыруға және орташа сипаттамаларды бөлу қатарларымен толықтыруға мүмкіндік береді.

Көбінесе біршама қолайлы орташа шама ретінде жекелеген кәсіп-орындардың нашар жұмысының көрсеткіштері, халықтың жекелеген әлеуметтік-демографиялық топтарының ауыр жағдайы жасырылады, сондай-ак он нәтижелер де көрінбейді. Сондықтан орташа шама топтық орташа шамамен толықтырылады, ал топтық орташа шама топтағы ен аз және ең көп көрсеткіштермен толықтырылады, яғни жеке мөлшерлер де зерттелуі тиіс.

Алайда статистикадағы орташа шаманың рөлін асырып айтпаса да болады. Көп жағдайда А. Кетлеге сүйеніп статистиканы орташа шама туралы ғылым деп атайды. Бірқатар ғалымдар орташа шаманың тегін, оның сапасы мен мазмұнын зерттеуге күш салмай, енжарлық танытады.

Орташа шаманы есептеуде қайсы бір сапа шектеуінің болмауы салдарынан олар қөбінесе құбылыстың мәнінен алшак есептеледі. Мәселен, халықтың орташа табысы артуы мүмкін. Сонымен бірге табысты бөлудегі тенсіздік те ұлғайып, ал табысы құнкеріс мөлшерінен төмен кедейлердің санының азаймайтынын да айту керек.

Жоғарыда айтылғандай, статистикада орташа шаманы топтастыру әдісінің негізінде және оны біртұтас колдану кажет. Топтастыру әдісі орташа сипаттамаларды пайдалану үшін сапасы біркелкі жиынтыктарды шектеуге мүмкіндік береді. Топтастыру арқылы жалған орташа шаманы колдануға жол бермеуге және топтық орташа шаманың көмегімен терен талдауға мүмкін болады.

Сөйтіп, біз статистикадағы орташа шаманың көрсеткіштерін, оның ішінде арифметикалық орташа шаманы және гармоникалық орташа шаманы есептеу әдістерін, сондай-ақ орташа шаманы толыктыратын (егер олар да біркелкі және жаппай болса) және бөлудің типтік сипаттамалары тән мода мен медиананы қарастырылған. Бөлудің екі катарының кейбір белгілерінің шамалы айырмашылықтары және олардың медиандық мағыналары да бірдей болуы мүмкін, яғни *медиана белгінің типтілігін (тән екенін) білдіреді*.

Жекелеген белгілердің орташа шамасымен салыстырғанда модальдық және медиандық мағыналар жүйемен ұштаспайды. Мәселен, сағаттық өнімділіктің медиандық мағынасының, жұмыс күні мен жұмыс айының ұзақтылығының негізінде жұмысшының айлық өнімділігінің медиандық мағынасын есептеуге болмайды.

Келесі тақырып өзгеру көрсеткіштеріне – орташа шамадан ауытқуды сипаттайтын көрсеткіштерге арналған. Олардың қатары, атап айтқанда дисперсия мен орташа квадраттық ауытқудың қасиеттері арифметикалық орташа шама сияқты ұқсас және есептеу техникасы да ұксайды. Олар бөлүк катарларын талдаудың мүмкіндіктерін айтартылғай арттырады.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Орташа шамаға анықтама берініз. Статистикадағы орташа шаманың мағынасы қандай?
2. Көп сандар занының орташа шамаға қандай қатынасы бар?

3. Статистикада орташа шаманың қандай түрлері бар?
4. Арфиметикалық жай орташа шама қалай есептеледі және ол қандай жағдайда колданылады?
5. Арифметикалық орташа шама қалай есептеледі және ол қандай жағдайларда колданылады?
6. Аралық қатардың арифметикалық орташа шамасы қалай анықталады?
7. Моменттік (мезеттік) тәсілмен орташа шаманы есептеу үшін арифметикалық орташа шаманың қай касиеттері пайдаланылады?
8. Гармоникалық орташа шама қандай жағдайларда колданылады?
9. Мода және медиана деп не аталауды? Дискреттік өзгермелі қатарда мода мен медиана қалай есептеледі?
10. Аралық вариацияланатын қатарда мода қалай анықталады?
11. Аралық вариацияланатын қатарда медиана қалай есептеледі?
12. Квартильдер мен децильдерге анықтама беріліз. Олар қалай есептеледі?
13. Жалпы және топтық орташа шамалар қалай есептеледі?



Ұсынылатын әдебиет

1. Авров А.П. Аврова Ю.А. Общая теория статистики. Основы курса: Учебное пособие. 2-ое изд. доп. – Алматы, 2004. – 112с.
2. Сиденко А.В., Попов Г.Ю., Матвеева В.М. Статистика: Учебник. – М.: Дело и сервис, 2000. – 464 с.
3. Елисеева И.И., Юзбашев М.М. Общая теория статистики: Учебник. – 3-е изд. / Под ред. чл.-корр. РАН И.И. Елисеевой. – М.: Финансы и статистика, 1998. – 368 с.: ил.
4. Теория статистики: Учеб. для вузов / Под ред. Р.А. Шмойловой. – М.: Финансы и статистика, 1996.
5. Ефимова М.Р., Петрова Е.В., Румянцев В.Н. Общая теория статистики: Учебник для вузов. – М.: ИНФРА-М, 1998.
6. Статистика: Курс лекций для вузов / Под ред. В.Г. Ионина. – М.: ИНФРА-М, 1996.
7. Гусаров В.М. Теория статистики: Учебное пособие для вузов. – М.: Аудит, ЮНИТИ, 1998.
8. Гусаров В.М. Теория статистики: Учебное пособие. – М.: ИННТИ, 2000.
9. Рязанов Н.Н. Общая теория статистики: Учебник для студ. экон. спец. вузов. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1984. – 343 с.: ил.
10. Общая теория статистики: Учебник / Т.В. Рябушкин, М.Р. Ефимова и др. – М.: Финансы и статистика, 1981.
11. Общая теория статистики: Учебник / Г.С. Кильдишев, В.Е. Освиенок, П.М. Рабинович, Т.В. Рябушкин. – М.: Статистика, 1980.
12. Статистический словарь / Гл. ред. М.А. Королев. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1989.

6.6. Практикум

6.6.1. Ізденуге арналған сұрақтар

- Статистикадағы орташа шаманың мәні мен түрлерін сипаттаңыз. Орташа шаманы есептеу үшін көп сан заңының мағынасына токтальыңыз.
- Арифметикалық орташа шаманы әр түрлі формулалар бойынша есептеудің нұскаларын және олар қолданылатын жағдайларды сипаттаңыз.
- Арифметикалық орташа шаманың негізгі қасиеттерін және орташа шаманы моменттік (мезеттік) тәсілмен есептеуді келтіріңіз.
- Гармоникалық орташа шаманың мазмұнын, оны қолдану жағдайлары мен формулаларын сипаттаңыз.
- Статистикада мода деген ұғымның мазмұнын ашыңыз. Дискреттік және аралық вариацияланатын қатарда моданы анықтау тәртібі мен формуласын жазыңыз.
- Статистикада медиана ұғымының мазмұнын ашыңыз. Дискреттік және аралық вариацияланатын қатарда медиананы анықтау тәртібі мен формуласын жазыңыз.
- «Квартильдер» мен «децильдер» деген ұғымға анықтама беріңіз және нақты мысалда олардың есебін көрсетіңіз.

6.6.2. Типтік есептерді шешу мысалдары

1 - м ы с а л . Жұмысшының ауысымдағы шығарған біркелкі өнімінің өнімділігі белгілі, оның өнімділік данасын есептейімдіңіз:

Өнімділік, дана	40	42	45	46	48	50
Жұмысшылардың саны, адам	25	50	100	125	150	50

Бір жұмысшының ауысымдағы орташа өнімділігін, мода мен медиананы есептепеңіз.

Ш е ш у і. Белгінің дискреттік мағына қатары болып және олар жиі кездескен жағдайда, белгінің орташа шамасы келесі арифметикалық орташа шама формуласымен есептеледі:

$$\bar{x} = (\sum xf) / \sum f = (40 \times 25 + 42 \times 50 + 45 \times 100 + 46 \times 125 + 48 \times 150 + 50 \times 50) / (25 + 50 + 100 + 125 + 150 + 50) = (1000 + 2100 + 4500 + 5750 + 7200 + 2500) / 500 = 23050 / 500 = 46,1.$$

Біздін жағдайда мода 48-ге тең болады, өйткені осы вариантқа жиі кездесетін өнімділік сәйкес келеді (150 жұмысшы ауысым ішінде бөлшектің осы санын шығарады).

Медиандық варианттың нөмірі $500/2 + 0,5 = 250,5$ -ке тең, өйткені медиана 250 және 251-варианттардың арасында орналасқан. Жиілікті жинақтап, медиана тәртінші топта ($25 + 50 + 100 + 125 = 300$) және 46 бөлшекке тең екенин аламыз.

2-мисал. Екі кәсіпорын есепті кезеңде іс жүзінде әркайсысы 10 млн тенгенін өнімін шығарды. Мұнын өзінде бір кәсіпорын өндіріс жоспарын – 11%-ға, ал екіншісі 105%-ға орындаады. Осы екі кәсіпорында өнім өндіру жоспары бірге орташа канша пайызға орындалғанын есептеніз.

Шешуі. Осы мысалда екі кәсіпорын бойынша жоспарлы тапсырманы орындаудың орташа мағынасын арифметикалық орташа шама формуласы бойынша есептеу үшін өлшем ретінде пайдалануға болатын жоспарланған өндіру жоспарының мағыналары келтірілмеген. Алайда жоспарланған өндіріс көлемі мен өндірістің өсу қарқынының көбейтіндісін білдіретін шығарылған өндіріс көлемінің мағыналары бар.

Сондықтан жоспарлы тапсырманы орындаудың орташа шамасын табу үшін гармоникалық орташа шаманың келесі формуласын колдану қажет:

$$\bar{x} = (\sum w / \sum w \times 1/x).$$

Гармоникалық салмақталған орташа шаманы есептеу үшін мына амалды орындау қажет:

а) салмақты тиісті вариантарға бөлу:

$$10 / 1,12 = 8,929, 10 / 1,05 = 9,524.$$

ә) салмақтың сомасын бірінші бөлуден алынған бөліндінің сомасына бөлу:

$$20 / (8,929 + 9,524) = 20 / 18,453 = 1,084.$$

Сөйтіп, екі кәсіпорында өнім өндірісінің жоспары орташа 108,4%-ға орындалады.

3-мисал. Жұмысшылардың орташа еңбекақысын келесі деректер бойынша есептеніз:

Жұмысшылардың тобы	Бір жұмысшының орташа айлық еңбекақысы	Барлық есептелген еңбекақы, тенге
A	28000	3 500 000
Б	31000	4 340 000
В	27000	2 538 000

Шешуі. Бұл жағдайда өлшем ретінде «Барлық есептелген еңбекақы» деген көрсеткішті пайдалануға болады, ол жиынтықтың бірлігін емес осы бірліктердің белгінің мағынасына көбейтіндісін білдіреді (яғни, $w = xf$).

Сондықтан орташа шаманы есептеу үшін гармоникалық орташа шама формуласы колданылуы тиіс:

$$\bar{x} = \frac{\text{есептелген еңбекақы}}{\text{жұмысшылар саны}} = \frac{\sum w}{\sum w \cdot \frac{1}{x}},$$

Олшемді вариантарға бөлеміз (осылайша әрбір топ бойынша жиынтық бірліктерінің мағыналарын аламыз):

$$3 500 000 / 28000 = 125; 4 340 000 / 31000 = 140; 2 538 000 / 27000 = 94.$$

Бұдан кейін салмақтың сомасын бірінші бөлуден алынған бөлінділердің сомасына келесідей бөлеміз:

$(3\ 500\ 000 + 4\ 340\ 000 + 2\ 538\ 000) / (125 + 140 + 94) = 10\ 378\ 000 / 359 = 28908$ теңге. Яғни осы бөлу катарында бір жұмысшының орташа енбекакысы 28908 теңгені құрайды.

4 - мұсабақа. Жұмысшылардың өнім өндіру нормалары келесі деректермен сипатталады:

Өнім өндіру нормасын орындау пайызы	Жұмысшылардың саны
90–100	10
100–110	160
110–120	100
120–130	60
130–140	20

Осы деректердің негізінде кәдімгі тәсілмен және моменттік (мезеттік) тәсілмен келесін есептеніз: а) барлық жұмысшылардың өнім шығару жоспарын орындаудың орташа пайызын; ә) мода мен медиананы.

Шешуші. Бұл жағдайда аралық өзгермелі қатар қарастырылады, сол себептен орташа шаманы есептеу үшін дискреттік катарга көшу, яғни әрбір топ бойынша аралықтың орташа мағынасын есептеп, оны орташа мағынамен алмастыру кажет:

Өнім шығару нормасын орындау пайызы	Аралыктардың ортасы	Жұмысшылардың саны	Варианттардың жиілікпен көбейтіндісі
90–100	95	10	950
100–110	105	160	16800
110–120	115	100	11500
120–130	125	60	7500
130–140	135	20	2700
Жыныс		350	39450

Осыдан барлық жұмысшылардың өнім шығару жоспарын орындаудың орташа пайызы мынаны құрайды:

$$\bar{x} = (\Sigma xf) / \Sigma x = 39450 / 350 = 112,7\%.$$

Орташа шаманы моменттік (мезеттік) тәсілмен есептеу былайша қарастырылады: 1) барлық варианттардан тұракты санды шегеру (жиілігі ен көп варианттар немесе катардың ортасында орналасқан варианттар, бұл жағдайда 115); 2) варианттарды аралықтың еніне тен тұракты санға бөлу (10):

Аралыктардың ортасы	$x_1 = (x - 105) / 10$	Жұмысшылардың саны (f)	Варианттардың жиілікпен көбейтіндісі ($x_1 f$)
95	2	10	-20
105	-1	160	-160
115	0	100	0
125	1	60	60
135	2	20	40
Жыныс		350	-80

Сөйтіп, жана варианттардың арифметикалық орташа шамасы немесе бірінші реттің мезеті келесінің күрайды:

$$m_1 = (\sum x_i f) / \sum f = -80 / 350 = -0,2286.$$

Арифметикалық орташа шаманы анықтау үшін бірінші реттің мезеттің мөлшерін барлық варианттар бөлінген аралыктың мөлшеріне көбейтеміз және алынған көбейтіндіге шегерген варианттың мөлшерін қосамыз:

$$\bar{x} = i m_1 + A = 10 \times (-0,23) + 115 = 112,7\%.$$

Сөйтіп, кәдімгі тәсілмен есептелген арифметикалық орташа шаманың сол мағынасы алынды.

Аралық вариацияланатын катардағы моданы есептеу үшін алдымен белгінің ең көп саны тиесілі модальдық аралық аныкталады. Біздің жағдайда бұл 100–110% аралығы. Модальдық мөлшердің мағынасын анықтау үшін келесі формууланы қолданамыз:

$$Mo = x_{Mo} + i_{Mo} \times (f_{Mo} - f_{Mo-1}) / [(f_{Mo} - f_{Mo-1}) + (f_{Mo+1} - f_{Mo})] = \\ = 100 + 10 \times (160 - 10) / [(160 - 10) + (160 - 100)] = \\ = 100 + 10 \times 150 / 210 = 100 + 7,1 = 107,1\%.$$

Яғни жұмысшылардың өнім шығару нормасын 107,1%-да орындау мағынасы жиі кездеседі.

Медиананы есептеу үшін кумулятивтік жайлік сомасының жартысынан асып кететін аралыкты (медиандық аралыкты) табу кажет (біздің жағдайда бұл $350 / 2 = 175$). Алғашқы екі аралыктарда жайліктердің сомасы ($10 + 160 = 170$) 175-тен аспайды, ал үшінші аралыкты ескергенде ($170 + 100 = 270$) – асады.

Медиананың ізделген мағынасын келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$Me = x_{Me} + i_{Me} \times (\Sigma f / 2 - S_{Me-1}) / f_{Me} = \\ = 110 + 10 \times (175 - 170) / 100 = \\ = 110 + 10 \times 5 / 100 = 110 + 0,5 = 110,5\%.$$

Сөйтіп, жұмысшылардың жартысы 110,5%-дан кем емес өнім шығарады.

5-мысал. Моменттік (мезеттік) тәсілді пайдалана отырып келесі деректер бойынша орташа астық өнімділігін, мода мен медиананы есептеніз:

Астық түсімділігі, ш/га	25	28	31	34	37	40	Жиыны
Егістіктің көлемі, жиынға %-бен	11	19	30	27	8	5	100

Шешуі. Астық түсімділігінің орташа шамасын моменттік (мезеттік) тәсілмен есептеу үшін барлық варианттардан жайлілігі ең көп варианттың мағынасын шегеріміз (31) және аралыктың мөлшеріне (3) бөлеміз:

(Астық түсімділігі – 31) / 3 (x _i)	-2	-1	0	1	2	3	Жиыны
Егістік көлемі, жиынға %-бен (f)	11	19	30	27	8	5	100
Варианттардың жайлікке көбейтіндісі (x _i f)	-22	-19	0	27	16	15	-41+58 = 17

Осыдан, жаңа варианктардың арифметикалық орташа шамасы (бірінші реттің сәті) келесін құрайды:

$$m_1 = (\Sigma x_i f) / \Sigma f = 17 / 100 = 0,17.$$

Бірінші реттің мезетінің арифметикалық орташа шамасын анықтау үшін барлық варианктарды бөлген аралықтың мөлшеріне көбейтіміз (3-ке) және алғынған көбейтіндіге шегерген варианттың мөлшерін (31) косамыз:

$$\bar{x} = + i m_1 + A = 3 \times 0,17 + 31 = 31,51 \text{ ц/га.}$$

Мода 31-ге тең, ейткені осы вариантқа ең жиі кездесетін жиілік сәйкес келеді (егістік көлемінің 30%-да 31 ц/га мөлшеріндегі астық түсімділігі байқалады).

Медиананы есептеу үшін кумулятивтік жиілік сомасының жартысынан асып кететін аралыкты (медиандық аралыкты) табу кажет. Алғашкы екі аралықтарда жиіліктердің сомасы ($11 + 19 = 30$) болып 50-ден аспайды, ал үшінші аралыкты ескергенде ($30 + 30 = 60$) – асады. Осыған орай егістік көлемінің 60%-да астық түсімділігі 31 ц/га-дан аспайды, ал сонымен бірге егістік көлемінің 40%-да астық түсімділігі 34 ц/га-ны және одан жоғары болады, ал медиана 31 ц/га-ға тең.

6.7. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

6.7.1. Есептер

1 - е с е п . Казакстанда 2004 жылы тиісті жастағы 1000 әйелге шакқанда ана жасы бойынша бала туу коэффициенті мынаны құрады:

Жасы, жыл	15–19	20–24	25–29	30–34	35–39	40–44	45–49
Бала туу коэффициенті, промилле	26,94	143,24	131,24	86,11	44,17	9,50	0,49

2004 жылы бала туған әйелдің орташа жасын, мода мен медиананы анықтандыз.

2 - е с е п . 2009 жылғы халық санағының деректері бойынша Қазақстан Республикасында 16004,8 мың тұрғылыкты халық, оның ішінде 8639,1 мың адам калада және 7365,7 мың адам селода тіркелді. 1999 жылғы халық санағының деректері бойынша халық санына қатысты халық саны өзгерісінің карқыны қала тұрғындары бойынша 102,3%-ды, село тұрғындары бойынша – 112,7%-ды құрады.

Санактардың арасында халық саны орташа қаншага өзгергенін есептеніз.

3 - е с е п . ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік корғау министрлігінің жылдың басында тағайындалған жәрдемақының орташа мөлшері мен тағайындалған жәрдемақылардың айлық мөлшерінің келесі деректері бойынша үш жылдың жәрдемақысының орташа мөлшерін есептеніз.

Жыл	Тағайындалған жәрдемақылардың орташа мөлшері, теңге	Тағайындалған жәрдемақылардың айлық мөлшері, теңге
2003	3391	2 684 994
2004	3647	2 868 001
2005	3824	3 022 490

4-есеп. Қазақстан Республикасында 2004 жылы зерттелген үй шаруашылықтарында тұтынуға пайдаланылатын ен төменгі күнкөріс мөлшерінен төмен табысы бар халыкты жасы бойынша бөлу келесін құрады:

Жасы, жыл	Халыктың үлесі, %
0–14	33,1
15–19	13,0
20–24	7,4
25–29	6,0
30–34	6,7
35–39	7,9
40–44	7,9
45–49	5,4
50–54	3,7
55–59	2,3
60–64	1,8
65 және одан жоғары	4,8

Осы деректердің негізінде кәдімгі тәсілмен және моменттік (мезеттік) тәсілмен келесін есептеніз: а) табысы ен төменгі күнкөріс мөлшерінен төмен халыктың орташа жасы; ә) мода мен медиананы. 65 және одан жоғары жастағы халыктың жасының орташа мағынасы 75 жасқа тең екенін назарға алу қажет.

5-есеп. Моменттік (мезеттік) тәсілді пайдалана отырып Қазақстан Республикасында 1999 жылдағы халық санағының деректері бойынша ғылым докторларының орташа жасын, мода мен медиананы есептеніз:

Жас, жыл	25–29	30–34	35–39	40–44	45–49	50–54	55–59	60–64
Ғылым докторларының саны	2	40	110	178	269	339	376	383

6.7.2. Тест тапсырмалары

- Жиынтық бірлігіне шаққанда қайсы бір белгі бойынша әлеуметтік-экономикалық құбылыстың талдап қорытып сипаттайтын көрсеткіштері не деп аталады?**
 - жинактамалы көрсеткіш;
 - индекс;
 - қатысты көрсеткіш;
 - орташа көрсеткіш;
 - коэффициент.
- Орташаландырылған белгінің мөлшері не деп аталады?**
 - абсолюттік мәні;
 - варианты;
 - жилік;
 - жиілік шамасы;
 - жиынтық бірлік.
- Көп сандар заңының мәні мен оның мағынасы орташа шамада қалай байқалады?**
 - кездейсоқ себептер туындататын белгінің мағынасының ауыткуын етегендеге;
 - моменттік (мезеттік) тәсілмен орташа шаманы есептеу мүмкіндігінде;

- 3) типтік топтар құру және олар үшін топтық орташа шаманы анықтау мүмкіндігінде;
- 4) арифметикалық салмақталған орташа шама формуласын қолдану мүмкіндігінде;
- 5) вариацияланатын белгінің көптеген себептерге байланысты әр түрлі деңгейлерінде білінуден.
4. Арифметикалық орташа шама және гармоникалық орташа шама формулаларын қолдану неге байланысты?
- 1) талдау мақсатына;
 - 2) бакылау объектісін тандауға;
 - 3) объектінің экономикалық маңызына;
 - 4) объектінің математикалық маңызына;
 - 5) вариацияланатын белгінің жалпы қолемі қалай құрылатынына.
5. Облыстың жекелеген аудандарында бір гектар және егістік қолемінің бидайдың түсімділігі жөніндегі деректер болған жағдайда облыстағы орташа астық түсімділігі кай формула бойынша аныкталады?
- 1) гармоникалық жай орташа шама;
 - 2) гармоникалық салмақталған орташа шама;
 - 3) арифметикалық жай орташа шама;
 - 4) арифметикалық салмақталған орташа шама;
 - 5) геометриялық орташа шама.
6. Белгінің мағынасының мөлшерінің барлық варианттарын 5-ке кеміткен жағдайда 100 тастан тұратын жынтықтың 20 кг арифметикалық орташа шамасы қалай өзгереді?
- 1) 25 кг;
 - 2) 95 кг;
 - 3) 15 кг;
 - 4) 5 кг;
 - 5) 100 кг.
7. Егер белгінің мағынасының барлық варианттарын 10 есеге кемітсе арифметикалық орташа шама қалай өзгереді?
- 1) 10 есеге кемиді;
 - 2) 10 есеге ұлғаяды;
 - 3) өзгермейді;
 - 4) 10-ға ұлғаяды;
 - 5) 10-ға кемиді.
8. Барлық жиіліктерді 5-ке болсе арифметикалық орташа шаманың мөлшері қалай өзгереді?
- 1) 5 есеге ұлғаяды;
 - 2) өзгермейді;
 - 3) 5 есеге кемиді;
 - 4) 5-ке ұлғаяды;
 - 5) 5-ке кемиді.

9. Арифметикалық орташа шаманы моменттік (мезеттік) тәсілмен есептеу формуласы қайсысы?

1) $m_1 \cdot i + A;$

2) $\frac{\sum x^2 f}{\sum f};$

3) $i(m_1 + m_1^2);$

4) $i^2(m_1 + m_1^2);$

5) $i(m_2 + m_1)^2$

10. Гармоникалық орташа шаманы есептеу формуласы:

1) $\frac{\sum w}{\sum \frac{w}{x}},$

$\sum \frac{1}{x}$

2) $\frac{\sum x}{n};$

3) $\frac{\sum x \cdot f}{\sum f};$

4) $\frac{n}{\sum \frac{1}{x}};$

5) $\sqrt[n]{x_1 \cdot x_2 \cdots x_k}.$

11. Белгінің кері мағынасының негізінде есептелген орташа шама не деп аталады?

1) арифметикалық;

2) квадраттық;

3) кубтық;

4) геометриялық;

5) гармоникалық.

12. Бөлү катарапындағы мода қайсысы?

1) ең жиі кездесстін вариант;

2) ең үлкен вариант;

3) ең көп жиілік;

4) сараланған катарды екі тең бөлікке бөлестін вариант;

5) катардың орташа деңгейі.

13. Бөлү катарапында медиана қайсысы?

1) жиілігі ең көп вариант;

2) жиілігі орташа вариант;

3) сараланған катарды екі тең бөлікке бөлестін вариант;

4) бөлудін сараланған катарындағы төменгі квартильді кесетін вариант;

5) катардың ортасындағы аралыктың белгісінің жиілігі.

7-ТАҚЫРЫП

ВАРИАЦИЯНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

7.1. Вариацияның көрсеткіштері

Вариация көрсеткіштері туралы жалпы түсінік. Орташа шамаларғана емес, белгінің мағынасы ауытқытын көрсеткіштерінің де теориялық және практикалық маңызы болады. Ауытқудың ең шеткі мағыналары ғана емес барлық ауытқудың жиынтықтарының маңызы бар. Орташа шаманың сипаттамаларының типтілігі мен сенімділігі ауытқудың бөлінетін мөлшеріне байланысты. Қайсы бір белгілерінің орташа шамалары мұлдем бірдей, ал осы орташа шамадан ауытқу әр түрлі жиынтықтар да болады.

Вариация ауқымы. *Вариация ауқымының көрсеткіші* вариацияның ең қаралайым көрсеткіші (R), болып табылады, ол вариацияланатын белгінің ең көп және ең аз мағынасының арасындағы айырма регінде былайша есептеледі:

$$R = x_{\max} - x_{\min}.$$

Алайда вариация ауқымының әр түрлі көрсеткішінде де (орташа шамадан тек шеткі ауытқуды байқайтын) ауытқу әр түрлі бөлінуі мүмкін. Бөлудің бір қатарлары үшін осы ауытқу орташа шамаға қарай, ал басқаларда – орташа шамадан алыстап топтасуы мүмкін.

Арифметикалық (сызықтық) орташа ауытқу. Ауытқуды бөлуге жинақтап корытылған сипаттама берместен бұрын осы ауытқудың орташа шамасын есептеу қажет. Ауытқуларды орташа шамадан бір жакқа қарай ауытқу (ейткені ауытқудың сомасы нөлге тең) ретінде деп ескеру үшін олардың сомасын бір белгімен қатардың элементінің санына бөлу керек. Вариацияның алынған көрсеткіші *арифметикалық орташа шама немесе сызықтық ауытқу* деп аталады:

$$\bar{x} = (\sum |x - \bar{x}| f) / \sum f.$$

Дисперсия және квадраттық орташа ауытқу. Статистикада белгі вариациясының өлшемі ретінде *дисперсия* – орташа шамадан (σ^2) ауытқу квадраты колданылады, ал дисперсияның квадраттық түбірі квадраттық орташа ауытқу (σ) деп аталады.

Дисперсияны есептеу үшін мына формула пайдаланылады:

$$\sigma^2 = (\sum(x - \bar{x})^2 f) / \sum f,$$

Ал квадраттық орташа ауытқуды есептеу үшін мына формула пайдаланылады:

$$\sigma = [\sum(x - \bar{x})^2 f] / \sum f]^{1/2}.$$

Белгі вариацияның ауқымы бірдей екі катар үшін осы көрсеткіштерді (8-2=6), сондай-ак белгінің орташа мағынасын (5) (7.1 және 7.2-кесте) есептейік.

Осы кестелерден бірінші катар үшін $\sigma^2 = 118/132 = 0,89$, $\sigma = \sqrt{0,89} = 0,94$, екінші катар үшін – $\sigma^2 = 720/170 = 4,2$, $\sigma = \sqrt{4,2} = 2,05$ аламыз.

Екінші мысалдағы орташа квадраттық ауытқу бірінші мысалдағы орташа квадраттық ауытқудан екі есеге асады және бірінші қатармен салыстырғанда екінші қатардағы белгінің бұдан жоғары вариациясын көрсетеді.

Орташа квадраттық ауытқу эр кезде вариант болатын және орташа шама вариацияның абсолюттік өлшемі болатын атапарда көрсетіледі.

Вариация коэффициенті. Орташа квадраттық ауытқу өзінің абсолюттік мағынасы бойынша вариацияның дәрежесі ғана емес, сонымен бірге вариантының абсолюттік деңгейі мен орташа шамаға да байланысты болады. Сондықтан вариациялық катардың орташа квадраттық ауытқуларын әр түрлі орташа шамалармен тікелей салыстыруға болмайды.

7.1. 1-статистикалық бөлу қатары

x	f	x - x̄	(x - x̄)^2	(x - x̄)^2 f
2	1	-3	9	9
3	5	-2	4	20
4	30	-1	1	30
5	60	0	0	0
6	30	1	1	30
7	5	2	4	20
8	1	3	9	9
	132			118

7.2. 2-статистикалық бөлу қатары

x	f	x - x̄	(x - x̄)^2	(x - x̄)^2 f
2	30	-3	9	270
3	20	-2	4	80
4	10	-1	1	10
5	50	0	0	0
6	10	1	1	10
7	20	2	4	80
8	30	3	9	270
	170			720

Әр түрлі катарлардың вариациясының дәрежелерін салыстыру үшін орташа квадраттық ауытқулардың арифметикалық орташа шамалардың

катаинасын салыстыру кажет. Алынған салыстырмалы көрсеткіш *вариация коэффициенті* немесе *жай вариация коэффициенті* деп аталады:

$$v = \sigma / \bar{x} \times 100.$$

Мысалы, егер бір ауданда жүгерінің түсімділігі үшін $\sigma = 10$ ц/га және $\bar{x} = 40$ ц/га, ал басқа ауданда $\sigma = 9$ ц/га және $\bar{x} = 30$ ц/га, онда бірінші ауданда вариация абсолюттік шамасы бойынша көп, ал вариацияның қатаисты шамасы аз, өйткені:

$$v_1 = 10/40 \times 100 = 25\%, v_2 = 9/30 \times 100 = 30\%.$$

Вариация коэффициенті орташа шаманың типтігінің белгілі дәрежедегі өлшемі болып табылады. Басқаша айтқанда, егер вариация коэффициенті жоғары болса (40%-дан асады делік), бұл жағдайда орташа шама жиынтықтың жекелеген бірліктерінің айтарлықтай өзгеретін белгісі бойынша сипаттайды. Осындай орташа шаманың типтілігі шамалы ғана.

Бұрын келтірілген мысалда вариация коэффициенті бірінші қатар үшін 0,188 (0,94/5) немесе 18,8%-ға тең, ал екінші қатарда – 0,41 (2,05/5) немесе 41%-ға тең. Сондықтан бірінші қатардағы орташа шама жөнінде айтатын болсақ, ол кәдімгі сипаттама деп, ал екінші қатардағы орташа шама туралы – кәдімгі емес деп айтуға болады.

Вариацияның басқа қатаисты көрсеткіштері. Егер арифметикалық орташа шамамен орташа квадраттық ауытқуды емес вариацияның ауқымын (R) немесе орташа сызықтық ауытқуды (d) салыстыратын болсақ, онда біз вариацияның қатаисты көрсеткішінің тиісінше *осцилляция коэффициенті* (v_R) және *вариацияның сызықтық коэффициенті* (v_d) деп аталатын басқа түрлерін аламыз.

Вариация көрсеткіштерін есептеу техникасы. Откен тақырыпта келтірілген мысалды пайдалана отырып аралық вариациялық қатардағы вариацияны есептейміз (7.3-кесте).

Арифметикалық орташа бұрын есептелген және ол келесіге тең:

$$\bar{x}_i = (\Sigma x f) / \Sigma f = 33 160 \text{ тенге.}$$

7.3. Қесіпорында енбекақы вариацияның көрсеткіштерін есептеу

Жұмысшылардың енбекақы бойынша тобы, теңге	Аралыктың ортасы, x_i	Жұмысшылардың саны (f)	$x - \bar{x}$	$(x - \bar{x})^2$	$(x - \bar{x})^2 f$
26000–28000	27000	10	-6160	37 945 600	379 456 000
28000–30000	29000	50	-4160	17 305 600	865 280 000
30000–32000	31000	100	-2160	4 665 600	466 560 000
32000–34000	33000	115	-160	25 600	2 944 000
34000–36000	35000	180	1840	3 385 600	609 408 000
36000–38000	37000	45	3840	14 745 600	663 552 000
Жиыны		500			2 987 200 000

Бұдан кейін дисперсияны, орташа квадраттық ауытқуды және вариация коэффициентін есептейміз:

$$\begin{aligned}\sigma^2 &= (\sum(x - \bar{x})^2 f) / \sum f = 2\ 987\ 200\ 000 / 500 = 5\ 974\ 400; \\ \sigma &= (5\ 974\ 400)^{1/2} = 2444; \\ v &= 2444 / 33160 \times 100 = 7,4\%.\end{aligned}$$

Сөйтіп, орташа квадраттық ауытқу 2444 тенгеге, ал вариация коэффициенті – 7,4%-ға тән болады.

7.2. Дисперсияны есептеу тәсілдері

Дисперсияның аса манызды математикалық ерекшеліктері. Ауытқулардың σ^2 орташа квадратының оны есептеу техникасын он-айлататын және басқа көрсеткіштерді есептеуге мүмкіндік беретін бірқатар математикалық ерекшеліктері бар.

1. Егер барлық варианктардан A санын шегерсе, онда ауытқулардың орташа квадраты бұдан өзгермейді: $\sigma_{(x/A)}^2 = \sigma^2$. Егер барлық варианктарға A санын қосса да, тендік сакталады. Демек, дисперсияны есептеу үшін варианттардың өзін емес, олардан A санынан ауытқуды пайдалануға болады.

2. Егер варианттардың барлық мағыналарын қайсы бір A санға бөлсө, онда орташа квадрат осыдан A^2 -есеге кемиді, ал орташа квадраттық ауытқу – A есеге кемиді, яғни $\sigma_{(x/A)}^2 = \sigma^2 / A^2$, $\sigma_{(x/A)} = \sigma / A$ болады. Демек, дисперсияны есептегендегі варианттардың барлығын A санға есептеуге, дисперсияны есептеуге, содан кейін оны осы санның квадратына көбейтуге болады.

3. Егер кез келген A мөлшерден ауытқудың арифметикалық орташа шамадан сол немесе басқа шамада ерекшеленетін орташа квадратын есептесе, онда ол арифметикалық орташа шамадан есептелген ауытқудың орташа квадратынан әр кезде көп болады: $\sigma_A^2 > \sigma^2$. Мұның өзінде ол белгіленген мөлшерге, яғни орташа шамадан және шартты түрде алынған мөлшердің арасындағы айырманың квадратына, яғни $(x - A)^2$ -көп болады:

$$\begin{aligned}\sigma_A^2 &= \sigma^2 + (x - A)^2 \\ \text{немесе } \sigma^2 &= (\sum(x - A)^2 f) / \sum f - (x - A)^2.\end{aligned}$$

Демек, орташа шаманың дисперсиясы кез келген басқа мөлшерден есептелген орташа ауытқу квадратынан әрқашан аз болады, басқаша айтқанда оған аздық ерекшелік тән.

4. Белгінің дисперсиясы мағынаның орташа квадраты мен олардың орташа шамасы квадратының айырмасына тең болады, яғни:

$$\sigma^2 = \bar{x}^2 - \bar{x}^2.$$

Дисперсияны және орташа квадраттың ауытқуды мезеттік (моменттік) тәсілмен есептеу. Мезеттік тәсілді пайдалану арқылы дисперсияны есептеуді оңайлатуға болады (1 және 2-ерекшеліктер). Осыны мысалмен көрсетейік. Сұрып сынау станциясында 125 жер теліміне (әрқайсысы 1 шаршы м) бидайдың жаңа тұқымы егілді делік. Олардың орташа түсімділігін, дисперсиясы мен вариацияның коэффициентін есептеу қажет. Бастанапқы деңгектер мен қосалқы есептер 7.4-кестеде келтірілген.

7.4. Бидайдың түсімділігін және оның вариациясының көрсеткіштерін есептеу

Түсімділік, г/м ² (x)	Жер телімінің саны (f)	$(x - 235) / 10 = x_i$	$x_i f$	$x_i^2 f$
195	2	-4	-8	32
205	5	-3	-15	45
215	13	-2	-26	52
225	17	-1	-17	17
235	18	0	0	0
245	31	1	31	31
255	22	2	44	88
265	12	3	36	108
275	5	4	20	80
Жиыны	125		65	453

Көрсеткіштерді есептейміз:

$$m = (\sum x_i f) / \sum f = 65 / 125 = 0,52, m^2 = 0,2704;$$

$$x = A + i m = 235 + 10 \times 0,52 = 235 + 5,2 = 240,2 \text{ г/м}^2;$$

$$m^2 = (\sum x_i^2 f) / \sum f = 453 / 125 = 3,624;$$

$$\sigma^2 = i^2 (m^2 - m^2) = 10^2 \times (3,624 - 0,2704) = 10^2 \times 3,3536 = 335,36;$$

$$\sigma = (335,36)^{1/2} = 18,3 \text{ г/м}^2;$$

$$\nu = \sigma / x \times 100 = 18,3 \times 100 / 240,2 = 7,6\%.$$

Топ ішіндегі және топаралық вариация. Белгінің вариациясы әр түрлі факторларға байланысты пайда болады. Осы факторлардың кейбіреуін топтастырудың көмегімен жеке бөлуге болады. Біздің соңғы мысалда 125 жер телімі әр түрлі жер массивінде орналасты делік: 55 жер телімі тыңайтылмаған массивте, ал 70-і тыңайтылған массивте орналасқан.

Олардың әркайсының орташа түсімділігін, дисперсиясы мен вариациясының коэффициентін есептейік (7.5-кесте).

7.5. Екі жер массивінде бидайдың орташа түсімділігін және оның вариациясының көрсеткіштерін есептеу

Түсімділік, $\text{г}/\text{м}^2(x)$	Жер телімінін саны (f)	Оның ішінде:		$(x - 235)$	$10 = \bar{x}$	1-жер теліміне арналған есеп		2-жер теліміне арналған есеп	
		бірінші массивте (f_1)	екінші массивте (f_2)			$x_1 f_1$	$x_1^2 f_1$	$x_2 f_2$	$x_2^2 f_2$
195	2	2	0	-4	-8	32	0	0	0
205	5	5	0	-3	-15	45	0	0	0
215	13	12	1	-2	-24	48	-2	4	
225	17	15	2	-1	-15	15	-2	2	
235	18	10	8	0	0	0	0	0	
245	31	7	24	1	7	7	24	24	
255	22	3	19	2	6	12	38	76	
265	12	1	11	3	3	9	33	99	
275	5	0	5	4	0	0	20	80	
Жиыны	125	55	70		-46	168	111	285	

Тыңайтылмаған массивке арналған көрсеткіштерді есептейміз:

$$m_1 = (\sum x_1 f_1) / \sum f_1 = -46/55 = -0,836, m_1^2 = 0,7;$$

$$\bar{x} = A + i m_1 = 235 + 10 \times (-0,836) = 235 - 8,36 = 226,64;$$

$$m_1 = (\sum x_1^2 f_1) / \sum f_1 = 168 / 55 = 3,05;$$

$$\sigma^2 = t^2 (m_1 - m_1^2) = 10^2 \times (3,05 - 0,7) = 10^2 \times 2,35 = 235;$$

$$\sigma = (235)^{1/2} = 15,3;$$

$$v = \sigma / \bar{x} \times 100 = 15,3 \times 100 / 226,64 = 6,8\%;$$

тыңайтылған массив үшін:

$$m_2 = (\sum x_2 f_2) / \sum f_2 = 111/70 = 1,586, m_2^2 = 2,5;$$

$$\bar{x} = A + i m_2 = 235 + 10 \times 1,586 = 235 + 15,86 = 250,86;$$

$$m_2 = (\sum x_2^2 f_2) / \sum f_2 = 285 / 70 = 4,07;$$

$$\sigma^2 = t^2 (m_2 - m_2^2) = 10^2 \times (4,07 - 2,5) = 10^2 \times 1,57 = 157;$$

$$\sigma = (157)^{1/2} = 12,5;$$

$$v = \sigma / \bar{x} \times 100 = 12,5 \times 100 / 250,86 = 5\%.$$

Алынған нәтижелерді барлық жер телімдері бойынша деректермен бірге бір кестеге жинақтایмыз (7.6-кесте).

7.6. Барлық жер телімдерінде және екі жер массивіндегі бидайдың түсімділігі және оның вариациясының көрсеткіштері

	f	x	σ^2	σ	V
Барлық жер телімдері	125	240,2	335	18,3	7,6
Тыңайтылмаған	55	226,64	235	15,3	6,8
Тыңайтылған	70	250,86	157	12,5	5,0

Түсімділік тыңайтқышқа байланысты болуына байланысты, топтық орташа шама жалпы орташа шамадан айтарлықтай ерекшеленеді, яғни тыңайтылмаған массивте түсімділік орташа шамадан тәмен, ал тыңайтылған массивте – жоғары.

Сонымен қатар осы белгі бойынша топтастыру біркелкі жиынтыктар құрады, сондыктan топтар бойынша дисперсия көрсеткіштері мен вариацияның көрсеткіштері жалпы барлық жер телімдерімен салыстырылғанда тәмен. Алайда топтық дисперсияның болуы топтардың шектерінде тыңайтқышты қоспағанда басқа да факторлардың ықпалына байланысты түсімділік вариациясы қалғанын растайды. Мәселен, тыңайтылмаған массивте дисперсия 235-ті, ал тыңайтылған мсассивте – 157-ні құрады. *Ішкі топтық дисперсияның орташа шамасы* осы басқа факторлардың ықпалының жалпы өлшемі болып табылады:

$$\begin{aligned}\sigma^2 = (\Sigma f \sigma^2_f) / \Sigma f &= (235 \times 55 + 157 \times 70) / 125 = \\ &= (12925 + 10990) / 125 = 191.\end{aligned}$$

Ол жалпы вариацияның 57% ($191/335 \times 100$) құрайтын топ ішіндегі вариацияны өлшейді. Жалпы дисперсияның қалған бөлігі топтастыру белгісімен, яғни тыңайтқыш факторымен байланысты. Егер топтық орташа шаманы варианты ретінде қарастыrsaқ жалпы вариацияның осы бөлігін тікелей өлшеуге (оны топ арасындағы вариация деп атайды және «дельта» деп аталын грек әрпінің квадратымен, яғни δ^2 белгілейміз) және жалпы орташа шама айналасындағы олардың өзгеруін есептеуге болады (7.7-кесте).

7.7. Топаралық вариацияны (топтық орташа шаманың дисперсиясын) тікелей есептеу

	x	f	x - 240,2	(x - 240,2) ²	(x - 240,2) ² f
Тыңайтылмаған	226,64	55	-13,56	183,9	10114,5
Тыңайтылған	250,86	70	10,66	113,6	7952
Барлық жер телімдері		125		-	18066,5

Топтық орташа шамалардың дисперсиясы топаралық вариациясын көлесідей талдаң корытып сипаттайтыды:

$$\delta^2 = (\sum(x - 240,2)^2 f) / \sum f = 18066,5 / 125 = 144.$$

Топтық орташа шама мен топ ішіндегі орташа дисперсияның сомасы жалпы дисперсияны (дисперсияны қосу ережесі) құрайтыды:

$$\sigma^2 = \delta^2 + \sigma^2.$$

Осы ереже екі мөлшерді біле отырып үшінші мөлшерді білуғе мүмкіндік береді. Мәселен, бізге жалпы дисперсия (σ^2) және топтық орташа шамалардың дисперсиясы белгілі (δ^2). Осыдан белгінің топ ішіндегі қалдық вариациясын (σ^2) анықтауға болады.

Топтық орташа шамалардың дисперсиясы, сондай-ақ топтастыру белгісінің жалпы дисперсияның құрылудына ықпал жасайтын күшін көрсетеді, осы екі көрсеткіштің арақатынасы детерминация коэффициенті («эт» деген грек ерпінің квадраты) аталады:

$$\eta^2 = \delta^2 / \sigma^2 = 144 / 335 = 0,43 \text{ немесе } 43\%.$$

Демек, тыңайтқыш факторы түсімділік вариациясымен 43%-га байланысты. Детерминация коэффициентінің түбірі η топтық және нәтижелік белгілерінің арасындағы байланыстың тығыздығын көрсететін корреляциялық (эмпирикалық) катынасты береді. Біздің жағдайда $\eta = (0,43)^{1/2} = 0,66$, демек тыңайтқыш енгізу мен түсімділіктің арасындағы шамалы байланысты білдіреді.

Альтернативті белгінің дисперсиясы. Вариацияланатын белгілердің арасында жиынтықтың бір бірліктерінде білінетін, ал басқа бірліктерде білінбейтін белгілер де кездеседі. Мысалы, жоғары оку орнының оқытушыларындағы ғылыми дәрежесінің, түлектердің белгінде үздік дипломның болуы және т.б. мысалдарды көлтіруге болады. Осындаи белгілер балама белгілер деп аталады. Белгілер білінбейтін бірліктерде вариацияның саны 0-ге немесе осы белгі білінетін бірліктерде вариацияның саны 1 мағынасында болады.

Бұкіл жиынтықтың санында белгісі бар бірліктердің үлесі p әрпімен белгіленеді, ал осы белгісі жоқ бірліктердің үлесі – q әрпімен белгіленеді. $p + q = 1$ болатыны белгілі, сондықтан $q = 1 - p$.

Альтернативті белгінің орташа мағынасы мен оның дисперсиясын есептейік:

$$\bar{x} = (\sum x f) / \sum f = (1 \times p + 0 \times q) / (p + q) = p.$$

Сөйтіп, альтернативті белгінің орташа мағынасы жиынтықтың осы өзгермелі белгі бойынша сипатталатын үлесіне тең болады.

Осыдан кейін альтернативті белгінің дисперсиясын есептейміз:

$$\begin{aligned} \sigma^2 &= (\sum x^2 f) / \sum f = [(1-p)^2 p + (0-p)^2 \times q] / (p + q) = q^2 p + p^2 q = \\ &= pq \times (p + q) = pq. \end{aligned}$$

Демек, альтернативті белгінің дисперсиясы (σ_p^2) үлестің осы үлесті бірге дейін толықтыратын санмен көбейтіндісіне тең болады. Осы көрсеткіштен алынған квадраттық түбір орташа квадраттық ауытқуға сәйкес келеді. $p + q$ 1-ден аспаудың байланысты σ_p^2 0,25-тен аспайды.

7.3. Вариациялық қатарды талдау тәсілдері

Бөлу зандаудың жөніндегі түсінік. Көптеген реттелген қатарларда жиілік бөлу қатарының бойымен жылжуға орай өзгереді. Атап айтканда вариацияланатын белгінің ұлғауына байланысты жиілік алдымен арта бастауды, содан кейін кемуі мүмкін. Вариациялық қатарда жиіліктің осылай зандауды өзгерістері бөлу зандаудың дегендегідей болады.

Вариациялық қатарды талдауда бөлудің зандаудықтарын табу және оның ерекшеліктерін анықтауда басты міндет болып табылады. Осы мақсатта барынша ұлken жиынтықка арналған вариациялық қатарлар құрылып, ол онтайлы топ санына бөледі. Қыындық туындаған жағдайда бастапқы жиынтық барынша көп топ санына бөлінеді, содан кейін ол аралықтарды ірілendіру арқылы онтайлы санға дейін қысқартылады.

Бөлу зандаудықтарының типтері. Бөлу зандаудықтары айқын білінетін жағдайларға да, сондай-ақ кездейсок факторларға да байланысты. Егер бөлу біркелкі жағдайды көрсетсе, онда бөлудің ерекшелігі, оның зандаудың типі жөніндегі айтуға болады. Ал егер бір қатарда бөлу типі әр түрлі екі сан түрлі бөлу араласса, онда сонында бөлудің сипаттың анықтайтын ерекшеліктер айқын білінбеуі немесе екі қырлы (бимодальдық) және көп қырлы сияқты білінуі мүмкін.

Бөлудің кисық сыйығы деп вариациялық қатарда вариантының өзгеруімен функционалдық түрде байланысты жиіліктің өзгеруінін уздіксіз сыйығы түріндегі графикалық сурет аталады.

Бөлудің теориялық кисық сыйығы деп бөлудің осы түрінің, зандаудықтың осы түріне кездейсок факторлардың ықпалына жол бермейтін таза түріндегі жалпы зандаудың білдіретін кисық сыйық аталады.

Гистограмма мен бөлу полигоны бөлудің сыйық сыйықтарын береді. Осы графиктердегі аралық қаншалықты кысқа болса, бөлуде немесе гистограммада бөлу типі соншалықты айқын білінеді.

Қалыпты бөлу. Статистикада қалыпты бөлуді сипаттайтын теориялық бөлу кисық сыйықтары жиі қолданылады. Қалыпты бөлу мына теңдеумен сипатталады:

$$y_i = \frac{1}{\sigma \sqrt{2\pi}} e^{-\frac{x_i^2}{2\sigma^2}}$$

мұнда: y_t – қалыпты бөлудің (жиілік шамасының) кисық сыйығының ординатасы;

$t = (x - \bar{x}) / \sigma$ -ға тең нормаланған ауытқу;

σ – орташа квадраттық ауытқу;


$\pi = 3,1415$;

$e = 2,7182$.

Сөйтіп, қалыпты бөлудің кисық сыйығы келесі екі параметрмен – x арифметикалық орташа шамамен және σ орташа квадраттық ауытқумен анықталады.

7.1-суретте қалыпты стандартталған бөлудің кисық сыйығы көлтірілген, онда орташа шама нөлге ($\bar{x} = 0$), ал дисперсия – бірге ($\sigma = 1$) тен.

Қалыпты (нормальное) бөлудің кисық сыйығының симметриялығы оның ерекшелігі болып табылады. Онда арифметикалық орташа шамамен, мода мен медиана сәйкес келеді.



7.1-сурет. $x = 0$ және $\sigma = 1$ үшін қалыпты бөлудің кисық сыйығы

Бөлу асимметриясы және эксцесс. Накты және теориялық бөлуді салыстыра отырып олардың алшактығының ерекшеліктерін тұжырымдауға болады. Асимметрия мен эксцесстің көрсеткіштері осыған арналған.

Асимметриялық бөлуде кисық сыйыктың ұшы ортада емес солға немесе онға қарай жылжыған. Егер ұшы солға қарай жылжыса, онда он жақ сол жақтан ұзындау болады, бұл жағдай асимметрия он жақты деп аталады. Және, керісінше, егер ұшы сол жаққа қарай жылжыса, онда асимметрия сол жақты деп аталады.

Симметриялық бөлуде арифметикалық орташа шама мен медианаға тең болады. Әйтпесе бөлу асимметриялық болады, бұл орташа шама мен моданың айырмасының орташа квадраттық ауытқу қатынасына тең болатын K_A асимметрия коэффициентіндегі көрінеді:

$$K_A = (\bar{x} - M_o) / \sigma.$$

Егер орташа шама модадан көп болса, онда K_A – он және бұл он жақты асимметрияны көрсетеді, ал егер орташа шама, модадан аз болса, онда асимметрия сол жақты болады.

Жұмысшылар енбекакы бойынша бөлінетін біздің мысалда

$$K_A = (33160 - 34650) / 2444 = -1490 / 2444 = -0,61.$$

Сейтіп, бөлуде сол жақты асимметрия бар.

Эксцесс деп қалыпты бөлүмен салыстырғанда бөлудің нақты кисық сыйығының ұшының жоғары немесе керісінше төмен орналасуы аталады. Бірінші жағдайда эксцесс он және ортада жиіліктін шоғырлануын сипаттайды. Екінші жағдайда эксцесс теріс және қатардың мүшелерінің шашыраңқылышын көрсетеді.

Кейде асимметрия мен эксцестің үшінші және төртінші сәтті есептеуге негізделген күрделі көрсеткіштері колданылады.

Атап айтқанда, асимметрия көрсеткіші (A_s) үшінші реттің сәтінің орташа квадраттық ауытқудың квадратына қатынасы ретінде есептеледі:

$$A_s = m_3 / \sigma^3 = \{[\sum(x - \bar{x})^3 f] / \sum f\} / \sigma^3.$$

$A_s > 0$ болғанда он жақты асимметрия, $A_s < 0$ – сол жақты асимметрия болады.

Эксцесс көрсеткіші (E_x) төртінші реттің сәтінің орташа квадраттық ауытқудың төртінші дәрежесіне 3-ке кемітілген қатынасы ретінде анықталады:

$$E_x = m_4 / \sigma^4 - 3 = \{[\sum(x - \bar{x})^4 f] / \sum f\} / \sigma^4 - 3.$$

$E_x > 0$ мағынасы бөлу қатарының ұшының жоғары екенін (қалыпты бөлүмен салыстырғанда) сипаттайды, ал $E_x < 0$ жағдайда бөлу қатарының ұшы төмен орналасқан.

Қалыпты бөлудің кисық сыйығы бойынша нақты бөлуді тенестіру. Нақты бөлудің қалыпты бөлуге сәйкестігін тексеру үшін нақты бөлудің жиіліктерін қалыпты бөлуге арналған теориялық жиілікпен салыстыру

керек. Осы мақсатта нақты деректер бойынша қалыпты бөлудің кисық сзықтарының теориялық жиілігін есептейді. Осы жиіліктер нормаланған ауытқудың функциясы болып табылады. Демек, нақты бөлу бойынша нормаланған ауытқу табу, содан кейін олардың мөлшері бойынша теориялық қалыпты бөлудің жиіліктерін есептеу қажет.

Басқаша айтқанда, бөлудің нақты кисық сзығын қалыпты бөлудің кисық сзығы бойынша теңестіру керек. Осыны жер телімдерін түсімділіктің мөлшері бойынша бөлу мысалында қарастырайық (7.8-кесте).

7.8. Накты бөлудің қалыпты бөлудің кисық сзығы бойынша теңестіру

(x)	(f)	$ x - \bar{x} $	$t = x - \bar{x} / \sigma$	$f(t)$	Теориялық жиіліктер ($f_i = f(t) \times ni/\sigma$)	Кумулятивтік жиіліктер		$ \Sigma f_i - \Sigma f_{\text{акт}} $
						накты (Σf_i)	теориялық ($\Sigma f_{\text{акт}}$)	
195	2	45,2	2,47	0,01889	1,3	2	1,3	0,7
205	5	35,2	1,92	0,06316	4,3	7	5,6	1,4
215	13	25,2	1,38	0,15395	10,5	20	16,1	3,9
225	17	15,2	0,83	0,28270	19,3	37	35,4	1,6
235	18	5,2	0,28	0,38361	26,2	55	61,6	6,6
245	31	4,8	0,26	0,38568	26,3	86	87,9	1,9
255	22	14,8	0,81	0,28737	19,6	108	107,5	0,5
265	12	24,8	1,36	0,15823	10,8	120	118,3	1,7
275	5	34,8	1,90	0,06562	4,5	125	122,8	2,2
	125							

Бұрын белгіленгендей, осы бөлу үшін $x = 240,2$, ал $\sigma = 18,3$. $f(t)$ мағыналары математикалық статистиканың арнағы кестесі бойынша анықталады. Теориялық жиіліктер $f_i = f(t) \times ni/\sigma$, мұнда n – кадағалау саны (125) формула бойынша есептеледі, ал i – аралық (10). Біздің мысалда ni/σ көбейткіш 68,306-ға тең болады. Теориялық жиіліктердің сомасы 125 емес, есептегі дөңгелетуге байланысты 122,8 болды. Жалпы нақты жиіліктің теориялық жиілікке біршама жақындығы байқалды.

Келісім өлшемі. Математикалық статистикада нақты жиіліктің қалыпты жиілікке жақындығын сипаттайтын бірнеше көрсеткіш бар. Олар келісім өлшемдер деп аталады. Пирсонның («хи-квадрат» өлшемі), (Романовскийдің, Колмогоровтың («клямба өлшемі») және Ястремскийдің өлшемі белгілі.

Колмогоровтың өлшемі вариациялық катардағы кумулятивтік жиілікті салыстыру арқылы нақты және теориялық бөлудің жақындығын қарастырады. Жоғарыда көлтірілген мысалда олар кестенің сонғы бағынында көрсетілген. Колмогоровтың келісім өлшемі λ бакылау санының түбіріне бөлінген барынша көп айырмаға (D) тең болады:

$$\lambda = D / n^{1/2} = 6,6 / 125^{1/2} = 6,6 / 11,2 = 0,589.$$

Келісім өлшемі лямбдаға арналған арнайы ықтималдық кестесі бойынша лямбданың 0,589 мағынасына 0,88 ықтималдық сәйкес екенін табамыз. Демек, біздін мысалда нақты жиіліктін теориялық жиілікten ауытқуы кездейсоқ деп 0,88 ықтималдықпен айтуға болады. Сөйтіп, түсімділік мөлшері бойынша жер телімдерін нақты бөлу қалыпты бөлу заңына негізделеді деп санауга болады.



Әзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Вариация көрсеткіштері нени сипаттайты? Статистикада вариацияның қандай көрсеткіштері есептеледі?
2. Дисперсияны, орташа квадраттық ауытқуды және вариацияның көрсеткішін есептейтін формулаларды көлтіріңіз.
3. Дисперсияның негізгі ерекшеліктерін атап көрсетіңіз.
4. Дисперсия моменттік (мезеттік) тәсілмен қалай аныкталады?
5. Топ ішіндегі және топ арасындағы вариация деген не?
6. Детерминация коэффициенті және эмпирикалық корреляциялық катынас деп не аталады?
7. Дисперсияны қосу ережесінің мәні неде?
8. Альтернативті (балама) белгінің дисперсиясы қалай аныкталады?
9. Қалыпты бөлу деген не?
10. Накты бөлуді қалыпты бөлудің кисық сыйығы бойынша тенестіру деген не?
11. Келісім өлшемі, бөлу асимметриясы мен эксцесс деген не?



Ұсынылатын әдебиет

1. Авров А.П. Аврова Ю.А. *Общая теория статистики. Основы курса: Учебное пособие*. 2-ое изд. доп. – Алматы, 2004. – 112 с.
2. Сиденко А.В., Попов Г.Ю., Матвеева В.М. *Статистика: Учебник*. – М.: Дело и сервис, 2000. – 464 с.
3. Елисеева И.И., Юзбашев М.М. *Общая теория статистики: Учебник*. – 3-е изд. / Под ред. чл.-корр. РАН И.И. Елисеевой. – М.: Финансы и статистика, 1998. –368 с.: ил.
4. Теория статистики: Учебник для вузов / Под ред. Р.А. Шмойловой. – М.: Финансы и статистика, 1996.
5. Ефимова М.Р., Петрова Е.В., Румянцев В.Н. *Общая теория статистики: Учебник для вузов*. – М.: ИНФРА-М, 1998.
6. Статистика: Курс лекций для вузов / Под ред. В.Г. Ионина. – М.: ИНФРА-М, 1996.

7. Гусаров В.М. Теория статистики: Учебное пособие для вузов. – М.: Аудит, ЮНИТИ, 1998.
8. Гусаров В.М. Теория статистики: Учебное пособие. – М.: ИННТИ, 2000.
9. Рязов Н.Н. Общая теория статистики: Учебник для студ. экон. спец. вузов. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1984. – 343 с.: ил.
10. Общая теория статистики: Учебник / Т.В. Рябушкин, М.Р. Ефимова и др. – М.: Финансы и статистика, 1981.
11. Общая теория статистики: Учебник / Г.С. Кильдишев, В.Е. Освиенко, П.М. Рабинович, Т.В. Рябушкин. – М.: Статистика, 1980.
12. Статистический словарь / Гл. ред. М.А. Королев. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1989.

7.4. Практикум

7.4.1. Ізденуге арналған сұраптар

1. Вариацияның тағайындалуын, оның көрсеткіштерінің түрлерін сипаттаңыз, олар есептелеңін формулаларды келтіріңіз.
2. Дисперсияның негізгі ерекшеліктерін және оны моменттік (мезеттік) тәсілмен есептеу тәртібін сипаттаңыз.
3. Топ ішіндегі және топ арасындағы вариацияның, детерминация коэффициентіне және эмпирикалық корреляциялық қатынастың мазмұнына тоқталыңыз.
4. Дисперсияны қосу ережесінің мазмұнын баяндаңыз. Балама белгінің дисперсиясын есептейтін формуланы шығарыңыз.
5. Бөлу және қалыпты бөлу зандалығының үғымына аныктама беріңіз.
6. Нақты бөлуді қалыпты бөлудің қисық сзығы бойынша тегістеу тәртібін айтыңыз.
7. Нақты бөлуді қалыпты бөлудің қисық сзығына жақындығын бағалауды, сондай-ак олардың алшактау ерекшеліктерін сипаттайтын көрсеткіштерді келтіріңіз және оларға кеңінен тоқталыңыз.

7.4.2. Типтік есептерді шығару мысалдары

1 - мысал (6-тақырыптың 1-мысалының жалғасы). Жұмысшылар аудысым ішінде шығарған біртекtes өнім билайша бөлінеді:

Шығарылған өнім, дана	40	42	45	46	48	50
Жұмысшылардың саны, адам	25	50	100	125	150	50

Дисперсияны, орташа квадраттық ауытқуды және вариацияның коэффициентін есептөніз.

Асимметрияның коэффициентін есептөніз.

Шешуі. 6-тақырыпта берілген есепті шешкенде жұмысшылар аудысым ішінде шығарған орташа өнім есептелген болатын. Орташа өнім 46,1 дананы құрады.

Дисперсияны, орташа квадраттық ауытқуды және вариация коэффициентін есептеу үшін кестеде келесідей есеп шығарамыз:

Өнім шығару, дана (x)	40	42	45	46	48	50
Жұмысшылардың саны, адам, (f)	25	50	100	125	150	50
\bar{x}	-6,1	-4,1	-1,1	-0,1	1,9	3,9
$(x - \bar{x})^2$	37,21	16,81	1,21	0,01	3,61	15,21
$(x - \bar{x})^2 f$	930,25	840,5	121	1,25	541,5	760,5

Содан кейін дисперсияны, орташа квадраттық ауытқуды және вариация коэффициентін бытайша есептейміз:

$$\sigma^2 = (\sum(x - \bar{x})^2 f) / \sum f = 3195 / 500 = 6,39;$$

$$\sigma = (6,39)^{1/2} = 2,53;$$

$$v = \sigma / \bar{x} \times 100 = 2,53 / 46,1 \times 100 = 5,5\%.$$

Сөйтіп, орташа квадраттық ауытқу 2,53 данаға, ал вариацияның коэффициенті – 5,5%-ға тең болады.

Орташа шаманы (46,1), моданы (48) және орташа квадраттық ауытқуды (2,53) біліп асимметрияның коэффициентін анықтауга болады:

$$K_4 = (x - Mo) / \sigma = (46,1 - 48) / 2,53 = -0,75.$$

Коэффициенттің белгісі теріс болған себепті ол сол жакты асимметрияны белдіреді. Коэффициенттің абсолюттік мөлшері асимметрияның күшті екенін растайды.

2-мысал (6-тақырыптың 4-мысалының жалғасы). Жұмысшылардың өндірім нормасын орындауы келесі деректермен сипатталады:

Өндірім нормасын орындау пайызы	Жұмысшылардың саны
90–100	10
100–110	160
110–120	100
120–130	60
130–140	20

Осы көрсеткіштердің негізінде көдімгі тәсілмен және моменттік тәсілмен: а) орташа квадраттық ауытқуды; ә) вариацияның коэффициентін; б) асимметрияның коэффициентін есептеніз.

Шешуі. Бұл жағдайда аралық вариациялық қатар қарастырылғандықтан, орташа шаманы және дисперсияны есептеу үшін дискреттік қатарға көшу кажет, яғни әрбір топ бойынша аралықтың орташаландырылған мағынаны есептеп, аралықты

осы мағынамен ауыстыру кажет. Өнім шығару нормасын орындаудың Орташа пайызы бұрын есептелген және мынаны күраған болатын $\bar{x} = (\sum xf) / \sum f = 39450 / 350 = 112,7\%$.

Өнім шығару жоспарының орындау пайызы	Аралыктардың ортасы, \bar{x}	Жұмысшылардың саны (f)	$x - \bar{x}$	$(x - \bar{x})^2$	$(x - \bar{x})^2 f$
90–100	95	10	-17,7	313,29	3132,9
100–110	105	160	-7,7	52,29	9486,4
110–120	115	100	2,3	5,29	529
120–130	125	60	12,3	151,29	9077,4
130–140	135	20	22,3	497,29	9945,8
Жиыны		350			32171,5

Алынған деректерді формулаға қойып, дисперсияны, орташа квадраттық ауыткуды және вариация коэффициентін аламыз.

$$\begin{aligned}\sigma^2 &= (\sum(x - \bar{x})^2 f) / \sum f = 32171,5 / 350 = 91,9; \\ \sigma &= (91,9)^{1/2} = 9,6; \\ v &= \sigma / \bar{x} \times 100 = 9,6 / 112,7 \times 100 = 8,5\%.\end{aligned}$$

Сөйтіп, орташа квадраттық ауытку 9,6 пайыздық тармақка, ал вариацияның коэффициенті – 8,5%-ға тең болады.

Орташа шаманы (112,7), моданы (107,1) және орташа квадраттық ауыткуды (9,6) біліп асимметрияның коэффициентін білуге болады:

$$K_A = (\bar{x} - Mo) / \sigma = (112,7 - 107,1) / 9,6 = +0,58.$$

Коэффициенттің белгісі оң болған себепті, ол оң жақты асимметрияны білдіреді. Коэффициенттің абсолюттік мөлшері асимметрияның күшті екенін растайды.

Орташа шаманы моменттік тәсілмен есептеу кезінде келесідей карастырылады: 1) барлық варианттан тұрақты санды шегеру (жилилігі ен көп вариантар немесе бөлу қатарының ортасындағы варианттар, осы жағдайда 115); 2) варианттарды аралықтың еніне тән тұрақты санға бөлу (10). Осыдан кейін варианттардың квадраты шығарылады және екінші реттің сәтін алу үшін жиілікке көбейтіледі, кейін осының негізінде дисперсия есептеледі.

Аралыктардың ортасы, \bar{x}	Жұмысшылардың саны (f)	$x_1 = (x - 115) / 10$	x_{12}	$x_{12} f$
95	10	-2	4	40
105	160	-1	1	160
115	100	0	0	0
125	60	1	1	60
135	20	2	4	80
Жиыны	350			340

Екінші реттің мезеті мына формула бойынша есептеледі:

$$m_2 = (\sum x_i^2 f) / \sum f = 340 / 350 = 0,9714.$$

Моменттік тәсіл бойынша есептелген дисперсия екінші реттің мезетінің айырмасына (0,9714) көбейтілген аралық мөлшерінің квадратына (10^2) және бұрын алынған бірінші реттің мезетінің квадратына ($0,2286^2$) тең болады:

$$\sigma^2 = l^2 (m_2 - m^2) = 10^2 \times (0,9714 - 0,2286^2) = 100 \times (0,9714 - 0,0523) = 91,91.$$

Сөйтіп, дисперсияны тікелей есептеу нәтижесіндегі сол корытындыны, алайда қарапайым есептеу жолымен алдық.

3-мисал (б-тақырыптың 5-мысалының жалгасы). Моменттік тәсілді пайдалана отырып келесі деректер бойынша орташа квадраттық ауытқуды және асимметрияның коэффициентін есептеніз:

Тұсімділік, ц/га	25	28	31	34	37	40	Жиыны
Егістіктің көлемі, жиынға % -бен	11	19	30	27	8	5	100

Шешуі. Орташа квадраттық ауытқуды моменттік тәсілмен есептеу үшін барлық вариантардан жиілігі ең көп вариантың мағынасын (31) шегеру және аралықтың мөлшеріне (3) болу қажет. Содан кейін жана вариантар квадратқа шығарылады және жиілікке көбейтіледі.

Тұсімділік, ц/га	25	28	31	34	37	40	Жиыны
Егістіктің көлемі, жиынға % -бен	11	19	30	27	8	5	100
(Тұсімділік – 31) / 3 (x1)	-2	-1	0	1	2	3	
x12	4	1	0	1	4	9	
x12 f	44	19	0	27	32	45	167

Екінші реттің мезеті келесі формула бойынша есептеледі:

$$m_2 = (\sum x_i^2 f) / \sum f = 167 / 100 = 1,67.$$

Моменттік тәсілмен есептелген дисперсия екінші реттің сәтінің айырмасына (1,51) көбейтілген аралықтың мөлшерінің квадратына (3^2) және бұрын алынған бірінші реттің сәтінің квадратына ($0,17^2$) тең болады:

$$\sigma^2 = l^2 (m_2 - m^2) = 3^2 \times (1,67 - 0,17^2) = 9 \times (1,67 - 0,0289) = 9 \times 1,6411 = 14,77.$$

Осыдан орташа квадраттық ауытқу мынаны құрайды:

$$\sigma = (14,77)^{1/2} = 3,84 \text{ ц/га.}$$

Орташа шаманы (31,5 ц/га), моданы (31 ц/га) және орташа квадраттық ауытқуды біліп асимметрияның коэффициентін білуге болады:

$$K_A = (x - Mo) / \sigma = (31,5 - 31) / 3,84 = +0,133.$$

Коэффициенттің белгісі оң болған себепті, ол он жакты асимметрияны билдіреді. Коэффициенттің абсолюттік мөлшері асимметрияның шамалы екенін расстайды.

7.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

7.5.1. Есептер

1 - е с е п (б-тақырыптың 1-мысалының жалғасы). Казакстанда 2004 жылы тиісті жастағы 1000 әйелге шаққанда ананың жасы бойынша бала түу коэффиценті мынаны құрады:

Жасы, жыл	15–19	20–24	25–29	30–34	35–39	40–44	45–49
Бала түу коэффиценті, промилле	26,94	143,24	131,24	86,11	44,17	9,50	0,49

2004 жылы бала туған әйелдердің орташа жасының дисперсиясын, орташа квадраттық ауытқуды және вариацияның коэффициентін есептеніз.

Асимметрияның коэффициентін есептепеңіз.

2 - е с е п (б-тақырыптың 4-мысалының жалғасы). Қазақстан Республикасында 2004 жылы зерттелген үй шаруашылықтарында тұтынуға пайдаланылатын ең томенгі құнқөріс мөлшерінен төмен табысы бар халықтың жасы былайша бөлінді:

Жасы, жыл	Халықтың үлесі, %
1	2
0–14	33,1
15–19	13,0
20–24	7,4
25–29	6,0
30–34	6,7
35–39	7,9
40–44	7,9
45–49	5,4
50–54	3,7
55–59	2,3
60–64	1,8
65 және одан жоғары	4,8

Осы деректердің негізінде кәдімгі тәсілмен және моменттік тәсілмен келесіні есептепеңіз: а) орташа квадраттық ауытқуды; ә) вариация коэффициентін; б) асимметрия коэффициентін. 65 жастағы және одан жоғары жастағы халықтың жасының орташа мағынасы 75 жасқа тең екенін назарға алу қажет.

3-есеп. Моменттік тәсілді пайдалана отырып Қазақстан Республикасында 1999 жылдағы халық санағының деректері бойынша ғылым докторларының орташа жастан орташа квадраттық ауытқуын және асимметрия коэффициентін есептеңіз:

Жасы, жыл	25–29	30–34	35–39	40–44	45–49	50–54	55–59	60–64
Ғылым докторларының саны	2	40	110	178	269	339	376	383

7.5.2. Тест тапсырмалары

- Дисперсия – бұл:**
 - белгінің жеке мағынасы мән орташа шаманың арасындағы ауытқу;
 - белгінің жеке мағынасының орташа шамадан ауытқуының орташа шамасы;
 - белгінің жеке мағынасының орташа шамадан ауытқуының орташа квадраты;
 - белгінің ен жоғары және ен төмен мағынасының арасындағы айырма;
 - белгінің ен жоғары мағынасы мен орташа шаманың арасындағы айырма.
- Варианттар мен жиіліктер туралы бірлік топтар бойынша мәлімет белгілі болса дисперсияны есептеуге арналған формууланы көрсетіңіз:**
 - $x^2 - \bar{x}^2$;
 - $\sum(x^2 - \bar{x})$;
 - $\sum(x - \bar{x})^2$;
 - $\frac{\sum(x - \bar{x})^2 \cdot f}{\sum f}$;
 - $\frac{\sum(x - \bar{x})^2}{n}$.
- Егер жынтықтың вариантының барлық мағыналарын 5-ке кемітсе, онда дисперсия:**
 - 5 есеге кемиді;
 - 25 есеге кемиді;
 - өзгермейді;
 - 5 есеге көбейеді;
 - 25 есеге көбейеді.
- Егер жынтықтың вариантының барлық мағыналарын 10 есеге кемітсе, онда дисперсия:**
 - 10 есеге кемиді;
 - 25 есеге кемиді;
 - өзгермейді;

- 4) 10 есеге көбейеді;
 5) 100 есеге көбейеді.
5. Егер қызмет көрсетілетін орташа уақыт 10 минутты, ал орташа квадрат 104-ті құраса, аяқ киім дүкенінде бір сатып алушыға қызмет көрсетуге жұмысалатын шығының орташа квадраттық ауытқуын анықтаңыз:
- 1) 2;
 - 2) 4;
 - 3) 10,4;
 - 4) 0,1;
 - 5) 94.
6. Дисперсияны моменттік тәсілмен есептейтін формуланы көрсетініз:
- 1) $\bar{t}^2(m_2 - m_1^2);$
 - 2) $\frac{\sum |x - \bar{x}|}{n};$
 - 3) $\frac{\sum (x - \bar{x})^2}{n};$
 - 4) $\frac{\sum (x - \bar{x})^2 f}{\sum f};$
 - 5) $\frac{\sum x \cdot f}{\sum f}.$
7. Топаралық вариация деген не?
- 1) белгінің жеке мағынасының жалпы орташа шамадан ауытқу квадраттарының сомасы;
 - 2) белгінің жеке мағынасының топтық орташа шамадан ауытқу квадраттарының сомасы;
 - 3) белгінің жеке мағынасының орташа шамадан ауытқуының арифметикалық орташа шамасы;
 - 4) топтық орташа шаманың жалпы орташа шамадан вариациясы;
 - 5) топ ішіндегі белгінің топтық орташа шамадан вариациясы.
8. Детерминация коэффициенті – бұл ненің аракатынасы?
- 1) топтық орташа шаманың дисперсиясы мен топтық дисперсияның орташа шамасының;
 - 2) топтық дисперсияның орташа шамасы мен топтық орташа шаманың дисперсиясының;
 - 3) белгінің жеке мағынасының ауытқуының арифметикалық орташа шамасы мен орташа шаманың;

- 4) топтық орташа шаманың дисперсиясының және жалпы дисперсияны;
- 5) топтық дисперсияның орташа шамасы мен жалпы дисперсияны.

9. Топтық орташа шаманың дисперсиясы неге тең болады?

- 1) жалпы дисперсия мен топ ішіндегі дисперсиялардың орташа шаманың айырмасына;
- 2) жалпы дисперсия мен топ ішіндегі дисперсиялардың орташа шаманың сомасына;
- 3) жалпы дисперсия мен топ ішіндегі дисперсиялардың орташа шаманың көбейтіндісіне;
- 4) жалпы дисперсия мен топ ішіндегі дисперсиялардың орташа шаманың аракатынасына;
- 5) жалпы дисперсия мен топ ішіндегі дисперсиялардың орташа шаманың жарты сомасына.

10. Альтернативті (балама) белгінің дисперсиясы неге тең болады?

- 1) альтернативті белгінің үлесі мен осы үлесті бірге дейін толықтыратын санның сомасына;
- 2) альтернативті белгінің үлесі мен осы үлесті бірге дейін толықтыратын санның айырмасына;
- 3) альтернативті белгінің үлесі мен осы үлесті бірге дейін толықтыратын санның жарты сомасына;
- 4) альтернативті белгінің үлесі мен осы үлесті бірге дейін толықтыратын санның көбейтіндісіне;
- 5) альтернативті белгінің үлесі мен осы үлесті бірге дейін толықтыратын санның аракатынасына.

11. Қалыпты бөлудің заңдылығы не деп аталады?

- 1) вариацияланатын белгінің мағынасының ұлғауына орай жиіліктің көбеюі;
- 2) вариацияланатын белгінің мағынасының кемуіне орай жиіліктің көбеюі;
- 3) вариацияланатын белгінің мағынасының ортасында жиіліктің ұлғауы және мағынаның ортасынан алып гастағанда кемуі;
- 4) вариацияланатын белгінің мағынасының ортасында жиіліктің кемуі және мағынаның ортасынан алып тастағанда ұлғауы;
- 5) вариацияланатын белгінің мағынасының кемуіне орай жиіліктің кемуі.

12. Келісім өлшемі нені көрсетеді?

- 1) белу катарының белгіленген белгісінің өзгеру дәрежесін;
- 2) екінші реттің сәтінің дисперсияға жакындық дәрежесін;
- 3) топтастыру белгісінің жалпы дисперсияның пайда болуына ықпал ету күшін;
- 4) белгінің топ ішіндегі вариациясының дисперсиясын;
- 5) накты бөлудің қалыпты бөлуге жакындығын.

8-ТАҚЫРЫП

ІШІНАРА БАҚЫЛАУ

8.1. Ішінара бақылаудың теориялық негіздері

Ішінара бақылау мен оның міндеттері жөніндегі түсінік. Ішінара бақылау деп бас (бүкіл) жиынтықтың кездейсок іріктелген кейбір бөлігі байкалатын жаппай емес бақылаудың түрі аталады. Иріктеме жиынтықтың репрезентативтілігі (көрнекілігі), яғни бүкіл жиынтықты білдіру касиеті осылайша қамтамасыз етіледі.

Ішінара бақылау күш-жігерді, қаражат пен уақытты аз жұмсап байкалатын бірліктің бүкіл жиынтығы туралы репрезентативтік (көрнекі) дерек алуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге деректер жиынтықтың бөлігі бойынша жиналып, ал қорытынды бүкіл жиынтық бойынша жасалуына байланысты *репрезентативтік қате* деп аталатын категе жол берілуі мүмкін. Ішінара бақылауда іріктемеге жол берілуі ықтимал катесі бар нәтиже алуды қамтамасыз ету маңызды.

Бас және іріктеме жиынтық, үлес және орташа шама. Бақыланатын бірліктердің бүкіл жиынтығы **бас жиынтық** деп аталады, ал оның саны N -мен белгіленеді. *Іріктеме жиынтық*, оның саны n -мен белгіленеді – бұл жиынтықтың ішінара байкалатын бөлігі.

Ішінара бақылауда жинактап қорытылатын көрсеткіштердің екі категориясы, яғни үлес пен орташа шама қарастырылады. **Үлес жиынтықты альтернативті вариацияланатын белгі бойынша сипаттайты** және бізді қызықтыратын белгісі бар жиынтық бірлігі санының жиынтық бірлігінің жалпы санына қатынасы ретінде есептеледі. Мысалы, өнімнің сапасын зерттегендеге белгіленген сапа стандарты сақталмаған, яғни ақауға жаттығын бірліктердің салыстырмалы үлесі анықталады. Студенттердің жиынтығын зерттегендеге бізді осы жиынтықтағы үздік студенттердің үлесі қызықтыруы мүмкін.

Бас жиынтықтағы үлес *p* латын әрпімен, ал іріктеме жиынтықтағы үлесі – *w*-мен белгіленеді және *жүйелік шамасы* деп аталады. Бұл жағдайда ішінара бақылауда міндетті жиілік шамасын (іріктелген үлесті) өлшеу негізінде бас жиынтықтағы үлесі туралы дұрыс түсінік беру міндетті койылады.

Бүкіл жиынтықтағы вариацияланатын белгінің орташа шамасы \bar{X} бас орташа шамасы, ал ішінара бақыланатын бірліктердің орташа шамасы – x ішінара орташа шама деп аталады. Осы тұрғыдан алғанда ішінара бақылауда ішінара орташа шаманың негізінде бас орташа шама туралы дұрыс түсінік беру міндепті қойылады.

Ішінара қатесі туралы түсінік. Ишінара бақылау нәтижесінде жиынтық көрсеткіштер тек іріктеме жиынтықтың базасында алынады, сол себептен олар жиынтықтың барлық бірліктерінің жиынтық көрсеткіштерімен ешқашан үйлеспейді десе болады. Сондықтан осы қорсеткіштердің ықтимал ауытқу шектерін және осы ауытқудың шамасына байланысты жағдайларды білу маңызды.

Ішінара үлестің және ішінара орташа шаманың бас жиынтықтағы үлес пен орташа шамадан ықтимал ауытқу шектері ішінара болатын қатесі деп аталады.

Ішінара болатын қатесі мен тіркеу қатесінің ерекшеліктерін білген жөн. Тіркеу қателері (3-тақырыпты қараңыз) бақылау процесінде фактіні кате белгілеумен байланысты туындаиды. Олар жаппай және ішінара бақылауға тән, алайда ішінара бақылауда олар әдette аз, ейткені ішінара бақылауды мүкият түрде білікті қызметкерлер жүргізеді.

Тіркеу қателері сияқты ішінара болатын қателер де өз тегі бойынша бір жақты әрі кездейсоқ болуы мүмкін. Егер ішінара бақылау үшін үздік немесе нашар бірліктер әдейі іріктеліп алынған жағдайда қателер бір жақты болуы мүмкін. Осы жағдайға жол бермеу үшін бас жиынтықтың жекелеген бірліктерінің зерттелуге тиіс бірліктердің санына түсу мүмкіндігі бірдей болуы кажет.

Кездейсок іріктеу қағидасы сакталған жағдайда ішінара қателеріне кездейсок жол беріледі, яғни бас жиынтықтың сипаттамасын кеміту немесе асыру мүмкіндігі тен дәрежеде болады. Ишінара болатын кездейсок қате бас сипаттаманың іріктелген сипаттамадан ауытқу мөлшерін көрсетеді.

Ішінара орташа қатенін формуласы. Көп сандар заңына сәйкес ішінара санның (n) артуына орай кездейсок қателердің мөлшері қыскарады. Сондай-ақ ішінара қателер зерттелетін қателердің өзгеру дәрежесімен немесе σ^2 дисперсиямен анықталады. Егер белгі өзгермесе, онда бірліктердің бүкіл жиынтығы жөнінде түсінік алу үшін кез келген бір бірлікті зерттеу жеткілікті. Егер белгінің вариациясы шамалы болса, онда ішінара кездейсок қате де шамалы болады.

Орташа шама үшін қайталараптын іріктеудің орташа қатесінін формуласының түрі мынадай болады:

$$\mu_{\bar{x}} = \sqrt{\frac{\sigma^2}{n}};$$

Мұнда: $\mu_{\bar{x}}$ – орташа шама үшін іріктеудің орташа қатесі;

σ^2 – бас жиынтықтағы вариацияланатын белгінің дисперсиясы;
 n – ірктеме жиынтықтың бірлік саны.

Үлес салмағы үшін қайталанатын ірктеудің орташа қатесі.

$$\mu_w = \sqrt{\frac{W(1-W)}{n}};$$

мұнда: $W = \frac{m}{n}$ – ірктеу жиынтығы белгісінің үлесі.

Осы формулаларды математикалық дәлелі бас жиынтыктан алынған бірліктің оны кездейсок ірктегеннен кейін қайта қайтару қарастырылатын схемаға негізделеді. Нәтижесінде басқа бірліктерді ірктегенде барлық өзге бірліктермен қатар қайтадан ірктемеге түсудің тән мүмкіндігін сақтайды.

Практикада ірктеме әдетте қайталанбайтын ірктеу схемасы бойынша үйымдастырылады. Нәтижесінде бас ірктеменің саны өндіру процесінде қыскарады. Сондықтан жоғарыда келтірілген формулаға түбірдің астындағы формулаға келесі қосымша көбейткіш $(1-n/N)$ түріндегі түзету енгізілуі тиіс:

$$\mu_{\bar{x}} = \sqrt{\frac{\sigma^2}{n} \left(1 - \frac{n}{N}\right)}$$

$(1-n/N)$ көбейткіш әр кезде бірден аз, сондыктan қайталанбайтын ірктеуде ішінара кате қайталама ірктеу кезіндегі катеден әр кезде аз болады.

Ішінара кате ең бастысы ірктеменің абсолюттік санына және оның үлесінен кем дәрежеде байланысты екенін атап өткен орынды.

Келтірілген формулалар бас жиынтықтың жиынтық сипаттамаларының ірктеме жиынтықтың сипаттамаларынан орташа ауытқу шамасын сипаттайды. Алайда бас орташа шама осы катенің шегінен шықпайтынын абсолюттік сеніммен емес тек белгіленген ықтималдық дәрежесінде, атап айтқанда 0,683 ықтималдықпен растауға болады. Демек 1000-нан 317 әр түрлі ірктемеде бас жиынтықтың жиынтық сипаттамасы ірктеме жиынтықтың жиынтық сипаттамасынан бір μ мөлшерін айырмашылығы болады.

Растаудың ықтималдығын арттыру үшін ауытқудың шектерін ұлғайту қажет. Мәселен, егер ауытқудың шектерін екі μ шектерінде алсақ, онда біздін растауымыздың ықтималдығы 0,954-ге дейін артады, 1000-нан 46 жағдайда ғана ауытқу еселенген μ -дің шегінен шығады.

Егер үш еселенген μ -дің мөлшерін алсақ, онда ықтималдық 0,9973-ті құрайды.

Жалпы жағдайда ірктеменің шекті катесі (Δ) орташа қатемен келесі тәндікпен байланысты:

$$\Delta = t \times \mu,$$

мұнда: t – шекті кате t -есе орташа катеден аспайтынына кепілдік беруге болатын ықтималдыққа байланысты сенім коэффициенті.

Мәселен, 0,95 ықтималдық үшін $t=1,96$;

0,99 $t=2,58$;

0,999 $t=3,28$, бұлар іс жүзінде ең жиі колданылады.

Белгілердің дисперсиясының ішінара кателері формулаларда бас жиынтыққа жатады, сондыктан оларды есептеуге болмайды, өйткені ішінара бақылауы болуына байланысты формулаларға іріктелетін жиынтықтардың дисперсияларының мағыналары қойылады. Иріктеме және бас дисперсияның арасындағы арақатынас келесі формуламен көрсетілетіні расталған:

$$\sigma_{\text{бас}}^2 = \sigma_{\text{жат}}^2 \times n/(n-1).$$

Яғни іріктеме дисперсия бас дисперсиядан аз, n біршама көп болған жағдайда олар анағұрлым жакын болады.

Іріктеменің қажетті санын есептеу. Ішінара катенің шамасын анықтауға арналған жоғарыда келтірілген формулалар осы кателерді анықтап қана қоймай, сонымен бірге ішінара катесі белгіленіп берілген мөлшерден аспау үшін іріктеменің қай санын алуды алдын ала есептеуге мүмкіндік береді:

$$n = \sigma^2 / \mu^2,$$

t коэффициентін ескере отырып формуланың түрі келесідей болады:

$$n = (\sigma^2 / \Delta^2) \times t^2.$$

Белгінің үлесін ішінара өлшегендегі іріктеменің орташа катесі келесі формула бойынша анықталады:

$$\mu = \sqrt{\frac{w(1-w)}{n}},$$

осыдан

$$n = w \times (1-w) / \mu^2.$$

t коэффициентін ескере отырып формуланың түрі келесідей болады:

$$n = [w \times (1-w) / \Delta^2] \times t^2.$$

Ішінара зерттеудің қажетті санын анықтағанда σ^2 белгісі немесе оның w үлесінің қалай өзгергені алдын ала белгілі емес және ішінара зерттеуден кейін гана анықталуына байланысты киындық тудырады.

Осы киындықтан шығу үшін σ^2 немесе w накты мағынасының орнына еткен бақылау нәтижесінде немесе қайсы бір сынап ішінара бақылаудың негізінде алынған шамамен алынған мағынасы пайдаланылады. Сактық үшін осы шаманың көтеріңкі мағыналары алынады.

8.2. Іріктеме жиынтықтарды қалыптастыру тәсілдері

Аудандастырылмаган және аудандастырылған іріктеу. Бас жиынтықтың бірліктерінен кездейсок қатаң іріктеуде аудандастырылмаган және қайталама іріктеу, яғни бөліктерге бөлінбеген бүкіл бас жиынтықтан іріктеу жүргізіледі және мұның өзінде бас жиынтықтың саны әр уақытта өзгермейді. Алайда іріктеме жиынтықтарды қалыптастыру практикасы кездейсок іріктеу принципін қолдануға белгіленген жақсарту енгізеді және осы жақсартулар іріктеменің репрезентативтілігін (көрнекілігін) арттырады, сондай-ақ ішінара саны өзгермесе де оның қателігін кемітеді.

Бірінші жақсарту жоғарыда көргендегі аз қатеге жол беретін қайталанбайтын іріктеменің қолданылуымен байланысты.

Екінші жақсарту аудандастырылған іріктеудің қолданылуымен байланысты. Бұл жағдайда бірліктер іріктеме жиынтықка бас жиынтық алдын ала бөлінетін оның жекелеген бөліктерінен (топтарынан) іріктеледі.

Егер жиынтық зерттелетін көрсеткіштердің вариациясына ықпал ететін белгілер (тиpler болады) бойынша бөлінсе, онда осы іріктеу *кәдімгі* деп аталады. Иріктеу кәдімгі болмаса да, ол іріктеме жиынтықтарды қалыптастыруды жеңілдетеді және оның үйімдастыру жағынан артықшылықтары болады. Сонымен бірге іріктеме жиынтықтың барлық бөліктерінің біркелкі көрінүүн қамтамасыз етеді, осының нәтижесінде іріктеменің көрнекілігі артады. Ал кәдімгі іріктеу зерттелетін белгілердің вариациясын кеміте отырып ішінара қатесін төмендетеді.

Шын-кездейсок іріктеу. Шын-кездейсок іріктеу лотереяда немесе жеребе тартумен жүзеге асырылады, ал мұның өзі бүкіл жиынтықтың кез келген бірлігін іріктеудің мүлдем тең мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Жеңіс тиражында қайталанбайтын шын-кездейсок іріктеу қолданылады.

Механикалық іріктеу. Іс жүзінде шын-кездейсок іріктеуді қолдану киын, сондыктан ол сирек пайдаланылады. Әдette іріктеме жиынтықты аудандастырылған механикалық іріктеуде қолданылады.

Механикалық іріктеуде бас жиынтық аралыктарға бөлінеді, содан кейін бірінші аралықтағы бірлікті кездейсок таңдалады, ал осыдан кейін барлық калған аралыктар да соны таңдайды.

Бас жиынтықта бірліктер біздің қызықтыратын белгінің іс-әрекетіне ешқандай ықпал етпейтіндей тәртіппен орналасады, сондыктан механикалық іріктеуде кездейсок іріктеме принципі қамтамасыз етіледі.

Механикалық іріктеуде іріктеменің теориялық орташа қатесі келесі формула бойынша (ішінара орташа шама үшін) анықталады:

$$\mu_{\bar{x}} = \sqrt{\frac{\sigma_i^2}{n} \left(1 - \frac{n}{N}\right)};$$

мұнда: σ_i – топ ішіндегі дисперсиялардың орташа шамасы.

Бас жиынтық зерттелетін көрсеткіш катысында катаң бейтарап топтастары белгісі бойынша топтарға бөлінген жағдайда, топ ішіндегі орташа дисперсия σ , жалпы σ^2 дисперсияға тең болады. Сонымен бірге іріктеме жиынтықта әрбір топты тек бір бірлік білдіруіне байланысты σ -ны іс жүзінде есептеуге мүмкіндік жоқ. Сондыктан механикалық іріктеуде өзіндік-кездесік іріктеуде сияқты ішінара қатесі бар формуласы қолданылады.

Механикалық сұрыпталатын типтік іріктеу. Қарапайым механикалық іріктеуге қарағанда типтік іріктеу кезінде бас жиынтықтың бірліктері бейтарап белгі емес зерттелетін көрсеткіштерге айтарлықтай ықпал ететін белгі бойынша топтастырылады. Сондыктан бұл жерде дисперсияны қосу ережесіне сәйкес σ жалпы σ^2 дисперсиядан аз. Бұл сол бір ішінара қатеге жол берілгенде іріктеменің санын кемітуге мүмкіндік береді.

Типтік іріктеуді топаралық вариация көп болғанда топтық орташа шаманың дисперсиясы жоғарыда қолданған тиімді. Сонымен бірге типтік іріктеуде зерттелетін құбылыстың жекелеген типтерін ішінара толық көрсетуге қол жеткізіледі.

Дисперсияны қосу ережесінен $\sigma^2 = \sigma^2 - \delta^2$ шығады. Сонымен бір уақытта $\delta^2 / \sigma^2 = \eta^2$ – детерминация коэффициентіне тең болады, осыдан $\delta^2 = \sigma^2 \times \eta^2$. Бірінші тендеуге кою келесін береді $\sigma^2 = \sigma^2 - \sigma^2 \times \eta^2 = \sigma^2 \times (1 - \eta^2)$.

Демек, типтеу $1 - \eta^2$ катысында ішінара қатесін азайтады. Егер типтеу жүргізілген белгі мен зерттелетін белгінің арасындағы байланыс тығыз болса, онда ішінара қате айтарлықтай кемиді. Мәселен, $\eta = 0,7$ болса, онда ішінара қате екі есеге дейін кемиді.

Топтардың арасында іріктеме жиынтықтың бірліктерінің саны әдетте бас жиынтықтың топтары бойынша санға пропорционалды (үйлесімді) бөлінеді, сондыктан типтік іріктеуді көбінесе механикалық іріктеменің пропорционалды типтік реттейі деп атайды.

Іріктеме жиынтыкты теориялық жағынан топтағы белгінің вариациясын ескере отырып топтардың арасында, яғни топтардағы бас жиынтықтың бірліктерінің санының тиісті топтық орташа квадраттық ауытқудың көбейтіндісіне пропорционалды белген дұрыс.

Жүйелі іріктеу – зерттелетін белгімен тығыз байланысты қайсы бір белгі бойынша сараланған жиынтықтан механикалық іріктеу типтік іріктеменің түрі болып табылады. Мысалы, жұмысшылардың отбасы бюджетін зерттеу үшін жұмысшыларды зауыт бойынша орташа айлық енбекакы бойынша саралау.

Көп сатылы іріктеме. Типтік реттеуді көп жағдайда іріктеудің бірнеше кезеңімен (сатымен) үйлестіреді. Бұл ретте әр кезеңін өзінің іріктеу бірлігі болады. Осылай іріктеме көп сатылы деп аталады.

Іріктеу сатыларының саны іріктелетін бірліктердің санымен анықталады, мұның өзінде әрбір кейінгі сатыда іріктелетін бірліктер өзінің ауқымы бойынша азаяды және соңғы сатыда іріктелетін бірлік іріктеме жиынтықтың бірлігімен үйлеседі.

Көп сатылы іріктеменің катесі іріктеудің жекелеген сатыларындағы кателерден қалыптасады.

Көп фазалық іріктеме. Көп фазалық іріктеменің іріктеудің барлық сатыларынан айырмашылығының өзі, іріктелетін бір және сол бірлік сакталатынымен көп сатылы іріктеуден ерекшеленеді. Көп фазалық іріктеме белгіленген фазаның санынан тұрады, олардың әркайсысының толық бақылау бағдарламасы болады. Мысалы, бүкіл бас жиынтық үшін зерттеу бір жақты бағдарлама бойынша, ал оның әрбір бесінші зерттеуі – одан толық бағдарлама бойынша жүргізіледі.

Жаппай ұштастырылған ішінера бақылау. Бақылауларды осылай ұштастыру іріктелетін деректердің типтігін тексеруге мүмкіндік береді. Қысқа бақылау бағдарламасы бойынша бақылаудың барлық бірліктері зерттеледі, ал бұдан да толық бағдарлама бойынша типтік топтар ірікten байқалады.

Сериялық іріктеме. Мұнда жиынтықтың жекелеген бірліктері емес бүтін сериясы (ұялары) кездейсок іріктеледі. Серияның ішінде барлық бірліктер тұтастай зерттеледі. Сериялық іріктеудің ұйымдастыру жағынан артықшылықтары бар. Онда іріктеменің катесі ($\delta^2 = \frac{\sum (x_i - \bar{x})^2 n_i}{\sum n_i}$)

ауданараптық дисперсияның негізінде $\mu_i = \sqrt{\frac{\delta^2}{S}}$ формула бойынша анықталады, мұнда S – таңдалған серияның саны, n_s – s -ші сериядағы бірлік саны, x_i – s -ші сериядағы белгінің орташа мағынасы, \bar{x} – белгінің барлық сериядағы орташа мағынасы.

Серияның саны байқалатын бірліктің санынан айтартлықтай аз болуына байланысты, механикалық іріктеумен салыстырғанда сериялық ішінера іріктелетін сипаттамалардың кездейсок катесі көбірек болады. Алайда серия ішіндегі вариация жалпы вариацияның көп белгін сініріп, серияаралық вариацияның үлесіне оның тек шамалы белгілі ғана қалса, бұл жағдайда катесі сериялық іріктемеде де аз болуы мүмкін.

Егер серияның ішінде байқалатын бірліктер ішінера іріктелсе, онда іріктеме екі сатылы болады және іріктелетін сипаттамалардың кездейсок катесі іріктеудің әр сатысындағы кателердің сомасы ретінде анықталады.

Мезеттік бақылаулар. Осы бақылауда белгіленген уақыт сәтінде зерттегендегі процестің жекелеген элементтерінің болуы тіркеледі.

Осындай бақылау жабдықтың жұмыс уақытын пайдалану мен оның жұмыс істейтін уақытын зерттеу үшін қолданылады. Бақыланатын бірліктерді қамтуға байланысты ол жаппай бақылау, белгіленген уақытты қамтуға байланысты ішінара болуы мүмкін.

Шағын іріктеме. Шағын іріктеме деп бірлік саны 20-дан аспайтын іріктеу аталады. Іс жүзінде іріктеме жиынтықтың репрезентативтік (көрнекі) деректерін алу үшін іріктеуді ұлғайту кажет болса да, кейде бақылаудың шамалы санымен шектелуге тұра келеді. Осындай іріктеу өнімнің сапасын тексеру үшін тексерілетін өнім құртылатын (банканы немесе бөтелкені ашу және т.б.) жағдаймен байланысты болуы мүмкін.

Шағын іріктеме кезінде ішінара орташа және шекті қатесін есептеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Шағын іріктеменің орташа қатесі келесі формула бойынша анықталады:

$$\mu_{u.i} = \sqrt{\frac{\sigma^2_{u.i}}{n}},$$

мұнда: $\sigma^2_{u.i}$ – шағын іріктемедегі келесі ерекше формула бойынша есептегендегі дисперсия;

$$\sigma^2_{u.i} = \Sigma (x - \bar{x})^2 / (n - 1),$$

Шағын іріктеменің шекті қатесінің түрі кәдімгідей болады:

$$\Delta_{u.i} = t \times \mu_{u.i}.$$

Алайда бұл жерде t мөлшері кәдімгі іріктемеге қарағанда басқа ықтималдық бағамен байланысты болады. Стыюидент есімді ағылшын ғалымы шағын іріктемеде ықтималдықты бөлудің ерекше заңы қолданылатынын дәлелдеді. Стыюиденттің бөлүіне сәйкес шағын іріктемеде шекті қате t -есе орташа қатеден аспайтын ықтимал баға t -ның мөлшеріне де, сондай-ақ іріктеудің санына да байланысты.

n ұлғайған жағдайда бөлу қалыптыға жетуге тырысады және $n = 20$ -ға тең болғанда қалыптыдан шамалы ғана айырмашылығы болады. Мәселен, кәдімгі іріктемеде $t=1$ тең болса ықтималдық 0,683-ке тең болады, ал 10 бірліктен шағын іріктемеде ықтималдық 0,656-ға, ал 10 бірліктен іріктегенде – 0,670 тең болады. Кәдімгі іріктемеде $t=2$ болса, онда ықтималдық 0,954-ке, 10 бірліктен іріктеуде – 0,924, 20 бірліктен іріктеуде – 0,940-ка тең болады. Кәдімгі іріктемеде $t=3$ болса, онда ықтималдық 0,997-ні, 10 бірліктен – 0,984-ті, 20 бірліктен – 0,992-ні құрайды.

Іріктеме деректердің типтілігін 8.3. тексеру және оларды тарату тәсілдері

Іріктеме деректердің типтілігін тексеру. Іріктеме деректердің репрезентативтілігін (көрнекілігін) әрбір көрсеткіш бойынша орташа және шекті қатені есептеу арқылы ықтимал бағалаумен қоса іріктеме деректердің типтілігін тексеру көбінесе іріктелетін сипаттамаларды жаппай деректермен салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Мысалы, жұмысшыларды ішінара тексеру желісін қалыптастыру үшін іріктелген кәсіпорындардың типтілігі оларды орташа еңбекакы көрсеткіші бойынша барлық кәсіпорындармен салыстыру арқылы тексеріледі. Кәсіпорын шектерінде іріктелген жұмысшылардың типтілігі де осы өлшем бойынша анықталады.

Ішінара бақылаудың деректерін бас жиынтыққа таратудың екі тәсілі: тікелей қайта есептеу тәсілі және коэффициенттер тәсілі колданылады.

Тікелей қайта есептеу тәсілі іріктеу негізінде бас жиынтықтың көлемді көрсеткіштерін бұл үшін орташа немесе іріктемелі үлестерді пайдалана отырып есептегендеге колданылады. Мысалы, ауыл шаруашылығы статистикасында тұрғындардың шаруашылығында сауылған сүттің саны тұрғындардың шаруашылығындағы сиырдың санын ішінара зерттеу барысында алынған орташа сауым сүтке қайта есептеу арқылы анықталады.

Коэффициенттер тәсілі әдетте жаппай зерттеу деректерін тексеру және нақтылау үшін ішінара бақылау жүргізгенде колданылады. Мысалы, тұрғындардың шаруашылығындағы малды жаппай есептеу (санағының) нәтижелері ішінара тексеріледі. Ишінара тексеру жиыны жаппай тексеру барысында алынған нәтижелермен салыстыру арқылы түзету коэффициенті алынады. Осы коэффициенке жаппай есеп нәтижелері көбейтіледі.

Жекелеген ауданда жаппай есеп барысында тұрғындардың шаруашылықтарында белгіленген күні 10 000 кой бар делік. Тексеру үшін жаппай есеп барысында 11 000 кой бары анықталған үй шаруашылықтарының 10%-ы таңдалды. Тексеру 9 бас кой есепке кірмегенін көрсетті, бұл 0,82%-ды құрайды ($9 / 1100 \times 100\%$).

Осы түзету коэффициенті жалпы аудан бойынша 82 бас кой ($0,82\% \times 10000 / 100\%$) есепке кірмегенін анықтауға мүмкіндік береді. Демек, тұрғындардың шаруашылығындағы қойдың жалпы саны 10082 басты құрайды.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Қандай бақылау ішінara бақылау деп аталады? Жаппай бақылаумен салыстырғанда ішінara бақылаудың қандай артықшылықтары бар? Ишінara бақылауда туындастын қате қалай деп аталады?
2. Бас және іріктеме жиынтықтағы үлес пен орташа шамаға анықтама беріңіз.
3. Қайталаңатын және қайталаңбайтын іріктеу кезінде іріктеменің орташа қатесі (орташа шама мен үлес үшін) қай формулалар бойынша табылады?
4. Иріктеменің шекті қатесі. Бас жиынтықтың дисперсиясы мен іріктеме жиынтықтың дисперсиясының арасындағы тәуелділік.
5. Бақылаудың белгіленген қажетті дәлдігін қамтамасыз ететін іріктеудің қажетті саны қай формуламен анықталады?
6. Шын-кездейсек, механикалық, типтік және сериялық іріктеу қалай жүргізіледі?
7. Шағын іріктеме жұмысының қандай ерекшеліктері бар? Шағын іріктеменің қатесі қалай анықталады?
8. Иріктеме деректердің типтілігін тексеру қалай жүзеге асырылады? Иріктеме жиынтықтың деректерін бас жиынтықка таратудың қандай тәсілдері қолданылады?



Ұсынылатын әдебиет

1. Авров А.П. Аврова Ю.А. Общая теория статистики. Основы курса: Учебное пособие. 2-ое изд. доп. – Алматы, 2004. – 112с.
2. Сиденко А.В., Попов Г.Ю., Матвеева В.М. Статистика: Учебник.– М.: Дело и сервис, 2000. – 464 с.
3. Теория статистики: Учебник для вузов / Под ред. Р.А. Шмойловой. – М.: Финансы и статистика, 1996.
4. Ефимова М.Р., Петрова Е.В., Румянцев В.Н. Общая теория статистики: Учебник для вузов. – М.: ИНФРА-М, 1998.
5. Статистика: Курс лекций для вузов / Под ред. В.Г. Ионина. – М.: ИНФРА-М, 1996.
6. Гусаров В.М. Теория статистики: Учебное пособие для вузов. – М.: Аудит. ЮНИТИ, 1998.
7. Гусаров В.М. Теория статистики: Учебное пособие. – М.: ИННТИ, 2000.
8. Рязов Н.Н. Общая теория статистики: Учебник для студ. экон. спец. вузов. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1984. – 343 с.; ил.
9. Общая теория статистики: Учебник / Т.В. Рябушкин, М.Р. Ефимова и др. – М.: Финансы и статистика, 1981.

10. Общая теория статистики: Учебник / Г.С. Кильдишев, В.Е. Освиенко, П.М. Рабинович, Т.В. Рябушкин. – М.: Статистика, 1980.
11. Статистический словарь / Гл. ред. М.А. Королев. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1989.

8.4. Практикум

8.4.1. Ізденуге арналған сұраптар

1. Ішнара бақылау үгымына аныктама берініз және жаппай бақылаумен салыстырғанда оның артыкшылықтарын атаңыз. Бас және іріктеме жиынтықтың үлесі мен орташа шаманың көрсеткіштеріне сипаттама беріңіз.
2. Қайталанатын және қайталанбайтын іріктеу кезінде іріктеменің орташа шамасы мен үлесінің көрсеткіштері үшін іріктеудің орташа қатесін есептей формуласының мазмұнына токталыңыз. Иріктеменің шекті қатесіне аныктама беріңіз.
3. Қайталанатын және қайталанбайтын іріктеу кезінде бақылаудың кажетті дәлдігінің белгіленген ықтималдығын қамтамасыз ететін ішнара кажетті санын есептеуге арналған формуланы келтіріңіз.
4. Иріктеме жиынтықты қалыптастыру жіктеуішін кесте түрінде орынданыз.
5. Шағын іріктеменің жұмыс істеу және оның қателерін анықтау гәртібін айтыңыз.
6. Иріктелетін деректердің типтілігін тексеруді және іріктеме жиынтықтың деректерін бас жиынтықка таратудың тәсілдерін сипаттаңыз.

8.4.2. Типтік есептерді шешу мысалдары

1 - мұсал. 2000 адам жұмыс істейтін бір зауыт жұмысшыларының біліктілігін ішнара зерттегендеге 100 жұмысшы тарифтік разряд бойынша былайша бөлінді (жұмысшылар қайталанбайтын іріктеу схемасы бойынша таңдалды):

Тарифтік разряд	1-ші	2-ші	3-ші	4-ші	5-ші	6-шы	Барлығы
Тандалған жұмысшылардың саны	8	20	25	18	16	13	100

Келесіні: 1) бас жиынтықта орташа тарифтік разряд қай шектерде екенін ($0,954$ ықтималдықпен) және 5 және 6 разряды бар жұмысшылардың үлесін ($0,683$ ықтималдықпен); 2) үлестің қатесі $0,02$ -ден аспау үшін іріктеудің саны қандай болуды тиіс екенін анықтаңыз.

Шешуі. Иріктеме жиынтықтағы жұмысшылардың разрядының орташа разряды мен дисперсияны анықтаңыз. Бұл ретте келесі моменттік (мезеттік) тәсілді пайдалануға болады:

Тарифтік разряд (x)	1-ші	2-ші	3-ші	4-ші	5-ші	6-шы	Барлығы
Іріктелген жұмысшылардың саны (f)	8	20	25	18	16	13	100
x1	-2	-1	0	1	2	3	
x1 × f	-16	-20	0	18	32	39	53
x12	4	1	0	1	4	9	
x12 × f	32	20	0	18	64	117	251

Осыдан бірінші және екінші реттегі сәттер мынаған тең болады:

$$m_1 = (\sum x_i f) / \sum f = 53/100 = 0,53,$$

$$m_2 = (\sum x_i^2 f) / \sum f = 251 / 100 = 2,51.$$

Жұмысшылардың разрядының орташа шамасы моменттік (мезеттік) тәсіл арқылы келесі формула бойынша есептеледі:

$$x = i m_1 + A = 1 \times 0,53 + 3 = 3,53.$$

Дисперсияны моменттік тәсілмен келесі формула бойынша анықталады:

$$\sigma^2 = i^2 (m_2 - m_1^2) = 1^2 (2,51 - 0,53^2) = 2,23.$$

Содан кейін іріктеменің орташа қатесін байланыша есептеуге болады:

$$\mu = (\sigma^2 / n)^{1/2} = (2,23 / 100)^{1/2} = 0,15.$$

Сөйтіп, зауыттың барлық жұмысшылары жиынтығының орташа разрядының жұмысшылардың іріктеме жиынтығының орташа разрядынан ауытқуы 3,38-ден 3,68-ге дейін болады деп күтіледі (0,683 ықтималдықпен). Іқтималдық 0,954-ті құрай үшін аралықты екі еселеу (яғни $t = 2$ сенімділік коэффициентін қабылдау) кажет. Иріктеменің шекті қатесі $\Delta = t \times \mu = 2 \times 0,15 = 0,3$ құрайды, зауыттың барлық жұмысшыларының орташа разряды 3,23-тен бастап 3,83-ке дейін болады деп күтіледі (0,954 ықтималдықпен).

Іріктеме жиынтықта 5 және 6-разрядты жұмысшылардың үлесі тиісінше 0,16 және 0,13-ті құрайды.

Жұмысшылардың үлесі үшін іріктеменің орташа үлесі келесі формула бойынша анықталады:

$$\mu = (w \times (1-w) / n)^{1/2}.$$

Мағыналарды қойып келесі формуланы аламыз:

$$\mu_s = (0,16 \times (1 - 0,16) / 100)^{1/2} = 0,037 \text{ немесе } 3,7\%,$$

$$\mu_u = (0,13 \times (1 - 0,13) / 100)^{1/2} = 0,034 \text{ немесе } 3,4\%.$$

Демек, зауыттың жалпы санында 5-разрядты жұмысшылардың үлесі 0,123, немесе 12,3%-дан 0,197-ге немесе 19,7%-ға дейін деп 0,683 ықтималдықпен айтуға болады. Зауыт жұмысшыларының жалпы санында 6-разрядты жұмысшылардың

Үлесі 0,096 немесе 9,6%-дан бастап 0,164-ке немесе 16,4%-га дейін ықтималдықпен айтуға болады.

Іріктеменің санын үлестің қатесі 0,02-ден аспайтындағы есептеу үшін келесі формуланы пайдаланамыз:

$$n = w \times (1-w) / \mu^2.$$

Әр разрядтағы жұмысшылар үшін іріктеменің қажетті санын мына кестеде есептейміз:

W	$1-w$	$w \times (1-w)$	$n = w \times (1-w) / \mu^2$
0,08	0,92	0,0736	184
0,20	0,80	0,1600	400
0,25	0,75	0,1875	469
0,18	0,82	0,1476	369
0,16	0,84	0,1344	336
0,13	0,87	0,1131	283

Осыдан барынша көп іріктеу 3-разрядтағы жұмысшылардың үлесінің дәлдігін, яғни 469 бірлікті камтамасыз ету үшін қажет екені көрінеді.

2 - мисал. Біртекtes өнім тобында жоғары сұрыпты бұйымның пайызын анықтау үшін ішінәра бақылау жүргізді. Дайын бұйымның 10 000 бірлігінен тұратын топтан механикалық іріктеу кезінде 400 бірлік зерттелді, 320 бұйым жоғары сұрыпка жатқызылды. Бұкіл топта жоғары сұрыпты бұйымның ықтимал пайызын 0,997 ықтималдықпен анықтаңыз.

Шешуі. Иріктеме жиынтықтағы жоғары сұрыпты бұйымның үлесі үшін іріктеменің орташа қатесі келесі формула бойынша анықталады:

$$\mu = (w \times (1-w) / n)^{1/2}.$$

$$n = 400 \text{ және } w = 320/400 = 0,8 \text{ мағынаны қойып } \mu = 0,02 \text{ немесе } 2\% \text{ аламыз.}$$

Ықтималдық 0,997-ні қурау үшін $t=3$ сенім коэффициентін алу қажет. Бұл ретте іріктеменің шекті қатесі $\Delta = t \times \mu = 3 \times 0,02 = 0,06$ немесе 6%-ды құрайды. Сонда бұкіл топта жоғары сұрыпты бұйымның ықтимал пайызы 0,997 ықтималдықпен 74% ($0,8 - 0,06$) бастап 86% ($0,8 + 0,06$ дейін құрайды екен.

3 - мисал. Халық банкінің клиенттерінің есепшотындағы калдықтарды зерттегендеге іріктеме қатесі 50 теңgedен аспайтындағы 0,683 ықтималдықпен іріктеме санын анықтаңыздар. Орташа квадраттық ауытқудың мөлшері 1200 теңге, іріктеуде механикалық іріктеу қолданылғаны белгілі.

Шешуі. Иріктеменің санын анықтау үшін келесі формуланы пайдаланамыз:

$$n = \sigma^2 / \mu^2.$$

$$\text{Мағыналарды қойып } n = 1200^2 / 50^2 = 1440000 / 2500 = 576 \text{ аламыз.}$$

4 - мисал. 100 топ бұйымды ішінара зерттегендеге топтың орташа салмағы 63-ті, ал орташа квадраттық ауытқу – 4,5 кг-ды құрайтыны анықталды. Іріктеме катесін 0,683 ықтималдықпен анықтаңыз.

Шешуі. Іріктеменің орташа катесі келесі формула бойынша анықталады:

$$\mu = (\sigma^2 / n)^{1/2} = (4,5^2 / 100)^{1/2} = 0,45 \text{ кг.}$$

5 - мисал. Откен мысалдың талаптарын пайдалана отырып іріктеме кате 0,3 кг-нан аспайтында (0,683 ықтималдықпен) іріктеудің кажетті санын анықтаңыз.

Шешуі. Іріктеменің кажетті саны келесі формула бойынша анықталады.

$$n = \sigma^2 / \mu^2 = 4,5^2 / 0,3^2 = 225.$$

8.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

8.5.1. Есептер

1 - есеп. Ересек түрғындардың білім деңгейін ішінара зерттегендеге 1000 адам білім деңгейі бойынша былайша бөлінді (респонденттер қайтала маір іріктеу схемасы бойынша таңдалды):

Білім деңгейі, саты	1-ші бастауыш	2-ші негізгі	3-ші орта	4-ші орта кәсіби	5-ші жогары кәсіби	Барлығы
Сан, адам	7	18	35	25	15	100

Мынаны анықтаңыз: 1) бас жиынтықта білімнің орта деңгейі (0,954 ықтималдықпен) және халықтың 4-ші және 5-ші білім деңгейіндегі үлесі (0,683 ықтималдықпен) қай шектерде орналасқанын; 2) үлестің катесі 0,02-ден аспау үшін іріктеменің саны қанша болуы тиіс екенін анықтаңыз.

2 - есеп. 2000 адамға жүргізілген әлеуметтік сауалдаманың нәтижесі бойынша 1700 адамның ел Президентінің саясатын қолдайтыны анықталды. Президенттің саясатын қолдайтын халықтың ықтимал пайыздық ауқымын 0,0097 ықтималдықпен анықтаңыз.

3 - есеп. Шаруашылықтың бидай егілген егістіктерін ішінара зерттеу орташа квадраттық ауытқу 1 шаршы метрге шакканда 30 грамм бидайды құрайтынын көрсетті. Іріктеудің санын іріктеме катесі 3 грамнан аспайтында етіп 0,954 ықтималдықпен анықтаңыз.

4 - е с е п. Зерттелген 100 қап пияздың орташа салмағы 42 кг-ды, ал орташа квадраттық ауытқу – 3 кг-ды күрәді. Бұкіл жиынтықтың бір қап пиязының орта салмағының ықтимал шегін 0,954 ықтималдықпен аныктаныз.

5 - е с е п. Откен есептің талаптарын пайдалана отырып іріктеудің кажеттісінін іріктеме катесі 0,2 кг-нан аспайтындағы етіп аныктаныздар (0,954 ықтималдықпен).

8.5.2. Тест тапсырмалары

1. Кездейсок іріктеме деген не?

- 1) әрбір екінші, төртінші, алтыншы және т.б. бірлікті іріктеу;
- 2) бас жиынтықтан топтарды (ұяларды) іріктеуі;
- 3) бірліктер бас жиынтықтан тәуекелмен іріктеледі;
- 4) жиынтықтың соңғы бірлігін іріктеу;
- 5) типтер іріктеледі.

2. Қайталанатын іріктеу әдісіндегі орташа қате формуласын көрсетіңіз:

$$1) \sqrt{\frac{\sigma^2}{n} \left(1 - \frac{n}{N}\right)} ;$$

$$2) \frac{\sum x}{-n} ;$$

$$3) t \frac{\sigma}{\sqrt{n}} ;$$

$$4) \sqrt{\frac{\sigma^2}{n}} ;$$

$$5) \frac{\sqrt{n}}{\delta} .$$

3. Қайталанбайтын іріктеу әдісіндегі орташа қате формуласын көрсетіңіз:

$$1) \sqrt{\frac{\sigma^2}{n} \left(1 - \frac{n}{N}\right)} ;$$

$$2) \sqrt{\frac{\sigma^2}{n}} ;$$

$$3) \frac{\sum x}{-n} ;$$

4) $t \frac{\sigma}{\sqrt{n}}$.

5) $\frac{\sqrt{n}}{\delta}$.

4. Қайталанатын іріктеу әдісіндегі іріктеменің шекті қатесінің формуласын көрсетіңіз:

1) $t \sqrt{\frac{\sigma^2}{n} \left(1 - \frac{n}{N}\right)}$;

2) $t \sqrt{\frac{\sigma^2}{n}}$;

3) $\frac{t^2 \sigma^2 N}{\Delta N + t^2 \sigma^2}$;

4) $\frac{t^2 \sigma^2}{\Delta^2}$;

5) $t \frac{\sqrt{n}}{\delta}$.

5. Егер іріктеменің орташа қатесі екі есеге ұлғайса іріктеудің шекті қатесі қалай өзгереді?

- 1) 2 есеге ұлғаяды;
- 2) 2 бірлікке ұлғаяды;
- 3) 4 есеге ұлғаяды;
- 4) 4 есеге кемиді;
- 5) 2 есеге кемиді.

6. Қайталанбайтын іріктеу әдісіндегі іріктеме санының формуласын көрсетеңіз:

1) $\frac{t^2 \sigma^2 N}{\Delta^2 N + t^2 \sigma^2}$;

2) $t \sqrt{\frac{\sigma^2}{n} \left(1 - \frac{n}{N}\right)}$;

3) $\frac{t^2 \sigma^2}{\Delta^2}$;

$$4) \frac{\Delta^2}{t^2 \sigma^2};$$

$$5) t \sqrt{\frac{Q^2}{n}}.$$

7. Іріктеменің шекті катесін сол ықтималдықпен кеміту үшін іріктеудің санын қалай өзгерту қажет?
- 1) 2 есеге арттыру;
 - 2) 2 есеге кеміту;
 - 3) өзгеріссіз қалдыру;
 - 4) 4 есеге арттыру;
 - 5) 4 есеге кеміту.
8. Механикалық іріктеу дең не аталады?
- 1) әрбір бесінші, оныншы және т.б. бірлікті іріктеу;
 - 2) бірлікті тек бір топта кездейсоқ іріктеу;
 - 3) бас жиынтықтан бірлікті тәуекелмен іріктеу;
 - 4) бірлікті барлық топтардан кездейсоқ іріктеу;
 - 5) іріктеменің бірнеше тәсілін пайдаланып іріктеу.
9. Шағын іріктеме үшін қайсысы әділ болып табылады?
- 1) қатенің дисперсиясы мен орташа шамасы үлкен іріктеумен салыстырғанда көп;
 - 2) қатенің дисперсиясы мен орташа шамасы үлкен іріктеумен салыстырғанда аз;
 - 3) қатенің дисперсиясы мен орташа шамасы үлкен іріктеме қатесінің дисперсиясы мен орташа шамасымен бірдей;
 - 4) үлкен іріктеумен салыстырғанда қатенің дисперсиясы көп, ал орташа шамасы аз;
 - 5) үлкен іріктеумен салыстырғанда қатенің дисперсиясы аз, ал орташа шамасы көп.
10. Ішінша бакылаулардың деректерін бас жиынтыққа таратудың қай тәсілдері қолданылады?
- 1) абсолюттік және қатысты көрсеткіштер;
 - 2) орташа көрсеткіштер мен вариация көрсеткіштері;
 - 3) іріктеменің орташа және шекті кателері;
 - 4) қайталанбайтын және қайталанатын іріктеме;
 - 5) тікелей қайта есептеу және коэффициенттер.

9-ТАҚЫРЫП

ДИНАМИКА ҚАТАРЛАРЫ

9.1. Динамика қатарлары және оның түрлері

Статистикада **динамика қатарлары** деп күбылыштың дамуын көрсететін және хронологиялық тәртіпте жүйелі түрде орналаскан қатарлар аталағы.

Динамика қатарында әрбір уақыт кесіндісі үшін екі көрсеткіш, яғни уақыт көрсеткіші *и* және қатардың деңгейі у келтіріледі.

Динамика қатарлары динамика қатарларында келтірілетін түрлері бойынша жинактап қорытылған көрсеткіштер мен уақыт белгісінің сипаттамасы бойынша жіктеледі.

Динамика қатарларында келтірілетін жинактап қорытылған көрсеткіштердің түріне сәйкес оларды *абсолюттік*, қатысты және орташа шамалы динамика қатарларына бөлуге болады.

Қоғамдық күбылыштың даму деңгейлері белгіленген уақыт сәтінде немесе динамика қатарлары белгіленген уақыт сәтінде не болмаса белгіленген уақыт кезеңінде сипатталуына байланысты *мезеттік* не болмаса аралық динамика қатарының түрін қабылдайды.

Мысалы, халықтың саны, экономикада жұмыс істейтіндердің немесе жұмыссыздардың саны, тауарлық запастың болуы, дәнді дақыл егістігінің көлемі жөніндегі деректер белгіленген күнге қалыптасқан жағдай бойынша табыс етілуі мүмкін.

Осы деректер белгіленген кезеңін, мысалы, жылдың орташа немесе абсолюттік көрсеткіштері ретінде табыс етілуі мүмкін.

Күбылыштың жай-күйі сол сәтте, ал оның өзгерісі – кезең ішіндегі деп ескеріледі.

Абсолюттік шама динамикасы қатарларының негізінде қатысты және орташа шама динамикасының қатарларын алуға болады.

Динамиканың мезеттік және аралық қатарларында абсолюттік, қатысты және орташа шамаларды 9.1-кестеде келтірілген.

Өсу қарқынының (мысалы, өнім өндірісінің) катарапары, күрылымның (мысалы, республикалық бюджеттің табысы мен шығысының) өзгеруі және интенсивті көрсеткіштерінің өзгерістері (мысалы, өнімнің жан басына шағылған өндірісі, 100 га жер алқабына шағылған малдың саны) қатысты шама динамикасының аса маңызды түрі болып табылады. Мысалы, ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімділігі, бір жұмыс істейтін адамға шағылған орташа өнім өндірісі жөніндегі деректер орташа шама катарапына жатады.

9.1. Қазақстан Республикасының 2000-2004 жылдардағы дамуының жекелеген әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің динамикасы

Көрсеткіш	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.
1. Мезеттік катарапар					
Халықтың жыл соңындағы саны, мың адам ¹	14865,6	14851,1	14866,8	14951,2	15074,8
Жыл соңында жұмыссыз ретінде тіркелген адам саны, мың адам ¹	231,4	216,1	193,7	142,8	117,7
Халықтың жыл соңындағы депозиті, млн теңге ¹	88280	184864	250681	335411	441176
Жыл соңында жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтардың, 1000 тұрғынға шағылған саны, адам ²	15,6	14,6	13,0	9,6	7,8
Халықтың жыл соңындағы депозитінің 1 адамға шағылған орташа мөлшері, теңге ²	593,9	1244,8	1686,2	2243,4	2926,6
2. Аралық катарапар					
Жалпы ішкі өнім, млрд теңге ¹	2599,9	3250,6	3776,3	4612,0	5542,5
Жұмыс істейтін халық, мың адам ¹	6201,0	6698,8	6708,9	6985,2	7181,8
Орташа айлық атаулы еңбекакы, теңге ¹	14374	17303	20323	23128	28270
Жан басына шағылған ЖІӨ, мың теңге ¹	174,7	218,8	254,2	309,3	369,2
Мемлекеттік бюджеттің шығыны, ЖІӨ-ге % -бен ¹	23,2	23,4	22,3	24,0	23,9
Гаяар экспортты, млн АҚШ доллары ¹	8812,2	8639,1	9670,3	12926,7	20096,2
ЖІӨ дефляторы, % ²	117,4	110,2	105,8	111,7	109,8

Ескерту: 1. Дереккөз: Қазақстанның статистикалық қысқа жылнамасы. Статистикалық жинақ / К.С. Әбдиевтің редакциялауымен. – Алматы, 2005. – 216 б. – Ж. 5–6.

2. Есептелді: Қазақстанның статистикалық қысқа жылнамасы. Статистикалық жинақ / К.С. Әбдиевтің редакциялауымен. – Алматы, 2005. – 216 б. – Ж. 5–6.

Динамика катарапында жыл, тоқсан және ай ең жиі қолданылатын үақыт аралығы болып табылады. Кейде он құндік, апта, бес құндік немесе қүндер

сиякты шағын аралық та қолданылады. Қоймалардағы материалдың коры жөніндегі деректерді, банк шоттарындағы қаражаттың қалдығын, тауар сатудан алынған түсімді осындай динамика қатарының мысалы ретінде атаяға болады. Сонымен бірге бес жылғы кезеңдегі астық дақылының орташа түсімділігі сиякты ірі уақыт аралығын да қолданған дұрыс.

Қатарлардың деңгейін салыстыруға болса, онда динамика қатарларын талдауға болады. Статистикалық деректерді уақыт бойынша салыстыруға болмайтын негізгі себептерге, атап айтқанда аумақтық өзгерістердің (облыстар мен аудандарды біріктіру және бөлу), есеп біrlігін өзгерту (рубльден тенгеге көшу), валюта бағамының өзгеруі (1999 жылғы сәуірде еркін құбылмалы теңге бағамына көшу), құбылыстың статистикалық бақылаумен қамтылуының әр түрлі дәрежесі, статистикалық бақылау әдіснамасын жетілдіруге байланысты болады.

Кейде динамика қатарындағы деңгейлерді салыстырмалы деңгейге, яғни талдауға жарамды түрге келтіру үшін динамиканың қатарын тұтастыру деп аталатын тәсілді қолдануға тұра келеді. Бұл бір әдіснама бойынша немесе бір шектерде есептелген қатарлардың деңгейі, содан кейін басқа әдіснама бойынша немесе басқа шектерде есептелген қатарлардың деңгейлері болған жағдайда орын алады.

Осы екі қатарды тұтастыру мақсатында өтпелі буын үшін екі әдіснама немесе екі шекара бойынша деңгейлерді есептеу қажет. Бұдан кейін өтпелі буынның көрсеткіш деңгейлерінің қатынасын білдіретін коэффициент анықталады. Осы коэффициент бірінші қатардың деңгейлерін қайта есептеу үшін пайдаланылады. Мысалы, 1993 жылдың қарашасында ұлттық валютаның, яғни тенгенің енгізілуі жана деректерді өткен жылдардың деректерімен салыстыруға мүмкін болмауы на әкеп соқтырды. Сонымен қатар 1993 жылдың құндық деректері рубльдеде, сондай-ақ теңге де бағалануына байланысты қайта есептеу коэффициентінің (500-ге тең) көмегімен өткен жылдың деректерін теңге де көрсетуге мүмкіндік берді.

9.2. **Динамика қатарларының аналитикалық (талдамалы) көрсеткіштері және динамика қатарларын талдау тәсілдері**

Қатардың бірінші мүшесінің мөлшерін көрсететін y_1 қатарының бастапқы деңгейі, қатардың соңғы мүшесінің мөлшерін көрсететін y_n соңғы деңгей және қатардың y орта деңгейі болады. Динамиканың аралық және мезеттік қатарының орташа деңгейін есептеудің әр түрлі әдістері қолданылады.

Аралық қатарда, егер барлық аралыктар өзара тең болса, катаңдың орташа деңгейі арифметикалық жаһ орташа шама формуласы бойынша есептеледі:

$$\bar{y} = (\Sigma y) / n,$$

мұнда: Σy – катаң деңгейлерінің сомасы;

n – олардың саны.

Динамиканың аралық катаңларында даму үрдісін айқын көрсету үшін аралыктарды ірілендіру әдісі жиі пайдаланылады. Мәселен, күнделікті сату динамикасын апта сайынғы сату динамикасына айналдыруға болады, осының нәтижесінде апта ішіндегі сату көлемінің ауытқуы жойылады

Ауыл шаруашылығы өнімінің жыл сайынғы өндірісінің көлемі көбінесе ауа райы жағдайының ықпалын санамай үш жылғы немесе бес жылғы кезеңдердің өндіріс көлемінің динамикасына ірілендіріледі.

Егер аралық катаңлардағы аралыктар әр түрлі болса, онда катаңдың орташа деңгейі салмақталған келесі арифметикалық орташа шама формуласы бойынша есептеледі:

$$\bar{y} = (\Sigma yf) / \Sigma f$$

мұнда: Σy – катаң деңгейлерінің сомасы;

f – катаңлардың әр түрлі аралыктары қайта құрылатын кезеңдердің саны.

Динамиканың мезеттік қатарындағы катаңдың орташа деңгейі хронологиялық орташа шама формуласы бойынша келесідей есептеледі:

$$\bar{y} = (1/2 y_1 + y_2 + \dots + y_{n-1} + 1/2 y_n) / (n - 1),$$

мұнда: n – динамика катаңларының деңгей саны.

Формула кезеңнің басы мен соңында калыптаскан жағдайда жекелеген сэттердің арасындағы кезеңдерді есептеу нәтижесінде деңгейлердің жарты сомасы түрінде алынады.

Динамика көрсеткіштері. Динамиканы талдау үшін динамиканың статистикалық қатарларындағы келесі көрсеткіштер есептеледі: өсу қарқыны T , абсолюттік өсім Δ , өсімнің қатысты қарқыны T_Δ (басқаша айтканда өсім қарқыны) және бір пайыз өсімнің абсолюттік мөлшері.

Өсу қарқыны T деп бір кезеңнің деңгейінің екінші кезеңнің деңгейін катынасы аталады. Өсу қарқыны қатаңдың барлық деңгейлері кайсы бір кезеңнің базалық ретінде кабылданған деңгейіне катысты базистік ретінде есептелуі мүмкін. Олар әрбір кезеңнің деңгейлері өткен кезеңнің деңгейлерімен байланысты болғанда оларды тізбекті қарқын ретінде есептеуге болады.

Егер катынастың негізі өлшем ретінде қабылданса, онда базистік және тізбекті өсу қарқының коэффициент ретінде есептеуге және катынастың негізі 100 ретінде қабылданса, онда пайыз ретінде есептеуге болады. Мұның өзінде әдетте коэффициенттер үтірден кейінгі үш белгіге дейін дәл, ал пайызды – бір белгіге дейін келесідей дәл есептеледі:

$$T_{miz} = y_i / y_{i-1}; T_{baaz} = y_n / y_o.$$

немесе

$$T_{miz} = [y_i / y_{i-1} \times 100] - 100; T_{baaz} = [y_n / y_o \times 100] - 100$$

Мұнда: y_i , y_{i-1} – алдыңғы тізбекті деңгейлері;

y_o – базистік ретінде қабылданған деңгей;

y – сонғы деңгей.

Егер қарқын коэффициентте білдірілсе, онда келесі ережені пайдалана отырып тізбекті қарқыннан базистікке және кері көшу онай:

1) тізбекті қарқынның көбейтіндісі базистікке тең;

2) екі базистік қарқынды бөлуден алынған бөлінді тізбектіге тең.

Абсолюттік өсім Δ қатар деңгейлерінің айырмасы ретінде есептеледі және қатар көрсеткіштерін есептеу бірліктерінде көрсетіледі. Ол жекелеген уақыт кезеңдері үшін де, сондай-ақ қатардың басынан бастап бүкіл уақыт кезеңдері үшін де келесідей есептеледі:

$$\Delta_{tiz} = y_i - y_{i-1}; \Delta y_{baaz} = y_n - y_o.$$

Егер аралық ішіндегі орташа абсолюттік өсімді есептеу кажет болса, онда жинақталған (базистік) өсімді аралық санына бөлу кажет.

Өсім қарқыны T_{Δ} абсолюттік өсімді бастапкы деңгейдің мөлшеріне (коэффициенттерге) бөлу және 100-ге (пайызға) көбейту арқылы былайша есептеледі:

$$T_{\Delta tiz} = \Delta y_i / y_{i-1}; T_{\Delta baaz} = \Delta y_n / y_o.$$

немесе

$$T_{\Delta tiz} = \Delta y_i / y_{i-1} \times 100; T_{\Delta baaz} = \Delta y_n / y_o \times 100.$$

Оны өсу қарқыннан бірді немесе 100 санын шегеру арқылы да есептеуге болады:

$$T_{\Delta tiz} = T_{miz} - 1; T_{\Delta baaz} = T_{baaz} - 1;$$

немесе

$$T_{\Delta miz} = T_{miz} - 100; T_{\Delta baaz} = T_{baaz} - 100.$$

Өсімнің 1% абсолюттік магынасы абсолюттік өсімді өсім қарқынна
бөлуден алынған бөлгішке тең болады. Ал өсімнің қарқыны 100-ге

көбейтілген бастапқы деңгейдің мөлшеріне бөлуден алынған бөлгішке тең болуына байланысты, өсімнің 1% абсолюттік мағынасы 100-ге бөлінген бастапқы деңгейдің мөлшеріне тең болады. Өсімнің базистік қарқыны үшін барлық жылдар үшін бірдей, ал тізбекті үшін – былайша өзгереді:

$$1\% \text{ өсімнің абсолюттік мәні, } A 1\% = \frac{\Delta y}{T \Delta y} = \frac{\Delta y}{(\Delta y_i / y_{i-1}) \times 100} = \\ y_{i-1} / 100 = 0,01 y_{i-1};$$

Өсу мен өсімнің орташа қарқынын есептеу. Оларды есептеу үшін қарқының сомасының маңызы болмағандықтан, арифметикалық орта шамасы формуласын көлдануға болмайды. Базистік өсу қарқыны коэффициентте көрсетілген тізбекті қарқының көбейтіндісін білдіреді. Сондыктan өсудің орташа қарқынын есептеу үшін геометриялық орташа шама формуласын қолдану қажет, яғни динамиканың тізбекті өсу қарқындарын көбейтіп, олардың көбейтіндісінен тұбірді алады:

$$\bar{T} = \sqrt[n-1]{T_1 \times T_2 \dots T_{n-1}} = \sqrt[k]{T_1 \times T_2 \dots T_k},$$

мұнда: T – коэффициентте көрсетілген тізбекті қарқын;

$K = n-1$ – қарқын саны;

$n - 1 - 1$ -сіз мерзім саны.

Егер базистік қарқын болса, онда одан тиісті дәрежедегі тұбірді алуға болады. Ал базистік қарқын соңғы кезеңнің абсолюттік деңгейін базистік деңгейге бөлу арқылы келесідей алынады:

$$\bar{T} = \sqrt[n-1]{\frac{y_n}{y_o}},$$

Орташа өсімнің қарқыны орташа өсу қарқынынан бірді шегеру арқылы анықталады.

9.1-кестеде көлтірілген орташа айлық атаулы еңбекақының деректерін пайдалана отырып, динамиканың көрсеткіштерін (9.2-кесте) есептеу тәртібін мысалда қарастырайық.

Бұдан кейін орташа айлық еңбекақының өзгеруінін орташа деңгейі мен орташа жылдамдығының көрсеткіштерін есептейміз.

Казакстан Республикасында 2000-2004 жылдары орташа айлық ^{атау-} лы еңбекақының орташа деңгейі арифметикалық орташа шама формуласы бойынша былайша анықталады.

$$y = (14374 + 17303 + 20323 + 23128 + 28270) / 5 = \\ = 103398 / 5 = 20680 \text{ тенге.}$$

9.2. Қазақстан Республикасында 2000-2004 жылдары атаулы оргаша айлық еңбекақының көрсеткішін есептеу

Көрсеткіш	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.
Орташа айлық атаулы еңбекақының абсолюттік өсімі, теңге:				
өткен жылмен салыстырганда	2929	3020	2805	5142
2000 жылмен салыстырганда	2929	5949	8754	13896
Өсу қарқыны, %				
өткен жылға	120,4	117,5	113,8	122,2
2000 жылға	120,4	141,4	160,9	196,7
Өсу қарқыны, %				
өткен жылға	20,4	17,5	13,8	22,2
2000 жылға	20,4	41,4	60,9	96,7
Орташа айлық атаулы еңбекақының 1% өсімінің абсолюттік мәні, теңге	143,7	173,0	203,2	231,3

2001-2004 жылдары орташа айлық атаулы еңбекақының орташа жылдық абсолюттік өсімі 2001-2004 жылдары еңбекақының арифметикалық орташа өсімі немесе 2004 жылды базистік еңбекақының абсолюттік өсімінің бір шегерілген кезең санына қатынасы (2000 жылға) ретінде келесідей анықталады:

$$\bar{\Delta} = (2929+3020+2805+5142)/4 = 13896/4 = 3474 \text{ теңге}$$

немесе

$$\bar{\Delta}_y = (28270 - 14374)/(5-1) = 13896/4 = 3474 \text{ теңге.}$$

2001-2004 жылдары орташа айлық атаулы еңбекақының орташа жылдық өсу қарқыны 2001-2004 жылдары еңбекақының өсуінің геометриялық орташа қарқыны немесе 2004 жылды базистік (2000 жылға) өсу қарқынының $(n-1)$ -ші дәрежедегі түбір ретінде келесідей есептеледі:

$$\bar{T} = (1,204 \times 1,175 \times 1,138 \times 1,222)^{1/4} = (1,967)^{1/4} = 1,184 \text{ немесе } 118,4\%;$$

$$\bar{T} = (28270/14374)^{1/4} = (1,967)^{1/4} = 1,184 \text{ немесе } 118,4\%.$$

2001-2004 жылдары орташа айлық атаулы еңбекақының орташа жылдық өсім қарқыны өсу қарқынынан 100-ді шегеру арқылы келесідей анықталады.

$$\bar{T}_{\Delta} = \bar{T} - 100 = 118,4 - 100 = 18,4\%.$$

Аттас мөлшерлердің динамика қатарларын салыстырмалы талдау. Бұл жағдайда динамиканың қарқынын ғана емес, сонымен бірге абсолюттік мөлшерлерді де салыстыруға мүмкіндік бар. Мысалы, әр түрлі елдерде жекелеген өнім өндіру динамикасын өзара байланыстыра отырып

салыстыруға болады. Мәселен, егер 2004 жылы Қазақстанда 59,4 млн тонна мұнай (газ конденсатын қоса алғанда) өндірлсе, Әзіrbайжанда 15,5 млн тонна немесе 3,8 есе аз өндірілді. Сонымен бірге Қазақстанда мұнай өндіру Ресейде өндіру деңгейінің (459 млн тонна) бар-жоғы 12,9%-ын құрады. Қазақстанда газ конденсатын қоса алғанда мұнай өндірудің өсу қарқыны – 115%-ды, Әзіrbайжанда – 101%-ды, Ресейде 109%-ды құрады.

Жекелеген абсолюттік көрсеткіштерді салыстырғанда елдердің халық саны бойынша немесе елдің мөлшерін («салмағын») сипаттайтын басқа да көрсеткіштер бойынша айтарлықтай айырмашылығы бар екенін ескеру кажет. Мәселен, Әзіrbайжан халқының саны Қазақстаннан екі есеге жуық аз (2005 жылдың басында тиісінше 8,3 және 15,1 млн адам), ал Ресейде көрісінше халықтың саны Қазақстанмен салыстырғанда анағұрлым көп (143,6 млн адам).

Динамика қатарларының жалпы негізге келтіру. Әр түрлі құбылыстардың немесе әр түрлі елдердің не өнірлердің динамика қатарларының салыстырғанда тек салыстырмалы көрсеткіштер пайдаланылады. Бұл үшін әдетте қайсы бір біртұтас салыстыру базасына (біртұтас жылға) динамиканың базистік қарқыны анықталады. Салыстыру базасы құбылыс әдetti даму жағдайында болған жылды, кезеңді немесе уақыттың мезетін билдіруі тиіс. Осы тәсіл динамиканың қатарларының жалпы негізгі немесе жалпы салыстыру базасына келтіру деп аталады. Өсу динамикасы айқын білінген қатарларда база ретінде қатардың бірінші элементі пайдаланылады. Егер қатарларда өсу қарқыны байқалмаса, онда қатарлардың орташа деңгейлерін жалпы негізге алу керек. Салыстырылатын қатарлардың өсу қарқынының арақатынасы озу коэффициенттері деп аталады.

Мысалы, егер 2004 жылы орташа айлық атаулы енбекакы 1990 жылдағы оның деңгейінен 53,3 есе асты, ал осы кезеңде тұтыну баға 83,3 мың есеге өсті. Нәтижесінде 2004 жылы накты енбекакы 1990 жылдағы оның деңгейінің 64,2%-ын ғана құрады ($53,3/83,3 \times 100 = 64,2$).

9.3. Динамика қатарларының үрдісін анықтау әдістері

Динамика қатарларының өсу үрдісін анықтау науқандық ауытку¹³ анықтауға, келешектегі құбылысты болжауға, сондай-ақ басқа мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Бұл ретте жылжымалы орташа шаманың немесе динамика қатарларының деңгейлерін аналитикалық (талдамалы) тенестіру арқылы тегістеу әдістері пайдаланылады.

Жылжымалы орташа шаманың тәсілімен динамика қатарларын тегістеу. Бастапқы динамиканы қатардың орнына қатардың ба-

сынан жүйелі түрде жылжи отырып, қатардың элементтерінің орташа мағыналарын есептеуде жана қатар құруға болады.

Мисалы, қатардың алғашкы үш элементтінің орташа мөлшерін есептеп, оны орташаланатын топтың ортадағы элементтінің (бұл жағдайда – екінші) жана қатарының мағынасы ретінде жазуға болады. Бұдан кейін екінші элементтен бастап қатардың үш элементтінің орташа мағынасы жазылады және бастапқы қатардың үшінші элементтің қарама-қарсы жазылады. Алынған жана қатар бастапқы қатардың динамикасын тегістейді және үрдісті айқын көрсетеді.

Қатардың шеткі мүшелері тегістеусіз қалуы жылжымалы орташа шаманың динамикасын тегістеу әдісінің кемшілігі болып табылады. Мысалы, үш мүшелік жылжымалы орташа шамада – бірінші және соңғы мүшелер, төрт және бес мүшелікте – алғашкы және соңғы екі мүше тегістелмейді.

Осы әдістің басқа түріне өсімдік өсіру статистикасында кен колданылатын уақыт аралығын ірілендіру әдісі жатады. Ауыл шаруашылығы өндірісінің динамикасы ауа райы жағдайларына өте байланысты, ал мұның өзі ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімділігіне айтарлықтай ауыткуына әкеп соктырады. Сонымен бірге ірілендірілген жылдар аралықтары (әдette 3-5 жыл) ауа райы жағдаймен байланысты жылдар арасындағы ауыткуларды тегістеуге мүмкіндік береді.

Динамика қатарын тік сзықтық тендеуі бойынша аналитикалық тенестіру. Жылжымалы орташа шама динамикасының қатарын тегістеңнен кейін даму динамикасын сипаттайтын сынық сзық пайда болады. Қатарды аналитикалық тегістеуде дамудың бір қалыпты сзық (тренд) болуы тиіс. Сынық сзық тік немесе қайсы бір басқа сзық бойынша тегістеуге болады.

Егер теориялық талдау осы құбылыс арифметикалық прогрессияда, яғни біркелкі абсолюттік өсіммен дамыса, онда тегістеу үшін тік сзық тендеу формуласы үйлеседі. Геометриялық прогрессияда даму гипотезасы колданылған жағдайда жоғары реттегі сзықтарды немесе үлгілік функцияны пайдалану қажет.

Тік сзық тендеуінің түрі мынадай болады:

$$y_t = a_0 + a_1 \times t,$$

Үндә: y_t – тегістелген қатардың есептелуі тиіс деңгейлерінің мағынасы;

a_0 и a_1 – тік сзықтың параметрлері;

t – уақыт көрсеткіштері.

Мәселені тік сзық деңгейі қатардың накты деңгейлеріне барынша жақын болатындаш шешу қажет. Ол үшін ен аз квадрат әдісі колданылады, яғни ауытку квадраттарының сомасы (накты деңгейлердің геометриялықтан) ен аз болатын жағдайға арналған есеп шыгарылады:

$\Sigma[y - (a_0 + a_1 \times t)]^2 = f(a_0, a_1) = \min,$
мұнда: y – динамика қатарларының накты деңгейлері.

Ен аз функция алғашкы жеке туындылар нөлге тең болатын нүктелерде орналасатыны белгілі. Оларды есептеп және нөлге теңеп келесі тендеу жүйесін аламыз.

$$\begin{aligned}\Sigma y &= na_0 + a_1 \Sigma t, \\ \Sigma yt &= a_0 \Sigma t + a_1 \Sigma t^2,\end{aligned}$$

мұнда: n – динамика қатары деңгейлерінің саны.

Есепті оңайлату үшін t кезеңдері $\Sigma t = 0$ болатындай белгіленеді. Сонда есепті шешу нәтижесінде a_0 және a_1 тік сызықтың параметрлері келесі формула бойынша есептеледі:

$$\begin{aligned}a_0 &= \Sigma y / n \text{ (динамика қатарының орташа деңгейі),} \\ a_1 &= \Sigma yt / \Sigma t^2 \text{ (тік сызықтың абсисса осіне еніс бұрыш).}\end{aligned}$$

Тараудың басында келтірілген орташа атаулы еңбекақы динамикасының накты деңгейлерін тегістейтін a_0 және a_1 тік сызықтардың параметрлерін есептейміз (9.3-кесте).

9.3. a_0 және a_1 тік сызықтарының параметрлерін есептеу

Көрсеткіш	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	Сома
Орташа атаулы айлық еңбекақы, теңге (y)	14374	17303	20323	23128	28270	103398
Уақыт кезеңі (t)	-2	-1	0	1	2	0
t^2	4	1	0	1	4	10
yt	-28748	-17303	0	23128	56540	33617
$a_0 = \Sigma y / n$						20680
$a_1 = \Sigma yt / \Sigma t^2$						3362

Жоғарыда есептегендей Қазақстан Республикасында 2000-2004 жылдары орташа айлық атаулы еңбекақының орташа деңгейі a_0 тік сызықтың параметрінің мағынасына дәл сәйкес келеді. Сондай-ақ 2001-2004 жылдары атаулы айлық орташа еңбекақының 3474 теңгени құрайтын абсолюттік өсімі (накты мағына) анықталды. Біздің жағдайда абсолюттік өсімнің теориялық мағынасы 3362 теңгени құрайды, бұл накты мағынаға біршама жақын. Демек, тік сызық гендеуі еңбекақының динамика қатарын жақсы тегістейді.

Интерполяция және экстраполяция. Қатарларды тегістеу қатардың жетіспейтін мүшелерін табуға (интерполяция) немесе құбылыстың одан әр дамуына (экстраполяция) болжауға мүмкіндік береді. Болжау болжанатын құбылыстың дамуының зандылығын, осы факторларды анықтайтын фак-

торларды білуге, сондай-ак осы факторлар болжанатын кезеңде өзін қалай үстайтынын білуге негізделеді. Сөйтіп, болжау күрделі экономикалық-статистикалық жұмыс болып табылады және осы жұмыста қалыптаскан зандылықты дұрыс зерделесе экстраполяция әдістері тиісінше көмек көрсете алады.

Орташа айлық атаулы енбекақының динамика қатарларының нақты деңгейін тегістейтін тік сызықтың есептелген параметрлерін пайдалана отырып, 2005 жылдың енбекақысының болжанатын мағынасын экстраполяция әдісімен есептейміз. Ол 2004 жылдың деңгейінен 3362 теңгеге жоғары болады және 30765 теңгені құрайды.

Маусымдық ауытқуды зерттеу әдістері. Кейбір әлеуметтік-экономикалық құбылыстар жыл, ай немесе апта бойы айқын сезіледі. Осы құбылыстардың көрсеткіштері динамикасының қатарларына белгіленген уақыт кезеңдерінің ауытқулары тән болады. Мысалы, маусымдық ауытқуға туристердің саны, өсімдік өсіруде жұмыс істейтіндердің саны, тұрмыстық қажетке отын мен электр энергиясын тұтыну, тауар сату, көкөніс пен жемістің бағалары жатады.

Маусымдық ауытқу өндірістің айрықша жағдайларына немесе тауарды тұтынумен байланысты динамика қатарындағы жыл ішіндегі аздық-көпті тұракты ауытқулар аталады.

Маусымдық ауытқулардың *маусымдық индекстері* (*I*) болады, олар аттас айлардагы нақты деңгейлердің тегістелген деңгейлерге пайыздық катынасынан есептелген орташа шамасы болып табылады. Мұның өзінде бірнеше жылдың (әдетте үштен кем емес) деректері алынады:

$$I = [\Sigma(y_i/y_0) \times 100] / n = \bar{Y} / Y_0 \times 100,$$

Мұнда: *n* – аттас деңгейлердің саны.

9.4. Қазақстанның екінші деңгейдегі банктерінің таза табысының маусымдық индекстерін есептеу, млн тенге

Күн	y	t	t ²	y _t	y ₀	Y/y	I
1	2	3	4	5	6	7	8
01.11.2002	16826	-14	196	-235564	11218	150,0	153,5
01.12.2002	18872	-13	169	-245336	11712	161,1	156,1
01.01.2003	20569	-12	144	-246828	12207	168,5	153,0
01.02.2003	1558	-11	121	-17138	12701	12,3	16,3
01.03.2003	2649	-10	100	-26490	13195	20,1	25,7
01.04.2003	6305	-9	81	-56745	13689	46,1	46,7
01.05.2003	7920	-8	64	-63360	14184	55,8	59,9
01.06.2003	10803	-7	49	-75621	14678	73,6	80,6
01.07.2003	16036	-6	36	-96216	15172	105,7	110,9
01.08.2003	16551	-5	25	-82755	15667	105,6	118,9

Кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7	8
01.09.2003	19261	-4	16	-77044	16161	119,2	131,0
01.10.2003	22462	-3	9	-67386	16655	134,9	144,8
01.11.2003	25353	-2	4	-50706	17149	147,8	153,5
01.12.2003	27340	-1	1	-27340	17644	155,0	156,1
01.01.2004	28801	0	0	0	18138	158,8	153,0
01.02.2004	4448	1	1	4448	18632	23,9	16,3
01.03.2004	6521	2	4	13042	19126	34,1	25,7
01.04.2004	9304	3	9	27912	19621	47,4	46,7
01.05.2004	12861	4	16	51444	20115	63,9	59,9
01.06.2004	18060	5	25	90300	20609	87,6	80,6
01.07.2004	24515	6	36	147090	21104	116,2	110,9
01.08.2004	28547	7	49	199829	21598	132,2	118,9
01.09.2004	31531	8	64	252248	22092	142,7	131,0
01.10.2004	34940	9	81	314460	22586	154,7	144,8
01.11.2004	37561	10	100	375610	23081	162,7	153,5
01.12.2004	35895	11	121	394845	23575	152,3	156,1
01.01.2005	31676	12	144	380112	24069	131,6	153,0
01.02.2005	3109	13	169	40417	24564	12,7	16,3
01.03.2005	5726	14	196	80164	25058	22,9	25,7
Сомасы	526000	0	2030	1003392	526000		
$a_0 = \Sigma y / n =$	18137,9	$a_1 = \Sigma yt / \Sigma t^2 =$	494,3				

Ескертү: Казақстанның екінші деңгейдегі банктарнің таза табыс жөніндегі деректері (у) КР Ұлттық банктің веб-сайтынан алынды: www.nationalbank.kz. Қаржылық есептілік/Банк секторы. 30.04.2005.

Динамиканың тұрақты қатарларындағы маусымдық индекстерін есептеу. Қатарда өсудің айқын үрдісі болмауы әрбір айдан көрсеткіш деңгейінің бірнеше жылдың орташа шамасын анықтауға мүмкіндік береді, кейін олар жыл ішіндегі көрсеткіштің орташа деңгейімен (жалпы орта шамамен) байланысты болады. Алынған индекстер маусымдық толқын көрсеткіштерін білдіреді.

Даму үрдісіндегі қатарлардағы маусымдық индекстерін есептеу. Бұл жағдайда айлар бойынша орта деңгейлерді жыл ішіндегі орташа көрсеткіштің деңгейі емес динамика қатарының көрсеткіштер деңгейінін өсу үрдісін көрсететін тік сзық тендеуінен алынған деңгеймен салыстыру керек.

Қазақстанның екінші деңгейдегі банктарнің таза табысы динамикасының мысалында маусымдық индекстерінің есебін және оларды көрсеткіштердің болжамдық мағыналарын пайдалана отырып анықтауды қарастырайық (9.4-кесте). Жылдан-жылға тиісті күні таза табыстың жоғары деңгейі байқалады, басқаша айтқанда даму үрдісі байқалады, яғни таза табыстың мөлшері тренд тендеуінен алынған деңгеймен салыстырылады.

9.4-кестеде алдымен біз екінші деңгейдегі банктердің таза табысының нақты деректерін (a_0 және a_1) тегістейтін тік сзықтың параметрлерін есептейміз. Оларды пайдалана отырып көрсеткіштің тренд мағыналарын (y_t) есептейміз. Бұдан кейін біз көрсеткіштің нақты мағыналарын тренд мағыналарымен (y_t/y_0) салыстырып, жыл бойы маусымдықтың айқын байқалғанын билдік. Екі-үш жылдың қолда бар деректерін қолданып маусымдық индекстерін әр түрлі жылдардың аттас уақыт сәттері бойынша осы қатынастардың арифметикалық орташа шамасы ретіндегі маусымдық индекстерін алдық. Есептен жылдың басындағы таза пайда шамалы екені, ал жылдың төртінші тоқсанында тренд мағынаға қатысты 150%-ды құрап онын бірте-бірте өскені көрінеді.

Алынған тік сзық тендеуі мен маусымдық индексін пайдалана отырып екінші деңгейдегі банктердің 2005 жылдың сонына дейінгі айлардағы таза пайданың болжанатын мағыналарын есептейміз (9.5-кесте).

9.5. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердің таза табысы динамикасының болжамы, млн теңге

Күн	T	y_t	I_s	y_n
01.04.2005	15	25552	46,7	11943
01.05.2005	16	26046	59,9	15599
01.06.2005	17	26541	80,6	21396
01.07.2005	18	27035	110,9	29990
01.08.2005	19	27529	118,9	32735
01.09.2005	20	28024	131,0	36698
01.10.2005	21	28518	144,8	41288
01.11.2005	22	29012	153,5	44540
01.12.2005	23	29506	156,1	46064
01.01.2006	24	30001	153,0	45891

Кестеден маусымдық индексін пайдаланбау маусымда ауытқытын динамика қатарларындағы көрсеткіштерді болжағанда елеулі қателерге әкел соқтыруы мүмкін екені көрінеді. Мәселен, 2006 жылғы 01 қаңтарға калыптасқан жағдай бойынша Қазақстанда екінші деңгейдегі банктердің таза кірісі 30001 млн теңгені, ал маусымдық индексін ескеріл -- 45891 млн теңгені құрайды.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

- Статистикалық зерттеуде динамика қатары мағынасының маңызы қандай? Динамика қатарының колданылатын түрлерін атапыз.

2. Динамика катарын тұтастырудың әдістері қандай? Осы әдістер қандай мақсатта колданылады?
3. Аралық және мезеттік катарларының динамика катарларының орташа деңгейлері қалай есептеледі?
4. Динамика катарларының деңгейлері өзгерістерін сипаттау үшін қандай көрсеткіштер колданылады?
5. Динамика катары деңгейі өсуінің орташа каркыны және өсімінің орташа каркыны қалай есептеледі?
6. Аттас және аттас емес мөлшерлердің динамика катарының салыстырмалы талдауы қалай жүргізіледі?
7. Динамика катарларын тегістөу үшін пайдаланылатын әдістерді атаңыз.
8. Тік сзыық бойынша катарды аналитикалық тенестіру қалай жүргізіледі?
9. Экстраполяция және интерполяция әдістері қандай жағдайда колданылады?
10. Динамикалық катарларда маусымдық ауытқу қалай өлшенеді?



Ұсынылатын әдебиет

1. Авров А.П., Аврова Ю.А. *Общая теория статистики. Основы курса: Учебное пособие. 2-ое изо. доп.* – Алматы, 2004. – 112с.
2. Сиденко А.В., Попов Г.Ю., Матвеева В.М. *Статистика: Учебник* – М.: Дело и сервис, 2000. – 464 с.
3. Елисеева И.И., Юзбашев М.М. *Общая теория статистики: Учебник*. – 3-е изд. / Под ред. чл.-корр. РАН И.И. Елисеевой. – М.: Финансы и статистика, 1998. – 368 с.; ил.
4. Ефимова М.Р., Петрова Е.В., Румянцев В.Н. *Общая теория статистики: Учебник для вузов.* – М.: ИНФРА-М, 1998.
5. *Статистика: Курс лекций для вузов / Под ред. В.Г. Ионина.* – М.: ИНФРА-М, 1996.
6. Гусаров В.М. *Теория статистики: Учебное пособие для вузов.* – М.: ЮНИТИ, 1998.
7. Гусаров В.М. *Теория статистики: Учебное пособие.* – М.: ИННТИ, 2000.
8. Ряузов Н.Н. *Общая теория статистики: Учебник для студ. экон. вузов.* – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1984. – 343 с.; ил.
9. *Общая теория статистики: Учебник / Т.В. Рябушкин, М.Р. Ефимова и др.* – М.: Финансы и статистика, 1981.
10. *Общая теория статистики: Учебник / Г.С. Кильдишев, В.Е. Освистко, П.М. Рабинович, Т.В. Рябушкин.* – М.: Статистика, 1980.
11. *Статистический словарь / Гл. ред. М.А. Королев.* – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1989.

9.4. Практикум

9.4.1. Изденуге арналған сұрақтар

- Статистикалық зерттеудегі динамика қатарының маңызын сипаттаңыз. Динамика қатарының түрлері жіктемесінің сызбасын сызыңыз. Динамика қатарларын тұтастыру әдісіне тоқталыңыз.
- Динамиканың аралық және мезеттік қагарларына арналған динамика қатарының орташа деңгейі есебінің сипаттамасын көлтіріңіз.
- Динамика қатарының деңгейлері көрсеткіштерінің өзгерістерін сипаттауға арналған көрсеткіштерді және оларды есептеу тәртібін атап өтіңіз. Динамика қатары деңгейнің орташа есі қарқыны мен орташа өсім қарқынының формуласын көлтіріңіз.
- Аттас және аттас емес мөлшерлердің динамика қатарының салыстырмалы талдауы қалай жүргізіледі?
- Динамика қатарын тенестіруге жылжымалы орташа шама және қатарды аналитикалық тегістелу әдістерін сипаттаңыз.
- Динамика қатарындағы маусымдық ауытқудың өлшеу тәртібіне тоқтаңыз.

9.4.2. Типтік есептерді шешу мысалдары

1 - е с е п . Бір ауданда көкөністі жалпы жинау жөніндегі мынадай деректер алынды:

	1991 ж.	1992 ж.	1993 ж.	1994 ж.	1995 ж.	1996 ж.	1997 ж.	1998 ж.	1999 ж.
Ескі шекарада	40,2	42,5	41,8	43,2					
Жаңа шекарада				56,8	59,2	63,6	60,1	64,2	65,6

Динамика қатары деңгейлерін салыстыру мүмкін емес болуының себептерін көрсетіңіз. Динамика қатарының деңгейлерін салыстырылатын түрге көлтіріңіз.

Ш е ш у і. Аудан шекарасының өзгеруіне орай динамика қатарының деңгейлерін салыстыруға болмайды. Салыстыруды қамтамасыз ету мақсатында тұтастыру әдісін қолдануға болады. Бұл үшін аудан үшін бұрынғы да, сондай-ақ жана да шекарада ұсынылған 1994 жылдың деректерінің негізінде қайта есептеу коэффициенті есептеледі: $56,8 / 43,2 = 1,314815$.

Осьдан кейін 1994 жылға дейінгі барлық деректер қайта есептеу коэффициентіне көбейтіледі. Нәтижесінде мынадай салыстырмалы қатар алынады:

	1991 ж.	1992 ж.	1993 ж.	1994 ж.	1995 ж.	1996 ж.	1997 ж.	1998 ж.	1999 ж.
Ескі шекарада	40,2	42,5	41,8	43,2					
Жаңа шекарада				56,8	59,2	63,6	60,1	64,2	65,6
Салыстырмалы қатар	52,9	55,9	55,0	56,8	59,2	63,6	60,1	64,2	65,6

2 - е сеп. Кәсіпорында 1996-2000 жылдары шығарылған өнім жөніндегі деректер:

	1996 ж.	1997 ж.	1998 ж.	1999 ж.	2000 ж.
Өнім, млн тенге	11,2	12,4	14,8	18,5	21,5

Осы деректердің негізінде: 1) динамика қатарының көрсеткіштерін (абсолюттік өсім, өсу қарқыны мен өсім карқынын, бір пайыз өсімнің абсолюттік мағынасын); 2) қатардың орташа деңгейін; 3) динамиканың орташа жылдық карқынын (катардың абсолюттік деңгейлері мен өсу коэффициенттері бойынша).

Шешүі. Кестеде тарауда келтірілген формулалар бойынша есеп жүргіземіз:

	1996 ж.	1997 ж.	1998 ж.	1999 ж.	2000 ж.	5 жылдың
Өнім, млн тенге	11,2	12,4	14,8	18,5	21,5	78,4
Абсолюттік өсім, млн тенге		1,2	2,4	3,7	3,0	10,3
Өсу қарқыны, %		110,7	119,4	125,0	116,2	192,0
Өсім қарқыны, %		10,7	19,4	25,0	16,2	92,0
Өсу коэффициенті		1,107	1,194	1,250	1,162	1,920
Өсім коэффициенті		0,107	0,194	0,250	0,162	0,920
1% өсімнің абсолюттік мәні, млн тенге		0,112	0,124	0,148	0,185	0,112
Катардың орташа деңгейі, млн тенге						15,68
Динамиканың орташа жылдық өсу қарқыны (катардың абсолюттік деңгейі бойынша), %						113,9
Динамиканың орташа жылдық қарқыны (өсу коэффициенті бойынша, %)						113,9

3 - е сеп. Қаланың жинақ ақша банктеріндегі салым ақшаның қалдығы мына-
ны құрады:

Айдың басы	1.01	1.02	1.03	1.04	1.05	1.06	1.07
Салым ақшаның қалдығы, млн тенге	22,4	23,0	25,0	26,2	24,3	28,0	30,1

I және II тоқсандағы және жалпы жарты жылдағы салым ақшаның орташа қалдығын есептеп өтіңдер.

Шешүі. I және II тоқсандағы салым ақшаның орташа қалдығын есептеу үшін мезеттік қатардың орташа деңгейнін есептеу формуласын пайдаланамыз:

$$\bar{y} = (1/2 y_1 + y_2 + \dots + y_{n-1} + 1/2 y_n) / (n - 1).$$

I және II тоқсандардың орташа қалдығын көлесінің күрайды:

$$y_1 = (\frac{1}{2} \times 22,4 + 23 + 25 + \frac{1}{2} \times 26,2) / 3 = (11,2 + 48 + 13,1) / 3 = 72,3 / 3 = 24,1;$$

$$y_2 = (\frac{1}{2} \times 26,2 + 24,3 + 28 + \frac{1}{2} \times 30,1) / 3 = (13,1 + 52,3 + 15,05) / 3 = \\ = 80,45 / 3 = 26,8.$$

Жарты жылдың орташа қалдығын I және II тоқсанның арифметикалық орташа қалдығы ретінде есептеуге болады:

$$y_{1,2} = (y_1 + y_2) / 2 = (24,1 + 26,8) / 2 = 50,9 / 2 = 25,45.$$

4-е сен. Бір кәсіпорын бойынша келесі көрсеткіштер қолданылады:

	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан
Өндірістік қызметкерлер, тоқсанның соңында, мың адам	5,8	6,2	6,0	5,9
Тоқсандардың енбекақы, млн теңге	300,0	325,5	320,0	315,0

Осы деректердің негізінде: 1) динамиканың әр қатарының түрін және олардың орташа деңгейін (01 қатарға қалыптасқан жағдай бойынша қызметкерлердің саны 5,6 мың адамды құрайды) анықтаңыз; 2) әр тоқсанның орташа енбекақының туынды қатарын құрының (төнгенде); 3) II, III және IV тоқсандардағы әрбір көрсеткіш бойынша динамиканың карқыны мен орташа тоқсандық карқынды есептөңіз.

Шешүі. Бірінші қатар мезеттік болып табылады, сондыктан әр тоқсанның орташа көрсеткішінің деңгейі тоқсанның басы мен соңындағы орташа мағына ретінде есептеледі. Жалпы жылдың орташа деңгейі әр тоқсанның арифметикалық орташа деңгейлерінің орташа шамасы ретінде анықталады. Екінші қатар – аралық, сондыктан жалпы жылдың орташа деңгейі әр тоқсанның арифметикалық деңгейлердің орташа шамасы ретінде есептеледі.

	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Тоқсанның орташа деңгейі
Тоқсан соңындағы өндірістік қызметкерлер, мың адам	5,8	6,2	6,0	5,9	
Тоқсандардың енбекақы, млн теңге	300,0	325,5	320,0	315,0	315,13
Өндірістік қызметкерлердің орташа саны, мың адам	5,7	6,0	6,1	6,0	5,94
I жұмыс істеушінің орташа айлық енбекақысы, теңге	17544	18083	17486	17647	17691
Тоқсан соңында қызметкерлердің өсу қарқыны, %		106,9	96,8	98,3	100,6
Енбекақының тоқсан ішінде өсу қарқыны, %		108,5	98,3	98,4	101,6
Қызметкерлердің орташа санының өсу қарқыны, %		105,3	101,7	97,5	101,4
I жұмыс істеушінің орташа айлық енбекақысының өсу қарқыны, %		103,1	96,7	100,9	100,2

5-есеп. Өнімнің жыл сайынғы өсімінің қарқыны (өткен жылға пайызбен) келесін күрады:

1996 ж.	1997 ж.	1998 ж.	1999 ж.	2000 ж.
5,8	6,2	5,6	7,0	6,5

1996 жылға көтүстің келтірілген жылдардың динамикасының базистік қарқыншының және 1996-2000 жылдардағы өсімнің орташа жылдық қарқының есептеніздер.

Шешуі. Базистік өсу қарқыны тізбекті индекстердің кайта көбейту арқылы аныкталады. 5 жылдың орташа жылдық өсу қарқыны коэффициенттер түрінде келтірілген әрбір жылдың өсу қарқының көбейтіндісін алғынған 5 дәрежедегі түбір ретінде аныкталады. Орташа жылдық өсім қарқыны бірді шегеру арқылы алынады.

	1996 ж.	1997 ж.	1998 ж.	1999 ж.	2000 ж.	Орташа
Өсім қарқыны, %	5,8	6,2	5,6	7,0	6,5	
Өсу қарқыны, %	105,8	106,2	105,6	107	106,5	
Өсу қарқыны, бірлік үлесі	1,058	1,062	1,056	1,070	1,065	1,062
Базистік өсу қарқыны, бірлік үлесі	1	1,062	1,121	1,200	1,278	
Базистік өсу қарқыны, %	100	106,2	112,1	120,0	127,8	
Базистік өсім қарқыны, бірлік үлесі	0	0,062	0,121	0,200	0,278	
Базистік өсім қарқыны, %	0	6,2	12,1	20,0	27,8	0,062

6-есеп. Үш жылда өнім 50-ден 60 млн теңгеге дейін өсу үшін орташа жылдық өсімнің қарқының кандай болуы тиіс?

Шешуі. Орташа жылдық өсу қарқыны тиісті дәрежеге (бұл жағдайда үш жылғы кезең қарастырылатындықтан, үшінші дәрежеге) сәйкес келетін түбір ретінде аныкталады, сол себептен коэффициент түрінде келтірілген базистік өсу қарқының көбейтіндісін аныкталады:

$$T = (y_n / y_0)^{1/n} = (60/50)^{1/3} = 1,2^{1/3} = 1,062 \text{ немесе } 106,3\%.$$

7-есеп. КСРО-да 1960-1980 жылдары көмір мен мұнай өндірүү жөніндегі мынадай деректер бар:

Жыл	1960 ж.	1965 ж.	1970 ж.	1975 ж.	1980 ж.
Көмір, млн тонна	509,6	577,7	624,1	701,3	716,4
Мұнай (газ конденсатымен), млн тонна	147,9	242,9	353,0	490,8	603,2

Көмір мен мұнай өндіруді салыстырып талдау үшін: 1) динамика катараптарының жалпы негізге келтірініз; 2) сзыбықтық графикке қатысты шамаларды жазыңыз; 3) озу коэффициенттерін есептеніз.

Шешуі. Жалпы базаға келтіру үшін базистік динамиканың қарқының біртұтас салыстыру базасына қатысты есептеу қажет. Бұл жағдайда база ретінде 1960 жыл алынады. Озу коэффициенттері динамиканың қарқындарының өзара аракатынасын білдіреді.

	1960 ж.	1965 ж.	1970 ж.	1975 ж.	1980 ж.
Көмір, млн тонна	509,6	577,7	624,1	701,3	716,4
Мұнай (газ конденсатымен), млн тонна	147,9	242,9	353	490,8	603,2
Көмір өндірудің өсу каркыны, % (1960=100)	100	113,4	122,5	137,6	140,6
Мұнай өндірудің өсу каркыны, % (1960=100)	100	164,2	238,7	331,8	407,8
Мұнай өндірудің озық жүру коэффициенті		1,449	1,949	2,411	2,901

8 - е с е п . Келтірінді деректердің негізінде кондитерлік өнім сатудың жыл ішінде динамикасын талдаңыз және қатарды алдын ала тік сзызық бойынша теңестіре келе осы тауарлардың сатып алу сұранысының маусымдығын анықтаңыз:

Ай	Накты деректер		
	1998 ж.	1999 ж.	2000 ж.
Қантар	3,5	4,3	5,4
Ақпан	3,7	4,5	5,5
Наурыз	4,0	5,1	5,8
Сәуір	2,9	5,7	6,4
Мамыр	2,5	4,8	5,5
Маусым	2,3	5,0	5,7
Шілде	4,2	4,6	5,9
Тамыз	4,0	4,4	5,5
Қыркүйек	3,9	4,6	5,3
Қазан	4,4	5,2	5,6
Қараша	4,7	5,5	5,8
Желтоқсан	5,7	6,7	6,9
Сомасы	45,8	60,4	69,3

Ш е ш у і. Тиісті айларды жылдар бойынша да, сондай-ақ жыл ішіндегі сату сомасы бойынша да салыстырғанда қатардың сату қолемі бойынша айқын үрдісі бар. Сондыктан ол тік сзызық бойынша деректерді теңестіруге үшін қолданылады. Оны болу үшін айларды $\Sigma t = 0$ болатындей t деп белгілейміз және a_0 және a , тік сзызыктардың параметрлерін есептейміз, содан кейін оларды пайдалана отырып y , деректердің мағыналарын анықтаймыз.

T	y	t^2	$y*t$	y_t	T	y	t^2	$y*t$	y_t
-17,5	3,5	306,25	-61,25	3,40	0,5	4,6	0,25	2,3	4,92
-16,5	3,7	272,25	-61,05	3,49	1,5	4,4	2,25	6,6	5,00
-15,5	4,0	240,25	-62	3,57	2,5	4,6	6,25	11,5	5,09

Кестенің соңы


-14,5	2,9	210,25	-42,05	3,66	3,5	5,2	12,25	18,2	5,17
-13,5	2,5	182,25	-33,75	3,74	4,5	5,5	20,25	24,75	5,25
-12,5	2,3	156,25	-28,75	3,82	5,5	6,7	30,25	36,85	5,34
-11,5	4,2	132,25	-48,3	3,91	6,5	5,4	42,25	35,1	5,42
-10,5	4,0	110,25	-42	3,99	7,5	5,5	56,25	41,25	5,51
-9,5	3,9	90,25	-37,05	4,08	8,5	5,8	72,25	49,3	5,59
-8,5	4,4	72,25	-37,4	4,16	9,5	6,4	90,25	60,8	5,67
-7,5	4,7	56,25	-35,25	4,24	10,5	5,5	110,25	57,75	5,76
-6,5	5,7	42,25	-37,05	4,33	11,5	5,7	132,25	65,55	5,84
-5,5	4,3	30,25	-23,65	4,41	12,5	5,9	156,25	73,75	5,93
-4,5	4,5	20,25	-20,25	4,50	13,5	5,5	182,25	74,25	6,01
-3,5	5,1	12,25	-17,85	4,58	14,5	5,3	210,25	76,85	6,09
-2,5	5,7	6,25	-14,25	4,66	15,5	5,6	240,25	86,8	6,18
-1,5	4,8	2,25	-7,2	4,75	16,5	5,8	272,25	95,7	6,26
-0,5	5,0	0,25	-2,5	4,83	17,5	6,9	306,25	120,75	6,35
					0	175,5	3885	326,45	175,5
					a ₁	4,8750			
					a ₂	0,0840			

Тенестірілген деректерді накты деректермен қатар келтіреміз, накты деректердін тенестірілген деректерге пайыздарын есептейміз және маусымдықтың ай сайнғы индексі болатын осы пайыздық сандардың орта шамасын келесідей есептейміз:

Ай	Накты деректер			Тенестірілген деректер			Накты деректер тенестірілген деректерге %-да			Маусымдық индекстері
	1998 ж.	1999 ж.	2000 ж.	1998 ж.	1999 ж.	2000 ж.	1998 ж.	1999 ж.	2000 ж.	
Қантар	3,5	4,3	5,4	3,40	4,41	5,42	102,8	97,4	99,6	100,0
Ақпан	3,7	4,5	5,5	3,49	4,50	5,51	106,1	100,1	99,9	102,0
Наурыз	4,0	5,1	5,8	3,57	4,58	5,59	112,0	111,3	103,8	109,0
Сәуір	2,9	5,7	6,4	3,66	4,66	5,67	79,3	122,2	112,8	104,8
Мамыр	2,5	4,8	5,5	3,74	4,75	5,76	66,8	101,1	95,5	87,8
Маусым	2,3	5,0	5,7	3,82	4,83	5,84	60,1	103,5	97,6	87,1
Шілде	4,2	4,6	5,9	3,91	4,92	5,93	107,5	93,6	99,6	100,2
Тамыз	4,0	4,4	5,5	3,99	5,00	6,01	100,2	88,0	91,5	93,2
Қыркүйек	3,9	4,6	5,3	4,08	5,09	6,09	95,7	90,5	87,0	91,0
Казан	4,4	5,2	5,6	4,16	5,17	6,18	105,7	100,6	90,7	99,0
Караша	4,7	5,5	5,8	4,24	5,25	6,26	110,7	104,7	92,6	102,7
Желтоксан	5,7	6,7	6,9	4,33	5,34	6,35	131,7	125,5	108,7	122,0

Маусымдық толқын графигінің түрі келесідей болады.

Кондитерлік өнім сатудың маусымдық толқыны



9.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

9.5.1. Есептер

1 - е с е п. Қазақстанда орташа айлық еңбекакы мен инфляция жөніндегі мынадай деректер берілген:

	1991 ж.	1992 ж.	1993 ж.	1994 ж.	1995 ж.	1996 ж.	1997 ж.
Орташа еңбекакы:							
Рубль	440,8	4625,3	63750				
Тенге			127,5	1725,7	4786,0	6840,9	8541,0
Гүлтүнү баға индексі, откен жылға %-да	190,9	1614,8	1758,4	1977,4	276,2	139,3	117,4
Орташа еңбекакы:							
Рубль							
Тенге	9683	11864	14374	17303	20323	23221	28270
Гүлтүнү баға индексі, откен жылға %-да	107,1	108,3	113,2	108,4	105,9	106,4	106,9

Орташа еңбекакы динамикасының деңгейлерін салыстыруға болмайтын себептерді көрсетініз. Динамика катарының салыстырылатын түрге деңгейлерін көлтірініз. 1990 жылы орташа еңбекакы 265,4 рубль болғанын ескере отырып, нақты еңбекақының 1990 жылға динамикасын көлтірініз.

2 - е с е п. Казақстанда 2002-2004 жылдары бала туудың өсу қарқынының деректері келесідей:

	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.
Тұған, мын адам	222,1	221,5	227,2	247,9	273,0

Осы деректердің негізінде: 1) динамика қатарының көрсеткіштерін (абсолюттік өсім, өсу қарқыны мен өсім қарқынын, өсімнің бір пайызының абсолюттік мәғинасы); 2) қатардың орташа деңгейін; 3) орташа жылдық динамика қарқынын (қатардың абсолюттік деңгейлері мен өсу коэффициенттері бойынша) есептеніз.

3 - е с е п. Республикада 2001-2005 жылдардың басында айналыстағы (МА) қолма-кол ақша мынаны құрады:

	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.
Айналыстағы қолма-кол ақша, млн тенге	106428	131175	161701	238730	379273

2001-2004 жылдары айналыстағы қолма-кол ақшаның орташа мөлшерін есептеніз.

4 - е с е п. Төменде Казақстанда 2001-2004 жылдары (жылдың басында) жұмыс істеген екінші деңгейдегі банктердің саны мен олар экономикаға және халыққа берген кредиттің көлемі жөніндегі деректер келтірілген:

	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.
Екінші деңгейдегі банктердің жыл басындағы саны	48	44	38	36
Экономикага және халыққа берілген кредиттер, млн тенге	489817	672407	978128	1484294

Осы деректердің негізінде: 1) динамиканың әр қатарының түрін және олардың орташа деңгейін анықтаңыз (Қазақстанда 2005 жылдың басында екінші деңгейдегі 36 банк болды); 2) бір банк берген кредиттердің орташа көлемі динамикасының әр жылдың түнінде қатарын құрыныз; 3) әрбір көрсеткіш бойынша 2002-2004 жылдардағы динамиканың қарқыны мен орташа жылдық қарқынды есептеніз.

5 - е с е п. Казақстанда өндірістің жыл сайынғы өсу қарқыны 2000-2004 жылдары (өткен жылға пайызбен) келесін құрады:

2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.
9,8	13,5	9,8	9,3	9,6

1999 жылмен салыстырғанда келтірілген жылдардағы динамиканың базис тік қарқынын және 2000-2004 жылдардағы орташа жылдық өсімнін қарқынын есептеніз.

6 - е с е п. Еліміздің Президенті 2000 жылмен салыстырғанжака ЖІӨ-ді екі есіге арттыру міндеттін қойды. Президент койған мақсатқа жетуді қамтамасыз

үшін әлеуметтік-экономикалық дамудың индикативтік жоспарында ЖІӨ орташа жылдық өсімінің қандай каркыны белгіленуі тиіс?

7 - е с е п. Қазақстанда 2000-2004 жылдары ет пен сұт өндірісі келесі деректермен сипатталады:

	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.
Сойылған салмақтағы ет, мың тонна	622,6	654,5	672,6	693,2	731,8
Сұт, мың тонна	3730,2	3922,9	4109,8	4316,7	4515,2

Ет пен сұттің өндірісін салыстырып талдау үшін: 1) динамика қатарларын жалпы негізге келтірініз; 2) қатысты шамаларды сызықтық графикке жазыңыз; 3) озу коэффициенттерін есептеңіз.

8 - е с е п. Келтірінді деректердің негізінде Қазақстанда 2001-2004 жылдардағы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халықтың үлесінің жыл ішіндегі динамикасын талданыз, республикадағы кедейшіліктің деңгейінің маусымдылығын анықтаңыз.

Тоқсан	Накты деректер			
	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.
I тоқсан	30,9	29,6	25,3	19,1
II тоқсан	27,9	27,7	26,9	19,9
III тоқсан	26,4	23,7	20,0	13,5
IV тоқсан	27,1	20,5	14,6	12,2

9.5.2. Тест тапсырмалары

1. Динамика қатарлары нені сипаттайты?

- 1) құбылыстың уақытқа орай дамуын;
- 2) жиынтықтың қайсы бір белгі бойынша құрылымын;
- 3) бөліктердің өзара арақатынасын;
- 4) құбылыстың жер-жерлерде таралу дәрежесін;
- 5) көрсеткіштің абсолюттік көлемін.

2. Динамиканың қай қатары аралық болып табылады?

- 1) халықтың 1990-2005 жылдардың басындағы саны;
- 2) негізгі капиталдың 1990-2005 жылдардың сонындағы құны;
- 3) 2005 жылы өнім шығару;
- 4) 1999-2005 жылдардағы майдың басы;
- 5) 2006 жылғы I сөүірде теңгегін АҚШ долларына айырбастау бағамы.

3. Егер динамиканың қатарлары құбылысты белгіленген күні қалыптасқан жағдай бойынша сипаттаса, онда ол қай қатарға жатады?

- 1) аралық;
- 2) мезеттік;

- 3) атрибутивтік;
 4) толық;
 5) толық емес.
4. Динамиканың аралық қатарының орташа деңгейі қай формуласы бойынша анықталады?
 1) арифметикалық орташа шама;
 2) гармоникалық орташа шама;
 3) геометриялық орташа шама;
 4) квадраттық орташа шама;
 5) хронологиялық орташа шама.
5. Хронологиялық орташа шама формуласын көрсетіңіз.
- 1) $\frac{\sum x}{n};$
 - 2) $\frac{\sum x \cdot f}{\sum f};$
 - 3) $\frac{\frac{1}{2}x_1 + x_2 + x_3 + \dots + \frac{1}{2}x_n}{n - 1};$
 - 4) $\frac{\sum w}{\sum \frac{w}{x}};$
 - 5) $\frac{n}{\sum x}.$
6. Базистік және тізбекті өсу қарқынының өзара байланысы неге негізделеді?
 1) базистік өсу қарқыны тізбекті өсу қарқынының сомасына тең;
 2) тізбекті өсу қарқыны базистік өсу қарқындарының сомасына тең;
 3) базистік өсу қарқыны тізбекті өсу қарқынының көбейтіндісіне тең;
 4) тізбекті өсу қарқыны базистік өсу қарқынының көбейтіндісіне тең;
 5) базистік өсу қарқыны тізбекті өсу қарқындарының аракатынасына тең.
7. Өсу қарқыны қай формула бойынша есептеледі?
- 1) $\frac{y_i \cdot 100\%}{y_{i-1}} - 100;$
 - 2) $\frac{y_i \cdot 100\%}{y_{i-1}};$
 - 3) $y_i - y_0;$

4) $\frac{y_i - y_1}{n-1};$

5) $\frac{\Delta y}{n}.$

8. Динамика қатарының абсолюттік өсімі қай формула бойынша есептеледі?
- 1) $y_n - y_0;$
 - 2) $y_0 - y_n;$
 - 3) $\sum y;$
 - 4) $y_n \cdot y_0;$
 - 5) $y_0 : y_n.$
9. Орташа жылдық өсім қаркыны қай формула бойынша есептеледі?
- 1) арифметикалық орташа шама;
 - 2) гармоникалық орташа шама;
 - 3) геометриялық орташа шама;
 - 4) квадраттық орташа шама;
 - 5) хронологиялық орташа шама.
10. Екі елдің көрсеткіштерінің динамикасын салыстырғанда қай тәсіл колданылады?
- 1) динамикалық қатарларды тұтастыру;
 - 2) динамика қатарларын жалпы негізге келтіру;
 - 3) динамика қатарларын аналитикалық теңестіру;
 - 4) жылжымалы орташа шама;
 - 5) маусымдық индексі.
11. Даму үрдісін анықтау үшін қай әдіс пайдаланылады?
- 1) маусымдық индексі;
 - 2) мезеттік тәсіл;
 - 3) динамиканың қатарларын тұтастыру;
 - 4) бір негізге келтіру;
 - 5) аналитикалық теңестіру.
12. Маусымдық индексі не ретінде есептеледі?
- 1) жылдың орташа деңгейінің айдың нақты деңгейіне қатынасы;
 - 2) айдың нақты деңгейінің жылдың орташа деңгейіне қатынасы;
 - 3) аттас айдың орташа нақты деңгейінің қатардың орташа деңгейіне қатынасы;
 - 4) аттас айлардың нақты деңгейлерінің нақты деңгейлердің теңестірілген деңгейлерге қатынасынан есептелген орташа шама;
 - 5) аттас айлардың теңестірілген деңгейінің орташа нақты деңгейге қатынасынан есептелген орташа шама.

10-ТАҚЫРЫП

ИНДЕКСТЕР

10.1. Индекстер туралы жалпы түсінік

Индекстің анықтамасы және оны қолдану саласы. Орташа, катысты шамалар және әр түрлі коэффициенттер құбылыстар мен процестерді сипаттауға мүмкіндік береді. Индекс те осы тектес жинактап корытатын көрсеткіштерге жатады. Index деген сөз шын мәнінде сілтеуішті, көрсеткішті білдіреді, алайда экономикалық статистикада айрықша маңызға ие болады.

Статистикада индекс деп зерттелетін қоғамдық құбылыстың уақытка орай және кеңістікте өзгеруін сипаттайтын катысты шама деп аталауды. Катысты шаманың басқа түрлері (құрылымның, үйлестірудің, интенсивтіліктің) индекске жатпайды, өйткені оларды есептегендеге аттас көрсеткіштер емес аттары әр түрлі құбылыстың шамасы салыстырылады.

Индекстің көмегімен келесі бірқатар экономикалық міндеттер шешіледі:

- 1) уақытка орай тікелей өлшенбейтін, күрделі жиынтықтардың орташа өзгерістері анықталады;
- 2) күрделі құбылыстардың кеңістіктегі орташа аракатынастары белгіленеді;
- 3) жалпы жиынтық бойынша немесе оның бөлігі бойынша жоспардың орындалуының орташа дәрежесі бағаланады;
- 4) күрделі құбылыстардың уақытка орай және кеңістікте өзгеруіндегі жекелеген факторлардың рөлі, атап айтқанда құрылымдық өзгерістердің рөлі анықталады.

Алғашқы үш міндетті шешкенде индекс тиісінше *динамиканың салыстырудың және жоспардың көрсеткіші*, ал төртінші міндетті шешкенде – *аналитикалық құрал* ретінде қолданылады.

Индексті динамиканың, салыстырудың және жоспардың көрсеткіштерін есептегендеге пайдалану. Алғашқы үш міндетті шешу тікелей жиынтықтауға болмайтын екі жиынтықты салыстырумен байланысты.

Осындай жиынтыктар біршама жи кездеседі: бұл әр түрі сан алуан габиғи өшім бірлігінде көрсетілетін өндірілген, сатылған немесе тұтынылған өнімнің натурады-заттай нысаны. Егер тіпті өшім бірлігі (мысалы, темірдің тоннасы мен күріштің тоннасы) бірдей болса да оларды тікелей жиынтықтауға болмайды.

Нәтижесінде арнайы нақты көлем индексін, өзіндік құн индексін, баға индексін, еңбек өнімділігінің индексін, астық түсімділігінің индексін және т.б. есептеуге тура келеді.

Экономикалық жиынтыктардың элементтерінің натурады-заттай нысанмен коса құндық бағасы болады, сондыктan осы құндарды жиынтықтап косуға болады. Алайда өнімнің саны, оның бағасы өзгерген жағдайда құндардың сомасы өзгереді, яғни құндарды салыстыру құнның өсуіне неңін аркасында қол жеткізіледі деген сұралққа жауап бермейді.

Сейтіп, экономикалық индекстер ең алдымен жиынтықталмайтын элементтерден құралатын жиынтыктарды салыстырмалы сипаттауда қолданылады. Салыстырмалы сипаттау уақытқа орай орындалуы мүмкін, бұл жағдайда индекс динамиканың көрсеткіші ретінде болады, ал кеңістікте (жекелеген өнірлерді немесе елдерді салыстыру) салыстырылып сипаттағанда индекс салыстыру көрсеткіші (аумактық көрсеткіш) ретінде қолданылады. Егер нақты деректер базистік деректермен емес жоспарлық деректермен салыстырса, онда есептелеңтін индекс жоспарды орындау көрсеткіш болып табылады.

Динамика факторларын талдаудың индекстік әдісі. Индекстер жүйесі. Индекстік әдіс күрделі құбылыстың көбейткіштері ретінде осы құбылығы өзгерген кездегі жекелеген факторлардың рөлін бағалау үшін пайдалануы мүмкін. Мысалы, шығарылған өнімнің құны шығарылған өнімнің саны мен оның бағасының өзгеруімен байланысты өлшеңені мүмкін, ейткені өнімнің құны өнімнің саны мен бағасының көбейтіндісінен құралады. Сонда құн индексі сан индексі мен баға индексінің құнына тен болады.

Осындай индекс жүйесі шығарылған өнімнің құны еңбек өнімділігін еңбек шығынының көбейтіндісіне тен болуының нәтижесінде құралады, ал астықтың жалпы жиыны астық түсімділігінің егістік көлеміне көбейтіндісі бойынша тен болады және т.б.

Осы жүйелерде екі құрамдас-көбейткіштердің біреуі сала көрсеткіші ретінде қолданылады және интенсивтік даму факторын сипаттайды, ал екіншісі – экстенсивтік динамика факторын білдіретін көлем көрсеткіші ретінде қолданылады. Демек индекстік жүйенің көмегімен интенсивтік және экстенсивтік факторларының рөлін анықтауға болады. Бұл экономикалық индекстер қолданылатын екінші сала.

Индекстік жүйелер, сондай-ақ зерттелетін жиынтыктың ішіндегі құрылымдық өзгерістердің ықпалынан өзгеретін орташа көрсеткіштердің динамикасын талдауға мүмкіндік береді. Құрылымдық өзгерістердің салда-

рынан жалпы орташа шаманың динамикасы орташа топтық динамиканың шектерінен шығатын статистикалық оғаштықка (парадокс) себеп болуы мүмкін.

Осы мәселе жалпы орташа шаманың динамикасын (аудиоспалы кұрам индексі) өзгермейтін күрылымда (тұракты кұрам индексі) топтық орташа шаманың орташа өзгеру индексімен және күрылымдық өзгерістер индексімен бірге байланыстыратын индекстер жүйесін күру арқылы шешіледі. Бұл экономикалық индекстер колданылатын үшінші сала.

Бірінші салада индекстер негізгі міндегі бастанқы элементтердің жиынтық сомаланбауын женуге болатын жинақтамалы (синтетикалық) талдап қорытылатын көрсеткіштер ретінде күралады. Екінші және үшінші жағдайда индекстер аналитикалық көрсеткіштер ретінде пайдаланылады. Бұл жағдайда олардың негізгі міндегі жинақтамалы және талдап қорытылатын көрсеткіштердің индекстерінің конструкцияларымен толықтай келісетін индекстік жүйені дұрыс күру болып табылады.

И Индекстердің жіктелімі. Индекстер келесі үш белгі: 1) зерттелетін объектілердің ерекшеліктері; 2) жиынтықтын элементтерін қамту дәрежесі бойынша; 3) ортақ индекстерді есептеу әдістемелері бойынша жіктеледі.

Индекстер зерттелетін объектілердің ерекшелігі бойынша *көлем көрсеткішінің индексіне* (өнімнін, бөлшек сауданын, тұтынудың және т.б. нақты қөлемі) және *сата көрсеткішінің индексіне* (баға, өнім өндірісінің өзіндік құны, еңбек өнімділігі, астық тұсімділігі және т.б.) бөлінеді.

Индекстер жиынтық элементтерін қамту дәрежесі бойынша *жеке* (жиынтықтын жекелеген элементтерін), *жалпы* (жалпы жиынтықтын өзгеруін сипаттайтын) және *топтық* (жиынтықтың элементтерінің бөлігін қамтитын) болып бөлінеді. Мысалы, ауыл шаруашылығы өнімінің жекелеген түрлерін өндіру индексі жеке, ауыл шаруашылығының барлық жалпы өнімінің индексі – жалпы, ал өсімдік өсіру мен мал шаруашылығы өнімін өндіру индекстері – топтық индекс болып табылады.

Топтық индекстер топтастыру әдісінің көмегімен зерттелетін құбылыстың жекелеген бөліктерінің дамуындағы заңдылықтарды ашады, сонымен бірге индекстерді топтастыру әдісімен байланыстырады. Топтық және жалпы индекстерді есептеу әдіснамасын индекстік теория зерттейді.

Жалпы және топтық индекстер есептеу әдіснамасына байланысты агрегаттық (жиынтықты) индекске жеке индекстердің орташа индекстерге (агрегаттық индекстердің кайта өзгерту нәтижесінде алынған) бөлінеді.

Жылдан жылға (айдан айға, тоқсаннан тоқсанға) жалғасатын динамикада есептеле берілген индекстердің жүйелі катарын қарастырғанда индексті есептеудің тізбекті және базистік жүйесі болады. Сол бір базаға катысты есептеле берілген индекстер базистік деп аталады. Ал егер салыстыру базасы үнемін өзгерсе (есепті кезең базистік кезеңмен салыстырылғанда), бұл жағдайда индекс тізбекті деп аталады.

10.2. Жалпы индексті есептеу қағидалары мен әдістері

5 Экономикалық индекстің негізгі нысаны ретіндегі агрегаттық индекс.

Жалпы индексті есептеу үшін ең алдымен жекелеген элементтерді жиынтықтаудың амалын табу қажет. Ол үшін индекске экономикалық жағынан индекстелеңтін көрсеткішпен тығыз байланысты *агрегаттық индекстің салмагы* деп аталатын қосымша және өзгермейтін көрсеткіш енгизу арқылы жасалады.

Мысалы, бағаларды индекстеуде бағалар индексіне сатылған (немесе өндірілген) тауарлардың саны енгізіледі. Индекс бағалар деңгейінің өзгергенін көрсетуі үшін есепті және базистік кезеңдер үшін тауардың сол бір санын алу қажет.

Егер сатылған (немесе өндірілген) тауарлардың саны индекстелсе, бұл жағдайда оларды әрбір тауар бойынша жиынтықтау үшін табиги санның құнға немесе оларды бағасы бойынша салыстырып, сату айналымына көшу керек. Мұның өзінде есепті және базистік кезең үшін олар өзгеріссіз пайдалануы туіс.

Баға индексінде де, сондай-ақ тауар айналымының нақты көлемінің индексінде де қосалқы өлшеуіштің көмегімен сатылған тауардың құнына көшу жүзеге асырылады. Тек баға индексінде ғана осы құндар тауардың өзгеріссіз көлемінде, ал нақты көлем индексінде – өзгермейтін бағада болады. Кез келген жағдайда алымда да, бөлгіште де индекстелеңтін мөлшерлердің қосалқы өлшеуішке көбейтіндісінің сомасы болады. Осы сома *агрегаттық индекс* деп аталады.

Тауар айналымының нақты көлемінің агрегаттық индексі. Тауар айналымының мысалында агрегаттық индексті есептеуді қарастырайық. Азық-тұлғы дүкенінде есепті кезеңде сүт, жұмыртқа мен картоп сатудың көлемі тиісінше 20, 28 және 10%-ға ұлғайды делік. Осы тауарларды сату жеке бірлікте өлшенетін әр түрлі жеке бірліктерде, яғни литрде, данада және килограмда өлшенетін көлемдерінің нақты өсуін анықтау қажет. Базистік кезеңмен салыстырғанда бағалардың есепті кезеңде өзгергені жағдайды күрделендірді. Қарастырылып отырган тауарлардың маусымдық бағалары тиісінше 8, 5 және 15%-ға төмендегені байкалды (10.1-кесте).

10.1. Сатылған тауардың бағалары мен саны

Тауарының атапу	Өлшем бірлігі	Базистік кезең		Есепті кезең		Жеке индекстер	
		сату көлемі (q0)	баға, теңге (p0)	сату көлемі (q1)	баға, теңге (p1)	сату көлемі (1=q1/q0)	баға (1=p1/p0)
Сүт	л	2500	60	3000	55,2	1,2	0,92
Жұмыртқа	он дана	5000	100	6400	95	1,28	0,95
Картоп	кг	5000	24	5500	20,4	1,1	0,85

Жеке тауар айналымының индексін есептеу үшін базистік немесе есепті кезенің индекстерін қолдануға болады. Алайда базистік кезенің бағаларын пайдаланған дұрыс, өйткені есепті кезенде бағаның өзгеруи индекске ешкандағы ықпал етпейді:

$$\begin{aligned}\Sigma q_0 p_0 &= 2500 \times 60 + 5000 \times 100 + 5000 \times 24 = \\ &= 150000 + 500000 + 120000 = 770000 \text{ теңге.}\end{aligned}$$

Экономикалық жағынан бұл сома үш тауардың бірге нақты тауар айналымын көрсетеді. Есепті кезенің осындай көбейтінді сомасын есептейік:

$$\begin{aligned}\Sigma q_0 p_0 &= 3000 \times 60 + 6400 \times 100 + 5500 \times 24 = \\ &= 180000 + 640000 + 132000 = 952000 \text{ теңге.}\end{aligned}$$

Алынған сома есепті кезендең базистік бағадағы тауар айналымын экономикалық жағынан көрсетеді.

Екінші соманың бірінші сомаға қатынасы тауар айналымының жеке көлемінің агрегаттық индексін береді:

$$I = \frac{\Sigma q_0 p_0}{\Sigma q_0 p_0} = 952000 / 770000 = 1,236,$$

немесе 123,6%. (Ласпейрестің индексі)

Индекс барлық үш тауардың сату көлемі есепті кезенде 23,6%-ға ұлттайғанын көрсетеді. Индекстік қатынастың алымы мен бөліндісінің айырмасы есепті кезендең базистік бағадағы тауар айналымының өсімін көрсетеді. Тауарлардың осындай өсімін есептеуге болады.

Егер өзгермейтін баға ретінде есепті кезенің бағасын алғатын болсақ, онда жеке көлемнің басқа индексі алынады. Бұл индекстегі абсолюттік өсімдер есепті кезендең өзгермейтін бағалардағы базистік кезенмен салыстырғанда есепті кезенде тауар массасының өсуін сипаттайтын болады. Алайда есепті кезенің бағаларында базистік кезенмен есепті кезенге өзгеру қарастырылады, яғни жеке көлемнің осы индексі бағаның өзгеруіне жанама ықпал етеді.

Осыған байланысты бағаның өзгеруінің индекстің шамасына жасайтын ықпалды толық жою үшін сату көлемінің және өнім өндірісінің динамикасын сипаттайтын индекстерде сатылған өнімнің санын өткен (базистік) кезенің деңгейіндегі бағалар бойынша бағалайды.

Агрегаттық баға индексі. Баға индексін есептеу үшін тауарлық массасын өзгермейтін көлемі қолданылады. Оларды есепті кезенің саны бойынша келесідей есептейміз:

$$I = \frac{\Sigma p_0 q_0}{\Sigma p_0 q_0} \cdot (\text{Пааше индексі})$$

Алымда есепті кезенің нақты тауар айналымының сомасы болады:

$$\begin{aligned}\Sigma p_0 q_0 &= 3000 \times 55,2 + 6400 \times 95 + 5500 \times 20,4 = \\ &= 165600 + 608000 + 112200 = 885800 \text{ теңге.}\end{aligned}$$

Бөлгіште – есепті кезеңнің базистік бағадағы тауар айналымы болады. Біз жеке тауар айналымының индексін есептегендегі ол келесідей есептелген болатын:

$$\Sigma p_0 q_i = 952000 \text{ теңге.}$$

Бірінші соманың екінші сомаға арақатынасы баға индексін береді:

$$I = \Sigma p_i q_i / \Sigma p_0 q_i = 885800 / 952000 = 0,93 \text{ немесе } 93\%.$$

Индекс бағаның орташа 7%-ға төмендегенін көрсетеді. Осы индекстің экономикалық маңызы ретінде оның халық есепті кезеңде сатып алған тауар массасының баға деңгейі қалай өзгергенін көрсетуін атауға болады. Осы есептеу әдісін колданып индекстің көмегімен бағаның өзгеру есебінен алынған экономикалық тиімділікті, яғни шығынның өсуін (+) немесе төмендеуін (-) келесідей есептеуге болады:

$$\Sigma p_i q_i - \Sigma p_0 q_i = 885800 - 952000 = -66200 \text{ теңге.}$$

Егер біз баға индексін базистік кезеңдегі тауар массасының өзгермейтін көлемінде есептесек, онда көрсеткіштер көбейтіндісінің есептелетін сомасына халық есепті кезеңде сатып алған тауар массасының көлемі кірмеуіне байланысты біз экономикалық тиімділіктің абсолюттік сомасын аныктай алмайтын болар едік.

Сондықтан баға индексі әдетте есепті кезеңде сатылған тауар санының негізінде есептеледі. Бұл есепті кезеңнің көлемдік көрсеткіштері бойынша есептелуі тиіс сапа көрсеткіштерінің барлық индекстеріне (өндірілген өнімнің өзіндік құны, еңбек өнімділігі және т.б.) қатысты.

Есепті кезеңде бағаны, өзіндік құнның төмендеуінен немесе еңбек өнімділігінен өсуінен алынған үнемнің абсолюттік сомасын тек есепті кезеңнің өнімнің көлемі бойынша есептелген индекстердің негізінде ғана алуға болады.

Тұракты және ауыспалы құрамдағы индекстер. Егер бірнеше кезеңнің индекстік қатары болса, онда осы қатардағы қосымша өлшеудің (салмақты) тұракты, яғни сол бір қатарға қатысты немесе ауыспалы, яғни бір кезеңнен екінші кезеңге өзгеретін болуы мүмкін.

Көлем көрсеткіштерінің базистік кезеңнің бағалары бойынша өлшенетін индекстерінде бағаларды өткен кезеңдердің бір деңгейінде белгілеуге болады. Нәтижесінде алынған бірнеше жылдың индекстер қатары тұракты құрамдағы индекстік қатар болады. Осында индекстер үшін тізбекті индекстердің көбейтіндісі базистік индекске тен болады.

$$(\Sigma q_1 p_{0j} / \Sigma q_0 p_{0j}) \times (\Sigma q_2 p_{0j} / \Sigma q_1 p_{0j}) \times \dots \times (\Sigma q_n p_{0j} / \Sigma q_{n-1} p_{0j}) = \Sigma q_n p_{0j} / \Sigma q_0 p_{0j}$$

Баға индекстері есепті кезеңнің саны бойынша есептелетіндіктен, бір-
неше жылдың индекстер қатары құрамдағы ауыспалы индекстік қатар болып табылады.

$$(\sum p_i q_i / \sum p_0 q_0), (\sum p_1 q_1 / \sum p_0 q_0), \dots, (\sum p_n q_n / \sum p_0 q_0).$$

Кейде базистік индекс алу үшін құрамдағы ауыспалы тізбекті индекстерді қайта көбейтуге тұра келеді. Бұл ретте екі тен салмақты индекстің алшақтығынан келесі кателер орын алады:

$$\sum p_n q_n / \sum p_0 q_n \text{ және } \sum p_n q_0 / \sum p_0 q_0.$$

Професор Л.К. Казинец осы катенін мөлшері келесі тенденцияпен анықталатынын көрсетті:

$$(\sum p_n q_n / \sum p_0 q_n) / (\sum p_n q_0 / \sum p_0 q_0) = 1 + r_{pq} v_p v_q.$$

Яғни кате бағаның жекелеген индекстері мен тауардың санының (r_{pq}) арасындағы байланыстың тығыздығын корреляция (өзара байланыс) коэффициентінің бағаның жекелеген индексінің өзгеру мен санының жекелеген индексінің коэффициентінің (v_p және v_q) көбейтіндісімен (12-такырыпты қаранды) анықталады.

Индексте өнімнің (тауардың) сәйкестендірілетін ауқымы жөніндегі мәселе. Эрбір агрегаттық индексте екі сома салыстырылады, оның біреуі нақты, ал екіншісі – шартты сома, сол себептен индекстегі өнімдердің салыстыру ауқымы жөнінде мәселе туындаиды.

Егер сапа көрсеткіштерінің ($\sum p_i q_i / \sum p_0 q_0$) сапасы есептелсе, онда салыстыру үшін есепті кезеңнің барлық өнімдері базистік кезеңде де өндірілуі тиіс, әйтпесе индекстің бөлгішін есептеу мүмкін болмайды. Сондықтан егер олар болмаған жағдайда жана тауардың бағасы олар жататын тауар тобының бағасы сияқты өзгерді деп қабылданады. Яғни жана тауардың базистік бағалары жасанды түрде қайта белгіленеді.

Сандық көрсеткіштердің индекстерінде де ($\sum q_i p_0 / \sum q_0 p_0$) ауқымды салыстыру мүмкін болмауына байланысты жана өнімнің тұракты ретінде қабылданған базистік бағасы болмайды, сол себептен индекстің алымын есептеу мүмкін емес. Осы проблеманы шешу үшін жана өнімге есепті және базистік кезеңде өндірілген ұксас өнім сияқты жасанды түрде өзгермейтін баға белгіленеді.

10.3. Агрегаттық индексті орташа индекске ауыстыру

Кез келген агрегаттық индекс жекелеген индекстің орташа салмақталған мөлшері ретінде есептеледі. Тек орташа шаманың нысаны мен салмак жүйесін дұрыс тандау қажет.

Жекелеген индекстің орташа шамасы бастапқы агрегаттық индекске тепе-тән болуы тиіс, яғни жекелеген индекстің орташа шамасы агрегаттық индекстің қайта күрүлған нысаны ретінде болады.

Агрегаттық индекс те арифметикалық орташа шамаға немесе гармоникалық орташа шамаға қайта құрылуы мүмкін болуына байланысты, орташа индексті есептегендеге орташа шаманың екі нысанын, яғни арифметикалық орташа шама мен гармоникалық орташа шаманы ғана пайдалануға болады.

Арифметикалық орташа индекс. Жеке көлемнің агрегаттық индексінің арифметикалық орташа индекске қайта құрылуын карастырайық. Қайта құру үшін өнімнің жеке индексінің $i_q = q_1/q_0$ формуласын пайдаланамыз, ал одан $q_1 = i_q q_0$ шығады:

$$I_q = \sum q_1 p_0 / \sum q_0 p_0 = \sum i_q q_0 p_0 / \sum q_0 p_0.$$

Осы түрде өнімнің жеке мөлшерінің индексі базистік бағада ($q_0 p_0$) базистік кезеңнің өнімінің құны бойынша салмақталған жеке индекстен алынған арифметикалық орташа шама ретінде болады. Кез келген басқа салмақ жүйесінде өнім көлемінің арифметикалық орташа шамасы бастапқы агрегаттық индекске тепе-тең келмейді.

Сөйтіп, арифметикалық орташа шама жеке индекс салмағымен агрегаттық индекске тепе-тең келу үшін онда бастапқы агрегаттық индекстің бөлгішінің косындылары болуы туіс.

Өнімнің арифметикалық орташа индексін есептеу үшін сатылған тауардың табиги саны мен базистік кезеңнің бағалары жөніндегі деректердің болуы міндетті емес. Өнімнің базистік кезеңдегі көлемі немесе өзіндік салмағы жөніндегі деректер мен өнімнің жеке индекстері болса жеткілікті.

Өнеркәсіптің жекелеген салалары бойынша өнімнің жеке көлемінің индекстері мен өнімнің базистік кезеңдегі құнындағы осы салалардың өзіндік салмағы белгілі делік. Бұкіл өнеркәсіптің өнімнің жеке көлемінің арифметикалық орташа индексін есептейік (10.2-кесте).

10.2. Өнім көлемінің орташа арифметикалық индексін есептеу *

Өнеркәсіп саласы	Өнім көлемінің салалық индексі, %	Базистік кезеңнің өнім құнындағы өзіндік салмақ	Салалық индекстердің өзіндік салмактарға көбейтіндісі, %
Тау-кен саласы	112,7	0,484	54,5
Өндеу өнеркәсібі	108,9	0,429	46,7
Электр энергиясын, газ бері су өндіру мен тарату	103,5	0,087	9,0
Өнеркәсіп жалпы		1,000	110,3

* Ескертү: Бастапқы деректер Қазақстан Республикасында 2004 жылы өнеркәсіптік өндіріс көлемін билдіреді: Қазақстанның статистикалық қысқаша жылнамасы. Статистикалық жинақ / К.С. Әбдиевтің редакциялауымен. – Алматы, 2005. – 216 б. – 112–113 бетте.

Яғни жалпы өнеркәсіп өнімнің көлемі 10,3%-ға ұлғайды.

Орташа арифметикалық индекстерге өнімнің накты көлемінің агрегаттық индекстері ғана емес, сондай-ақ басқа көлем көрсеткіштерінің индекстері де қайта құрылады.

Орташа гармоникалық индекс. Агрегаттық индексті орташа гармоникалық индекске де қайта құруға болады. Мұның өзінде агрегаттық индекс сапа көрсеткішінің (өндірілген өнім бағасының, өзіндік құнының, еңбек өнімділігінің және т.б.) индексі болуы тиіс.

Баға индексінің мысалында агрегаттық индексті орташа гармоникалық индекске қайта құруды карастырайық. Бұл үшін $i = p_i/p_0$ жеке индексте базистік кезеңнің бағасын аныктаймыз: $p_0 = p_i/i$. Агрегаттық индекстің бөлгішінде келесідей ауыстырамыз:

$$I_p = \sum p_i q_i / \sum p_0 q_i = \sum p_i q_i / (\sum p_i q_i / i_p) = \sum w / (\sum w / i),$$

мұнда

$$w = p_i q_i.$$

Бұл түрде баға индексі есепті кезеңнің нақты тауар айналымының ($p_i q_i$) сомасы бойынша салмақталған жекелеген баға индексінің орташа гармоникалық шама ретінде болады. Кез келген басқа салмак жүйесінде бағаның орташа гармоникалық индексі бастапқы агрегаттық индекске тепе-тәң болмайды.

Демек, орташа гармоникалық индекс жекелеген индекс салмағымен агрегаттық индекске тепе-тәң болу үшін онда бастапқы агрегаттық индексінің косынды алындары алынуы туіс.

Орташа гармоникалық баға индексін есептеу үшін сатылған тауарлардың табиғи саны жөніндегі деректер қажет емес. Ол үшін тауарлардың нақты тауар айналымы мен жекелеген бағалардың индекстері жөніндегі мәлімет болса жеткілікті. Есепті кезеңдегі жекелеген тауарлардың тауар айналымының баға индексіне катынасын есептеп, содан кейін есепті кезеңдегі тауар айналымының сомасын қатынастың сомасына бөлу керек.

Тауар бойынша есепті кезеңдегі тауар айналымының көлемі мен жекелеген баға индексі жөніндегі деректердің орташа гармоникалық индексін есептеуді карастырайық (10.3-кесте).

Осыдан $I_p = 15000/15800 = 0,949$, немесе 94,9%, яғни бағалар 5,1%-ға төмөндейді.

10.3. Баға индексінің орташа гармоникалық индексін есептеу

Тауар тобы	Есепті кезеңнің тауар айналымы, мың теңге	Баға индексі	Есепті кезеңнің тауар айналымының баға индексіне бөлуден алынған боліншесі
Тері аяқ киім	1550	0,92	1685
Бас киім	200	0,88	227
Тігін бұйым	3400	0,866	3926
Тоқыма	1750	0,94	1862
Өзге азық-түлік емес тауарлар	8100	1,0	8100
БАРЛЫГЫ	15000	-	15800



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Статистикада индекс деп не аталады? Индекстердің көмегімен қандай есептер шығарылады?
2. Индекстер қандай белгілер бойынша жіктеледі?
3. Индекстер зерттелетін объектінің ерекшелігі бойынша қалай жіктеледі? Мысал келтіріңіз.
4. Индекстер жыныстық элементтерін камту дәрежесі бойынша қалай жіктеледі? Мысал келтіріңіз.
5. Индекстер есеп әдіснамасы бойынша қалай жіктеледі? Мысал келтіріңіз.
6. Қай индекстер агрегаттық деп аталады? Ласпейрес пен Пааше индекстерінің айырмашылығы неде?
7. Салмақтары тұракты және ауыспалы индекстердің айырмашылығы неде? Екі тен салмақты индекстің алшақтық катесі.
8. Агрегаттық индекстер орташа индекске қалай қайта құрылады? Олар қандай жағдайда пайдаланылады?



Ұсынылатын әдебиет

1. Авров А.П. Аврова Ю.А. *Общая теория статистики. Основы курса: Учебное пособие. 2-ое изд. доп.* – Алматы, 2004. – 112 с.
2. Сиденко А.В., Попов Г.Ю., Матвеева В.М. *Статистика: Учебник.* – М.: Дело и сервис, 2000. – 464 с.
3. Елисеева И.И., Юзбашев М.М. *Общая теория статистики: Учебник.* – 3-е изд. / Под ред. чл.-корр. РАН И.И. Елисеевой. – М.: Финансы и статистика, 1998. – 368 с.: ил.
4. Ефимова М.Р., Петрова Е.В., Румянцев В.Н. *Общая теория статистики: Учебник для вузов.* – М.: ИНФРА-М, 1998.
5. *Статистика: Курс лекций для вузов / Под ред. В.Г. Ионина.* – М.: ИНФРА-М, 1996.
6. Гусаров В.М. *Теория статистики: Учебное пособие для вузов.* – М.: Аудит, ЮНИТИ, 1998.
7. Гусаров В.М. *Теория статистики: Учебное пособие.* – М.: ИННТИ, 2000.
8. Рязов Н.Н. *Общая теория статистики: Учебник для студ. экон. спец. вузов.* – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1984. – 343 с.: ил.
9. *Общая теория статистики: Учебник / Т.В.Рябушкин, М.Р. Ефимова и др.* – М.: Финансы и статистика, 1981.
10. *Общая теория статистики: Учебник / Г.С.Кильдишев, В.Е.Освиенко, П.М.Рабинович, Т.В.Рябушкин.* – М.: Статистика, 1980.
11. *Статистический словарь / Гл. ред. М.А.Королев.* – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1989.

10.4. Практикум

10.4.1. Ізденуге арналған сұрақтар

- Статистикадағы индекс деген ұғымға түсінік беріңіз, статистикада индекстердің міндеттері мен оларды қолдану саласын сипаттаңыз.
- Индекстерді зерттелетін объектінің сипаты, жыныстықтың элементтерін қамту дәрежесі мен есеп айырысу әдістемесі бойынша жіктеңіз.
- Агрегаттық және орташа индекстер арасындағы айырмашылықты сипаттаңыз. Ласпейрес пен Пааше агрегаттық индекстерін колдану ережелерін көлтіріңіз.
- Индекстерді тізбекті және базистікке, сондай-ақ тұракты және ауыспалы құрамы барларға бөлінуінің арасындағы айырмашылықты сипаттаңыз. Тен құрамдағы индекстердің айырмашылығының қателік формуласын көлтіріңіз және осы қате неге байланысты екенін түсіндіріңіз.
- Ласпейрес пен Паашениң агрегаттық индекстерін арифметикалық және гармоникалық орташа индекстерге ауыстырыңыз. Орташа индекстерді пайдалану ережесін сипаттаңыз.

10.4.2. Типтік есептерді шешу мысалдары

1 - м ы с а л. Кәсіпорын бойынша екі кезеңде өнім өндіру мен босату бағалары жөніндегі келесі деректер бар:

Өнім-нін атауы	Өлшем бірлігі	Базистік кезең		Есепті кезең	
		Шығарылған бірлік	Бірліктің бағасы, теңге	Шығарылған бірлік	Бірліктің бағасы, теңге
A	м	3000	50	4000	45
Б	дана	4500	12	4500	11
В	кг	8000	30	7000	28

Жалпы кәсіпорын бойынша есептеніз: 1) босату бағаларының агрегаттық индексін және бағаның төмендеуінен тұтынушылардың үнемінің мөлшерін; 2) өнімнің нақты көлемінің агрегаттық индексін.

Шешуі. Бағалар мен нақты көлемінің агрегаттық индекстерін, сондай-ақ бағаның төмендеуінен алынған үнемінің көлемін тиісті формулалар бойынша есептейік:

$$\begin{aligned} I_p &= \sum p_i q_i / \sum p_0 q_i \\ I_q &= \sum q_i p_0 / \sum q_i p_0 \\ \bar{\mathcal{E}}_p &= \sum p_i q_i - \sum p_0 q_i \end{aligned}$$

Ең алдымен формуладан бағалардың өнім өндіру көлеміне кебейтіндісінін үш сомасын есептеу кажет екені көрінеді:

$$\begin{aligned} \sum p_i q_i &= 45 \times 4000 + 11 \times 4500 + 28 \times 7000 = 180000 + 49500 + 196000 = 425500; \\ \sum p_0 q_i &= 50 \times 4000 + 12 \times 4500 + 30 \times 7000 = 200000 + 54000 + 210000 = 464000; \\ \sum p_0 q_0 &= 50 \times 3000 + 12 \times 4500 + 30 \times 8000 = 150000 + 54000 + 240000 = 444000. \end{aligned}$$

Осыдан кейін ізделіп отырған индекстер мен бағаның төмендеуінен алынған үнемнің мағыналарын есептеу қын болмайды:

$$I = \frac{\sum p_i q_i}{\sum p_0 q_i} = 425500/464000 = 0,92 \text{ немесе } 92\%;$$

$$I_q = \frac{\sum q_i p_0}{\sum q_0 p_0} = 464000/444000 = 1,045 \text{ немесе } 104,5\%;$$

$$\mathcal{E}_p = \sum p_i q_i - \sum p_0 q_i = 425500 - 464000 = -38500.$$

2 - мұсал. Жылдың I және II токсанында зауыт бойынша өнім шығару мен оның өзіндік құны келесі деректермен сипатталады:

Бұйым	II токсанда өнім шығару, дана		Өнімнің өзіндік құны, теңге		
	жоспар бойынша	есеп бойынша	I токсанда нақты	II токсанда нақты	II токсанда есеп бойынша
КН-10	1200	1250	50	40	45
КН-20	1250	1300	80	70	65
КН-71	3800	4000	10	8	8

Жекелеген өнім және зауыт бойынша жалпы мынаны есептеп: 1) өзіндік құнның төмендеуінің жоспарлы индексін; 2) II токсандағы өзіндік құнның нақты индексін; 3) жоспарда белгіленген өзіндік құнды төмендетуден алынған үнемді және II токсандағы нақты көлемді.

Ш е ш у 1. Өзіндік құнның төмендеу индексін, сондай-ақ өзіндік құнның төмендеуінен алынған үнемнің көлемін тиисті формулалар бойынша есептейміз:

$$I_z = \frac{\sum z_i q_i}{\sum z_0 q_i}$$

$$\mathcal{E}_z = \sum z_0 q_i - \sum z_i q_i$$

Формуладан әрбір жағдай үшін (жоспар мен нақты үшін) өзіндік құнның өнім шығару көлеміне көбейтінділерінің екі сомасын есептеу қажет екені корінеді:

$$\sum z_i q_i = 40 \times 1200 + 70 \times 1250 + 8 \times 3800 = 48000 + 87500 + 30400 = 165900,$$

$$\sum z_0 q_i = 50 \times 1200 + 80 \times 1250 + 10 \times 3800 = 48000 + 87500 + 30400 = 198000,$$

$$I_z'' = \frac{\sum z_i q_i''}{\sum z_0 q_i''} = 165900/198000 = 0,838 \text{ немесе } 83,8\%,$$

Яғни жоспар бойынша өнімнің өзіндік құнның 16,2%-ға төмендету карастырылған болатын.

Өзіндік құнды төмендетуден алынатын жоспарлы үнем келесіні құрайды:

$$\mathcal{E}_z'' = \sum z_i q_i'' - \sum z_0 q_i'' = 165900 - 198000 = -32100 \text{ теңге.}$$

Бұдан кейін нақты өзіндік құнды анықтау үшін есептейміз:

$$\sum z_i'' q_i'' = 45 \times 1250 + 65 \times 1300 + 8 \times 4000 = 56250 + 84500 + 32000 = 172750,$$

$$\sum z_0'' q_i'' = 50 \times 1250 + 80 \times 1300 + 10 \times 4000 = 62500 + 104000 + 40000 = 206500,$$

$$I'' = \frac{\sum z_i'' q_i''}{\sum z_0'' q_i''} = 172750/20650000 = 0,837 \text{ немесе } 83,7\%,$$

Яғни, өнімнің нақты өзіндік құны 16,3%-ға төмендейді.

Өзіндік құнды төмендетуден алынған нақты үнем келесіні құрайды:

$$\mathcal{E}'' = \sum z_i'' q_i'' - \sum z_0'' q_i'' = 172750 - 206500 = -33750 \text{ теңге.}$$

3 - мұсал. Тұтынушылар кооперациясының комиссиялық сауданың тауар айналымы жөніндегі келесі деректер бар:

Тауарлар тобы	Тауар айналымы, млн теңге		I тоқсанмен салыстырғанда III тоқсанда бағалардың өзгерүү, %
	I тоқсан	III тоқсан	
Көкөніс	15,4	40,2	-12
Ет	24,5	18,5	+2
Сут	10,4	14,5	-10

Осы деректердің негізінде келесін есептөңіз: 1) бағалардың жалпы индексін; 2) тауар айналымының нақты бағалардағы жалпы индексін; 3) тауар айналымының өзгермейтін бағалардағы жалпы индексін; 4) халық баға өзгеру нәтижесінде алған үнемнің сомасын.

Шешүі. Бастапқы деректерде есептік және базистік кезеңдердегі бағалар жөнінде мәлімет жоқ. Алайда бағалардың төмендеген жөнінде ақпарат бар. Бұл бағалардың индексін гармоникалық орташа индекс арқылы есептеуге мүмкіндік береді:

$$I_p = \frac{\sum p_i q_i}{\sum p_0 q_i} = \frac{\sum p_i q_i}{\sum (p_i q_i)/i} = i$$

Бағалардың сату көлеміне көбейтіндісі бастапқы деректерде дайын түрде бар тауар айналымын билдіреді:

$$I_p = \frac{(40,2 + 18,5 + 14,5)}{(40,2/0,88 + 18,5/1,02 + 14,5/0,9)} = \\ = \frac{73,2}{(45,7 + 18,1 + 16,1)} = 73,2 / 79,9 = 0,916 \text{ немесе } 91,6\%.$$

Тауар айналымының нақты бағалардағы динамикасы есепті кезеңдердегі тауар айналымын базистік кезеңдердегі тауар айналымына жай бөлу арқылы аныкталады:

$$I_t = \frac{(40,2 + 18,5 + 14,5)}{(15,4 + 24,5 + 10,4)} = 73,2 / 50,3 = 1,455 \\ \text{немесе } 145,5\%.$$

Тауар айналымының нақты бағалардағы динамикасы сатылған тауар мен оның бағасының бірге өзгеруіне байланысты. Екі индекс болса, яғни үшінші – тауар айналымының өзгермейтін бағадағы индексін немесе тауар айналымының физикалық көлемінің индексін есептейміз:

$$I_q = I_m / I_p = 1,455 / 0,916 = 1,589 \text{ немесе } 158,9\%.$$

Бұдан кейін халық бағанын өзгеруіне байланысты алған үнемнің сомасын есептейміз. Ол бағаның гармоникалық бөлгіші мен алымының айырмасы арасындағы айырма болып табылады:

$$\bar{E}_p = \sum (p_i q_i) / i - \sum p_0 q_i = 79,9 - 73,2 = 6,7 \text{ млн теңге.}$$

4 - мұсал. Өзіндік құнның жалпы индексі мен үнемнің сомасын келесі деректер бойынша есептөңіз:

Өнім	Есепті жылы барлық өнімді өндіруге жүмсалған шығын, млн теңге	Базистікпен салыстырғанда есепті жылы өнім бірлігінің өзіндік құнның төмендеуі, %
KP-090	218,3	7,5
KP-014	330,8	5,5
KP-072	143,7	4,2

Шешуі. Бастапқы деректерде есепті және базистік кезеңдердегі өзіндік құн жөнінде дерек жоқ. Алайда бізде оның төмендегені жөнінде ақпарат бар. Бұл гармоникалық орташа индекс формуласы арқылы өзіндік құнның индексін есептеуге мүмкіндік береді:

$$I_1 = \frac{\sum z_i q_i}{\sum z_0 q_i} = \frac{\sum z_i q_i}{\sum I_i / i} \times \frac{z_i q_i}{\sum z_i q_i}.$$

Өзіндік құнның өндіріс көлеміне көбейтіндісі бастапқы деректе дайын түрдегі өнім шығаруға жүмсалған шығынды білдіреді:

$$\begin{aligned} I_1 &= (218,3 + 330,8 + 143,7) / (218,3 / 0,925 + 330,8 / 0,945 + 143,7 / 0,958) = \\ &= 692,8 / (236 + 350,1 + 150) = 692,8 / 736,1 = 0,941 \text{ немесе } 94,1\%, \end{aligned}$$

яғни, өнімнің өзіндік құны орташа 5,9%-ға төмендеді.

Бұдан кейін кәсіпорын өзіндік құнды төмөндөту нәтижесінде алған үнемнің сомасын есептейміз. Ол бағаның гармоникалық бөлгіші мен алымы арасындағы айырма болып табылады:

$$\bar{E} = \frac{\sum (z_i q_i)}{i} - \sum z_i q_i = 736,1 - 692,8 = 43,3 \text{ млн теңге.}$$

5-мисал. Өнімнің нақты көлемінің жалпы индексін келесі деректер бойынша есептепңиз:

Зауыттың №	Базистік кезеңдердегі жалпы өнім, млн тенге	Базистікпен салыстырганда есепті кезеңде өндірістің өсуі, %
1	16000	140,0
2	1000	90,0
3	12000	120,0

Шешуі. Бастапқы деректерде өнім өндірісінің есепті және базистік кезеңдердің табиғи түрдегі көлемдері жөніндегі мәлімет пен олардың бағалары көрсетілмеген. Алайда әрбір зауыт бойынша базистік кезеңнің жалпы өнімі, сондай-ақ базистікпен салыстырганда есептеле кезеңдердегі өндірістің өсуі жөніндегі ақпарат көлтірілген. Бұл арифметикалық орташа индекс формуласы арқылы физикалық көлемнің индексін есептеуге мүмкіндік береді:

$$I_q = \frac{\sum q_i p_0}{\sum q_0 p_0} = \frac{\sum i q_i p_0}{\sum q_0 p_0}.$$

Бағалардың өндіріс көлеміне көбейтіндісі бастапқы деректерде дайын түрде бар жалпы өнімді білдіреді:

$$\begin{aligned} I_q &= (16000 + 1000 + 12000) / (16000 \times 1,4 + 1000 \times 0,9 + 12000 \times 1,2) = \\ &= 29000 / (22400 + 900 + 1440) = 29000 / 37700 = 1,3 \text{ немесе } 130\%, \end{aligned}$$

Жалпы үш зауыт бойынша нақты көлемнің индексі 130%-ды күрады.

10.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

10.5.1. Есептер

1-есеп. Қазақстан өнеркәсібінің негізгі салаларындағы 2003-2004 жылдардағы жұмыс істейтіндердің саны мен олардың орташа айлық енбекақысы жөніндегі келесі деректер бар:

Өнеркәсіп саласы	2003 ж.		2004 ж.	
	Жұмыс істейтіндердің саны, мын адам	Орташа айлық енбекақы, теңге	Жұмыс істейтіндердің саны, мын адам	Орташа айлық енбекақы, теңге
Тай-кен өндіру өнеркәсібі	181,7	45594	186,0	53358
Өндеу өнеркәсібі	506,4	24823	519,8	30203
Электр энергиясын, газ бен су өндіру	167,2	23339	163,8	26943

Жалпы өнеркәсіп бойынша келесін есептеніз: 1) енбекақы мен енбекақы қорының өсу көлемін олардың өсуінің есебінен агрегаттық индексін; 2) жұмыс істейтіндердің санының өсуінің агрегаттық индексін.

2-е сеп. Жылдың I және II токсандарында өнім өндіру мен өнімнің өзіндік құны келесі деректермен сипатталады:

Кондитерлік өнім	II токсандада өнім шығару, кг		Өнім бірлігінің өзіндік құны, теңге		
	жоспар бойынша	есеп бойынша	I токсандада нақты	II токсандада нақты	II токсандада есеп бойынша
Шоколад	2000	2100	400	400	405
Шоколад кәмпіт	5000	5500	300	290	280
Карамель	9000	9600	150	145	140

Жекелеген кондитерлік өнім мен жалпы фабрика бойынша мынаны есептениз: 1) өзіндік құнның жалпы төмендеу индексін; 2) II токсандада өзіндік құнның нақты индексін; 3) II токсандада жоспарда белгіленген және нақты өзіндік құнның төмендеуден алынған үнемін.

3-е сеп. Қазақстанда 2003-2004 жылдардағы тауар айналымы жөніндегі мынадай деректер берілген:

Тауарлардың тобы	Тауар айналымы, млн теңге		2004 жылғы нақты көлемнің индексі, %
	2003 ж.	2004 ж.	
Азық-түлік тауарлары	370273	412615	104,0
Азық-түлік емес тауарлары	598665	774583	115,5

Осы деректердің негізінде келесін есептениз: 1) физикалық көлемнің жалпы индексін; 2) нақты бағалардағы тауар айналымының жалпы индексін; 3) өзгермейтін бағадағы тауар айналымының жалпы индексін; 4) бағаның өзгеруінен халық шеккен ысыраптың сомасын.

4-е сеп. Қоғорынның келесі деректері бойынша жұмысшылардың орташа жылдық санының қыскаруының жалпы индексін және еңбек үнемінің алынған со- масын (жұмысшылардың орташа жылдық санының қыскаруы) есептениз:

Цехтың нөмірі	Жұмысшылардың орташа жылдық саны, адам	Базистікпен салыстырыганда есепті жылы жұмысшылардың орташа жылдық санының өсуі (+), қысқаруы (-), %
1	196	-2
2	306	+2
3	99	-1

5-есеп. Өнеркәсіптің жеке салаларының 2004 жылғы үлесі мен физикалық көлемінің индекстері жөніндегі келесі деректері бойынша өнеркәсіптің физикалық көлемінің жалпы индексін анықтаңыз:

Өнеркәсіп саласы	Саланың 2004 жылғы өзіндік салмағы, %	2004 жылғы физикалық көлемінің индексі, өткен жылмен салыстырыганда %-да
Тау-кен өнеркәсібі	52,5	112,7
Өндірілген өнеркәсібі	40,4	108,9
Электр энергиясын, газ берілген су өндірү	7,1	103,5

10.5.2. Тест тапсырмалары

- Статистикада индекс деп нені сипаттайтын қатысты шама аталады?**
 - бүтіннің жекелеген бөліктегірінің немесе олардың арасындағы пайыздагы арақатынас;
 - әр түрлі аталаудың құбылыстардың арақатынасы (мысалы ЖІӨ мен халық санының);
 - зерттелетін құбылыстың уақытқа орай және кеңістіктегі өзгеруі;
 - кайсы бір құбылыстың (мысалы, жұмыссыздықтың немесе кедейшіліктің деңгейі) таралу дәрежесі;
 - бір көрсеткіштерді екінші көрсеткішке кайта есептеуді қамтамасыз ететін коэффициенттер.
- Келесі міндеттердің қайсысы индекстердің көмегімен шешілегін міндеттердің қағарына жатпайды?**
 - күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың орташа деңгейін анықтау;
 - уақыт бойынша тікелей өлшенбейтін күрделі көрсеткіштердің орташа өзгерістерін анықтау;
 - кеңістіктегі күрделі құбылыстардың орташа арақатынастарын орнату;
 - жалпы жиынтық пен оның бөліктегі бойынша жоспардың орындалуының орташа дәрежесін бағалау;
 - күрделі құбылыстардың уақытқа орай және кеңістіктегі өзгеруінің рөлін анықтау.

3. Индекстер зерттелетін объектінің сипатына байланысты келесі индекстерге болінеді:
- 1) жеке, топтық және жалпы;
 - 2) агрегаттық және жекеден орташа;
 - 3) көлемдік және сапа көрсеткіштерінін;
 - 4) тізбекті және базистік;
 - 5) Ласпейрес пен Паашенің.
4. Тікелей өлшенбейтін көлемдік индекске не жатады?
- 1) тауар айналымының құрылымындағы жеке бағалар;
 - 2) тауар айналымының физикалық көлемі;
 - 3) бүкіл тауар айналымының бағалар деңгейі;
 - 4) жалпы тауар айналымы;
 - 5) орташа баға.
5. Тауар айналымының физикалық көлемінің жалпы индексінде не салмақ болады?
- 1) есепті кезеңдегі тауардың саны;
 - 2) базистік кезеңдегі тауардың саны;
 - 3) екі кезеңдегі орташа баға;
 - 4) есепті кезеңнің бағасы;
 - 5) базистік кезеңнің бағасы.
6. Бағаның жалпы индексі есептелетін формуланы көрсетіңіз.
- 1) $\frac{\sum P_0 q_1}{\sum P_0 q_0};$
 - 2) $\frac{\sum P_1 q_1}{\sum P_0 q_0};$
 - 3) $\frac{\sum P_1 q_0}{\sum P_0 q_1};$
 - 4) $\frac{\sum P_1 q_1}{\sum P_0 q_1};$
 - 5) $\frac{\sum P_0 q_1}{\sum P_1 q_0}.$
7. Физикалық көлемнің арифметикалық орташа индексі нені қайта құру арқылы алынады?
- 1) тауар айналымының агрегаттық индексін;
 - 2) базистік салмағы бар бағаның агрегаттық индексін;

- 3) есепті салмағы бар бағалардың агрегаттық индексін;
 4) базистік салдағы бар нақты көлемнің агрегаттық индексін,
 5) есепті салмағы бар нақты көлемнің агрегаттық индексін.

8. Гармоникалық орташа салмақталған баға индексі кай формула бойынша есептеледі?

$$1) \frac{\sum P_0 q_0}{\sum \frac{P_0 q_0}{i_p}};$$

$$2) \frac{\sum i_q \cdot \sum P_0 q_0}{\sum P_0 q_0}.$$

$$3) \frac{\sum P_1 q_1}{\sum \frac{P_1 q_1}{p}};$$

$$4) \frac{\sum i_p \cdot \sum P_1 q_1}{\sum P_1 q_1};$$

$$5) \frac{\sum P_1 q_1}{\sum P_0 q_0}.$$

9. Есепті кезеңнің нақты тауар айналымы мен әрбір тауар түрінің жеке индекстері жөнінде дерек болған жағдайда бағаның орташа өзгеруін есептеу үшін томендеғі индекстердің қайсысын пайдалану қажет?

- 1) арифметикалық орташа салмақталған индексі;
- 2) гармоникалық орташа салмақталған индексі;
- 3) тұракты салмағы бар индексі;
- 4) ауыспалы салмағы бар индексі;
- 5) агрегаттық индексі.

11-ТАҚЫРЫП

ИНДЕКСТЕРДІ ТАЛДАУ КЕЗІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

11.1. Динамика факторларын талдаудың индекстік әдісі (өзара байланысты индекстер жүйесі)

Тауар айналымы динамикасының факторларын талдау. Индекстік әдіс жиынтық нәтиженің көбейткіші ретінде болатын бірнеше фактордың іс-әрекет жасауына байланысты қайсы бір күрделі құбылыстың динамикасындағы жекелеген факторлардың рөлін талдау үшін кеңінен колданылады.

Индекс зерттелетін көрсеткіштің өзгеруін сипаттайты, сонымен бірге осы көрсеткіштің өзгеруі басқа көрсеткіштің мағынасына қалай ықпал еткенін де көрсетеді. Мәселен, бағаның жиынтық жалпы индексі бағаның орташа өзгеруін ғана емес, сонымен бірге осы өзгерістің тауар айналымының мөлшеріне қалай ықпал ететінін көрсетеді, мұны келесі индекс формуласынан көруге болады:

$$I_p = \sum p_i q_i / \sum p_0 q_i$$

Осы формулада азайғышта есепті кезеңдегі тауар айналымы ағымдағы бағада, ал бөлгіште – базистік (салыстырмалы) бағада келтірілген. Егер осы екі мөлшердің арақатынасы тауар айналымының бағаның есебінен өзгеруін көрсетсе, онда олардың айырмасы тауар айналымы мөлшерінің өзгеруін көрсетеді.

Тауар айналымының физикалық көлемінің жиынтық жалпы индексі үшін де тап осындай түсініктеме беруге болады:

$$I_q = \sum q_i p_i / \sum q_0 p_i$$

Осы формулада азайтқыш пен бөлгіштің қатынасы сатылған тауардың санының өзгеруінен есебінен тауар айналымының өзгеруін, ал олардың айрмасы – тауар айналымы мөлшерінің өзгеруін білдірелі.

Индекстердің өзара байланыс жүйесі. Жалпы накты бағадағы тауар айналымының динамикасы сатылған тауардың санының да, сондай-ақ олардың бағасының да бірге өзгеруіне байланысты. Яғни тауар айналымының жиынтық индексі мен баға индексінің тауар айналымының физикалық қолемінің көбейтіндісі ретінде көрсетуге болады:

$$I_{pq} = I_p \times I_q = \Sigma p_i q_i / \Sigma p_0 q_i \times \Sigma q_i p_0 / \Sigma q_0 p_0 = \Sigma p_i q_i / \Sigma p_0 q_0$$

Индекстер жүйемен байланысты болу үшін келесі ережені сактау қажет: қолемдік және сапа көрсеткіштерінің индекстеріндегі салмактар әр түрлі уақыт кезеңінде алынуы тиіс. Тақырыптың басында айтылғандай, қолемдік көрсеткіштердің индекстері үшін базистік кезеңнің салмактарын, ал сапа көрсеткіштерінің салмактары үшін есепті кезеңнің салмактарын пайдалану қажет.

Индекс жүйесі жүйеге кіретін екі басқа көрсеткіш белгілі болса, онда үшінші көрсеткішті есептеу үшін жиі пайдаланылады. Мәселен, егер баға 8%-ға төмендей, тауар массасының қолемі 20-ға ұлгайса, онда тауар айналымының өсу қарқыны осы индекстердің көбейтіндісімен аныкталады: $0,92 \times 1,2 = 1,104$ немесе 110,4%, яғни тауар айналымы 10,4%-ға ұлгайды. Егер кәсіпорында өндіріс қолемі 10%-ға, ал жұмыс істейтіндердің саны 5%-ға ғана ұлгайса, онда кәсіпорында еңбек өнімділігі 4,8%-ға, яғни $1,1/1,05 = 1,048$ немесе 104,8%-ға артқанын білдіреді. .

Өсім факторларын зерттеу үшін индектік жүйе құру. Жоғарыда индекстер есептелеғен агрегаттық есеп формуласында азайтыш пен бөлгіштің мөлшерінен арасындағы айырма сол немесе басқа фактордың өзгеру есебінен сол немесе фактордың өзгеруін бағалауға мүмкіндік беретіні жөнінде айтылды. Осыны тауар айналымы мен баға индексінің физикалық қолемінің бүрын есептелген агрегаттық индекстерінің мысалында қарастырайық.

Мәселен, сатудың накты қолемінің өсу есебінен тауар айналымының өсімі $\Sigma q_i p_0 - \Sigma q_0 p_0 = 952\ 200 - 770\ 000 = 182\ 000$ теңгені құрады. Сонымен қатар бағаның маусымдық төмендеуі есебінен тауар айналымының қолемі $\Sigma p_i q_i - \Sigma p_0 q_i = 885\ 800 - 952\ 000 = -66\ 200$ теңгеге кемиді. Екі фактордың жиынтық ықпалын екі әсерді қосып та ($182\ 000$ және $-66\ 200$), сондай-ақ есепті және базистік кезеңдердегі тауар айналымының айырмасын ағымдағы (қолданыстағы) бағаларда анықтап есептеуге болады: $\Sigma p_i q_i - \Sigma p_0 q_0 = 885\ 800 - 770\ 000 = 115\ 800$ теңге.

Енді жекелеген кәсіпорында жаңа технологияны енгізуін аркасында өндірістің қолемін 500 млн теңгеден 650 млн теңгеге дейін немесе 30%-ға ($650/500 = 1,3$) өсіруге (деректер салыстырмалы бағаларда келтірілген) кол жеткізілді делик. Мұның өзінде жұмыс істейтіндердің саны 1000 адамнан 1048 адамға, яғни 4,8%-ға ұлгайды ($1048/1000 = 1,048$). Демек, өнімнің 30%-ға жалпы өсімі жұмыс істейтіндер санының 4,8%-ға және еңбек өнімділігінің 24%-ға ұлғаюымен байланысты ($1,30 / 1,048 = 1,24$).

Еңбек өнімділігінің өсуін тікелей жолмен де есептеуге болады. Мәселен, базистік кезенде ол $500000/1000 = 500$ мың теңгені, ал есепті кезенде $650000/1048 = 620,2$ мың теңгені құрады, яғни $620,2/500 = 1,24$ -ке артты.

Осылан кейін өндірістің жекелеген факторларының есебінен өнімнің абсолюттік өсімін анықтаймыз. Еңбек өнімділігінің абсолюттік өсімі (кар-кынды фактор) $620,2 - 500 = 120,2$ мың теңгені құрады. Оны есепті кезенде жұмыс істегендердің санына көбейтіп (өйткені сапа көрсеткіштерінің индекстерін есепті кезеңнің салмактарын пайдаланып есептеуге болады) еңбек өнімділігінің өсуінің аркасында өнімнің құны $120,2 \times 1048 = 125\ 969,6$ мың теңгеге үлгайғанын көреміз, бұл жалпы өсімнің 84%-ын құрайды ($125969,6/150000 \times 100 = 84,0$).

Жұмыс істегендердің жалпы өсімі (экстенсивтік фактор) $1048 - 1000 = 48$ адамға тең. Оны базистік кезендердегі еңбек өнімділігіне көбейтіп (өйткені көлемдік көрсеткіштерінің индексін базистік кезеңнің салмактарын пайдаланып есептеу ұсынылады), жұмыс істегендердің санының өсу есебінен өнімнің өсімі $48 \times 500 = 24\ 000$ мың теңгені құрайды, бұл жалпы өсімнің 16%-ын құрайды.

11.2. Құрылымдық өзгерістердің ықпалын индекстердің көмегімен зерттеу (өзгермелі және тұрақты құрамдағы индекстер)

Құрылымдық өзгерістер ескерілетін индекстер жүйесі. Орташа көрсеткіштер көп жағдайда орташаланатын көрсеткіштер өзгеретін шектерден шығатын дәрежеде өзгереді. Мәселен, жекелеген дақылдардың түсімділігінің өсуімен салыстырганда егістік көлемі құрылымының өзгеруіне орай дәнді дақылдардың орташа түсімділігі көбірек өсуі мүмкін. Басқаша айтқанда жалпы нәтижеге орташаланатын көрсеткіштердің өзгерістері де, сондай-ақ құрылымның өзгеруі де ықпал етеді.

Индекстік әдіс өзара байланысты индекстер жүйесін құруға мүмкіндік береді. Осы жүйеде орташа көрсеткіштің динамикасының көрсеткіші (өзгермелі құрамының индексі) өзгермейтін құрылымдағы орташа көрсеткіш индексі (тұрақты құрамының индексі) мен құрылымның өзгеруінің орташа көрсеткіштің динамикасына жасайтын ықпалын өлшейтін индекстің (құрылымның өзгеру индексі) көбейтіндісі ретінде болады.

Өзгермелі құрамның индексі. Орташа көрсеткіштің динамикасы (өзгермелі құрамның индексі) өздерінің кезеңдерінің салмақтары бойынша өлшенген екі кезеңінің орташа көрсеткіштерінің катынасы ретінде аныкталады:

$$I_{\text{өзгермелі құрамның}} = \frac{\sum x_i f_i / \sum f_i}{\sum x_0 f_0 / \sum f_0}$$

Мұнда: x – топтық орташа шама;

f – топтар бойынша жиынтықтардың бірлік саны.

Кейбір аудандарда дәнді дақылдың шектеулі бөлігі суарылатын жерлерде, ал қалғаны – суарылмайтын жерлерде егілетін дәнді дақылдың түсімділігінің мысалында өзгермелі құрамның индексін есептеуді карастырайық. Тиісінше суарылмайтын жерлермен салыстырғанда суарылатын жерлерде астықтың түсімділігі едәуір жоғары болады.

Жоғарыда келтірілген мысал (11.2-кесте) көрсеткіштердің карастырылып отырған бүкіл жиынтығында орташа шаманың өсу мүмкіндігін көрнекі көрсетеді, сонымен қатар әрбір жекелеген топта орташа көрсеткіштер кемиді. Бұл жағдайда суармалы жерлердегі дәнді дақылдың түсімділігі 12,5%-ға, ал суарылмайтын жерлерде – 16,7%-ға төмендеді, ал дәнді дақылдың орташа түсімділігі жалпы 10%-ға ұлғайды.

11.1. Жекелеген ауданда суармалы және суарылмайтын жерлерде дәнді дақылдардың түсімділігінің өзгеруі

	Көлем, мың га		Түсімділік, ц/га		Жалпы жиын, мың и.		Түсімділіктің қарқыны, %
	f_n	f_1	x_n	x_1	$x_n f_n$	$x_1 f_1$	
Суармалы жерлер	10	10	40,0	35,0	400	350	87,5
Суарылмайтын жерлер	50	20	12,0	10,0	600	200	83,3
БАРЛЫГЫ	60	30	16,7	18,3	1000	550	110,0

Кестеден бұған суарылмайтын жерлерде дәнді дақыл егістігінің қыскаруы себеп болғаны көрінеді, осының нәтижесінде суармалы жерлерде дәнді дақыл егістігінің үлесі егістіктің бүкіл көлемінің 1/6-ден 1/3-ге ұлғайды. Құрылым өзгермегендеге дәнді дақылдардың түсімділігі қалай өзгерді? Және егістік көлемі құрылымының өзгеруі орташа түсімділіктің өзгеруіне қандай үлес косты?

Тұрақты құрамның индексі. Бағаның, өзіндік құнның, еңбек өнімділігінің индексі сиякты түсімділік индексі де сапа көрсеткішінің индексі болып табылады және сондықтан есепті кезеңнің саны бойынша өзгермейтін құрылымда (тұрақты құрамның индексі) есептелуге тиіс. Біздін мысалда біз есепті кезеңдегі дәнді дақылдардың егістік көлемдері бойынша түсімділік индексін анықтауға тиіспіз:

$$I_{\text{тұрақты құрам}} = \frac{\sum x_i f_i / \sum x_0 f_i}{\sum x_0 f_0 / \sum f_0} = \frac{550 / (40 \times 10 + 12 \times 20)}{550 / 640} = 0,859 \text{ немесе } 85,9\%.$$

Сөйтіп, өзгермейтін құрылымда дәнді дақылдардың орташа түсімділігі үлгайған жоқ, керісінше, 14,1%-ға қыскарды.

Құрылымдық өзгерістердің индексі. Қарастырылып отырған мысалда егістік көлемдері құрылымының өзгеруі дәнді дақылдардың орташа түсімділігінің 28%-ға ($1,1/0,859 = 1,28$) үлғауына әкеп соктырады.

Тұракты құрамның (дәнді дақылдардың түсімділігін) индекстері есепті кезеңнің салмақтары (жерлердің көлемдері) бойынша есептелуіне байланысты, индектік жүйе құру үшін олардың құрылымының индекстерін толықтырушылар (белгі ретінде жерлердің көлемі болады) базистік кезеңнің салмақтары (салмак ретінде дәнді дақылдардың түсімділігі болады) бойынша есептеу қажет. Құрылымның индексі есептелеғін формуланы анықтау үшін өзгермелі құрамның индексін тұракты құрамның индексіне бөлу қажет:

$$\frac{I_{\text{құрылым өзгерс}}}{I_{\text{базисные агрес}}} = \frac{I_{\text{өзгермелі құрам}}}{I_{\text{тұракты құрам}}} = \\ = (\Sigma x_i f_i / \Sigma f_i : \Sigma x_0 f_0 / \Sigma f_0) / (\Sigma x_i f_i / \Sigma x_0 f_0) = \Sigma x_0 f_i / \Sigma x_0 f_0 : \Sigma f_i / \Sigma f_0$$

Алынған формула бойынша құрылымдық өзгерістердің индексін анықтаймыз:

$$\frac{I_{\text{базисные агрес}}}{I_{\text{тұракты құрам}}} = \Sigma x_i f_i / \Sigma x_0 f_0 : \Sigma f_i / \Sigma f_0 = (640/1000) : (30/60) = \\ = 0,64 : 0,5 = 1,28 \text{ немесе } 128\%.$$

Сөйтіп, біз егістік көлемдеріндегі құрылымдық өзгерістер қарастырылатын аудандарда дәнді дақылдардың түсімділігінің 28%-ға үлғауына байланысты жағы да нәтижелі болдық. Нәтижесінде түсімділіктің 14,9%-ға кемуінің орнына оның 10%-ға үлгайғанын көрдік.

11.3. Құрылымдық өзгерістердің макро- және микроденгейге жасайтын ықпалын зерттеу

Проблеманың екі аспектісін: 1) проблеманы жалпы экономикалық тәсілдемесін (макроденгейде) қарастыруды және 2) жекелеген кәсіп-орындардың жұмысын бағалағанда (микроденгейде) немесе сапа көрсеткіштерін көп тауарлық жиынтықтар жағдайында пайдалануды айыра білу қажет.

Макроденгей. Осы тәсілдемені индекстеңін шама участекелер бойынша ерекшеленетін жекелеген (бір тауарлық) индекстерді есептегендеге көриңкі түрде көрсетеміз. Мысалы, бағаның жеке индексі орташа бағанын катынасы ретінде:

$$(\Sigma p_i q_i / \Sigma q_i : \Sigma p_0 q_0 / \Sigma q_0) = p_i : p_0$$

немесе тұракты құрылымдағы бағаның индексі ретінде құрылуы мүмкін:

$$\Sigma p_i q_i / \Sigma q_i : \Sigma p_0 q_i / \Sigma q_i = \Sigma p_i q_i / \Sigma p_0 q_i$$

Бірінші индекс екі фактордың ықпалын: индекстелетін шаманың өзгеруінің және құрылымның өзгеруінің ықпалын көрсетеді. Екінші индекс тек бірінші фактордың іс-әрекетінін шамасын береді. Ол тек бір екінші фактордың – құрылымдық өзгерістің іс-әрекетінің шамасын беретін индекспен толықтырылуы мүмкін, олар бірігіп индекстік жүйені құрайды:

$$p_i : p_0 = \Sigma p_i q_i / \Sigma p_0 q_i \times (\Sigma p_0 q_i / \Sigma p_0 q_0 : \Sigma q_i / \Sigma q_0)$$

Жалпы экономикалық тәсілдемеде құрылымдық өзгеріс қосымша үнемнің немесе артық жұмсаудың көзі болуы мүмкін. Бұл жағдайда жеке индексті есептегендеге сапа көрсеткішінің өзгеруінің толық сипаттамасын өзгермелі құрамың индексі береді, ал тұракты құрамың индексі мен құрылымның индексі тек жалпы өзгерістегі жекелеген факторлардың рөлін өлшейтін талдамалы индекс болып табылады.

Осыдан тұракты құрамың сапа көрсеткіштерінің жалпы тауарлық агрегаттық индекстеріне жеке индекстер өзгермелі құрамың индекстері ретінде кіруге тиіс екен деген корытынды жасауга болады. Яғни баға индексі, мысалы, келесі формула бойынша есептелуге тиіс:

$$I = \Sigma p_i q_i / \Sigma p_0 q_i \text{ (Пааше формуласы),}$$

мұнда: p_0 – өзгермелі құрамың индексі ретінде есептелетін жеке индекс.

Микроденгей. Проблеманың екінші аспектісі жеке кәсіпорындардың жұмысын бағалағанда және құндық нысандағы көп тауарлық жиынтық жағдайында сапа көрсеткіштерімен жұмыс істегендеге туындайды. Бұл жағдайда сапа көрсеткіштері орташа шаманың нысанын қабылдайды. Мәселен, өнеркәсіпте өзіндік құнды зерттегендеге тауар өнімінің тенгесіне жұмсалған шығынның орташа деңгейі есептеледі, ал саудада айналыс шығынның зерттегендеге тауар айналымының тенгесіне шағылған олардың орташа деңгейі анықталады және т.б.

Бұл жерде сапа көрсеткіштерінің орташа деңгейіне тауар өнімінің, өзіндік құнның және т.б. тауарлық құрамындағы құрылымдық өзгерістер айтарлықтай ықпал етеді. Осы құрылымдық өзгерістер жеке кәсіпорындардың сапа көрсеткіштерін жақсарту жолындағы күресінің нәтижелерін көрсетпейді, осының нәтижесінде олардың сапа көрсеткіштерінің динамикасына ықпал етпеуіне жол бермеу проблемасы туындайды. Бұл үшін құрылымдық өзгерістердің саудадағы тауар айналымының сыйымдылық шығыны мен еңбек сыйымдылығы, өнеркәсіптегі өнімнің сыйымдылық шығыны мен еңбек сыйымдылығының индекстері сияқты арнайы индекстер есептеледі.

Өнімнің немесе тауар айналымының тауар құрамындағы құрылымдық өзгерістердің индекстерін есептеудің жалпы қағидалары бір тауарлық индекстердегі өзгерістердің құрылымының индекстерін есептеудегі сиякты: тауар массасының құрылымы өзіндік құнның деңгейлері немесе базистік кезеңнің айналыс шығыны бойынша салмакталады.

Сейтіп, проблеманың әдette жалпы экономикалық тәсілдемеде колданылатын бірінші аспектің өзгермелі құрамның индексін тұракты құрамның индексі мен құрылымдық өзгерістің индексіне косымша бөліп есептеуді қажет етеді. Проблеманың жеке кәсіпорын тұрғысынан пайдаланылатын екінші аспектің өзгермелі құрамның индексінен құрылымдық өзгерісті алып тасатуды, яғни тұракты құрамның индексіне көшуді қажет етеді.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Динамикадағы жекелеген факторлардың рөлін талдау үшін индекстерді пайдаланудың маңызы қандай?
2. Өзара байланысты индекстер жүйесі кай ереже бойынша құрылады?
3. Өсім факторын зерттеу үшін индектік жүйелер қалай құрылады?
4. Құрылымдық өзгерістерді талдау үшін индекстерді пайдаланудың маңызы қандай?
5. Өзгермелі құрамның индексі қалай анықталады? Оның маңызы неде?
6. Тұракты құрамның индексі қалай анықталады? Оның маңызы неде?
7. Макроденгейдегі құрылымдық өзгерістерді зерттеудің ерекшелігі неде?
8. Микроденгейде құрылымдық өзгерістерді зерттеудің ерекшелігі неде?



Ұсынылатын әдебиет

1. Авров А.П. Аврова Ю.А. Общая теория статистики. Основы курса: Учебное пособие. 2-ое изд. доп. – Алматы, 2004. – 112 с.
2. Сиденко А.В., Попов Г.Ю., Матвеева В.М. Статистика: Учебник.– М.: Дело и сервис, 2000. - 464 с.

3. Елисеева И.И., Юзбашев М.М. *Общая теория статистики*: Учебник. – 3-е изд. / под ред. чл.-корр. РАН И.И. Елисеевой. – М.: Финансы и статистика, 1998. – 368 с.: ил.
4. Ефимова М.Р., Петрова Е.В., Румянцев В.Н. *Общая теория статистики*: Учебник для вузов. – М.: ИНФРА-М, 1998.
5. Статистика: Курс лекций для вузов / Под ред. В.Г. Ионина. – М.: ИНФРА-М, 1996.
6. Гусаров В.М. Теория статистики: Учебное пособие для вузов. – М.: Аудит, ЮНИТИ, 1998.
7. Гусаров В.М. Теория статистики: Учебное пособие. – М.: ИННТИ, 2000.
8. Рязов Н.Н. *Общая теория статистики*: Учебник для студ. экон. спец. вузов. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1984. – 343 с.: ил.
9. Общая теория статистики: Учебник / Т.В. Рябушкин, М.Р. Ефимова и др. – М.: Финансы и статистика, 1981.
10. Общая теория статистики: Учебник / Г.С. Кильдишев, В.Е. Освиенко, П.М. Рабинович, Т.В. Рябушкин. – М.: Статистика, 1980.
11. Статистический словарь / Гл. ред. М.А. Королев. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1989.

11.4. Практикум

11.4.1. Ізденуге арналған сұраптар

1. Динамика факторларын талдаудың индекстік әдісінің маңызын сипаттаңыз. Өзара байланысты индекстер жүйесін және өсім факторларын зерттеуге арналған индекстер жүйесін құрудың ережелерін сипаттаңыз.
2. Құрылымдық өзгерістерді талдауға арналған индекстік әдістің маңызын сипаттаңыз. Осы максаттар үшін өзара байланысты индекстер жүйесінің құрылымын көлтіріңіз.
3. Өзгермелі және тұракты құрамның индекстері арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз. Оны мысалмен көлтіріңіз.
4. Макро- және микроденгейдегі құрылымдық өзгерістердің ерекшеліктерін сипаттаңыз.

11.4.2. Типтік есептерді шешу мысалдары

1 - мысал. Наурыз айымен салыстырғанда сәуір айында сүт өнімінің тауар айналымы 4%-га үлгайды, ал бағалар осы айда 15%-та төмendetілді. Наурызбен салыстырғанда сәуір айында сүт өнімінің саны қалай өзгерді?

Шешуі. Тауар айналымының индексі баға индексі мен сан индексінің көбейтіндісін білдіреді. Осыдан тауар айналымының индексі мен баға индексін біліп оның біреуін екіншісіне бөлу арқылы сатылған сүт өнімі санының индексін есептеу қын емес:

$$I_q = 1,04/0,85 = 1,224 \text{ немесе } 122,4\%,$$

яғни сатылған сүт өнімінің саны наурызбан салыстырғанда сәуірде 22,4%-ға ұлғайды.

2-мысал. Көкөніс сату көлемі 10%-ға ұлғайды, сол себептен нарықта сатудан алынған түсім 22%-ға артты. Көкөністің бағасы қалай өзгерді?

Шешуі. Сатудан алынған түсім (таяар айналымы) бағанын сатылған көкөніс санына көбейтіндін білдіреді. Осыдан сатудан алынған түсімнің индексі мен сан индексін біліп, біреуін екіншісіне бөлу арқылы көкөніс бағасының индексін есептеу киын емес:

$$I_p = 1,1/1,22 = 0,9024 \text{ немесе } 90,2\%,$$

яғни көкөністің бағасы 9,8%-ға төмендеді.

3-мысал. Зауыт бойынша өндірістің көлемі 25%-ға ұлғайған жағдайда өндіріске жұмысалатын жалпы шығын есепті кезеңде базистікпен салыстырғанда 20%-ға ұлғайды. Өнім бірлігінің өзіндік құны базистік кезеңмен салыстырғанда есепті кезеңде қалай өзгерді?

Шешуі. Өндіріс шығынының көлемі өнім өндірісі көлемінің онын өзіндік құнына көбейтіндісін білдіреді. Осыдан, өндіріс шығынының индексі мен өндірістің индексін біліп біреуін екіншісіне бөлу арқылы өзіндік құнның индексін есептеу киын емес:

$$I = 1,20/1,25 = 0,96 \text{ немесе } 96\%,$$

яғни зауыт бойынша өнім өндірісінің өзіндік құны 4%-ға төмендеді.

4-мысал. Жұмысшылардың саны – 25%-ға, еңбекақы коры 30%-ға ұлғайды. Бір жұмысшының орташа еңбекақысы қалай өзгерді?

Шешуі. Еңбекақы коры жұмысшылардың саны мен олардың орташа еңбекақысына көбейтіндін білдіреді. Демек, еңбекақы корының индексі мен жұмысшылар санының индексін біліп, біреуін екіншісіне бөлу арқылы орташа айлық еңбекақының индексін есептеу киын емес:

$$I = 1,30/1,25 = 1,04 \text{ немесе } 104\%,$$

яғни жұмысшылардың орташа айлық еңбекақысы 4%-ға ұлғайды.

5-мысал. Бір кәсіпорында өнімнің құны базистік жылы 240 млн теңгені, ал есепті жылы – 276 млн теңгені құрады. Жұмыс істейтіндердің саны тиісінше 300 және 315 адамды құрады. Өнімділіктің есуі өнім өсімінің қанша пайызға есуін қамтамасыз еткенін анықтаңыз.

Шешуі. Еңбек өнімділігінің есу есебінен өндірілген өнім құннының өсімі еңбек өнімділігінің абсолюттік өсімінің есепті кезеңдегі жұмыс істейтіндердің санына көбейтіндісін білдіреді:

$$\begin{aligned} \Delta Pt &= [(276/315) - (240/300)] \times 315 = [0,876 - 0,800] \times 315 = \\ &= 0,076 \times 315 = 24 \text{ млн теңге.} \end{aligned}$$

Онім кұнының жалпы өсімін біліп ($276 - 240 = 36$ млн теңге), еңбек өнімділігінің өсу есебінен алғынған өсімнің үлесін есептеуге болады:

$$24/36 = 0,667 \text{ немесе } 66,7\%,$$

яғни өнімнің құны еңбек өнімділігінің өсу есебінен 66,7%-ға үлгайды.

6 - мұсал. Көтерме сауда және бөлшек сауда нарықтарында картопты сату көлемі мен оның орташа бағалары мынадай болды:

	І теңгенің бағасы, теңге		Сату көлемі, т	
	өткен жыл	есепті жыл	өткен жыл	есепті жыл
Көтерме сауда нарыкта	10	10	1000	1500
Бөлшек сауда нарыкта	18	14	800	400
БАРЛЫҒЫ	—	—	1800	1900

Екі жылдағы картоптың орташа бағалары мен орташа бағаның динамикасын есептеніз; тұрақты құрамның индексі мен құрылымдық өзгеріс индексінің көмегімен орташа баға динамикасында картоп сатудағы көтерме сауда және бөлшек сауда нарықтарында бағалардың өзгеруі мен өзіндік салмактардың өзгеруі қандай рөл аткарғанын анықтаңыз.

Шешуі. Картоптың орташа бағасы нарыктың әр түрлідегі топтық орташа баға мен сату көлемінің негізінде келесідей анықталады:

$$\frac{\sum x_0 f_0 / \sum f_0}{\sum x_1 f_1 / \sum f_1} = (10 \times 1000 + 18 \times 800) / 1800 = 24400 / 1800 = 13,56 \text{ теңге } 1 \text{ кг үшін},$$

$$\frac{\sum x_1 f_1 / \sum f_1}{\sum x_0 f_0 / \sum f_0} = (10 \times 1500 + 14 \times 400) / 1900 = 20600 / 1900 = 10,84 \text{ теңге } 1 \text{ кг үшін}.$$

Осыдан, картоптың орташа бағасының индексі келесіні құрады:

$$\frac{\sum x_1 f_1 / \sum f_1}{\sum x_0 f_0 / \sum f_0} = 10,84 / 13,56 = 0,8 \text{ немесе } 80\%.$$

Тұрақты құрамның индексі есепті және базистік кезеңдегі топтық орташа баға мен орташа бағаның және есепті кезеңдегі сату көлемінің негізінде келесідей есептеледі:

$$\frac{\sum x_1 f_1 / \sum x_0 f_0}{\sum x_0 f_0 / \sum f_0} = 20600 / (10 \times 1500 + 18 \times 400) = 20600 / 22200 = 0,928 \text{ немесе } 92,8\%,$$

яғни екі нарықтағы баға орташа 7,2%-ға төмендеді (есепті кезеңнің сату құрылымында).

Бірінші индекс пен екінші индекс өзара байланысты жүйені құрайды, сондықтан бірінші индексті екіншіге бөлу арқылы құрылымдық өзгеріс индексін алуға болады:

$$0,8 / 0,928 = 0,862 \text{ немесе } 86,2\%,$$

яғни құрылымдық өзгеріс (бұдан арзан нарыктың үлесін арттырды) екі нарықтағы картоптың орташа бағасын қосымша 13,8%-ға төмендетті.

Кұрылымдық өзгерістің индексін есептеудің басқа нұсқасын келесі тікелей формула бойынша жүзеге асыруға болады:

$$\sum x_0 f_i / \sum x_0 f_0 : \sum f_i / \sum f_0 = 22200/24400 : 1900/1800 = 0,91 / 1900 \times 1800 = 0,862.$$

11.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

11.5.1. Есептер

1-есеп. ЖІӨ өндірісі 2004 жылы нақты 9,6%-ға ұлғайды, ал ЖІӨ-нің дефляторы (жалпы экономика бойынша бағаның өсу индексі) 116,1%-ды құрады. ЖІӨ-нің жалпы көлемінің атаулы түрі өткен жылмен салыстырғанда 2004 жылы қалай өзгерді?

2-есеп. 2004 жылы егістік көлемі 2,8%-ға ұлғайса да дәнді дақылдардың жалпы жиыны 16,2%-ға қыскарды. Дәнді дақылдардың түсімділігі қалай өзгерді?

3-есеп. Қазакстанда 2004 жылы жиынтық ақша массасы МЗ 75%-ға ұлғайды, ал ондағы қолма-қол ақшаның үлесі МО 9%-ға қыскарды. Өткен жылғымен салыстырғанда айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 2004 жылы қалай өзгерді?

4-есеп. Өнеркәсіптең жалдамалы қызметкерлердің саны 2004 жылы – 1,7%-ға, ал енбекақы қоры 21,1%-ға ұлғайды. Бір жалдамалы қызметкердің орташа енбекақысы қалай өзгерді?

5-есеп. Экономиканың аграрлық секторында 2003 жылы жалпы қосылған құн өндірісі 362,6 млрд теңгені, ал 2004 жылы 439,0 млрд теңгені құрады. Экономиканың аграрлық секторында тиесінше 1879,9 және 1792,4 адам жұмыс істеді. Егер ВДС дефляторы (ВДС баға құрамдастының өсу индексі) 2004 жылы 121%-ға тең болса, жалпы қосылған құнның өсімінің канша пайзын енбек өнімділігінің өсуі қамтамасыз еткенін анықтаңыз.

6-есеп. Жеке тауарды сату каналдары бойынша сату жөніндегі мынадай дөректер берілген:

	Таяар айналымы, мың теңге		2004 жылы нақты көлемінің индексі, %
	2003 ж.	2004 ж.	
Сауда жасайтын ұйымдар	327089	469255	134,8
Нарыктар және жеке кәсіпкерлер	641849	717943	105,1

Сауда жасайтын ұйымдардың баға деңгейі нарыктар мен жеке кәсіпкерлердің баға деңгейінен бір жарым есе жоғары екенін назарға алумен бірге

курылымдық өзгерістерді ескере отырып, 2004 жылы бөлшек саудадағы орташа бағалардың қалай өзгергенін есептөніз; өзгөрмелі және тұракты құрамның баға индекстерінің көмегімен орташа бөлшек сауда бағасының динамикасында сату каналдары бойынша сату көлемдеріндегі құрылымдық өзгерістер қандай рөл аткарғанын аныктаныз.

11.5.2. Тест тапсырмалары

1. Тауар айналымының жалпы индексінің формуласын көрсетіңіз:

$$1) \frac{\sum P_1 q_1}{\sum P_0 q_1};$$

$$2) \frac{\sum P_1 q_1}{\sum P_0 q_0},$$

$$3) \frac{\sum P_0 q_0}{\sum P_1 q_1},$$

$$4) \frac{\sum P_1 q_0}{\sum P_0 q_1},$$

$$5) \frac{\sum P_0 q_1}{\sum P_1 q_0}$$

2. Егер бүкіл сауда айналымы 57%-ға көтерілсе, ал сатылған тауардың көлемі 5%-ға кемісе, тауардың орташа бағасы қалай өзгерді?
- 1) 0,605;
 - 2) 11,4;
 - 3) 1,653;
 - 4) 0,088;
 - 5) 1,492.
3. Өндіріс көлемі өзгермей жалпы еңбек шығыны 8%-ға қысқарған жағдайда фирмадағы еңбек өнімділігі қалай өзгерді (%)?
- 1) +8;
 - 2) -8;
 - 3) +8,7;
 - 4) -8,7;
 - 5) +12,5.
4. Өнім өндірісінің жалпы шығынының нақты көлемі 20%-ға ұлғайып, ал өзіндік қын 4%-ға төмендесе өнім өндірісінің жалпы шығыны қалай өзгерді?
- 1) +16;
 - 2) +15,2;

- 3) +24;
- 4) -24;
- 5) +25.

5. Өзгөрмелі кұрамның индексі ненің өзгеруін білдіреді?

- 1) өз кезеңдерінің салмактары бойынша өлшенген екі кезеңнің орташа көрсеткішінің;
- 2) көлем факторының есебінен құбылыстың орташа деңгейінің;
- 3) құрылым факторының есебінен құбылыстың орташа деңгейінің;
- 4) екі кезеңнің абсолюттік көрсеткіштерінің;
- 5) екі кезеңнің салыстырмалы көрсеткіштерінің.

6. Сапа көрсеткіштерінің түрақты құрамының индексі ненің өзгеруін білдіреді?

- 1) екі фактордың өзгеруінің есебінен құбылыстың орташа деңгейінің;
- 2) бір фактордың есебінен құбылыстың орташа деңгейінің;
- 3) базистік кезеңнің салмактары бойынша құбылыстың орташа деңгейінің;
- 4) есепті кезеңнің салмактары бойынша салыстырмалы көрсеткіштердің;
- 5) есепті кезеңнің салмактары бойынша абсолюттік көрсеткіштердің.

7. Құрылымдық өзгерістер индексі ненің взгеруін білдіреді?

- 1) көлем факторының есебінен құбылыстың орташа деңгейінің;
- 2) екі фактордың өзгеруінің есебінен құбылыстың орташа деңгейінің;
- 3) жиынтық құрылымының өзгеруінің есебінен құбылыстың орташа деңгейінің;
- 4) жиынтық құрылымының өзгеруінің есебінен салыстырмалы көрсеткіштердің;
- 5) жиынтық құрылымының өзгеруінің есебінен абсолюттік көрсеткіштердің.

12-ТАҚЫРЫП

ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРДЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Өзара байланыс түрлері.

12.1. Өзара байланысты баланстық зерттеу әдістері

Статистикалық әдістер қоғамдық құбылыстарда қалыптасатын өзара байланыстарды талдауға мүмкіндік береді. Біз бұрын *топтастыру әдісін*, қатысты және орташа шама әдісін, динамика қатарын талдау әдісі мен индекстік әдісті зерттедік. Осы тарауда өзара байланысты статистикалық зерттеудің бірқатар қарапайым әдістері – баланстық, коэффициенттер әдісі, графикалық әдіс пен аналитикалық топтастыру әдісі, ал келесі тарауда *корреляциялық-регрессиялық талдау әдісі* қарастырылады.

Құбылыстардың арасындағы өзара байланыстар мен өзара тәуелділікті зерттеп қана олардың мәні мен даму зандарын билетін боламыз. Сондықтан өзара байланыстарды зерттеу кез келген статистикалық талдаудың маңызды міндеті болып табылады.

Мысалы, өнеркәсіптік өндірістің көрсеткіштерімен көрсетілетін өнеркәсіптік өндірістің нәтижелері жұмысалған еңбектің мөлшері мен оның өнімділігіне байланысты. Ал еңбек өнімділігі еңбекті механикаландыру мен автоматтандыру деңгейіне, жұмысшылардың біліктілігі мен басқада факторға байланысты. Статистика осы өзара байланыстарды бағалап, олардың рөлін көрсетуге мүмкіндік береді.

Барлық өзара байланыстарды олардың ерекшеліктері бойынша мынадай үш топқа бөлуге болады:

1) факторлық, олар топтастыру әдісімен және корреляция теориясының әдісімен зерттеледі;

- 2) құрамдастық, олар индекстік әдіспен зерттеледі;
- 3) баланстық, баланстық әдіспен зерттеледі.

Топтастыру әдісінде байланыс сол бір жынтықтың бірлігінде әр түрлі белгілердің келісілген вариациясында байқалады. Мұның өзінде белгілердің біреуі осы келісілген вариацияның факторы, ал баскасы – салдары ретінде болады. Егер белгі-фактор өзгерсе, онда салдар белгісінің топтық орташа шамасы өзгереді, демек олардың арасында байланыс бар деп айтуға болады.

Индекстік әдіс құрамдастық байланыстарды, яғни құрамдағы құрамдастардың тұластай өзгеру салдарынан күрделі құбылыстың өзгеруін талдауға мүмкіндік береді.

Баланстық әдіс ресурстардың пайда болуы мен оларды бөлудегі байланыстар мен пропорцияларды талдауға мүмкіндік береді.

Статистикалық баланс деп өзара тенденциялық байланысты абсолюттік мөлшердің екі сомасынан құралған келесі көрсеткіштер жүйесі аталаады:

$$a + b = v + z.$$

Көбінесе баланстар арқылы ресурстардың қозғалысын білдіретін абсолюттік денгейлерді біртұтас жүйеге байланыстырады. Кайсы бір кәсіпорындағы материалдық ресурстардың балансы осындай қарапайым баланстың түрі болып табылады. Ондағы көрсеткіштердің сомасы бастапкы және соңғы қалдықты, түсім пен шығысты құрайды:

$$\text{Бастапқы қалдық} + \text{түсім} = \text{шығыс} + \text{соңғы қалдық}.$$

Егер түсім пен шығыс бір-бірімен үйлеспесе, онда бастапкымен салыстырғанда кезеңнің сонында қорлар өзгереді.

Егер баланста түсімді деректер (жеткізуші) бойынша, ал шығысты тағайындалуы (сатып алушы) бойынша бөлсе, онда өзара байланыс пен пропорцияның өзара мүмкіндіктері едәуір кеңейеді. Баланс құрудың көмегімен материалдық ресурстардың ғана емес, сонымен бірге жұмыс күшинің, акшалай қараждаттың, негізгі қорлардың және т.б. қозғалысын зерттеуге болады.

Баланстық байланысты жетіспейтін көрсеткіштерді есептеу үшін пайдалануға болады. Мәселен, накты тауар бойынша, егер оның кезеңнің басы мен сонындағы қалдығы және түсімнің көлемі белгілі болса, онда сатудың көлемін келесідей анықтауға болады:

$$\begin{aligned} \text{Сатылған тауар} &= \text{бастапқы қалдық} + \\ &+ \text{түскені} - \text{соңғы қалдық} \end{aligned}$$

12.2. Корреляциялық байланыстар, олардың ерекшеліктері мен нысандары

Корреляциялық байланыстардың ерекшелігі. Егер әр түрлі белгілердің вариацияларын салыстырганда бір белгінің (нәтижелік, салдарлық) екінші белгінің ықпалымен өзгергені белгілі болса, онда олардың арасында байланыстың бары туралы айтуға болады. Мұның өзінде байланыс функционалдық немесе корреляциялық болуы мүмкін.

Функционалдық байланыстар толық, катаң болып табылады. Яғни белгі-функцияның тұтастай өзгеруі белгі-дәлелдің өзгеруімен аныкталады. Мысалы, шенбердің ауданы оның радиусымен келесідей аныкталады: $S = \pi \times r^2$. Кубтың көлемі осы сиякты оның қабырғасының ұзындығымен келесідей аныкталады: $V = a^3$.

Корреляциялық байланыстар – салыстырмалы, толық емес байланыс. Белгі-фактордың бір мағынасына белгі-салдардың бірнеше мағынасы сәйкес келеді. Байланыс тек нәтижелік белгінің орташа шамасы өзгергенде ғана білінеді. Басқаша айтқанда нәтижелік белгінің орташа шамасы (кейбірлеулері белгісіз болуы мүмкін) көптеген факторлық өзгерістердің ықпалымен өзгереді. Мысалы, енгізілген тыңайтыштың саны мен түсімділіктің арасында байланыс бар. Алайда тыңайтыш тең мөлшерде енгізілсе де әр түрлі жер телімінің түсімділігі әрқалай. Яғни түсімділікке басқа факторлар да ықпал етеді.

Корреляциялық байланыстардың ерекшелігі ретінде олардың жекедара жағдайда емес жаппай орын алатын жағдайларда білінетіні және оны зерттеу үшін жаппай қадағалау қажет, басқаша айтқанда корреляциялық байланыстың байқалуы көп сан заңының қолданылуымен байланысты екенін айтуға болады.

Белгі-салдардың накты мағынасына ықпал ететін басқа да факторлар бар, сол себептен корреляциялық байланыс толық емес.

Корреляциялық байланыстың тағы бір ерекшелігін айта кететін болсак: осы байланыс қайтымсыз. Мысалы, егер еңбектің өнімділігі энергиямен жарактандыруға байланысты болса, энергиямен жарактандыру өнімділікке байланысты емес.

Алдын ала теориялық талдау біз фактор ретінде таңдаған белгі мен белгі-салдардың арасында себепті байланыстың барын, сондай-ақ осы байланыстың нысанын мүмкіндігінше дәлелдеуге тиіс.

Корреляциялық байланыстың нысандары. Корреляциялық байланыстың көрсетілген ерекшеліктері корреляция теориясында: 1) байланыстың теориялық нысанын анықтау (регрессиялық талдау); 2) байланыстың тығыздығын өлшеу (корреляциялық талдау) деп аталатын екі міндетті туындарады.

Корреляциялық байланыстар өзінің нысаны бойынша тікелей және кері, тік сзықтық қисық сзықтық (сзықтық және сзықтық емес), бір факторлық және көп факторлық болады.

Тікелей және кері байланыстар нәтижелілік белгісінің өзгеру бағытына байланысты ерекшеленеді. Егер ол факторлық белгісінің бағытында өзгерсе, онда байланыс тікелей, басқа жағдайда – кері байланыс болады.

Тік сзықтық және қисық сзықтық корреляциялық байланыстар ол үшін таңдалған және сзықтық функциямен немесе сзықтық емес функциямен (параболамен, гиперболамен, жартылай логарифмдік қисық сзықпен, көрсетінді қисық сзықпен және т.б.) көрсетілген байланыстың теориялық нысанының талданған түріне байланысты ерекшеленеді.

Бір факторлық корреляциялық байланыстар жұптық корреляциямен, *көп факторлықтар* – көп корреляциямен сипатталады, мұның өзінде барлық факторлар кешенді түрде, яғни бір уақытта әрі өзара байланысты жұмыс істейді.

Корреляциялық-регрессиялық тақдау деп нәтижелілік белгісінің бір немесе бірнеше белгі-фактордан тәуелділігін жуық білдіретін регрессия тендеуінің түріндегі статистикалық модельді құрып талдайды, сондай-ақ байланыстың тығыздығының дәрежесін бағалайды (келесі тақырыпта қарастырылатын болады).

12.3. Сапа (атрибутивтік) белгілерінің арасындағы байланыстың тығыздығын өлшеу

Байланыстың тығыздығын дисперсиялық және корреляциялық талдаудың көмегімен өлшеу белгіленген қындықтармен байланысты және орасан көп есептеуді қажет етеді. Байланыстың тығыздығын жуықтай бағалау үшін соңашықты қындығы жок жұмысы көп емес есептеуді қажет етпейтін жуық көрсеткіштер пайдаланылады. Оларға сапа (атрибутивтік) белгілердің арасындағы байланыс қатысында қолданылатын A.A. Чупровтың өзара түйіндестік коэффициенті және ұқсастық (контингенция-шектелім) коэффициенті жатады.

A.A. Чупровтың өзара түйіндестік коэффициенті. Осы коэффициент сапа белгілерінің келісілген өзгеруінің байланысының тығыздығын өлшеу үшін пайдаланылатын неғұрлым ортақ көрсеткіш болып табылады. Ол екі атрибутивтік белгінің өзгеруі бірнеше топ (үш және одан астам) күрганда солардың арасындағы байланысты өлшеу үшін қолданылады.

Осы көрсеткіштің қолданылуын мысалда қарастырайық. Біз сырттай оқитын студенттердің бір арнайы пән мен мамандық бойынша практикалық

жұмысына орай білімдерінің бағалары арасындағы байланыстың тығыздығын анықтағымыз келеді делік. 12.1-кестеде (өзара токайластық кестесінде) 500 студент бойынша деректер келтірілген.

Торларда тиісті баға алған студенттердің саны (жиілігі), жакшада жиіліктердің квадраты, олардың он жағында – жиіліктердің квадратын бағандар бойынша жиіліктердің сомасына бөлінген бөліндіде көрсетілген. Соңғы бағандадағы бірінші және екінші бағаның жиілігінің сомасын, екінші сан – жиілік квадратын бағандар бойынша жиіліктердің сомасына бөлуден алынған бөліндінің сомасын білдіреді. Үшінші сан екінші санның бірінші санға қатынасын білдіреді. Осы сандардың сомасынан (1,0436) бір шегерілген сан өзара түйіндестік коэффициенті деп аталады және «фи квадрат» (φ^2) грек әрпімен белгіленеді:

$$\varphi^2 = \sum \sum \frac{f_{ij}^2}{f_i f_j} - 1,$$

мұнда: f_{ij} – i-ші жолда шартты бөлу жиілігі;

$f_i f_j$ – тиісінше i-ші және j-ші жол бойынша жиіліктердің сомасы.

12.1. Сырттай оқитын студенттердің арнайы пәннін бірімен мамандығына байланысты жұмыс бойынша бағаларының өзара түйіндестік кестесі

Емтихандағы баға	Жұмыстың сипаты		
	мамандығы бойынша жұмыс істейді	мамандығы бойынша жұмыс істемейді	Жыныс
Өте жақсы	50 (2500) 7,1429	25 (625) 4,1667	75 11,3096; 0,1508
Жақсы	110 (12100) 34,5714	40 (1600) 10,6667	150 45,2381; 0,3016
Қанағаттандыралық	180 (32400) 92,5714	65 (4225) 28,1667	245 120,7381; 0,4928
Қанағаттанғысыз	10 (100) 0,2857	20 (400) 2,6667	30 2,9524; 0,0984
Жиыны	350	150	500 1,0436

Егер белгілер дербес болса, онда $\sum \sum \frac{f_{ij}^2}{f_i f_j} = 1$, а $\varphi^2 = 0$.

Өзара түйіндестік көрсеткішінің негізінде A.A. Чупровтың өзара түйіндестік коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$K_u = \sqrt{\frac{\varphi^2}{\sqrt{(m_1 - 1)(m_2 - 1)}}},$$

мұнда: m_1, m_2 – белгілердің әрқайсысы бойынша топтардың саны.

Коэффициент 0-ден 1-ге дейінгі мағынаны қабылдай алады. 0,3 және одан асатын мағына зерттелетін белгілердің вариацияларының арасындағы тығыз байланысты мензейді. Біздін жағдайда А.А. Чупровтың коэффициенті мынаған тен болады:

$$K_u = \sqrt{\frac{0,0436}{\sqrt{(4-1)(2-1)}}} = \sqrt{\frac{0,0436}{\sqrt{3}}} = \sqrt{0,0252} = 0,16.$$

Яғни студенттердің білімінің бағалары мен олардың мамандығы бойынша жұмысы арасында байланыстың бары білінеді.

Ассоциация және контингенция коэффициенттері. Егер екі атрибуттік белгінің белгі вариациясы екі топпен шектелсе (яғни балама), онда өзара түйіндестік коэффициентін қарапайым түрде, яғни ассоциация және контингенция коэффициенті түрінде есептеуге болады. Бұл үшін бастапқы деректер қиуластырылған келесі төрт торлы кестеге жинақталады:

12.2. Ассоциация және контингенция коэффициенттерін есептеуге арналған құрамдастырылған кесте

А белгісі бойынша топ	Б белгісі бойынша топ		
	1	2	Σ
1	a	B	$a + b$
2	c	d	$c + d$
Σ	$a + c$	$b + d$	-

Ассоциация (K_a) және контингенция (K_k) коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{a) } K_a = \frac{ad - bc}{ad + bc};$$

$$\text{ә) } K_k = \frac{ad - bc}{\sqrt{(a+b)(c+d)(a+c)(b+d)}}.$$

Ассоциация және контингенция коэффициенттері -1 -ден бастап $+1$ -ге дейінгі шектерде өзгереді және олар осы шекті мағыналарға негұрлым жақын болса зерттелетін белгілер өзара солғұрлым сонша тығыз байланысты болады. Контингенция коэффициентінің мағынасы ассоциация коэффициентінің мағынасынан әр кезде аз. $K_a > 0,5$, а $K_k > 0,3$ болса, онда байланыс расталған болып саналады. $ad > bc$ болса, онда белгілердің арасында тікелей байланыс, ал егер $ad < bc$ болса, онда кері байланыс болады. $ad = bc$ болған жағдайда байланыс жоқ болады.

Сандық белгілердің арасындағы байланыстың тығыздығының өлшеу

Сандық белгілердің арасындағы байланыстың тығыздығын шамамен болжау мақсатында белгілердің корреляциясы (Фехнердің) және рангілер корреляциясы коэффициенттері пайдаланылады. Бұл үшін сандар өзгеретін белгілердің арасындағы байланыстың болуын анықтауға мүмкіндік беретін қатарлас қатарларды салыстыру әдісі қолданылады. Мұның өзінде жиынтықтың бірліктері факторлық белгі бойынша кемітін немесе өрістейтін тәртіппен орналасуға тиіс. Мысалы, 25 зауыттың деректерінің мысалында еңбектің энергиямен жарактандырылуу деңгейі (мың кВт-сағ) мен еңбек өнімділігі деңгейінің (жылына мың бұйым) арасындағы тәуелділікті карастырайық (12.3-кесте).

12.3. 25 зауыттың энергиямен жарактандырылуу (x) және еңбек өнімділігі (y)

$\#$	x	y	$\#$	x	y	$\#$	X	y	$\#$	x	y	$\#$	x	y
1	6,0	2	6	7,9	3	11	9,4	5	16	11,5	9	21	12,7	9
2	6,1	3	7	8,2	4	12	9,9	7	17	11,7	9	22	12,9	6
3	6,8	6	8	8,5	5	13	10,5	7	18	12,1	8	23	13,0	10
4	7,2	4	9	8,6	6	14	11,2	8	19	12,3	7	24	13,2	9
5	7,4	2	10	9,1	8	15	11,3	6	20	12,6	8	25	13,3	10

Кестеден x белгісі (еңбектің энергиямен жарактандырылуу) өрістеген сайын y белгісі (еңбек өнімділігі) де ұлғаятыны көрінеді.

Осы қатарлас қатарлардың негізінде белгілердің мағыналардың орташа мағынадан ауыткуының белгісін аныктайды немесе кәсіпорындардың әрбір белгісі бойынша рангілерін (орындарын) есептейді. Содан кейін оларды пайдаланып белгілердің немесе рангілердің корреляциясының коэффициенттерін есептейді.

Фехнердің белгілердің корреляциясының коэффициенті орташа шамадан белгілердің мағыналарының ауытку белгілерін салыстыру негізінде байланысты бағалайды. Біздін мысалда $x = 10,1$ ($253,7 : 25$), ал $y = 6,44$ ($161 : 25$):

12.4. Белгінің орташа мөлшерден ауытқу белгісі

$\#$	x	y												
1	-	-	6	-	-	11	-	-	16	+	+	21	+	+
2	-	-	7	-	-	12	-	+	17	+	+	22	+	-
3	-	-	8	-	-	13	+	+	18	+	+	23	+	+
4	-	-	9	-	-	14	+	+	19	+	+	24	+	+
5	-	-	10	-	+	15	+	-	20	+	+	25	+	+

Екі белгінің белгілер бойынша үйлесуі келісілген вариацияны, үйлеспенеуі – келісімнің бұзылғанын білдіреді. Фехнердің белгі корреляциясының коэффициенті (K_{ϕ}) осыған құрылған:

$$K_{\phi} = (C - H) / (C + H) = (21 - 4) / (21 + 4) = 17 / 25 = 0,68,$$

мұнда: C – белгінің үйлесу саны;

H – үйлеспепеу саны.

Фехнер коэффициенті $+1$ -ден бастап -1 -ге дейін өзгереді. Егер ол $+1$ -ге тең болса, онда тікелей келісілген өзгерімділік бар; 0 -де келісілген өзгермелілік жок; -1 -де кері келісілген өзгермелілік бар. Алайда осы көрсеткіш қарапайым: ол вариацияның мөлшерін ескермейді, тек оның бағытын ғана сезеді.

Байланыстың күшін баска көрсеткіш ρ грек эрпімен белгіленетін *рангілер корреляциясының коэффициенті* бұдан да дәл бағалайды. Осы әдісте кәсіпорындар тиісті белгінің мағынасына орай орынның нөмірін (дәреже) алады. Біздің мысалда бірінші белгі бойынша кәсіпорындар 1 -ден 25 -ке дейін, екінші белгі бойынша $1,5$ -тен $24,5$ -ке дейін нөмірленетін болады. Екінші белгі бойынша дәрежелердің бөлшек мағыналары бірнеше кәсіпорын белгісінің мағынасы бірдей екенін білдіреді. Мәселен, бірінші және бесінші зауыттың белгісінің мағынасы ен төмен (2 -ге тең). Сондықтан оларға бірінші және екінші орынның жарты сомасы тағайындалады. Сондай-ак екі кәсіпорын жиырма үшінші және жиырма бесінші ен жоғары мағынаға (10 -ға тең) ие, сондықтан оларға 24 және 25 орынның жарты сомасы тағайындалады ($12,5$ -кесте).

Дәрежелердің корреляциясының коэффициенті келесіге тең болады (n – жынытық бірлігінің саны):

$$\rho = 1 - \frac{6 \sum d^2}{n(n^2 - 1)} = 1 - \frac{6 \times 413,5}{25(625 - 1)} = \\ = 1 - \frac{2481}{15600} = 0,84.$$

Біздің жағдайда дәреже корреляциясының коэффициенті тығыз байланысты көрсетеді. Теориялық жағынан ол $+1$ -ден бастап (дәреженің толық тікелей корреляциясы) -1 -ге дейінгі мағынаны (дәреженің толық кері корреляциясы) қабылдайды. $\rho = 0$ тең болған жағдайда дәреженің корреляциясы болмайды. Осы әдіс белгілердің сандық мағыналарын білмей байланыстың тығыздығын бағалауға мүмкіндік береді, бұл үшін олардың дәрежесін білу жеткілікті.

12.5. Дәрежелердің корреляция коэффициенттерін есептеу

№ p/c	Белгілер бойынша дәреже		Дәрежелердің айырмасы	
	x	y	D	d^2
1	2	3	4	5
1	1	1,5	-0,5	0,25


Кестенің соңы

1	2	3	4	5
2	2	3,5	-1,5	2,25
3	3	10,5	-7,5	56,25
4	4	5,5	-1,5	2,25
5	5	1,5	3,5	12,25
6	6	3,5	2,5	6,25
7	7	5,5	1,5	2,25
8	8	7,5	0,5	0,25
9	9	10,5	-1,5	2,25
10	10	17,5	-7,5	56,25
11	11	7,5	3,5	12,25
12	12	14	-2	4
13	13	14	-1	1
14	14	17,5	-3,5	12,25
15	15	10,5	4,5	20,25
16	16	21,5	-5,5	30,25
17	17	21,5	-4,5	20,25
18	18	17,5	0,5	0,25
19	19	14	5	25
20	20	17,5	2,5	6,25
21	21	21,5	-0,5	0,25
22	22	10,5	11,5	132,25
23	23	24,5	-1,5	2,25
24	24	21,5	2,5	6,25
25	25	24,5	0,5	0,25

12.5. Корреляциялық тәуелділіктерді анықтаудың графикалық әдістері

Бастапқы ақпаратты жиынтықтаумен өндеудің нәтижесінде алғынған статистикалық сипаттамалардың графикалық суреттері зерттелетін белгілердің арасындағы байланысты айқын көрсетеді.

Жоғарыда карастырылған мысал үшін энергиямен жарактандыру мен еңбек өнімділігі арасындағы тәуелділікті графикте талдайық (12.1-сурет).



12.1-сурет. Корреляциялық тәуелділікті анықтаудың графикалық әдісі

Суреттен корреляциялық өрісте сол төменгі бұрыштан он жоғарғы бұрышқа өсу үрдісі белен алғаны көрінеді. Демек, энергиямен жақтаандыру мен еңбек өнімділігінің арасында тікелей корреляциялық тәуелділік бар.

Кері жағдайда – сол жоғарғы бұрыштан он төменгі бұрышқа құлдырағанда қадағаланатын белгілердің арасында кері корреляциялық тәуелділік болар еді.

Егер нүктелер бүкіл өріс бойынша шашыранқы орналасса, онда бұл жиынтықтың екі белгісінің арасында корреляциялық байланыстың болмасын растайды.

12.6. Аналитикалық топтастыру әдісі

Топтастыру әдісі корреляциялық тәуелділіктерді анықтау тәсілі ретінде. Корреляциялық тәуелділіктер топтастыру әдістерін пайдаланғанда және жеке емес орташа деректерді салыстырганда бұдан да айқын байқалатын болады.

Топтастыру әдісін қолдану үшін топтық орташа шама вариациясында топтастыру белгісінің ықпалы барынша жоғары дәрежеде көрінетіндей топ санын күрү кажет. Егер біз шамалы топ санын алатын болсақ, онда топтық

орташа шама өзге факторларға байланысты вариациялармен қатар бізге жақет белгі-факторларға байланысты вариацияның бөлігі де өтелетін болады. Сонымен қатар топтардың санын соншалықты ұлғайтуға болмайды, өйткені шамасы аз топтарда орташа шамалар кездейсек сипатта болады, ал топаралық вариация зерттелетін фактордың емес басқа да факторлардың үқпалын көрсетеді.

А.А.Чупровтың «Біз бірде-бір тыйымға ұрынбай көбірек топты кессек, табылған байланыс немесе байланыстың болмауын байқау жөнінде жасалған корытынды кездейсек емес және зерттелетін белгілердің арасында накты өзара қатынастардың барын растайды» деген нұсқауын басшылықта алған пайдалы.

25 зауыт қарастырылған мысалды алып 2 (4 топ), 1,5 (5 топ) және 1,25 (6 топ) (12.6-кесте) топтастыру белгісі бойынша аралыктары бар топтарды құрайык.

Бірінші топта тікелей байланыс айқын байқалады, алайда топтастыру белгісі өзін толық шамада көрсетті деп толық сеніммен айтуға болмайды. Екінші топта А.А. Чупровтың талабы тағы сакталады: топтың орташа шаманың өсу үрдісінде бірде-бір айрықша жағдай байқалмайды. Үшінші топта бір айрықша жағдай пайда болды: екінші топта бірінші топпен салыстырғанда екінші топта орташа топтық өсудің орнына төмендейді. Демек, екінші топ онтайлы болып табылады.

12.6. Зауыттардың энергиямен жарактануы бойынша аналитикалық топтарының нұсқалары

Бірінші топ (4 топ)				Екінші топ (5 топ)				Үшінші топ (6 топ)			
x бойынша топтар	N	Σy	\bar{y}_{tp}	X бойынша топтар	n	Σy	\bar{y}_{tp}	X бойынша топтар	n	Σy	\bar{y}_{tp}
6-7,99	6	20	3,33	6-7,49	5	17	3,40	6-7,24	4	15	3,75
8-9,99	6	35	5,83	7,5-8,99	4	18	4,50	7,25-8,49	3	9	3,00
10-11,99	5	39	7,80	9,0-10,49	3	20	6,67	8,50-9,74	4	24	6,00
12 және одан жоғары	8	67	8,38	10,5-11,99	5	39	7,80	9,75-10,99	2	14	7,00
				12,0-13,49	8	67	8,38	11,0-12,24	5	40	8,00
								12,25- 13,59	7	59	8,43
Жыны	25	161	6,44	Жыны	25	161	6,44	Жыны	25	161	6,44

Аналитикалық топтар зерттелетін байланыстың жалпы ерекшеліктерін, оның үрдістерін ғана сипаттайтын, оның күшінің санын өлшемейді. Осы мәселені әмпирикалық корреляциялық катынасты есептеу арқылы аналитикалық топтастыру базасында шешуге болады.

Эмпирикалық корреляциялық қатынас. Құрамында бес топ бар жиынтық тобын негізге алып топтық орташа шаманың дисперсиясын есептейік (12.7-кесте).

12.7. Еңбек өнімділігінің топтық деңгейлерінің дисперсиясын есептеу

X бойынша топтар	n	Σy	y_{rp}	$(y_{rp} - \bar{y})(\bar{y} = 6,44)$	$(y_{rp} - \bar{y})^2$	$(y_{rp} - \bar{y})^2 n$
6,0-7,49	5	17	3,4	-3,04	9,242	46,21
7,5-8,99	4	18	4,5	-1,94	3,764	15,05
9,0-10,49	3	20	6,7	0,25	0,051	0,15
10,5-11,99	5	39	7,8	1,36	1,850	9,25
12,0-13,49	8	67	8,4	1,94	3,744	29,95
Жиыны	25	161	6,44	-	-	100,62

Осыдан еңбек өнімділігінің топтық деңгейінің дисперсиясы мынаған тәң болады:

$$\delta^2 = 100,62/25 = 4,02.$$

Енді еңбек өнімділігінің жалпы дисперсиясын есептейміз:

$$\sigma^2 = \Sigma y^2 / n - (\bar{y})^2 = 1179 / 25 - 6,44^2 = 47,16 - 41,47 = 5,69.$$

Еңбек өнімділігінің топтық деңгейлерінің дисперсиясы мен еңбек өнімділігінің деңгейлерінің жалпы дисперсиясының аракатынасынан дәтерминация коэффициенті алынады:

$$\eta^2 = \delta^2 / \sigma^2 = 4,02 / 5,69 = 0,708 \text{ немесе } 70,8\%.$$

Осыдан эмпирикалық корреляциялық қатынасты есептеу күйін емес:

$$\eta = \sqrt{n^2} = \sqrt{0,708} = 0,841.$$

Дәтерминация коэффициенті біздің мысалы энергиямен жарактандырулы коэффициенті 70,8%-ға тәң болуы еңбек өнімділігінің өзгергенін көрсетеді. Ал корреляциялық қатынас энергиямен жарактандырулы мен еңбек өнімділігінің арасындағы байланыс тығыз екенін растайды (12.8-кесте).

12.8. Байланыстың тығыздығының сапасын корреляциялық қатынас корсеткішінің негізінде бағалау кестесі

η мөлшері	0,1-0,3	0,3-0,5	0,5-0,7	0,7-0,9	0,9-0,99
Байланыстың күші	алсіз	калыпты	байқалатын	тығыз	өте тығыз

Корреляциялық қатынастың идеясы карапайым. Топ арасындағы вариация, бұрын айттылғандай – бұл топтастыру белгісімен байланысты вар-

риация. Егер тәуелділік функционалдық болса, онда топ арасындағы вариация жалпы вариациямен үйлеседі және топтық орташа шаманың вариациясы жалпы дисперсияға тең болады. Біз шенберді радиустың квадраты бойынша калыптастырдық делік. Шенбердің ауданы радиустың квадратына функционалдық тәуелді болғандықтан, онда топтың ішіндегі барлық шенберлердің ауданы бірдей болады, яғни топ ішінде вариация болмайды, ал топаралық вариация жалпы вариациямен үйлеседі.

Топ ішіндегі вариацияны топ ішіндегі дисперсияның орташа шамасы қорытып талдайды. Ол топтық белгіні қоспағанда басқа белгілердің іс-әрекетінен туындағының қалдық вариацияны сипаттайды.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Өзара байланыстардың түрлерін атанаңыз. Оларды зерттеу үшін қандай әдістер пайдаланылады?
2. Баланстық әдіс өзара байланыстардың қай түрі үшін пайдаланылады? Статистикалық балансқа анықтама беріңіз.
3. Корреляциялық байланыс деген не?
4. Корреляциялық байланыстың негізгі түрлерін атанаңыз.
5. Атрибутивтік белгілердің арасындағы байланысты өлшеу үшін қандай әдістер пайдаланылады?
6. А.А. Чупровтың өзара түйіндестік коэффициентін есептеудің тәртібіне токталыңыз.
7. Ассоциация (контингенция) коэффициентін анықтау тәртібі тура-лы айтыңыз.
8. Сандық белгілердің арасындағы байланыстың тығыздығын өлшеу үшін қандай әдістер пайдаланылады?
9. Сандық белгілердің арасындағы байланысты өлшеу үшін қосарласқатар әдісінің мәні неде?
10. Фехнер белгілері корреляциясының және рангілер корреляциялар коэффициенттері қалай анықталады?
11. Корреляциялық тәуелділіктерді анықтаудың графикалық әдісінің мәні неде?
12. Корреляциялық тәуелділіктерді анықтайтын аналитикалық топастыру әдісінің мәнін түсіндіріңіз.
13. Байланыстың тығыздығының сапасы корреляциялық катынас көрсеткішінің негізінде қалай бағаланады?



Ұсынылатын әдебиет

1. Авров А.П. Аврова Ю.А. *Общая теория статистики. Основы курса: Учебное пособие.* 2-ое изд. доп. – Алматы, 2004. – 112с.
2. Сиденко А.В., Попов Г.Ю., Матвеева В.М. *Статистика: Учебник.* – М.: Дело и сервис, 2000. – 464 с.
3. Елисеева И.И., Юзбашев М.М. *Общая теория статистики: Учебник.* – 3-е изд. / Под ред. чл.-корр. РАН И.И. Елисеевой. – М.: Финансы и статистика, 1998. – 368 с.: ил.
4. Ефимова М.Р., Петрова Е.В., Румянцев В.Н. *Общая теория статистики: Учебник для вузов.* – М.: ИНФРА-М, 1998.
5. *Статистика: Курс лекций для вузов / Под ред. В.Г. Ионина.* – М.: ИНФРА-М, 1996.
6. Гусаров В.М. *Теория статистики: Учебное пособие для вузов.* – М.: Аудит, ЮНИТИ, 1998.
7. Гусаров В.М. *Теория статистики: Учебное пособие.* – М.: ИННТИ, 2000.
8. Рязузов Н.Н. *Общая теория статистики: Учебник для студ. экон. спец. вузов.* – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1984. – 343 с.: ил.
9. *Общая теория статистики: Учебник / Т.В. Рябушкин, М.Р. Ефимова и др.* – М.: Финансы и статистика, 1981.
10. *Общая теория статистики: Учебник / Г.С. Кильдишев, В.Е. Освиенко, П.М. Рабинович, Т.В. Рябушкин.* – М.: Статистика, 1980.
11. *Статистический словарь / Гл. ред. М.А. Королев.* – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1989.
12. Королев Ю.Г. *Регрессионный анализ в социально-экономических исследованиях.* – М.: МЭСИ, 1989.

12.7. Практикум

12.7.1. Ізденуге арналған сұраптар

1. Өзара байланыстардың негізгі түрлері мен оларды зерттеуге арналған статистикалық әдістерді сипаттаңыз.
2. Корреляциялық байланыстың ерекшеліктерін түсіндіріңіз, оның негізгі нысандарын сипаттаңыз.
3. Атрибутивтік белгілердің арасындағы байланыстың тығыздығын өлшеу үшін пайдаланылатын әдістерді сипаттаңыз. Тиісті көрсеткіштерді (А.А. Чупровтың өзара түйіндестік коэффициенті мен ассоциация коэффициентін) есептеу тәртібін сипаттаңыз. Оларды мысалдармен көрсетіңіз.
4. Сандық көрсеткіштердің арасындағы байланыстың тығыздығын өлшеу үшін пайдаланылатын әдістерді сипаттаңыз. Тиісті көрсеткіштерді (Фехнер белгісінің корреляциясы коэффициенті мен рангілердің корреляция-

сы коэффициентін) есептеу тәртібін сипаттанызы. Оларды мысалдармен көрсетіңіз.

5. Корреляциялық тәуелділіктерді аныктау үшін аналитикалық топтастыру әдісінің мазмұнын сипаттаңызы. Факторлық және інтиже беретін белгінің арасындағы байланыстың тығыздығы қай көрсеткіштің көмегімен бағаланатынын түсіндірініз.

12.7. 2. Типтік есептерді шешу мысалдары

1 - мысал. Төменде келтірілген тауарлар қозғалысының балансында (мың тенгеде) жетіспейтін көрсеткіштерді есептеніз:

Тауар	Жыл басындағы калдық	Жыл ішінде түскені	Жыл бойы сатылғаны		Жыл сонындағы калдық
			Көтерме саудамен	Болшек саудамен	
A	80	250	50	180	***
Б	100	***	300	600	50
В	70	400	100	***	100

Шешуі:

$$A = 80 + 250 - 50 - 180 = 100 \text{ мың тенге};$$

$$B = 50 + 300 + 600 - 100 = 850 \text{ мың тенге};$$

$$B = 70 + 400 - 100 - 100 = 270 \text{ мың тенге}.$$

2 - мысал. Экономикалық теория мен экономикалық статистика бойынша емтихандағы бағалар бойынша 3000 студентті келесідей бөлу негізінде өзара түйіндестік коэффициентін аныктаңыз.

Экономикалық статистика	Экономикалық теория				
	Өте жақсы	Жақсы	Қанағат.	Қанағаттанғысыз	Барлығы
Өте жақсы	20	19	1	0	40
Жақсы	50	58	12	0	120
Қанағаттандырлық	10	21	92	2	125
Қанағаттанғысыз	0	2	10	3	15
Барлығы	80	100	115	5	300

Шешуі. Алдымен жиіліктердің квадратын есептейміз («барлығы» деген жол мен бағанды есептеу кажет емес):

Экономикалық статистика	Экономикалық теория				
	Өте жақсы	Жақсы	Қанағат.	Қанағаттанғысыз	Барлығы
Өте жақсы	400	361	1	0	
Жақсы	2500	3364	144	0	
Қанағаттандырлық	100	441	8464	4	
Қанағаттанғысыз	0	4	100	9	
Барлығы					

Осыдан кейін жиіліктің квадратын бағандардағы жиіліктердің сомасына бөліп бөліндін аныктаймыз және «барлығы» деген бағанда олардың сомасын есептейміз.

Экономикалық статистика	Экономикалық теория				
	Өте жақсы	Жақсы	Қанағат.	Қанағаттанғысыз	Барлығы
Өте жақсы	5	3,61	0,008696	0	8,618696
Жақсы	31,25	33,64	1,252174	0	66,14217
Қанағаттандырлық	1,25	4,41	73,6	0,8	80,06
Қанағаттанғысыз	0	0,04	0,869565	1,8	2,709565
Барлығы					

Одан әрі алынған кестенің «барлығы» деген бағанының мағынасын бастапқы деректері бар кестенің «барлығы» деген бағанының тиісті мағыналарына бөліп, «барлығы» деген бағаның сомасын есептейміз:

Экономикалық статистика	Экономикалық теория				
	Өте жақсы	Жақсы	Қанағат.	Қанағаттанғысыз	Барлығы
Өте жақсы					0,215467
Жақсы					0,551185
Қанағаттандырлық					0,640480
Қанағаттанғысыз					0,180638
Барлығы					1,58777

Осыдан өзара түйіндеңстік көрсеткіші (ϕ^2) келесігे, яғни $1,58777 - 1 = 0,58777$ тең болады. Эрбір белгі бойынша топтардың саны – 4-ті құрайды..

А.А. Чупровтың өзара түйіндеңстік коэффициенті келесігে тең болады:

$$K_u = \sqrt{\frac{0,58777}{\sqrt{(4-1)(4-1)}}} = \sqrt{\frac{0,58777}{3}} = 0,44.$$

Осы коэффициенттің мағынасы 0,3-тен асуына байланысты, бұл зерттелетін белгілердің арасындағы тығыз байланыстың барын растайды.

3-мысал. 27 зауыт бойынша негізгі көрдің құны (x) мен млрд тенгеде өнім шығару (y) жоніндегі келесі деректер берілген.

x	6	8	9	9	10	10	11	11	11	12	13	14	14	14	15	15	17	18	18	20	21	22	23	23	24	25	25
y	3	4	4	3	5	7	6	8	10	9	9	12	10	11	10	12	13	15	16	15	17	18	19	17	20	22	21

Фехнердің белгілері корреляциясының коэффициенті мен рангілердің корреляциясы коэффициентін есептейіз.

Шешуі. Белгілердің орташа шамасы мен белгілердің рангілерінің квадраттарының сомасын есептейміз (кесте).

p/c №	x	y	Орташа шамадан ауытқу белгісі		Белгілер бойынша ранг		Рангілердің айырмасы	
			x	y	x	y	d	d ²
1	6	3	-	-	1	1,5	-0,5	0,25
2	8	4	-	-	2	3,5	-1,5	2,25
3	9	4	-	-	3,5	3,5	0	0
4	9	3	-	-	3,5	1,5	2	4
5	10	5	-	-	5,5	5	0,5	0,25
6	10	7	-	-	5,5	7	-1,5	2,25
7	11	6	-	-	8	6	2	4
8	11	8	-	-	8	8	0	0
9	11	10	-	-	8	12	-4	16
10	12	9	-	-	10	9,5	0,5	0,25
11	13	9	-	-	11	9,5	1,5	2,25
12	14	12	-	+	13	15,5	-2,5	6,25
13	14	10	-	-	13	12	1	1
14	14	11	-	-	13	14	-1	1
15	15	10	+	-	15,5	12	3,5	12,25
16	15	12	+	+	15,5	15,5	0	0
17	17	13	+	+	17	17	0	0
18	18	15	+	+	18,5	18,5	0	0
19	18	16	+	+	18,5	20	-1,5	2,25
20	20	15	+	+	20	18,5	1,5	2,25
21	21	17	+	+	21	21,5	-0,5	0,25
22	22	18	+	+	22	23	-1	1
23	23	19	+	+	23,5	24	-0,5	0,25
24	23	17	+	+	23,5	21,5	2	4
25	24	20	+	+	25	25	0	0
26	25	22	+	+	26,5	27	-0,5	0,25
27	25	21	+	+	26,5	26	0,5	0,25
Сома	418	316						62,5
Орташа шама	15,5	11,7						

Енді Фехнердің белгілер корреляциясының коэффициентін есептеу қынға соқпайды:

$$K_{\phi} = (C - H) / (C + H) = (25 - 2) / (25 + 2) = 23 / 27 = 0,85,$$

яғни негізгі қорлардың құны (x) мен өнім шығарудың (y) арасында коэффициенттің белгісі оң болғандықтан тікелей байланыс бар.

Осыдан кейін байланыстың бағытын ғана емес оның күшін де ескеретін рангілердің корреляциясының коэффициентін есептейміз:

$$\rho = 1 - 6 \sum d^2 / n(n^2 - 1) = 1 - 6 \times 62,5 / 27 (27 \times 27 - 1) = 0,98.$$

Демек біздің мысалымызда зерттелетін белгілердің арасында өте тығыз байланыстың бары байқалады.

12.8. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

12.8.1. Есептер

1-есеп. Екі зауыт бойынша жұмыс күшінің (адам) қозғалысының төменде келтірілген балансында жетіспейтін көрсеткіштерді есептеңіз:

	Жұмысшылардың жыл басындағы саны	Жыл ішінде қабылданғаны	Жыл ішінде жұмыстан босатылғаны	Жұмысшылардың жыл сонындағы саны
№ 1 цех	60	10	---	---
№ 2 цех	---	---	16	91
Барлығы	150	---	---	100

2-есеп. 200 жұмысшыны разряды мен аудиымдағы өнім өндіру деңгейі бойынша келесідей бөлу негізінде өзара түйіндестік коэффициентін анықтаңыз.

Разряд	Аудиымда өнім өндіру деңгейі, %					
	<90	90–100	100–110	110–120	>120	Барлығы
4-ші	20	9	1	0	0	30
5-ші	10	25	20	5	0	60
6-ші	0	20	50	18	2	90
7-ші	0	0	5	10	5	20
Барлығы	30	54	76	33	7	200

3-есеп. 20 баланың бойы (x , см) мен салмағы (y , кг) жонінде келесі деректер бар.

X	135	136	138	138	140	140	140	141	141	142
Y	28	29	29	28	30	32	31	33	35	34
X	143	144	144	145	145	145	147	148	150	150
Y	34	37	35	36	35	37	38	40	41	40

Фехнердің белгілері корреляцияның коэффициенті мен рангілердің корреляциясы коэффициентін есептеңіз.

12.8.2. Тест тапсырмалары

1. Барлық өзара байланыстар сипаты бойынша қандай топтарға бөлінеді?

- 1) аналитикалық, факторлық және индекстік;
- 2) типологиялық, факторлық және корреляциялық;
- 3) факторлық, құрамдастық және баланстық;
- 4) факторлық, индекстік және корреляциялық;
- 5) факторлық, аналитикалық және баланстық.

2. Корреляция коэффициенті неге тең болған жағдайда факторлық және нәтижелілік белгілердің арасындағы байланыс толық болады?
- 0,42;
 - 0,68;
 - 0,72;
 - 0,88;
 - 1,00.
3. Белгілердің арасындағы байланыстың факторлық белгі ұлғайған сайын нәтижелілік белгінің мағынасы ұлғаятын түрі қай байланысқа жатады?
- байқалатын;
 - болжанатын;
 - тікелей;
 - кері;
 - қалыпты.
4. Кәсіпорындар тобы бойынша жұмыс уақытының бірлігі ішінде өнім өндіру мен өнімнің өзіндік құнының арасындағы тәуелділікті зерттегендеге корреляция коэффициенті минус 0,79-ға тең болды. Бұл белгілердің арасындағы байланыс тығыздығы мен бағыты бойынша қандай болып табылады?
- тығыз және тікелей;
 - тығыз және кері;
 - байқалатын және тікелей;
 - байқалатын және кері;
 - қалыпты және кері.
5. Сандық (атрибутивтік) белгілердің арасындағы байланысты өлшеу үшін қандай көрсеткіштер пайдаланылады?
- белгілердің корреляциясының (Фехнердің) және рангілердің корреляциясының коэффициенттері;
 - белгілердің корреляциясының (Фехнердің) және А.А. Чупровтың өзара түйінdestіk коэффициенттері;
 - ассоциация (контингенция) және рангілердің корреляциясы коэффициенттері;
 - А.А. Чупровтың өзара түйінdestіk және ассоциация (контингенция) коэффициенттері;
 - графикалық әдіс пен аналитикалық топтастыру әдісі.
6. Сандық көрсеткіштердің арасындағы байланыстарды өлшеу үшін қандай көрсеткіштер пайдаланылады?
- белгілердің корреляциясының (Фехнердің) және А.А. Чупровтың өзара түйінdestіk коэффициенттері;
 - ассоциация (контингенция) және рангілердің корреляциясы коэффициенттері;
 - А.А. Чупровтың өзара түйіndestіk және ассоциация (контингенция) коэффициенттері;

- 4) белгілердің корреляциясының (Фехнердің) және рангілер корреляциясының коэффициенттері;
- 5) графикалық әдіс пен аналитикалық топтастыру әдісі.
7. Корреляциялық қатынас 0,785-ке тең болған жағдайда детерминация коэффициенті неге тең болады?
- 0,616;
 - 0,886;
 - 1,438;
 - 0,695;
 - 0,844.
8. Детерминация коэффициенті 0,796-ға тең болған жағдайда корреляциялық қатынас неге тең болады?
- 0,710;
 - 1,408;
 - 0,634;
 - 0,892;
 - 0,844.
9. Негізгі капиталдың құны (x) мен өнім шығару көлемінің (y) арасындағы тәуелділікті зерттегечде корреляциялық қатынас 0,82-ге тең болды. Өнім шығарудың ауытқуы негізгі капиталдың құнына қаша пайызға байланысты?
- 90,5%-ға;
 - 67%-ға;
 - 41%-ға;
 - 50%-ға;
 - 100%-ға.
10. Еңбек өнімділігі мен шығарылған өнімнің арасындағы тәуелділікте зерттегендегі корреляциялық қатынас 0,79-ға тең болды. Бұл осы көрсеткіштердің арасындағы байланыс қандай екенін білдіреді?
- әлсіз;
 - калыпты;
 - байқалатын;
 - тығыз;
 - өте тығыз.
11. Корреляциялық қатынастың идеясы неге негізделген?
- топтық орташа шаманың дисперсиясын топ ішіндегі дисперсияның орташа шамасына жақындастыруға;
 - топтық орташа шаманың дисперсиясын жалпы дисперсияға жақындастыруға;
 - топ арасындағы вариация топтық белгіге байланысты;
 - топ ішіндегі вариацияның топтық орташа шама вариациясына жақындауына;
 - топ ішіндегі вариацияның жалпы вариацияға жақындауына.

13-ТАҚЫРЫП

ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРДЫ ЗЕРТТЕЙТІН КОРРЕЛЯЦИЯЛЫҚ- РЕГРЕССИЯЛЫҚ ӘДІС

13.1. Бір факторлық корреляциялық-регрессиялық талдау

Корреляциялық-регрессиялық талдау кезінде нәтижелілік белгісінің бір немесе бірнеше белгі-фактордан тәуелділігін шамамен білдіретін регрессия тендеуі түріндегі статистикалық модель кұрылып талданады және байланыстың тығыздығының дәрежесі бағаланады. Алдымен бір факторлық модельді (жұптық корреляция) карастырайық.

Байланыстың теориялық нысанын табу. 25 зауыт карастырылған мысалда корреляциялық өрістегі нүктелерді кесінділердің сзықтарымен косып өсу үрдісі байқалатын сынық сзықты аламыз. Бұл регрессияның эмпирикалық сынық сзығы деп аталады (13.1-сурет).



13.1-сурет. Регрессияның эмпирикалық (сынық) және теориялық (тік сзығ) сзығы

Байланыс нысаны қарастырылатын тәуелділік мазмұнының сапасы талдау негізінде анықталады. Сызықтық байланыс тендеуінің жалпы түрін былайша жазуға болады:

$$y_x = a_0 + a_1 x.$$

Байланыстың теориялық сызығын (*регрессиясызығын*) корреляциялық байланыс жоғары болған жағдайда ғана мазмұны болады. Регрессиясызықтарын іздеу, күру, талдау мен іс жүзінде қолдану *регрессиялық талдау* деп аталады.

Тік сызық бойынша теңестіру. Тік сызықтың параметрлері ең аз квадраттар әдісімен табылады. Әдісті қолданғанда нақты деректерден ең аз дәрежеде ауытқытын тік сызық табу қажет. Тік сызықтың параметрлерін табу үшін теңестірілген деректердің нақты деректерден ауытқу квадраттарын барынша азайту міндетті қойылады. Оны шешкенде (тік сызықтың ізделген параметрлері бойынша алған тендеуге арналған алғашқы туындылар нөлге теңеледі) калыпты тендеулердің келесі жүйесі алынады:

$$\begin{aligned} a_0 n + a_1 \sum x &= \sum y; \\ a_0 \sum x + a_1 \sum x^2 &= \sum yx, \end{aligned}$$

мұнда: n – келтірілген мысалдағы жиынтықтың саны $n=25$.

Біздің жағдайда $\sum x = 253,4$, $\sum y = 161$, $\sum x^2 = 2707,9$, $\sum yx = 1751,3$:

$$\begin{aligned} 25 a_0 + 253,4 a_1 &= 161; \\ 253,4 a_0 + 2707,9 a_1 &= 1751,3. \end{aligned}$$

Бірінші тендеуді $253,4/25$ көбейтіп келесіні аламыз:

$$253,4 a_0 + 2568,462 a_1 = 1631,896.$$

Екінші тендеуден жаңадан алған бірінші тендеуді алып, төмендегені аламыз:

$$139,4376 a_1 = 119,404,$$

осыдан

$$a_1 = 119,404 / 139,4376 = 0,856.$$

a_1 мағынаны бірінші тендеуге қойып келесі тендеуді аламыз:

$$\begin{aligned} 25 a_0 + 253,4 \times 0,856 &= 161, \\ 25 a_0 + 216,9929 &= 161, \end{aligned}$$

осыдан

$$25 a_0 = -55,9929, a_0 = -55,9929 / 25 = -2,24.$$

Сөйтіп, теориялық тендеудің түрі келесідей болады:

$$y_x = 0,856 x - 2,24.$$

Регрессия коэффициенті деп аталатын a_1 , параметрінің практикалық маңызы зор. Бұл жағдайда ол жылына бір жұмыс істеушіге шаққанда энергиямен жарактандыруды 1 мың кВт-сағатқа ұлғайтса, онда еңбек өнімділігі жылына 856 бұйымға өседі.

Регрессия коэффициенті мен оның маңыздылығының кездейсок қателігін анықтау. a_1 параметрінің кездейсок қатесі келесі формула бойынша анықталады:

$$\mu_{a_1} = \frac{\sigma_{y-y_x}}{\sqrt{\sum x^2 - (\sum x)^2 / n}},$$

мұнда: σ_{y-y_x} – теориялық деректерден нақты деректердің ауытқуының орташа квадратының квадратты түбірі ретінде анықталатын байланыс дисперсиясы:

$$\sigma_{y-y_x} = \sqrt{\sum (y - y_x)^2 / n} = \sqrt{39,91 / 25} = \sqrt{1,596} = 1,264.$$

Біздің мысалымызда регрессия коэффициентінің кездейсок қатесі мынаны құрайды:

$$\begin{aligned} \mu_{a_1} &= \frac{1,264}{\sqrt{2707,9 - 253,4^2 / 25}} = \\ &= \frac{1,264}{\sqrt{2707,9 - 2568,5}} = \frac{1,264}{11,81} = 0,107. \end{aligned}$$

Регрессия коэффициенті (0,856) өзінің кездейсок қатесінен 8 есе көп. Сондыктan осы параметрді кездейсок емес маңызды деп сеніммен айтуға болады. Көп жағдайда регрессия коэффициентінің өзінің қатесінен үш есе артын маңыздылық коэффициенті деп атауға болады.

Икемділік коэффициенті. Регрессия коэффициентін білдіретін x өзгерістен y_x мағынасының a_1 өзгеруінің сандық тәуелділігін көбінесе катысты шамада көрсеткен колайлы. Бұл үшін x бір пайызға ұлғайғанда у қанша пайызға көбайеттінін сипаттайтын икемділік коэффициенті есептеледі:

$$\mathcal{E} = a_1 x / y_x.$$

Әрбір зауыт үшін жасалған есеп бір зауыттың икемділік коэффициентін 1,77-ден бастап соңғы зауыттың 1,24-ке дейінгі әр түрлі мағыналарын көрсетеді, яғни коэффициентер бірте-бірте кемиді. Алайда барлық жағдайда

еңбекті энергиямен жарактандырудын бір пайызға көбейгені еңбек өнімділігін кем дегендे бір пайызға ұлғайтады.

Корреляцияның сыйыктық коэффициенті вариацияланатын белгілердің өздерінің орташа шамасынан стандартталған ауытқуларын салыстыруға негізделеді:

$$r = \{ \Sigma[(x - \bar{x})/\sigma_x] [y - \bar{y}]/\sigma_y \} : n.$$

Осы формуланың аздаپ өзгерктенген кейін оны есептеуге қолайлыш болады:

$$r = [\sum y x - (\sum x \sum y) / n] / \sqrt{[\sum x^2 - (\sum x)^2 / n][\sum y^2 - (\sum y)^2 / n]}.$$

Бар деректердің қойып $r = 0,85$ аламыз. Корреляцияның сыйыктық коэффициенті -1 до $+1$ аралығында өзгереді, осымен байланыстың тығыздығығана емес бағытын да көрсетеді. Егер белгі теріс болса, онда байланыс кері, ал егер белгі оң болса, онда байланыс тікелей болады.

Теориялық корреляциялық қатынас. Белгі-факторға байланысты вариация нәтижелелік белгісінің нақты мағынасының өзінің орташа мағынасынан ауытқуын өлшейтін жалпы дисперсия мен нәтижелелік белгісінің теориялық мағынасы мен нақты мағынасының ауытқуын өлшейтін дисперсияның айырмасымен өлшенеді. Теориялық корреляциялық қатынас осы айырманы жалпы дисперсиямен салыстыруға құрылды:

$$R = \sqrt{\frac{\sigma_y^2 - \sigma_{y-y_x}^2}{\sigma_y^2}},$$

Біздін жағдайда:

$$R = \sqrt{\frac{5,69 - 1,596}{5,69}} = 0,85.$$

Теориялық корреляциялық қатынас бұл жағдайда еңбекті энергиямен жарактандыру мен еңбек өнімділігінің арасындағы тығыз байланысты сипаттайты. Байланыс 0-ден бастап 0-ге дейінгі шектерде өзгереді және байланыстың кез келген нысанында оның тығыздығын өлшеуге жарамды. Бұл ретте у әр түрлі функциялар бойынша тегістей келе біз калдық вариацияды ($\sigma_{v_{yx}}^2$) бағалап, кай функцияның біздін эмпирикалық байланыс сыйығын ең жақсы дәрежеде тегістейді (аппроксимация) айта аламыз. Теориялық корреляциялық қатынас та эмпирикалық деректерді ең жақсы дәрежеде аппроксимация жасайтынын көрсетеді.

Корреляциялық байланыстың маңыздығын дисперсиялық талдаудың көмегімен тексеру. Егер корреляциялық талдау деректердің шартын жиынтығына жасалса, онда табылған байланыстың занылдығы күмән

тудыруы мүмкін. Корреляциялық байланыстың маңызын дисперсиялық талдаудың көмегімен тексеруге болады.

Ол жалпы вариацияны талдауға және барлық өзге факторлармен байланысты қалдық вариацияға фактордың (бір немесе бірнеше) енгізілуіне байланысты жүйелік вариацияға бөлуге негізделеді. Мұның өзінде осы вариацияларды өлшеттің дисперсия ауытқу квадратының сомасын тәуелсіз вариацияның еркіндік дәрежесінің санына бөлу арқылы есептеледі. Жалпы вариация үшін еркіндік саны ($n-1$), мұнда n – жиынтық санының бірлігіне тең болады. Жүйелік вариация үшін (ол топ аралық вариацияға ұқсас) еркіндік дәрежесінің саны ($m-1$) құрайды, мұнда m – факторлық топ бойынша пайда болған топтардың саны. Және қалдық вариация үшін (ол топ ішіндегі дисперсияға ұқсайды) еркіндік дәрежесінің ($n-m$) тең болады.

25 зауыт қарастырылатын біздің мысалда еңбек өнімділігі деңгейінің жалпы вариациясының ауытқу квадратының сомасы 142,25 ($5,69^2 \cdot 25$) тең болады. Жалпы дисперсия үшін еркіндік дәрежесінің саны 24 ($25-1$) тең болады. Демек, жалпы дисперсия $142,25:24 = 5,93$ тең.

Еңбекті энергиямен жараптандыру белгісі бойынша жүйелік (топаралық) вариация көрсетілген зауыттар 5 топқа бүрын бөлінгенде анықталды. Ауытқу квадраттарының сомасы 100,62 тең болды. Бес топ үшін еркіндік дәрежесінің саны 4-ті құрады. Демек, жүйелік вариацияны өлшеттің дисперсия $100,62:4 = 25,15$ тең болады. Оны S_1^2 деп белгілейміз.

Қалдық (топ ішіндегі) вариация еркіндік дәрежелерінің санына жатқызылған, бүрын есептелген сомалардың айырмасы ретінде алынған ауытқулар квадратының сомасына тең болатын дисперсиямен өлшенеді және келесіні құрайды: $(142,25 - 100,62) : 20 = 41,63 : 20 = 2,08$. Оны S_2^2 деп белгілейміз.

Осы дисперсиялардың айырмашылығының маңызын бағалаудың, демек, анықталған тәуелділіктиң маңызының өлшемі регінде $F = S_1^2 / S_2^2$ қатынасы қабылданады. Біздің жағдайда ол $F = 25,15 : 2,08 = 12,1$ -ні құрайды.

Американдық математик-статистик Р. Фишер кездейсок асып кету ықтималдығы мардымсыз сол немесе басқа дисперсияның еркіндік дәрежесінің санына байланысты F -ның сыны мағынасын есептеді. Егер F накты мағынасы F -ның теориялық (kestелік) мағынасынан асып кетсе, онда дисперсиялардың арасындағы айырмашылық кездейсок факторларды көрсетпейді, ол занылық сипатында болады, сөйтіп табылған тәуелділіктің маңызы расталады.

Дисперсиялық талдаудағы есептеу келесі 13.1-кесте түрінде ресімделеді.

Кестеден сенімгерлік ықтималдық 0,95 және 0,99 болса, накты F (12,1) кестелік F -дан айтарлықтай асатынын көрсетеді. Бұл еңбекті энергиямен жараптандыру мен өнімділігі деңгейлерінің арасындағы табылған тәуелділіктиң маңызын растайды.

13.1. Дисперсиялық талдау

Вариация	Ауыткудағы квадраттардың сомасы	Еркіндік дәрежесінің саны	Дисперсия (S^2)	Дисперсиялардың катынасы	Кестелік F-ықтималдығымен	
					0,95	0,99
Жүйелік (топаралық)	100,62	4	25,15	12,1	2,87	4,43
Қалдық (топ ішіндегі)	41,63	20	2,08	1	1	1
Жалпы	142,25	24	5,93	-	-	-

13.2. Сызықтық емес тәуелділіктер

Қадағаланатын құбылыстардың арасындағы байланыстар көбінесе сызықтық емес болады. Накты деректерді тегістеу үшін функциялардың кейбіреуін қарастырайық.

Гипербола бойынша теңестіру. Дүкендердегі айналыс шығынының деңгейі (олардың сомасының тауар айналымына катынасының пайызын) мен олардың тауар айналымының арасындағы байланысты қарастырайық. Іс жүзінде тауар айналымы ұлғайған сайын шығынның деңгейі төмендейтіні байкалады, алайда оның төмендеуі күннен-күнге баяулайды.

Бұл шығыстың барлығы екі түрге бөлінетінімен байланысты. Оның бір түрі (өзгермелі шығыс) (көлік шығыны, сатушылардың және т.б. енбекақысы) тауар айналымының көлемімен тығыз байланысты. Алайда тауар айналымының құрамындағы сатылатын өнім бірлігіне шағылған деңгейі өзгермейді (оны a_0 деп белгілейміз).

Баска шығыстар (тұрақты шығыс: үй-жайға жұмсалатын шығыс, әкімшілік шығыс, кредит пайызы және т.б.) тауар айналымының мөлшеріне байланысты емес. Алайда тауар айналымының құрамындағы сатылатын өнімнің бірлігіне шағылған олардың деңгейі тауар айналымы ұлғайғанда төмендейді (оларды a_1 , ал деңгейді a/x деп белгілейміз).

Жоғарыда айтылғаның негізінде айналыс шығыны деңгейнің тауар айналымының мөлшерінен тәуелділігінің теориялық түрі функционалдық байланыста гипербола түрінде анықталады:

$$y_x = a_0 + a_1/x.$$

Гиперболаның параметрлерін табу үшін ен аз квадраттар тәсілінде келесі екі теңдеу жүйесі алынады:

$$\begin{aligned} a_0n + a_1\sum(1/x) &= \sum y; \\ a_0\sum(1/x) + a_1\sum(1/x^2) &= \sum(y/x). \end{aligned}$$

10 дүкен мысалы бойынша гипербола бойынша тенестіруді қарастырамыз (13.2-кесте).

13.2. Гипербола бойынша тенестіру

p/c №	Тауар айналымы, млн теңге (x)	Өндіріс шығынының денгейі (y)	1/x	1/x ²	Y/x	y _x
1	75	10	0,01333	0,0001778	0,13333	10,2
2	90	9,2	0,01111	0,0001235	0,10222	9,3
3	120	8,1	0,00833	0,0000694	0,06750	8,2
4	150	7,8	0,00667	0,0000444	0,05200	7,6
5	180	7,9	0,00556	0,0000309	0,04389	7,1
6	220	7,0	0,00455	0,0000207	0,03182	6,7
7	300	6,1	0,00333	0,0000111	0,02033	6,2
8	450	5,8	0,00222	0,0000049	0,01289	5,8
9	600	5,3	0,00167	0,0000028	0,00883	5,6
10	800	5,0	0,00125	0,0000016	0,00625	5,4
Сомасы		72,2	0,05802	0,0004870	0,47907	-

Тендеуге кестеден алғынған сандарды қойып мынаны аламыз:

$$10a_0 + 0,05802a_1 = 72,2;$$

$$0,05802a_0 + 0,000487a_1 = 0,47907.$$

Екінші тендеуді 10-ға көбейтіп, одан кейін оны 0,05802 бөліп төмендегі тендеуді аламыз:

$$10a_0 + 0,083947a_1 = 82,5728.$$

Осы тендеуден бірінші тендеуді алғанда

$$0,025929a_1 = 10,3728 \text{ алғанда},$$

осыдан

$$a_1 = 10,3728 / 0,025929 = 400.$$

Осы мағынаны бірінші тендеуге қойғанда келесі тендеу алғанда:

$$10a_0 + 23,21 = 72,2; 10a_0 = 48,99,$$

осыдан

$$a_0 = 48,99 / 10 = 4,9.$$

Сейтіп, байланыс тендеуінің түрі келесідей болады:

$$y = 4,9 + 400/x.$$

Осы тендеуге x мағыналарын қойып кестенің соңғы бағанында келтірілген өндіріс шығынының теориялық деңгейлерін аламыз.

Гипербола функциясының көмегімен өнім өндірісі мен өнімнің өзіндік құнының, астық жинау мен оның түсімділігін арасындағы және кейір көрсеткіштен құралған, яғни оның біріншісі – тұрақты, ал екінші көрсеткіш факторлық және кері байланыстан құралған бірқатар жағдайларда олардың арасындағы баланс зерттеледі.

Жартылай логарифмдік кисық сзыық бойынша тенестіру. Мысал ретінде сатушиның у еңбек өнімділігі мен дүкеннің жалпы тауар айналымының x өсуінің арасындағы тәуелділікті қарастырамыз. Тауар айналымы ұлғайған сайын сатушиның еңбек өнімділігі бірте-бірте төмендейді. Осы тәуелділікті келесі жартылай логарифмдік функциямен көрсетуге болады:

$$y_x = a_0 + a_1 \log x.$$

Осы функцияның накты мысалда қалай қолданылатынын қарастырамыз (13.3-кесте).

Жартылай логарифмдік функцияның параметрлерін табу үшін екі тендеу жүйесін шешу қажет:

$$\begin{aligned} a_0 n + a_1 \sum \log x &= \sum y; \\ a_0 \sum \log x + a_1 \sum (\log x)^2 &= \sum y \log x; \end{aligned}$$

Кестеден алып келесі деректерді қоямыз:

$$\begin{aligned} 24a_0 + 37,37a_1 &= 152,4; \\ 37,37a_0 + 60,167a_1 &= 243,376. \end{aligned}$$

13.3. Жартылай логарифмдік тік сзыық бойынша тенестіру

x	y	Logx	$(\log x)^2$	y logx	y
1	2	3	4	5	6
10,2	5,1	1,0086	1,0173	5,1439	4,6
10,4	5,2	1,0170	1,0344	5,2886	4,6
15,3	5,1	1,1847	1,4035	6,0419	5,2
16,2	5,4	1,2095	1,4629	6,5314	5,3
20,0	5,0	1,3010	1,6927	6,5051	5,5
20,8	5,2	1,3181	1,7373	6,8539	5,6
22,0	5,5	1,3424	1,8021	7,3833	5,7
22,5	5,5	1,3522	1,8284	7,4370	5,7
26,0	6,5	1,4150	2,0021	9,1973	5,9
33,2	6,5	1,5211	2,3139	9,8874	6,2
34,0	5,5	1,5315	2,3454	8,4231	6,3
34,8	5,8	1,5416	2,3765	8,9412	6,3
39,2	5,6	1,5933	2,5386	8,9224	6,5
42,0	7,0	1,6232	2,6349	11,3627	6,6
45,5	6,5	1,6580	2,7490	10,7771	6,7
56,0	7,0	1,7482	3,0562	12,2373	6,9
64,0	8,0	1,8062	3,2623	14,4494	7,1
67,5	7,5	1,8293	3,3464	13,7198	7,2

Кестенің соңы

1	2	3	4	5	6
68,0	6,8	1,8325	3,3581	12,4611	7,2
69,0	6,9	1,8388	3,3814	12,6881	7,2
72,0	7,2	1,8573	3,4497	13,3728	7,3
78,0	7,8	1,8921	3,5800	14,7583	7,4
93,6	7,8	1,9713	3,8859	15,3760	7,7
94,8	7,9	1,9768	3,9078	15,6168	7,7
Сомасы	152,3	37,370	60,167	243,376	152,4

Бірінші тендеуді 37,37-ге көбейтіп, 24-ке бөлеміз:

$$37,37a_0 + 58,188a_1 = 237,144.$$

Екінші тендеуден алғынғанды алып тастал мына тендеуді аламыз:

$$1,979a_1 = 6,232,$$

осыдан

$$a_1 = 6,222/1,979 = 3,15.$$

Осы мағынаны бірінші тендеуге қойып, мына тендеуді аламыз:

$$24a_0 + 117,7 = 152,3,$$

осыдан

$$24a_0 = 152,3 - 117,7 = 34,6; a_0 = 34,6/24 = 1,442.$$

Демек, байланыс тендеуінің түрі мынадай болады:

$$y_x = 1,442 + 3,145 \log x.$$

Парабола бойынша тенестіру. Мысал ретінде у түсімділіктің x жауыншашынның мөлшерінен тәуелділігін көлтіреміз. Жауын-шашын көп болса астықтың түсімділігі алдымен белгіленген шекке дейін ұлғаяды, содан кейін түсे бастайды. Осы тәуелділікті парабола (екінші реттегі полином) жаксы көрсетеді:

$$y_x = a_0 + a_1 x + a_2 x^2.$$

Осы тендеудін параметрлерін табу үшін келесі үш тендеуден құралатын жүйені шешу қажет:

$$\begin{aligned} a_0 n + a_1 \sum x + a_2 \sum x^2 &= \sum y; \\ a_0 \sum x + a_1 \sum x^2 + a_2 \sum x^3 &= \sum yx; \\ a_0 \sum x^2 + a_1 \sum x^3 + a_2 \sum x^4 &= \sum yx^2. \end{aligned}$$

Егер x мағыналарының орнына $(x - \bar{x})$ орташа шамасынан x ауытқуды алса, онда тендеу жүйесін шешу жеңілдейді. $\Sigma(x - \bar{x})$ и $\Sigma(x - \bar{x})^3$ нөлге тең болғандыктан, келесідей тендеу алынады:

$$\begin{aligned} a_0 n + a_1 \Sigma (x - \bar{x})^2 &= \Sigma y; \\ a_1 \Sigma (x - \bar{x})^2 &= \Sigma y (x - \bar{x}); \\ a_0 \Sigma (x - \bar{x})^2 + a_1 \Sigma (x - \bar{x})^4 &= \Sigma y (x - \bar{x})^2. \end{aligned}$$

$$x = 450 : 9 = 50.$$

13.4. Парабола бойынша теңестіру

Жауыншашын, см (x)	Астықтың түсімділігі, ц/га (t)	$x - \bar{x}$	$(x - \bar{x})^2$	$y(x - \bar{x})$	$y(x - \bar{x})^2$	$(x - \bar{x})^4$	y_x
10	4,2	-40	1600	-168	6720	2560000	5,4
20	12,6	-30	900	-378	11340	810000	10,8
30	14,8	-20	400	-296	5920	160000	15,1
40	16,8	-10	100	-168	1680	10000	18,4
50	21,0	0	0	0	0	0	20,8
60	22,2	10	100	222	2220	10000	22,1
70	22,8	20	400	456	9120	160000	22,4
80	21,8	30	900	654	19620	810000	21,8
90	19,4	40	1600	776	31040	2560000	20,1
450	155,6	-	6000	1098	87660	7080000	156,9

13.4-кестенің деректерін төмендегі тендеулерге қоямыз:

$$\begin{aligned} 9a_0 + 6000a_1 &= 155,6; \\ 6000a_1 &= 1098; \\ 6000a_0 + 7080000a_1 &= 87660. \end{aligned}$$

Екінші тендеуден кейін $a_1 = 0,183$ екенін анықтаймыз, ал бірінші және екінші тендеуден параметрлердің мөлшерлерін анықтаймыз:

$$a_0 = 20,768 \text{ және } a_2 = -0,005.$$

Сөйтіп, теориялық байланыс тендеуінің түрі мынадай болады:

$$y_x = 20,768 + 0,183(x - \bar{x}) - 0,005(x - \bar{x})^2.$$

Дәреже функциясы x факторлық белгінің 1%-ға өзгергенінен у тәуелді белгі қанша пайызға өзгеретінін көрсетеді. Дәреже функциясымен еңбекақы коры мен өнім шығарудың, еңбек шығыны мен өнім шығарудың және тәуелділігі төмендегі формуlamен көрсетілетін т.б. арасындағы тәуелділікті көрсетуге болады:

$$y_x = a_0 x^{a_1}.$$

Мұнда: a_0 – функцияның икемділік көрсеткіші;

a_1 – $x = 1$ болғанда y -ға тең коэффициент.

Дәреже функциясының параметрлерін анықтау мақсатында логарифмдеу арқылы оны сыйықтық түрге келтіреді:

$$\lg y_x = \lg a_0 + a_1 \lg x.$$

Осыдан кейін тік сыйық бойынша төгістеудегі сиякты қалыпты теңдеу жүйесі құрылады:

$$\begin{aligned} n \lg a_0 + a_1 \lg \Sigma x &= \Sigma \lg y; \\ \lg a_0 \Sigma \lg x + a_1 \Sigma \lg x^2 &= \Sigma \lg y \lg x. \end{aligned}$$

Тиісті деректерді есептеп, екі қалыпты теңдеу жүйесін шешкеннен кейін дәреже функциясының a_0 және a_1 параметрлерінің логарифмдерін, содан кейін a_0 және a_1 параметрлерін де табады.

Көрсеткіш функция x факторлық белгі арифметикалық прогрессияда, ал у белгісі геометриялық прогрессияда өсken жағдайда пайдаланылады:

$$y_x = a_0 a_1^x,$$

Дәреже функциясының параметрлерін анықтау үшін оны логарифмдеу арқылы сыйықтық түрге әкеледі:

$$\lg y_x = \lg a_0 + x \lg a_1$$

содан кейін қалыпты теңдеулер жүйесі құрылады:

$$\begin{aligned} n \lg a_0 + \lg a_1 \Sigma x &= \Sigma \lg y; \\ \lg a_0 \Sigma x + \lg a_1 \Sigma x^2 &= \Sigma x \lg y. \end{aligned}$$

Тиісті деректерді есептеп және екі қалыпты теңдеулер жүйесін шешіп a_0 және a_1 , көрсеткіш функциясының параметрлерін табады.

13.3. Көп факторлық корреляциялық-регрессиялық талдау

Әдетте, қоғамдық өмірдің құбылыстары бір емес бірнеше факторға байланысты болады. Мұның өзінде факторлардың арасында күрделі өзара байланыстар қалыптасады.

Көп факторлық корреляциялық-регрессиялық талдаудан теңдеуге енгізілген әрбір зерттелетін нәтижелілік көрсеткішіне белгіленген жағдайда (орташа деңгейде) қалған факторлардың ықпал ету шамасын бағалауға, сондай-ақ факторлардың кез келген үштасуындағы осы көрсеткіштің теориялық мағынасын белгілі бір дәл дәрежесін табуға мүмкіндік береді. Алайда бұл үшін факторлардың арасында функционалдық байланыс болмауға тиіс.

Дәлелдердің төмөндегі функцияга ықпал ету сипаты мен дәрежесін анықтау қажет:

$$y = f(x_1, x_2, \dots, x_n).$$

Бұл жерде байланысты түрін таңдау ен киын проблема болып табылады. Бір факторлық модельдер жағдайында жұп байланыстарды графикалық талдаудың көмегімен функцияның типі эмпирикалық негіздеуді көп факторлық модельдеу үшін іс жүзінде жарамсыз. Функцияның типін таңдағанда зерттелетін құбылысты теориялық жағынан білуге немесе бұрынғы осындай зерттеулердің тәжірибесіне сүйенуге болады. Әрине, әр түрлі типтегі функцияларды жай қарастыруға болады. Алайда бұл үшін қажет шамалы көп есеп шығару қажет.

Сонымен бірге, көп жағдайда көп өзгермелінің кез келген функциянын логарифмдеу немесе өзгермелілерді ауыстыру арқылы сыйықтық турғе келтіруге болатынан ескере отырып, көптік регрессия тендеуін сыйықтық нысанда байлайша құруға болады:

$$y = a_0 + a_1 x_1 + a_2 x_2 + \dots + a_n x_n.$$

Тендеудің әрбір коэффициенті калған факторлар белгіленген жағдайда (орташа деңгейде) тиісті фактордың зерттелетін факторға ықпал ету дәрежесін көрсетеді. Тендеудің еркіті мүшесінің экономикалық маңызы болмайды.

Сыйықтық тендеу үйлеспеген жағдайда статистикалық акпараттың дерегімен үйлесетін қисық сыйықтың таңдал алғанға дейін тендеудің ретін көтеру ұсынылады. Алайда модельге ықпал ететін барлық факторлардың енгізілетін белгісіз болғандықтан, нәтижелілік көрсеткішінің есептік және накты мағыналары бір-бірімен толық сәйкес келмейтінін ескеру қажет.

Өзгермелілердің арасындағы байланыстың тығыздығын өлшеу. Нәтижелілік және факторлық белгілердің тағы бірінің арасындағы байланыстың (олардың басқа өзгермелілермен өзара ықпалдасуын ескермей) тығыздығын өлшеу үшін бір факторлық байланыста сыйықтық корреляция коэффициенті сияқты есептелең жүптық корреляция коэффициенттерін пайдалануға болады.

Алайда іс жүзінде барлық өзгермелілер, әдетте, өзара байланысты. Осы байланыстың тығыздығы бір аргументтің функцияға ықпал ету дәрежесін сипаттайтын корреляцияның жеке коэффициенттеріне байланысты болады, ал бұл жағдайда калған тәуелсіз өзгермелілер тұракты деңгейде сакталуы тиіс. Ішкіл етпейтін өзгермелілердің санына байланысты жеке коэффициенттердің тиісті реті болады: n -коэффициент ықпал етпеген жағдайда n -реттегі жеке коэффициент алынады.

Корреляцияның бірінші реттегі жеке коэффициенті у және x_1 , арасында x_2 , белгісі ықпал етпеген жағдайда келесі формула бойынша есептеледі:

$$R_{yx_1/x_2} = \frac{r_{yx_1} - r_{yx_2} \times r_{x_1 x_2}}{\sqrt{(1 - r_{yx_2}^2)(1 - r_{x_1 x_2}^2)}},$$

мұнда: r – тиесті белгілердің арасындағы корреляцияның жұптық коэффициенттері.

Көптік корреляцияның жиынтық коэффициенті нәтижелілік және екі және одан да көп факторлық белгі арасында орнайтын байланыстың тығыздығының көрсеткіші болып табылады және сзықтық корреляциялық байланыстың негізгі көрсеткіші ретінде болады. Сзықтық екі факторлық байланыс жағдайында ол келесі формула бойынша есептеледі:

$$R = \sqrt{(r_{yx_1}^2 + r_{x_1 x_2}^2 - 2r_{yx_1} r_{yx_2} r_{x_1 x_2}) / (1 - r_{x_1 x_2}^2)},$$

мұнда: r – сзықтық (жұптық) корреляция коэффициенттері, ал жол астындағы индекстер олардың қандай белгілердің арасында есептелетінін көрсетеді.

Көптік детерминацияның жиынтық R^2 коэффициенті зерттелетін көрсеткіш вариациясының кай үлесі көптік регрессия тендеуіне енгізілген факторлардың ықпалымен түсіндірілетінін көрсетеді. Көптік детерминация мағыналары 0-ден бастап 1-ге дейінгі шектерде болады. Сондыктan R^2 бірге неғұрлым жақын болса зерттелетін көрсеткіштің вариациясы ірітелген факторлардың ықпалымен көп шамада сипатталады.

Екі факторлық модель.

Көптік регрессияның қарапайым тендеуінің түрі сзықтық екі факторлық регрессииның түрі сияқты болады:

$$y = a_0 + a_1 x_1 + a_2 x_2,$$

Тендеудің параметрлері төмендегі тендеу жүйесінен ең аз квадраттар әдісі бойынша алынады:

$$\begin{aligned} a_0 n + a_1 \sum x_1 + a_2 \sum x_2 &= \sum y; \\ a_0 \sum x_1 + a_1 \sum x_2 + a_2 \sum x_1 x_2 &= \sum y x_1; \\ a_0 \sum x_2 + a_1 \sum x_1 x_2 + a_2 \sum x_2^2 &= \sum y x_2. \end{aligned}$$

Жекелеген факторлардың нәтижелілік белгіге жасайтын ықпалының күшін бағалау. Регрессия коэффициенттерінің негізінде факторлық белгілердің қайсысы нәтижелілік белгісіне ең көп ықпал ететінін анықтауға болмайды, өйткені коэффициенттер әр түрлі өлшем бір-

лігінде көрсетілгендіктен оларды өзара салыстыру мүмкін емес. Жекелеген факторлардың ықпал ететін күшін салыстыру және олардағы резервтерді білу үшін икемділіктің жекелеген коэффициенттерін (β_i), сондай-ақ бета-коэффициенттерді (β_i) есептеу қажет.

Икемділіктің жеке коэффициенттері факторларды өлшеу бірлігіндең айырмашылықтарды жояды. Олардың көмегімен басқа факторлардың жағдайы белгілі болғанда әрбір фактор 1% -та өзгергенде талданатын көрсеткіш орташа пайызға өзгеретінін анықтауга мүмкіндік береді.

$$\beta_i = a_i x_i / y,$$

мұнда: a_i – i -ші фактордағы регрессия коэффициенті,
 x_i – i -ші фактордың орташа мағынасы;
 y – зерттелетін көрсеткіштің орташа мағынасы.

Бета-коэффициенттер дамыған жағдайда зерттелетін көрсеткішті жақсартатын ірі резервтер факторларды анықтайтының және тиісті факторлық белгі өзінің орташа квадраттық ауытқу мөлшеріне өзгерген жағдайда нәтижеллік белгісі орташа квадраттық ауытқудың қай бөлігін өзгеретінін көрсетеді:

$$\beta_i = a_i \sigma_{x_i} / \sigma_y$$

мұнда: σ_{x_i} – i -ші фактордың орташа квадраттық ауытқуы;
 σ_y – зерттелетін көрсеткіштің орташа квадраттық ауытқуы.

Кәспорынның шаруашылық қызметін экономикалық жағынан терең талдау максатында, экономикалық тиімділіктің енбек өнімділігі, қор қайтармының, материалдың сыйымдылығының, өзіндік құнның, пайдалылықтың және т.б. барлық негізгі көрсеткіштерінің көп факторлық регрессиялық модельдерін құру қажет.

Корреляциялық-регрессиялық талдаудың қолдану. Экономикалық-статистикалық талдауда кәспорын қызметінің тиімділігін обьективті түрде бағалау міндетті қойылады. Осы міндетті шешу үшін өндірістің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін, олардың өзгеруі мен зандаудылықтарының себептерін терең зерттеу қажет.

Өзара байланыстарды зерттеуде көптік факторларды келесі екі топка бөлуге болады:

1) **реттелмейтін** (оның ішінде шартты түрде реттелмейтін), кәспорын жұмысының жағдайларын және осы кезеңде ұжымның қызметіне байланысты емес факторлар (шикізаттың сапасы, табиғи жағдайлар, өндірістің көлемі, қызметкерлердің жасы бойынша, жұмыс өтілі, білім деңгейі және т.б. құрамы);

2) *реттелетін*, әр түрлі шаруашылық жүргізу әдістері мен жұмыстың біркелкі емес сапасынан туындастын факторлар (өндіріс пен еңбектің ымдастыру деңгейі, шикізатты, материалдарды, жабдықтарды және т.б. пайдалану дәрежесі).

Факторлардың бірінші тобына колдағы ресурстар, екінші топқа – оларды пайдалану дәрежесі жатады. Барлық факторлардың ықпал ету дәрежесін зерттеп кәсіпорынның жалпы резервтерін анықтауга болады.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Корреляциялық және регрессиялық талдаудың қомегімен қандай негізгі міндеттер шешіледі?
2. Регрессия тендеуінің мағынасы неде? Регрессия коэффициенттері нені сипаттайды?
3. Регрессия коэффициентінің және оның маңыздылығының кездейсоқ катесі қалай анықталады?
4. Икемділік коэффициенті мен теориялық корреляциялық катынастың экономикалық маңызы қандай?
5. Сызықтық корреляция коэффициенті қалай анықталады?
6. Дисперсиялық талдаудың қомегімен корреляциялық байланыстың маңыздылығы қалай тексеріледі?
7. Сызықтық емес регрессия тендеулері неге жиі колдану қажет? Бұл ретте регрессия коэффициентінің дұрыстығы қалай бағаланады?
8. Көптік регрессияны түсіндірініз. Жиынтық және жеке регрессия коэффициенті деген не?
9. Жеке икемділік коэффициенті ($\hat{\beta}$) мен бета-коэффициент (β_i) қандай мақсатта пайдаланылады?



Ұсынылатын әдебиет

1. Авров А.П., Аврова Ю.А. *Общая теория статистики. Основы курса: Учебное пособие. 2-ое изд. доп.* – Алматы, 2004. – 112 с.
2. Сиденко А.В., Попов Г.Ю., Матвеева В.М. *Статистика: Учебник* – М.: Дело и сервис, 2000. – 464 с.
3. Елисеева И.И., Юзбашев М.М. *Общая теория статистики: Учебник*. – 3-е изд. / Под ред. чл.-корр. РАН И.И. Елисеевой. – М.: Финансы и статистика, 1998. – 368 с.: ил.
4. Ефимова М.Р., Петрова Е.В., Румянцев В.Н. *Общая теория статистики: Учебник для вузов*. – М.: ИНФРА-М, 1998.

5. *Статистика: Курс лекций для вузов / Под ред. В.Г. Ионина. – М.: ИНФРА-М, 1996.*
6. Гусаров В.М. *Теория статистики: Учебное пособие для вузов. – М.: Аудит, ЮНИТИ, 1998.*
7. Гусаров В.М. *Теория статистики: Учебное пособие. – М.: ИННТИ, 2000.*
8. Ряузов Н.Н. *Общая теория статистики: Учебник для студ. экон. спец. вузов. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1984. – 343 с.: ил.*
9. *Общая теория статистики: Учебник / Т.В. Рябушкин, М.Р. Ефимова и др. – М.: Финансы и статистика, 1981.*
10. *Общая теория статистики: Учебник / Г.С. Кильдишев, В.Е. Освіченко, П.М. Рабинович, Т.В. Рябушкин. – М.: Статистика, 1980.*
11. *Статистический словарь / Гл. ред. М.А. Королев. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 1989.*
12. Королев Ю.Г. *Регрессионный анализ в социально-экономических исследованиях. – М.: МЭСИ, 1989.*

13.4. Практикум

13.4.1. Ізденуге арналған сұрақтар

1. Корреляциялық-регрессиялық талдау деген не?
2. Бір факторлық сызықтық корреляциялық-регрессиялық талдау жүргізу тәртібін сипаттаңыз. Регрессия коэффициенттерінің мағынасын, регрессия мен оның маңыздылық коэффициентінің кездесіск көтесін анықтау тәртібін түсіндіріңіз.
3. Икемділік коэффициентінің, теориялық корреляциялық катынас пен сызықтық корреляция коэффициентінің экономикалық маңызын түсіндіріңіз. Олар есептелетін формуланы келтіріңіз және оны мысалмен көрсетіңіз.
4. Дисперсиялық талдаудың көмегімен корреляциялық байланыстың маңыздылығын тексеру тәртібін сипаттаңыз. Мысалмен көрсетіңіз.
5. Сызықтық емес регрессия тендеуін және сызықтық емес бір факторлық корреляциялық-регрессиялық талдаудың тәртібін колданудың қажеттілігін түсіндіріңіз. Регрессия коэффициентінің дұрыстығын бағалауды сипаттаңыз.
6. Көп факторлық корреляциялық-регрессиялық талдауды колданудың қажеттілігін түсіндіріңіз. Жыныстық және жеке корреляция коэффициенттерінің маңызын түсіндіріңіз. Олар есептелетін формуланы келтіріңіз және оны мысалмен көрсетіңіз.
7. Жекелеген факторлардың нәтижелілік факторына ықпал ететін күш қандай көрсеткіш пайдаланып анықталатынын сипаттаңыз. Олардың экономикалық маңызын түсіндіріңіз.

13.4.2. Типтік есептерді шешу мысалдары

1 - мысал. Откен тақырыптың 3-үлгі мысалындағы шарттарды пайдаланып байланыс пен сыйыктық корреляция коэффициентін аныктаныз. Байланыс жөнінде қорытынды шығарыңыз және регрессия коэффициентінің маңызын түсіндіріңіз.

Шешуі. Сыйыктық регрессия тендеуінің параметрлерін табу үшін сыйыктық тендеу желісін шешу қажет:

$$\begin{aligned} a_0 n + a_1 \sum x &= \sum y; \\ a_0 \sum x + a_1 \sum x^2 &= \sum yx. \end{aligned}$$

Тендеудің қажетті коэффициенттерін, сондай-ақ төмөндегі кестедегі y^2 мағынасын есептейміз:

p/c №	X	y	X^2	y^2	yx	y
1	6	3	36	9	18	2,4
2	8	4	64	16	32	4,3
3	9	4	81	16	36	5,3
4	9	3	81	9	27	5,3
5	10	5	100	25	50	6,3
6	10	7	100	49	70	6,3
7	11	6	121	36	66	7,3
8	11	8	121	64	88	7,3
9	11	10	121	100	110	7,3
10	12	9	144	81	108	8,3
11	13	9	169	81	117	9,3
12	14	12	196	144	168	10,3
13	14	10	196	100	140	10,3
14	14	11	196	121	154	10,3
15	15	10	225	100	150	11,2
16	15	12	225	144	180	11,2
17	17	13	289	169	221	13,2
18	18	15	324	225	270	14,2
19	18	16	324	256	288	14,2
20	20	15	400	225	300	16,2
21	21	17	441	289	357	17,1
22	22	18	484	324	396	18,1
23	23	19	529	361	437	19,1
24	23	17	529	289	391	19,1
25	24	20	576	400	480	20,1
26	25	22	625	484	550	21,1
27	25	21	625	441	525	21,1
Сомасы	418	316	7322	4558	5729	316,1

Біздін жағдайда $\sum x = 418$, $\sum y = 316$, $\sum x^2 = 7322$, $\sum yx = 5729$:

$$\begin{aligned} 27 a_0 + 418 a_1 &= 316; \\ 418 a_0 + 7322 a_1 &= 5729. \end{aligned}$$

Бірінші тендеуді 418/27-ге көбейтіп, келесіні аламыз:

$$418 a_0 + 6471,259 a_1 = 4892,148.$$

Екінші тендеуден жаңадан алынған біріншіні алып тастап тәмендегіні аламыз:

$$850,7407 a_0 = 836,8519,$$

осыдан

$$a_0 = 836,8519 / 850,7407 = 0,984.$$

Бірінші тендеуге a_1 койып келесі тендеуді аламыз:

$$\begin{aligned} 27 a_0 + 418 \times 0,984 &= 316, \\ 27 a_0 + 411,1759 &= 316, \end{aligned}$$

осыдан

$$27 a_0 = -95,1759, a_0 = -95,1759 / 27 = -3,525.$$

Сөйтіп, теориялық байланыс тендеуінің түрі мынадай болады:

$$y_v = 0,984 x - 3,525.$$

Регрессия коэффициенті деп аталағын a_1 параметрі негізгі көрдің 1 млрд тенгеге үлғаюы жылына өнім шығаруды 984 млн теңге арттыратынын көрсетеді.

Сызықтық корреляция коэффициенті мына формула бойынша аныкталады.

$$r = [\sum xy - (\sum x \sum y)/n] / \sqrt{[\sum x^2 - (\sum x)^2/n][\sum y^2 - (\sum y)^2/n]} /$$

$$= \frac{5729 - 418 \times 316 / 27}{\sqrt{(7322 - 418^2 / 27) \times (4558 - 316^2 / 27)}} = \frac{836,8519}{855,1736} = 0,98.$$

Яғни негізгі көрдің құны мен өнім шығарудың арасындағы байланыс өте тығыз. Корреляциялық қатынаспен салыстырғанда сызықтық корреляция коэффициенті байланыстың тығыздығын ғана емес оның бағытын да көрсетеді. Бұл жағдайда белгілердің арасында тікелей байланыс бар.

2-мысал. Бір зауыт жұмысшыларының жұмыс өтілі (жыл, x) мен бір жұмысшының ауысым ішінде шығарған өнім (дана, y) жөнінде келесідей деректер берілген:

X	1	2	3	4	5	6	7	8	10	12	15
Y	50	55	54	58	62	63	65	68	68	70	72

Байланыс сызықтық екенин ескеріп, жұмыс өтілі мен шығарылған өнімнің арасындағы корреляциялық байланыстың тендеуін, сондай-ак сызықтық корреляция коэффициентін есептеп:

Шешүі. Сызықтық регрессия тендеуінің параметрлерін табу үшін сызықтық тендеулер жүйесін шешу кажет:

$$\begin{aligned} a_0 n + a_1 \sum x &= \sum y; \\ a_0 \sum x + a_1 \sum x^2 &= \sum yx. \end{aligned}$$

Тендеудің кажетті коэффициенттерін, сондай-ақ келесі кестедегі y^2 мағынасын есептейміз:

p/c №	x	y	x^2	y^2	yx	y
1	1	50	1	2500	50	53,5
2	2	55	4	3025	110	55,0
3	3	54	9	2916	162	56,6
4	4	58	16	3364	232	58,1
5	5	62	25	3844	310	59,7
6	6	63	36	3969	378	61,3
7	7	65	49	4225	455	62,8
8	8	68	64	4624	544	64,4
9	10	68	100	4624	680	67,5
10	12	70	144	4900	840	70,7
11	15	72	225	5184	1080	75,4
Барлығы	73	685	673	43175	4841	685,0

Біздің жағдайда $\Sigma x = 73$, $\Sigma y = 685$, $\Sigma x^2 = 673$, $\Sigma yx = 4841$:

$$\begin{aligned} 11 a_0 + 73 a_1 &= 685; \\ 73 a_0 + 673 a_1 &= 4841. \end{aligned}$$

Бірінші тендеуді 73/11-ге көбейтіп келесі тендеуді аламыз:

$$73 a_0 + 484,4545 a_1 = 4545,909.$$

Екінші тендеуден жаңадан алынған бірінші тендеуді алып тастал төмендегіні аламыз:

$$188,5455 a_1 = 295,0909,$$

осыдан

$$a_1 = 295,0909 / 188,5455 = 1,5651.$$

Бірінші тендеуге a_1 қойып келесі тендеуді аламыз.

$$\begin{aligned} 11 a_0 + 73 \times 1,5651 &= 685, \\ 11 a_0 + 114,2517 &= 685, \end{aligned}$$

осыдан

$$11 a_0 = 570,7483, a_0 = 570,7483 / 11 = 51,9.$$

Сөйтіп теориялық байланыс тендеуінің түрі келесідей болады.

$$y = 1,5651 x + 51,9.$$

Регрессия коэффициенті деп аталағын a , параметрі жұмысшылардың енбек етілі 1 жылға көп болған жағдайда бір жұмысшының ауысым шығаратын өнімі 1,5651 болшекке көбейеттінін көрсетеді.

Сызықтық корреляция коэффициенті келесі формула бойынша аныкталады.

$$r = [\sum yx - (\sum x \sum y) / n] / \sqrt{[\sum x^2 - (\sum x)^2 / n][\sum y^2 - (\sum y)^2 / n]} =$$

$$= \frac{4841 - 73 \times 685 / 11}{\sqrt{(673^2 - 73^2 / 11) \times (43175 - 685^2 / 11)}} = \frac{295,0909}{312,5712} = 0,94$$

Яғни негізгі көрдің құны мен өнім шығарудың арасындағы байланыс өте тығыз, ал таңба белгілердің арасындағы байланыс тікелей екенін көрсетеді.

3-мисал.

13.3-шагын тарауда келтірілген гипербола бойынша тенестіру мысалының деректеріне орай өндіріс шығыны мен тауар айналымының көлемінің арасындағы корреляциялық қатынасты есептепеңіз.

Шешүі. Корреляциялық қатынас екі дисперсияның негізінде есептеледі:

$$R = \sqrt{(\sigma_y^2 - \sigma_{y-y_x}^2) / \sigma_y^2}.$$

Кестедегі дисперсияны есептейміз:

p/c №	Өндіріс шығынының деңгейі (y)	Y ²	,y _x	y - y _x	(y - y _x) ²
1	10	100	10,2	-0,2	0,04
2	9,2	84,64	9,3	-0,1	0,01
3	8,1	65,61	8,2	-0,1	0,01
4	7,8	60,84	7,6	0,2	0,04
5	7,9	62,41	7,1	0,8	0,64
6	7,0	49,00	6,7	0,3	0,09
7	6,1	37,21	6,2	-0,1	0,01
8	5,8	33,64	5,8	0,0	0,00
9	5,3	28,09	5,6	-0,3	0,09
10	5,0	25,00	5,4	-0,4	0,16
Сомасы	72,2	546,44	-	0,1	1,09

Жалпы дисперсияны есептейміз:

$$\sigma^2 = 546,44 / 10 = 54,644.$$

Бұдан кейін байланыс дисперсиясын аныктаймыз.

$$\sigma_{y-y_x}^2 = 1,09 / 10 = 0,109.$$

$$R = \sqrt{(54,644 - 0,109) / 54,644} = \sqrt{0,998} = 0,999.$$

Корреляциялық қатынас өндіріс шығыны мен тауар айналымы көлемінің арасындағы өте тығыз тәуелділікті көрсетеді.

4-мисал. 13.2-шагын тарауда келтірілген жартылай логарифмдік қисық сзызық бойынша тенестіру мысалының деректеріне орай сатушының еңбек өнімділігі мен тауар айналымының арасындағы корреляциялық қатынасты есептепеңіз.

Шешүі. Корреляциялық қатынас екі дисперсияның негізінде есептеледі:

$$R = \sqrt{(\sigma_y^2 - \sigma_{y-y_x}^2) / \sigma_y^2}.$$

Кестедегі дисперсияны есептейміз.

p/c №	y	y'	y	$y - y'$	$(y - y')^2$
1	5,1	26,01	4,6	0,5	0,25
2	5,2	27,04	4,6	0,6	0,36
3	5,1	26,01	5,2	-0,1	0,01
4	5,4	29,16	5,3	0,1	0,01
5	5,0	25,00	5,5	-0,5	0,25
6	5,2	27,04	5,6	-0,4	0,16
7	5,5	30,25	5,7	-0,2	0,04
8	5,5	30,25	5,7	-0,2	0,04
9	6,5	42,25	5,9	0,6	0,36
10	6,5	42,25	6,2	0,3	0,09
11	5,5	30,25	6,3	-0,8	0,64
12	5,8	33,64	6,3	-0,5	0,25
13	5,6	31,36	6,5	-0,9	0,81
14	7,0	49,00	6,6	0,4	0,16
15	6,5	42,25	6,7	-0,2	0,04
16	7,0	49,00	6,9	0,1	0,01
17	8,0	64,00	7,1	0,9	0,81
18	7,5	56,25	7,2	0,3	0,09
19	6,8	46,24	7,2	-0,4	0,16
20	6,9	47,61	7,2	-0,3	0,09
21	7,2	51,84	7,3	-0,1	0,01
22	7,8	60,84	7,4	0,4	0,16
23	7,8	60,84	7,7	0,1	0,01
24	7,9	62,41	7,7	0,2	0,04
Сомасы	152,3	990,79	152,4	-0,1	4,85

Жалпы дисперсияны есептейміз.

$$\sigma_y^2 = 990,79 / 24 = 41,2829.$$

Содан кейін байланыс дисперсиясын есептейміз.

$$\sigma_{y-y_x}^2 = 4,85 / 24 = 0,2021.$$

$$R = \sqrt{(41,2829 - 0,2021) / 41,2829} = \sqrt{0,995} = 0,998.$$

Алғынған корреляциялық қатынастар сатушының еңбек өнімділігі мен тауар айналымының арасында өте тығыз өзара тәуелділіктің бары байкалады.

5-мысал. 13.3-шагын тарауда көлтірілген парабола бойынша теңестіру мысалының деректеріне сәйкес астықтың түсімділігі мен жауын-шашын деңгейінің арасындағы корреляциялық қатынастарды есептепеңіз.

Шешуі. Корреляциялық қатынас екі дисперсияның негізінде есептеледі:

$$R = \sqrt{(\sigma_y^2 - \sigma_{y-y_x}^2) / \sigma_y^2}.$$

Кестедегі дисперсияны есептөніз:

p/c №	Астыктың түсімділігі, ц/га (т)	Y^2	y_x	$y - y_x$	$(y - y_x)^2$
1	4,2	17,64	5,4	-1,2	1,44
2	12,6	158,76	10,8	1,8	3,24
3	14,8	219,04	15,1	-0,3	0,09
4	16,8	282,24	18,4	-1,6	2,56
5	21,0	441,00	20,8	0,2	0,04
6	22,2	492,84	22,1	0,1	0,01
7	22,8	519,84	22,4	0,4	0,16
8	21,8	475,24	21,8	0,0	0,00
9	19,4	376,36	20,1	-0,7	0,49
Сомасы	155,6	2982,96	156,9	-1,3	8,03

Жалпы дисперсияны есептейміз:

$$\sigma_y^2 = 2982,96 / 9 = 331,44.$$

Содан кейін байланыс дисперсиясын анықтаймыз.

$$\sigma_{y-yx}^2 = 8,03 / 9 = 0,8932.$$

$$R = \sqrt{(331,44 - 0,8932) / 331,44} = \sqrt{0,997} = 0,999.$$

Корреляциялық катынас астыктың түсімділігі мен жауын-шашын деңгейінің арасындағы тәуелділіктің тығыздығын көрсетеді.

13.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

13.5.1. Есептер

1-е сеп. Өткен тақырыптың 3-мысалының шарттарын пайдалана отырып байланыс теңдеуі мен сзықтық корреляция коэффициентін анықтаңыз. Байланыс жөнінде қорытынды шығарыңыз және регрессия коэффициентін мағынасын түсіндіріңіз.

2-е сеп. Қазақстанда 1991-2004 жылдары ЖІӨ динамикасының 1990 жылға катынасы жөнінде келесідей деректер берілген:

t, жыл	1991	1992	1993	1994	1995	1996	1997
y, %	89,0	84,3	76,5	66,9	61,4	61,7	62,8
t, жыл	1998	1999	2000	2001	2002	2003	2004
y, %	61,6	63,2	69,4	78,8	86,5	94,6	103,5

Байланыстың параболалық екенін ескеріп, жыл мен ЖІӨ өндіріс көлемінің 1990 жылға катысты өсу қарқынының арасындағы корреляциялық байланыс теңдеуін шешіңіз.

3-е сеп. Өткен есептің деректері бойынша жыл мен ЖІӨ өндіріс көлемінің 1990 жылға катысты өсу қарқынының арасындағы корреляциялық катынасты есептөніз.

4-есеп. Факторлық шаманың (екінші деңгейдегі банктердің жиынтық депозиттері мен жиынтық капиталы) және тренд бойынша есептелген таза пайданың нақты деректерін пайдалана отырып сыйықтық көптік регрессия тендеулерінің параметрлерін есептеңіз.

млн теңге

Көрсеткіштің атауы	Жиынтық депозиттер, x_1	Жиынтық капитал, x_2	Таза табыс – тренд, y
1-11-2002 жылға	660496	126279	11218
1-12-2002 жылға	675212	132167	11712
1-01-2003 жылға	744124	134544	12207
1-02-2003 жылға	754661	134109	12701
1-03-2003 жылға	781305	136313	13195
1-04-2003 жылға	807413	139808	13689
1-05-2003 жылға	868057	143746	14184
1-06-2003 жылға	930579	147604	14678
1-07-2003 жылға	965475	153571	15172
1-08-2003 жылға	949721	156095	15667
1-09-2003 жылға	938368	163389	16161
1-10-2003 жылға	1025690	168866	16655
1-11-2003 жылға	1026608	175365	17149
1-12-2003 жылға	1025910	179510	17644
1-01-2004 жылға	1044085	184664	18138
1-02-2004 жылға	1018418	188961	18632
1-03-2004 жылға	1044480	192554	19126
1-04-2004 жылға	1131160	195435	19621
1-05-2004 жылға	1218996	203173	20115
1-06-2004 жылға	1252898	207060	20609
1-07-2004 жылға	1295379	215423	21104
1-08-2004 жылға	1300647	221495	21598
1-09-2004 жылға	1372947	229413	22092
1-10-2004 жылға	1418062	243701	22586
1-11-2004 жылға	1489410	251668	23081
1-12-2004 жылға	1636714	255405	23575
1-01-2005 жылға	1697583	271312	24069
1-02-2005 жылға	1653600	274741	24564
1-03-2005 жылға	1802397	278266	25058

* www.nationalbank.kz Каржы есептілігі/Банк секторы. 30.04.05 ж.

5-есеп. Откен есептің шарттары бойынша жеке икемділік коэффициентін (α), сондай-ақ бета-коэффициентті (β) есептеңіз.

13.5.2. Тест тапсырмалары

1. Дәнді дақылдың түсімділігі (ц/га) мен енгізілген тыңайтқыштың мөлшерінің (тонна) арасындағы корреляциялық тәуелділік $Y_c = 20,5 + 2,8x$, регрессия тендеуімен көрсетіледі, осыдан:

- 1) енгізілетін тыңайтқыш 1 тоннага арттырылған жағдайда түсімділік 20,5 ц/га үлгаяды;
- 2) түсімділік 20,5 және 2,8 ц/га үлгаяды;
- 3) түсімділік 2,8 есеге үлгаяды;

- 4) енгізілетін тыңайтқыштың мөлшері 1 тоннаға арттырылған жағдайда түсімділік орташа 2,8 ц/га ұлғаяды;
- 5) енгізілетін тыңайтқыштың мөлшері 1 тоннаға арттырылған жағдайда түсімділік өзгермейді.
- 2. Икемділік коэффициенті нені көрсетеді?**
- 1) факторлық белгі өзгерген жағдайда нәтижелілік белгісінің қанша пайызыға өзгеретінін;
 - 2) факторлық белгі ұлғайған жағдайда нәтижелілік белгісі қанша бірлікке көтерілетінін;
 - 3) байланыстың тығыздығын;
 - 4) факторлық және нәтижелілік белгілердің тендігін;
 - 5) факторлық белгі 1%-ға өзгерген жағдайда нәтижелілік белгісінің мағынасы қанша пайызыға өзгеретінін.
- 3. Корреляция коэффициенті нені көрсетеді?**
- 1) зерттелетін құбылыстардың арасындағы байланыстың тығыздығын;
 - 2) факторлық белгі бірлікке өзгергенде нәтижелілік белгісінің өзгеретінін;
 - 3) нәтижелілік белгі бірлікке өзгергенде факторлық белгінің өзгеретінін;
 - 4) зерттелетін құбылыстың орташа денгейін;
 - 5) екі көрсеткіштің тендігін.
- 4. Бір аргументтің функцияға жасайтын ықпалының дәрежесі қалған тәуелсіз өзгермелілер тұрақты денгейде орнықкан жағдайда нені сипаттайды?**
- 1) жұптық корреляция коэффициенттерін;
 - 2) корреляциялық қатынастың көрсеткішін;
 - 3) детерминация коэффициентін;
 - 4) жеке корреляция коэффициенттерін;
 - 5) көптік корреляцияның жиынтық коэффициентін.
- 5. Зерттелетін көрсеткіштің вариация үлесінің сипаттамасын ненің қомегімен көптік регрессия тендеуіне енгізілген факторлардың ықпалымен түсіндіруге болады?**
- 1) корреляциялық қатынас көрсеткішінің;
 - 2) жеке корреляция коэффициентінің;
 - 3) көптік корреляцияның жиынтық коэффициентінің;
 - 4) детерминация коэффициентінің;
 - 5) көптік детерминацияның жиынтық коэффициентінің.
- 6. Нәтижелілік белгіге жекелеген факторлардың ықпал ететін күшін салыстыру үшін нені есептеу қажет:**
- 1) жұптық корреляция коэффициентін, сондай-ақ бета-коэффициенттерді (β);
 - 2) жеке корреляция коэффициентімен жеке икемділік коэффициенттерін (\mathcal{E});
 - 3) жеке икемділік коэффициентін (\mathcal{E}), сондай-ақ бета-коэффициенттерді (β);
 - 4) көптік детерминацияның жиынтық коэффициенті мен жеке икемділік коэффициенттерін (\mathcal{E});
 - 5) көптік корреляцияның жиынтық коэффициентін, сондай-ақ бета-коэффициенттерді (β).

II БӨЛІМ

ЭПЕУМЕТТИК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ СТАТИСТИКА

14-ТАҚЫРЫП

ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ СТАТИСТИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

14.1. Әлеуметтік-экономикалық статистиканың пәні, әдістері және міндеттері

Әлеуметтік-экономикалық статистика сапасы анықталған жалпы әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды сандық жағынан зерттейді. олардың үйлесімін, экономикадағы және әлеуметтік саладағы даму заңдылықтарын көрсетеді. Статистика қоғамдық дербес ғылым ретінде елді басқару, мемлекеттік саясатты өзірлеу мен нарықтық ахуалды бакылау үшін Қазақстан Республикасының жағдайы мен оның дамуының кешенді сандық сипаттамасын қамтамасыз етуге тиіс.

Бақыланатын обьектілер – барлық деңгейлерде орын алған жаппай әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестер:

- а) микроденгей – шаруашылық субъектісі, үй шаруашылығы;
- ә) мезоденгей – экономика саласы, экономика секторы, өнір;
- б) макроденгей – жалпы елдін экономикасы.

Әлеуметтік-экономикалық статистика теориялық жағынан экономикалық теория мен философияның негізгі ережелері мен категорияларына негізделеді.

Экономикалық теорияда қоғамның даму заңдылықтары, олардың шығу тегі мен маңызы қарастырылады. Диалектикалық тану әдісіне сәйкес статистика қоғамдағы барлық құбылыстар мен процестерді бір-бірінен бөлмей, өзара тығыз байланыстыра отырып, олардың үздіксіз өзгеру мен дамуын тарихи оқиғалар гізбегінде зерттейді. Статистикада жалпы сандық акпаратты колдану, бір жағынан, жалпы заңдылықтың санын раставуға не-

месе жекелеген теориялық ережелерді теріске шығаруға, ал екінші жағынан – нарықтық экономикадағы жаңа құбылыстарды, процестерді дұрыс бағалап, экономикалық теорияны одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Осыдан әлеуметтік-экономикалық статистиканың экономикалық теория, философия және математика (жоғары математика, ықтималдық теориясы және т.б.); салалық экономика (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, қаржы және т.б.), қоғамдық ғылымдар (тарих, әлеуметтану, саясаттану, демография және т.б.) барлық басқа ғылымдармен өзара байланысы байқалады.

Әлеуметтік-экономикалық статистика статистиканың жалпы теориясының негізгі ережелері мен әдістеріне негізделеді. Статистикалық әдістер қоғамды зерттеудің келесі жүйелі үш сатысында қолданылады:

- 1) статистикалық бакылау (бастапқы статистикалық ақпаратты жинау);
- 2) бакылаудың нәтижелерін белгіленген статистикалық жиынтыққа жинақтау және жинақтап қорыту;
- 3) статистикалық ақпаратты талдау.

Әлеуметтік-экономикалық статистика жалпы әлеуметтік-экономикалық құбылысты статистикалық зерттеуді (мысалы, халықты, өнім шығаруды) ұйымдастырып, оның алғашқы сатысында келесі функцияларды орындаиды:

- бастапқы ұғымдар мен категорияларды қалыптастырады, олардың зерттеу міндеттерін анықтайды;
- көрсеткіштер жүйесін және көрсеткіштерді есептеу әдіснамасын құрастырады;
- барлық тұлғаларды, отбасыларды санақ парагы немесе барлық қасіпорындарды бухгалтерлік және статистикалық есептілік нысанды жаппай санау арқылы немесе үй шаруашылықтарын іріктеме тексеру арқылы ақпарат жинайды

Статистикалық бакылаудың екінші сатысында жиналған фактілер жинақтап қорытылады, бірдей, ұқсас белгілер бойынша топтарға бөлу және біріктіру арқылы жүйеленеді. Бірлік топтары мен жалпы жиынтық көрсеткіштердің қорытындылары мен сомалары есептеледі. Әлеуметтік-экономикалық статистика топтастыру әдісінің көмегімен бірліктердің типтерін, топтарын, шағын топтарын басты белгілер бойынша зерттейді, белгінің жеке көрінісін сипаттаудан бүкіл массадағы жалпы көріністі сипаттауға көшеді. Мысалы, Қазақстан халқын жан басына шағылған орташа табысының мөлшері мен жан басына шағылған орташа ақша жинағы бойынша топтастыру арқылы халықтың өмір сүру деңгейін көруге болады.

Статистикалық жұмыстың үшінші сатысында кеңейтілген ұдайы өндірістің заңдылықтары анықталады, сондай-ақ жалпы кезең ішінде қасіпорындардың, салалардың, секторлардың экономикалық қызметінің нәтижелеріне және еліміздің жалпы экономикасына факторлардың жасаған

ықпалы бағаланады. Үдайы өндірістің барлық жақтарының байланысы мен тәуелділігін зерттеу үшін көрсеткіштерді талдау корыту, яғни вариация белгілерінің динамикасы, орташа шама, көрсеткіштерін есептеу; құбылыстар динамикасы; индекстер; корреляция; детерминацияны есептеу; баланстық әдіс, теориялық-ықтималдық әдістері колданылады. Жиналған және топтастырылған ақпараттарды тиімді етіп көрсету үшін статистикалық кестелер мен графиктердің барлық түрлері пайдаланылады.

Әлеуметтік-экономикалық статистика салалық статистикалармен байланысты. Олар экономиканың жеке салаларын, тарауларын (мысалы, демография) немесе категорияларды (мысалы, бағаларды) зерттейді және макроэкономикалық көрсеткіштерді, яғни еңбек ресурстарын, жалпы ішкі өнімді және т.б. есептеу үшін мәлімет ұсынады. Әлеуметтік-экономикалық статистиканың салалық статистикалармен байланысы халықаралық статистика мен бухгалтерлік есеп жөніндегі стандартқа, Ұлттық Шоттар Жүйесін (ҰШЖ) құрудың бірыңғай әдіstemесіне негізделеді. Бұл ретте Біріккен Ұлттар Ұйымының Ұлттық Шоттар Жүйесі (1993 жылғы нұсқа) халықаралық практикада қабылданған нарыктық экономиканың статистикалық мөдели болып табылады. Қазақстанда ҰШЖ 1993 жылы ұлттық экономиканың ерекшелігі ескеріле отырып енгізілді, ол елдің статистикалық ақпаратта ішкі қажеттілігін қанағаттандыруға және макроэкономикалық көрсеткіштерді халықаралық деңгейде салыстыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Әлеуметтік-экономикалық статистика ұлттық экономиканың жай-күйі мен оның дамуын көрсететін статистикалық көрсеткіштер жүйесінің қалыптасуын зерттейді. Әлеуметтік-экономикалық статистиканың көрсеткіштеріне:

- I. Еңбек және халық туралы көрсеткіштер.
- II. Ұлттық байлықтың көрсеткіштері.
- III. Шығын мен аралық тұтынудың көрсеткіштері.
- IV. Өндіріс нәтижелерінің көрсеткіштері.
- V. Баға, тауар және ақша айналысының көрсеткіштері.
- VI. Экономикалық қызмет нәтижелерінің тиімділік көрсеткіштері.
- VII. ҰШЖ баланстық құрылымдарының көрсеткіштері.
- VIII. Әлеуметтік статистика көрсеткіштері.

Көрсеткіштер жүйесі Қазақстан Республикасында нарыктық қатынастардың дамуына орай жетілдіріледі.

Көрсеткіштер жүйесі:

- зерттелетін әлеуметтік-экономикалық құбылыстың деңгейін, құрылымы мен динамикасын;
- еңбек; материалдық, қаржы ресурстарының факторлары мен олардың тиімді пайдаланылуын;
- өндіріс пен тұтыну арасындағы; тұтыну мен жинақтаудың, әр түрлі

меншік нысанындағы кәсіпорындар арасындағы, экономиканың секторлары арасындағы пропорцияны (үйлесімді);

- жалпы ұдайы өндіріс процесі мен оның жекелеген сатыларын жаппай әлеуметтік-экономикалық құбылыстарының, яғни ұлттық табыс өндірісінің, бөлудің, айналысының, оны пайдалану мен жинақтаудың заңдылықтары мен байланыстарын;
- экономиканың барлық салаларының, республика өнірлерінің даму заңдылықтарын салааралық және өнірапалық байланыстарды жеке қарастырып статистикалық бағалау үшін қажет.

Әлеуметтік-экономикалық статистиканың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- статистикалық көрсеткіштер жүйесін ҰШЖ бойынша ғылыми әзірлеу мен жетілдіру (атап айтқанда, ұлттық байлықтың, ресми емес және жасырын экономиканың, табиғи ресурстардың, коршаған ортаның сапасы мен ақшалай бағасының толық құрамы мен көлемін анықтау);
- Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы мәлімет жинау және оны жан-жақты көрсету;
- талдау және мемлекеттік және өнірлік деңгейлерде негізделген басқарушылық шешім қабылдау үшін барлық пайдаланушыларды (басшы, қоғамдық, әлеуметтік, ғылыми, коммерциялық құрылымдарды) сапалы және дұрыс акпаратпен уақытында қамтамасыз ету;
- ұлттық байлықтың өсу резервін, жұмыс істейтін халықты толықтай пайдаланбау, жұмыссыздық салдарынан жоғалтылған өнімді анықтаудың статистикалық әдістерін жетілдіру және пайдалану;
- әлеуметтік статистика саласында, әсіресе Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін зерттеуде арнайы ұйымдастырылған бақылауды (мониторингті), іріктеме зерттеуді колдану;
- экономиканың тепе-тендігін, пропорционалдығын (үйлесімділігін) оның барлық деңгейлерінде статистикалық бағалау;
- макроденгейде баланс, каржылық есепті, ҰШЖ бойынша салааралық баланс әзірлеу және жасау;
- халықаралық салыстыру жасау;
- экономикалық-статистикалық талдауда статистикалық-математикалық және математикалық әдістерді колдану;
- әлеуметтік-экономикалық себептік-салдарлық байланыстардың көлешегін болжау және модельдеу, бизнес-тәуекелдерді бағалау;
- бухгалтерлік және статистикалық есептілік нысандарын жетілдіру.

14.2. Әлеуметтік-экономикалық статистикада пайдаланылатын үлттық шот жүйесінің негізгі ұғымдары, категориялары, жіктемелері

Үлттық Шоттар Жүйесінің құрылымы «Шаруашылық айналым қағидасына», бүкіл экономикалық айналымға, материалдық игілікті өндірісі мен қызмет көрсетуге негізделеді. ҰШЖ тауар мен қызмет өндірісінен, табыс құраудан қаржылық нәтиже алушмен; қаржы активтері мен міндеттемелердің өзгеруімен аяқталатын, табыс әкелетін кез келген қызметті зерттейді.

Каржы-кредит қатынастары осы түрғыда негізгі орын алады. Үлттық шот жүргізу шаруашылық жүргізуши субъектілер экономикалық қызмет нәтижесінде жасайтын экономикалық операциялар, елдің активі мен пассиви туралы ақпаратты жинап, оны талдау қорытады. Халықаралық есеп жүргізу мен статистика әдістемесіне көшуге орай ұғымдар мен категориялардың әдістемесіне айтартылғанда өзгерістердің ен негізгілерінде:

- 1. Өнімдер** – тауарлар мен қызметтер.
- 2. Тауарлар** – меншік құқығы таратылатын және сұранысқа ие нақты заттар.
- 3. Қызметтер** – өндіруші тұтынушылардың тапсырыстары бойынша мыналарды өзгертуге қатысты жасайтын әр түрлі іс-әрекет:
 - тұтыну заттарының жай-күйіне (мысалы, нақты затты тазарту, жөндеу)
 - тұтынушының физикалық жай-күйіне (тұтынушыны тасымалдау, медициналық, хирургиялық емдеу, тұтынушының бет-әлпетін жақсарту және т.б.);
 - тұтынушының ойлау қабілетінің жай-күйіне (білім беру, қорғау, қаржылық делдалдық және т.б.).
- 4. Объектілер** – тауарлар, қызметтер, акша.
- 5. Субъектілер** – бұл шаруашылық бірліктер.
- 6. Институционалдық бірлік** – активі бар экономикалық жағынан дербес, міндетті қабылдауға және басқа бірліктермен қоса экономикалық қызмет пен операцияларға қатысуға қабілетті тұлға (жеке, заңды). Институционалдық бірліктің ерекшелігі мынада: а) оның өз атынан тауармен, активпен иелене алады, және осы негізде басқа бірліктермен меншік құқығымен айырбас жасай алады; ә) ол дербес экономикалық шешім қабылданап, заң алдында өзі тікелей жауап беретін экономикалық қызметпен айналыса алады; б) ол өз атынан қаржылық міндеттемелер қабылдай алады, келешектегі шығындарға байланысты міндеттеме алып, шарт жасасуы мүмкін; в) оның актив пен пассив балансымен қоса шоттардың толық жиынтығы болады немесе қажет болған жағдайда шоттардың толық жиынтығын дайындай алады. Институционал-

дық бірліктің екі түрі болады – жеке тұлғалар (немесе үй қожалықтарымен айналысатын адамдардың тобы) және корпорацияны, үйім мен мемлекеттік мекемені білдіретін занды тұлғалар. Бірнеше адамнан тұратын үй қожалықтарының мүшелері дербес институционалдық бірлік болып саналмайды. Үй қожалығы институционалдық бірлік болып саналады.

7. Экономикалық өндіріс – институционалдық бірліктің бақылаудың орындалатын, сондай-ақ басқа тауар мен қызмет өндіру үшін еңбек, капитал, тауар шығыны жүзеге асырылатын қызмет.

8. ҰШЖ бойынша өндіріс шекарасына енгізілетін қызмет түрлері:

- өздері өндіруші емес басқа бірліктерге берілетін немесе басқа тауарды, қызметтерді өндіруге арналған барлық жеке немесе ұжымдық тауарды, қызметтерді өндіру;
- өндірушілер меншікті түпкілікті тұтыну немесе капиталды жалпы жинақтау үшін қалдырған барлық тауарлардың өндірісі;
- меншікті түпкілікті тұтыну үшін қызмет өндірісі (мысалы, жалдамалы үй қызметшісі орындастын қызметтер немесе үйдің иесі жасайтын тұрғын үйді жөндеу);
- зансыз жұмыс (біліксіз дәрігерлер көрсететін қызмет, есірткі тарату, контрабанда және т.б.);
- жасырын өндіріс (қауіпсіздік, денсаулық корғау ережелеріне жауап бермеу, салық төлеуден жалтару).

Үйде немесе сол үй шаруашылығының басқа мүшелеріне жеке қызмет көрсету өндіріске кірмейді.

9. Резидент – осы елдің экономикалық аумағында орналасқан және бір жыл және одан астам уақыт бойы экономикалық қызметке қатысады институционалдық бірлік. Резиденттерге осы елдің экономикалық аумағында бір жыл және одан астам болған, азаматтығына, ұлтына қарамастан жеке тұлғалар, сондай-ақ олардың экономикалық мұдделерінің орталығы осы елдің экономикалық аумағымен байланысты болса занды тұлғалар (дербес занды тұлға болып табылмайтын бірлескен және шетел қәсіпорындары, олардың филиалдары мен өкілдіктері) жатады. Резиденттерге шетелдік елшіліктер, консульдықтар, халықаралық ұйымдар, әскери базалар мен олардың қызметкерлері, шетел студенттері жатпайды.

10. Ішкі экономика резиденттердің де, бейрезиденттердің де осы елдің экономикалық аумағындағы қызметін қамтиды. Ішкі экономика көрсеткіші үшін «жалпы ішкі өнім» көрсеткіші есептеледі.

11. Ұлттық экономика тек резиденттердің ғана осы елдің экономикалық аумағында немесе одан тыскары орналасқанына қарамастан қызметін қамтиды. Ұлттық экономика үшін «жалпы ұлттық табыс» көрсеткіші есептеледі.

12. Шетелдегі аумақтық анклавтар – осы елдің үкіметтік мекемелері дипломатиялық, әскери, ғылыми максатта жалға алу немесе меншік

негізінде пайдаланатын басқа елдердегі аймактар. Мысалы, елшіліктер, консулдықтар және т.б.

13. Осы елдің экономикалық аумағы – осы елдің үкіметі әкімшілік басқаратын аумак (географиялық), сондай-ақ әуе кеністігі, осы елдің аумактық сularы мен халықаралық судағы континенталдық сularы (онда осы ел шикізат, отын, мұнай мен газ өндіруге айрықша құқылы); бұрынғы аумактық анклавтар (елшіліктер, әскери базалар), осы елдің аумағында орналасқан халықаралық үйымдар.

Аумақтық эксклавтар – осы елдің еркін аймақтары немесе оның шекарасынан тыс жұмыс істейтін кәсіпорындарының филиалдары өздері орналасқан елдің экономикалық аумағына кіреді.

14. Экономика секторы – өз атынан активтерге иелік жасайтын, міндеттеме кабылдайтын, басқа институционалдық бірліктермен бірге ұксас экономикалық қызметтің жүзеге асыратын институционалдық бірліктердің жиынтығы. Экономикалық бірліктер келесі екі типке, яғни секторлар мен экономика салалары бойынша жіктеледі. ҰШЖ-де басты жіктеуіш – бұл секторлар бойынша жіктеуіш. Секторлардың саны алты, оның бесеуі – ішкі экономика секторы – резиденттер, алтыншы сектор сыртқы – бейрезиденттік сектор.

Бірінші сектор – «Қаржылық емес корпорациялар» – шығынды өтейтін бағалар бойынша тауар мен қызмет өндіретін және кіріс алуға мүмкіндік беретін (кейбір жағдайда ішінана мемлекеттік бюджеттің субсидиясының есебінен) институционалдық бірліктер. Қаржылық емес корпорацияларға жеке меншік және мемлекеттік кәсіпорындар, серікtestіктер, өндірістік кооперативтер, бірлескен және еншілес кәсіпорындар, конакүйлер, кафе, кинотеатрлар, казино және т.б. жатады.

Екінші сектор – «Қаржылық корпорациялар» – делдалдық (мысалы, өз атынан кредит беру) және қосалкы кредит бермей ақшалай қаражатты җұмылдыру) қаржы қызметтерін көрсететін институционалдық бірліктер. Қаржылық корпорацияға Казакстан Республикасының Ұлттық банкі, екінші деңгейдегі банктер, сактандыру компаниялары, зейнетакы қорлары, биржалар, бағалы қағаз нарығы, брокерлік компаниялар, ломбардтар, траст компаниялары жатады.

Үшінші сектор – «Мемлекеттік басқару органдары» – мемлекеттің бақылауындағы, мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын, негізінен халыққа жеке және ұжымдық сипаттағы нарықтық емес қызметтер көрсететін институционалдық бірліктер. Осы секторға өндіріске қатысатын, өзінің жұмыс күшін ұсынатын және нарықта тауар мен қызмет сатып алатын жеке тұлғалар, сондай-ақ ұсак корпоративтік емес кәсіпорындардың меншік иелері (негізінен отбасылық) жеке тұлғалар жатады.

Төртінші сектор – «Үй шаруашылықтары» – занды тұлға құрмagan жеке кәсіпкерлерді, сондай-ақ жеке еңбек қызметінің басқа да нысандарын біріктіреді.

Бесінші сектор – «Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық үйлімдар» – тауарлар мен қызметтерді үй шаруашылықтарына тегін немесе жарналардың, қайырымдылық жәрдемнің, құрылтайшы кәсіпорын трансфертінің есебінен төмен баға бойынша береді. Коммерциялық емес үйлімдардың әр алуан түріне кәсіподактар, саяси партиялар, діни қоғамдар, еркіті спорт қоғамдары, қайырымдылық қоғамдары мен корлары, ведомствоның тұрғын үйлер, аурұханалар, емханалар, клубтар, стадионлар және т.б. жатады.

Алтыншы сектор – «Қалған әлем» – осы елге катасты барлық шет елдерді біріктіреді.

15. Экономикалық функциялар – негізгі өндірістік процестер: өндіріс, тұтыну, жинақтау, табысты кайта бөлудегі делдалдық және т.б.

16. Қазақстан Республикасының экономика салаларының жіктелімі – Еуропалық экономикалық қауымдастықта (NACE) Экономикалық қызметтің статистикалық жіктелімінің құрылымында ешқандай өзгеріссіз түпнұсқалық мәтіні (4-қосымшада келтірілген).

17. Экономикалық операция – екі институционалдық бірліктің өзара келісім бойынша өзара ықпалдасуының экономикалық ағыны. Барлық секторлар экономикалық операциялармен өзара байланысты. Экономикалық операциялар мынадай үш түрге бөлінеді:

- **тауарлармен және қызметтермен жасалатын операциялар** секторлардың өндіріс, тұтыну, инвестициялар, экспорт пен импорт процестеріндегі қозғалысын тіркейді;
- **болу операциялары** табыспен жасалатын операциялар, яғни енбек-акы, пайда, пайыз, барлық трансфертер (салықтар, әлеуметтік төлемдер);
- **қаржы операциялары:** кредит алу, оларды өтеу, бағалы қағаз сатып алу мен сату, сондай-ақ басқа қаржы құралдарымен жасалатын операциялар.

Көптеген операцияларда бір тарап екінші тарапка тауар, қызмет, акша береді, ал орнына өтемақы алады. Өтемақысы бар осындай операциялар **тауар айналымын құрайды**.

18. Трансферт – бір институционалдық бірлік екінші институционалдық бірлікке тауарды, қызметті, ақшаны орнына ешқандай балама, яғни өтемақы алмай, тегін беретін экономикалық операция. Трансферт табиги және ақшалай нысанда беріледі. Мысалы, фирма өз өнімінің бөлігін қайырымдылық көмек ретінде береді немесе асыраушысынан айырылғандарды әлеуметтік жағынан қамтамасыз етеді. Трансферттер ағымдағы, әлеуметтік және құрделі деп атаптатын үш топқа бөлінеді.

Ағымдағы трансферттерге:

- табысқа, байлыққа салынатын ағымдағы салық (үй шаруашылықтары мен кәсіпорындар ұдайы төлейтін);
- сактандыру төлемдері мен сактандыру өтемдері;

- ағымдағы халықаралық ынтымактастық, табиғи зілзалаардан кейін көрсетілетін жедел жәрдем;
- өсім, айыппұл;
- сот шығының төлеу;
- лотерея мен құмар ойын ойнағанда төленетін ұтыстар.

Әлеуметтік трансферртті мемлекеттік бірліктер үй шаруашылықтары мен коммерциялық емес ұйымдарға әлеуметтік жәрдемақы және жекелеген нарықтық емес тауарлар мен қызметтер түрінде береді.


Күрделі трансферртердің мынадай түрлері болады:

- мұрагерлікпен алу, сыйға тарту, меншік құқығын беру нәтижесінде негізгі капиталға салынатын салық;
- инвестициялық субсидия: негізгі капитал сатып алуға жұмсалатын бүкіл шығынды немесе оның бөлігін қаржыландыру;
- едәуір шығынды өтеу үшін; 2 және одан астам жыл бойы жинақталған көп шығынды өтеу үшін төленетін ірі ақшалай төлем;
- үй шаруашылықтарының, кәсіпорындардың мектеп, кітапхана, зертхана салуға жұмсалатын шығынды өтеу үшін көрсететін қомакты қемектері.

19. Таза салықтар. ҰШЖ-де таза салықтардың есебі салықтар мен субсидияның арасындағы айырма ретінде жүргізіледі.

20. Салықтар – институционалдық бірліктегі мемлекетке ақшалай немесе табиғи нысанда төлейтін міндettі өтөлмейтін төлемдер.

Салықтарды типтері мен құрамы бойынша жіктелуін қарастырайық (14.1-сурет).



14.1-сурет. ҰШЖ-де салықтар жіктелімі

Салыктар ағымдағы және күрделі деп аталатын екі түрге бөлінеді.

Салыктардың бірінші түрі – ағымдағы немесе ұдайы төленетін салыктар өндіріс пен импортқа салынатын салыктан және табыс пен байлыққа салынатын ағымдағы салыктардан қалыптасады. Ал өндіріс пен импортқа салынатын салыкка мына салыктар кіреді:

- *өнімге салынатын салық* – мемлекет әдетте резиденттер өндіретін, пайдаланатын, сататын немесе импорттайтын (экспорттайтын) тауардың немесе қызметтің бірлігі үшін салатын салық (қосылған құн салығы, акциздер, импорттық кеден баждары – импорт салығының ставкасын елдің тиісті заң шыгаратын органды тауардың кедендік маглұмдамасында белгіленген келісімшарттық құнының пайызында бекітеді);
- *өндіріс пен импортқа (экспортқа) салынатын басқа салыктар* тауарлардың, қызметтердің санымен немесе құнымен байланысты емес. Бұл өндіріс факторларына, яғни жұмыс күшине, табиғи ресурстарға, көлік құралдарына, меншікке салынатын салыктар. Импортқа салынатын салық – өнімге салынатын салық, бұған тауар нақты және кеден шекарасын кесіп экономикалық аумаққа келіп түскенде немесе резидент бірлікке қызметтерді бейрезидент бірлік көрсеткенде төленуі тиіс қосылған құнға салынатын салық кірмейді. Импортқа салынатын салыққа импорт (кеден) баждары, акциздер, импорттық және казынашылық монополиялардың пайдасы, айрықша қызметке салынатын салыктар, сыртқы операцияларға салынатын салыктар жатады. Импорттық монополиялардың пайдасы – кейбір тауарлар мен қызметтердің импортына монополияны жүзеге асыратын импорттық маркетингтік басқармалар мемлекеттік мемлекеттерге беретін пайда (бүркемелі салық ретінде қарастырылады). Казынашылық монополиялардың пайдасы – мемлекеттік экономика мен әлеуметтік саясаттың мұддесінде емес мемлекеттің кірісін артыру мақсатында басқа елдерде салық көп салынатын тауардың немесе қызметтің (темекі, мұнай өнімдері, тұз, карта ойнау – бүркемелі салық) белгіленген түрін өндіруге немесе сатуға жария монополия берілген мемлекеттік корпорациялардың, квазикорпорациялардың пайдасы. Айрықша қызметтерге салынатын салық – көлікке, байланыска, сактандыруға, жарнамаға, ойын-сауыкка, спорт шараларына салынатын салық. Сыртқы операцияларға салынатын салық – бұл шетел валютасын сатуға және сатып алуға, шетелге баруға, шетел инвестицияларына, ақша аударуға салынатын салық.

Экспортқа салынатын салық – тауарлар мен қызметтерге салынатын салық отандық тауарлар экономикалық аумақтан кеткенде немесе қызметтер бейрезиденттерге көрсетілгенде төленуі тиіс. Экспортқа салы-

натын салыққа экспорттың кеден баждары, экспорттың және қазынашылық монополиялардың пайдасы, көп валюта бағамдарының нәтижесі болып та-былатын салықтар жатады. Экспортка салынатын салықтар құрамы бойын-ша импортқа салынатын салықпен үйлеседі.

Табыс пен байлыққа салынатын салық – үй шаруашылықтары және корпорациялардың табысы мен байлығына, атап айтқанда: жеке табысқа; корпорациялардың табысына; лотеря мен құмар ойындағы ұтысқа; жер-ге; ғимараттарға, құрылыштарға, бағалы заттарға; ересек адамға немесе үй шаруашылығына салынатын жан басылық салық; аң аулау лицензиясына, балық аулауға, автокөлікті, кемені, ұшакты иеленуге немесе пайдалануға салынатын салық; елтаңба жиыны; үй шаруашылықтарымен және корпора-циялармен халықаралық операциялар жасауға салынатын салық.

Салықтың екінші типі – күрделі салықтар – меншікті мұрагерлікпен алушмен, негізгі капиталды сатып алушмен және сатушмен байланысты біржолғы салық.

Табыс пен байлыққа салынатын ағымдағы салық, күрделі салық қайта бөлінетін төлем болып табылады және ҰШЖ-де трансферт ретінде қарастырылады.

21. Субсидия – мемлекеттік бірліктер кәсіпорындарға беретін ағым-дағы өтелмейтін төлемдер. Субсидияны резидент өндірушілер алады, ол салықтың қарама-қарсы түріне жатады. Субсидияға:

- резиденттер экономикалық аумактың ішінде тауардың немесе қызметтің бірлігі үшін төлейтін өнім субсидиясы немесе тауардың, қызметтің бірлігінің бағасының белгіленген пайызы;
- өндіріске, еңбекақы мен жұмыс күшіне, өндіріс факторларын пайдалануға, коршаған органдың ластануын азайтуға берілетін басқа субсидия;
- өндіретін өнімнің сату бағасы өндірістің орташа шығынынан төмен белгілеу нәтижесінде төлем төлеп тұрақты шығынды өтейтін мемле-кеттік сауда ұйымдарына берілетін субсидия;
- экспортка берілетін субсидия – экспортталатын тауар экономикалық аумактың шекараасын кесіп өткенде немесе бейрезиденттерге қызмет көрсетілгенде өндіруші-резиденттерге төленетін төлем, сондай-ақ резиденттердің өнімін сатып алатын және бейрезиденттерге төмен бағаға сататын залалды мемлекеттік ұйымдарға төленетін төлем, көп валюталық бағамдарды қолдану нәтижесінде берілетін субсидия;
- импортка берілетін субсидия – импортталатын тауар экономикалық аумактың шекараасын кесіп өткенде немесе бейрезиденттер рези-денттерге қызмет көрсеткенде төленетін төлем; бейрезиденттердің өнімін сатып алғып, резиденттерге оны төмен бағаға сатып залал ше-гетін мемлекеттік кәсіпорындарға төленетін төлем; көп валюталық бағамды қолдану нәтижесінде төленетін субсидия жатады.

14.3. Ұлттық шоттар құрудың негізгі қағидалары

ҰШЖ – макроэкономиканың толық статистикалық үлгісі; экономикалық циклдің сандық сипаттамасы. Экономикалық операциялық ұлттық деңгейде келесі секторларға бөлінеді: қаржы емес корпорациялар; қаржы корпорациялары; мемлекеттік басқару органдары; үй шаруашылықтары; коммерциялық емес ұйымдар; үй шаруашылықтарына қызмет көрсетушілер; қалған әлем. Алты сектордың алғашқы бесеуі Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын ішкі отандық экономикаға жатады. Соңғы «қалған әлем» деп аталатын алтыншы сектор сыртқы болып табылады және ол осы ел мен бейрезиденттердің арасында жасалатын операцияларды көрсетеді. ҰШЖ мақсаты – елдің жалпы ішкі өнімінің, жалпы ұлттық табысының көлемін және олардың құрамдастарын санмен көрсету.

ҰШЖ құрудың негізгі қағидалары:

1. Ұлттық шот бухгалтерлік есеп қағидасы бойынша құрылады. Әрбір шот экономикалық циклдің белгіленген сатысын білдіреді, баланспен – екі жақты кестемен көрсетіледі. Осы кестеде операция екі рет, яғни бір рет өткен шотты «пайдалану» тарауында, екінші рет – келесі шоттың «ресурстар» тарауында тіркеледі, бұл операцияны бір шоттың дебетінде және басқа корреспондент-шотының кредитінде жазудың бухгалтерлік қағидасына сәйкес келеді.

Сол немесе басқа шоттың әрбір бабының басқа шотта корреспонденттік бабы болады, осының арқасында шоттарда көрсетілетін ақпараттың дұрыстығын қосымша бақылауды қамтамасыз етеді және шоттарды байланыстырады.

2. Шоттар Т тәріздес болады, екі бөліктен, яғни он жакта «Ресурстар», сол жақта – «Пайдалану» деп аталатын тараулар орналасады.

3. Ұлттық шот ұдайы өндірістік циклдің ретімен үйлесетін белгілі бір тәртіппен құрылады.

4. Шоттарда барлық экономикалық ағындар институционалдық бірліктердің қызметі сипатталатын баланс түрінде тіркеледі (көрсетіледі).

5. Қосарлы жазба қағидасына сәйкес операциялардың қорытындылары кесте-шоттың екі бөлігі, тараулары анықтама бойынша немесе тенгерілетін баптың көмегімен тенгеріледі. Зерттелетін процестердің нәтижелерінің сипаттамаларында әрбір шоттың тенгерілетін бабының дербес маңызы болады. Тенгерілетін бап шот ресурсы мен оны пайдалану көрсеткіштер сомаларының айырмасы ретінде есептеу арқылы анықталады. Тенгерілетін баптың алынған мөлшері келесі шоттың ресурстық бөлігіне ауыстырылады. Осының арқасында шоттар мен Ұлттық шот жүйесін құрудың ара-

сында өзара байланыстың болуы қамтамасыз етіледі. ҰШЖ тенгерілетін баптарының тізбесі төменде келтірілген:

Шоттың атаяу	Шоттың тенгерілетін бабы
1. Өндіріс шоты	Жалпы ішкі өнім
2. Табыс пайда болатын шот	Жалпы пайда (жалпы аралас табыстар)
3. Бастанкы табыс бөлінетін шот	Бастапкы табыстың сальдосы (жалпы ұлттық табыс)
4. Табыс екінші рет бөлінетін шот	Жалпы қолда бар табыс
5. Қолда бар табысты пайдалану шоты	Жалпы жинақ ақша
6. Капиталмен жасалатын операциялар шоты	Таза кредиттеу (таза карыз алу)

ҰШЖ-де шоттар келесі топтарға бөлінеді:

- экономика секторларының;
- экономика салаларының;
- жекелеген экономикалық операциялардың;
- жалпы экономиканың – біріктірілген шоттар.

Экономика секторларының шоттары, ағымдағы нарықтық бағаларда әзірленеді және мынадай шоттарға бөлінеді:

1. Ағымдағы шоттар: «өндіріс шоты», «табыс пайда болатын шот», «бастанкы табыс бөлінетін шот», «табыс қайталама бөлінетін шот», «табиғи нысандағы табыс қайта бөлінетін шот», «табысты пайдалану шоты», «нақтыланған қолда бар табысты пайдалану шоты».

2. Қорлану шоты: «капиталмен жасалатын операциялар шоты», «каржы шоты», «актив пен пассивтегі өзге өзгерістер шоты», «қайта бағалау шоты».

3. Активтер мен пассивтердің кезеңдерінің басы мен сонындағы баланстары («Ұлттық байлық статистикасы» тарауында қарастырылады).

Экономика салалары үшін «өндіріс шоты», «табыс пайда болатын шот» деп аталатын екі шот қана құрылады.

Жекелеген экономикалық операциялар шоты – бұл «тауарлар мен қызметтер шоты», «қалған әлем шоты».

Жалпы экономикага арналған Ұлттық Шот Жүйесіне (біріктірілген шоттар) келесі шоттар кіреді:

I. Ишкі экономика шоттары:

- 1.1. Ағымдағы шоттар.
- 1.2. Қорлану шоттары.

II. Сыртқы экономикалық операциялар шоттары («қалған әлем» шоттары).

Барлық шоттар жүйені құрайды, өйткені олар, біріншіден, олар бір-бірімен өзара байланысты, екіншіден, бір мақсатқа бағдарланған, үшіншіден, бірыңғай әдістемелік қағидаға негізделген, төртіншіден, онда бірыңғай

әдістемелік негіз бойынша есептелген өзара байланысты көрсеткіштер жүйесі жасалған.

Шоттардың қысқаша сипаттамасы. ҰШЖ тауарлардың, қызметтердің күннен ұдайы өндіріс циклінің барлық сатылары арқылы жаппай қозғалысын көрсетеді.

1. *Ағымдағы шоттар. Өндіріс шотында кәсіпорындардың өндіріс, яғни бүкіл тауарды, қызметтерді шығару және оларды өндіруге жұмсалған шығын – аралық тұтыну нәтижелері жөніндегі операциялары көрсетіледі.*

2. *Табыс пайда болатын шотта жалпы косылған күннен табысты бастанапқы бөлу сатысында қозғалысын, оның жалдамалы қызметкерлерге еңбекакы төлеуге бөлуді, мемлекеттің табысын – салыктарға, кәсіпкерлердің табысын пайдаға бөлінуін көрсетеді.*

3. *Бастапқы табыс бөлінетін шотта косылған күннен бір өндіруші секторында құрылған факторлық табыс (еңбекакы, пайда, арасы табыс, пайыздар, дивидендтер, рента, инвестициялық табыс) басқа алушы-факторларға қалай түсестін тіркеледі. Осы шоттың ерекшелігі: табыс пен меншікке салынатын салық бастанапқы табыс емес қайта бөлінетін төлем ретінде қарастырылады; еңбектің төлемі қазақстандық азаматтардың шетелдегі қызметтін еңбекакысынан шетелдік-бейрезидент азаматтарға берілген еңбекакы шегерілген түсімі көрсетіледі. Және, әрине, табыс пайда болатын шотта және табысты бастанапқы бөлу шотында ескерілген еңбекакы ағындары сәйкес келмеуі мүмкін. Нәтижесінде жекелеген секторлар деңгейіндегі бастанапқы табыстың жалпы шамасы «бастанапқы табыс сальдосы», ал экономика деңгейінде – ұлттық табыс деп аталады.*

4. *Табыс қайталаған бөлінетін шотта алынған табыс экономика секторларының арасында бөлінеді: үй шаруашылықтары табыс салығы мен әлеуметтік сактандыруға аударым төлейді, коммерциялық емес ұйымдарға ерікті жарна енгізеді, және әлеуметтік төлемдер, әлеуметтік сактандыру жөніндегі жәрдемакы, зейнетакы және т.б. алады; қаржылық емес корпорациялар кіріс салығын төлейді және коммерциялық емес ұйымдарға жарна енгізеді.*

5. *Табиги нысандагы табыс қайта бөлінетін шотта бастанапқы табыстың ағымдағы трансферттер сияқты қайта бөлінетін төлемдердің көмегімен қайта бөлінуі көрсетіледі. Отандық секторлар шетелге төлеген ағымдағы трансферттер шегерілген ішкі экономиканың секторлары шетелден алған ағымдағы трансферттердің салдьдосы жалпы ұлттық табыспен бірге жалпы ұлттық колда бар табысты құрайды, оның көлемі осы шоттың тенгерілетін бабы болып табылады.*

6. *Табысты пайдалану шотында жалпы ұлттық колда бар табыс түпкілікті ұлттық тұтыну мен жалпы ұлттық жинақ ақшаға пайдаланылатыны көрсетіледі.*

7. Қорлану шоты. *Капиталмен жасалатын операциялар* шоты негізгі және айналым капиталын, құндылықтарды, материалдық емес және қаржы активтерін жинақтау процесін, сондай-ақ күрделі шығынды қаржыландыру көздерін сипаттауға арналған.

8. Қаржы шоты соңғы шот болып табылады, осы шотта мекемелік бірліктердің қаржы активтерін сатып алumen және қаржы міндеттемелерін қабылдауымен байланысты операциялары көрсетіледі. Қаржы шоты мен шікті ресурстарының тапшылығы пайда болған секторлар қаржы міндеттемелерін қабылдап немесе сол активтерді азайтып қажетті қаржы ресурстарын алатыны және меншікті қаржы ресурстары артық секторлар сиякты қаржы активтерін сатып алғып немесе өзінің міндеттемелерін азайтып оларға иелік ететіні көрсетіледі.

9. *Активтер мен пассивтер балансы*. Активтер мен пассивтердегі өзге өзгерістер шотында активтер мен пассивтердің құнының табиғи зілзала, соғыстың салдарынан өзгеруі сипатталады.

10. *Қайта бағалау шотында қаржылық* және қаржылық емес активтер мен пассивтердің иелеріне есепті кезеңде есептелеңтін он немесе теріс холдингтік пайда ескеріледі.

11. *Жекелеген экономикалық операциялар шоты*. Тауарлар мен қызметтер шотында экономика бойынша тауарлар мен қызметтердің (шығару мен импорты) жалпы ресурстары, сондай-ақ осы ресурстарды пайдалану бағыттары сипатталады. Осы шот анықтама бойынша тенгеріледі және оның қалдығы болмайды.

Калған әлемнің шоттарына сыртқы экономикалық байланыстар шоты, капиталмен жасалатын шот және қаржылық шот кіреді.

12. *Сыртқы экономикалық байланыстар шотында* ел экономикасының шет елдердің экономикаларымен байланысы көрсетіледі. Байланыс сыртқы экономикалық қызмет, яғни тауарлар мен қызметтердің, интеллектуалдық меншіктің экспорты мен импорты, халықаралық коопeração, бірлескен кәсіпкерлік қызмет, жұмыс күшінің трансшекаралық қозғалысы, шетелдік және отандық инвестициялар, сыртқы экономикалық көлік, сактандыру, есеп айырысу, кредит операциялары нысанында болады.

13. *Капиталмен жасалатын операциялар шотында* негізгі және айналым капиталымен, материалдық емес активтермен жасалатын сыртқы экономикалық байланыстар тіркеледі.

14. *Қаржылық есепшотына* бейрезиденттермен өзара қарым-қатынастарда қаржылық құралдармен жасалатын операциялар кіреді.

Жүйе осы жылғы жұмыстың және өндірістің және тауарлар мен қызметтерді пайдаланудың салааралық балансының нәтижесінде ұлттық байлықтың соңғы өзгерісін көрсететін баланстық кесте құрумен аяқталады.

Студенттерге жалпы экономика мен ішкі экономиканың әрбір секторына арналған баланс-шоттың схемасын игеру, сондай-ақ оны сандармен толтырып, теңгерілетін бапты анықтауды үйрену ұсынылады. Есептердің шарттарында КР Статистика агенттігі әзірлеген шоттардың деректері пайдаланылған. Әрбір есепте шоттың схемасы көлтірілген, схеманың ішінде теңгерілетін бапты есептеу әдістемесі берілген. ҰШЖ-де әрбір теңгерілетін бап жалпы және таза негізде анықталады. Егер негізгі капиталды тұтыну жөніндегі деректер болса, онда алынған теңгерілетін бап жалпы деп аталады. Егер негізгі капиталды тұтыну жөніндегі деректер болмаса, онда теңгерілетін бап *таза* деп аталады. 1–15-есептерді шешкендे откен шоттардың есептерін осы шоттың алынған теңгерілетін бабын келесі шоттың ресурстық бөлігіне ауыстырып (жазып) ескеру қажет. Содан кейін «Өндіріс нәтижелерінің макроэкономикалық көрсеткіштері» деп аталатын тақырыпты зерттегендеге 18,3-параграфта осы тарауда алынған нәтижелерді 7-17-есептерде көрсеткіштерді есептеумен салыстыру (18.5.1-параграфта) қажет.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Әлеуметтік-экономикалық статистика нені зерттейді?
2. Әлеуметтік-экономикалық статистиканың көрсеткіштер жүйесін сипаттаңыз.
3. Ішкі экономиканың әрбір секторының субъектілері мен функцияларын атаңыз.
4. Резидент, институционалдық бірлік, осы елдің экономикалық аумағы деген ұғымдарға аныктама берініз.
5. ҰШЖ-де экономикалық операцияларды топтастыруды сипаттаңыз.
6. Трансфертке аныктама берініз. ҰШЖ-де трансфертердің топтарын сипаттаңыз.
7. ҰШЖ-де салықтар қалай сыйыпталады?
8. Салықтардың, субсидияның қандай түрлері трансфертке жатады?
9. ҰШЖ-де таза салық қалай есептеледі?
10. Үлттық шоттар жүйесін құрудың қандай негізгі қагидаларын билесіз?
11. Өндіріс шотының теңгерілетін бабын атаңыз.



Ұсынылатын әдебиет

- Голуб Л.А. Социально-экономическая статистика. – М.: ВЛАДОС ИМПЭ им. А.С. Грибоедова, 2003.
- Методологические положения по статистике. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2005.
- Салин В.Н., Медведев В.Г., Кудряшова С.И., Шваковская Е.П. Макроэкономическая статистика: Учебное пособие. – М.: Дело, 2000.
- Система национальных счетов – инструмент макроэкономического анализа: Учебное пособие / Под ред. Ю.Н. Иванова. – М: Финстатинформ, 1996.
- Шокаманов Ю., Баймөлдаева К. Статистика рыночной экономики. – Алматы, 1997.
- Экономическая статистика: Учебник / Под ред. Ю.Н. Иванова. – М.: ИНФРА-М, 1999.
- Национальные счета Республики Казахстан (статистический сборник). 1999–2003. – Алматы: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2005.

14.4. Практикум

14.4.1 Ізденуге арналған сұрақтар

- Әлеуметтік-экономикалық статистиканың экономикалық теориямен және басқа ғылымдармен байланысы неден байқалады?
- Статистикалық көрсеткіштер жүйесінің рөлі мен маңызы неде?
- Әлеуметтік-экономикалық статистиканы зерттеуде қандай міндет қойылады?
- Ұлттық Шоттар Жүйесінің маңызы қандай?
- ҰШЖ әдістемесі бойынша өндіріс шекарасына қызметтің қандай түрлері кіреді?
- Әрбір ұлттық шоттың тағайындалуын, мазмұнын сипаттаңыз:
 - өндіріс шотының;
 - табыс пайда болатын шоттың;
 - табысты бастапқы бөлу шотының;
 - табысты қайталама бөлу шотының;
 - табысты пайдалану шотының;
 - капиталмен жасалатын операциялар шотының;
 - тауар мен қызметтер шотының.
- Төмендегі ақпаратты пайдалана отырып тауарлар мен қызметтердің құнын анықтаңыз (мын тенге):
 - статистикалық есептілікте ескеріліп көрсетілген тауарлар мен қызметтер өндірісі – 200;

- тауарлар мен қызметтерді өндіруге занды құқығы жок өндірушілердің өндіруі – 60;
- салық салудан жалтару максатында есептіліктегі көрсетілмеген тауар мен қызмет өндіру – 80;
- тыйым салынған тауар мен қызмет өндіру – 120;

14.4.2. Типтік есептерді шешу мысалдары

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы экономикалық қызмет нәтижелерінің (млрд теңге) келесі деректерінің негізінде екі шот құрылған мысалын келтіреміз. Кесте-шарттарда келтірілген ҰШЖ макроэкономикалық көрсеткіштерінің ұғымы, оларды есептеу әдістемесі 17, 18-тақырыптарда баяндалған.

1. Шығарылған өнім негізгі бағаларда	4133
2. Арапық тұтыну	2230
3. Өнім мен импортқа салынатын салық	119
4. Өнім мен импортқа демеукаржы	6
5. Еңбекті төлеу	718
6. Өндіріс пен импортқа салынатын салық	174
7. Өндіріс пен импортқа демеукаржы	6
8. Негізгі капиталды тұтыну	287

1 - м ы с а л . ҚР экономикасының 1999 жылғы деректерінің негізінде:

1. Өндіріс шотын құрып, оны толтырыңыз.
2. Шоттың тенгерілетін бабын анықтаңыз:
 - a) жалпы ішкі өнім;
 - ә) таза ішкі өнім.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы өндіріс шоты

Пайдалану	млрд теңге	Ресурстар	млрд теңге
1.1. Арапық тұтыну			
1.2. Жалпы ішкі өнім нарықтық бағамен (2.1.+2.2.–2.3.–1.1., яғни 4133+119–6–2230)	2230	2.1. Өнім шығару нарықтық бағамен *	4133
1.3. Негізгі капиталды тұтыну		2.2. Өнімге салынатын салық	119
1.4. Таза ішкі өнім нарықтық бағамен (1.2.– 1.3. яғни 2016–287)	2016 287 1729	2.3. Өнімге берілетін демеукаржы (минус)	6

* Бағалардың сипаттамасы 19-тақырыпта берілген

Өндіріс шотының тенгерілетін бабы:

- а) жалпы негізделіп есептелген – «жалпы ішкі өнім» – 2016 млрд теңгеге тең;
- ә) таза негізделіп есептелген – «таза ішкі өнім» – 1729 млрд теңгеге тең.

2 - м ы с а л. КР экономикасының 1999 жылғы деректерінің негізінде:

1. КР табыс пайда боалтын шотты құрып, оны толтырыңыз.
2. Табыс пайда болатын шоттың тенгерілетін бабын есептеніз:
 - a) жалпы пайда (жалпы аралас табыс);
 - ә) таза пайда (таза аралас табыс).

Осы шотты толтырганда «өндіріс шотының» тенгерілетін бабын «табыс пайда болатын шоттың» ресурстық бөлігіне жазу қажет.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы табыс пайда болатын шоты

Пайдалану	млрд теңге	Ресурстар	млрд теңге
1.1. Барлық сектордагы жалдамалы қызмет-керлерге енбекақы төлеу	718	2.1. Жалпы ішкі өнім нарыктық бағамен	2016
1.2. Өндіріс пен импортқа салынатын салық: оның ішінде:	174		
өнімге салынатын салық	119		
өндіріске салынатын басқа салық	55		
1.3. Өндіріс пен импортқа берілетін субсидия: оның ішінде:	6		
өнімге берілетін демеуқаржы	6		
өндіріске берілетін басқа демеуқаржы	-		
1.4. Жалпы пайда (жалпы аралас табыс)	1130		
(2.1.–1.1.–1.2.+1.3., яғни 2016 – 718–174+6)			
1.5. Негізгі капиталды тұтыну	287		
1.6. Таза пайда (таза аралас табыс)			
(1.4.–1.5., яғни 1130–287)	843		

«Табыс пайда болатын шоттың» тенгерілетін бабы:

- а) жалпы негізде есептелген – «жалпы пайда, жалпы аралас табыс» – 1130 млрд тенге тең;
- ә) таза негізде есептелген – «таза пайда, таза аралас табыс» – 843 млрд тенге тең.

Алғынған «жалпы пайда» тенгерілген бап келесі «бастапқы табысты бөлу шотының» ресурстық бөлігіне жазылады (аудыстырылады).

14.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

14.5.1. Ұлттық шоттар жүйесін құруға арналған есептер.

1 - е с е п. 5-көсімшада көлтірілген деректердің негізінде КР экономикасының әрбір жылы бойынша:

1. Өндіріс шотын құрып, оны толтырыңыз.
2. Шоттың тенгерілетін бабын анықтаңыз:
 - a) жалпы ішкі өнім;
 - ә) таза ішкі өнім.
3. Қосылған құнның мөлшері неге тең?
 - a) жалпы;
 - ә) таза.

ҚР өндіріс шоттары

Пайдалану	Ресурстар
1.1. Арапал тұтыну	2.1. Өнім шыгару негізгі бағада
1.2. Жалпы ішкі өнім нарықтық бағамен (2.1.+2.2.– 2.3.–1.1.)	2.2. Өнімге салынатын салық
1.3. Негізгі капиталды тұтыну	2.3. Өнімге берілетін субсидия
1.4. Таза ішкі өнім нарықтық бағамен (1.2.–1.3.)	

2-есеп. 5-косымшада келтірілген деректердің негізінде әрбір жыл бойынша:

1. ҚР табыс пайда болатын шотты құрып, оны толтырыңыз.
2. Табыс пайда болатын шоттың тәңгерілетін бабын есептеніз:
 - a) жалпы пайданы (жалпы аралас табысты);
 - ә) таза пайданы (таза аралас табысты).

ҚР табыс пайда болатын шот

Пайдалану	Ресурстар
1.1. Барлық секторлардың жалдамалы қызметкерлеріне еңбекакы төлеу	2.1. Жалпы ішкі өнім нарықтық бағамен
1.2. Өндіріс пен импортқа салынатын салық оның ішінде: өнімге салынатын салық өндіріске салынатын басқа салық	
1.3. Өндіріс пен импортқа берілетін субсидия оның ішінде: өнімге арналған субсидия өндіріске арналған басқа субсидия	
1.4. Жалпы пайда (жалпы аралас табыс) (2.1.–1.1.–1.2.+1.3.)	
1.5. Негізгі капиталды тұтыну Таза пайда (таза аралас табыс) (1.4.–1.5.)	

3-есеп. 5-косымшада келтірілген деректердің негізінде әрбір жыл бойынша:

1. ҚР табысты бастанкы бөлу шотын құрып, оны толтырыңыз.
2. Табысты бастанкы бөлу шотының тәңгерілетін бабын есептеніз:
 - a) бастанкы табыстың жалпы сальдосын (жалпы ұлттық табысты);
 - ә) бастанкы табыстың таза сальдосы (таза ұлттық табысты).

ҚР бастанкы табысты бөлу сальдосы

Пайдалану	Ресурстар
1.1. Берілген меншіктен алынған табыс	2.1. Жалпы пайда және жалпы аралас табыс
1.2. Бастанкы табыстың жалпы сальдосы (2.1.+2.2.+2.3.–2.4.+2.5.–1.1.)	2.2. Жалдамалы қызметкерлерге еңбекакы төлеу
1.2. Негізгі капиталды тұтыну	2.3. Өндіріс пен импортқа салынатын салық
1.3. Бастанкы табыстың таза сальдосы (1.2.–1.3.)	2.4. Өндіріс пен импортқа арналған суб- сидия
	2.5. Алынған меншіктен түскен табыс

4 - е с е п. 5-көсімшада келтірілген деректердің негізінде әрбір жыл бойынша:

1. ҚР табысты қайталама бөлу шотын құрып, оны толтырыңыз.
2. Табысты қайталама бөлу шотының тенгерілетін бабын есептеніз:
 - а) колда бар жалпы табысты;
 - ә) колда бар таза табысты.

ҚР табысты қайталама бөлу шоты

Пайдалану	Ресурстар
1.1. «Қалған әлемге» берілген ағымдағы трансфертер	2.1. Бастапқы табыстың жалпы сальdosы
1.2. Колда бар жалпы табыс (2.1.+2.2.-1.1.)	2.2. «Қалған әлемнен» алғынған трансфертер
1.3. Негізгі капиталды тұтыну	
1.4. Колда бар таза табыс (1.2.-1.3.)	

5 - е с е п. 5-көсімшада келтірілген деректердің негізінде әрбір жыл бойынша:

1. ҚР қолда бар табысты пайдалану шотын құрып, оны толтырыңыз.
2. Қолда бар табысты пайдалану шотын тенгерілетін бабын есептеніз:
 - а) жалпы жинақ ақшанды;
 - ә) таза жинақ ақшанды.

ҚР қолда бар табысты пайдалану шоты

Пайдалану	Ресурстар
1.1. Түпкілкіті пайдалануға жұмысалатын шығын, жиыны оның ішінде: үй шаруашылықтарының мемлекеттік басқару органдарының үй шаруашылықтарына қызмет корсететін коммерциялық емес органдардың	2.1. Колда бар жалпы табыс
1.2. Жалпы жинақ ақша (2.1.-1.1.)	
1.3. Негізгі капиталды тұтыну	
1.4. Таза жинақ ақша (1.2.-1.3.)	

6 - е с е п. 5-көсімшада келтірілген деректердің негізінде әрбір жыл бойынша:

1. ҚР капиталмен жасалатын операциялар шотын құрып, оны толтырыңыз.
2. Капиталмен жасалатын операциялар – таза кредиттеу (таза қарыз алу) шотының тенгерілетін бабын есептеніз;
3. Ағымдағы операциялар мен күрделі трансфертер нәтижесінде меншікті капиталдың таза құнының өзгерген мөлшерін анықтаңыз.*

ҚР капиталмен жасалатын операциялар шоты

Пайдалану	Ресурстар
1.1. Негізгі капиталды жалпы жинақтау	2.1. Жалпы жинақ ақша
1.2. Материалдық айналым қаржаттың запасының өзгерүі	2.2. «Қалған әлемнен» алғынған күрделі трансфертер
1.3. Құндылықтарды, өндірілмеген қаржылық емес активтерді таза сатып алу	2.3. «Қалған әлемге» берілген күрделі трансфертер
1.4. Негізгі капиталды тұтыну	
1.5. Таза кредиттеу (+) таза қарыз алу (-) (2.1.+2.2.-2.3.-1.1.-1.2.-1.3.-1.4.)	

*6-есептің 3-тармагы бойынша түсініктеме:

Ағымдағы операциялар мен күрделі трансфертердің нәтижесінде таза құнның өзгеруі «қалған әлемнің» ағымдағы операцияларының сальdosына күрделі трансфертердің сальdosын қосу арқылы альнаады (альнан минус берілген). Ағымдағы операциялардың сальdosы – бұл бастанқы табыс пен ағымдағы трансфертердің сыртқы экономикалық шотының теңгерілетін бабы. Оның мөлшері белгілі болса, онда қалған әлемнің сальdosының магынасы оң, ал егер «-» болса, бұл жағдайда теріс магына альнаады.

7-есеп. 5-қосымша мен әрбір жылдың бұрынғы шоттарының деректері бойынша: КР тауарлар мен қызметтерінің шотын құрып, оны толтырыңыз.

КР тауарлар мен қызметтер шоты

Пайдалану	Ресурстар
1.1. Аралық тұтыну	2.1. Негізгі бағада шығару
1.2. Тұрғындағы жұмысалатын шығыс	2.2. Тауарлар мен қызметтер импорты
1.3. Капиталдың жалпы жинақтау	2.3. Өнімге салынатын салык
1.4. Тауарлар мен қызметтердің экспорты	2.4. Өнімге арналған субсидия (-)
1.5. Статистикалық алшактық (+)	Ресурстардың жиыны:
Пайдаланылған жиын:	

8-есеп. 5-қосымшаның әрбір жылдың деректеріне сәйкес КР экономикасының секторлары бойынша:

- Экономика секторлары бойынша тауарлар мен қызметтерді өндіру шотын құрып, оны толтырыңыз.
- Экономиканың әрбір секторы бойынша өндіріс шотының теңгерілетін бабын анықтаңыз:
 - жалпы қосылған құн;
 - таза қосылған құн.
- КР экономика секторлары бойынша жалпы қосылған құнның құрылымын есептеңіз.

КР экономика секторлары бойынша өндіріс шоты

Көрсеткіш	Каржылық емес корпо- рациялар	Каржылық корпорация- лар	Мемлекеттік басқару органдары	Үй шаруашы- лықтарына қызмет	Көрсететін коммер- циялық емес ұйымдар	Үй шаруа- шылдықтары	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	
Ресурстар							
1.1. Негізгі бағада шығару							
Пайдалану							
2.1. Аралық тұтыну							
2.2. Жалпы қосылған құн (1.1.-2.1.)							
2.3. Негізгі капиталды тұтыну							
2.4. Таза қосылған құн (2.2.-2.3.)							

9 - е с е п. 6-қосымшаның әрбір жылшының деректері бойынша:

1. ҚР экономикасының әрбір секторы бойынша табыс пайда болатын шоттың күрып, оны толтырыңыз.
2. ҚР экономикасының әрбір секторы бойынша табыс пайда болатын шоттың тенгерілетін бабын анықтаңыз:
 - а) жалпы пайда (жалпы аралас табыстар);
 - ә) таза пайда (таза аралас табыстар).
3. Экономиканың секторлары бойынша жалпы пайданын (жалпы аралас табыстардың) күрылымын есептеңіз. Экономикалық корытынды жасаңыз.

ҚР экономикасының секторлары бойынша табыс пайда болатын шоттар

Көрсеткіш	Каржылық өмес корпорациялар	Каржылық корпорациялар	Мемлекеттік басқару органдары	Үй шаруашылтықтарына қызмет көрсететін коммерциялық сәмес үйміндар	Үй шаруашылтықтары	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7
Ресурстар						
1.1. Жалпы қосылған құн						
Пайдалану						
2.1. Еңбекақы төлеу						
2.2. Өндіріске салынатын басқа салықтар						
2.3. Өндіріске арналған басқа субсидия						
2.4. Жалпы пайда және жалпы аралас табыстар						
2.5. Негізгі капиталды тұтыну						
2.6. Таза пайда және таза аралас табыстар						

10 - е с е п. 6-қосымшаның әрбір жылшының деректері бойынша:

1. ҚР экономикасының әрбір секторы бойынша бастапқы табысты бөлу шотының күрып, оны толтырыңыз.
2. ҚР экономикасының әрбір секторы бойынша бастапқы табысты бөлу шотының тенгерілетін бабын анықтаңыз:
 - а) бастапқы табыстың жалпы сальдосын (жалпы ұлттық табыс);
 - ә) бастапқы табыстың таза сальдосын.
3. ҚР экономикасының секторлары бойынша бастапқы табысының жалпы сальдосының күрылымын есептеңіз. Экономикалық корытынды жасаңыз.

КР экономикасының секторлары бойынша бастанкы табысты болу шоты

Көрсеткіш	Каржылық емес корпорациялар	Каржылық корпорациялар	Мемлекеттік баскару органдары	Үй шаруашылықтарына қызмет көрсеттегендегі коммерциялық емес үйлімдар	Үй шаруашылықтары	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7
Ресурстар						
1.1. Жалпы пайда және жалпы аралас табыс 1.2. Енбекакы төлеу 1.3. Өндіріс пен импортқа салынатын салық 1.4. Өндіріс пен импортқа арналған демеу-каржы 1.5. Меншіктен алынатын табыс						
Пайдалану						
2.1. Меншіктен алынатын табыс берілген 2.2. Бастанкы табыстың жалпы сальдосы 2.3. Негізгі капиталды тұтыну 2.4. Бастанкы табыстың таза сальдосы						

11-есеп. 6-көсімшаның әрбір жылшының деректері бойынша:

- КР экономикасының әрбір секторы бойынша табысты қайталама болу шотын құрып, оны толтырыңыз.
- КР экономикасының әрбір секторы бойынша табысты қайталама болу шотының теңгерилетін бабын анықтанды:
 - колда бар жалпы табысты;
 - ә) колда бар таза табысты.
- КР экономикасының секторлары бойынша колда бар жалпы табыстының құрылымын есептөңіз. Экономикалық қорытынды жасаңыз.

КР экономикасының секторлары бойынша табысты қайталама болу шоты

Көрсеткіш	Каржылық емес корпорациялар	Каржылық корпорациялар	Мемлекеттік баскару органдары	Үй шаруашылықтарына қызмет көрсеттегендегі коммерциялық емес үйлімдар	Үй шаруашылықтары	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7
Ресурстар						
1.1. Бастанкы табыстың жалпы сальдосы 1.2. Ағымдағы трансфертер алғынған						
Пайдалану						
2.1. Ағымдағы трансфертер алғынған 2.2. Колда бар жалпы табыс 2.3. Негізгі капиталды тұтыну 2.4. Колда бар таза табыс						

12 - е с е п. 6-көсімшаның әрбір жылшының деректері бойынша:

- КР экономикасының әрбір секторы бойынша колда бар табысты пайдалану шотын құрып, оны толтырыңыз.
- КР экономикасының әрбір секторы бойынша колда бар табысты пайдалану шотының тенгерілетін бабын анықтаңыз:

 - жалпы жинақ ақша;
 - таза жинақ ақша.

- КР экономикасының секторлары бойынша жалпы жинақ ақшандың құрылымын есептеңіз. Экономикалық қорытынды жасаңыз.

**КР экономикасының секторлары бойынша
колда бар табысты пайдалану шоты**

Көрсеткіш		Каржылық емес корпорациялар	Каржылық корпорациялар	Мемлекеттік басқару органдары	Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес үйымдар	Үй шаруашылықтары	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	
Ресурстар							
1.1. Қолда бар жалпы табыс							
Пайдалану							
2.1. Тұпкілікті тұтынуға жұмысалатын шығыс							
2.2. Жалпы жинақ ақша							
2.3. Негізгі капиталды тұтыну							
2.5. Таза жинақ ақша							

13 - е с е п. 6-көсімшаның әрбір жылшының деректері бойынша:

- КР экономикасының әрбір секторы бойынша табиғи нысандағы табыстықайта бөлу шотын құрып, оны толтырыңыз.
- КР экономикасының әрбір секторы бойынша табиғи нысандағы табыстықайта бөлу шотының тенгерілетін бабын анықтаңыз:

 - мемлекеттік басқару органдары;
 - үй шаруашылықтары;
 - үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес үйымдар.

КР экономикасының секторлары бойынша натуралды (заттай) нысандары табысты қайта бөлу шоты

Көрсеткіш		Каржылық емес корпорациялар	Каржылық корпорациялар	Мемлекеттік басқару органдары	Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес үйнімдар	Үй шаруашылықтары	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	
Ресурстар							
1.1. Қолда бар жалпы табыс							
1.2. Натуралды (заттай) нысандағы әлеуметтік трансфертер алынған (+)							
Пайдалану:							
Натуралды (заттай) нысандағы әлеуметтік трансфертер берілген (-)							
2.2. Нақтыланған қолда бар жалпы табыс							

14-есеп. 6-қосымшаның әрбір жылдының деректері бойынша:

1. КР экономикасының әрбір секторы бойынша нақтыланған қолда бар табысты пайдалану шотын құрып, оны толтырыныз.
 2. Иемденетін және нақтыланған қолда бар табысты пайдалану шоттарының арасындағы айырмашылық неде екенін түсіндіріңіз.
 3. Нактыланған қолда бар табысты пайдалану шотының тенгерілетін бабын есептеніз.

КР экономикасының секторлары бойынша нақтыланған колда бар табысты пайдалану шоты

Көрсеткүш	Каржылық емес корпорациялар	Каржылық корпорациялар	Мемлекеттік басқару органдары	Үй шаруашылыктарына қызмет көрсеттін коммерциялық емес үйлімдар	Үй шауда-шылықтары	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7
Ресурстар 1.1. Нактыланған қолда бар жалпы табыс						
Пайдалану 2.1. Накты түпкілікті тұтыну 2.2. Жалпы жинақ ақша 2.3. Негізгі капиталды тұтыну 2.4. Таза жинақ ақша						

15-есеп. 6-көсімшаның әрбір жылшының деректері бойынша:

- КР экономикасының әрбір секторы бойынша капиталмен жасалатын операциялар шотын құрып, оны толтырыңыз.
- КР экономикасының әрбір секторы бойынша капиталмен жасалатын операциялар – таза кредиттеу (таза қарыз алу) шотының теңгерілетін бабын анықтаңыз.
- КР экономикасының секторлары бойынша таза кредиттеу құрылымын анықтаңыз. Экономикалық корытынды жасаңыз.

Экономика секторлары бойынша капиталмен жасалатын операциялар шоты

Көрсеткіш	Каржылық емес корпорациялар	Каржылық корпорациялар	Мемлекеттік басқару органдары	Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес үймдар	Үй шаруашылықтары	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7
1. Меншік капиталдың пассиві мен таза құнындағы өзгерістер						
1.1. Таза жинақ акша						
1.2. Құрделі трансфертер алынған (+)						
1.3. Құрделі трансфертер берілген (-)						
2. Активтегі өзгерістер						
2.1. Негізгі капиталды жалпы жинақтау						
2.2. Негізгі капиталды тұтыну						
2.3. Материалдық айналым каражаты запастарының өзгеруі						
2.4. Құндылыктарды, өндірілмеген каржылық емес активтерді таза сатып алу						
2.5. Таза кредиттеу (таза қарыз алу)						

14.5.2. Тест тапсырмалары

- Әлеуметтік-экономикалық статистика нені зерттейді:
 - сапасы белгілі, жаппай әлеуметтік-экономикалық процестер мен құбылыстарды сан жағынан;
 - банктердің акша ұснысын;
 - каржы мекемелерінің өзара қарым-катанастарын;
 - мемлекеттік басқару органдарының өзара ықпалдасуын;
 - халықтың акшаға сұранысын.
- Әлеуметтік-экономикалық статистиканың әдістемесі неге негізделеді?
 - жоғары математикаға;

- 2) әлеуметтік-экономикалық өмірдің жеке-дара фактілеріне;
- 3) статистиканың жалпы теориясының, үлттық шот жүргізудің әдістеріне;
- 4) өзгермейтін белгілерге;
- 5) кәсіпорынның шаруашылық қызметіне.
- 3. Институционалдық бірлік деп не саналады?**
- 1) үй шаруашылығы;
 - 2) өндірістік бірлестіктің құрамындағы кәсіпорын;
 - 3) кәсіпорынның банктері өзінің есеп айрысу шоты жок филиалы;
 - 4) қаржы ресурстары;
 - 5) негізгі капитал.
- 4. Үлттық экономикаға не жатады?**
- 1) осы елдің ел экономикалық аумағы, сондай-ак одан тыскары орналасқан резиденттерінің де қызметі;
 - 2) осы елдің резиденттері мен бейрезиденттерінің қызметі;
 - 3) осы елдің бейрезиденттерінің ғана қызметі;
 - 4) осы елдің студенттері;
 - 5) осы елдің барлық адамдарының қызметі.
- 5. «Қаржылық емес корпорациялар секторына» не жатады?**
- 1) «Мерей» акционерлік коғамы;
 - 2) мешіт;
 - 3) ломбард;
 - 4) әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
 - 5) мениң отбасым.
- 6. Қурделі трансфертке не жатады?**
- 1) жалдамалы қызметкерлерге енбекақы төлеу;
 - 2) табыска салынатын салық;
 - 3) аралық тұтыну;
 - 4) табыс пен байлыққа салынатын салық;
 - 5) өндірілген актив.
- 7. ҚР резиденттеріне не жатады?**
- 1) ҚР шетелдегі дипломатиялық мекемелерінің мүшелері;
 - 2) ҚР аумағында орналасқан шетелдік дипломатиялық мекемелерінің мүшелері;
 - 3) ҚР аумағындағы шетелдік студенттер;
 - 4) осы елдің аумағындағы шет елдердің әскери бөлімшелері;
 - 5) Украинаның үй шаруашылықтары.
- 8. Қолда бар табысты пайдалану шотының ресурстық бөлігінде не жазылады?**
- 1) қосылған күн;

- 2) пайда;
- 3) аралас табыс;
- 4) қолда бар табыс;
- 5) амортизация.
- 9. Табысты қайталама бөлу шотының «пайдалану» белгінде не жазылады?**
- 1) күрделі трансферт;
 - 2) шығарылған өнім;
 - 3) қолда бар табыс;
 - 4) аралас табыс;
 - 5) ұлттық табыс.
- 10. Табыс пайда болатын шоттың ресурстық белгінде не жазылады?**
- 1) негізгі капиталды тұтыну;
 - 2) пайда;
 - 3) ішкі өнім;
 - 4) еңбекақы төлеу;
 - 5) аралас табыс.
- 11. Қолда бар табысты пайдалану шотының тенгерілетін бабы қайсы?**
- 1) пайда және аралас табыс;
 - 2) бастапқы табыстың сальdosы;
 - 3) косылған құн;
 - 4) өнім шығару;
 - 5) жинақ ақша.
- 12. Алынған және берілген ағымдағы трансфертер қай шотта көрсетіледі?**
- 1) табысты қайталама бөлу;
 - 2) табысты бастапқы бөлу;
 - 3) табыс пайда болатын;
 - 4) өндіріс;
 - 5) пайдалану.

15-ТАҚЫРЫП

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕҢБЕК СТАТИСТИКАСЫ

15.1. Халық статистикасы

15.1.1. Халық статистикасының негізгі ұғымдары

Халық – осы елдің аумағында тұратын адамдар. Санакта халықтың белгілі бір мерзімде қалыптасқан жағдай бойынша саны есептеледі. Статистикада жалпы халық пен оның жекелеген топтары (жұмыс істейтін, жұмыссыз, еңбекке жарамды, қаладағы, селодағы, ерлер, әйелдер және т.б.) халықты байқау объектісі болып табылады. Бақылау бірлігі – адам, отбасы, үй шаруашылығы.

Еңбекке жарамды жастағы халық – халықтың ақыл-оймен және күшімен еңбек етуге қабілетті бөлігі (КР еңбек заңнамасына сәйкес оған 16-63 жас аралығындағы ерлер, 16-58 жас аралығындағы әйелдер жатады).

Еңбекке қабілетті жастағы еңбекке жарамды халықтың саны еңбекке қабілетті жастағы халықтың санынан (тұрақты) әлеуметтік қорғау органдарында зейнетқы алатын, еңбекке жарамды жастағы жұмыс істемейтін I және II топтағы мүгедектердің санына және еңбекке қабілетті жастағы, женілдікпен жасы бойынша зейнетқы алатын жұмыс істемейтін зейнеткерлердің санынан аз.

Халық пен еңбек статистикасының міндеті мыналар болып табылады:

- Қазақстан Республикасы халқының саны туралы ақпарат жинау;
- халықтың құрамын жынысы, жасы, ұлты, өнірі, отбасы жағдайы, кәсіп түрі, күнкөріс көзі және т.б. белгілер бойынша зерттеу;
- халықтың табиғи қозғалысын зерттеу;
- халықтың көші-қон қозғалысын зерттеу;
- еңбек нарығын, жұмыс істеу мен жұмыссыздықты зерттеу;
- халықтың санын болжау.

Халық туралы акпарат көздеріне мыналар жатады:

1. Халық санағы – сыны уақыт сәтіне (2009 жылы – акпанның 24-нен 25 қараган 00 сағатта) қалыптасқан жағдай бойынша Қазақстан Республикасының әрбір азаматтын сипаттайтын демографиялық және әлеуметтік дерек жинау процесі. Қазақстан аумағында халық санағы 1897, 1920, 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989, 1999, 2009 жылдары жүргізілді.

2. Халық санағы арасындағы аралықтардағы ағымдағы есеп:

- халықтың табиғи қозғалысы (туу, өлім, некелесу, неке бұзу) азаматтық жағдай актілерін жазу нысанында;
- халықтың көшу-конуы келген, кеткен жерге статистикалық есепке алу талон түрінде жүргізіледі.

3. Іріктеме бақылауда халықтың әлеуметтік-демографиялық құрамы, Қазақстан Республикасы мен оның жекелеген өнірлерінде жұмыспен қамту туралы косымша мәлімет алу мақсаты қойылады.

4. Кәсіпорындардың еңбек бойынша статистикалық есептілігі – жұмыс істейтін халықтың еңбек қызметін сипаттайтын.

1999, 2009 жылдары жүргізілген халық санағының айта кетерлік ерекшелігі – осы санак кезінде үй шаруашылығына бақылау жүргізілгені. Үй шаруашылығы – бірге тұратын, өздерінің табыстары мен мұлқін біріктіретін (толыктай немесе ішінара), тұрғын үйді бірге пайдаланып, тамақ өнімдерін, қызметтерді бірлесіп тұтынатын адамдардың тобы.

Үй шаруашылығының отбасынан ерекшеліктері:

- міндетті тұрде туысуы емес адамдардың бірге тұруы және олардың ортақ шаруашылық жүргізуі;
- үй шаруашылығы өзін-өзі материалдық жағынан қамтамасыз ететін бір адамнан тұруы мүмкін.

Халықтың саны келесі категорияллар бойынша, яғни тұрғылықты халық, нақты халық және олармен тығыз байланысты – уақытша кеткендер және уақытша тұратын халық болып есептеледі.

Тұрақты халыққа (ТХ) санак жүргізілген сини уақыт сәтінде нақты тұратын жеріне қарамастан осы елді мекенде тұрақты тұратын (бір жыл және одан астам) адамдар (яғни уақытша болмағандарды және тұратын мерзімге қарамастан тұрақты жұмыс істегендерді немесе оқығандарды қоса алғанда) жатады. Әскерге шақырылған, түрмеде отырған адамдар тұратын жері бойынша саналмайды; олардың есебі сол жерде жүргізіледі.

Нақты халыққа (НХ) осы елді мекенде олардың тұрғылықты мекенине қарамастан нақты тұратын (тұрақты немесе уақытша) азаматтар жатады. Накты халыққа осы елді мекенде нақты болған адамдар жатады. Оларға сондай-ак санакка кірмейтін, яғни тұнгі ауысымдағы жұмысқа, туристік жолдамамен шет елге, аң аулауға кеткен немесе осы елді мекен шектерінде гі басқа пәтерге көшкен адамдар да жатады. Осы азаматтар тұрақты халық ретінде де есептеледі.

Уақытша кеткендер (УКетк) – осы елді мекеннін шектерінен бір жылдан аспайтын мерзімге уақытша кеткен тұрақты тұрғындар. Емханадағы, босанатын үйдегі адамдар тұрақты, алайда уақытша болмайтын халықтың құрамында есептеледі.

Уақытша келгендер (УКелг) – бұл осы елді мекенде уақытша (бір жылдан артық емес) тұратын накты тұрғындар.

Тұрақты және накты халық санының арасында мынадай өзара байланыстар бар:

$$TX = HX - UKelg. + UKetk.;$$

$$HX = TX + UKelg. - UKetk.$$

Статистика топтастыру әдісінің көмегімен халықтың құрамын жынысы, жасы, әлеуметтік жағдайы, отбасы жағдайы, үлтты, білім деңгейі, құнкөріс көзі, тұратын жері, өнірі, кәсіп түрі және т.б. көп белгілері бойынша сипаттайтыды.

Халық санының туу мен өлім болу себептерінен өзгеруі табиғи қозғалыс деп аталады. Халық санының халықтың Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға қоныстануы және Қазақстан Республикасынан және оның ішіндегі өнірлерден көшіп кетуі себептерінен өзгеруі қөші-қон қозғалысы деп аталады.

15.1.2. Халық статистикасының көрсеткіштері

Халықтың қозғалысының абсолюттік көрсеткіштері

1. N – туган балалардың саны;
2. M – өлген адамдардың саны;
3. m – ағымдағы (есепті) жылы I жасқа толмай шегінеген балалар саны;
4. $\Delta_{tab.} = N - M$ – халықтың табиғи өсімі.
5. B – некелесу саны.
6. P – бұзылған неке саны.
7. Π – Қазақстан Республикасына, оның ішкі өнірлеріне келгендердің саны.
8. B – Қазақстан Республикасынан, оның ішкі өнірлерінен кеткендердің саны.
9. $\Delta_{көші.} = \Pi - B$ – халықтың қөші-қон өсімі.
10. $\Pi + B$ – халықтың қөші-қон айналымы.
11. $\Delta_{жайл.} = \Delta_{tab.} + \Delta_{көші.} = S_k - S_n$ – халықтың жалпы өсімі.
12. $S_k - S_n$ – халықтың кезеңнің басындағы, сонындағы саны.
13. Кезеңнің сонындағы халықтың саны баланстық әдіспен халықтың табиғи және қөші-қон қозғалысы жөніндегі деректерді пайдалануда анықталады, яғни $S_k = S_n + N - M + \Pi - B$.

Халықтың қозғалысының көзінің көрсеткіштері

1. Халықтың құрылымының көрсеткіштері. Мысалы, халықтың жалпы санының ішіндегі халықтың жекелеген жас тобының өзіндік салмағы немесе халықтың жалпы санының ішіндегі әйелдердің өзіндік салмағы. Халықтың саны мен құрылымы көрнекі болу үшін графикалық жас-жыныс пирамида-сы түрде: тік ось бойынша – халықтың жасы, көлденен – адамдардың саны, осынан солға қарай – ерлер, осынан онға қарай – әйелдер көрсетіледі.

2. Үйлестіру көрсеткіштері – халықтың жекелеген категорияларының өзара арақатынасы. Мысалы, ерлер санының әйелдердің санына арақатынасы.

3. Халықтың табиги және көші-қон қозғалысының коэффициенттері. Осы коэффициент промилледе $\frac{\%}{100}$ (арақатынас нәтижесін 1000-ға көбейту арқылы) көрсетіледі.

Халықтың табиги қозғалысының коэффициенттері

1. Бала туудың жалпы коэффициенті $K_{myy} = \frac{N \times 1000}{S}$.

2. Бала туудың арнайы коэффициенті

$$K_{myy, apu.} = \frac{N \times 1000}{S_{15-49}},$$

мұнда: S_{15-49} – бала туатын жастағы әйелдердің орташа саны (15–49 жас).

3. Бала туудың жас коэффициенттері әйелдердің белгіленген жастағы топтары туған бала санының осы жастағы әйелдердің орташа санына қатынасы ретінде есептеледі.

4. Өлімнің жалпы коэффициенті $K_{mortal} = \frac{M \times 1000}{S}$.

5. Халықтың табиги өсімінің жалпы коэффициенті $K_{Delta} = \frac{\Delta_{tab} \times 1000}{S}$.

6. Нәрестелердің шетінеу коэффициенті ($K_{нэр. шет.}$) келесі екі тәсілмен есептеледі:

а) бала туған кезең ескерілмей $K_{нэр. шет.} = \frac{m \times 1000}{N}$.

ә) бала туған кезең ескерілпі

$$K_{нэр. шет.} = \frac{m}{\frac{2}{3}N_1 + \frac{1}{3}N_0} \times 1000,$$

мұнда: N_0 – өткен жылы туған бала саны;

N_1 – ағымдағы жылы туған бала саны.

7. Өлімнің жас коэффициенттері белгіленген жаста өлген адамдар санының осы жастағы халықтың орташа санына қатынасымен анықталады.

8. Өміршендік коэффициенті (Покровскийдікі)

$$K_{\text{Покровскийдік өміршеш}} = \frac{N \times 1000}{M}.$$

9. Некелесудің жалпы коэффициенті $K_{\text{неке}} = \frac{B \times 1000}{S}$.

10. Неке бұзудың жалпы коэффициенті $K_{\text{неке бұз.}} = \frac{P \times 1000}{S}$.

11. Некелесудің арнайы коэффициентіндегі некеге отыру жасы ескеріледі (15 жас және одан жоғары):

$$K_{\text{арн. неке.}} = \frac{B \times 1000}{S_{15 \text{ жас және одан жасе}}}.$$

12. Неке бұзудың арнайы коэффициентіндегі некеге отыру (15 жас және одан жоғары) ескеріледі:

$$K_{\text{неке бұз. арн.}} = \frac{B \times 1000}{S_{15 \text{ жас және одан жасе}}}.$$

13. Некелесу мен некені бұзудың жас коэффициенттері ерлер мен әйелдер үшін жеке 16–19 жас, 20–24, 25–29, 30–34, 35–39, 40–44, 45–49, 50–54, 55–59 жас топтары үшін есептеледі.

Халықтың көші-қон және жалпы қозғалысының коэффициенттері

Көші-қонның жалпы интенсивтілігі немесе халықтың көші-қон өсімі (кетуі) осы жерге тұрақты тұруға келген адамдардың саны мен осы жерден кеткен адамдардың санының арасындағы айырма ретінде анықталады, яғни:

1. Көші-қонның жалпы интенсивтілігінің (көші-қон өсімінің) коэффициенті $= \frac{\Delta_{\text{көш.}} \times 1000}{S} = \frac{(\Pi - B) \times 1000}{S}$

2. Көші-қон айналымының коэффициенті $= \frac{(\Pi + B) \times 1000}{S}$

3. Көші-қон тиімділігінің коэффициенті $= \frac{\Delta_{\text{көш.}} \times 1000}{(\Pi + B)} = \frac{(\Pi - B) \times 1000}{(\Pi + B)}$

4. Халықтың жалпы өсімінің коэффициенті:

$$K_{\Lambda_{\text{ж.}}} = K_{\Delta_{\text{көш.}}} + K_{\Delta_{\text{конт.}}} = \frac{(N - M + \Pi - B) \times 1000}{S} = \frac{(S_{\kappa} - S_{\pi}) \times 1000}{S}.$$

Орташа көрсеткіштер

Барлық есептерде халық санының орташа көрсеткіштері пайдаланылады, өйткені халықтың жылдың басындағы немесе жылдың сонындағы саны белгіленген уақыт кезіндегі жай-күйді ғана тіркейді және жыл ішіндегі өзгерістерді ескермейді. Орташа шаманы есептеу әдістемесі 6-тарауда берілген. Осы тарауда біз олардың негізгілерін, белгілерді халық статистикасына катысты өзгертпі қарастырамыз.

Объектінің экономикалық маңызына, талдаудың максатына, бастапқы ақпараттың болуына байланысты орташа шаманың келесі формулалары қолданылады:

1. Арифметикалық жай орташа шама, егер халықтың кезеңнің басы мен сонындағы саны белгілі болса, яғни

$$\bar{S} = \frac{S_1 + S_n}{2}$$

2. Хронологиялық орташа шама, егер аралықтары тен динамиканың сәттік катарының деректері белгілі болса, яғни

$$\bar{S} = \frac{\frac{l}{2} S_1 + S_2 + S_3 + \dots + \frac{l}{2} S_n}{n - l}.$$

мұнда: $S_1, S_2, S_3, \dots, S_n$ – сан жөніндегі әрбір күннің деректері;

n – күндердің (сәттердің) саны.

3. Арифметикалық салмақталған орташа шама, егер аралықтары тен емес динамиканың мезеттік катарының деректері болса, яғни

$$\bar{S} = \frac{\sum \bar{S}_i \times t_i}{\sum t_i},$$

мұнда: \bar{S}_i – екі катарап күннің арасындағы халықтың орташа саны;

t_i – екі күннің арасындағы уақыт аралығы.

4. Алдағы өмірдің орташа ұзақтығын есептегендегі гармониялық салмақталған орташа шама формуласы қолданылады, яғни

$$\bar{e_x} = \frac{\sum T_x}{\sum \frac{T_x}{e_x}},$$

мұнда: e_{x-} – алдағы өмірдің орташа ұзақтығы;

T – адам саны – x және одан астам жастағы өмір жылдарының саны;

e_x – алдағы өмірдің ұзақтығы.

5. Жиынтық ішіндегі халық саны белгесінің орташа мағынасын есептегендеге құрылымдық немесе параметрикалық емес орташа шамалар – мода, медиана, квартиль, дециль пайдаланылады. Мода – бұл бөлу қатарындағы белгінің ең жиі кездесетін мағынасы (мысалы, ең жиі кездесетін жас немесе халыктың жан басына шакқандағы орташа табысы).

$$Mo = x_{mo} + i \frac{f_2 - f_1}{f_2 - f_1 + f_2 - f_3},$$

мұнда: Mo – мода;

X_{mo} – модальдық аралықтың төменгі шекарасы;

f_2 – модальдық аралықтың жиілігі;

f_1 – модальдық аралықтың алдындағы аралықтың жиілігі;

f_3 – модальдық аралықтан кейінгі аралықтың жиілігі;

i – модальдық аралықтың мөлшері.

6. Медиана – бөлу қатарын тең екі жартыға бөлетін белгінің мағынасы:

$$Me = x_{me} + i \frac{\frac{1}{2} \sum f - S_{me-1}}{f_{me}},$$

мұнда: Me – медиана;

X_{me} – медианалық аралықтың төменгі шекарасы;

$\frac{1}{2} \sum f$ – барлық жиіліктердің жарты сомасы;

S_{me-1} – медианалық аралық жиілігінің алдындағы жинақталған жиіліктердің сомасы;

f_{me} – медианалық аралықтың жиілігі;

i – медианалық аралықтың мөлшері.

7. Геометриялық орташа шама халық санының өсуінің пайыздагы орташа қарқынын анықтаганда:

а) тізбекті есептеу жүйесі бойынша $\bar{T} = \sqrt[T_1 \times T_2 \times T_3 \times \dots \times T_k]{},$

мұнда: \bar{T} – халық санының зерттелетін кезеңде өсуінің орташа қарқыны,

$T_1 \times T_2 \times T_3 \times \dots \times T_k$ – тізбекті өсу қарқынының көбейтіндісі; әрбір өсу қарқыны динамика қатарының кейінгі деңгейінің өткен деңгейге катынасина тең болады;

ә) базистік есептеу жүйесі бойынша: $\bar{T} = \sqrt[n]{\frac{S_n}{S_o}},$

мұнда: S_n – халықтың динамика қатарының соңғы сәтіндегі саны;

S_o – халықтың динамика қатарының бастапқы кезіндегі саны;

n – динамика қатары сәттерінің саны.

15.1.3. Халық санын болжаудың статистикалық әдістері

Халықтың келешектегі саны келесі әдістермен өлшенеді:

Адамдардың жасын жылжыту әдісі – халықтың әрбір жасы белгіленген жаста өмірдің шегіне жету деңгейі ескеріліп келесі (алдағы) жылға жылжытылады.

Өмірдің шегіне жету кестесінің көрсеткіші (15.1-кесте) – туғанда өмір сүрудін күтілетін ұзактығы – осы үрпак өмір сүретін өмірде әрбір жастағы өлімнің дengейі осы көрсеткіш есептелген жылдардағыдай болады деп үйгартылып, үрпақтың тағы бір адамының орташа өмір сүретін орташа жылдар санын білдіреді.

15.1. Халықтың өмірдің шегіне жету кестесі (2003 жылдың мысалында, үзінді)

2. Халықтың жалпы өсімінің коэффициенті жөніндегі деректердің негізінде ғаламдық әдіспен:

$$S_t = S_n \times \left(1 + \frac{K\Delta_{жал.}}{1000} \right)^t,$$

мұнда: S_t – келесі (алдағы) t жылға арналған халықтың болжамды саны;

S_n – халықтың ағымдағы (сонғы) жылдағы бастапқы нақты саны;

$K\Delta_{жал.}$ – халықтың жалпы өсімінің коэффициенті;

t – есеп болжанатын жылдар саны.

Жұмыс істейтін халықтың күтілетін немесе экономикалық белсенді халықтың санын аныктағанда халықтың болжамды жалпы санын осы формула бойынша есептеу, содан кейін алынған шаманы халықтың жалпы санындағы халықтың тиісті категориясының үлесіне көбейту қажет.

3. Халық санының өсуінің орташа қарқыны жөніндегі деректердің негізінде

$$S_t = S_n \times \bar{T}^t.$$

4. Халық санының орташа өсімі жөніндегі деректердің негізінде,

$$S = S_0 + t \bar{\Delta}, S = S_0 + t \bar{\Delta},$$

мұнда: $\bar{\Delta} = \frac{\sum \Delta}{m}$, орташа абсолюттік өсім;

Δ – халықтың жекелеген жылдардағы абсолюттік өсімі;

m – өсім саны.

15.2. Еңбек статистикасы

15.2.1. Еңбек статистикасының негізгі ұғымдары

Қазақстанда еңбек нарығының жай-күйі мен дамуының сипаттамасы «еңбек етуге қабілетті жастағы еңбекке жарамды халық» категориясымен байланысты.

Халықтың қай бөлігі еңбек ететін халықты (еңбек ресурстары) құрайды?

Еңбекке қабілетті халық (еңбек ресурстары) – еңбек етуге қабілетті халық, яғни нақты жұмыс істейтін және экономикада жұмыс істемейтін, алайда еңбек ете алатын ықтимал қызметкерлер. Еңбекші халықтың категорияллы мен құрамы схема түрінде көлтірілген (15.1-сурет). Еңбек ететін

халық экономикалық белсенді халыққа және экономикалық белсенді емес халыққа бөлінеді.

Экономикалық белсенді халық (жұмыс қүші) – халықтың тауар мен қызмет өндіру үшін жұмыс қүшін ұсынуды камтамасыз ететін белігі. Халықаралық стандарттарға сәйкес экономикалық белсенді халыққа 15 жастан бастап және одан ересек адамдар жатады. Экономикалық белсенді халықтың саны экономикада жұмыс істейтін және жұмыссыз адамдардың санының сомасы ретінде есептеледі.

$$\text{Экономикалық белсенді халықтың саны} = \text{Жұмыс істейтін халықтың саны} + \text{Жұмыссыз халықтың саны}$$

Экономикалық белсенді жастарға 15-24 жас аралығындағы жұмыс істейтін және жұмыссыз халық жатады.



15.1-сурет. Еңбекші халықтың (енбек ресурстарының) категориясы

Жұмыс істейтін халық – жасына қарамастан экономика салаларында нақты жұмыс істейтін халық. Жұмыс істейтін халық жұмыспен қамтылу мэртебесі бойынша жалдамалы қызметкерлер мен дербес жұмыс істейтін халыққа бөлінеді.

Жұмыссыз халық – жұмысы (табыс әкелетін кәсібі) жоқ, алайда жұмыс іздестіретін және жұмысқа кірісуге даяр экономикалық белсенді жастағы халық.

Экономикалық белсенді емес (енжар) халық – экономикалық белсенді жастағы, үй шаруашылығын жүргізетін халық, сондай-ақ күндізгі оку

нысаны бойынша оқитын окушылар. Мұндай халық жұмыс істейтін немесе жұмыссыз халық деп саналмайды.

Экономикалық қызмет істемейтін еңбекке қабілетті жастағы еңбекке жарамды халық – женелдікпен, асыраушысынан айырылуына байланысты, мүгедектік бойынша зейнетакы алатын адамдардың бөлігі жұмыс іздемейді, алайда жұмыс істей алады және істеуге даяр; немесе күнкөріс көзінә қарамастан жұмыс істей қажет еместер.

КР Статистика агенттігі 15-72 жастағы халыкты 2001 жылдан бастап тоқсан сайын ұдайы іріктел зерттейді.

15.2.2. Еңбек статистикасының негізгі көрсеткіштері

Еңбек нарығының салыстырмалы көрсеткіштері

$$\text{Халыктың экономикалық белсенділігінің үлесі} = \frac{\text{Экономикалық белсенді халық саны}}{\text{Халыктың жалпы саны}} \times 100$$

$$\text{Жастардың жұмыспен қамтылу коэффициенті} = \frac{\text{15-24 жастағы жұмыс істейтін жастардың саны}}{\text{15-24 жастағы экономикалық белсенді жастардың саны}} \times 100$$

$$\text{Халыктың жұмыспен қамтылу коэффициенті} = \frac{\text{Экономикада жұмыс істейтін халыктың саны}}{\text{Экономикалық белсенді халыктың саны}} \times 100$$

$$\text{Экономикада бір жұмыс істейтін адамға шаккандағы жұқтеменің коэффициенті} = \frac{\text{Экономикада жұмыс істейтін халыктың саны}}{\text{Экономикада жұмыс істемейтін халыктың саны}} \times 100$$

$$\text{Экономикада жұмыс істейтін халық саны} = \frac{\text{Халыктың жалпы саны}}{\text{Экономикада жұмыс істейтін халыктың саны}}$$

$$\text{Жалпы жұмыссыздық коэффициенті} = \frac{\text{Жұмыссыз халыктың саны}}{\text{Экономикалық белсенді халыктың саны}} \times 100$$

$$\text{Ұзак мерзімді жұмыссыздық коэффициенті} = \frac{\text{1 және одан астам жыл жұмысы жок жұмыссыз халыктың саны}}{\text{Экономикалық белсенді халыктың саны}} \times 100$$

$$\frac{\text{Еңбекке қабілетті халықтың орнын басу коэффициенті}}{\text{Еңбекке қабілетті халықтың саны}} \times 100$$

Еңбекке қабілетті халықтың абсолюттік көрсеткіштері.

1. Еңбекке қабілетті халықтың табиғи толығу саны = 16 жасқа жеткен халықтың саны.

2. Еңбекке қабілетті халықтың жұмысқа табиғи жарамай қалғандар саны = зейнетакы жасына жетіп зейнетке шыққан және жұмыс істемейтін адамдардың саны + еңбекке қабілетті жаста өлгендердің саны + мүгедектікке шыққан және экономикада жұмыс істемейтін еңбекке қабілетті халықтың еңбекке жарамды жастағы саны.

3. Еңбекке қабілетті халықтың көші-қонмен толықкан саны = осы өнірге коныс аударған еңбекке қабілетті халықтың саны.

4. Еңбекке қабілетті халықтың көші-қонмен кеткен саны = осы өнірден коныс аударған еңбекке қабілетті халықтың саны.

5. Еңбекке қабілетті халықтың жалпы толықкан саны = еңбекке қабілетті халықтың табиғи толықкан саны + еңбекке қабілетті халықтың көші-қонмен толықкан саны.

6. Еңбекке қабілетті халықтың жалпы кеткен саны = еңбекке қабілетті халықтың табиғи кеткен саны + еңбекке қабілетті халықтың көші-қонмен кеткен саны.

7. Еңбекке қабілетті халықтың жалпы өсімі = еңбекке қабілетті халықтың жалпы толықкан саны – еңбекке қабілетті халықтың жалпы кеткен саны.

Еңбекке қабілетті халықтың ұдайы өндірісінің қатысты көрсеткіштері

$$\frac{\text{Еңбекке қабілетті халықтың жалпы өсімінің коэффициенті}}{\text{Еңбекке қабілетті халықтың орташа жылдық саны}} \times 100$$

$$\frac{\text{Еңбекке қабілетті халықтың табиғи толығу коэффициенті}}{\text{Халықтың табиғи толықкан саны}} \times 100$$

Еңбекке қабілетті халықтың табиғи кету коэффициенті	$\frac{\text{Халықтың табиғи кету саны}}{\text{Еңбекке қабілетті халықтың орташа жылдық саны}} \times 100$
Еңбекке қабілетті халықтың көші-көнмен толықтуғы коэффициенті	$\frac{\text{Еңбекке қабілетті халықтың көші-көнмен толықтан саны}}{\text{Еңбекке қабілетті халықтың орташа жылдық саны}}$
Еңбекке қабілетті халықтың көші-көнмен кету коэффициенті	$\frac{\text{Халықтың көші-көнмен кету саны}}{\text{Еңбекке қабілетті халықтың орташа жылдық саны}} \times 100$

15.2.3. Жұмыс істейтін халықтың және жұмыс күші құнының қозғалыс статистикасы

ҰШЖ-де жұмыспен қамтылған (жұмыс істейтін) халық жалдамалы қызметкерлер және жалдамалы емес немесе дербес жұмыс істейтін қызметкерлер деп екі категорияға бөлінеді (15.1-сурет).

Қызметкерді тиісті категорияға жатқызу оның сыйақыны ненің негізінде алатынына негізделеді. Жалдамалы қызметкерлер – кәсіпорынның (үйымның) басшысымен шарт (келісімшарт) жасасқан азаматтар. Олар еңбек шартына сәйкес жұмыс істейді және кәсіпорыннан еңбекақы немесе лауазымдық жалақы нысанындағы кәсіпорынның қосылған құнының бөлігі болып табылатын сыйақы алады.

Жалдамалы емес қызметкерлер (өздері дербес жұмыс істейтіндер) – үй шаруашылықтары мүшелерінің корпоративтік емес кәсіпорындарында табыс алатын кәсібі бар немесе өздерінің есебінен дербес жұмыс істейтін азаматтар. Ол еңбек шартын жасамай жұмыс істей отырып, еңбекақы емес аралас табыс нысанындағы сыйақысын алады.

ҰШЖ-де жалдамалы қызметкерлер әлеуметтік мәртебесі бойынша жұмысшылар мен қызметкерлер деп аталатын екі категорияға бөлінеді. Жұмысшыларға материалдық құндылық шығарумен айналысады, жөндеу жұмыстарын орындайтын, жүктөр мен жолаушыларды тасымалдайтын жұмыскерлер жатады. Қызметкерлердің үш тобы, яғни басшылар, мамандар (инженерлік-техникалық, экономикалық, агрономиялық) және басқа да қызметшілер (құжат дайындаумен және ресімдеумен айналысады, есеп, бақылау жүргізетін, техникалық қызмет көрсететін) болады.

Жұмыс күші қозғалысының абсолюттік көрсеткіштері:

- осы кезеңде жұмысқа қабылданған қызметкерлердің саны;
- осы кезеңде жұмыстан босатылған қызметкерлердің саны.

Жұмыс күші қозғалысы интенсивтілігінің қатысты көрсеткіштері:

$$\text{Жұмысқа қабылдау айналымының коэффициенті} = \frac{\text{Жұмысқа қабылданған қызметкерлердің саны}}{\text{Қызметкерлердің орташа тізімдік саны}} \times 100$$

$$\text{Жұмыстан кету айналымының коэффициенті} = \frac{\text{Жұмыстан барлық себептер бойынша кеткен қызметкерлердің саны}}{\text{Қызметкерлердің орташа тізімдік саны}} \times 100$$

$$\text{Жұмыс күшінің орнын басу коэффициенті} = \frac{\text{Кезеңде жұмысқа қабылданған қызметкерлердің саны}}{\text{Кезеңде барлық себептер бойынша жұмыстан босатылған қызметкерлердің саны}} \times 100$$

Егер орнын басу коэффициентінің мағынасы 100%-дан асса, онда бұл қызметкерлердің жұмыстан босатылуына байланысты жұмыс күшінің ысырабы толықтай өтелетінін және жаңа жұмыс орындары пайда болатынын білдіреді. Егер орнын басу коэффициентінің мағынасы 100%-дан аз болса, бұл керісінше, қызметкерлердің жұмыстан босатылуына байланысты жұмыс күшінің ысырабы өтмелейтінін және жұмыс орындарының қыскартылатынын білдіреді.

$$\text{Мамандардың тұраксыздық коэффициенті} = \frac{\text{Өз тілегі бойынша, жұмысқа келмегені және еңбек тәртібін бұзғаны үшін жұмыстан босатылғандардың саны}}{\text{Қызметкерлердің орташа тізімдік саны}} \times 100$$

$$\text{Тұрактылық (мамандардың орнықтылық) коэффициенті} = \frac{\text{Бүкіл есепті кезеңде тұракты жұмыс істеген қызметкерлердің саны}}{\text{Қызметкерлердің кезең сонындағы тізімдік саны}} \times 100$$

Жұмыс уақытының көрсеткіштері. Жұмыс уақыты – қызметкер жұмысты немесе басқа да еңбек міндеттерін орындаған немесе орындауға

тиіс уақыттың ұзактығы. Жұмыс кезеңінің ұзактығы – күнде (К), жұмыс күнінің ұзактығы – сағатта (С) есептеледі. Жұмыс уақытына келесі үш категория кіреді:

- калыпты жұмыс уақыты (сағаттық) – занамада немесе ұжымдық шартта белгіленген жұмыс уақытының ұзактығымен аныкталады, кезеңдегі жұмыс күнінің және күндеңі (аптадағы) сағаттың санымен өлшенеді;
- калыпты (жұмыс уақытынан тыс) жұмыс істелген жұмыс уақыты – көтеріңкі ставкамен төленеді және осы кәсіпорындағы жұмысшыларды осы санаты үшін ерекше болып саналады;
- нақты жұмыс істеген уақыт – қалыпты жұмыс уақыты ішінде және жұмыстан тыс уақытта істелген уақыт; оған – жұмыс орнына қызмет көрсету және жұмысқа дайындау үшін сол жерде өткізген уақыт, қызметкердің қалаудын тыс жұмыс орнында жұмыссыз тұрган уақыт, жұмыс кезінде демалу үшін бөлінген қысқа үзіліс уақыты; күнмен саналатын – жұмысқа нақты шықкан күннің саны кіреді.

Жұмыс іstemеген уақыт – орынды себептермен пайдаланылмаған уақыт (ауру, демалыс және занда рұқсат берілген басқадай себеппен жұмысқа шықпау) және орынсыз себептермен – жұмыс уақытын жоғалту (жұмыссыз тұру, жұмысқа шықпау).

Жұмыс уақытының қоры – жұмысшылардың өнім өндіруге жұмсалатын уақыт шығыны; адам-күнмен (ад.-күн) және адам-сағатпен (ад-сағ.) есептеледі.

Күнтізбелік уақыт коры – белгіленген күнтізбелік күн саны мен қызметкерлердің орташа тізімдік санының көбейтіндісі. Адам-күнмен және адам-сағатпен есептеледі. Күнтізбелік корды адам-сағатпен есептегендеге адам-күндеңі кор жұмыс күнінің орташа қалыпты ұзактығына көбейтіледі.

Табельдік қор – демалыс пен мереке күндері есепке алынбай жұмыс күндерінің ықтимал санына сәйкес есептелген жұмыс уақытының коры.

Жұмыс уақытының барынша көп ықтимал қоры (қолда бар уақыт) – өнбек заңнамасына сәйкес белгіленген кезең ішінде жұмыс істеуге болатын барынша көп жұмыс уақыты (кезекті демалыс уақыты есептелмеген).

Жұмыс істелген уақыт қоры – жұмыс уақытының өнім өндіруге жұмсалған нақты шығынын білдіреді. Ол жұмыс уақыты мен жұмыстан тыс уақытта жұмыс уақытын пайдаланудың ағымдағы есебінің негізінде аныкталады. Жұмыс істелген уақыт қоры адам-сағатта және адам-күнде есептеледі.

Жұмыс уақытын пайдалану көрсеткіштері. *Жұмыс уақытын пайдалану коэффициенттері* – жұмыс уақытын пайдалану дәрежесін көрсетеді және жұмыс уақытының (күннің немесе кезеңнің) нақты (орташа) ұзактығының оның белгіленген ұзактығына қатынасы ретінде есептеледі.

Жұмыс уақытының қорларын (күтізбелік, табельдік, барынша көп пайдалану коэффициенттері – жұмыс уақытының қорларын пайдалану дәрежесін көрсетеді және жұмыс істелген уақыт қорын жұмыс уақытының теориялық тиісті ықтимал қорына бөлуден алынған бөлінді ретінде аныкталады.

Уақыт қорлары	Жұмыс уақытын пайдалану
1. Күнтізбелік уақыт қоры 2. Мереке және демалыс 3. Табельдік уақыт қоры (1-бет-2-бет) 4. Кезекті демалыстар 5. Уақыттың барынша көп ықтимал қоры (3-бет – 4-бет)	6. Накты жұмыс істелген уақыт, барлығы, оның ішінде: 6.1. Жұмыс уақыты 6.2. Жұмыстан тыс уақыт 7. Орынды себептермен пайдаланылмаган уақыт 8. Әкімшілік демалыстар 9. Жұмыс уақытының ысырабы 9.1 Әкімшіліктің рұқсатымен жұмыска шықпау 9.2. Жұмысқа себепсіз шықпау 9.3. Құні бойы жұмыссыз бос тұру 9.4. Аудысым ішінде жұмыссыз бос тұру 10. Еңбек даулары себебінен жұмысты тоқтату 11. Барлық жұмыс істелген және барлық себептер бойынша пайдаланылмаган жұмыс уақыты ($5 + 6 + 7 + 8 + 9$ б.), оның ішінде жұмыс уақыты шектерінде (11-бет – 6.2)

Еңбек өнімділігінің көрсеткіштері. Еңбек өнімділігі – еңбектің еңбек шығынының бірлігіне өнімнің белгіленген санын өндіру қабілеті. Өнімді статистиканың жалпы теориясы тарауында карастырылғандай натуралды (заттай), шартты және ақша бірлігінде өлшеуге болады. Еңбек шығыны еңбек түрінде, яғни адам-сағатта, адам-күнде, жұмыс істейтіндердің немесе жұмысшылардың (адам) санымен есептеледі.

Когамдық еңбектің өнімділігі – ЖІӨ-нің экономикалық белсенді оргаша жылдық санына катынасы ретінде аныкталады.

Еңбек өнімділігінің көрсеткіштері тікелей және кері, табиғи және құндық, жеке және жалпы (жыныстық), еңбек өнімділігінің динамикасы мен факторларының көрсеткіштеріне (индекстері) бөлінеді.

Еңбек өнімділігінің тікелей көрсеткіші (w) – еңбек шығынының бірлігін өндіруге жұмсалған еңбектің мөлшері.

Еңбек өнімділігінің кері көрсеткіші – жұмсалған еңбек (t) – өнім бірлігін өндіруге жұмсалған еңбектің мөлшері.

Еңбек өнімділігінің натуралды (заттай) көрсеткіштері – жұмыс уақытының бірлігінде немесе бір қызметкер өндірген өнімнің натуралды (заттай) түрдегі (q) мөлшері. Ел деңгейінде немесе жекелеген өндірістің деңгейінде біркелкі өнім түрлері бойынша ғана есептеледі.

Еңбек өнімділігінің құндық көрсеткіштері – жұмыс уақыты бірлігінде немесе бір қызметкер өндірген өнімнің құны.

Еңбек өнімділігінің жеке көрсеткіштері – накты жұмысшының белгіленген уақыт кезеңінде істеген накты жұмыс түрінің өнімділігін көрсетеді.

Еңбек өнімділігінің жалины (жынытық) көрсеткіштері – көп жұмысшылардың (жұмыс істеушілердің) осы уақыт кезеңінде бір немесе бірнеше жұмыс түрін істеген кездегі өнімділігін көрсетеді. Жұмысшының (қызметкердің) жұмыс уақыты бірлігіндегі орташа өнімділігі ретінде есептеледі.

Орташа сағаттық өндірім – жұмысшы бір сағат накты жұмыс істеп өндірген өнімнің орташа көлемі. Кезең ішінде өндірілген өнім көлемінің осы кезеңде жұмысшы істеген адам-сағат санына қатынасы ретінде есептеледі.

Орташа күндік өндірім – бір жұмыс күні ішінде өндірілген өнімнің орташа көлемі. Кезең ішінде өндірілген өнімнің көлемі кәсіпорынның барлық жұмысшылары накты жұмыс істеген адам-күн санына қатынасы ретінде есептеледі.

Жұмысшының (қызметкердің) орташа айлық (тоқсандық, жылдық) өндірімі – бір жұмысшы (қызметкер) ай (тоқсан, жыл) ішінде өндірген өнімнің орташа көлемі. Ай (тоқсан, жыл) ішінде өндірілген өнім көлемінің тиісті кезеңдегі жұмысшылардың (қызметкерлердің) орташа тізімдік санына қатынасы ретінде есептеледі.

Өнімділіктің жеке индексі – жұмысшылардың өндірімінің жеке көрсеткіштерінің немесе өнімнің накты түрін өндіруге жұмсалатын еңбектің өзгеруін көрсетеді.

Өнімділіктің жиынтық (жалпы және топтық) индекстері – жиынтықтың (кәсіпорынның, өнірдің, елдің барлық жұмысшыларының, жұмыс істейтіндерінің) барлық бірлігі өнімділігінің бірлесіп өзгеру нәтижесін көрсетеді. «Экономикалық қызмет нәтижелері тиімділігінің статистикасы» тақырыбында карастырылған индекстердің формуулалары бойынша есептеледі.

Жұмыс күші құнының көрсеткіштері. Жұмыс күшінің құны – қызметкердің және оның отбасының құнкөріс құнын білдіреді. Кәсіпорын жұмыс күшіне жұмсайтын шығынның құнына:

- еңбекакы қоры (кәсіпорын қызметкерлерге еңбекакы төлеу үшін ақшалай және натуралды (заттай) нысанда есептеген сома);
- кәсіпорынның қызметкерлер тұратын тұрғын үтеге жұмсайтын шығыны;
- қызметкерлерді әлеуметтік қамтамасыз етуге жұмсалатын шығын;
- кәсіптік оқытуға жұмсалатын шығын;
- мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуге жұмсалатын шығын;
- жұмыс күшін пайдаланумен байланысты шығын;

- жұмыс күшін ұстауға арналған басқа да шығыс (жұмыс орнына кептірді төлеу, тегін берілген формалық киім-кешектің, сұттің, тамак өнімдерінің кұны, іссапар шығындары және т.б.) кіреді.

Жалдамалы қызметкерлерге еңбекақы төлеу сияқты ең маңызды көрсеткіш әлеуметтік-экономикалық нәтижені, кәсіпорын қызметінің, экономика салаларының тиімділігін көрсетеді.

ҰШЖ-де жалдамалы қызметкерлерге еңбекақы төлеу жұмыс беруші жалдамалы қызметкерге есепті кезеңде орындалған жұмыс үшін төлейтін ақшалай немесе натуралды (заттай) нысандағы сыйақыны білдіреді. Ол екі бөліктен тұрады:

- қолма-қол акшамен және табиги нысанда төленетін еңбекақы;
- әлеуметтік сақтандыруға аударылатын аударымның сомасы.

Еңбекақы туралы ақпарат жұмыс күшіне жұмсалатын шығынды анықтау, ҰШЖ-де табыс пайда болатын шотты және салааралық балансты жасау, сондай-ақ жалпы ішкі өнімді бөлу әдісімен есептеу үшін қажет.

Қолма-қол акшадағы еңбекақыға:

- жұмыс нәтижелері бойынша жалакы, тариф, ставкалар бойынша неғізгі төлем;
- жұмыстан тыс уақыттағы, тұнгі уақыттағы, демалыс күндері жұмыс істегені үшін төленетін қосымша төлем;
- жұмыстың зияндыштығы, шет елде жұмыс істегені үшін үстемеақы;
- жыл сайынғы еңбек демалысының немесе өндірістің уақытша кідірісіне байланысты төленетін төлем;
- кәсіпорын жұмысының жалпы нәтижелерімен байланысты біржолғы сыйақылар немесе басқа да төлемдер;
- кәсіпорын беретін комиссиялық ақы, ақшалай сыйлық, қызмет көрсету үшін шайлық ақы кіреді.

Ақшалай нысандағы еңбекақыға:

- сапарға бару, құралдарға, жабдықтарға және т.б.(егер олар аралық тұтыну ретінде қарастырылса) жұмсалған шығысты өтеу ретіндегі сомалар;
- көп балалы отбасыларға, үйлену тойына, білім алуға берілетін жәрдемакы; ауру, жарақат алу, жүктілік пен бала туу жөніндегі төлемдер; жұмыссыздық, мүгедектік, қайғылы оқиға салдарынан асыраушысынан айырылуға байланысты берілетін жәрдемакы (егер олар жұмысқа катысты емес және әлеуметтік жәрдемакы болса);
- салықтар (олар ғимаратка, жерге және өндірісте пайдаланылатын басқа да активтерге салынатын салық ретінде қарастырылады) кірмейді.

Натуралды (заттай) нысандағы еңбекақы – еңбек үшін тауарлар мен қызметтер түріндегі келесі натуралды (заттай) нысандағы сыйақы:

- тамак пен сусын;

- үй шаруашылығының барлық мүшелері пайдаланатын тұрғын үй қызметтері;
- формалы киім, қызметкерлер жұмыс уақытынан тыс киетін арнайы ким;
- қызметкерлер жеке пайдаланатын автокөлік қызметтері;
- әлеуметтік қамтамасыз ету бағдарламалары бойынша сактандыруды қоспағанда аурудан сактандыру мен басқа да сактандыру түрлері;
- теміржолмен және әуе жолдарымен тегін жүру, шахтерлерге тегін көмір беру;
- жалдамалы қызметкерлер мен олардың отбасына спорт құрылыштарын ұсыну.

Әлеуметтік сактандыруға аударым сомалары олардың жалдамалы қызметкерлеріне қызметкерлердің табысына немесе әл-ауқатына жағымсыз ықпал ететін белгілі бір жағдайларда әлеуметтік жәрдемакы алу құқығын қамтамасыз етуге арналған. Әлеуметтік сактандыруға аударым накты және шартты түрде есептелген аударымға бөлінеді.

Әлеуметтік сактандыруға накты аударым жалға алушылар жалдамалы қызметкерлердің пайдасына үшінші тұлғаларға, мысалы, әлеуметтік қамтамасыз ету корларына, сактандыру корпорацияларына немесе басқа да институционалдық бірліктерге аударымды білдіреді.

Әлеуметтік сактандыруға шартты түрде есептелген аударымды жалға алушылар үшінші тараптың катысуының өз қызметкерлеріне немесе олардың асырауындағы адамдарға өз ресурстарынан тікелей аударады.

Экономика деңгейінде жалдамалы қызметкерлердің жалпы еңбек-ақысына мыналар кіреді:

- институционалдық резидент-бірліктер бойынша резидент-қызметкерлерге төлейтін еңбекақы;
- жалға алушы-резиденттер бейрезидент-қызметкерлерге төлейтін еңбекақы;
- резидент-институционалдық бірліктер резидент-қызметкерлерге төлейтін еңбекақы мен шетел елшіліктерімен консулдықтарда жалданып жұмыс істейтін, шетелге гастрольге шығатын әртіс және т.б. Қазақстан Республикасы азаматтарын әлеуметтік сактандыруға аударым.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. «Тұракты» халық», «накты халық» деген ұғымдардың арасындағы айырмашылық қандай?

2. Халық статистикасында бакылау объектісі не болып табылады?
3. «Еңбекке кабилетті жастағы халықтың саны» және «енбекке кабилетті жастағы енбекке жарамды халықтың саны» деген ұғымдардың арасындағы айырмашылық қандай?
4. ҚР-да 1999, 2009 жылдары жүргізілген халық санақтарында бакылау объектісінің ерекшелігі неде?
5. Халық туралы акпараттың негізгі көздерін атаңыз.
6. Халықтың табиғи қозғалысының негізгі көрсеткіштерін атап көрсетіңіз.
7. Халықтың көші-коны қандай көрсеткіштермен сипатталады?
8. Медиананың формуласын, оны пайдалануға койылатын талаптарды баяндап жазыңыз.
9. Халықтың санының болжандырылғанда статистикалық әдістерін білесіз?
10. Экономикалық белсенді халықтың күрамы қандай?
11. Халықтың жұмыспен қамтылу деңгейі қалай есептеледі?
12. Халықтың өмірдің шегіне жету кестесінің маңызына сипаттама беріңіз.
13. Еңбекакыға төлемнің қандай түрлері кірмейді?
14. Жұмыс күшіне жұмсалатын шығынның құны қалай анықталады?



Ұсынылатын әдебиет

1. Гусаров В.М. *Статистика*. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2001.
2. *Методологические положения по статистике*. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2005.
3. *Социально-экономическая статистика: Учебное пособие* / А.М. Елемесова, К.К. Бельгебаева, Е.М. Кийков, Г.М. Молдакулова. – Алматы: Экономика, 1999.
4. *Статистика: Учебное пособие* / Под ред. В.Г. Ионина. – М.: ИНФРА-М, 2003.
5. *Экономическая статистика: Учебник*/ Под ред. Ю.Н. Иванова. – М.: ИНФРА-М, 1999.
6. *Демографический ежегодник Казахстана*. 2004. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2005.
7. *Казахстан сегодня*. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2005.

15.3. Практикум

15.3.1. Ізденуге арналған сұрақтар

1. Халық санағында халықтың қай категориялары ескеріледі?

2. Халыктың жалпы қозғалысына қандай процестер кіреді?
3. Халыктың табиғи және көші-кон қозғалысының коэффициенттері статистиканың жалпы теориясы курсында айтылмаған мәлшердің қай түріне жатады?
4. Еңбекке қабиlettes халыктың ұдайы өндіріс көрсеткіштері қалай есептеледі?
5. «Жасты жылжыту» әдісінің кемшілігі неде?
6. Халыктың табиғи және көші-кон қозғалысы болжаудың қай түрінде есептіледі?
7. Статистикада кім жұмыссыз болып саналады?
8. Орташа шама формуласы неге байланысты таңдалады?
9. Хронологиялық орташа формуласы бойынша есептеу үшін халыктың саны туралы қандай мәлімет қажет?
10. Халыктың өсу қарқынының орташа шамасын есептегендеге орташа шаманың қай формуласы қолданылады?
11. «Халық», «экономикалық белсенді халық», «экономикалық белсенді емес халық» деген ұғымдардың саны мен сапасының ерекшеліктерін атапыз.
12. Жұмыс күшінің құны деген не?
13. Еңбекакы қандай бөліктерден, элементтерден құралады?
14. Еңбекакыға төлемнің қандай түрлері кірмейді?

15.3.2. Типтік есептерді шешу мысалдары

1 - мұсал. Халық санағы жүргізілген сыйни сәтте келесідей жағдай қалыптасты:

- Алматы қаласындағы Мақатаев көшесіндегі көпқабатты №75 үйде 300 адам тұрақты тұрады;
- Алматы қаласының азаматы А.Ж. Төреханов туристік жолдамамен Түркияға 3 апта мерзімге кетті. Сонда санаушы А.Ж. Төрехановты тұрақты және нақты тұрғынға жатқызып жазуға міндетті (өйткені санак тек КР аумағын ғана қамтиды);
- Алматы қаласының азаматы И.С. Иванов әйелімен екеуі Астана қаласына 10 күн мерзімге іссапарға кеткен. Бұл жағдайда Алматы қаласының санаушысы Ивановтарды тұрақты және уақытша жок ретінде, ал Астана қаласының санаушысы – уақытша тұратын және нақты тұрғын ретінде тіркейді;
- Ақтөбе қаласының азаматы П.С. Квон осы үйдін № 28 пәтерінде тұратын туыстарына үш күнге қонаққа келді.

Осыған ұқсас есептерді келесідей баланстық кесте түрінде шешкен қолайлы:

Көрсеткіш	ТХ	УКелг.	УКетк.	НХ
I	2	3	4	5
1. Тұрақты нақты тұратын, адам	300	-	-	300
2. Төреханов А.Ж Түркияға туристік жолдамамен кетті	1	-	-	1
3. Иванов И.С. әйелімен Астана қаласына іссапарға кетті	2	-	2	-
4. Квон П.С. Ақтөбе қаласынан №28 пәтерге үш күнге қонаққа келді	-	1	-	1
Жиыны	303	1	2	302

Осындай кесте операцияларды бухгалтерияның қосарлы жазба қағидасы бойынша толтырудың дұрыстығын бақылауға мүмкіндік береді; баланстық әдістің көмегімен барлық көрсеткіштердің арасындағы баланстық өзара байланысты анықтал, жиынды есептеуге болады.

$$\begin{aligned} TX &= HX - UK_{\text{елг.}} + UK_{\text{етк.}} \quad 303 = 302 - 1 + 2 \\ HX &= TX + UK_{\text{елг.}} - UK_{\text{етк.}} \quad 302 = 303 + 1 - 2. \end{aligned}$$

2 - мысал. Облыс халқының жыл ішіндегі қозғалысы келесі деректермен сипатталады, адам:

1. Халықтың жыл басындағы саны,	- 910547
оның ішінде 15-49 жастағы әйелдердің саны	- 488343
2. Халықтың жыл соңындағы саны,	- 920821
оның ішінде 15-49 жастағы әйелдердің саны	- 510123
3. Жыл ішінде:	
туған бала	- 17843
өлген адам	- 8622
оның ішінде 1 жасқа дейін	
шетінеген	- 312
неке қылған	- 6427
неке бұзылған	- 3233

Облыс халқының табиги, көші-қон және жалпы қозғалысының ықтимал коэффициенттерін есептөніз.

Шешүі.

Мынадай түрде аныктаймыз:

- Облыс халқының орташа жылдық санын $\bar{S} = \frac{S_1 + S_2}{2} = \frac{910547 + 920821}{2} = 915684$ адам.
- 15-49 жастағы әйелдердің орташа жылдық санын $= \frac{488343 + 510123}{2} = 499233$ адам.
- Халықтың жалпы туу коэффициентін $= \frac{17843 \times 1000}{915684} = 19,5\%$, яғни облыстың 1000 тұрғынына шакқанда орташа 19,5 бала туады.

$$4. \text{Халықтың арнайы туу коэффициенті} = \frac{17843 \times 1000}{499233} = 35,7\%, \text{ яғни 15-49}$$

жастағы 1000 әйелге шакқанда орташа 35,7 бала туады.

$$5. \text{Халықтың өлім коэффициенті} = \frac{8622 \times 1000}{915684} = 9,4\%, \text{ яғни облыстың}$$

1000 тұрғынына шакқанда жыл сайын орташа 9,4 адам өледі.

$$6. \text{Халықтың табиги өсім коэффициенті} = \frac{(17843 - 8622) \times 1000}{915684} = 10,1\%,$$

немесе туу коэффициенті – өлім коэффициенті $= 19,5 - 10,1 = 9,4\%$.

7. Халықтың жалпы өсім коэффициенті = $\frac{(920821 - 910547) \times 1000}{915684} = 11,2\%$.

8. Облысқа келген және кеткендердің саны туралы деректің болмауына байланысты халықтың көші-қон өсімінің коэффициентін халықтың жалпы өсімінің коэффициенті арқылы табамыз. Халықтың жалпы өсімінің коэффициенті = табиғи өсім коэффициенті + көші-қон өсімінің коэффициенті екенін біліп, халықтың көші-қон өсімінің коэффициентін есептейміз = $11,2 - 10,1 = 1,1\%$.

9. Өміршендік коэффициенті = $\frac{17843}{8622} = 2,1$ есе, яғни туғандардың саны өлгендердің санынан 2,1 есе асады.

10. Нәрестелердің өлу коэффициенті келесі екі тәсілмен есептеледі:

$$\text{— бала туған кезең ескеріліп} = \frac{312 \times 1000}{17843} = 17,5\%;$$

— откен жылы туған баланың саны 22212 адам екені белгілі болса, онда балалар туған кезең ескеріліп:

$$\frac{312 \times 1000}{2/3 \times 17843 + 1/3 \times 22212} = 16,2\%.$$

$$11. \text{Некелесу коэффициенті} = \frac{6427 \times 1000}{915684} = 7,0\%.$$

$$12. \text{Неке бұзушылық коэффициенті} = \frac{3233 \times 1000}{915684} = 3,5\%.$$

3 - м ы с а л. Алдағы жылда өнбекке қабілетті жасқа толатын халықтың келешектегі санын жасты жылжыту әдісімен келесі деректер бойынша есептеніз:

Жас, жыл	Өмірдің шегіне жетудің жас бойынша коэффициенті	2005 жылғы бастапқы сан, адам
13	0,99945	5320
14	0,99935	5028
15	0,99923	4180

Шешуі.

Есепті кесте нысанында келесідей орындаған қолайлы:

Жас, жыл	Өмірдің шегіне жетудің жас бойынша коэффициенті	2005 жылғы бастапқы сан, адам	Күтілеттің (болжамды) сан, адам		
			2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.
13	0,99945	5320	5317		
14	0,99935	5028	5025	5314	
15	0,99923	4180	4177	5021	5310
16					

Мисалы, 13 жастағылардың санынан қанша бала 14 жасқа дейін өмір сүретінін есептейміз: $5320 \times 0,99945 = 5317$ адам, ал олар 14-ке 2006 жылы толады. Тиісінше балалардың осы санын бір жолға төмен (14 жас) және онға қарай (жасқа толатын қүнтізбелік жыл) «жылжытамыз». Содан кейін 14 жастағы балалардың санынан

канша бала 15 жасқа дейін өмір сүретінін анықтаймыз: $5317 \times 0,99935 = 5315$, сондай-ақ 16 жасқа дейін есептейміз. Балалардың басқа категорияларымен есеп те осылай жасалады. Барлық кейінгі есептік көрсеткіштер осы кестеде көрсетілген.

4 - м ы с а л. Облыстың экономикалық белсенді халқының алдағы 2 жылдағы келешекті санын (мың адам) келесі деректер бойынша есептеніз:

1. Халықтың орташа жылдық санын, мың адам	3200
2. Экономикалық белсенді халықтың саны, мың адам	1540
3. Халықтың жалпы өсімнің өткен жылдардағы коеффициенті, промилле	0,57
4. Алдағы 2 жылда жалпы өсімнің коеффициенті бұрынғы деңгейде сактады, ал экономикалық белсенді халықтың үлесі өткен жылмен салыстырғанда бірінші жылы 0,001 тармаққа, екінші жылы – на 0,002 тармаққа төмендейді.	

Шешуі. Фаламдық есептеу әдісін пайдаланып мыналарды анықтаймыз:

- Халықтың күтілетін санын
 - болжанған бірінші жылы: $S_1 = 3200 \times (1 + \frac{0,57}{1000}) = 3201824$ адам;
 - болжанған екінші жылы: $S_2 = 3201824 \times 1,00057 = 3203649$ адам.
 - Халықтың жалпы санындағы экономикалық белсенді халықтың үлесін:
- $$d_0 = \frac{1540}{3200} = 0,48125.$$

3. Бірінші болжанған жылы халықтың экономикалық белсенді күтілетін үлесін:

$d_1 = d_0 - 0,001 = 0,48125 - 0,001 = 0,48025$, осыдан бірінші болжанған жылы халықтың экономикалық белсенді күтілетін үлесінің саны $= S_1 \times d_1 = 3201824 \times 0,48025 = 1537676$ адам.

4. Екінші болжанған жылы халықтың экономикалық белсенді күтілетін үлесін:

$d_2 = d_1 - 0,002 = 0,48025 - 0,002 = 0,47825$, сонда екінші болжанған жылы халықтың экономикалық белсенді күтілетін үлесі:

$$S_2 \times d_2 = 3203649 \times 0,47825 = 1532145 \text{ адам.}$$

15.4. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

15.4.1. Есептер

1 - е с е п. 2009 жылғы санакта Алматы қаласы Қазыбек би көшесіндегі № 60 көп кабатты үйде санактың санын сәтінде (акпанның 24-нен 25 қарашан күнгі 00 сағатта) санакшы накты тұрақты тұратындардан басқа үйдің кейбір пәтерлерінде келесі азаматтардың болғанын және болмағанын көрсетті:

Аты-жөні	Пәтердің (тіркеу бойынша)	Санактың сыны сәтінде тұрган жері	
		1	2
1. Рыскелдинов А.Г.	5	Өз үйінде конды	
2. Рыскелдинова Н.П.	5	Өз үйінде конды	
3. Рыскелдинов С.А. – ұлы, 16 жаста	5	Әжесінің Алматы қаласындағы басқа үйінде конды	
4. Рыскелдинова А.А. – қызы, 10 жаста	5	Өз үйінде конды	
5. Әмірова Т.Ж.	5	Қарағанды қаласынан келіп, Рыскелдиновтердің үйінде конакта болды (5 күн)	
6. Севрюгина Н.Б.	8	Үйінде болмады, Алматы қаласында емханада емделді (асқынған ауруға байланысты 1 ай)	
7. Севрюгина А.Н. және Севрюгин Т.А.	8	Үйде болмады, Талдықорған қаласында тұнғи ауысымдағы жұмыста болды	
8. Асанов А.Б.	10	Үйінде конды	
9. Асанова К.Б.	10	Үйде болмады, Алматы қаласындағы тұнғи ресторонда жұмыста болды	
10. Асанов С.А – ұлы, 8 жаста	10	Үйде конды	
11. Иванов И.В. және Иванова Т.Н.	12	Үйде болмады, Астана қаласында туыстарында 2 апта конакта болды	
12. Ерекеев Ж.Р.	15	Үйде болмады, туристік жолдамамен Түркіяда болды	
13. Ерекеева А.К.	15	Үйінде конды	
14. Ерекеев Д.Ж.	15	Үйде болмады. Армияға шақырылған. Осы үйдегі тұргын үйі сакталған. Үйінде конды	
15. Юзбашев К.К.	27	Үйінде конды	
16. Юзбашева Т.Т.	27	Үйінде болмады, перзентханада болды, 24 ақпан күнгі 23 сағатта қыз туды	

Әрбір азаматты халықтың қай категориясына жатқызу қажет екенін анықтаңыз. Осы үйдің тұракты және нақты халқының санын есептөніз. Есепті халықтың: тұракты, нақты категориясын баланстық байланыс әдісімен шешудің дұрыстығын тексеріңіз.

Жауабы: Тұрақты халық – 207 адам, нақты халық – 201 адам.

2-есеп. Қазақстан Республикасы халқының табиги қозғалысы көрсеткіштерінің динамикасы жөніндегі келесі деректер көлтірілген, мың адам:

Көрсеткіштер	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.
Бұкіл халық:					
Халықтың орташа жылдық саны	14865,6	14851,1	14866,8	14951,2	15074,8
Тұған бала саны	222,1	221,5	227,2	247,9	273,0
Әлген адамдардың саны, оның ішінде: 1 жасқа дейін шетінеген	149,8	147,9	149,4	155,3	152,3
4. Қыылған неке саны	4,2	4,2	3,9	3,8	3,9
5. Бұзылған неке саны	90,9	92,9	99,0	110,4	114,7
	27,4	29,6	31,2	31,7	31,5

Мыналарды есептеніз:

1. Халықтың жыл сайынғы табиғи өсімін (мын адам).
2. Халықтың туу, өлімі мен табиғи өсімінің коэффициенттерін (промилледе).
3. Өміршендік коэффициентін.
4. Нәрестелердің жастай шетінеу коэффициенті (промилледе).
5. Некелесу мен неке бұзушылық коэффициенттері (промилледе).

Халықтың туу мен өлімінің коэффициенттерінің динамикасын графикалық түрде көрсетіңіз. ҚР халқының табиғи қозғалысындағы өзгерістердің алдағы үрдістерін бағаланыз.

Жауабы: 2004 жыл ішінде: 2) 18,1; 10,1; 8,0.

3 - е с е п. Қазақстан Республикасы халқының сыртқы көші-коны жөніндегі келесі деректер бар, мын адам:

Адам саны	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.
1. Келген	47,4	53,5	58,2	65,6	68,3
2. Кеткен (коныс аударған)	155,7	141,7	120,2	73,9	65,5

3-есептің деректерін пайдаланып әр жыл бойынша:

1. Халықтың көші-кон өсімін (кетуін) немесе көші-конның жалпы қарқынын (мын адам).
2. Көші-кон өсімінің (кету) коэффициенттерін немесе көші-конның жалпы интенсивтілігінің коэффициенттерін (промилледе).
3. Көші-кон айналымы интенсивтілігінің коэффициенттерін (промилледе).
4. Көші-кон тиімділігінің коэффициенттерін (промилледе).
5. Халықтың мын адамдағы жалпы өсімін және оның коэффициенттерін промилледе) есептепіз.

Қазақстан Республикасы халқының көші-кон өзгерісінің алдағы үрдісіне баға берініз.

Жауабы: 2004 жыл ішінде: 3) 8,9; 4) 20,9.

4 - е с е п. 2 және 3-есептерде келтірілген деректердің негізінде мыналарды есептепіз:

- 1) Қазақстан Республикасы халқының 2000-2004 жылдары орташа жылдық есү қарқынын (пайызда);
- 2) орташа жылдық есү қарқынын немесе 2000-2004 жылдарда халықтың орташа абсолюттік өсімі жөніндегі деректерді пайдаланып Қазақстан Республикасы халқының алдағы 2 жылда күтілетін санын.

Жауабы: 1) 100,3; 2) 14501 мын адам.

5 - е с е п. Қазақстан Республикасының ерлері мен эйелдерінің санын (мын адам) 1 қантарға қалыптаскан жағдай бойынша жекелеген жас топтары бойынша бөлінгені жөніндегі келесі деректер бар:

Халық	2003 ж.		2004 ж.	
	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер
1	2	3	4	5
Барлығы, онын шіндегі	7160,2	7706,7	7199,0	7752,2
1 жылға дейін	114,1	109,7	125,8	119,1
1 – 4	441,9	418,5	443,0	422,2
5 – 9	627,2	601,5	601,1	574,5
10 – 14	767,4	741,8	741,6	714,7
15 – 19	780,1	756,5	798,2	775,1
20 – 24	652,4	636,5	667,5	649,8
25 – 29	588,3	593,5	599,6	602,9
30 – 34	544,8	558,6	550,8	564,3
35 – 39	524,3	552,2	516,0	542,5
40 – 44	545,6	590,5	546,1	591,7
45 – 49	432,1	488,9	451,6	509,5
50 – 54	342,9	409,7	352,8	422,1
55 – 59	177,2	220,8	204,2	257,3
60 – 64	235,5	329,1	198,9	282,1
65 – 69	175,0	247,8	194,1	281,1
70 – 74	116,3	198,6	104,4	176,0
75 – 79	63,6	148,2	71,1	160,5
80 – 84	20,8	61,9	21,5	65,5
85 – 89	7,4	28,1	7,5	28,1
90 – 94	2,6	11,3	2,5	10,8
95 – 99	0,5	2,3	0,5	1,9
100 және одан жоғары	0,2	0,7	0,2	0,5

Есепті келесі нұсқалар бойынша орындауға болады:

A – 2003ж.; B – 2004 ж.

I. Жас-жыныс пирамидасын құрып, Қазақстан Республикасы халқының жас-жыныс құрамын талданыз.

II. Келесі көрсеткіштерді есептеніз:

1. Ерлер мен әйелдердің жас құрылымын (пайызда).

2. Үйлестіру көрсеткіштерін (әрбір жас аралығында 1000 әйелге шакканда ерлер санының арақатынасын).

3. ҚР ерлердің орташа жасы мен әйелдердің орташа жасын.

4. Құрылымдық орташа шаманы:

а) моданы – ерлерде ең жиі кездесетін жасты және әйелдерде ең жиі кездесетін жасты.

ә) медиананы – ерлердің екі жартыға бөлөтін және әйелдердің екі жартыға бөлөтін жасты.

Жауабы: В нұсқа – ерлер 2004 ж.: 3) 29,3 жас; 4) 16,2 жас; 4) 26,5 жас.

6 - е с е п. Облыс халқының ағымдағы жылы жұмыс істейтін халқының саны (мын адам) келесінің құрады:

1 қантарда – 948

1 қараша – 962

1 мамырда – 956

келесі жылдың 1 кантарында – 960

1 тамызда – 968

Жұмыс істейтін халықтың орташа санын есептеніз (мын адам).

Жауабы: 959.

7 - е с е п. Ауданының жалдамалы қызметкерлерінің орташа жылдық санын айдың басындағы келесі деректер бойынша анықтаңыз (мың адам):

ағымдағы жылдың кантары	438	ағымдағы жылдың шілдесі	440
ағымдағы жылдың акпаны	434	ағымдағы жылдың тамызы	441
ағымдағы жылдың наурызы	435	ағымдағы жылдың кыркүйегі	434
ағымдағы жылдың сәуірі	436	ағымдағы жылдың казаны	444
ағымдағы жылдың мамыры	437	ағымдағы жылдың қарашасы	443
ағымдағы жылдың маусымы	438	ағымдағы жылдың желтоқсаны	444
		ағымдағы жылдың кантары	445

Жауабы: 439.

8 - е с е п. 7 жастағы балалардың алдағы 3 жылдағы келешекті санын жасты жылжыту әдісімен анықтаңыз.

Жасы	Балалардың 2005 жылға 01 кыркүйектегі саны	Өмір сүру шегіне жету коэффициенті
4	54900	0,99947
5	53800	0,99946
6	50700	0,99948

Жауабы: 1-жыл 50674; 2-жыл 53743; 3-жыл 54813.

9 - е с е п. Облыс бойынша келесі деректер бар:

1) халықтың орташа жылдық саны, мың адам – 750

2) халық өсімінің коэффициенті, промилле:

- табиғи (+) – 16,5
- көші-кон (-) – 2,0

Мыналарды анықтаңыз.

1. Халық санының жалпы өсімінің коэффициентін (промилледе).

2. Жалпы өсім коэффициенті бұрынғы деңгейде қалатын талаппен халықтың алдағы 3 жылдағы келешекті санын (мың адам).

Жауабы: 1) 14,5; 2) 783,1.

10 - е с е п. Облыс бойынша келесі деректер бар:

Халықтың орташа жылдық саны, мың адам – 880

Еңбекке қабілетті жастағы жұмыс істейтін халықтың саны, мың адам – 400

Жұмыс істейтін зейнеткерлер мен жасөспірімдердің саны, мың адам – 12

Отken жылдардағы орташа жылдық коэффициенттер, промилле:

- туу – 18,3
- өлім – 7,9
- көші-кон өсімінің – 0,6

Мыналарды анықтаңыз:

1. Халықтың жалпы санындағы жұмыс істейтін халықтың үлесі және жұмыс істейтін зейнеткерлер мен жасөспірімдердің үлесін (пайызыда).

2. Табиғи және көші-кон өсімінің коэффициенттері, сондай-ақ жұмыс істейтіндердің үлесі сол деңгейде сакталатын талаппен жұмыс істейтін халыктың алдағы 2 жылдағы келешектегі санын.

Жауабы: 1) 46,8; 1,4; 2) 421.

11-е сеп. Еңбек нарығының индикаторлары туралы келесі деректер берілген (жылдан орташа), мың адам:

Көрсеткіш	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.
1. Жұмыс істейтін халық, оның ішінде:	6708,9	6985,2	7181,8
жалдамалы қызметкерлер	4030,2	4229,6	4469,9
дербес жұмыс істейтін қызметкерлер	2678,7	2755,6	2711,9
2. Жұмыссыз халық	690,7	672,1	658,8
3. Өндірістен кол үзіл оқитын еңбекке қабілетті жастағы окушылар	857,4	970,7	1156,5
Экономикалық еңбекпен айналыспайтын және оқымайтын еңбекке қабілетті жастағы еңбекке жарамды халық	2318,4	2184,6	2122,1

Әрбір жылға мыналарды есептеніз:

1. Экономикалық белсенді халыктың санын (мың адам).
2. Экономикалық белсенді емес халыктың санын (мың адам).
3. Халыктың жұмыспен қамтылу коэффициентін (пайызда).
4. Жұмыссыздық коэффициентін (пайызда).
5. Жұмыспен қамтылған халықтың құрылымын (пайызда).
6. Экономикада бір адамға шағылған жүктеменің коэффициентін (пайызда).
7. Барлық есептер бойынша экономикалық қорытынды жасаңыз.

Жауабы: 2004 ж.: 1) 7840,6; 2) 3278,6; 6) 54,8.

12-е сеп. Аудан халқының саны – 90750 адам. Халыктың барлық санында еңбекке қабілетті жастағы жұмыс істейтін адамдардың үлесі 54%-ды, зейнет жасындағы адамдардың үлесі – 12%-ды құрайды. Зейнет жасындағы адамдардың жалпы санында еңбекке қабілетті жастағы жұмыс істемейтін I және II топтағы мүгедектердің саны – 1550 адамды, жұмыс істейтін зейнеткерлер 10%-ды, 16 жасқа толмаған жұмыс істейтін жасөспірімдердің саны – 2540 адамды құрайды. Сонымен бірге еңбекке қабілетті жастағы еңбекке жарамды халықтың саны: а) күндізгі окунысанында оқитындардың саны – 1650 адам; ә) үй шаруасындағы әйел саны – 570 адам.

Мыналарды анықтаңыз:

1. Еңбекке қабілетті жастағы халықтың санын (адам).
2. Еңбекке қабілетті жастағы еңбекке жарамды халықтың санын (адам).
3. Экономикалық белсенді халыктың санын (адам).
4. Экономикалық белсенді емес халыктың санын (адам).
5. Еңбек ресурстарының санын (адам).
6. Халыктың жұмыспен қамтылу және жұмыссыздық коэффициенттерін (пайызда).

Жауабы: 1) 65480; 2) 63930; 3) 653399; 5) 67559; 6) 80,6 және 19,4.

13-есеп. ҚР халкының жас топтарының динамикасы туралы 1 қантарға қалыптасқан жағдай бойынша келесі деректер берілген, мың адам:

Көрсеткіш	2004 ж.	2005 ж.
Бүкіл халық оның ішінде:	14951,2	15074,8
еңбекке қабілетті жастаң жас	4064,7	4012,6
еңбекке қабілетті жаста	9318,4	9488,8
еңбекке қабілетті жастаң жоғары	1568,1	1573,4

Әрбір жыл үшін мыналарды есептеңіз:

- Еңбекке қабілетті халықтың орнын басу коэффициентін (пайызда).
- Еңбекке қабілетті халықтың зейнетакы жүктемесінін коэффициенті (пайызда).
- Еңбекке жарамды халықтың жалпы жүктемесінің коэффициенті (пайызда).
- Бүкіл халықтағы еңбекке қабілетті халықтың үлесін (пайызда). Экономикалық корытынды жасаныз.

Жауабы: 2005 ж. 1) 42,2; 2) 16,6; 3) 58,8; 4) 62,9.

14 - е с е п. Аймақ экономикасының салалары бойынша жыл бойынша келесі деректер берілген, мың адам:

- Жыл басындағы қызметкерлердің тізімдік саны – 507
- Жұмысқа қабылданған қызметкерлердің саны – 111
- Жұмыстан кеткен қызметкерлердің саны, оның ішінде өз еркімен және еңбек тәртібін бұзғаны үшін босатылғаны – 126
- Жыл бойы тұракты жұмыс істеген қызметкерлердің саны – 7
- Жыл бойы тұрактамаушылық коэффициенті – 454

Мыналарды анықтаңыз:

- Қызметкерлердің орташа тізімдік санын (мың адам).
- Жұмысқа қабылдау бойынша айналым коэффициентін (пайызда).
- Жұмыстан кету бойынша айналым коэффициентін (пайызда).
- Жұмыста тұрактамаушылық коэффициенті (пайызда).
- Жұмыс күшінің орнын басу коэффициенті (пайызда).
- Тұрактылық коэффициенті (пайызда).

Жауабы: 1) 499,5; 4) 15,0; 5) 88,1; 6) 92,3.

15 - е с е п. Экономика салалары бойынша жыл ішіндегі келесі деректер берілген, адам:

- Қызметкерлердің жыл басындағы тізімдік саны – 177590
- Жұмысқа қабылданған:
 - жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру қызметтерінің жолдамасы – 17820
 - кәсіпорынның бастамасы бойынша – 12310
 - басқа кәсіпорындардан аудару тәртібімен – 900
 - жоғары және арнайы орта оқу орындарын аяқтағаннан кейін – 7540

3. Жұмыстан кеткен:

- ұлттық армияға кеткендер – 6820
- өндірістен қол үзіп окуға түскендер – 3030
- жалға алу шарты мерзімінің аяқталуы – 7050
- зейнетке шығу (жасы және мүгедектік бойынша) – 8440
- басқа кәсіпорындарға ауысу – 2870
- штат қыскару – 24780
- қызметкердің өлімі – 3660
- өз еркі бойынша – 1800
- жұмысқа шықпау және еңбек тәртібін басқадай бұзу – 1360

4. Есепті жылы тұракты жұмыс істеген қызметкерлердің саны – 132820

Мыналарды аныктандыз:

1. Қызметкерлердің жыл соңындағы тізімдік санын (адам).
2. Қызметкерлердің орташа тізімдік санын (адам).
3. Қызметкерлердің айналымының абсолюттік көрсеткіштерін (адам).
4. Жұмысқа кабылдау бойынша айналым коэффициентін (пайызда).
5. Жұмыстан кету бойынша айналым коэффициентін (пайызда).
6. Жұмыста тұрактамаушылықты (пайызда).
7. Жұмыс күшінің орнын басу коэффициентін (пайызда).
8. Тұрактылық коэффициентін (пайызда).

Жауабы: 1) 156350; 2) 166970; 6) 1,9; 7) 64,5; 8) 85,0.

15.4.2. Тест тапсырмалары

1. Туристік жолдамамен бір айға Германияға кеткен Қазақстан Республикасының азаматтары халық санагы кезінде қай категорияларға жатқызылады?
 - 1) тұракты және нақты халық;
 - 2) тұракты және уақытша кеткен халық;
 - 3) нақты және уақытша кеткен халық;
 - 4) заңды және тұракты халық;
 - 5) нақты және заңды халық.
2. Қаланың тұрақты халқы санақ жүргізілетін күні 1200, уақытша кеткен адамның саны 67 адам, уақытша тұратын адамның саны 45 екені белгілі болса, қаланың санақ жүргізілетін сыни сәттеге нақты халқының санын есептеніз.
 - 1) 1245;
 - 2) 1222;
 - 3) 1178;
 - 4) 1088;
 - 5) 1187.
3. Берілген бөлу деректері бойынша әйелдің модальдық жасын есептеніз:

Жас, жыл	15–19	20–24	25–29	30–34	35–39	Жиыны
Әйелдердің саны	20	50	180	250	220	720

1) 26,8;

- 2) 31,76;
 3) 31,2;
 4) 32,8;
 5) 30.
4. Ауданда есепті жылды 6400 бала, өткен жылды 6000 бала туды. Есепті жыл ішінде бір жасқа дейін жастағы 2000 бала шетінеді. Нәресте өлімінің коэффициентін есептеп (промилледе):
 1) 30,81;
 2) 31,91;
 3) 33,33;
 4) 31,25;
 5) 31,75.
5. Аудандағы халықтың саны жыл ішінде орташа саны 150 мың адамды, оның ішінде 80 мың ейелді құраған жағдайда жалпы бала туу коэффициентін аныктаныз. 15-49 жастағы ейелдердің орташа саны – 42 мың адам. Туудың арнағы коэффициенті 38%.-та тең.
 1) 1,596;
 2) 10,6;
 3) 53,3;
 4) 52,2;
 5) 19.
6. Халықтың орташа санын есептейтін дұрыс формуланы таңдаңыз:
- 1) $\frac{S_{\text{ж.с.}} - S_{\text{ж.б.}}}{2}$
 - 2) $\frac{S_{\text{ж.с.}}}{S_{\text{ж.б.}}}$
 - 3) $S_{\text{ж.с.}} - S_{\text{ж.б.}}$
 - 4) $\frac{\sum S_i t_i}{\sum t_i}$
 - 5) $\frac{S_{\text{ж.с.}} + S_{\text{ж.б.}}}{2}$
7. Соңғы жылды халықтың саны 5 млн адамды, ал халықтың өсу коэффициенті 1,2 %-ды құраған жағдайда облыс халқының келешектегі санын ғаламдық әдіспен санаңыз.
 1) 5,006;
 2) 6,201;
 3) 6,0;
 4) 0,24;
 5) 5,5.

8. 14 жастағы балалардың саны 9000 адамды, 14 жастағы балалардың өмір шегіне жету коэффициенті 0,998, ал 15 жастағылардың – 0,996-ды күраған жағдайда енбекке қабілетті жасқа толатын халықтың санына болжам жасаңыз.
- 8946;
 - 9000;
 - 8982;
 - 9050;
 - 8000.
9. Экономикалық белсенді халық – бұл:
- жұмыс істейтін халық;
 - жұмыспен қамтылған және жұмыссыз халық;
 - елдің бүкіл халқы;
 - жұмыс істейтін және жұмысы жоқ халық;
 - елдің еңбек ресурстары.
10. Енбекке қабілетті халықтың орнын басу коэффициенті қалай есептеді?
- енбекке қабілетті жас халықтың санымен;
 - енбекке қабілетті жастан үлкен халықтың санымен;
 - енбекке қабілетті жастан үлкен халық/енбекке қабілетті жастағы халықпен;
 - енбекке қабілетті жастағыдан кіші халық/енбекке қабілетті жастағы халықпен;
 - арифметикалық орташа шама бойынша.
11. «Жұмыссыздық деңгейі» көрсеткіші не болып саналады?
- орташа;
 - дисперсия;
 - абсолюттік;
 - қатысты;
 - өсім.
12. Келесі деректер бойынша енбекке қабілетті халықтың жыл сонындағы санын анықтаңыз, мың адам:
- жыл басында: енбекке қабілетті халық – 800, жұмыс істейтін зейнет жасындағы адамдар мен жасөспірімдер – 30;
 - жыл ішінде: енбекке қабілетті жасқа толған енбекке жарамды адам – 22, жұмысқа тартылған зейнеткер – 5; басқа облыстан келген енбекке қабілетті адам – 8;
 - кеткені: енбекке қабілетті жастағы енбекке жарамды адам – 18, зейнеткер мен жасөспірім – 6, басқа облысқа кеткен енбекке қабілетті адам – 15.
- 828;
 - 858;
 - 800;

- 4) 826;
5) 797.
13. Жұмыс істейтін зейнеткерлер мен 14-16 жастағы жасөспірімдер халықтың қай санына енгізіледі?
- 1) жұмыссыздар;
 - 2) жұмыспен қамтылған;
 - 3) экономикалық белсенді емес халықтың;
 - 4) дербес жұмыс істейтін халықтың;
 - 5) еңбекке қабілетті жастағы адамдардың санына.
14. Келесі белгілі деректер бойынша халықтың жұмыспен қамтылу коэффициентін есептеңіз, мың адам: экономика саласында жұмыс істейді – 6500; жұмыссыз – 780; еңбекке қабілетті жастағы өндірістен кол үзіп оқытын окушылар – 670; еңбекке қабілетті жастағы үй шаруасындағы әйелдер – 700; жұмыс іstemейтін зейнеткерлер – 20; жасөспірімдер – 250.
- 1) 84,2;
 - 2) 75,1;
 - 3) 89,3;
 - 4) 100;
 - 5) 95,6.
15. Төмендегінің қайсысы жұмыс күші қозғалысы интенсивтілігінің көрсеткіші болып табылады?
- 1) жұмыска қабылданған қызметкерлердің саны;
 - 2) жұмыстан босатылғандардың саны;
 - 3) жұмыссызыдытын деңгейі;
 - 4) қызметкерлердің орнын басу коэффициенті;
 - 5) қызметкерлердің орташа тізімдік саны.



16-ТАҚЫРЫП

ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҚ СТАТИСТИКАСЫ

16.1. Ұлттық байлық үғымы, оның құрамы

Елдің ұлттық байлығы – елде белгіленген уақыт кезінде (жыл сонында) жинақталған, тауар өндіру, қызмет көрсету және адамдардың өмір сүруін қамтамасыз етуге арналған экономикалық активтердің: қаржылық емес және таза қаржылық активтердің жиынтығы. Экономикалық актив – бұл меншік құқығы таратылатын және иеленуші оны иеленуден экономикалық пайда (келешекте табыс) алғын объект. Экономикалық активтердің ҰШЖ әдістемесіне сәйкес құрамы мен олардың жіктелімі 16.1-кестеде көлтірілген. Экономикалық активтер колданылуы нысаны бойынша қаржылық және қаржылық емес активке жіктеледі.

Қаржылық активтер қаржылық емес активтерден айырмашылығы олардың көпшілігі басқа институционалдық бірліктерге талап қояды, яғни оларға институционалдық бірліктердің арасында орнайтын шартты дебиторлық-кредиторлық катынастардың негізіндегі қаржы міндеттемелері қарсы тұрады. Қаржылық активтер институционалдық бірліктердің арасындағы шарттық дебиторлық-кредиторлық катынастардың негізіндегі қаржылық міндеттемелерден пайда болады. ҰШЖ сәйкес қаржылық активтер мына екі өлшем бойынша жіктеледі:

- 1) құқыктық сипаттамалар, яғни кредитор мен қарыз алушының өзара қарым-катынастарының сипаттамалары;

- 2) өтімділік – бұл активтің айналымдылығы, оны беру, айырбастау мүмкіндігі немесе активтің ақшаға айырбасталу жөнілдігі.

Монетарлық алтын, қолма-қол ақша мен аударылатын депозиттер ен өтімді, ал сақтандыратын техникалық резервтер мен өзге шоттар ен өтімсіз болып табылады.

1. Монетарлық алтын ақша-кредит мекемелерінде қаржылық актив немесе халықаралық резерв түрінде сақталатын алтын. Оған «құндылықтар» тобына жататын өнеркәсіптік пайдалануға арналған алтын кірмейді.

Монетарлық алтын құрамы 995/1000 сыналасындағы монета, құйма және кесек түрінде болады, ол Халықаралық валюта корының (ХВК) кепілдік сертификатымен расталады. Монетарлық алтын – Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің немесе орталық үкіметтің ғана қаржылық активі, халықаралық төлем құралы және оның иесінің мекемелік қарызы алушысы болмайды. Мысалы, монетарлық алтын сатып алу ұлттық қаржылық органның (КР Ұлттық банктің) қаржы есебінде активтің ұлғаюы және әлемнің қалған елдерінің қаржылық есебінде тиисінше активтердің азауы ретінде жазылады.

16.1. Ұлттық байлықтың құрамына кіретін экономикалық активтердің ҰЖШ әдістемесі бойынша жіктелуі

Каржылық емес активтер		Каржылық активтер
1. Өндірілген	П. Өндірілмеген	
1.1. Материалдық	2.1. Материалдық	1. Монетарлық алтын
1.1.1. Негізгі капитал	2.1.1. Жер	2. Қарыз алуға берілетін арнайы құқыктар
1.1.2. Материалдық айналым капиталының запасы	2.1.2. Жер қойнаулары	3. Колма-қол акша
1.1.3. Құндылықтар	2.1.3. Культивацияланбайтын биологиялық ресурстар	4. Депозиттер
	2.1.4. Жер астындағы су ресурстары	
1.2. Материалдық емес (негізгі) капитал	2.2. Материалдық емес	5. Акцияларды қоспағанда берілген қағаздар
1.2.1. Геологиялық барлау және бұргылау жұмыстарына жұмсалғын шығын	2.2.1. Патенттелген экономикалық объектілер	6. Займдар (несиeler) 7. Акциялар мен капиталға үлестік катысудын баска түрлері
1.2.2. Компьютерлік бағдарламалық қамтамасыздандыру	2.2.2. Қаржылық емес активтерді немесе басқа берілген келісімшарттарды, сатып алынған іскерлік байланыстарды, «гудвилдерді» және т.б. жалға алу құқығы	8. Техникалық сактандыру объектілері
1.2.3. Қоңыл көтертін әдеби және көркем туындылардың түпнұсқалары		9. Дебиторлар мен кредиторлардың өзге шоттары

2. Қарыз алуға арнайы құқықтар (ҚАҚ) ХВК құратын халықаралық резерв активтер. ҚАҚ жасалатын операциялар осы елдін және әлемнің қалған елдерінің қаржы органдарының қаржылық есептерінде тиисінше жазылады. ҚАҚ-ты тек реңми органдар, әдетте ХВК мүшесі-елдердің орталық банктері ұстайды. Осы құқықтар ХВК қарыз алу құқықтары департаментіне кіретін бір қатысушылардан басқаларға және ХВК белгілеген баска

кейбір ұстаушылардан басқа ұстаушыларға беріледі. ҚАҚ әрбір ұстаушыға басқа резерв активтерді, атап айтқанда шетел валютасын алуға кепілді және шұбесіз құқығын береді. ҚАҚ құны күн сайын валюта себеті (корзина) неғізінде аныкталады.

3. *Колма-қол ақша* айналыстағы және төлем құралы ретінде пайдаланылатын банкнота мен тиындардан (іс жүзінде айналыста пайдаланылмайтын ескерткіш монеталарды (тиындарды) қоспағанда) тұрады. Ұлттық және шетел валютасындағы қолма-қол ақша барлық секторларда актив ретінде болады. Айналыска шығарылған қолма-қол ақша оны шығарған сектордың міндеттемесі болып саналады.

4. *Депозиттер* – кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, халықтың салымы. Депозиттер аударылатын (ағымдағы шоттардағы, талап етілмелі) және аударылмайтын (жедел, жинақ ақша) бөлінеді.

5. *Бағалы қағаздар* – ақшалай, ресми түрде ресімделген құжаттар. Осы құжаттардың иесі оларды табыс ету немесе беру арқылы оларды шығарған тұлғаға қатысты мүліктік құқыктарын растайды. ҚАҚ-та барлық бағалы қағаздар келесі екі экономикалық категорияға бөлінеді.

5.1. *Акциялар және капиталдагы үлестік қатысудың барлық түрлері* (үлестік міндеттемелер) – ол дербес категория ретінде қарастырылады (7).

5.2. *Борыштық міндеттеме* – қарыз алушы қарыз қаражат алғанда кредит беретін алынған қарыз жөніндегі мәлімет пен оның шарттары жазылған құжат. Борыштық міндеттеменің ерекшелігі – бұл оның белгіленген мерзім өткеннен кейін белгіленген табысты камтамасыз етіп иесіне қайтарылатыны. Борыштық міндеттемеге облигациялар, индекстелген бағалы қағаздар, депозиттік сертификаттар, жекешелендірілген чектер жатады.

6. *Зайдар (несиeler)* – кредиторлар борышкерге тікелей беретін каржы құралдары. Зайд (несие) құжатпен ресімделеді және ол берілуге тиіс. Оларға сауда кредиті мен алынатын және төленетін авансты қоспағанда барлық несиeler мен аванстар жатады. Несиеге тұтынушылық кредит, сатып алу мен бөліктеп төлеу, несиeler және коммерциялық кредитті қаржыландыру, каржы лизингі жөніндегі келісім жатады.

7. *Акциялар мен капиталдагы үлестік қатысудың басқа түрлері* (пай) – иесінің акционерлік қоғамның меншігіндегі, әсіресе кәсіпорын күйзелгендеге, банкрот болған жағдайда үлесін растайды, сондай-ақ дивиденд түрінде пайданың бөлігін алу құқығын беретін бағалы қағаз. Өзінің мәні бойынша акция борыштық міндеттеме болып табылмайды.

8. *Техникалық сақтандыру резервтер* мекеменің келесі екі түрін құрайды:

8.1. *Сақтандыру мекемелері* – өмірді сақтандырумен және сақтандырудың басқа түрлерімен (қайғылы оқиғалардан, табысты қолдайтын,

автокөлік сактандыру және т.б.) айналысатын компаниялар. Қаржылық делдал ретінде сактандыру мекемелері екі түрлі қаржы операцияларына қатысады:

- сактандыру мекемелері сактандыру полистерін ұстаушылардың уақытша бос қаражатын кайта бөледі, сонымен бірге белгілі бір окиға орын алғанда сактандыру төлемін төлеу жөнінде міндептеме қабылдайды;
- сактандыру мекемелері меншіктен табыс алу мақсатында сактандыру резервінің сактандыру қаражатын инвестициялайды.

8.2. *Зейнетақы қорлары* жұмысшылар мен кызметкерлерді зейнетақымен қамтамасыз ететін резерв құрады.

9. *Дебиторлар мен кредиторлардың өзге шоттары* сауда (коммерциялық) кредитіне жұмыс үшін берілетін аванс, өзге дебиторлық (кредиторлық) берешек жатады. Сауда кредиті тауарлар мен кызметтердің құнының көлемінде есептеледі. Жұмыс үшін берілетін авансқа орындалған жұмыс үшін (материалдық айналым капиталы қорының құрамында аяқталмаған өндіріс ретінде ескерілетін) төленетін аванс немесе әлі орындалуы тиіс жұмыс үшін төленетін аванс кіреді. Өзге дебиторлық (кредиторлық) берешекке мерзімінде төленбейтін пайыздардың берешегі жатады.

Каржылық емес активтерге жатпайтын барлық экономикалық активтер каржылық активтерді құрайды.

Каржылық емес активтер шығу тегіне, «жасалу тәсіліне» қарамастан өндірілген және өндірілмеген активтерге бөлінеді. Өндірілген каржылық емес активтер өндіріс процесінде пайда болады. Өндірілмеген каржылық емес активтер өндіріс үшін қажет, алайда олар өндіріс өнімі болып табылмайды.

Өз кезеңінде өндірілген де, өндірілмеген де каржылық емес активтер материалдық және материалдық емес активке бөлінеді.

Барлық өндірілмеген материалдық активтердің табиғи шығу тегі болады. Оларға жер (ғимараттар мен құрылыштардың астындағы, культивацияланатын жер, жер және онымен байланысты жер үстіндегі су коймалары), жер койнауы (көмірдің, мұнайдың, табиғи газдың, металл рудаларының, металл емес пайдалы қазбалардың қорлары), культивацияланбайтын биологиялық ресурстар (табиғи орман, жабайы андар), жер астындағы су ресурстары жатады.

Өндірілген материалдық емес активтер – бұл адамның еңбегімен жасалған және қайсы бір тасымалдаышқа жазылған жалпыға жариялы емес акпаратты білдіреді. Олардың құны тасымалдаыштағы акпараттың құнына байланысты. Осындай объекттеге геологиялық-барлау және бұргылай жұмыстарына, ЭЕМ-ды компьютерлік бағдарламалық қамтамасыздандыруға, көңіл көтеру, әдеби және көркем шығармалардың түпнұсқаларына жұмсалатын шығын жатады.

Өндірілмеген материалдық емес активтер – өндіріс процесінен тыс жасалатын, ал өндіріс процесіне байланысты бір институционалдық бірліктен екінші бірлікке көшетін занды, есептік нысандар. Ол патенттер, яғни жалға алу құқығына немесе басқа да берілетін келісімшарттарға, сатып алынған іскерлік байланыстарға, «гудвилге» берілетін құқыктар мен авторлық құқық түрінде іске асырылады.

Өндірілген материалдық қаржылық емес активтер негізгі капиталға, материалдық айналым капиталы мен құндылықтарға бөлінеді.

Құндылықтар – бұл өндіріс пен аралық тұтынуға арналмаған, өнеркәсіпте пайдалануға арналған экономикалық активтер (шикізат пен материалдан басқа), олар үй шаруашылықтарында, коммерциялық ұйымдарда, мемлекеттік мекемелерде жинақтау құралдары ретінде сакталады. Құндылықтар келесі топтардан құралады:

1. Бағалы металдар мен асыл тастар.
2. Антиквариат, өнер туындылары, топтамалар, зергерлік бұйымдар. Құндылықтар уақыттың өткінші өзінің құнын жоғалтпайды. Олар құнды сактау құралы ретінде сатып алынып сакталады.

Ұлттық байлықтың көлемін анықтау үшін шот деп аталағын баланстық кестелер, яғни капиталмен жасалатын операциялардың шотының, қаржылық есептің, актив пен пассив көлеміндегі басқа өзгерістер шотының, қайта бағалау шотының акпараты пайдаланылады. Ұлттық байлықтың құрамдас элементтері жылдың басы мен сонындағы актив пен пассивтің балансында көрсетіледі (16.2-кесте).

16.2. Ел активінің жылдың басы мен сонындағы балансы

Активтер	Міндеттемелер мен меншікті капитал
1.1. Қаржылық емес активтер	2.1. Қаржылық міндеттемелер
1.2. Қаржылық активтер	2.2. Меншікті капиталдың таза меншігі (1.1.+ 1.2. – 2.1.)

Актив пен пассив балансының деректері бойынша экономика секторының «меншікті капиталының таза құны (тозуды қоспағанда)» есептеу арқылы шығарылады. Қаржы активтері мен ішкі экономика секторларының арасындағы қаржылық міндеттемелер өзара өтеледі. Экономиканың барлық секторларының меншікті капиталының таза құнының жиынтығы ұлттық байлықты немесе елдің ұлттық капиталын құрайды.

Елдің ұлттық байлығы
немесе «меншікті
капиталдың таза құны»

=
Осы ел резиденттерінің
каржылық емес
активтерінің құны

+
Басқа елдерге
көйылатын қаржы
талаптарының таза
құны

Басқа елдерге қойылатын қаржы талаптарының таза күны	Осы елдің резиденттерінің шетелдегі қаржы активтерінің күны	Осы елдің резиденттерінің калған әлемге шетелдік қаржы міндеттемелерінің күны
---	--	--

КР Статистика агенттігі 90-жылдардың соынан бастап ұлттық байлықты ҰШЖ әдістемесі бойынша есептейді. Алайда, бұрынғы әдістеме бойынша ұлттық байлыққа негізінен қогамның еңбегінің арқасында жинақталған материалдық игіліктер кіреді. Нәтижесінде экономикалық активтердің бүкіл құрамынан жинақталған ұлттық байлыққа қаржылық емес активтердің бөлігі ғана, яғни негізгі капитал, материалдық айналым қаражатының коры, халықтың үй мүлкі (жердің, жер қойнауының күнынсыз) кіреді. Табиғи ресурстардың, яғни өндірілмеген материалдық қаржылық емес активтер табиғи түрде (оларды жақсартуға жұмсалған шығын ғана) есептеледі және осы күнге дейін олар ақшалай түрде бағаланбаған. Табиғи ресурстар ақшалай бағаланбауына байланысты ұлттық байлық құнының сандық толық есебі жүргізілмейді. Осыған орай тіпті ен дамыған көптеген елдер сияқты Қазақстан үшін де ұлттық байлықты ҰШЖ әдістемесі бойынша толық шамада есептеу ұлттық байлық статистикасын жетілдірудің ең өзекті мәселесі болып табылады.

Елдің жинақталған ағымдағы бағадағы ұлттық байлығы институционалдық бірліктердің жыл соында қалыптасан жағдай бойынша материалдық, табиғи ресурстардың ұдайы өндірісіне жұмсаған акша шығынын көрсетеді.

Ұлттық байлықтың құрамдас бөлігінің үлесі (өзіндік салмағы) ретінде есептелген құрылым өзінің жалпы қорытындысында ұлттық байлықтың құрамын (құрылымын) сипаттайды. Ұлттық байлықтың есепті және базистік кезеңдердегі құрылымын салыстыра отырып орын алған құрылымдық өзгерістерді анықтауға болады.

Ұлттық байлықтың нақты көлемінің динамикасын сипаттау үшін оның элементтерін тұракты бағаларда бағалау пайдаланылады немесе олар индекстің көмегімен қайтадан есептеледі:

$$I_q = \frac{\sum p_1 q_1}{\sum p_0 q_0} = \frac{I_p}{\sum p_0 q_0},$$

мұнда: I_q – ұлттық байлықтың нақты көлемінің индексі;

$\sum p_0 q_1$ – есепті кезеңнің ұлттық байлығының тұракты бағаға қайта есептелген шартты (нақты) күны;

$\sum p_0 q_0$ – ұлттық байлықтың базистік кезеңдегі күны;

$\Sigma p_i q_i$ – ұлттық байлыктың есепті кезеңдегі құны;

p_i – ұлттық байлыктың құрамдастарының, яғни негізгі капиталдың, материалдық айналым каражаты корларының және басқа да түрлері бойынша бағаларының жеке индекстері.

Айналым капиталы – бір өндірістік циклде немесе қыска қүнтізбелік кезең ішінде (бір жылдан аспайтын) тұтынылатын енбек заттары, олар жасалған өнімге заттай кіреді және оған өзінін құнын толыктай көшіреді. Материалдық айналым капиталының (құралдардың) корлары өндірістік корларға, аяқталмаған өндіріске, даяр өнімге, қайта сатылатын тауарларға, мемлекеттік материалдық резервтерге бөлінеді.

Өндірістік қорлар – кәсіпорын аралық тұтыну ретінде өндірісте пайдалану үшін корда ұстайтын барлық тауарлар. Оларға:

- шикізат пен материалдар;
- отын мен жанар-жағармай;
- жинақтаушы бұйымдар, конструкциялар, косалқы бөлшектер;
- арзан бағалы және жылдам тозатын заттар;
- құрылым материалдары;
- бордакыланатын жас төл мен үлкен мал;
- кеңсе тауарлары.

Аяқталмаған өндіріс – кәсіпорын өндей бастаған, алайда басқа институционалдық бірлікке беру үшін бір мекемесі (цехы) аяқталмаған заттар. Аяқталмаған құрылышқа:

- a) бір рет пайдалану үшін өсірілетін өсімдіктер, ағаштар, жас төл, үй құсы;
- ә) тапсырысшымен келісімшарт жасалмай жасалған және ол үшін төлем түспеген аяқталмаған құрылым, аяқталмаған күрделі жөндеу.

Құрылым салуға келісімшарт болып, ол шаруашылық тәсілмен орындалған жағдайда аяқталмаған күрделі құрылым негізгі капиталға жатады.

Жартылай фабрикатортар – бір цехта өндірісі аяқталмаған, алайда басқа цехтарда, кәсіпорындарда одан әрі өнделуге немесе жинақталуы тиіс өнімдер.

Даяр өнім – басқа институционалдық бірлікке жеткізілгенге дейін өндірушіде сақталатын тауарлар. Тауарлар белгіленген стандартқа сәйкес келеді, олар сертификатпен жабдықталған, толыктай капиталған, басқа кәсіпорында ешқандай өндедеуді қажет етпейді.

Қайта сатуға арналған тауарлар – көтерме сауда немесе бөлшек сауда саудагерлер қайта сату мақсатында сатып алған тауарлар. Көтерме сауда және бөлшек сауда саудагерлер қайта сатуға арналған тауарларды өндемейді, тек сату үшін тартымды және колайлы болу үшін тауардың түрін көркемдейді (жуады, сұрыптаиды, орап-буады).

Мемлекеттік материалдық резервтер – мемлекет, басқару органдары болжанбаған, қажет болған жағдайларда кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін резервтейтін материалдық ресурстардың (шикізат, отын, материалдар, тұқым, жем-шөп және т.б.) запастары.

Ұлттық байлықтың ұдайы өндірісі инвестициялардың есебінен жүзеге асырылады. *Инвестициялар* – бұл акша капиталының табыс (пайда) алу немесе оң әлеуметтік әсерге жету мақсатында ел ішінде және шет елде каржылық емес активтер мен құрылышқа салымы.

Инвестициялар статистикасының мақсаты:

1. Акпарат жинау, инвестициялардың жалпы көлемін аныктау.
2. Инвестициялардың құрамын, құрылымын, динамикасын статистикалық зерттеу.
3. Инвестицияларды игеру мен пайдалануды статистикалық талдау.

Ақша капиталы келесі каржылық емес активтерге салынады:

- 1) *негізгі капиталга инвестиция жұмсау* – ғимараттарға, құрылыштарға, машиналарға, жабдықтарға, малға, өсімдіктерге, пайдалы кенді барлауға, компьютерлік бағдарламалық қамтамасыздандыруға, әдеби және көркем шығармалардың түпнұсқаларына, жаңа ақпаратқа, арнаіы білімге;
- 2) *материалдық айналым капиталының қорын толықтыруға инвестиация жұмсау* – өндірістік корларға, аяқталмаған құрылышка, даяр өнімге, қайта сатуға арналған тауарларға;
- 3) *құндылықтарға инвестиация жұмсау* – асыл тастарға, бағалы металдарға, өнер туындыларына, топтамаларға, зергерлік бұйымдарға;

- 4) *өндірілмеген материалдық активтерді сатып алуға инвестиация жұмсау* – жерге, жер теліміне, жер қойнауы мен табиғатты пайдаланудың басқа объектілеріне;

- 5) *өндірілмеген материалдық емес активтерге инвестиация жұмсау*: патентке, лицензияға, авторлық құқыққа, сауда белгісіне және т.б.

Статистика инвестициялардың құрамы мен құрылымын келесі белгілер бойынша зерттейді;

А. Негізгі капиталдың ұдайы өндірісінің (инвестициялардың ұдайы өндіріс құрылымы) бағытына байланысты шығыс түрлері бойынша:

- 1) жаңа құрылости;
 - 2) жұмыс істейтін кәсіпорындарды техникалық қайта жараптандыру мен қайта жаңартуды;
 - 3) жұмыс істейтін кәсіпорындарды кенейтуді;
 - 4) жұмыс істейтін қуаттарды қолдауды.
- В. Төменде атап өтілгендер үшін негізгі капиталды жасау мен жетілдіруге арналған жұмыстар мен шығын түріне байланысты инвестицияның технологиялық құрылымындағы:

1) құрылым-монтаж жұмыстары;
 2) жабдық, құрал, сайман сатып алу;
 3) басқа шығындарды (жобалау-іздестіру жұмыстары, дәкүл өсіру, жұмыс істейтін малды сатып алу, құргатуды қажет етпейтін жерлерде мәдени-техникалық жұмыс жүргізу және т.б.).

С. Кәсіпорындардың, ұйымдардың меншік нысаны бойынша:

- 1) мемлекеттік;
- 2) жеке меншік;
- 3) шетел.

D. Қаржыландауды көзі бойынша:

- 1) кәсіпорындар мен ұйымдардың меншікті қаражаты;
- 2) бюджеттік қаражат, оның ішінде республикалық бюджеттің, жергілікті бюджеттің есебінен;
- 3) шетелдік инвестициялар.

E. Салынып жатқан объекттің экономикалық қызметтің түрі бойынша (4-қосымша).

F. Қазақстан Республикасының өнірлері бойынша.

Инвестицияны игеру мен пайдалану қандай көрсеткіштермен сипатталады?

Инвестицияны игеру мен пайдалану көрсеткіштері:

Негізгі капиталды

1. Инвестицияны игеру дәрежесі = пайдалануга беру
негізгі капиталға
инвестиция жұмсау

2. Негізгі капиталды пайдалануга беруге мыналар кіреді:

- құрылышы аяқталған және есепті кезеңде пайдалануга берілетін кәсіпорындардың, ғимараттардың, құрылыштардың құны;
- пайдалануга берілетін жабдықтардың, көлік құралдарының барлық түрлерінің құны;
- көп жылғы өсімдіктердің құны;
- жерлерді суландыру мен құргату жөніндегі жұмыстардың құны;
- бұрынлауы аяқталған және пайдалануга берілген мұнай-газ пайдалану ұнғыларының құны;
- жерлерді жаксарту жөніндегі курделі шығын мен негізгі капиталдың құнын арттырумен байланысты басқа шығын.

3. Мердігерлік жұмыстардың көлемінің құрылышка жүмсалатын инвестицияға арақатынасы.

16.2. Негізгі капиталдың статистикасы

Негізгі капитал (негізгі құрал-жабдық) – экономикада ұзак уақыт бойы (1 жылдан астам) немесе өзгермейтін натуралды-заттай нысандан бірнеше рет немесе тұрақты түрде өзінің құнын жасалатын тауарлар мен кызметтерге бірте-бірте көшіріп пайдаланылатын өндіріс құралдары, экономикалық қаржылық емес активтер. Негізгі капиталдың құрамдас бөліктері 16.3-кестеде көлтірілген.

Негізгі капиталдың әр түрлөрі өндірісте әр түрлі рөл аткарады. Сондықтан негізгі капитал актив және пассив капиталға бөлінеді.

Негізгі капиталдың актив бөлігіне негізгі капиталдың енбек құралдарына, яғни машиналарға, жабдықтарға, құралдарға және т.б. тікелей ықпал ететін түрлері кіреді. Негізгі капиталдың пассив бөлігіне негізгі капиталдың өндіріс процесін қалыпты ұйымдастырып жүргізу үшін жағдай жасайтын түрлері, яғни ғимараттар, құрылыштар жатады.

16.3. Негізгі капиталдың жіктелуі

Негізгі капитал	
материалдық	материалдық емес
Ғимараттар мен құрылыштар, оның ішінде: түрғын үй ғимараттары басқа ғимараттар және құрылыштар	Геологиялық және бұргылау жұмыстары
Машиналар мен жабдықтар, оның ішінде: көлік басқа машиналар мен жабдықтар	Компьютерлік бағдарламалық камтамасыздандыру
Культивацияланатын (өсірілетін) биологиялық ресурстар, оның ішінде: көп жылдық өсімдіктер жұмысшы, өнімді, асыл тұқымды мал балық өсіру, араотбасылары	Еңбекті көп қажет ететін өнеркәсіптік технологиялар

Негізгі баланс туралы негізгі акпарат көзі – бұл баланс. Негізгі капиталдың балансы бастапқы (толькоқ және ағымдағы) құн және баланстық (калдық) құн бойынша және микро- және макроденгейлерде жасалады. Макростатистикалық баланстың схемасы 16.4-кестеде көлтірілген.

16.4. Негізгі капиталдың қалдық құны бойынша балансы

Баланстың бабы	Экономика, барлығы	Оның ішінде касіпорынның қызмет түрлері, меншік нысаны бойынша
<p>1. Жыл басында болғаны</p> <p>2. Жыл ішінде толығу мен қалпына келтіру, барлығы, оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> пайдалануға берілгені (жана) курделі жөндеу басқа себептер бойынша (индекстеу) <p>3. Жыл ішінде тозғаны және кеткені, барлығы, оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> жойылғаны (есептен шыгарылғаны) тозу басқа себептер бойынша (ысырап) <p>4. Жыл соында болғаны</p> <p>5. Негізгі капиталдың өсімі</p> <p>6. Курделі салымдар</p> <p>7. Аяқталмаған құрылыш:</p> <ul style="list-style-type: none"> жылдың басында жылдың соында 		

Негізгі капиталдың баланстарында капиталдың жыл басында болуы, барлық көздерден келіп түсіі, барлық бағыттар бойынша кетуі, жыл соындағы болуы көрсетіледі. Баланстың деректері бойынша негізгі капиталдың жылдың (кезеңнің) басы мен соындағы болуының арасындағы келесідей тәуелділіктің бары анықталады:

$$HK_{ж.с} = HK_{ж.б} + T - Ш,$$

мұнда: $HK_{ж.с}$ – негізгі капиталдың жыл соындағы толық құны;

$HK_{ж.б}$ – негізгі капиталдың жыл басындағы толық құны;

T – жыл бойы барлық балтар бойынша келіп түскен капиталдың құны;

$Ш$ – жыл бойы барлық себептермен кеткен негізгі капиталдың құны.

Негізгі капиталдың толық құны бойынша балансының схемасы осындай болады, алайда оған:

- 1) бастапқы құнды кемітетін есептеген амортизацияның сомасы;
- 2) негізгі капиталдың жыл соындағы құнын ұлғайтатын курделі жөндеуге жұмсалған шығын кірмейді.

Курделі жөндеу көрсеткіштері:

- 1) негізгі капиталдың құнының ұлғаюын (қалдық құн бойынша баланста);

2) күрделі жөндеуге бөлінген акшаны игеруді сипаттайтын.

Негізгі капиталдың бар болу көрсеткішіне:

1. *Бастапқы (толық) құн (БҚ)* – салыктар мен жиындарды қосқанда активті салуға, сатып алуға нақты жұмсалған шығындардың құны, сондай-ақ оны құрастыру, орнату, пайдалануға беру мен оны тағайындалуы бойынша жұмыс жағдайына келтірумен байланысты басқа да шығыстар.

Ағымдағы құн – активтің қолданыстағы нарыктық баға бойынша құны.

2. *Баланстық (қалдық) құн (КҚ)* – негізгі капиталдың жинақталған тозу сомасы шегерілген бастапқы құны. Амортизация (A) – тозудың ақшалай түрі (латынша amortizatio – өтеу), сонда $K\bar{K} = B\bar{K} - A$. Тозу – негізгі капиталдың ескіруі. Тозудың түрлері:

1) табиғи – негізгі капиталдың материалдық ескіруі (тозуы), пайдалану немесе жұмыс істемей тұру нәтижесінде, табиғат қүшінің немесе зілзаланың салдарынан оның табиғи қасиеттері мен құнының бірте-бірте жоғалтуы. Тозудың келесі түрлері болады: а) белгіленген кезеңде есептелген; ә) негізгі капитал жұмыс істей бастаганнан бастап жинақталған тозу;

2) моральдық – негізгі капиталдың құнының жұмыс істейтін ұдайы өндірістің арзандауымен немесе бұдан жетілдірілген негізгі капиталдың жасалуымен байланысты төмендеуі. Моральдық тозудың мынадай түрлері болады: а) негізгі капиталдың құнсыздануы, өйткені осындағы жабдық аз шығынмен жасалады және бұрынғы жабдықтан арзанырақ болады; ә) ғылыми-техникалық прогрессің нәтижесінде озық және бұдан да өнімді жабдық пайда болады.

Моральдық тозған жабдықты жаңартып, жетілдіру қажет, ал бұл үшін күрделі салымның үлесін арттыруға қажет болады.

3. *Қалпына келтіру (толық) құны (КҚ)* – негізгі капиталдың жана жағдайда ағымдағы бағалар деңгейінің өзгеруі ескерілген ұдайы өндіріс құны. ҰШЖ ұсыныстары бойынша қалпына келтіру құны негізгі капиталдың динамикасын көрсету үшін қажет, өйткені өзінің конструктивтік де-ректері бойынша бірдей объектілер өзге тен жағдайларда бірдей ақша сомасымен бағаланады. Қалпына келтіру сомасы негізгі капиталдың түгендеу және қайта бағалау негізінде анықталады. Бастапқы және қалдық құны қалпына келтіру құнына қайта есептеледі. Ол үшін қайта бағалаудың мына әдістері қолданылады:

1) КР Статистика агенттігі жариялайтын бағалар индексін (I_p) пайдалану, яғни:

$$KKK = B\bar{K} \times I_p;$$

$$KK_{KK} = KKK - A,$$

мұнда: I_p – негізгі капиталдың элементтерінің бағалар индексі;

KK_{KK} – қалпына келтіру құнынан тозу шегеріліп есептелген қалдық құн;

2) бағалаушының сертификаты бар кәсіби сарапшының есептерін пайдалану.

Қайта бағалау нәтижесінде негізгі капиталдың құны бағалардың, инфляцияның ағымдағы деңгейіне сәйкестікке келтіріледі.

Негізгі капиталдың қалпына келтіру құны жөніндегі акпарат:

- инвестициялардың негізгі көзі ретіндегі амортизацияны толық көлемде есептеу;
- экономиканың инвестициялық ресурстарын микро- және макро-деңгейде басқару үшін қажет. ҰШЖ-де негізгі капитал тек қалпына келтіру құны бойынша бағаланады.

4. *Жойылу құны (ЖК), ол металл сыйығы сатылатын бага бойынша анықталады*, – бұл негізгі капиталдың ескіру мен тозуынан кеткен негізгі капиталдың қалдық құны (оны сатудан түскен түсім). Негізгі капиталдың құнының осы бөлігіне амортизациялық аударым жасалмайды.

1. Негізгі капиталдың жыл басында болуы (*НКж.б.*).

2. Негізгі капиталдың жыл сонында болуы (*НКж.с.*).

3. Негізгі капиталдың есепті кезең ішінде негізгі капиталдың келу мен кету козғалысына байланысты, оның кезең ішінде орташа болуы. Негізгі капиталдың орташа жылдық құны: а) амортизацияның жылдық құныны анықтау; ә) негізгі капиталды тиімді пайдалану көрсеткіштерін есептеу үшін пайдаланылады. Орта шамаларды есептейтін формулалар 6 және 15.1.2-тақырыптарда келтірілген.

Негізгі капиталдың жай-куйінің көрсеткіштеріне тозу және жарамдылық коэффициенттері жатады. Олар есепті кезеңнің басы мен сонындағы мезеттік көрсеткіштері ретінде есептеледі.

$$K_{\text{тоз ж.б.}} = \frac{T_{\text{ж.б.}}}{БК_{\text{ж.б.}}} \quad \text{немесе} \quad K_{\text{тоз ж.с.}} = \frac{T_{\text{ж.с.}}}{БК_{\text{ж.с.}}}.$$

Мұнда: $K_{\text{тоз ж.б.}}$, $K_{\text{тоз ж.с.}}$ – жылдың тиісінше басы мен сонындағы тозу коэффициенті;

$T_{\text{ж.б.}}$, $T_{\text{ж.с.}}$ – жылдың басындағы, жылдың сонындағы тозу сомасы;

$$K_{\text{ж.ж.б.}} = \frac{KK_{\text{ж.б.}}}{БК_{\text{ж.б.}}} = \frac{БК_{\text{ж.б.}} - T_{\text{ж.б.}}}{БК_{\text{ж.б.}}} = -K_{\text{тоз ж.б.}},$$

$$K_{\text{ж.ж.с.}} = \frac{KK_{\text{ж.с.}}}{БК_{\text{ж.с.}}} = \frac{БК_{\text{ж.с.}} - T_{\text{ж.с.}}}{БК_{\text{ж.с.}}} = -K_{\text{тоз ж.с.}}.$$

Мұнда: $K_{\text{ж.ж.б.}}$, $K_{\text{ж.ж.с.}}$ – жылдың басы мен жылдың сонындағы жарамдылық коэффициенті;

$KK_{\text{ж.б.}}$, $KK_{\text{ж.с.}}$ – жылдың басындағы, жылдың сонындағы қалдық құн.

Негізгі капиталдың козғалыс көрсеткіштеріне тарату, тұсу және жаңарту коэффициенттері жатады. Кезеңнің жойылу және жаңарту коэффициенттері негізгі капиталдың кенейтілген үдайы өндірісін көрсетеді.

$$K_{\text{жойл.}} = \frac{\text{Жойыл.}}{БК_{\text{ж.б.}}} ; \quad K_{\text{ж.}} = \frac{T}{БК_{\text{ж.}}} ; \quad K_{\text{жанарту}} = \frac{\text{Жаңарт.}}{БК_{\text{ж.}}} .$$

Мұнда: Жойыл. – кезенде жойылған (есептен шығарылған) негізгі капитал;

$K_{\text{жоки}}$ – кезенде негізгі капиталды тарату коэффициенті;

T – кезенде толықтыру мен қалпына келтіру, оның ішінде:

Жаңарт. – кезенде жаңадан енгізілген негізгі капитал;

$K_{\text{барл.}}$ – кезенде барлық көздерден негізгі капиталдың тұсу коэффициенті;

$K_{\text{жанарту}}$ – негізгі капиталдың жаңарту коэффициенті.

Келтірілген коэффициенттерді талдағанда олардың әлеуметтік-экономикалық маңызын анықтау қажет. Жаңарту мен жойылу коэффициенттерін салыстырудан негізгі капиталдың бағытын, яғни ескі негізгі капиталды ауыстыруға (кейде интенсивті жаңарту нысанымен байланысты) немесе кенейтүге (экстенсивтік жаңарту нысанымен үйлеседі) бағытталғанын көруге болады.

$$\frac{K_{\text{жанарту}}}{K_{\text{ж.}}} = \frac{\text{Жойыл.}}{БК_{\text{ж.б.}}} \cdot \frac{\text{Жаңарт.}}{БК_{\text{ж.}}} = \frac{\text{Жойыл.}}{\text{жаңарт.}} \cdot \frac{БК_{\text{ж.}}}{БК_{\text{ж.б.}}}$$

Аракатынасы $\frac{\text{Жойыл.}}{\text{жаңарт.}}$ – бұл негізгі капиталдың жаңарту

интенсивтілігінің коэффициенті, ол жаңа енгізілген негізгі капиталдың жойылған үлесінің орнына келуін сипаттайты. Осы коэффициенттің өсуі негізгі капиталдың ауысу интенсивтілігінің төмендеуіне алып келеді және

керісінше. Аракатынасы: $\frac{БК_{\text{ж.}}}{БК_{\text{ж.б.}}}$ бір жылға (періодтағы) арналған негізгі капиталдың динамикасын көрсетеді.

Негізгі капиталдың үдайы өндірісі жай үдайы өндіріске және күрделі үдайы өндіріске бөлінеді. Негізгі капиталдың жылдық үдайы өндірісінің көлемі жаңадан енгізілген негізгі капиталдың бағасы мен күрделі жөндеуге жұмысалған шығынның қосылған құнына тең болады. Негізгі капиталдың жай үдайы өндірісі амортизациялық кор есебінен жасалады.

Жай үдайы өндіріс көрсеткіштері:

- 1) жай үдайы өндіріс көлемі = жылдық үдайы өндіріс көлемі – кенейтілген үдайы өндірістің көлемі;
- 2) амортизациялық кор;
- 3) жыл сайынғы амортизациялық аударымдар;

- 4) амортизация нормасы;
- 5) тозу мен жарамдылық коэффициенттері;
- 6) ұдайы өндірістің жылдық көлеміндегі жай ұдайы өндірістің үлесі.

Амортизациялық аударымдар негізгі капиталды құрделі жөндеу мен қайта жаңарту барысында жүзеге асырылатын ішінәра қалпына келтіруді қамтамасыз етуге тиіс. Өнімнің сатылуына орай амортизациялық аударым амортизациялық қорда жинақталады. Амортизациялық қор кеткен негізгі капиталды қалпына келтіруді (реконструкциялау) қамтамасыз ету үшін жасалады. Амортизациялық аударым өнімнің өзіндік құнына кіреді. Амортизация көрсеткіштері:

1. Амортизациялық (A) аударымның жылдық сомасы:

$$a) \text{ егер жөндеу, қайта жаңарту болмаса } A = \frac{БК - Ж}{t},$$

мұнда: БК – негізгі капиталдың бастапқы құны;

Жойыл. – негізгі капиталдың жойылу құнынан оларды бөлшектеуге жұмсалған шығын шегерілген;

t – негізгі капиталдың нормативтік қызмет көрсету мерзімі;

- 2) егер жөндеу, қайта жаңарту болса, онда

$$A = \frac{БК + ЖЖК + ЖШ - Ж}{t}$$

2. Амортизацияның жылдық нормасы (Na , %):

$$Na = \frac{A \times 100}{KKK} \quad \text{немесе} \quad Na = \frac{A \times 100}{БК}.$$

3. Амортизацияның жалпы сомасы = бастапқы құн + құрделі жөндеудің құны + қайта жаңартуға жұмсалған шығын – жойылу құны, яғни $\Sigma A = БК + ЖЖК + ЖШ - Ж$. Сонда осыдан тарату құны = амортизацияның жалпы құны – құрделі жөндеудің құны – қайта жаңартуға жұмсалатын шығын + тарату құны, яғни $БК = \Sigma A - ЖЖК - ЖШ + Ж$.

Негізгі капиталды тұтыну (НКТ) деп есепті кезең ішінде өндірісте пайдаланылатын негізгі капиталдың физикалық және моральдық тозу немесе кездейсоқ бүліну нәтижесінде азаюы аталады.

Негізгі капиталды тұтынуға:

- осы кезеңде тұтынылған негізгі капиталдың тозу нәтижесіндегі (амортизациялық аударым түріндегі) құнының бөлігі;
- жойылған негізгі капиталдың толықтай амортизацияланбаған құнанан металл сыйнығы мен басқа да материалдық құндылықтардың құны шегерілген сома;

- негізгі капиталдың сақтандыруға болатын ысырабынан шегілген сома, бұл ретте залалдың сомасы таза сақтандыру төлемінің сомасына тең болып кабылданады.

Негізгі капиталдың кеңейтілген үдайы өндірісі күрделі салымның есебінен жүзеге асырылады. Күрделі капитал салымы – жаңа негізгі капиталды жасауға, сондай-ақ жұмыс істейтін негізгі капиталды кеңейтуге, қайта жаңартуга және техникалық жарактандыруға жұмсалатын акша.

Кеңейтілген үдайы өндірістің көрсеткіштері:

- 1) негізгі капиталдың кетуі мен жаңартылуы;
- 2) негізгі капиталдың кету және оны жаңарту коэффициенті;
- 3) кеңейтілген үдайы өндірістің көлемі = негізгі капиталдың абсолюттік есімі;
- 4) күрделі салымдардың көлемі мен құрылымы;
- 5) жаңа негізгі капиталды пайдалануға беру;
- 6) кеңейтілген үдайы өндірістің негізгі капиталдың жылдық үдайы өндіріс көлеміндегі үлесі.

Негізгі капиталды пайдалануға беру көрсеткіші:

- 1) негізгі капиталдың өсуін;
- 2) жаңа негізгі капитал құруға арналған күрделі салымдардың каражатының азайғанын көрсетеді.

Негізгі капиталды пайдалану көрсеткіштері

1. *Капитал қайтарымы (f)* – негізгі капиталды тиімді пайдаланудың, негізгі капиталға салынған әрбір тенгеден алынған өнімнің көлемін көрсететін негізгі көрсеткіш (салыстырмалы бағада немесе тұракты бағада).

$$f = \frac{Q}{HK},$$

мұнда: Q – өндіріс нәтижелері, оларға мына көрсеткіштер тән: а) кәсіпорын деңгейінде – шығарылым, пайда; ә) сала, экономика секторы деңгейінде – шығарылым, жалпы қосылған құн, таза қосылған құн; табыс; б) өнір деңгейінде – жалпы өнірлік өнім, нақты түпкілікті тұтыну; в) экономика деңгейінде – жалпы ішкі өнім және т.б.

2. *Капитал сыйымдылығы* $\frac{1}{f}$ – капитал қайтарымының көрі көрсеткіші.

$$\frac{1}{f} = \frac{HK}{Q}.$$

3. Еңбектің капиталмен жарақтандырылғандығы (қормен жарақтандырылу, F) бір орташа тізімдік қызметкерге T шаккандағы негізгі капиталдың көлемін көрсетеді:

$$F = \frac{HK}{T}.$$

4. Еңбек өнімділігі (W) – бір қызметкерге шаккандағы шығарылған өнім:

$$W = \frac{Q}{T}.$$

Еңбек өнімділігі, капиталмен жарактандырылу мен капитал қайтарымы көрсеткіштері арасындағы өзара байланыс:

$$\text{енбек өнімділігі} = \frac{\text{капитал}}{\text{жарастыру}} \times \frac{\text{енбектік капиталмен}}{\text{жарастыру}}$$

$$W = f \times F \text{ немесе } \frac{Q}{T} = \frac{Q}{HK} \times \frac{HK}{T}.$$

Осындай тәуелділік индекстердің арасында сакталады, яғни

$$I_w = I_f \times I_F.$$

A. Негізгі капиталдың орташа құнының өзгеру салдарынан өнімнің өсуі мен оны тиімді пайдалануды талдау факторлық индектік талдауға негізделеді:

$$\Delta Q = Q_1 - Q_0 = f_1 \overline{HK}_1 - f_0 \overline{HK}_0$$

мұнда: ΔQ – өнімнің жыл ішіндегі жалпы өсімі;

f_1, f_0 – есепті және базистік кезеңдердегі капитал қайтарымы;

$\overline{HK}_1, \overline{HK}_0$ – негізгі капиталдың есепті және базистік кезеңдердегі орташа құны;

$Q_1 = f_1 \overline{HK}_1, Q_0 = f_0 \overline{HK}_0$ – өнімнің есепті және базистік кезеңдердегі, оның ішінде факторлардың ықпалының есебінен көлемі;

а) негізгі капиталдың орташа құнының өзгеруі

$$\Delta Q_{\text{шартты}} = f_0 \overline{HK}_1 - f_0 \overline{HK}_0 = Q_{\text{шартты}} - Q_0,$$

мұнда: $\Delta Q_{\text{шартты}}$ – негізгі капиталдың орташа құнының өзгеруінің ықпалынан өнімнің абсолюттік өсімі;

$Q_{\text{шартты}} = f_0 \overline{HK}_1$ – өнімнің базистік кезеңдердегі капитал қайтарымы мен негізгі капиталдың есептік кезеңдердегі орташа құнының көбейтіндісінің негізінде есептелген шартты мөлшері;

ә) капитал қайтарымының өзгеруі

$$\Delta Q_f = f_1 \overline{HK}_1 - f_0 \overline{HK}_0 = Q_1 - Q_{\text{шартты}}.$$

Абсолюттік өсімдердің өзара байланысы:

$$\Delta Q = \Delta Q_{\text{шартты}} + \Delta Q_f.$$

В. Өзгермелі, тұрақты құрамдар мен құрылымдық өзгерістердің орташа капитал қайтарымы динамикасының индекстері кәсіпорындар, сала топтаптыры бойынша былайша есептеледі:

$$I_{\bar{f}_{(өзг.күр.)}} = \bar{f}_1 : \bar{f}_0 = \frac{\sum f_1 \overline{HK}_1}{\sum HK_1} : \frac{\sum f_0 \overline{HK}_0}{\sum HK_0} = \frac{\sum f_1 d_1}{\sum f_0 d_0},$$

мұнда: \bar{f}_1, \bar{f}_0 – есепті және базистік кезеңдердегі орташа капитал қайтарымы;

f_1, f_0 – жекелеген кәсіпорындардағы, салалардағы есепті және базистік кезеңдердегі капитал қайтарымы;

$$d_1 = \frac{\overline{HK}_1}{\sum HK_1}, d_0 = \frac{\overline{HK}_0}{\sum HK_0} – \text{есепті және базистік кезеңдердегі негізгі капиталдың орташа құнының үлесі, өзіндік салмағы.}$$

Капиталдың жалпы жиынтындағы жекелеген кәсіпорынның, саланың негізгі капиталының орташа құнының үлесі, өзіндік салмағы.

Өзгермелі құрамның индексі еki фактордың өзгеру, яғни жекелеген кәсіпорындардағы, салалардағы капитал қайтарымы мен негізгі капиталдың орташа құнындағы құрылымдық өзгерістердің есебінен, сондай-ақ төмендегі факторлардың ықпалынан да өзгеретінін көрсетеді:

а) жекелеген кәсіпорындардағы, салалардағы капитал қайтарымының өзгеруінен;

$$I_{\bar{f}_{(тұр.күр.)}} = \bar{f}_1 : \bar{f}_{шартты} = \frac{\sum f_1 \overline{HK}_1}{\sum HK_1} : \frac{\sum f_0 \overline{HK}_1}{\sum HK_1} = \frac{\sum f_1 d_1}{\sum f_0 d_1},$$

мұнда: $\bar{f}_{шартты} = \frac{\sum f_0 \overline{HK}_1}{\sum HK_1} = \sum f_0 d_1$ – базистік кезеңнің капитал қайтарымы мен кәсіпорындардың, салалардың (немесе олардың үлесінің) есепті кезеңдегі негізгі капиталының орташа құнының көбейтіндісінің негізінде есептелген шартты капитал қайтарымы.

Тұрақты құрамдағы индексі бір фактордың – негізгі капиталдың өзгермейтін (тұрақты) құрылымында жекелеген кәсіпорындардың, салалардың капитал қайтарымының өзгерісінің есебінен орташа капитал қайтарымының өзгерісін көрсетеді;

ә) негізгі капиталдың құрылымының (негізгі капиталдың жалпы құнындағы жекелеген кәсіпорындардың, салалардың үлесінің) өзгерістері

$$I_{\bar{f}_{(күр.өзг.)}} = \bar{f}_{(шарт)} : \bar{f}_0 = \frac{\sum f_0 \overline{HK}_1}{\sum HK_1} : \frac{\sum f_0 \overline{HK}_0}{\sum HK_0} = \frac{\sum f_0 d_1}{\sum f_0 d_0}.$$

Құрылымдық өзгерістердің индексі орташа капитал қайтарымының бір фактордың – негізгі капиталдың орташа құнындағы құрылымдық өзгерістердің есебінен өзгеруін көрсетеді.

Капитал қайтарымының орташа индекстерінің өзара байланысы:

$$I_{f(\text{өз.күр.})} = I_{f(\text{түр.күр.})} \times I_{f(\text{күр.козг.})}.$$

С. Өнімнің абсолюттік өсуінің барлығын, оның ішінде келесі үш фактордың, яғни капитал қайтарымы, негізгі капиталдың көлемі мен құрылымының өзгеруінің ықпалы есебінен өсуін есептеуге болады.

Өнімнің жалпы өсуі, барлығы

$$\Delta Q = \sum Q_1 - \sum Q_0,$$

оның ішінде факторлардың ықпалының есебінен:

а) жекелеген кәсіпорындарда капитал қайтарымының өзгеруінін;

$$\begin{aligned} \Delta Q_f &= (\bar{f}_1 - \bar{f}_0) \times \sum \overline{HK}_1 = \left[\frac{\sum f_1 \overline{HK}_1}{\sum HK_1} - \frac{\sum f_0 \overline{HK}_1}{\sum HK_1} \right] \times \sum \overline{HK}_1 = \\ &= \sum f_1 \overline{HK}_1 - \sum f_0 \overline{HK}_1 = \sum Q_1 - \sum Q_0; \end{aligned}$$

ә) негізгі капиталдың орташа құнының өзгеруінін

$$\begin{aligned} \Delta Q_{HK} &= (\sum \overline{HK}_1 - \sum \overline{HK}_0) \times \bar{f}_0 = (\sum \overline{HK}_1 - \sum \overline{HK}_0) \times \frac{\sum f_0 \overline{HK}_0}{\sum HK_0} = \\ &= \frac{\sum \overline{HK}_1}{\sum HK_0} \times \sum f_0 \overline{HK}_0 - \frac{\sum \overline{HK}_0}{\sum HK_0} \times \sum f_0 \overline{HK}_0 = I_{HK} \times \sum f_0 \overline{HK}_0 - \sum f_0 \overline{HK}_0 = \\ &= I_{HK} \times \sum Q_0 - \sum Q_0 = \sum Q (I_{HK} - 1), \end{aligned}$$

Мұнда: $I_{HK} = \frac{\sum \overline{HK}_1}{\sum HK_0}$ – негізгі капиталдың орташа құнының индексі;

б) негізгі капиталдың құрылымының өзгеруінін:

$$\begin{aligned} \Delta Q_d &= (\bar{f}_0 - \bar{f}_0) \times \overline{HK}_1 = \left[\frac{\sum f_0 \overline{HK}_1}{\sum HK_1} - \frac{\sum f_0 \overline{HK}_0}{\sum HK_0} \right] \times \sum \overline{HK}_1 = \\ &= \sum f_0 \overline{HK}_1 - \sum f_0 \overline{HK}_0 \times I_{HK} = \sum Q_{\text{шарт}} - \sum Q_0 \times I_{HK}. \end{aligned}$$

Өнімнің абсолюттік өсімінің өзара байланысы:

$$\Delta Q = \Delta Q_f + \Delta Q_{HK} + \Delta Q_d$$



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Үлттық байлыққа ҰШЖ әдістемесі бойынша аныктама беріңіз.
2. Үлттық байлықтың құрамына кіретін экономикалық активтер ҰШЖ әдістемесі бойынша қалай жіктеледі?
3. Негізгі капиталдың толық және қалдық күн бойынша балансының схемасына сипаттама беріңіз.
4. Есеп практикасында негізгі капиталды бағалаудың қандай түрлері пайдаланылады?
5. Негізгі капиталдың бар болу, жай-куйі, қозғалысы мен пайдалану көрсеткіштері қалай есептеледі?
6. Капитал қайтарымының факторлық индекстік талдауы қалай жүргізіледі?
7. «Күрделі (капитал) салым» деген не?
8. Негізгі капиталдың жай ұдайы өндірісінің көрсеткіштерін атаңыз.
9. Негізгі капиталдың кеңейтілген ұдайы өндірісінің көрсеткіштерін атаңыз.
10. Айналым капиталының ұғымына аныктама беріңіз.
11. Инвестициялар ұғымына аныктама беріңіз және инвестициялардың құрамын сипаттаңыз.



Ұсынылатын әдебиет

1. Гусаров В.М. *Статистика*. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2001.
2. *Методологические положения по статистике*. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2005.
3. Социально-экономическая статистика: Учебное пособие / А.М. Елемесова, К.К. Бельгибаева, Е.М. Кииков, Г.М. Молдакулова. – Алматы: Экономика, 1999.
4. Статистика: Учебное пособие / Под ред. В.Г. Ионина. – М.: ИНФРА-М, 2003.
5. Экономическая статистика: Учебник/ Под ред. Ю.Н. Иванова. – М.: ИНФРА-М, 1999.
6. Краткий статистический ежегодник Казахстана, 2005. – Алматы: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2005.

16.3. Практикум

16.3.1. Ізденуге арналған сұрақтар

1. Қаржы активтерінің қаржы емес активтерден айырмашылығы неде?
2. Әрбір қаржы активінің маңызы қандай?

3. Өндірілген материалдық емес қаржы активтері деген не?
4. Ұлттық байлыктың көлемі ҰШЖ әдістемесі бойынша қай ақпарат көздерінің негізінде есептеледі?
5. Қазақстанда ұлттық байлыктың статистикалық есебінің практикасы қандай?
6. Статистика ұлттық байлыктың накты көлемінің динамикасын қалай зерттейді?
7. Негізгі капиталдың балансы деген не?
8. Негізгі капиталды бағалау әдістері қандай?
9. Негізгі капиталдың тозуының қандай түрлерін білесіз?
10. Негізгі капиталдың жай-күйін қандай көрсеткіштер сипаттайтыны және олар қалай есептеледі?
11. Жай ұдайы өндіріс қандай көздердің есебінен жүзеге асырылады?
12. Негізгі капиталдың кенеятілген ұдайы өндірісі қандай көздердің есебінен жүзеге асырылады?
13. Негізгі капиталды пайдалануға беру көрсеткіштерінің маңызы неде?
14. Негізгі капиталдың тиімді пайдаланылуын талдауда факторлық талдаудың қандай әдістерін пайдалануға болады?

16.3.2. Типтік есептерді шешу мысалдары

1 - м ы с а л. Фирманың келесі деректері (млн теңге) белгілі: 1) жыл басында бар негізгі капиталдың толық құны – 800, қалдық құны бойынша – 760; 2) жыл ішінде: а) негізгі капиталды толықтыру мен қалпына келтіру, барлығы – 150, оның ішінде жаңа – 90, индекстеу есебінен – 20, күрделі жөндеу жасалды – 40; ә) тозу және кету, барлығы – 120, оның ішінде жойылғаны – 70, тозғаны – 50. Сарапшы фирманиң жыл соындағы негізгі капиталының толық қалпына келтіру құнын 870 мың теңге сомасына бағалады.

Жоғарыда қарастырылған қай көрсеткіштерді фирманиң келтірілген деректері бойынша есептеуге болады?

Шешуі.

I. Негізгі капиталдың болу көрсеткіштерін бағалау түрлері бойынша:

1. Негізгі капиталдың жыл соындағы бастапқы (толық) құны = $800 + 150 - 120 = 830$ млн теңге.
2. Негізгі капиталдың жыл соындағы қалпына келтіру (толық) құны = 870 млн теңге.
3. Негізгі капиталдың жыл соындағы қалдық құны
 - a) бастапқы құн бойынша = $830 - 50 = 780$ млн теңге;
 - ә) қалпына келтіру құны бойынша = $870 - 50 = 820$ млн теңге.
4. Негізгі капиталдың орташа жылдық құны:

$$\overline{БК} = \frac{БК_{ж.б.} + БК_{ж.с.}}{2} = \frac{800 + 830}{2} = 815 \text{ млн теңге.}$$

Коэффициенттерді есептегендеге біз ҰШЖ ұсынысы бойынша жыл соындағы қалпына келтіру құны және Қазақстандағы есеп практикасында колданылатын жыл соындағы бастапқы құн жөніндегі деректерді пайдаланамыз.

II. Негізгі капиталдың жай-күйінің көрсеткіштері:

- а) қалпына келтіру құны ә) бастапқы құн бойынша:
бойынша:

$$5 \text{ а)} K_{\text{толу. ККК. ж.с.}} = \frac{50 \times 100}{870} = 5,7\%; \quad 5 \text{ ә)} K_{\text{толу. БК ж.с.}} = \frac{50 \times 100}{830} = 6,0\%;$$

$$6 \text{ а)} K_{\text{жаралу. ККК. ж.с.}} = \frac{820 \times 100}{870} = 94,3\%; \quad 6 \text{ ә)} K_{\text{жаралу. БК ж.с.}} = \frac{780 \times 100}{830} = 94,0\%;$$

III. Негізгі капиталдың қозғалысының көрсеткіштері

$$7. K_{\text{жою}} = \frac{70 \times 100}{800} = 8,75\%.$$

$$8. K_{\text{жанару}} = \frac{120 \times 100}{800} = 18,1\%.$$

- а) қалпына келтіру құны
бойынша: ә) бастапқы құн бойынша:

$$9 \text{ а)} K_{\text{тып. ККК. ж.с.}} = \frac{150 \times 100}{870} = 17,2\%; \quad 9 \text{ ә)} K_{\text{тып. БК ж.с.}} = \frac{150 \times 100}{830} = 18,1\%;$$

$$10 \text{ а)} K_{\text{жанару. ККК. ж.с.}} = \frac{90 \times 100}{870} = 10,3\%; \quad 10 \text{ ә)} K_{\text{тып. БК ж.с.}} = \frac{90 \times 100}{830} = 10,8\%;$$

$$11. K_{\text{жою/жанару}} = \frac{70 \times 100}{90} = 77,7\%;$$

IV. Негізгі капиталдың динамикасының көрсеткіштері (бастапқы құн бойыниша):

$$12. NK_{\text{есу карк}} = \frac{830 \times 100}{800} = 103,75\%.$$

V. Негізгі капиталдың ұдайы өндіріс көрсеткіштері

13. Жылдық ұдайы өндіріс көлемі = $90+40=130$ млн теңге.

14. Қенейтілген ұдайы өндіріс көлемі = $830 - 800 = 30$ млн теңге.

15. Жай ұдайы өндіріс көлемі = $130 - 30 = 100$ млн теңге.

16. Негізгі капиталдың жылдық ұдайы өндіріс құрылымы:

$$\text{а)} \text{ қенейтілген ұдайы өндірістің өзіндік салмағы} = \frac{30 \times 100}{130} = 23,1\%;$$

$$\text{ә)} \text{ жай ұдайы өндірістің өзіндік салмағы} = \frac{100 \times 100}{130} = 76,9\%.$$

2 - м ы с а л. Фирма бойынша мынадай деректер берілген, мың геңгеде:

Көрсеткіш	Базистік жыл	Есепті жыл
1. Негізгі капиталдың тұракты бағалардағы орташа құны	500	650
2. Өнімнің тұракты бағалардағы шыгарылымы	600	815,1

Есепті және базистік жылдардағы капитал қайтарымын байлайша есептейміз:

$$f_1 = \frac{815,1}{650} = 1,254; \quad f_0 = \frac{600}{500} = 1,2.$$

Өнімнің өсімін байлайша есептейміз.

$$\Delta Q = Q_1 - Q_0 = 815,1 - 600 = 215,1 \text{ мың тенге};$$

оның ішінде факторлардың ықпалының есебінен өсуін:

а) негізгі капиталдың орташа құнының өзгеруін

$$\Delta Q_{HK} = f_0 \bar{HK}_1 - f_0 \bar{HK}_0 = f_0 (\bar{HK}_1 - \bar{HK}_0) = 1,2 (650 - 500) = 180 \text{ мың тенге};$$

ә) капитал қайтарымының өзгеруін

$$\Delta Q_f = f_1 \bar{HK}_1 - f_0 \bar{HK}_0 = \bar{HK}_1 (f_1 - f_0) = 650 (1,254 - 1,2) = 35,1 \text{ мың тенге};$$

Тексеру: $215,1 = 180 + 35,1$.

Төмендегі кестеде барлық мәліметтерді қарастырып (бастанкы және есептік) факторлық индекстік талдаудын мысалын келтіреміз:

АК	Тұркты бағалардағы бастанкы деректер				Есептік деректер				өнім шығарылымы, мың тенге	
	өнім шығарылымы, мың тенге		негізгі капиталдың орташа құны, мың тенге		негізгі капиталдың жалпы құнындағы АҚ-ның құны		капитал қайтарымы			
	базистік жыл	есептік жыл	базистік жыл	есептік жыл	базистік жыл	есептік жыл	базистік жыл	есептік жыл		
1	2	3	4	5	6	7	$8=2:4$	$9=3:5$	$10=8 \times 5$	
1	55800	66500	18600	19000	0,775	0,760	3	3,5	57000	
2	21800	25200	5400	6000	0,225	0,240	4,037	4,2	24222	
Жиыны	77600	91700	24000	25000	1	1	3,233	3,668	81222	

А. $I_{(тұр.күр.)} = f_1 : f_0 = 3,668 : 3,233 = 1,135$ немесе 113,5%, яғни екі АҚ-да

капиталдың орташа қайтарымы 13,5%-ға үлгайды;

оның ішінде факторлардың ықпалының есебінен:

а) әрбір АҚ капитал қайтарымының өзгеруінен:

$$I_{(тұр.күр.)} = \bar{f}_1 : \bar{f}_0 = 3,668 : \frac{3 \times 19000 + 4.037 \times 6000}{25000} = 3,668 : \frac{81222}{25000} = \\ = 3,668 : 3,249 = 1,129 \text{ немесе } 112,9\%,$$

яғни капитал қайтарымының өсуі арқылы екі АҚ-да орташа капитал қайтарымы 12,9%-ға артты;

ә) негізгі капитал күрылымының өзгеруі:

$$I_{\bar{f}_{(нег. күр.)}} = \bar{f}_{шарт.} : f_0 = 3,249 : 3,233 = 1,005, \text{ немесе } 100,5\%, \text{ яғни екінші АҚ-да негізгі}$$

капиталдың үлесінің 22,5%-дан капитал қайтарымы жоғары 24% -та дейін арту есебінен орташа капитал қайтарымы 0,5%-та ұлғайды.

Капитал қайтарымының орташа индекстерінің өзара байланысы:

$$I_{\bar{f}_{(өзг. күр.)}} = I_{\bar{f}_{(түр.коз.)}} \times I_{\bar{f}_{(күр.коз.)}} \\ 1,135 = 1,129 \times 1,005.$$

В. Өнімнің абсолюттік өсімі, барлығы

$$\Delta Q = \Sigma Q_i - \Sigma Q_{шарт.} = 91700 - 77600 = 14100 \text{ мың тенге};$$

оның ішінде факторлардың ықпалының есебінен:

а) жекелеген АҚ-да капитал қайтарымының өзгеруі:

$$\Delta Q_f = \Sigma Q_i - \Sigma Q_{шартты.} = 91700 - 81222 = 10478 \text{ мың тенге};$$

ә) негізгі капиталдың орташа күнінің өзгеруі:

$$\Delta Q_{\overline{ПК}} = \Sigma Q_0 (I_{\overline{ПК}} - 1) = 77600 \times \left(\frac{25000}{24000} - 1 \right) = \\ = 77600 \times (1,0417 - 1) = 3235,92 \text{ мың тенге};$$

б) негізгі капиталдың күрылымының өзгеруі:

$$\Delta Q_d = \Sigma Q_{шартты.} - \Sigma Q_0 \times I_{\overline{ПК}} = 81222 - 77400 \times 1,0417 = \\ 81222 - 80835,92 = 386,08 \text{ мың тенге}$$

Өнімнің абсолюттік өсімінің өзара байланысы:

$$\Delta Q = \Delta Q_f + \Delta Q_{\overline{ПК}} - \Delta Q_d,$$

$$14100 = 10478 + 3235,92 + 386,08.$$

Сөйтіп, екі АҚ-да өнімнің өсімі 3 фактордың, яғни негізгі капиталды тиімді пайдаланудың өсуінің, негізгі капиталдың жиынтының ұлғаюының және капитал қайтарымы жоғары деңгейдегі негізгі капитал жиынтының артуының арқасында қамтамасыз етіледі.

Факторлар әр түрлі дәрежеде ықпал етеді. Ең жоғары өзіндік салмак 74,3% ($10478 : 14100$) – капитал қайтарымының өсуіне, 23% – негізгі капитал жиынтының ұлғаюына және 2,7% – негізгі капиталдағы күрылымдық өзгерістерге тән.

16.4. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

16.4.1. Есептер

1 - е с е п. Қазакстан Республикасы Статистика агенттігінің есептері бойынша ұлттық байлыктың – коғамның енбегімен жыл ішінде жинақталған материалдық итілік элементтерінің динамикасы жөнінде келесі деректер берілген (ағымдағы бағада, млрд теңге):

Көрсеткіш	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.
Негізгі капитал	3402	4004	4883	5707
Материалдық емес активтер	59	78	87	97
Тауарлы-материалдық корлар	383	457	726	698
Анықтама бойынша:				
Халықтың үй мүлкі	293	445	556	691

Мыналарды анықтаңыз.

1. Эр жылы жинақталған ұлттық байлыктың құндық сомасын (млрд теңге).
2. Эр жылы жинақталған ұлттық байлыктың құрылымын, құрылымдық өзгерістерді тауып анықтаңыз (пайизда).
3. Жинақталған ұлттық байлыктың жекелеген бөліктерінің (элементтерінің) аракатынасын.
4. Жинақталған ұлттық байлыктың физикалық көлемінің динамикасын қалай зерттеу кажет? Экономикалық қорытынды жасаңыз.

2 - е с е п. Өнірлердің бірінде есепті кезеңде ұлттық байлыктың элементтері ағымдағы бағада мыналарды құрады (млрд теңгеде): негізгі капитал – 640, материалдық айналым каражатының қорлары – 80, халықтың жеке мүлкі – 30. Базистік кезеңмен салыстырғанда бағалар тиісінше – 53, 58 және – 65%-ға көтерілді.

Базистік кезеңде жинақталған ұлттық байлыктың құны 650 млрд теңгени құраған жағдайда оның физикалық көлемі қалай өзгергенін анықтаңыз?

Жауабы: 25,1%-га төмөнделеі.

3 - е с е п. Ұлттық байлыктың экономикалық активтерін ұлттық шот жүйесі бойынша жіктеніз және оның көлемін анықтаңыз:

- 1) қаржы активтері, жиыны;
- 2) қаржы емес активтерді, жиыны, оның ішінде: өндірілген материалдық; өндірілген материалдық емес; өндірілмеген материалдық;
- 3) өндірілмеген материалдық емес активтерді мына шартты деректер бойынша (млрд теңге):

Негізгі капитал	300	Өнер туындылары	150
Монетарлық алтын	25	Құндылыктар	20
Жер	500	Акциялар	220

Кестенің соңы

Бұргылау жұмыстарына жұмсалатын шығын	50	Лицензиялар, патенттер	180
Зайдар	250	Колма-қол валюта	90
Сактандыру техникалық резервтер	60	Басқа дебиторлық және кредиторлық берешек	450
Пайдалы кен қазбалары	800	Депозиттер	194
Материалдық айналым каражатының корлары	45		

4 - е с е п. Жылдық амортизация нормасы орташа 7%, ал жыл сайынғы амортизациялық аударым 84 млн теңге екені белгілі болған жағдайда, фирманиң негізгі капиталының бастапқы құнын анықтаңыз (млн теңгеде).

Жауабы: 1200.

5 - е с е п. Станок 10 жыл жұмыс істеді. Осы мерзім ішінде ол екі рет күрделі жөндеуде болды. Эрбір күрделі жөндеудің құны 20 мың тенгені, жыл сайынғы амортизациялық аударым 9 мың тенгені құрады. Осы түрдегі станоктың бағасы алғашкы екі жылда орташа 1%-ға, төрт жыл 2,8%-ға, соңғы жылы 5%-ға жыл сайын көтерілпі отырды.

Мынаны анықтаңыз:

1. Бастапқы құнды (мың тенге).
2. Қалдық құнды (мың тенге).
3. Толық қалпына келтіру құнын (мың тенге).
4. Амортизацияның жылдық нормасын қалпына келтіру құны бойынша (%).

Жауабы: 1) 51; 2) 1; 3) 63,3; 4) 14,2.

6 - е с е п. АҚ негізгі капиталының бастапқы құны 4,8 млн тенгені, олардың жарамдылық коэффициенті 90%-ды құрайды. Тозу құны ескерілген қалпына келтіру құны 5,2 млн тенгеге тен.

Мынаны анықтаңыз:

1. Қалдық құнды (млн тенге).
2. Амортизацияның сомасын (млн тенге).
3. Толық қалпына келтіру құнын (млн тенге).

Жауабы: 1) 4,32; 2) 0,48; 3) 5,78.

7 - е с е п. Алматы қаласының бір кәсіпорнының негізгі капиталы жөніндегі мына деректер бар, мың тенге:

- | | |
|---|--------|
| 1. Жылдың басында болуы (бастапқы құн) | - 1012 |
| 2. Есепті жылы толықтыру мен қалпына келтіру барлығы онын ішінде: | - 24 |
| жанадан қолданыска берілген индексация есебінен | - 2 |
| 3. Есепті жылы кеткені және тозғаны, барлығы онын ішінде: | - 45 |
| жойылғаны (есептен шығарылғаны) | - 6 |
| өзге себептер бойынша | - 39 |
| 4. Жыл соңындағы қалдық құн | - 415 |

- A. Негізгі капиталдың балансын жасаңыз.
- B. Мына көрсеткіштерді есептеніз:
- Негізгі капиталдың жыл сонындағы толық бастапқы құнын (мың теңге).
 - Негізгі капиталдың толық жылдық бастапқы құнын (мың теңге).
 - Есепті жылдың абсолюттік өсімі мен динамика коэффициентін (пайызда).
 - Негізгі капиталдың түсімінің құрылымын (пайызда).
 - Негізгі капиталдың кету құрылымын (пайызда).
 - Негізгі капиталдың түсү, жаңарту, жойылу (есептен шығару) коэффициенттерін (пайызда).
 - Жинақталған тозу сомасын (жыл сонында (мың теңге)).
 - Негізгі капиталды жаңарту қарқынының коэффициентін (пайызда).
- Жауабы:** 2) 1001,5; 3)-21; 97,9; 7) 576.

8 - е с е п. Қазакстан Республикасында негізгі капиталдың және өнім шығарудың ағымдағы бағадағы динамика жөніндегі деректер берілген, млрд теңгеде:

Көрсеткіш	Негізгі капиталдың орташа құны		Өнім шығарылымы	
	2002 ж.	2003 ж.	2002 ж.	2003 ж.
Тауар шығаратын салалар	2765	3180	1654	1980
Нарықтық және нарықтық емес қызмет көрсететін салалар	2117	2527	1906	2390
Жиыны	4883	5707	3560	4370

Мынаны есептеніз:

- Әр жылдың негізгі капиталының құрылымын және құрылымдық өзгерістерді анықтандыз.
- Салалардың және экономика бойынша орташа әрбір жылдың капитал қайтарымын.
- Өзгермелі, тұракты құрамның және құрылымдық өзгерістің орташа капитал қайтарымының индекстерін.
- Экономикалық корытынды жасаңыз.

9 - е с е п. Кәсіпорын бойынша мынадай деректер берілген:

Көрсеткіш	Базистік жыл	Есепті жыл
1. Өнімнің шығарылымы (тұракты бағада) мың теңге	840	1020
2. Негізгі капиталдың орташа құны (тұракты бағада), мың теңге	680	710
3. Қызметкерлердің орташа тізімдік саны, адам	350	380

Әр жылдың:

- Капитал қайтарымын.
- Капитал сыйымдылығын.
- Еңбектің капиталмен жарактандырылуын (мың теңге/адам).
- Еңбек өнімділігін (мың теңге/адам).

5) Енбектің капиталмен жарактандырылу, капитал кайтарымы, енбек өнімділігі индекстерінің арасындағы өзара байланысты табыңыз.

6) Өнімнің өсімін (мың теңге) барлығы, оның ішінде төмендегі факторлардың ықпалының есебінен:

а) капитал қайтарымының; ә) негізгі капиталдың орташа күнін.

Жауабы: 1) 1,235; 1,437; 5) $1,118 = 1,163 \times 0,961$;

6) 180; 6а) 143; 6ә) 37.

10 - е с е п. Үш фирма бойынша мың теңгедегі мынадай деректер (тұрақты бағада) берілген:

Фирма	Өнімнің шығарылымы		Негізгі капиталдың орташа күні	
	базистік жыл	есепті жыл	базистік жыл	есепті жыл
1	1200	1312	450	460
2	1000	1250	630	540
3	1620	1780	510	610

Мынаны анықтаңыз:

1. Эр фирма бойынша базистік және есепті жылдағы және орташа капитал қайтарымын.

2. Өзгермелі, тұрақты құрамдардың және құрылымдық өзгерістердің орташа капитал қайтарымының индекстерін. Олардың өзара байланысын табыңыз.

3. Орташа капитал қайтарымының абсолюттік өзгеруін, оның ішінде факторлардың ықпалының есебінен: а) әр фирмадағы капитал қайтарымының өзгеруін; ә) негізгі капиталдың құрылымының өзгеруін.

4. Өнімнің абсолюттік өсімін (мың теңге) барлығы, оның ішінде факторлардың өзгеруінің ықпалынан: а) капитал қайтарымының; ә) негізгі капитал көлемінін; б) негізгі капиталдың көлемінін.

Жауабы: 1) $\bar{f}_0 = 2,403 : \bar{f}_1 = 2,697 ; 2) 1,123 = 1,080 \times 1,040$;

3) 0,294; а) 0,199; а) 0,095; 4) 522; а) 320,8; а) 48,1; б) 153,1.

11 - е с е п. Базистік кезеңмен салыстырғанда есепті кезеңде негізгі капиталдың өсімі 10%-ды курады. Капитал қайтарымы 5%-ға төмендеді.

Базистік кезеңмен салыстырғанда есепті кезеңде өнімнің шығарылымы, оның ішінде факторлардың өзгеруінің есебінен канша пайызға өзгергенін анықтаңыз:

а) капитал қайтарымының;

ә) негізгі капиталдың көлемінін.

Жауабы: + 4,5%; - 5,5%; + 10%.

12 - е с е п. Базистік кезеңдегі басқа кәсіпорындармен салыстырғанда есепті кезеңде капитал қайтарымы жоғары кәсіпорындардың үлесі үлгайды. Құрылымдық өзгерістердің орташа капитал қайтарымының индексінің маңызы қандай?

Мына жауаптардың бірін таңдаңыз: А) I-ден көп; В) I-ден аз; С) I-ге тең.

13 - е с е п. Базистік кезеңмен салыстырғанда есепті кезеңде өнімнің шығарылымы 21%-ға ұлғайды. Негізгі капиталдың құны 10%-ға артты.

Капитал қайтарымы қалай өзгергенін анықтаңыз.

Жауабы: 10%-ға ұлғайды.

14 - е с е п. Үш кәсіпорын бойынша өнімнің шығарылымы 44%-ға артты. Негізгі капиталдың құны 20%-ға көтерілді. Үш кәсіпорынның әрқайсысында капитал қайтарымы 25%-ға бірдей ұлғайды.

Мынаны анықтаңыз:

1. Өзгермелі құрамның капитал қайтарымының индексін.
2. Тұркты құрамның орташа капитал қайтарымының индексін.
3. Құрылымдық өзгерістердің орташа капитал қайтарымының индексін.

Жауабы: 1) 1,2; 2) 1,25; 3) 0,96.

15.4.2. Тест тапсырмалары

- 1. Ұлттық байлықтың құрамына ҰШЖ әдістемесі бойынша не кіреді?**
 - 1) қаржы және қаржы емес активтер;
 - 2) еңбек ресурстары;
 - 3) бүкіл халық;
 - 4) тек табиғи ресурстар;
 - 5) қаржы емес активтер.
- 2. «Құндылықтар» активіне не жатады?**
 - 1) шикізат;
 - 2) аяқталмаған өндіріс;
 - 3) асыл тастар;
 - 4) ғимараттар;
 - 5) монетарлық алтын.
- 3. Жыл басындағы құн – 100. Жыл ішінде 20 жаңа негізгі капитал сатып алынды, басқа фирмадан келгені – 10, кеткені – 40. Осы деректер (млн теңге) бойынша негізгі капиталдың жанару коэффициентін анықтаңыз (%-да):**
 - 1) 11,1;
 - 2) 22,2;
 - 3) 20;
 - 4) 30;
 - 5) 33,3.
- 4. Негізгі капиталдың құны салыстырмалы бағада млн теңгеде базистік жылды 40 млн теңгені, есепті жылды 31,25 млн теңгені құрады. Алынған өнімнің көлемі тиісінше 30 және 27,2 құрады. Негізгі капиталдың физикалық көлемі өзгерүйнің есебінен өнімнің есімін (млн теңге) анықтаңыз. Алынған өнімнің көлемі тиісінше 30 және 27,2-ға тең.**
 - 1) 3,7635;
 - 2) -6,5625;

- 3) -2,8;
 4) 31,25;
 5) 27,2.
5. Базистік кезеңмен салыстырғанда есептік кезеңде экономиканың екі саласы бойынша орташа капитал қайтарымы 6,8%-ға артты. Эр сала бойынша капитал қайтарымының ұлғаю есебінен орташа капитал қайтарымы 3,8%-ға ұлғайды. Құрылымдық өзгерістердің капитал қайтарымының индексін анықтаңыз:
- 0,972;
 - 1,009;
 - 1,038;
 - 1,068;
 - 1,029.
6. Негізгі капиталдың қолемінің өзгеруінің ықпалы есебінен салыстырмалы баға бойынша өнімнің жалпы индексін млн тенгеде есептеңіз:
- | Сала | Өнімнің шығарылымы | | Негізгі капиталдың орташа жылдық құны | |
|--------|--------------------|------------|---------------------------------------|------------|
| | базистік жыл | есепті жыл | базистік жыл | есепті жыл |
| Өндіру | 60 | 70 | 120 | 175 |
| Өндеу | 80 | 100 | 50 | 50 |
| Жиыны | 140 | 170 | 170 | 225 |
- 1,196;
 - 0,917;
 - 0,903;
 - 0,744;
 - 0,824.
7. Базистік жылмен салыстырғанда есепті жылы үш акционерлік когам бойынша орташа капитал қайтарымы 20%-ға, оның ішінде эр АҚ-да капитал қайтарымының өзгеруінен орташа капитал қайтарымы 14%-ға ұлғайды. Тұрақты құрамның индексін анықтаңыз.
- 1,20;
 - 1,14;
 - 1,053;
 - 0,95;
 - 1,368.
8. Негізгі капиталдың козғалыс көрсеткіштеріне не жатады?
- материал сыйымдылығы;
 - өзіндік шығыс;
 - тозу мен жарамдылық коэффициенттері;
 - капиталмен жарақтандырылу мен капитал сыйымдылығы;
 - келу және кету коэффициенттері.

9. Негізгі капиталдың жыл ішінде орташа құнын мына деректер бойынша есептеніз (мың тенге):

1.01.05	1.04.05	1.10.05	1.12.05	1.01.06
550	10	520	530	525

- 1) 521,5;
- 2) 525,5;
- 3) 540.
- 4) 527;
- 5) 520.

10. Статистика елдің ұлттық байлығының құрылымын кай түрде графикалық зерттейді?

- 1) гистограмма;
- 2) полигон;
- 3) сзыбыткы диаграмма;
- 4) секторлық (шебер) диаграмма;
- 5) картограмма.

11. Негізгі капиталды тиімді пайдалануды қай көрсеткіш сипаттайды?

- 1) жаңарту коэффициенті;
- 2) капитал қайтарымы;
- 3) тозу коэффициенті;
- 4) өндіріс бағасы;
- 5) өзіндік шығыс.

12. Негізгі капиталдың жыл сонындағы млн тенгедегі жарамдылық коэффициентін мына деректер бойынша анықтаңыз:

a) негізгі капиталдың жыл басындағы болуы	400
b) жыл сонындағы тозу сомасы	120
c) жыл ішінде түскені	150
d) жыл ішінде кеткені	40

- 1) 76,5%;
- 2) 70%;
- 3) 69%;
- 4) 74%;
- 5) 68%.

13. Ересек жұмысшы және осімді мал қай активіне жатады?

- 1) қундылық;
- 2) қаржы;
- 3) материалдық айналым қаражаты;
- 4) материалдық емес активке;
- 5) негізгі капитал.

17-ТАҚЫРЫП

ШЫҒЫН МЕН АРАЛЫҚ ТҰТЫНУ СТАТИСТИКАСЫ

17.1. Шығын мен аралық тұтыну туралы үғым және оның құрамы

Шығынды статистикалық зерттеудің теориясы өндіріс пен айналыс шығыны жөніндегі экономикалық ғылымға негізделеді. Кәсіпорындар мен үйімдардың практикалық қызметінде өндіріс пен айналыс шығасылары шығын мен өзіндік құн нысанына айналады. Өндіріс пен өнім сатуға жұмсалатын шығынның сомасын анықтау үшін кәсіпорындардың, үйімдардың, мекемелердің бухгалтерлік есептілігі, сонымен қатар статистикалық есептілігі де пайдаланылады.

Шығын мен аралық тұтыну статистикасының міндеттері:

1. Кәсіпорындарда, экономика салалары және жалпы экономикада өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығынның сомасын анықтау.
2. Кәсіпорындар мен үйімдарда өнімнің өзіндік құнын есептеу.
3. Шығынның құрамын, құрылымын, шығынның құрамдас беліктерін, кәсіпорындардың меншік нысанын, экономика саласын, экономика секторын және т.б. белгілер бойынша зерттеу.
4. Өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығынның динамикасын талдау.
5. Өнімнің өзіндік құны деңгейінің өзгеруіне факторлардың жасайтын ықпалын топтастыру, индекстер, корреляция теориясының көмегімен статистикалық зерттеу.

Өнім өндіруге жұмсалатын шығынға кәсіпорын қызметінің негізгі қызмет түрі бойынша өндірістің, яғни өнеркәсіптің, құрылыштың, ауыл шаруашылығының, аңшылықтың, балық шаруашылығының бүкіл қолеміне қатысты шығынның толық мөлшері кіреді. Экономиканың осы салаларында жасалған өнім өзінің тұтыну қасиеттерін тиісті қолем мен түрде сактап тұтынушыға дейін жеткізілуі тиіс. Айналыс саласындағы шығындар өнімді

жеткізу, сактау, қайта өндіреу, өлшеп орау, каптау, тұтынушыға босату және т.б. есебінен ұлғаяды. Осы шығындар сату шығындары деп аталады.

Статистикада өнімді өндіру мен сатуға жұмсалған шығынның жалпы сомасы мына түрлер бойынша бөлінеді:

1. Материалдық шығын, жиыны:

оның ішінде:

- шикізат пен негізгі материалдар;
- сатып алынатын бұйымдар, жартылай фабрикаттар;
- қосалқы материалдар (отын, энергия, табиги шикізатты пайдалану үшін төленетін төлем);
- бөрге ұйымдар орындаған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен кызметтерді (құрылыш сипатындағы жүкті тасымалдау, күрделі жөндеу, ағымдағы жөндеу) төлеу;
- материалдық құндылықтардың жетіспеуі мен бүлінуінен шегілетін ысырап;
- басқа шығындар.

2. Негізгі капиталдың тозуы.

3. Материалдық емес активтердің амортизациясы.

4. Өзге шығын, жиыны:

оның ішінде:

- іссапар шығыны, көтермеақы;
- жалға алу төлемі;
- кен өндіру салаларының дайындау жұмыстарына жұмсайтын шығыны;
- өкілдік шығыстар;
- банк кредитінің пайыздары;
- міндетті сактандыру төлемдері;
- салық төлемдері;
- бюджеттен тыс корларға (медициналық сактандыруды қоспағанда зейнетакы, жұмыспен камту, міндетті сактандыру корларына аударым; коммуналдық шаруашылықтың қызметін, банктердің, консультациялық, ақпараттық, аудиторлық ұйымдардың, өрт кузеттінің, тұрмыстық қызмет көрсету, сот, арбитраждық, нотариалдық, жолаушылар көлігі, байланыс, маркетинг пен жарнама қызметі мекемелерінің төлеу).

5. Еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығын, жиыны:

оның ішінде:

- тізімдегі және тізімнен тыс құрамның еңбекақысы;
- әлеуметтік сактандыру аударымы;
- қызметкерлерге кәсіпорын қаражатының есебінен әлеуметтік жәрдемақы төлеу.

Өнімнің өзіндік құны осы ақшалай шығыннан, алайда белгіленген өнімнің көлемін өндіру процесінде табиғи ресурстарды, шикізатты, материалдарды, отынды, энергияны, негізгі капиталды, еңбек ресурстарын пайдаланумен байланысты ақшалай шығыннан құралады.

Өнімнің өзіндік құны көрсеткіштерін талдап корыту, біріктіру дәрежесіне байланысты олар мына түрлерге бөлінеді:

1. Бүкіл өнімнің жалпы өзіндік құны – өнімнің белгіленген түрі және құрамын жасау мен сатуға жұмсалатын шығынның жалпы сомасы.

2. Өнім бірлігінің жеке өзіндік құны – бір бұйымды жасауға, мысалы, ерлерге арналған бір костюмді тігуге жұмсалған шығын.

Өнім бірлігінің өзіндік құны өнімнің белгіленген көлемін өндіруге жұмсалған шығын сомасының осы өнімнің санына қатынасы ретінде былайша есептеледі:

$$Z = \frac{zq}{q} ,$$

мұнда: Z – өнім бірлігінің өзіндік құны;

q – өнімнің табиғи түрдегі саны;

zq – өнімнің белгіленген көлемін өндіруге жұмсалған шығын.

3. Өнім бірлігінің орташа өзіндік құны – өнімнің белгіленген көлемін өндіруге жұмсалған шығынның өндірілген осы өнімнің санына жұмсалған жалпы сомасы. Мысалы, шаруашылықтардағы бір центнер сүттің орташа өзіндік құны. Өнім бірлігінің орташа өзіндік құны арифметикалық орташа салмақталған формула бойынша анықталады:

$$\bar{Z} = \frac{\sum zq}{\sum q} \sum zd,$$

мұнда: \bar{Z} – өнім бірлігінің орташа өзіндік құны;

$$d = \frac{q}{\sum q}$$

өнімнің белгіленген түрінің осы өнімнің жалпы өндірісіндегі құрылымы, өзіндік салмағы немесе үлесі. Мысалы, аудан, облыс шаруашылықтарының сүт өндірісінің жалпы республика бойынша жалпы сүт өндірісіндегі үлесі.

Экономикалық қызметтің кейбір салаларында өнімнің өзіндік құнының есептеудің ерекшеліктері:

1. *Өнеркастите* өнімнің әр сағатағы күндеңі, аптадағы, айдағы, токсандағы, жылдағы өзіндік құнын анықтауға болады.

2. *Ауыл шаруашылығында* ұдайы өндірістің табиғи жағдайларының салдарынан, сондай-ақ ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімділігіне, мал мен құстың өсімталдығына байланысты:

а) өзіндік құн тек жылдың нәтижелері бойынша есептеледі;

ә) өсімдік өсіру, мал шаруашылығы өнімі бірлігінің өзіндік құны, сондай-ақ жекелеген жұмыс түрлерінің, яғни 1 га ауыл шаруашылық алқабын жырту мен егудің өзіндік құнының жанама көрсеткіштері, 1 бас малды ұстауға жұмсалған шығыс анықталады.

3. Құрылышта өнімнің конструктивтік элементтері немесе жұмыстардың жер, құрастыру, жобалау, іргетасты қалау, еден төсөу және т.б. сияқты жекелеген бірліктері калькуляцияланады. Сондыктан құрылышта мыналардың өзіндік құны анықталады:

а) құрылыш, монтаж жұмыстарының жекелеген түрлері смета бойынша және нақты анықталады. Сонымен бірге құрылыштың ұзак уақыт бойы жүргізуіне, оның капитал сыйымдылығы әр түрлі болуына байланысты статистикалық қызметтер өзіндік құнды құрылышы аяқталған обьектілер мен құрылыш өндірісінің аяқталмаған обьектілері бойынша есептейді;

ә) даяр құрылыш өнімі бірлігін (мысалы, 1 м тұрғын үй ауданының, 1 м кәсіпорын корпусының кәсіпорынның өндірістік қуатының бірлігі).

ҰШЖ-де шығын бастапқы шығын және аралық тұтыну деп аталағын екі түрге бөлінеді.

Бастапқы шығынға өндірістің бастапқы факторларының шығыны жатады және оған еңбекакы, өндіріске салынатын салық, негізгі капиталды тұтыну кіреді. Аралық тұтыну (АТ) жана, басқа тауар мен қызмет жасау процесінде жұмсалған тауарлар мен қызметтердің өндірісінің құнның камтиды. Аралық тұтыну ҰШЖ макроэкономикалық көрсеткіштер разрядына жатады және негізгі капитал мен еңбекакыны қоспағанда, отандық өндірушілер осы кезең ішіндегі өндірістік қызмет процесінде жұмсаған өнімнің құнның білдіреді. Аралық тұтыну кәсіпорындардың тек макроденгейде өнім өндіруге және оны сатуға жұмсаған шығын жөніндегі деректердің негізінде есептеледі.

Шығын баптарына бөліктері бір өндірістік циклмен толықтай қамтылмайтын, сол себептен аралық тұтынуға енгізілмеген шығынның түрлері мен элементтері кіреді. Мысалы, кадр даярлауға жұмсалатын шығыс келесі түрлеріне қарай шектеледі:

1) оқушылардың сақталатын еңбекақысы еңбекақынға жатады;

2) шәқіртакылар, оқу демалыстарын төлеу мен оқытын жерге бару төлемі трансфер болып саналады;

3) қызметкерлерді курста оқытқан үйымдардың қызметін төлеу: қызметкерлердің курсаты оқу төлемі, оқу үй-жайларын ұстауға жұмсалатын шығыс аралық тұтынуға кіреді.

Осыдан кадр даярлауға жұмсалатын барлық шығыстан аралық тұтынудың құрамына еңбек жағдайын жақсартумен байланысты шығыс және бөгде үйымдарға кадрларды оқыту мен даярлау үшін төленетін төлем кіреді.

Аралық тұтынуға шығынның қандай элементтері кіреді?

Аралық тұтынуға тауарлар мен қызметтердің келесі түрлері: шикізатты, жартылай фабрикаттарды, негізгі және қосалқы материалдарды, отын мен энергияны пайдалану, тауарлы-материалдық қордың жетіспеуі мен бүлінуінен шегіletін ысырап, қызметтердің төлемі (мысалы: телефон төлемі, өкілдік шығыс, адвокаттар мен консультанттарға, өндірістік үй-жайға, бөгде ұйымдардың жұмысы мен қызметін, көлік қызметтерін, қаржы қызметтерін төлеуге, қызметкерлерді жинауға жұмсалатын шығыс, іссапарға жұмсалатын шығыс) жатады. Сөйтіп, аралық тұтынуға тауарлар мен қызметтерді тұтыну (алайда тауарды сатып алу емес) енгізіледі және өндірілген ғана тауарлар мен қызметтер ғана кіреді. Сондықтан жер төлімдерін жалға алу төлем, лицензиялық төлем, патенттер мен басқа да авторлық құқықтардың төлемдері аралық тұтынуға кірмейді.

Республика экономикасында аралық тұтыну экономиканың барлық салалары мен қаржы мекемелері қызметтерінің өнімін аралық тұтынудың сомасы ретінде есептеледі. Бұл ҰШЖ-де қаржы дедалдарының өнімі тартылған қараждаттың кредитке берілуіне байланысты алынған және төленген пайыздардың арасындағы айырманың көлемінде шартты тұрде бағаланатынымен байланысты. Екінші қайтara есептеуге жол бермеу жөне ЖІӨ жалпы көлемін көтермеу үшін қаржы мекемелерінің осындай өнімін кайсы бір саланың шығынында немесе жеке санau киын. Сондықтан ҰШЖ-де қаржы мекемелерінің өнімін жалпы экономиканың аралық тұтынуна шартты тұрде жатқызу ұсынылады. Сөйтіп, макроденгейде өнім (zq) өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығын аралық тұтынудың (AT), негізгі капиталды тұтынудың (НКТ), жалдамалы қызметкерлерге енбекақы төлеу (ET) және өндіріске салынатын басқа да таза салықтың (БТС) сомасына тең болады, яғни

$$zq = AT + НКТ + ET + BTС.$$

17.2. Шығынды факторлық индектік талдау

Индектік талдау факторлардың ықпалының мөлшерін талдау үшін қолданылады. Өнімді өндіруге және оны сатуға жұмсалатын шығын:

- 1) өнім бірлігінің өзіндік құны;
- 2) өнім өндірісінің көлемінен, оның құрылымы;
- 3) өнім бірлігінің бағасы факторларынан функционалдық жағынан тәуелді болады.

Кәсіпорынның типіне, оның мамандандырылуына, салалық тиесілігінің ерекшеліктеріне байланысты статистикада колданылу талаптары қойылған индекстер жүйесі белгіленген.

A. Өнім бірлігінің өзіндік құнының (z) немесе өнім өндіруге жұмсалатын шығынның (zq) жеке индекстері кайсы бір көрсеткіштің динамикадағы, бір бірліктің (мысалы, өнімнің нақты түрінің) кеңістікегі өзгерістерін сипаттайды.

Өнімнің өзіндік құны (i_z) динамикасының жеке индексі:

$$i_z = \frac{Z_1}{Z_0},$$

мұнда: i_z – өнім бірлігінің өзіндік құнының жеке индексі;

Z – өнім бірлігінің есепті кезеңдегі өзіндік құны;

Z_0 – өнім бірлігінің базистік кезеңдегі өзіндік құны.

Өнімнің өзіндік құнының жоспарлы тапсырмасының жеке индексін формуланың алымында өнім бірлігінің жоспарлы өзіндік құны алынған жағдайда алуға болады, ал керінше бөлгіште өнім бірлігінің өзіндік құны алынса өнімнің өзіндік құн жоспарын орындау индексін алуға болады.

Өнім өндірісіне жұмсалған шығынның жеке индексі (i_{zq}):

$$i_{zq} = \frac{Z_{n1}q_{n1}}{Z_0q_0}, \text{ немесе } \frac{Z_1q_1}{Z_{n1}q_{n1}}, \text{ немесе } \frac{Z_1q_1}{Z_0q_0},$$

мұнда: i_{zq} – өнім өндірісіне жұмсалған шығынның жеке индексі;

Z_1q_1 – есепті кезеңде бүкіл өнім өндірісіне жұмсалған шығын;

Z_0q_0 – базистік кезеңде бүкіл өнім өндірісіне жұмсалған шығын;

$Z_{n1}q_{n1}$ – жоспар бойынша бүкіл өнім өндірісіне жұмсалған шығын.

Өзіндік құнның өзгеруінен алынатын абсолюттік экономикалық ықпал ақшалай қаражаттың үнемінің немесе оның артық жұмсалған сомасымен көрсетіледі және келесі формула бойынша есептеледі:

$$\Delta Zq_z = (Z_1 - Z_0) \times q_1.$$

Өнімнің өзіндік құнының нақты өзгеруінен артық ақша жұмсау (акшалай қаражатты үнемдеу):

$$\Delta Zq_z = (Z_1 - Z_{n1}) \times q_1.$$

Жоспарлы тапсырмада көзделген ақшалай қаражатты артық жұмсау (үнемдеу):

$$\Delta Zq_z = (Z_{n1} - Z_0) \times q_{n1}.$$

B. Өнім өндіруге, өнім бірлігінің өзіндік құнына жұмсалатын шығынның жалпы индекстері әр түрлі тауар шығаратын кәсіпорындардың,

кәсіпорындар тобының, салалардың қызметінде пайдаланылады. Мына индекстерді қолдануға болады:

1. Өнім өндіруге жұмсалған шығынның жалпы индексі экономикалық қызмет саласының тұтастай кәсіпорынның немесе кәсіпорындар тобының қызметін сипаттау үшін пайдаланылады. Осы индекстер өнім өндіруге жұмсалатын шығынның бүкіл динамикада, оның ішінде әрбір фактордың $zq = z \times q$. Тәуелділікке негізделген өзгеруінің ықпалының есебінен қалай өзгеретінін зерттейді. Экономикалық көрсеткіштердің арасындағы осы тәуелділік жалпы индекстердің арасында да былайша сакталады: $I_{zq} = I_z \times I_q$.

Мұнда: I_z – өнім өндіруге жұмсалатын шығынның жалпы индексі;

I_q – өнім бірлігінің өзіндік құнының жалпы индексі;

I_{zq} – өнімнің нақты көлемінің жалпы индексі.

Өнім өндіруге жұмсалатын шығынның жалпы индексі мына формула бойынша анықталады:

$$I_{zq} = \frac{\sum Z_1 q_1}{\sum Z_0 q_0} \text{ немесе } \frac{\sum Z_1 q_1}{\sum Z_{nn} q_{nn}},$$

мұнда: $\sum Z_1 q_1$ – есепті кезеңде бүкіл өнім өндіруге жұмсалған шығынның сомасы;

$\sum Z_{nn} q_{nn}$ – бүкіл өнім өндіруге жұмсалған жоспарлы шығынның сомасы;

$\sum Z_0 q_0$ – базистік кезеңде бүкіл өнімді өндіруге жұмсалған жоспарлы шығынның сомасы.

Осы индекстең ΔZq бүкіл өнімді өндіруге жұмсалған ақшалай шығынның жалпы артық жұмсалған (үнемделген) сома былайша есептеледі:

$$\Delta Zq = \sum Z_1 q_1 - \sum Z_0 q_0, \text{ немесе } \sum Z_1 q_1 - \sum Z_{nn} q_{nn},$$

оның ішінде факторлардың өзгеруінін есебінен:

а) өнім бірлігінің өзіндік құнының. Бұл үшін өнімнің өзіндік құнының жалпы индексі I_q есептеледі.

$$I_q = \frac{\sum Z_1 q_1}{\sum Z_0 q_1} \text{ немесе } \frac{\sum Z_1 q_1}{\sum Z_{nn} q_1},$$

мұнда: $\sum Z_0 q_1$, $\sum Z_{nn} q_1$ – базистік (жоспарлы) кезеңнің өнім бірлігінің өзіндік құны мен есепті кезеңдегі өндіріс көлемінің көбейтінді сомасының негізінде есептелген өнім өндіруге жұмсалған шартты шығын. Өнімнің өзіндік құнының өзгеруінің ықпалы есебінен өнім өндіруге артық жұмсалған ақшалай шығын (үнем) (ΔZq) мынаған тән болады:

$$\Delta Zq = \sum Z_1 q_1 - \sum Z_0 q_1, \text{ немесе } \sum Z_1 q_1 - \sum Z_{nn} q_1;$$

ә) өнім өндіру көлемінің ықпалы есебінен өнімнің нақты көлемінің жалпы индексі I_q былайша есептеледі:

$$I_q = \frac{\sum Z_0 q_1}{\sum Z_0 q_0} \text{ немесе } \frac{\sum Z_n q_1}{\sum Z_n q_n}$$

Өнім өндіру көлемі өзгеруінің ықпалынан ақшалай шығынды артық жұмысай (үнем) $\Delta Z q_z$ былайша аныкталады:

$$\Delta Z q_z = \sum Z_0 q_1 - \sum Z_0 q_0, \text{ немесе } \sum Z_n q_1 - \sum Z_n q_n.$$

Осы индекстер мен шығынның абсолюттік өсімінің өзара байланысы:

$$1) I_{q_z} = I_z \times I_q;$$

$$2) \Delta Z q_z = \Delta Z q_z + \Delta Z q_q.$$

Өнімнің өзіндік құнының жалпы индексі I_z – осы индекстер жүйесінің негізгісі, өйткені ол басқа тен жағдайларда пайданы арттыратын негізгі резерв және бағаны төмендету мүмкіндігі ретінде өнім бірлігіне шаққанда ақшаны үнемдеу дәрежесін көрсетеді. Егер өнім өндіруге жұмысалатын шығын халықтың осы өнімге қажеттілігін қанағаттандыру үшін шығарылатын өнім көлемінің үлгаюына байланысты өссе, бұл жағдайда өндірісті кенейтудың бастапқы сатысында ақшалай қаражаттың осылай өсуі орынды. Кәсіпорындар өндірісті игергеннен кейін технологияларды жетілдіру, жаңалық енгізу, еңбек өнімділігін арттыру, шикізатты, материалдар мен жартылай фабрикаттарды уақытында жеткізу, маркетингтік және басқа да қызметтер жүйесінің жұмысын жолға қою арқылы өнімнің өзіндік құнын төмендету үшін ғана күш салуға тиіс.

C. Өнімнің өзіндік құнының орташа индекстері – құрамы өзгермелі, тұракты өнімнің өзіндік құнының, құрылымдық өзгерістердің индексі. Осы индекстер кәсіпорындардың мамандандырылуының, олардың өндірісі құрылымының экономикалық тиімділігін ескереді, өнімнің тек біркелкі түрін шығаратын кәсіпорындар тобының қызметін зерттегендеге пайдаланылады. Мысалы, көмір шахталарының көмір өндіруі, ауыл шаруашылығы бөлімшелерінің астық жинауы, фермерлік шаруашылықтардың ірі қара мал өсіруі және т.б.

Индекстер орташа өзіндік құндардың аракатынасы ретінде есептеледі, олардың мөлшері екі фактордың, яғни жекелеген кәсіпорында өнімнің өзіндік құнына (Z) және өндіріс көлемінің (q) немесе құрылымына (осы өнімнің жалпы шығарылымының көлемінен жекелеген кәсіпорындағы өнім өндірісінің үлесі, d) байланысты болады. Бұл ретте орташа өзіндік құн арифметикалық орташа салмақталған формула $\bar{Z} = \frac{\sum Z q}{\sum q}$, бойынша есептеледі. Студенттер төмендегі D әдісті зерделеп, өзгермелі, тұракты құрамның, құрылымдық өзгерістердің өзіндік құнының индекстерінің формулаларын өздері жаза алады.

D. Өзгермелі, тұрақты құрамның, құрылымдық өзгерістер шығының салыстырмалы деңгейінің индекстері – өнір, кәсіпорын түрі, меншік нысаны, сала, экономика секторы сияқты белгілер бойынша айырмашылықтардың есебінен шығын деңгейі мен өнімнің шығарылған жынындағы ағымдағы шығындардың тиімділігін сипаттайты.

Талдау мына ретпен жасалады.

1. Жекелеген мекеме, кәсіпорын, қала, облыс бойынша тиесінше базистік және есепті кезеңдердегі шығындардың қатысты деңгейі (I) есептеледі:

$$I_o = \frac{z_0 q_0}{p_0 q_0}, \quad I_1 = \frac{z_1 q_1}{p_1 q_1}, \quad (1)$$

мұнда: I_o, I_1 – базистік және есепті кезеңдерде бір тенгеге шығарылған өнімнің қатысты шығын деңгейі;

$z_0 q_0, z_1 q_1$ – базистік және есепті кезеңдерде өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығын;

z_0, z_1 – өнім бірлігінің базистік және есепті кезеңдердегі өзіндік құны;

q_0, q_1 – базистік және есепті кезеңде шығарылған өнімнің нақты көлемі (табиғи түрде);

$p_0 q_0, p_1 q_1$ – базистік және есепті кезеңдерде шығарылған өнімнің құны;

p_0, p_1 – базистік және есепті кезеңдердегі тауар, қызмет бірлігінің бағасы.

Өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығында екі көбейткіштің, яғни шығынның қатысты деңгейі мен шығарылған өнім көлемінің көбейтіндісі түрінде көрсетуге болады, яғни:

$$z_0 q_0 = I_o (p_0 q_0), \quad z_1 q_1 = I_1 (p_1 q_1) \quad (2)$$

2. Кәсіпорындар, қалалар, облыстар, экономика салаларының жынтығы шығынның орташа қатысты деңгейі арифметикалық орташа салмақталған формула бойынша билайша анықталады:

$$\bar{I}_o = \frac{\sum z_0 q_0}{\sum p_0 q_0} = \frac{\sum I_o (p_0 q_0)}{\sum p_0 q_0} = \sum I_o d_o, \quad (3)$$

$$\bar{I}_1 = \frac{\sum z_1 q_1}{\sum p_1 q_1} = \frac{\sum I_1 (p_1 q_1)}{\sum p_1 q_1} = \sum I_1 d_1.$$

мұнда: \bar{I}_o, \bar{I}_1 – базистік және есепті кезеңдердегі шығынның орташа қатысты деңгейі;

$$\frac{p_0 q_0}{\sum p_0 q_0} = d_0; \quad \frac{p_1 q_1}{\sum p_1 q_1} = d_1;$$

Мұнда: d_0, d_1 – базистік және есепті кезеңдердегі өнім шығарылымының жалпы сомасындағы облыс (қала), кәсіпорын өндірісінің үлесі, өзіндік салмағы (күрьылымы).

Орташа қатысты деңгейі (I) әр саладағы қатысты шығын деңгейінің және өндіріс (d) күрьылымының ықпалын, яғни республикада шығарылатын өнімнің жалпы жиынтығы әрбір өнірдің, кәсіпорынның өзіндік салмағын анықтайды.

3. Өзгермелі, тұракты құрамның және қүрьылымдық өзгерістердің орташа индекстері мына формулалар бойынша есептеледі:

$$I_{\text{шар. күр.}} = \bar{I}_1 : \bar{I}_0 = \frac{\sum z_1 q_1}{\sum p_1 q_1} : \frac{\sum z_0 q_0}{\sum p_0 q_0} = \frac{\sum I_1 d_1}{\sum I_0 d_0}.$$

Өзгермелі құрам индексі шығынның орташа қатысты деңгейінің екі фактордың, яғни әрбір өнірдегі (кәсіпорындағы) қатысты шығын деңгейі мен өндіріс күрьылымының ауытқуының қалай өзгеретінін көрсетеді;

а) қатысты шығын деңгейінің:

$$I_{\text{шар. күр.}} = \bar{I}_1 : \bar{I}_0 = \frac{\sum z_1 q_1}{\sum p_1 q_1} : \frac{\sum I_0 (p_1 q_1)}{\sum p_1 q_1} = \frac{\sum I_1 d_1}{\sum I_0 d_0}.$$

Тұракты құрам индексі әрбір өнірде (кәсіпорында) қатысты шығын деңгейінің өзгеру есебінен орташа қатысты шығын деңгейі қанша есеге өзгеретінін көрсетеді.

ә) шығарылған өнім қүрьылымының:

$$I_{\text{күр. өз.}} = \bar{I}_{\text{шар.}} : \bar{I}_0 = \frac{\sum I_0 (p_1 q_1)}{\sum p_1 q_1} : \frac{\sum z_0 q_0}{\sum p_0 q_0} = \frac{\sum I_0 d_1}{\sum I_0 d_0}.$$

Қүрьылымдық өзгерістер индексі республикадағы өнімнің жалпы жиынтығында әрбір өнірдің (кәсіпорынның) күрьылымының, өзіндік салмағының өзгеруі есебінен ғана шығынның орташа деңгейі қанша есеге өзгеретінін көрсетеді. Қүрьылымдық өзгерістер индексі өнім шығару күрьылымындағы қайта бөлу процестерінің шығын деңгейі тұрғысынан қарағанда шығынның жалпы өсіміне жасайтын ықпалын тіркейді.

Орташа индекстердің өзара байланысы

$$I_{\text{шар. күр.}} = I_{\text{шар.}} \times I_{\text{күр. өз.}}$$

Индекстер нәтижесі бойынша шығынның абсолюттік өсімін оны фактілар бойынша бөліп анықтауға болады.

Е. өнім өндіру мен оның сатуға артық жүмсалған абсолюттік шығыны (үнем), барлығы

$$\Delta zq = \sum z_1 q_1 - \sum z_0 q_0,$$

оның ішінде:

а) бір тенгеге шығарылған өнімге жұмсалған шығынның қатысты деңгейінің өзгеру есебінен шығынның өсімі:

$$\Delta zq_u = \sum z_i q_i - \sum (zq)_{\text{шарт}} = \sum I_1(p_i q_i) - \sum I_0(p_i q_i);$$

ә) шығарылған өнім құрылымының өзгеру есебінен шығынның өсімі:

$$\Delta zq_{\text{шарт, кр.}} = (\bar{I}_{\text{шарт}} - \bar{I}_0) \sum p_i q_i = \left[\frac{\sum I_0(p_i q_i)}{\sum p_i q_i} - \frac{\sum I_0(p_0 q_0)}{\sum p_0 q_0} \right] \times \sum p_i q_i =$$

$$= \frac{\sum I_0(p_i q_i)}{\sum p_i q_i} \sum p_i q_i - \frac{\sum I_0(p_0 q_0)}{\sum p_0 q_0} \times \sum p_i q_i =$$

$$= \sum I_0(p_i q_i) - \sum I_0(p_0 q_0) \times I_{pq} = \sum (zq)_{\text{шарт}} - \sum z_0 q_0 \times I_{pq}$$

Мұнда: $I_{pq} = \frac{\sum p_i q_i}{\sum p_0 q_0}$ – өнім шығару индексі;

б) шығарылатын өнімнің накты көлемінің өзгеру есебінен шығынның өсімі:

$$\Delta zq_{pq} = (\sum p_i q_i - \sum p_0 q_0) \bar{I}_0 = (\sum p_i q_i - \sum p_0 q_0) \frac{\sum I_0(p_0 q_0)}{\sum p_0 q_0} =$$

$$= \sum p_i q_i \frac{\sum I_0(p_0 q_0)}{\sum p_0 q_0} - \sum p_0 q_0 \frac{\sum I_0(p_0 q_0)}{\sum p_0 q_0} = I_{pq} \times \sum I_0(p_0 q_0) -$$

$$\sum I_0(p_0 q_0) = I_{pq} \times \sum z_0 q_0 - \sum z_0 q_0 = \sum z_0 q_0 (I_{pq} - 1)$$

Өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығындардың абсолюттік өсімнің өзара байланысы:

$$\Delta zq = \Delta zq_u + \Delta zq_d + \Delta zq_{pq}.$$

Осы әдістеме бойынша материалдық шығынның деңгейін, өнімнің төлем сыйымдылығын (еңбекақы сыйымдылығын) факторлық индекстік талдауға болады, бұл үшін мына ережелерді негізге алу қажет:

- материалдық шығынның деңгейі немесе өнімнің материал сыйымдылығы материалдық шығын сомасының өнім шығаруға катынасы ретінде есептеледі;
- өнімнің төлем сыйымдылығы еңбекақы төлеу шығынның өнім шығаруға катынасы ретінде аныкталады;
- өнімнің шығын сыйымдылығы еңбекақы шығынның өнім шығаруға катынасына тең болады.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. «Өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалған шығын», «өнімнің өзіндік құны», «аралық тұтыну» деген ұғымдардың айырмашылығы неде?
2. Өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығынның құрамын атап етіңіз.
3. Өнімнің өзіндік құнының факторлық индекстік талдау әдіstemесі кандай?
4. Ағымдағы шығынның – шығынның катысты деңгейінің тиімділігін факторлық индекстік талдаудың әдіstemесі кандай?
5. Аралық тұтынуға кіретін шығынның құрамын атанаңыз.



ҰсЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТ

1. Голуб Л.А. Социально-экономическая статистика. – М.: ВЛАДОС ИМПЭ им. А.С. Грибоедова, 2003.
2. Гусаров В.М. Статистика. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2001.
3. Методологические положения по статистике. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2005.
4. Салин В.Н., Медведев В.Г., Кудряшова С.И., Шваковская Е.П. Макроэкономическая статистика: Учебное пособие. – М.: Дело, 2000.
5. Система национальных счетов – инструмент макроэкономического анализа: Учебное пособие / Под ред. Ю.Н. Иванова. – М: Финстатинформ, 1996.
6. Социально-экономическая статистика: Учебное пособие / А.М. Елемесова, К.К. Бельгibaева, Е.М. Кииков, Г.М. Молдакулова. – Алматы: Экономика, 1999.
7. Статистика: Уч. пос. / Под ред. В.Г. Ионина – М.: ИНФРА-М, 2003.
8. Финансы Республики Казахстан (статистический ежегодник). 1999–2003. – Алматы: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2004.

17.3. Практикум

17.3.1. Ізденуге арналған сұрақтар

1. Шығынның жалпы сомасына шығыстың қандай түрлері кіреді?
2. Шығынның қай түрлері, яғни материалдық шығын, негізгі капиталдың тозуы, материалдық емес активтердің амортизациясы, еңбекақы шығыны, өзге шығын аралық тұтынудың құрамына кіреді?

3. Статистикада өнімнің өзіндік құнының кандай көрсеткіштері пайдаланылады?
4. Экономика салаларында өнімнің өзіндік құнын есептеудің кандай ерекшеліктері бар?
5. Бастапқы тұтыну мен аралық тұтынудың арасындағы айырмашылық неде?
6. Шығынның жалпы индекстерінің ерекшеліктері кандай және олар не үшін қажет?
7. Аралық тұтынуға өзге шығынның төменде атап өтілген элементтерінің қайсысы толықтай немесе ішінара немесе толықтай кірмейді:
 - іссапар шығындары;
 - жер телімін жалға алу төлемі;
 - кен өндіру салаларындағы дайындық жұмыстарына жұмсалатын шығын (күрделілігे жатпайтын);
 - өкілдік шығын;
 - банк кредитінің пайыздары;
 - міндетті сақтандыру төлемдері, салық төлемдері;
 - жасалған резервтің есебінен жұмсалған шығын (демалысты төлеуге жұмсалған резервті қоспағанда), оның ішінен: негізгі капиталды жөндеуге, коммуналдық шаруашылықтың, банктердің, консультациялық, ақпараттық, аудиторлық үйымдардың қызметін төлеу.
8. Еңбекақы аралық тұтынуға кіре ме?

17.3.2. Типтік есептерді шешу мысалдары

1 - м ы с а л. Төменде атап өтілген шығынның қай түрлері аралық тұтынуға жататынын анықтаңыз:

- а) қызметкерлерді ерекше еңбек жағдайларымен байланысты диспансерлеудеге жұмсалатын шығын;
- ә) ведомстволық емханада тегін медициналық қызмет көрсету;
- б) көсіпорын қызметкерлердің ағылшын тілін үйренуін төлейді;
- в) мемлекет көрсететін ұжымдық қызметтер.

Жауабы: а, б.

2 - м ы с а л. Фирма шілде айында бір әйел көйлегін тігуге жоспарлы есеп бойынша 3540 теңге жұмсауға тиіс болса, іс жүзінде 3530 теңге жұмсады. Маусым айында нақты 3480 теңге жұмсалды. Шілде айында 150 осынданай койлек тігілді, ал 160 дана тігү жоспарланған болатын.

Өзіндік құнның жеке индекстерін есептейміз.

1. Жоспарлық тапсырманың индексі:

$$i_z = \frac{Z_{\text{ш}}}{Z_0} = \frac{3450}{3480} = 0.991 \text{ немесе } 99,1\%.$$

Жоспарда әйел көйлегінің өзіндік құнның 0,9%-ға төмендету жоспарланған.

2. Жоспарлық тапсырманы орындау индексі:

$$i_z = \frac{Z_1}{Z_0} = \frac{3530}{3450} = 1,023 \text{ немесе } 102,3\%.$$

Өзіндік құн жоспардан тыс 2,3%-ға артты.

3. Өзіндік құн динамикасының индексі:

$$i_z = \frac{Z_1}{Z_0} = \frac{3530}{3480} = 1,014 = 101,4\%$$

Іс жүзінде өзіндік құн 1,4%-ға көтерілді.

Индекстердің өзара байланысы:

$$i_{z(\text{динамиканы})} = i_{z(\text{жоспарлық тапсырмалыны})} \times i_{z(\text{жоспардың орындалуыны})}$$

$$1,014 = 0,991 \times 1,023.$$

Осыдан жоспарлық тапсырмада бір әйел көйлегінің өзіндік құныны 0,9%-ға төмендету қарастырылса, іс жүзінде ол 1,4%-ға көтерілді. Нәтижесінде тігілген көйлектің бүкіл санына шаққанда 7500 теңге артық ақша жұмсалды.

$$\Delta Z q_z = (Z_1 - Z_0) \times q_i = (3530 - 3480) \times 150 = 7500 \text{ теңге.}$$

3-мұсаб. Өнім бірлігінің өзіндік құнының өзгеруінің ықпалынан мына деректер арқылы екі firma бойынша бірге шығынның абсолюттік артық жұмсалуын табыныз:

Фирма	Бір жазу үстелін жасаудың өзіндік құны, мың теңге		Жазу үстелінің саны, дана	
	I тоқсан	II тоқсан	I тоқсан	II тоқсан
1	15,7	16,8	120	110
2	17,5	17,0	150	170
Жиынтық	?	?	270	280

Шешүі:

$$\Delta z q_z = \sum z_i q_i - \sum z_0 q_i = (16,8 \times 110 + 17,0 \times 170) - (15,7 \times 110 + 17,5 \times 170) =$$

$$= 4738 - 4702 = 36 \text{ мың теңге.}$$

4-мұсаб. Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің 2002-2003 жылдардағы де-ректері бойынша төлем сыйымдылығы деңгейіне статистикалық талдау жасаймыз.

Сала	Жалдамалы кызметкерлерге енбекакы төлеу, млрд теңге		Өнім шығару, млрд теңге		Өнім шығарылымының өзіндік салмагы, %	
	2002 ж.	2003 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2002 ж.	2003 ж.
Өнеркәсіп	360	433	2924	3489	100	100
оның ішінде: кен өндіру өнеркәсібі	135	164	1263	1542	43,2	44,2
өндеу өнеркәсібі	176	213	1421	1659	48,6	47,5
электр энергиясы, газ, су. өндірісі және оны бөлу	49	56	240	288	8,2	8,3

Шешүі:

1. Базистік (d_0) және есептік (d_1) жылдарда өнім шығарылымының құрылымы:

a) тау-кен өндіру өнеркәсібінің үлесі

$$d_0 = \frac{1263 \times 100}{2924} = 43,2\%$$

$$d_1 = \frac{1542 \times 100}{3489} = 44,2\%;$$

ә) өндеу өнеркәсібінің үлесі

$$d_0 = \frac{1421 \times 100}{2924} = 48,6\%$$

$$d_1 = \frac{1659 \times 100}{3489} = 47,5\%;$$

б) электр энергиясын, газ, су өндірісі, бөлу үлесі

$$d_0 = \frac{240 \times 100}{2924} = 8,2\%$$

$$d_1 = \frac{288 \times 100}{3489} = 8,3\%$$

Екі жыл ішіндегі (2002–2003) мынадай құрылымдық өзгерістер аныкталды: тау-кен өндіру өнеркәсібі өнімін шығару үлесі 1%-ға артып, өндеу өнеркәсібі өнімін шығару үлесі төмендеді. Өндеу өнеркәсібінің өнім шығару үлесі ен жоғары.

2. Базистік және есептік жылдардағы төлем сыйымдылығының қатысты деңгейлері:

өнеркәсіп, барлығы

$$u_0 = \frac{\sum z_0 q_0}{\sum p_0 q_0} = \frac{360}{2924} = 0,123119 \quad u_1 = \frac{\sum z_1 q_1}{\sum p_1 q_1} = \frac{433}{3489} = 0,1241043$$

оның ішінде:

а) тау-кен өндіру өнеркәсібі

$$u_0 = \frac{135}{1263} = 0,1068883$$

$$u_1 = \frac{164}{1542} = 0,1063553$$

ә) өндеу өнеркәсібі

$$u_0 = \frac{176}{1421} = 0,1238564$$

$$u_1 = \frac{213}{1659} = 0,1283905$$

б) электр энергиясын, газ, су өндіру, бөлу

$$u_0 = \frac{49}{240} = 0,2041666 \quad u_1 = \frac{56}{288} = 0,1944444.$$

Төлем сыйымдылығы деңгейі өндеу өнеркәсібінде көтерілді, тау-кен өндіру өнеркәсібінде, электр энергиясын, газ, су өндіру мен бөлуде төмендеді.

3. Өзгермелі, тұракты құрамның, құрылымдық өзгерістердің төлем сыйымдылығы деңгейінің орташа индекстері.

$$I_{u(\text{өзг. құр.})} = u_1 : u_0 = \frac{0,1241043}{0,123119} = 1,008 \quad \text{немесе } 100,8\%, \quad 2002 \text{ жылмен}$$

салыстырғанда өнеркәсіпте 2003 жылы төлем сыйымдылығының орташа деңгейі 0,8%-ға көтерілді.

Әрбір фактордың ықпалын жеке бағалаймыз:

а) өнеркәсіптің жекелеген салаларындағы төлем сыйымдылығы деңгейінің:

$$\begin{aligned} I_{\text{штүр. күр.}} &= u_1 : u_{\text{шар.}} = \frac{\sum u_1(p_1 q_1)}{\sum p_1 q_1} : \frac{\sum u_0(p_1 q_1)}{\sum p_1 q_1} = \\ &= 0,1241043 : \frac{0,1068883 \times 1542 + 0,1238564 \times 1659 + 0,2041666 \times 288}{3489} = \\ &= 0,1241043 : \frac{429,1}{3489} = 0,1241043 : 0,1229863 = 1,009 \text{ немесе } 100,9\% \end{aligned}$$

яғни өнімнің төлем сыйымдылығы деңгейінің көтерілу есебінен тұтастай өнеркәсіптің төлем сыйымдылығының орташа қатысты деңгейі 0,9%-ға көтерілді;

ә) өнеркәсіптің өнім шығарылымы құрылымының

$$I_{\text{штүр. озг.}} = u_0 = 0,1229863 : 0,123119 = 0,999 \text{ немесе } 99,9\%, \text{ яғни}$$

тау-кен өндіру өнеркәсібінде және электр энергиясын, газ бен су өндіру мен болуде төлем сыйымдылығы деңгейінің төмендегендегін карамастан, өндеу өнеркәсібінде оның деңгейінің көтерілу есебінен өндеу өнеркәсібінде өнім шығару үлесі 48,6%-дан 47,5%-ға дейін төмендеді. Осында құрылымдық өзгерістердің есебінен өнімнің төлеу сыйымдылығының қатысты деңгейі 0,1%-ға көтерілді.

4. Өнеркәсіпте жұмыс істейтін жалдамалы қызметкерлерге еңбекакы төлеудің абсолюттік өсімі $\Delta zq = \sum z_1 q_1 - \sum z_0 q_0 = 433 - 360 = 73$ млрд теңге,

оның ішінде факторлардың өзгеру ықпалының есебінен:

а) жекелеген қызмет түрлерінде төлем сыйымдылығы деңгейінін өзгеру есебінен $\Delta zq_u = \sum z_1 q_1 - \sum (zq)_{\text{шар.}} = \sum u_1(p_1 q_1) - \sum u_0(p_1 q_1) = 433 - 429,1 = 3,9$ млрд теңге яғни жекелеген экономикалық қызмет түрлерінде төлем сыйымдылығының өзгеру есебінен жалдамалы қызметкерлерге еңбекакы төлеу 3,9 млрд теңгеге есті;

ә) өнім шығарылымы құрылымының өзгеру есебінен

$\Delta zq_{(\text{штүр. өзг.})} = \sum zq_{\text{шар.}} - \sum z_0 q_0 \times I_{pq} = 429,1 - 429,6 = -0,5$ млрд теңге шығарылған өнімнің құрамындағы құрылымдық өзгерістердің есебінен төлемнің көлемі 0,5 млрд теңгеге төмендеді.

б) өнім шығарылымы көлемінің өзгеру есебінен

$\Delta zq_{pq} = \sum z_0 q_0 (I_{pq} - 1) = 360 \times \left(\frac{3489}{2924} - 1 \right) = 69,6$ млрд теңге, яғни өнеркәсіптің барлық салаларында өнім шығарылымының ұлғаюына байланысты қызметкерлердің еңбекакысы 69,6 млрд теңге мөлшерінде есті.

Төлем сыйымдылығының орташа индекстері мен еңбекакы өсімінің арасындағы өзара байланысты тексеру:

$$1) \frac{I_{u(\text{өз. күр.})}}{I_{u(\text{тұр. күр.})}} = I_{u(\text{тұр. күр.})} \times I_{u(\text{күр. өз.})}$$

$$1,008 = 1,009 \times 0,999;$$

$$2) \Delta zq = \Delta zq_u + \Delta zq_{pq} + \Delta zq_{(күр. өз.)}$$

$$73 = 3,9 + 69,6 - 0,5.$$

17.4. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

17.4.1. Есептер

1-есеп. Өнірдегі кәсіпорындардың негізгі қызмет бойынша өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығын жөнінде мынадай деректер берілген (ағымдағы бағада, млн теңге):

Көрсеткіш	Өткен жыл	Есепті жыл
1. Өнім шығару (өндіріс)	239289	224957
2. Өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалған шығынның, барлығы жұмсалатын шығын, барлығы	244562	241354

Мыналарды анықтаңыз:

1. Эр жылы бір тенгениң өнімін шығаруға жұмсалған шығынның деңгейін.
2. Өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалған шығынның, оның ішінде факторлардың өзгеру есебінен, барлық абсолюттік үнемінің (артық жұмсалғаның) (млн теңге) келесі факторларын талдаңыз:

- а) өнім шығарылымының;
- ә) өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығынның қатысты деңгейінің.

Өсімің өзара байланысын тексеріңіз, факторлардың ықпал ету дәрежесін бағалаңыз.

Экономикалық корытынды жасаңыз.

Жауабы: 2а) -14647,8; 2ә) 11439,8.

2 - е с е п. Өнірде өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығын жөнінде мынадай деректер берілген (ағымдағы бағада, млн теңге):

Көрсеткіш	Откен жыл	Есепті жыл
1. Материалдық шығын, барлығы оның ішінде:	133377	122412
шикізат пен материалдар сатып алынатын бұйымдар мен жартылай фабрикаттар,	49554	44722
косалқы материалдар	16586	15421
отын	22815	20587
энергия	20036	16677
табиги шикізатты пайдалану төлемі бөгде үйімдар орындаған жұмыстар мен қызметгерді төлеу	1787	1323
материалдық құндылықтардың жетіспеуі мен бүлінуінен шегілген залал	17922	19272
басқа шығын	356	254
2. Өнім шығару (өндіріс)	4321	4156
	239289	224957

Мынаны анықтаңыз:

1. Эр жылдағы материалдық шығын кұрамының күрылымын.
2. Материалдық шығын күрылымындағы абсолюттік өзгерістердің құрамадас боліктерін.
3. Эр жылдағы өнімнің материал сыйымдылығының деңгейін.
4. Материалдық шығынның барлық абсолюттік үнемінін (артық жұмсалғанын), оның ішінде факторлардың өзгеру есебінен, (млн теңге) келесі факторларын талдаңыз:

- а) өнім шығарудың;
- ә) өнімнің материалдық сыйымдылық деңгейінің.

Өсімдердің өзара байланысын тексеріңіз және факторлардың ықпалының дәрежесін бағалаңыз.

Жауапы: 3) 0,55739; 0,54416; 4) –10965; 4a) –7989; 4b) –2976.

3 - е с е п. Өнірде еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығын жөнінде мынадай деректер берілген (ағымдағы бағада, млн теңге):

Көрсеткіш	Откен жыл	Есепті жыл
Тізімдегі және тізімнен тыс қызметкерлерге еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығын, барлығы, оның ішінде:	47557	44508
еңбекақы (табиги нысанды коса алғанда)	36023	34101
әлеуметтік сактандыруға аударым	10592	9584
қызметкерлерге кәсіпорын қаржаты есебінен төленетін әлеуметтік жәрдемакы	942	823
2. Өнім шығару	239289	224957

Мынаны аныктаңыз:

1. Қызметкерлерге енбекакы төлеуге жұмсалатын шығынның әрбір жылдағы құрылымын.

2. Қызметкерлерге енбекакы төлеуге жұмсалатын шығынның құрылымындағы абсолюттік өзгерістер.

3. Өнімнің әр жылдағы енбекакы сыйымдылығының деңгейі.

4. Қызметкерлердің енбекақысының барлық абсолюттік үнемінің (артық жұмсалғанын), оның ішінде факторлардың өзгеру есебінен (млн теңге) келесі факторларын талданыз:

а) өнім шығарудың;

ә) өнімнің енбекакы сыйымдылық деңгейінің. Өсімдердің өзара байланысын тексерініз және факторлардың ықпалының дәрежесін бағалаңыз.

Жауабы: 4a) -2848,4; 4b) -200,6.

4-есеп. Өңірдегі меншік нысандары бойынша кәсіпорындарында өнімнің шығыны мен шығарылымының динамикасы жөнінде млн теңгедегі мынадай деректер берілген:

Көрсеткіш	Барлығы		Оның ішінде					
			мемлекеттік		жеке меншік		шетелдік	
	базистік жыл	есепті жыл	базистік жыл	есепті жыл	базистік жыл	есепті жыл	базистік жыл	есепті жыл
1. Өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығын	260	241		33	160	173	46	35
2. Өнім шығару	255	225	53	34	157	158	45	33

Мынаны есептеңіз:

1. Меншік нысаны бойынша кәсіпорындар әр жылы шығарған өнімнің құрылымын және құрылымдық өзгерістерді табыңыз.

2. Әрбір меншік нысанындағы кәсіпорында әр жылы бір тенгениң шығарылған өнімне жұмсалған қатысты шығын деңгейін және барлық кәсіпорындар бойынша орташа деңгейді аныктаңыз.

3. Өзгермелі, тұрақты құрамдардың және құрылымдық өзгерістердің шығын деңгейінің орташа индекстерін.

4. Барлық абсолюттік шығынның, оның ішінде келесі факторлардың өзгеру есебінен өсімін:

а) барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың қатысты шығын деңгейінің;

ә) шығарылған өнімнің көлемінің;

б) меншік нысанындағы кәсіпорындар шығарған өнімнің құрылымының.

Экономикалық қорытынды жасаңыз.

5-есеп. Өнірдегі әр түрлі типтегі кәсіпорындардың шығын мен өнім шығару динамикасының млн теңгедегі көлемдерінін деректері

Көрсеткіш	Барлығы		Оның ішінде					
			мемлекеттік		жеке мешік		шетелдік	
	базистік жыл	есепті жыл	базистік жыл	есепті жыл	базистік жыл	есепті жыл	базистік жыл	есепті жыл
1. Өнім өндіру мен оны сатуға жұмысалатын шығын	244562	241354	2236	2294	42734	50995	199592	188065
2. Өнім шығару	239289	224957	2294	1898	40546	47248	196449	175811

Мынаны есептөніз:

1. Кәсіпорындардың көлемдері бойынша әр жылы шығарылған өнімнің күрьымының және күрьымдық өзгерістерді табыңыз.
2. Кәсіпорындардың көлемі бойынша әр жылы бір тенгенің шығарылған өнімінің жұмысалған катысты шығын деңгейін және барлық кәсіпорындар бойынша орташа деңгейді анықтаңыз.

3. Өзгермелі, тұрақты құрамдардың және күрьымдық өзгерістердің шығын деңгейнің орташа индекстерін.

4. Барлық абсолюттік шығының, оның ішінде келесі факторлардың өзгеру есебінен өсімін:

- а) көлемдері бойынша әр түрлі типтегі кәсіпорындардың катысты шығын деңгейнін;
- ә) шығарылған өнім көлемінін;
- б) көлемдері бойынша әр түрлі типтегі кәсіпорындар шығарған өнім күрьымының.

Экономикалық корытЫнды жасаңыз.

Жауабы: 3) 1.05; 1.301; 0,807; 4a) 55901,4; 4b) – 14647,8; 4b) – 44461,6.

6-есеп. 17.3.2-тараудың үлгі есептерінің З-мысалының деректері бойынша жазу үстелін шығару көлемінің өзгеру ықпалының есебінен екі фирма артық жұмысған абсолюттік шығынды табыңыз.

Жауабы: 167.

7-есеп. 17.3.2-тараудың үлгі есептерінің З-мысалының деректері бойынша жазу үстелін шығару құрьымы өзгеру ықпалының есебінен екі фирма артық жұмысған абсолюттік шығынды табыңыз.

Жауабы: 26.

8-есеп. 17.3.2-тараудың үлгі есептерінің З-мысалының деректері бойынша екі фирма бірге артық жұмысған абсолюттік шығынды табыңыз.

Жауабы: 229.

17.4.2. Тест тапсырмалары

1. Откен айда ерлерге арналған бір костюм тігудің өзіндік құны іс жүзінде 4900 теңгені құрады, ал жоспар бойынша есепті айда 5000 теңге болуы тиес болса, оны тігудің өзіндік құнын төмендетудің жоспарлық тапсырмасының индексін есептеңіз.
 - 1) 0,907;
 - 2) 1,08;
 - 3) 0,926;
 - 4) 1,02;
 - 5) 0,98.
2. Араптың тұтынуға не жатады?
 - 1) негізгі капиталдың амортизациясы;
 - 2) стипендия;
 - 3) оку үй-жайларын ұстау шығыны;
 - 4) жұмыс үшін ғоленетін сыйакы;
 - 5) оку демалысының төлемі.
3. Өнім бірлігінің өзіндік құнының өзгеру ықпалынын есебінен шығының абсолюттік осімін есептейтін формуланы таңдаңыз:
 - 1) $\sum z_1 q_1 - \sum z_0 q_0$;
 - 2) $\sum z_0 q_1 - \sum z_0 q_0$;
 - 3) $\sum z_1 q_0 - \sum z_0 q_1$;
 - 4) $\sum z_0 q_0 - \sum z_0 q_1$;
 - 5) $\sum z_1 q_1 - \sum z_0 q_1$.
4. Араптың тұтынуға не кіреді?
 - 1) жер телімін жалға алу төлемі;
 - 2) оку демалысының төлемі;
 - 3) тауар сатып алу;
 - 4) негізгі капиталдың амортизациясы;
 - 5) электр энергиясын пайдалану.
5. Араптың тұтыну – бұл:
 - 1) негізгі капиталды жалпы жинақтау;
 - 2) негізгі капиталды, тауарды сатып ауды косканда тауарлар мен қызметтерді тұтыну;
 - 3) барлық тауарлар мен қызметтерді тұтыну;
 - 4) негізгі капиталды тұтыну;
 - 5) баска тауар мен қызмет жасау мақсатында өндірісте сол тауарлар мен қызметтерді тұтыну.

6. «Өнім күні» көрсеткішіне төменде көрсетілгендердің қайсысы дұрыс келеді?
- 1) белгіленген көлем мен құрамдағы өнімді өндіру тең сатуға жұмсалған шығынға тең;
 - 2) тауарлар мен қызметтерді аралық тұтынумен тең;
 - 3) бүкіл өнімді өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығыннан көп;
 - 4) енбекақы төлемнің шығынына тең.
 - 5) бүкіл өнімді өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығынға тең.
7. Өнімнің материал сыйымдылығы деңгейінің өзгеру ықпалы есебінен материалдық шығының өсуін мына деректер бойынша анықтандырыңыз, мың тенге:

Көрсеткіш	Базистік жыл	Есепті жыл
Материалдық шығын	130	150
Өнім шыгару	260	290

- 1) 15;
- 2) -30;
- 3) 30;
- 4) 20;
- 5) 5.

18-ТАҚЫРЫП

Өндіріс нәтижелерінің статистикасы

18.1. Ұлттық шот жүйесіндегі экономикалық өндіріс түсінігі

ҰШЖ-де экономикалық өндіріс – бір институционалдық бірлік орындағытын, сол кезде бүкіл экономикада жаңа тауарлар мен қызметтер өндірісі үшін енбек, капитал, тауар, қызмет шығынын жүзеге асыратын қызмет. Осы қызметті осы процесс үшін жауапкершілік алатын және шығарылым ретінде өндірілген тауарлары бар институционалдық бірлік болуы немесе оған қайсы бір көрсетілген қызметтер үшін өтемакы төленуі немесе берілуі тиіс.

Экономикалық өндіріс ауқымына мыналар кірмейді:

- табыс әкелсе де активті иелену фактісі; мысалы, инфляция нәтижесінде актив құнының өсуі өндірістің нәтижесі немесе өсімдіктер мен малдың адамның қатысуының табиги өсім ретінде қарастырылмайды;
- үй қызметтің көлемі мен оның нәтижесінің санын бағалау жөнінде дұрыс ақпарат алудың қындығына байланысты үй шаруасындағы әйелдің үйде көрсететін қызметтері.

Экономикалық өндіріс ауқымына кіретін қызмет түрлері 14.2-параграфта қарастырылған.

Өндіріс нәтижелері статистикасының міндеттеріне мыналар жатады:

1. Ақпарат жинау және Қазақстан Республикасы тауарлар мен қызметтер өндірісінің микро- және макроэкономикалық көрсеткіштерін анықтау.
2. Өндіріс нәтижелерін ұлттық шот, баланстық құрылым түрінде құрьылған өзара байланысты статистикалық көрсеткіштерін әзірлеу және жасау.
3. Тауарлар мен қызметтер өндірісінің құрылымын, динамикасын мына белгілер бойынша талдау:

- а) натуралды-заттық құрамы бойынша;
 ә) құндық тұлғалануы;
 б) экономикалық қызметтің түрлері мен экономика секторлары бойынша;
 в) республиканың өнірлері бойынша;
 г) меншік нысаны және т.б. бойынша.
4. Тауарлар мен қызметтер өндірісінің өсу факторларын статистикалық талдау әдістерінің көмегімен зерттеу.
5. Өндіріс көрсеткіштерін есептеу әдістемесін ҰШЖ ұсынымдары бойынша жетілдіру.

18.2. Өндіріс нәтижелерінің микро- және мәзоэкономикалық көрсеткіштері

Өндірістің барлық көрсеткіштерін өндіріс ауқымына, бірігу дәрежесіне байланысты мына топтарға бөлуге болады:

1. Тауарлар мен қызметтер өндірісі нәтижелерінің өнім шыгаруды сипаттайтын микроэкономикалық көрсеткіштері:
 - а) өнімнің жекелеген түрлері, атаулары бойынша;
 - ә) жалпы кәсіпорын деңгейінде.
2. Өндіріс нәтижелерінің мәзоэкономикалық көрсеткіштері – сала, өнір деңгейінде.
3. Өндіріс нәтижелерінің Қазақстан Республикасының бүкіл экономикасын сипаттайтын макроэкономикалық көрсеткіштері.

Өндіріс нәтижелерінің микро- және мәзоэкономикалық көрсеткіштері мына топтарға бөлінеді:

1. Жекелеген тауарлар мен қызметтер өндірісінің көрсеткіштері:
 - а) натуралды-заттай тұлғалану – дана, жұп, кг және т.б. Осы әдіс есепті кезеңде нақты тұтынушылық құнның өндірілгенін көрсетеді;
 - ә) шартты-табиғи тұлғалану – осы түрдегі әр түрлі өнімдер өлшем бірлігі ретінде қабылданған бір өнім өлшенетін бірлікті көрсетіледі;
 - б) акшаға шағылу – өндірістің жалпы кәсіпорын, сала, тұластай экономика бойынша талдау қорытылған сипаттамасы.
2. Кәсіпорын мен сала өндірісінің ҰШЖ әдістемесі бойынша акшаға шағылған көрсеткіштері:
 - а) шығарылым (Ш);
 - ә) жалпы қосылған құн (ЖҚҚ).

Шығарылым көрсеткіші өндірістің бастапқы сатысын билдіреді.

Өнімнің шығарылымы жалпы мына әдістермен есептеледі:

- 1) жалпы қосылған құнның сомасы (құнның үстелуі) *плюс* аралық тұтыну;
- 2) сатылған өнім құнның, даяр сатылмаған өнім корларының өзгеруінің, аяқталмаған өндіріс қалдығы өзгеруінің сомасы ретінде;
- 3) даяр сатылмаған өнім құнның, аяқталған өндіріс корлары өзгеруінің сомасы ретінде;
- 4) нарықтық және нарықтық емес өндіріс шығарылымы құнның сомасы ретінде;
- 5) тауарлар мен қызметтерді өндірушілердің (барлық мешік нысанындағы кәсіпорындардың, үй шаруашылықтарының) шығарылымы құнның сомасы ретінде;
- 6) өнімнің құрамдас элементтерінің сомасы ретінде.

Өнімнің басқа құндық көрсеткіші – жалпы қосылған құн – аралық тұтынуды ескермеуіне байланысты кәсіпорын қызметінің нәтижелерін дәл сипаттайтын. Жалпы қосылған құнға негізгі капиталды тұтынудың кіруіне байланысты ол жалпы деп аталады, *ЖКК = Ж – АТ*.

A. «Ауыл шаруашылығы, аныштық, орман өсіру» салаларының шығарылымы.

Ауыл шаруашылығы онімі – өсімдік өсіру мен мал шаруашылығының «шикі» өнімдерінің, яғни бастапкы, басқа өнім салаларында өндемеген жиынтығы.

Ауыл шаруашылығының өнімі даярлық дәрежесі бойынша даяр өнімге және аяқтамаған өндіріске бөлінеді. Ауыл шаруашылығының *даяр өнімі* деп толыктай өсірілген, жиналған және сатуға дайындалған ауыл шаруашылығы дақылдары мен мал саналады.

Ауыл шаруашылығында аяқталмаған өндіріс әр жылдың сонында өсірудің үзактығы бір жылдан асатын өнімдер бойынша пайда болады. Мұндай өнімдер олар нарықта сатуға жарамды даяр өнім категориясына өткен сәтке дейін аяқталмаған өндірісте қалады. Өсімдік өсіру шаруашылығын аяқталмаған өндіріске күздік дәнді дақылды дайындау мен себуге жұмсалған шығын, жерді жаздық дақылдарды себуге дайындау, өткен жылы есепті және келесі жылы астық түсімін алу үшін тынайтынш салу, көп жылғы өсімдіктерді егу және оларды жеміс беретін жасқа дейін өсіру жатады. Мал шаруашылығында аяқталмаған өндіріске жас төлді өсіру мен борадақылауға жұмсалатын шығын жатады.

1. Ауыл шаруашылығы өнімінің шығарылымы оның *салалары шығарылымының сомасы* ретінде *анықталады*, яғни *өсімдік өсіру шаруашылығының шығарылымы + мал шаруашылығының шығарылымы* *ауыл шаруашылығына көрсетілетін қызметтердің құны*.

Өсімдік өсіру шаруашылығының шығарылымына мыналар кіреді:

- осы құнтізбелік жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімінен алынған шикі өнімді өсіру құны;

- көп жылдық өсімдіктерді жеміс беретін жасқа дейін өсіру құны;
- өсімдік өсіру шаруашылығында аяқталмаған өндіріс қалдықтарының өзгеруі (жылдың соны мен басындағы қалдықтардың айырмасы ретінде).

Мал шаруашылығының шығарылымына мыналар кіреді:

- ауыл шаруашылығы малын өсіру нәтижесінде алынған шикі өнімдердің (сиыр, қой, ешкі және т.б. сүті, тауық, үйрек және т.б. жұмыртқасы, бал және т.б. өнімдердің) құны;
- малды, құсты және өзге де ауыл шаруашылық малын құны, яғни төлдің, өсімнің, малдың салмағының құны;
- мал шаруашылығының өзге де өнімдерінің (каракөл, елтірі, балауыз, көң) құны;
- мал шаруашылығында аяқталмаған өндірістің қалдығының өзгерісі.

Ауыл шаруашылығына көрсетілген қызметтердің құнына мыналар кіреді:

- жерлерді жаксарту, топыракты химияландыру мен басқа да агротехникалық жұмыстар, өсімдіктерді аурулар мен ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестерінен қорғау жөніндегі қызметтердің құны;
- ауыл шаруашылығына зоотехникалық және мал дәрігерлік қызмет көрсету құны;
- ирригациялық және мелиоративтік және т.б. жүйелерді пайдалану жөніндегі су шаруашылығы кәсіпорындары көрсететін қызметтердің құны.

2. Ауыл шаруашылығы шығарылымының құны осы күнтізбелік жылы кәсіпорындардың барлық болашақтері (мекемелері) өндірген өнім шығарылымы құнының сомасына тең болады. Осы есептеу әдісі бойынша шығарылым көрсеткішіне сол бір кәсіпорынның бір бөлімшесінен екінші бөлімшесіне тауарлар мен қызметтерді жеткізу кіреді, алайда сол бір бөлімшеде өндіріліп тұтынған тауарлар мен қызметтер кірмейді. Мысалы, өсім өсіретін бөлімшелердің сол бір шаруашылықтың мал өсіретін фермасына жем-шөп немесе мал өсіретін ферманың өсімдік өсіретін бөлімшеге тыңайтқыш (көң) жеткізуі. Сонымен бірге бөлімше ішінде пайдаланылған ауыл шаруашылығы өнімдері, мысалы, балапан басып шығаруға арналған жұмыртка, бұзау ішетін сүт, тұқымдық астық кәсіпорынның шығарылымына кірмейді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрсеткіштерін аныктауға арналған статистикалық акпарат егістің қорытындылары; барлық жерлердің ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімі; астық алу үшін минералдық және органикалық тыңайтқыш енгізу; мал шаруашылығының жай-күйі; халықтың шаруашылықтарындағы малдың есебі жөніндегі есептерден алынады.

Орман шаруашылығына орман өсіру, ағаш дайындау, жабайы өсетін және ағаш емес орман өнімдерін жинау, аңшылық, бағалы аң төрісі кәсібі, жабайы құс өсіру, орман шаруашылығына қызмет көрсету сиякты салалар кіреді.

Орман шаруашылығының нарықтық шығарылымы тауарлық өнім мен аяқталмаған өндіріс қалдықтарының өзгерістері сомасының құнына тен болады. Тауарлық өнімнің құны ормандарғы көшет егістіктерін егу мен өсіру, орманды күту, ормандарды табиғи қалпына келтіруге көмектесетін басқа, шарт бойынша орындалған жұмыстардың құнының, сондай-ақ бөгде тараптарға тұқым, көшет пен басқа өнім сатудың құны көлемінде есептеледі. Орман шаруашылығы өнімінің нарықтық емес шығарылымы бюджеттік ұйымдардың ағымдағы шығынының көлемінде белгіленетін жалпы шығарылымынан нарыктық баға бойынша сатылатын өнімнің құны шерілген сомаға тен болады.

Ағаш дайындау ұйымдарының өнім шығарылымы ағаштан, қосалқы өнімнен жасалған өнім құнынан құралады.

Аңшылық шаруашылықтар өнімінің шығарылымы аңшылық шаруашылықты жүргізуге жұмсалатын шығын мен аңшылық-шаруашылық қызметтен алынатын табыстын сомасы ретінде анықталады. Халықтың орманды пайдалану мен аңшылықтан алған өнімді дайындауға үй шаруашылықтары сату және өздері пайдалану үшін әзірлеген отынның, торфтың, жабайы өсімдіктердің, саңырауқұлактың, жемістің, жидектің, бағалы аң төрісінің, жабайы құстарының құны кіреді.

В. «Балық шаруашылығы» саласының шығарылымы.

Балық шаруашылығы саласына балық өсіру, балық аулау, балық шаруашылығына қызмет көрсету, су жануарларын аулау, теніз материалдарын (табиғи інжу, маржан, балдыр) жинау саласы кіреді. Балық шаруашылығының шығарылымы орман шаруашылығындағыдай, яғни нарыктық шығарылым + нарыктық емес шығарылымнан құралады.

Т. «Өнеркәсіп» саласының шығарылымы.

Өнеркәсіп өнімі – бұл кәсіпорынның, үй шаруашылығының өнеркәсіптік-өндірістік қызметтің тауар нысанындағы немесе тауарлардың ішінәра жоғалтылған тұтынушылық құнын қалпына келтіретін өнеркәсіп сипатындағы жұмыстар мен қызметтер нысанындағы пікелей пайдалы нәтижесі.

Біріншіден, өнеркәсіптік өнім деп кәсіпорын қызметтің нәтижесі, басқаша айтқанда еңбек жұмсалған нәрсе аталағы. Сондықтан егер кәсіпорынға келіп түскен шикізаттың бөлігі өнделмей бөгде тарапқа сатылса, онда ол осы кәсіпорын өнімінің көлеміне кірмейді.

Екіншіден, кәсіпорын қызметтің нәтижесі емес өнеркәсіптік-өндірістік қызметтің нәтижесі ескеріледі. Осыған орай өнеркәсіптік емес өнім, мысалы,

косалқы ауыл шаруашылығы, асхана өнімі, ғимараттар мен құрылыштарды құрделі жөндеу жұмыстары, емхана қызметтері өнеркәсіп өніміне кірмейді, тек экономиканың басқа салаларының өнімінің құрамында саналады.

Үшіншіден, өнеркәсіптік-өндірістік қызметтің тікелей нәтижесі оның тікелей мақсатына сәйкес анықталады. Осыған байланысты өнеркәсіптік өнімге бастапқы шикізатты, материалды толықтай пайдаланбауға байланысты алынатын технологиялық қалдық (машина жасау кәсіпорындарындағы металл жоңқасы, тері-аяқ киім комбинаттарындағы тері киындылары) өнеркәсіптік өнімге жатпайды.

Алайда егер қалдық басқа тауар, мысалы, ағаш талшықты тақта, қолғап, мата шығару үшін пайдаланылса, онда олар осы тауарлардың құнында есептеледі. Негізгі өнім шығару процесінде алынатын қатар өндірілетін өнімдерді айыра білген жөн. Қатар өндірілетін өнімдер өз бетінше маңызды және олардың шығарылымы кәсіпорын өнімінің көлеміне кіреді.

Төртіншіден, өнеркәсіптік-өндірістік қызметтің белгіленген талантарды қанағаттандыратын және тікелей тағайындалуы бойынша пайдалануы мүмкін пайдалы нәтижесі ескеріледі. Барлық түрдегі өндірістік, оның ішінде уакытында кайта жасалып, бөгде тарапқа сатылған ақау өнеркәсіптік өнім болып саналмайды. Өнеркәсіптік кәсіпорынның өнім жөніндегі акпарат статистикалық есептерден, үй шаруашылықтарын бюджеттік тексерістердің азық-түлік емес тауарлар өндіру жөніндегі жеке енбек қызметінен алынған табыс, сондай-ақ жеке азаматтар көрсететін кім, аяқ кім тігі мен жөндеуге және басқа қызметтерге жұмсалған шығыс туралы деректерден алынады.

Өнеркәсіп шығарылымы мына негізгі құрамдас бөліктерден қурадады:

- салалар жіктеуішінде «өнеркәсіпке» жатқызылған даяр бүйімдар;
- өндөлме шикізаттан жасалған өнім;
- жартылай фабрикаттар;
- аяқталмаган құрылыш;
- бөгде таралтың тапсырысы бойынша орындалған өнеркәсіптік сипаттағы, өз ғимараттары мен құрылыштарын, өзінің құрделі құрылышының қосалқы кәсіпорындарын құрделі жөндеу, меншікті жабдықтар мен көлік құралдарын құрделі жөндеу жұмыстары;
- қосалқы өндірістің өнімі (электр энергиясы, бу, су);
- өндіріс және кайта өндеу.

F. «Құрылыш» саласының шығарылымы.

Құрылыш өнімі – құрылыш, монтаж, жобалау-іздестіру ұйымдарының тікелей пайдалы, тек негізгі өндірістік қызметінің нәтижесі.

Құрылыш өніміне мыналар жатпайды:

- ұйым сатып алған, алайда оны өндірісте пайдаланбаған немесе бөгде тарапқа сатқан материалдар;
- өндірістік емес бөлімшелердің қызметінің нәтижесі;

- косалқы шаруашылықтарда (көлік, косалқы ауыл шаруашылығы) тас, топырак өндіру, құрылыш конструкцияларын жасау;
- орнатылған жабдықтардың құны;
- көп жылдық өсімдіктерді егуге және терең барлап бұргылауға жұмсалған шығын.

Құрылыш өнімінің шығарылымына мердігерлік және шаруашылық тәсілдермен орындалған ғимараттар және құрылыштарды салу мен қайта жаңарту жөніндегі жұмыстардың құны, сондай-ак тұрғын үйлер мен саяжайлар құрылышының құны кіреді. Құрылыш шығарылымы мына құрамдас бөліктердің сомасы ретінде анықталады:

- 1) құрылыш-монтаж жұмыстарының құны;
- 2) ресми емес экономиканы, жасырын өндірісті толықтай есептеу;
- 3) құрылыш объектілерімен байланысты геологиялық барлау және бұргылау жұмыстарының құны;
- 4) құрылышпен байланысты жобалау-іздестіру жұмыстарының құны;
- 5) құрылыштың негізгі капиталын таратудан шегілген залал;
- 6) жерлерді жақсарту жөніндегі жұмыстардың құны;
- 7) объектілерді және уақытша тоқтатылған құрылыштарды консервациялауға жұмсалатын шығын;
- 8) ғимараттар мен құрылыштарды күрделі жөндеу;
- 9) ғимараттар мен құрылыштарды мердігерлік тәсілмен орындалған ағымдағы жөндеу;
- 10) жол салу және оны күрделі жөндеу;
- 11) мемлекеттік бюджеттен емес өзге де күрделі шығын;
- 12) мердігерлік және шаруашылық тәсілдермен салынған жекетүргын үйлер мен саяжайлардың құны.

I. «Көлік және байланыс» салалары өнімінің шығарылымы.

Көлік теміржол, тас жол, труба құбыры, су, авиация мен көліктің өзге де түрлерін (косалқы және делдалдық қызмет) камтиды.

Көліктің шығарылымы (тас жол шаруашылығын қоспағанда) жүк және жолаушылар тасымалынан, пошта тасымалдаудан, тиу-түсіру жұмыстарынан, койма үй-жайларын пайдаланудан іс жүзінде алынған табыстың сомасы ретінде есептеледі.

Тас жол шаруашылығы өнімінің шығарылымы автокөлік жолдағын ағымдағы жөндеу мен ұстауға (тазарту, белгі орнату, көгалдандыру) жұмсалатын шығынның көлемімен анықталады. Осы жұмыстарды мемлекеттік органдар орындауды және олар нарыктық емес өнім шығарылымы ретінде карастырылады.

Байланысқа пошта, курьерлік, элекрондық, радио байланыс салалары кіреді.

Байланыстың шығарылымы мына қызмет түрлерінің сомасымен аныкталады:

- байланыс кәсіпорындарының пошта, кезеңді баспасөз, сәлемдеме жеткізуден, пошта маркілерін, ашық хат және т.б. сатудан алынған табыстын;
 - телефон және телеграф арналарын пайдалану, телефон орнату толемінін;
 - радио мен теледидардан түсетін ақша түсімінін;
 - жеке тұлғаларға байланыс қызметін көрсетуден алынған табыстын.
- G. «Сауда» саласының шығарылымы.**

Сауда ішкі сауда, сыртқы сауда, кинофильмдерді жалға беру, автокөлікті, мотоциклдерді сату, техникалық қызмет көрсету мен жөндеу салаларын қамтиды.

Сауда шығарылымын есептеу әдістері:

1. Сатылған сауда үстемесі қосылған құн салығы мен өнімге салынатын басқа да таза салық қосылмай сату және сатып алу бағасымен сатылған тауарлардың құнының айырмасын білдіреді.

2. Сауданың үстеме бағасы – бұл сауда жасайтын ұйымдардың тауар сатудан шегілетін шығынды өтеу және одан табыс алу үшін пайдаланатын жалпы табысы. Сауданың үстеме бағасының көлемі сауда кәсіпкерлерінің сатуға жұмсаған шығыны мен алған табысының сомасына тең болады.

3. Қоғамдық тамактандыру өнімінің шығарылымына өнімнің тауар айналымы кіреді. Тауар айналымы сатудың үстеме бағасына тамак жасауға пайдаланылған және өнделмей сатылған өнімдердің құны қосылған сомадан қосылған құн салығы, өнімге салынатын басқа да таза салық шегеріліп аныкталады.

4. Кино- және бейнефильдерді жалға алу өнімінің шығарылымы жалға беру төлемінін көлемінде есептеледі.

5. Сыртқы сауда биржалықты қоса алғанда, экспорттық-импорттық операцияларды, сондай-ақ брокерлік және сыртқы сауда қызметі бойынша басқа да қызметтерді қамтиды.

Табыс кәсіпорындардың (ұйымдардың) экономикалық қызметінін түпкілікті қаржы нәтижесін көрсетеді. Қазақстандық есеп практикасында табыстың келесі көрсеткіштері есептеледі:

1. Өнім (қызмет) сатудан алынатын табыс.
2. Жалпы табыс = өнім (қызмет) сатудан алынатын табыс минус сатылған өнімнің (қызметтің) өзіндік құны.
4. Кәдімгі қызметтен салық салынғанға дейін алынатын табыс (шегілетін залал) = негізгі қызметтен түскен табыс (шегілген залал) минус негізгі емес қызметтен түскен табыс (шегілген залал).
5. Кәдімгі қызметтен салық салынғаннан кейін түскен табыс (шегілетін залал) = негізгі қызметтен түскен табыс (шегілген залал) минус

салық салынғанға дейін түскен табыс (шегілген залал) минус табыс салығы бойынша жұмсалған шығыс.

6. Таза табыс (залал) = кәдімгі қызметтен салық салынғанға дейін түскен табыс минус төтенше жағдайдан шегілген залал.

18.3. Өндіріс нәтижелерінің макроэкономикалық көрсеткіштері

Қазақстан экономикасының белгіленген уақыт кезеңіндегі жай-күйі ұлттық шот деп аталатын баланстық кестелерде санмен көрсетіледі. Ұлттық шоттың схемасы мен мазмұны осы окулықтың 14.3-тарауында көлтірілген. Макроэкономикалық көрсеткіштерді есептеу әдістемесін жаксы игеру үшін осы схемаларды пайдалану ұсынылады. Макроэкономикалық көрсеткіштер жүйесі нарықтық экономиканы тиімді реттеу үшін қажет. Ұлттық шоттарды әзірлеу үшін акпарат ретінде өндіріс, бюджет, әлеуметтік қамтамасыз ету, ішкі және сыртқы сауда, күрделі құрылымдар мен статистикасының, сондай-ақ салық және кеден статистикасының деректері пайдаланылады.

Шығарылым (Ш) – бұл экономиканың резидент-бірліктерінің есепті кезең ішіндегі өндірістік қызметтің нәтижесінде жасалған тауарлар мен қызметтердің жиынтық құны. Шығарылым өндіріс шотында және тауарлар мен қызметтер шотында жазылады.

Экономиканың жалпы қосылған құны (*ЖҚҚ*) шығарылым мен аралық тұтынудың арасындағы (өндіріс шотында) айырма ретінде анықталады. Шығарылым сияқты жалпы қосылған құн да негізгі бағаларда бағаланады (19-такырып):

$$\text{ЖҚҚ} \text{ негізгі бағаларда} = B \text{ негізгі бағаларда} - AT - KДЖЕК,$$

мұнда: *KДЖЕК* – каржы делдалдарының жанама есептелеңтік қызметтері; экономика салалары мен секторларында есептелген сол бір сомаларды екінші қайтара есептеуге жол бермеу үшін олар шегеріледі.

Алайда колданыстағы әдістеме бойынша *KДЖЕК* бөлінбейді және тиісті бірліктердің аралық тұтынудың көрсетілмейді, олар шығарылымы нөлге тең экономиканың аралық тұтыну шығысына дереу жатқызылады.

ЖҚҚ-ны тұтынушының нарықтық бағасында есептеу үшін өнімнің таза салығы мен импортты қосу қажет:

$$\text{ЖҚҚ} \text{ тұтынушының нарықтық бағасында} = \text{ЖҚҚ} \text{ негізгі бағада} + TC \text{ өнім мен импортка} (KКС \text{ қоспағанда}),$$

мұнда: *TC* өнім мен импортка (*KКС* қоспағанда) = С өнім мен импортка (*KКС* қоспағанда) – Д өнімге (импортка демеуқаржыны қоспағанда).

Таза қосылған құн ($T\bar{K}K$) жалпы қосылған құннан өндіріс шотында неғізгі капиталды тұтынуды (NKT) шегеру, яғни $T\bar{K}K - NKT$.

Жалпы ішкі өнім ($\bar{J}I\bar{\Theta}$) резидент-бірліктердің осы елдің экономикалық аумағындағы есепті кезеңдегі қызметтің нарықтық бағадағы түпкілікті нәтижесін сипаттайды. $\bar{J}I\bar{\Theta}$ өзара байланысты экономикалық циклдерді, яғни тауарлар мен қызметтер өндірісінің, табысты бөлудің, оларды пайдаланудың санын сипаттайды.

Экономикалық циклдер теориясына сәйкес $\bar{J}I\bar{\Theta}$ өндірістік, бөлу (табыс құру әдісі) және түпкілікті пайдалану деп аталатын үш әдіспен есептеледі.

A. Өндірістік әдіс. $\bar{J}I\bar{\Theta}$ экономиканың барлық салалары мен секторларының нарықтық бағадағы $\bar{J}KK$ сомасы ретінде (өндіріс шотында) есептеледі. Бағалардың сипаттамасы 19-тақырыпта берілген. Іс жүзінде шығарылым мен жалпы қосылған құнның бағасына байланысты $\bar{J}KK$ мен $\bar{J}I\bar{\Theta}$ арасында мынадай арақатынас қолданылады:

а) $\bar{J}I\bar{\Theta}$ нарықтық бағадағы = $\bar{J}KK$ негізгі бағадағы + ТС өнімге ($K\bar{K}C$ қоспағанда);

ә) $\bar{J}I\bar{\Theta}$ нарықтық бағадағы = $\bar{J}KK$ өндірушінің бағасындағы + $K\bar{K}C$ + ТС импортқа.

Өнірдің (облыстың, ауданың, қаланың) экономикалық қызметін сипаттау үшін жалпы қосылған құнның KP өнірлерінің негізгі бағаларындағы сомасы ретінде жалпы өнірлік өнім ($J\bar{O}\bar{\Theta}$) анықталады.

B. Бөлу әдісі (табыс құру әдісі) өндіруші-резиденттердің бастапқы табыс көздерінде $\bar{J}I\bar{\Theta}$ қалыптасуын сипаттайды.

$$\begin{aligned} \bar{J}I\bar{\Theta} &= \sum BT \text{ өндірушілердің} - \text{ішкі экономика секторларының} \\ &\quad \text{резиденттерінің} = ET + TC \text{ өнімге} + TC \text{ импортқа} + TBC \\ &\quad \text{өндіріске} + J\bar{P} + J\bar{A}\bar{T} \text{ (табыс құрылатын шотта),} \end{aligned}$$

мұнда: $\sum BT$ – өндіруші-резиденттердің бастапқы табысының сомасы.

ET – ішкі экономика секторлары мен қалған әлемнің жалдамалы қызметкерлеріне енбекақы төлеу, яғни ол $\bar{J}KK$ жасауға катысадын резиденттерге де, сондай-ак бейрезиденттерге де төленетін барлық төлемдерді камтиды (15.2-тақырып);

TBC өндіріс – өндіріске салынатын таза басқа салықтар (14.2-тақырып);

$J\bar{P}$ – экономиканың жалпы пайдасы;

$J\bar{A}\bar{T}$ – жалпы аралас табыс.

Бастапқы табысқа енбекақы төлеу, пайда, аралас табыс, өндіріс пен импортқа салынатын салық жатады.

Экономиканың жалпы пайдасы ($J\bar{P}$) немесе жалпы аралас табысы ($J\bar{A}\bar{T}$) – сальдо арқылы айырма ретінде (табыс құрылатын шотта) былайша есептеледі:

Экономиканың $\text{ЖП} (\text{ЖАТ}) = \text{ЖИ}\Theta -$ ішкі экономика секторлары кызметкерлерінің $ET - ТБС$ өндіріс.

Экономиканың жалпы пайдаласы немесе жалпы аралас табыс құрылатын шоттың сол бір балансалатын бабының екі балама көрсеткіші болып табылады. Пайда мен оған тенестірілген табыстың (аралас табыстың) айырмашылығы мынада. Пайда кәсіпорынның қосылған құнынан еңбекакы алатын жалдамалы қызметкерлері бар кәсіпорындарда есептеледі. Ара-лас табыс «үй шаруашылықтары» секторының корпоративтік емес кәсіпорындары үшін қолданылады. Іс жүзінде осындай кәсіпорындарда табысты еңбекакы немесе пайда ретінде сипаттау киын, сондай-ақ кор-поративтік емес кәсіпорындардың табыс пен шығысын олардың мешік иелерінің табысы мен шығысынан ажырату күрделі.

Корпоративтік емес кәсіпорындардың, үй шаруашылықтарының же-ке немесе баскалармен біргіп жұмыс істейтін кызметкерлері еңбекакы немесе лауазымдық жалақы нысанында сыйакы алмайды. Үйде жұмыс істейтіндердің көпшілігі өндірістік шығынды (ғимаратты жалға алу, жы-лыту, жарықтандыру, сактау, көлік) өздері төлейді. Сонымен бірге үй шаруашылықтарында жұмыс істеген сағат саны жөнінде акпарат бол-майды. Осындай кәсіпорындарда өндірістік үй-жайлар, көлік құралдары өндірістік те, сондай-ақ жеке мақсаттарда да пайдаланылады. Сондыктан үй шаруашылықтарының иелері немесе мүшелері жұмыс істегені үшін еңбекакы емес аралас табыс алады.

Пайда қаржы және қаржы емес корпорациялар секторларының қаржы-экономикалық қызметінің нәтижесін көрсетеді, яғни

ЖП экономика секторының $= \text{ЖКК} - ET - ТБС$ өндіріс,

мұнда: ЖП – жалпы пайда.

Экономиканың таза пайдаласы (TP) немесе таза аралас табысы (TAT) жалпы пайдаланан немесе жалпы аралас табыстан негізгі капиталды тұтыну шегерілген (табыс құрылатын шотта) сомаға тен болады:

$$TP (TAT) = \text{ЖП} (TAT) - НКТ.$$

C. Түпкілікті пайдалану әдісі түпкілікті пайдалануға $\text{ЖИ}\Theta$ -нің шығынын, капиталды жалпы жинақтауды және таза экспортты (табысты бастапқы бөлу шотында) белайша көрсетеді:

$$\text{ЖИ}\Theta = TTШ + КЖК + \Delta\mathcal{E} + CA,$$

мұнда: $TTШ$ – тауарлар мен қызметтерді түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығынының сомасы;

$КЖК$ – капиталдың жалпы қорланымы;

$\Delta\mathcal{E}$ – тауарлар мен қызметтердің таза экспортты, $\Delta\mathcal{E} = \mathcal{E} - I$ (экспорт – импорт);

ЖІӨ-ді өндірістік әдіспен және түпкілікті пайдалану әдісімен есептеу арасындағы статистикалық алшактықтың мөлшері.

Шығыс – бұл сатып алушы сатушыга тауар мен қызметтің орнына мөлейтін сома.

Түпкілікті тұтыну шығысы экономиканың үш секторының, үй шаруашылықтары, мемлекеттік басқару органдары, үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың тұтынушылық тауарлары мен қызметтеріне арналған шығыстан қалыптасады.

«Үй шаруашылықтары» секторының түпкілікті тұтынуга арналған шығыстарына Қазақстан Республикасының экономикалық аумағында, сондай-ақ шетелде де орналасқан үй шаруашылықтарының шығыстары жатады. Атамыш шығысқа мына шығыстар кіреді:

- саудадан, нарыктан, жеке тұлғалардан қысқа және ұзак уақыт бойы пайдаланылатын жаңа тауарларды сатып алу;
- нарыктық тұтынушылық қызметтерді сатып алу: пәтеракы, коммуналдық төлемдер; конакүйлерде тұру төлемі; тұрмыстық қызметтердің төлемі: моншалардың, шаштараздардың, жалға беру пункттерінің, медициналық мекемелердің, кино, театрлардың, мұражайлардың, каржы және заң мекемелерінің; тұрғын үйді, машиналарды, көлік құралдарын жалға беру жөніндегі қызметтерді төлеу; үйдегі жалдамалы қызметшілердің қызметтінің құны;
- үй шаруашылықтары өздері тұтыну үшін өндірген тауарлардың құны;
- еңбек төлемі ретінде табиғи нысанда түскен тауарлар мен қызметтердің құны;
- ведомстволық емханалардың, клубтардың, демалыс үйлерінің және т.б. қызметкерлеріне тегін (немесе төмен бағамен) көрсетілетін әлеуметтік-мәдени қызметтердің құны;
- мемлекеттік мекемелер мен коммерциялық ұйымдар табиғи нысанда беретін әлеуметтік жәрдемақылар;
- меншік тұрғын үйде тұру қызметтінің шартты тұрде есептелген құны;
- үй шаруашылықтары шетелден алған сыйлықтар минус олар шетелге жіберген сыйлықтар;
- үй шаруашылықтарының ұзак уақыт пайдаланылатын ұсталған тұтынушылық тауарлардың антикварлық бұйымдарын сатып алу сальдосы.

Үй шаруашылықтары түпкілікті тұтынатын құрамға мыналар кірмейді:

- құндылық, үй, пәтер сатып алу (негізгі капиталдың жалпы корланымын құрайды);
- тауарды (құрылыш материалдары, тұқым, жем-шөп, құралдар, сай-

мандар, арнайы киім-кешек – аралық тұтынуға жатады) өндірістік мақсатта сатыл алу;

- үйлер мен пәтерлердің иелерінің ағымдағы жөндеуге жұмсайтын шығысы;
- шаруашылық үй-жайларды, машиналарды, жабдықтарды, құралдарды жалға алу төлемі;
- үй шаруашылықтары мүшелерінің тамак жасау, тұрғын үйді жинау жөніндегі қызметтері.

«Мемлекеттік басқару органдары» секторының түпкілікті тұтынуға арналған шығыстары осы мекемелер деңсаулық сактау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет саласы мен жалпы қоғамға – ғылым, жалпы басқару, корғаныс және т.б. салаларда көрсететін тегін қызметтердің құнын қамтиды. Атальыш шығысқа мыналар кіреді:

- тауарлар мен қызметтер сатып алуға жұмсалатын шығыс (күрделі сипаттағы шығыстарды қоспағанда);
- қызметкерлерге еңбекақы төлеу шығысы;
- салық төлеу;
- негізгі капиталды тұтыну.

Осы сектордың түпкілікті тұтыну шығынына мыналар *кірмейді*:

- тауарлар мен қызметтерді сату (үй шаруашылықтарының аралық тұтынуына немесе түпкілікті тұтынуына, мысалы, шаруашылық есептегі ұйымдар көрсететін ақылы қызметтердің құны, мемлекеттік бюджеттік ұйымдар көрсететін қызметтерді ішінара төлеу; мұражайлардың кейбір тауарларды, яғни ашықхат, сурет, сыйлық сатудан тұсken түсімі) жатады;
- мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар халыққа өндемей тегін беру үшін сатып алған және қызмет көрсету процесімен технологиялық жағынан байланысты емес өнімдердің құны (мысалы, әлеуметтік қамтамасыз ету ұйымдарының тамак өнімі мен киім-кешек беруі табиги нысандағы әлеуметтік жәрдемақы ретінде үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтынуына жатады);
- қәсіпорындар мен ұйымдар қызметкерлер мен олардың отбасына көрсететін әлеуметтік-мәдени қызметтердің құны (үй шаруашылықтарының аралық тұтынуына жатады).

«Мемлекеттік басқару органдары» секторының түпкілікті тұтынуға жұмсайтын шығысының сомасына мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың ағымдағы шығындарынан, осы ұйымдардың негізгі капиталының тозуына, әскери техникаға, әскери қызметшілердің тамағы мен жабдығына жұмсалған шығыстан құралады.

Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін «коммерциялық емес ұйымдардың шығысына» мыналар кіреді:

- үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін қоғамдық ұйымдардың ағымдағы шығыны (күрделі салымға, күрделі жөндеуге, жабдық пен құрал сатып алуға, акшалай және табиғи нысандағы әлеуметтік жәрдемакыға жұмсалатын шығынсыз);
- үй шаруашылықтарының жеке және ұжымдық қажеттілігіне қызмет көрсететін қоғамдық ұйымдардың негізгі капиталының тозуы.

Статистикада түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыспен қатар нақты тұтыну қарастырылады.

Нақты түпкілікті тұтынуға (НТТ) резидент-үй шаруашылықтары қаржыландыру көзіне қарамастан жеке тұтыну үшін сатып алған тауарлар мен қызметтердің құны және мемлекеттік басқару органдары жалпы қоғамда көрсететін ұжымдық қызметтердің құны кіреді. Үй шаруашылықтарының нақты түпкілікті тұтынуы олардың жеке ағымдағы табысы мен үй шаруашылықтарына тегін қызмет көрсететін мемлекеттік басқару органдары мен коммерциялық емес ұйымдардан тегін алған тұтыну тауарлары мен қызметтерінен (табиғи нысандағы әлеуметтік трансфертер) құралады. Мемлекеттік басқару органдарының нақты түпкілікті тұтынуы олар халықка көрсеткен ұжымдық қызметтердің құнына тең болады.

Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық ұйымдарда нақты түпкілікті тұтыну болмайды, ейткені олар беретін тауарлар мен көрсететін қызметтер шартты түрде жеке деп қарастырылады және табиғи нысандағы әлеуметтік трансферктек жатады.

Жалпы экономикада түпкілікті тұтыну шығыны мен нақты тұтыну дел аталатын көрсеткіштер тең болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы капиталының құралуы немесе жалпы капиталының қорлануы (ЖКҚ): а) негізгі капиталдың жалпы корланымының; ә) материалдық айналым қаражаты корының өзгеруі; б) құндылықтарды таза сатып алушын сомасы ретінде қалыптасады.

Негізгі капиталдың жалпы қорланымы (НКЖК) деп резидент бірліктердің жаңа табысты келешекте өндірісте пайдалану арқылы құру үшін ұзак мерзім пайдаланылатын инвестициялық объектілерге қаражат салуы аталады. Негізгі капиталдың жалпы корланымына мынадай элементтер кіреді:

1. Негізгі капиталдың кетуін қоспағанда олардың жаңа және қолданыстағы түрлерін сатып алу.

2. Өндірілмеген материалдық активтерді жақсартуға жұмсалатын шығын.

3. Меншікті өндірілмеген активтерге берумен байланысты шығыс.

Материалдық айналым қаражаты корының өзгеруі өндірістік корлардың, аяқталмаган құрылыштың, даяр өнім мен кезең сонында қайта сатылатын тауарлардың және кезең басындағы тиісті көрсеткіштердің құнының айырмасы ретінде есептеледі.

Құндылықтарды, яғни бағалы металды, тастарды, зергерлік бұйымдарды, антиквариатты және т.б. сатып алу мен істен шықкандар арасындағы айырмаға тен болады.

Сейтіп, жалпы ішкі өнім әр түрлі құрамдастардың негізінде үш әдіспен есептеледі, осының нәтижесіндегі олардың саны үйлеспейді, статистикалық алшактықка (СА) жол беріледі. Статистикалық қызмет дамыған елдерде ЖІӨ-ді түпкілікті пайдалану әдісі бойынша есептеуде ЖІӨ-ді өндірістік әдіспен есептеуден ауытқу 1–2%-дан аспаған жағдайды біршама қалыпты деп саналады.

Статистикалық алшактық:

- кәсіпорындар мен үй шаруашылықтарының табысты жасыру салдарынан акпараттық базаның дұрыс болмауынан;
- бухгалтерлік есептіліктің халықаралық стандарттарға сәйкес сіздігінен;
- кәсіпорын деңгейіндегі каржы есептілігінде көрсетілетін пайда туралы акпараттың сенімсіздігінен пайда болады.

Таза ішкі өнім ($TI\Theta$) негізгі капиталды тұтыну шегерілген жалпы ішкі өнімге тең: $TI\Theta = ЖІӨ - НКТ$.

Ұлттық табыс деп Қазақстан Республикасының резиденттері есепті кезенде нарықтық бағада жасаған барлық тауарлар мен қызметтердің жиынтық нарықтық бағасы аталады.

Қазақстан Республикасының резиденттеріне түсетін табыс қызметкерлердің енбекақысы мен меншіктен түсетін табыстан (MT) құралады. Меншіктен түсетін табыс – экономиканың барлық секторлары пайыз, дивиденд, рента, тікелей шетелдік инвестициялардан алынатын инвестициялық табыс нысанында алынатын бастапқы табыстар. Жалпы ұлттық табыстың жалпы ішкі табыстан айырмашылығы оның санына жердің, капиталдың, енбектің және т.б. тағы таза факторлық табысы (ТФТ) косылуымен байланысты.

$$\text{Жалпы ұлттық табыс } (ЖУТ) = \sum BT \text{ экономика секторларының} + \\ \Delta BT \text{ қалған әлемнің } = ЖІӨ + \Delta TФT \\ (\text{табысты бастапқы бөлү шотында}),$$

Мұнда BT немесе $\Delta TФT$ – Қазақстан Республикасы «қалған әлем» секторынан (яғни бейрезиденттерден) алған табыс сомасы мен Қазақстан Республикасы «қалған әлем» секторына төлеген табыс сомасының арасындағы айырма ретінде анықталатын бастапқы табыстың сальdosы немесе таза факторлық табыс ретінде анықталады. Мысалы, жердің таза факторлық табысын анықтау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері бейрезиденттерден алған жерді жалға алу төлемінің сомасынан Қазақстан Республикасының резиденттері бейрезиденттерге берген жерді жалға беру төлемін шегеру қажет. Капиталдың таза факторлық табысын анықтау үшін бейрезиденттердін

Казакстан Республикасының резиденттеріне жұмсаған инвестициялардан алынған дивидендердің сомасынан Қазақстан Республикасының резиденттері бейрезиденттерге төлеген дивидендердің сомасын шегеру қажет. Енбектін таза факторлық табысын білу үшін Қазақстан Республикасының резиденттері бейрезиденттерден алған табыс сомасынан Қазақстан Республикасы резиденттерінің басқа елдің бейрезиденттеріне төлеген табыс сомасы шегеріледі.

Менишіктен түсетін табысты қаржы активтерінін, жерлер мен басқа да материалдық емес қаржы емес активтердің иелері шаруашылық бірлікті пайдалану күкігін бергені үшін алады. Барлық секторлар оларды алады және төлейді.

$$\text{БТ «қаржы», «қаржы емес корпорациялар» секторларының} = \text{ЖП} + \Delta\text{БТ менишіктен}$$

Мұнда: $\Delta\text{БТ менишіктің}$ – «қалған әлем» секторынан алған және «қалған әлемге» берілген бастанқы табыс сальдосы.

$$\text{БТ «мемлекеттік басқару органдары» секторларының} = \text{ЖП} + \Delta\text{БТ менишіктің} + \text{ТС өндіріс пен импортқа}$$

$$\text{БТ «үй шаруашылығы» секторларының} = \text{ЖП} + \text{ЖАТ} + \Delta\text{БТ менишіктен} + \text{ЕТ ішкі экономика секторларының жалдамалы кызметкерлерінің}$$

$$\text{БТ «үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар» секторларының} = \text{ЖП осы сектордың}$$

Ішкі экономиканың секторлары бойынша менишіктен алынған табысты есептегендеге экономиканың бір секторына басқа сектордан түскен мынадай табыс кіреді:

- халықтың банктердегі салымдары бойынша үй шаруашылықтарының пайыз сомасы;
- банктерге кредит бергені үшін төленетін сыйақының сомасы;
- акционерлік капиталға катысадан түсетін дивиденд пен басқа табыстың сомасы;
- жерді пайдалану үшін төленетін таза рентаның сомасы;
- пайдалы кен қазбасы қорын, орман және балық алқабын игеру үшін төленетін төлем;
- авторлық құқықты, патентті, сауда белгісін және басқа да материалдық емес активтерді пайдалану үшін төленетін төлем.

Менишіктен түсетін табысқа мыналар кірмейді:

- жерді және материалдық емес каржы емес активтерді толық беру, сатып алу-сату;
- салымдер мен кредиттердің сомасы;
- ғимараттар, машиналар мен жабдықтарды жалға алу төлемі (бұл аралық тұтыну);
- жер салығы (егер өндірістік қызметке байланысты өндірілсе, онда өндіріс салығы ретінде немесе табыс салығының нысаны болса, онда ағымдағы трансферт ретінде өндіріледі).

Менишіктен түсетін табысты жалпы экономика деңгейінде есептегендеге оған «қалған әлемнен» алынған менишіктен түсетін табыс қосылады, яғни:

- Қазақстан Республикасының үкіметі басқа елдердің үкіметіне берген кредиттердің, сондай-ак шетелдік фирмалардың сыртқы экономикалық бірлестіктері берген коммерциялық кредиттердің пайызының түсімдері;
- басқа елдер – Қазақстан Республикасының резиденттері акционерлік капиталға қатысу үшін төлеген дивидендтер мен басқа табыстар;
- Қазақстан Республикасында жермен пайдаланудың (мысалы, шетелдік елшіліктер жалға алған) таза рентасы;
- Қазақстан Республикасында пайдалы кен казбасының корын, орман және балық аулау ресурстарын игеру төлемі;
- Қазақстан Республикасына тиесілі авторлық құқықтарды, патенттерді, сауда белгілері мен басқа да материалдық емес активтерді пайдалану төлемі;
- шетел компанияларының негізгі резидент-кәсіпорын өзінің бей-резидент-бөлімшесінен алған пайданың сомасына тең кайта инвестицияланған табыс. Мысалы, негізгі резидент-кәсіпорын Қазақстан Республикасының экономикалық аумағында, ал оның филиалдары Қазақстан Республикасының шектерінен тыскары жұмыс істейді және бейрезидент болып табылады. Бұл жағдайда резидент-бөлімше басқа елде алған және іске салынған пайда басқа елдердің жинақ ақшасына кіреді, ал негізгі резидент-кәсіпорынға берілген пайда шетелдік компаниялардың сомасына кайта инвестиацияланған табысы болып саналады.

Таза ұлттық табысты (ТҰТ) есептеу үшін жалпы ұлттық табыстан негізгі капиталды тұтынуды шегерілген сомаға тең болады:

$$\text{ТҰТ} = \text{ЖҰТ} - \text{НКТ}.$$

Қолда бар ұлттық табыс (ҚҰТ) ұлттық табыстан ағымдағы трансфертердің мөлшерімен ерекшеленеді.

Колда бар жалпы ұлттық табыс ($K\mathcal{K}YT$) табысты қайталама бөлу шоғында:

$$K\mathcal{K}YT = J\mathcal{Y}T + \Delta AT,$$

мұнда: AT – ағымдағы трансфертердің (яғни шетелден алғынған және шетелге берілген ағымдағы кайта бөлінген төлемдердің сальdosы (1.2-параграф). Ағымдағы, төленген және алғынған трансфертердің сальdosы өзінің мағынасы бойынша «үй шаруашылықтары» секторында оң, ал «каржы емес» және «қаржы корпорациялары» секторында теріс; «мемлекеттік басқару органдары» секторында нөлге жакын болады, өйткені осы секторға түсетін трансфертер оларды басқа секторларға беруге арналады.

$$K\mathcal{Y}T \text{ экономика секторының} = BT \text{ сектордың} + \Delta AT.$$

Колда бар таза ұлттық табыс ($KTYT$) (табысты қайталама бөлу шоғында) $K\mathcal{K}YT$ -тан негізгі капиталды тұтынуды шегеру арқылы аныкталады:

$$KTYT = K\mathcal{K}YT - NKT.$$

Колда бар түзетілген табысты анықтау үшін қолда бар жалпы ұлттық табысқа үй шаруашылықтары секторы алған натуралды (заттай) нысандағы әлеуметтік трансфертерді қосу қажет. Трансфертер акшалай нысандаға гана емес, сондай-ақ тегін әлеуметтік-мәдени қызметтер немесе тауарларды (дәрі, мүгедектер арбасы және т.б.) тегін беру арқылы кайта бөлінеді. Натуралды (заттай) нысандағы әлеуметтік трансфертерді «үй шаруашылықтары» секторыға алады, ал «мемлекеттік басқару органдары» және «үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар» деп аталатын екі сектор төлеуші болып табылады. «Қаржылық емес» және «қаржылық корпорациялар» деп аталатын екі сектор натуралды (заттай) нысандағы трансфертерді алушы да, төлеуші де болмайды. Жалпы экономика үшін үй шаруашылықтары алған табиғи нысандағы әлеуметтік трансфертер мемлекеттік басқару органдары мен үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар төлейтін натуралды (заттай) нысандағы әлеуметтік трансфертерге тең болады. Үй шаруашылықтарының түзетілген табысы олардың барлық түсімін қамтиды және үй шаруашылықтарының тұтыну мен жинақ ақшаны жүзеге асыру мүмкіндіктерін көрсетеді. Сондықтан колда бар түзетілген табыс көрсеткішінің мағынасы егер тегін әлеуметтік-мәдени қызметтердің үлесі артатын болса, халықтың әл-ауқатындағы өзгерістері талдау үшін өте маңызды. «Мемлекеттік басқару органдары» мен «үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар» деп аталатын екі сектордың түзетілген табысы колда бар табысқа минус натуралды (заттай) нысанда берілген әлеуметтік трансфертерге тең болады. Жалпы экономика бойынша колда бар түзетілген табыстың сомасы жалпы колда бар табысқа тең болады.

$$\text{КТЖҮТ}_{\text{экономики-каның}} = \text{КЖҮТ}_{\text{экономи-каның}} + \sum \text{КТЖҮТ} \text{ «мемлекеттік басқару органдары», «үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар» секторлары} + \text{КҮТ} \text{ «каржылық», «каржылық емес корпорация» секторларының}$$

$$\text{КТЖҮТ}_{\text{«мемлекеттік басқару органы» секторының}} = \text{КЖҮТ}_{\text{осы сектордың}} - \text{ӘТ} \text{ «үй шаруашылықтары» секторына натуралды (заттай) нысандан берілген}$$

Мұнда: ӘТ – әлеуметтік трансфертер.

Сондай-ақ «үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар» секторының КТЖҮТ есептеледі.

$$\text{КТЖҮТ} \text{ «үй шаруашылықтары» секторы} = \text{КЖҮТ} \text{ «үй шаруашылықтары» секторы} + \text{ӘТ} \text{ «үй шаруашылықтары» секторына натуралды (заттай) нысандан алған}$$

Қолда бар ұлттық табыс ұлттық түпкілікті тұтыну мен ұлттық жинақ ақшаға бөлінеді. Ұлттық түпкілікті тұтынуға үш сектордың түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыны (олардың құрамы ЖІӨ-ді түпкілікті тұтыну әдісінде карастырылған) кіреді.

Ұлттық жинақ – түпкілікті тұтынуға жұмсалған шығыстан кейін қалған және корланымды қаржыландыруға бағытталатын (табысты пайдалану шотында) иемеденетін табыстін бөлігі. ҰШЖ-нің анықтамасында жинақ ақшада банктердің колма-қол ақшасы мен депозиттерінің өсімі ғана емес, сонымен бірге басқа да қаржы активтерінің өсімі де болады және ол материалдық активтерді өсіруге жұмсалуы мүмкін. Жалпы ұлттық жинақ (\mathcal{KUJ}) мына формула бойынша анықталады:

\mathcal{KUJ} экономиканың = $\text{КЖҮТ} - \text{HTT} = \sum \mathcal{ЖЖ}$ экономика секторларының,

мұнда $\mathcal{ЖЖ}$ – экономика секторының жалпы жинағы;

HTT – нақты түпкілікті тұтыну.

Жекелеген экономика секторларының жалпы жинағы мына арақатынастан анықталады:

$$\mathcal{ЖЖ} \text{ «каржылық емес корпорациялар» секторының} =$$

$$\text{КЖҮТ} \text{ «каржылық емес корпорациялар» секторының}$$

ЖЖ «каржы корпорациялары» секторының	=	ҚЖҰТ «каржы копорациялары» секторының	-	Үй шаруашылықтарының зейнетакы қорларындағы каражатының таза құнының өзгеруіне енгізілетін түзетулер
ЖЖ «мемлекеттік басқару органдарының»	=	ҚЖТ осы сектордың	-	НТТ осы сектордың
ЖЖ «үй шаруашылықтары» секторының	=	ҚЖҰТ осы сектордың	-	Үй шаруашылықтарының зейнетакы қорларындағы каражатының таза құнының өзгеруіне енгізілетін түзетулер
ЖЖ «үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес үйымдар» секторының	=	НТТ осы сектордың	-	КТЖҰТ «үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес үйымдар» секторының

Таза ұлттық жинақ (ТҰЖ) жалпы ұлттық жинақтан негізгі капиталды тұтынуды шегеру арқылы анықталады:

$$\text{ТҰЖ} = \text{ЖҰЖ} - \text{НКТ}.$$

Таза кредит (+), таза қарызга алу (-). Экономикада таза кредит беру (+) деп осы ел резиденттерінің бейрезиденттерге берген каржы активтердің олардың каржы міндеттемелерінен асуы аталады. Таза қарыз алу (-) осы ел резиденттерінің өтеуге тиіс қаржы міндеттемелерінің берілген каржы активтерінің сомасынан асқан көлемін көрсетеді. Секторлар бойынша таза кредит беру (+), таза қарыз алу (-) күрделі шығынды қаржыландыру үшін секторлардың арасында ақылы және қайтармалы негізде берілетін каржы ресурстарының көлемін көрсетеді. Таза кредит беру (қарыз алу) – капиталмен жасалатын операция шотының балансалатын шоты. Ол есептеу арқылы былайша анықталады:

$$\text{ТН} (\text{TKA}) = \text{ЖҰЖ} + \Delta \text{КТ} - \text{КЖК} - \text{НКТ} - \text{СА} \text{ немесе } \text{ТҰЖ} + \\ + \Delta \text{КТ} - \text{КЖК} - \text{СА},$$

Мұнда: $\text{ТН} (\text{TKA})$ – таза кредит беру (таза қарыз алу);

$\Delta \text{КТ}$ – күрделі трансфертердің сальdosы;

$\Delta \text{КТ} = \text{КТ}$ алынған – КТ берілген.

Күрделі трансфертер (KT) – кәсіпорындардың күрделі салындарын мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру; жекешелендіру процесінде капитал беру; отken жылдардағы берешекті кешіру және т.б. сияқты бір жолга қайта болынген толемдер;

КЖК – капиталдың жалпы корланымы (негізгі капиталдың, материалдық айналым қаржатырынын, құндылықтардың таза сатып алушының, өндірілмеген қаржы емес активтердің) немесе капитал құрау;

СА – статистикалық алшактық (айырмашылық).

Жекелеген сектор үшін мына арақатынас дұрыс:

$$TK(TKA) \text{ экономика секторының} = TЖ \text{ секторының} + \\ + \Delta KT \text{ сектордың} - KЖK \text{ сектордың}.$$

Инвестицияларды қаржыландыру көзі инвестициялардың өсімін қаржыландыру көзінің көрсеткішін сипаттайтыны. Аталмыш көрсеткіш күрделі трансфертердің сальдосы ескеріліп жалпы ұлттық жинақтың негізінде былайша аныкталады:

$$\text{Инвестициялардың өсімін қаржыландыру} = ЖҰЖ + \Delta KT.$$



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Экономикалық өндіріске ҰШЖ бойынша анықтама берініз.
2. ҰШЖ бойынша экономикалық өндірістің шекараларын атаңыз.
3. Өндірілген өнімнің табиги және құндық көрсеткіштерін атаңыз.
4. Өнеркәсіп өніміне анықтама берініз.
5. Өнеркәсіп өнімінің негізгі элементтерін атап отыңыз.
6. Өнеркәсіп өнімнің шығарылымын есептеу әдістемесін сипаттаңыз.
7. Ауыл шаруашылығы өніміне анықтама берініз.
8. Ауыл шаруашылығы өнімі шығарылымын құрамдас бөліктер бойынша есептеу әдістемесіне тоқталыңыз.
9. Орман шаруашылығы өнімнің шығарылымын есептеу әдістемесін сипаттаңыз.
10. Балық шаруашылығы өнімнің шығарылымын есептеу әдістемесін айтыңыз.
11. Құрылым өніміне не жатады?
12. Құрылым өнімнің шығарылымын есептеу әдістемесін сипаттаңыз.
13. Сауда өнімнің шығарылымын есептеу әдістемесін сипаттаңыз.
14. Көлік өнімнің шығарылымын есептеу әдістемесін сипаттаңыз.

15. Байланыс өнімінің шығарылымын есептеу әдістемесін сипаттаңыз.
16. «Экономиканың шығарылымы» қалай есептеледі?
17. Өндіріс нәтижелерінің мына макроэкономикалық көрсеткіштерін есептеу әдістемесін баяндаңыз:
 - жалпы қосылған құн;
 - негізгі капиталды ғұтыну;
 - таза қосылған құн;
 - жалпы ішкі өнімді өндірістік әдіспен;
 - жалпы ішкі өнімді табыс құру әдісімен;
 - жалдамалы қызметкерлерге еңбекақы төлеу;
 - жалпы пайда, жалпы аралас табыс;
 - жалпы ішкі өнімді табысты пайдалану әдісімен;
 - түпкілікті тұтынуға жұмысалған шығыс;
 - жалпы ұлттық табыс;
 - меншіктен түскен табыс, таза факторлық табыс;
 - капиталдың жалпы корланымы;
 - қолда бар жалпы ұлттық табыс;
 - қолда бар таза ұлттық табыс;
 - таза ұлттық жинақ;
 - таза кредит беру, таза карыз алу.



Ұсынылатын әдебиет

1. Голуб Л.А. Социально-экономическая статистика. – М.: ВЛАДОС ИМПЭ им. А.С. Грибоедова, 2003.
2. Гусаров В.М. Статистика. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2001.
3. Методологические положения по статистике. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2005.
4. Салин В.Н., Медведев В.Г., Кудряшова С.И., Шваковская Е.П. Макроэкономическая статистика: Учебное пособие – М.: Дело, 2000.
5. Система национальных счетов – инструмент макроэкономического анализа: Учебное пособие / Под ред. Ю.Н. Иванова. – М: Финстатинформ, 1996.
6. Социально-экономическая статистика: Учебное пособие / А.М. Елемесова, К.К. Бельгибаева, Е.М. Кииков, Г.М. Молдакулова – Алматы: Экономика, 1999.
7. Статистика: Учебное пособие / Под ред. В.Г. Ионина – М.: ИНФРА-М, 2003.
8. Национальные счета Республики Казахстан (статистический сборник). 1999–2003. – Алматы: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2005.

18.4. Практикум

18.4.1. Ізденуге арналған сұрақтар

1. Өнім шығарылымы қалай есептеледі?
2. Ауыл шаруашылығы өнімі деп не аталады?
3. Ауыл шаруашылығы өнімінің шығарылымы қандай әдістермен есептеледі?
4. Өсімдік өсіру шаруашылығына өнімнің қандай түрлері кіреді?
5. Мал шаруашылығы шығарылымына өнімнің қандай түрлері жатады?
6. Қасіпорының қай өнімі өнеркәсіптік болып саналады?
7. Орман шаруашылығына қандай қызмет түрлері кіреді?
8. Өнеркәсіп өнімі қандай элементтерден құралады?
9. ЖІӨ қандай әдістермен есептеледі?
10. Қосылған құн бастапқы табыстың қай түрлерінен құралады?
11. Қай шығындар түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ-ге қосылады?
12. Негізгі капиталдың жалпы корланымына не кіреді?
13. Статистикалық алшақтықтың (айырмашылықтың) пайда болудың негізгі себептері қандай?
14. Қазақстан Республикасының резиденттері есепті кезеңде нарықтық бағада қандай табыс алады?
15. Табыстың қай түрлері меншіктен түсстін табыска кірмейді?
16. Қазақстан Республикасы экономикасы салаларының 4-косымшада келтірілген жіктеуішін пайдалана отырып, тәмендегі шығарылым түрлері экономикалық қызметтің қай саласына жататынын атап өтіңіз:
 - қасіпорындардың өнеркәсіптік қызметінің өнімі;
 - үй шаруашылықтарының өнеркәсіптік қызметінің өнімі;
 - өнеркәсіптік қасіпорындардың құрамындағы тұрғын үй шаруашылықтарының өнімі;
 - өнеркәсіптік қасіпорындар құрамындағы мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету өнімі;
 - көп жылғы жас көшет өсіру құны;
 - ғимараттар мен құрылыштарды күрделі жөндеу;
 - бал және балаузы;
 - автокөлік, тұрмыстық техника жөндеу жөніндегі жұмыстар;
 - өсімдік өсіру шаруашылығы мен мал шаруашылығының шикі өнімінің құны;
 - тәжірибе зауыттарының ғылыми-зерттеу мақсатындағы өнімі;
 - уақытты Интернетте пайдалану;
 - өнеркәсіп тауарларын тасымалдау жөніндегі қызметтер;
 - ұн;
 - ауыл шаруашылығы малын өсіру;
 - электр энергиясын өндіру;
 - сактандыру өтемақысын төлеу;
 - мұлікті жалға беруден түсін түсім.

18.4.2. Типтік есептерді шешу мысалдары

1 - мұсылм. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызмет түрлері жөніндегі төменде берілген деректері бойынша экономиканың жекелеген салаларының өнім шығарылымын есептеңіз, мың тенге:

- 1) өндірілген даяр өнім – 950;
- 2) өндөлме шикізаттан өндірілген өнім – 100;
- 3) ғимараттар мен күрілістарды күрделі жөндеу – 180;
- 4) жабдықтарды, көлік құралдарын күрделі жөндеу – 80;
- 5) бөгде тараптарға босатылған электр энергиясы – 140;
- 6) тұрғын үй шаруашылығының қызметтері – 110;
- 7) ғимараттар мен күрілістарды ағымдағы жөндеу – 50.

Шешуі:

- 1) Өнеркәсіп өнімінің шығарылымы = $950+100+80+140=1270$ мың тенге.
- 2) Құрлыстың шығарылымы = $180+50=230$ мың тенге.
- 3) Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығарылымы = 110 мың тенге.

2 - мұсылм. 5-косымшада келтірілген 1999 жылдың деректері бойынша Қазақстан Республикасы экономикалық қызметтің негізгі макроэкономикалық нәтижелерін есептейік:

- 1) негізгі бағадағы ЖҚҚ = $4133-2230=1903$ млрд тенге.
- 2) өндірістік әдіспен анықталған нарықтық бағадағы ЖІӨ = $1903 + (119 - 6) = 2016$ млрд тенге.
- 3) ТЖӨ = $2016-287 = 1729$ млрд тенге.
- 4) ЖІӨ бөлу әдісімен = $718 + (843 + 287) + (174 - 6) = 2016$ млрд тенге.
- 5) ЖІӨ түпкілікті пайдалану әдісімен = $1674 + 293 + (856 - 809) + 2 = 2016$ млрд тенге.
- 6) Статистикалық алшактық (айырмашылық) деңгейі = $(2/2016) \cdot 100 = 0,1\%$.
- 7) ЖҰК = $2016 + (13 - 76) = 1953$ млрд тенге.
- 8) ТҮК = $1953 - 287 = 1666$ млрд тенге.
- 9) ЖҰИК = $1953 + (21 - 2) = 1972$ млрд тенге.
- 10) ТҮИК = $1972 - 287 = 1685$ млрд тенге.
- 11) ЖҰЖ = $1972 - 1674 = 298$ млрд тенге.
- 12) ТҰЖ = $298 - 287 = 11$ млрд тенге.
- 13) Инвестициялардың өсімін қаржыландыру = $298 + (7 - 37) = 268$ млрд тенге.
- 14) ТК (ТҚА) = $298 + (7 - 37) - 293 = -25$ млрд тенге.

18.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

18.5.1. Есептер.

1 - есеп. Үй шаруашылықтарының қызметі жөніндегі деректер бойынша экономиканың жекелеген салаларының шығарылымын анықтаңыз, мың тенге:

- 1) консервленген көкөніс өнімі – 180;

- 2) теріден жасалған бұйым мен өнім – 60;
- 3) өсірлітен ауыл шаруашылығы малы – 90;
- 4) ауыл шаруашылығы дақылдарының алынған түсімі – 30;
- 5) өндірілген өсімдік майы мен шарап – 20.

Жауабы: өнеркәсіп өнімінің шығарылымы – 260.

2-е сеп. Ауыл шаруашылығы өнімінің шығарылымын төменде берілген деректер бойынша есептеңіз, мың теңге:

- 1) ауыл шаруашылығы дақылдарының алынған түсімі – 550;
- 2) өндірілген ұн – 120;
- 3) ірі кара мал, жылқы өсіруден өндірілген өнім – 280;
- 1) ұсақ кара малдан алынған төл, косымша салмак – 50;
- 2) өсімдік өсіру шаруашылығы мен мал шаруашылығының аякталмаған өндіріс қалдығының өсімі +30.

Жауабы: 910.

3-е сеп. Ауыл шаруашылығы өнімінің шығарылымын төменде берілген деректер бойынша анықтаңыз, мың теңге:

- 1) ауыл шаруашылығы өнімі сатылды – 680;
- 2) ауыл шаруашылығы өнімінің сатылмаған қалдығы:
 - а) жылдың басында – 60;
 - ә) жылдың соңында – 70;
- 3) өсімдік өсіру шаруашылығы мен мал шаруашылығының аякталмаған өндірісінің қалдықтары:
 - а) жылдың басында – 50;
 - ә) жылдың соңында – 35;
- 4) жүргізілген жұмыс: мелиоративтік – 20;
- 5) ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу – 75;

Жауабы: – 675.

4-е сеп. Құрылыш өнімінің шығарылымын төменде берілген деректер бойынша анықтаңыз, мың теңге:

- 1) орындалған құрылыш-монтаж жұмыстары – 600;
- 2) ғимараттар мен құрылыштарда күрделі жөндеу жасалған – 300;
- 3) орнатылған жабдықтардың құны – 80;
- 4) көп жылғы көшетті отырығызуға жұмсалған шығын – 30;
- 5) халықтың тапсырысы бойынша комиссия қабылдаған тұрғын үйлердің құны – 450;
- 6) құрылышпен байланысты геологиялық-барлау және бұрғылау жұмыстарына жұмсалған шығын – 80;

Жауабы: 1430.

5-е сеп. Сауда өнімінің шығарылымын төменде берілген деректер бойынша екі әдіспен анықтаңыз, мың теңге, егер:

- 1) сатылған сауда үстелмесі – 800;
- 2) айналыс шығыны – 500;

оның ішінде мына шығындар:

көлік ұйымдарының – 60;

байланыс мекемелерінің – 30;

3) сауда кызметінен салық салынғанға дейін түскен табыс – 300;

Жауабы: 710.

6 - е с е п. Сауда өнімінің шығарылымын төменде берілген деректер бойынша есептегіз, мын тенге:

1) сауда ұйымдары тауар сатып алған сома – 600, оны саткан сома – 950;

2) бөгде көлік ұйымдарының, байланыс бөлімшелерінің шығындары – 50.

Жауабы: 300.

7 - е с е п. 5-косымшаның деректері бойынша 2002-2003 жылдардағы төмендегі көрсеткіштерді есептегіз.

1. КР негізгі бағадағы ЖКҚ-ын.

2. КР өндірістік әдіспен есептелген нарыктық бағадағы ЖІӨ.

3. КР ТІӨ-ін.

Жауабы:

	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.
1) ЖКҚ	2427	3026	3505	4299
2) ЖІӨ	2600	3251	3776	4612
3) ТІӨ	2179	2753	3199	3946

8 - е с е п. 5-косымша мен 7-есептің деректері бойынша 2000-2003 жылдардағы төмендегі көрсеткіштерді есептегіз:

1. КР ЖІӨ-ін бөлу әдісімен.

2. КР ЖІӨ-ін түпкілікті пайдалану әдісімен.

3. Өндірістік әдіспен есептелген ЖІӨ жөніндегі деректерді тарта отырып ЖІӨ статистикалық алшактық (айырмашылық) деңгейін. Алынған мағыналарды жол берілетін нормамен салыстырыңыз.

9 - е с е п. 5-косымша мен 8-есептің деректері бойынша 2000-2003 жылдардағы төмендегі көрсеткіштерді есептегіз:

1. КР ЖҮТ. 2. КР ТҮТ.

3. КР ҚЖҮТ. 4. КР ҚТҮТ.

Жауабы:

	2000 ж.	2000 ж.	2002 ж.	2003 ж.
1) ЖҮТ	2438	3083	3618	4351
2) ТҮТ	2017	2585	3041	3685
3) ҚЖҮТ	2446	3117	3635	4327

10 - е с е п. 5-косымша мен 9-есептің деректері бойынша 2002-2003 жылдардағы төмендегі көрсеткіштерді есептегіз:

1. КР жалпы ұлттық жинағын.
 2. КР таза ұлттық жинағын.
 3. Инвестициялардың өсімін қаржыландыру.
 4. КР таза кредит беру (таза карызға алу).
- Экономикалық корытынды жасаныз.

Жауабы:

	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.
1) ЖҰЖ	532	799	838	1141
2) ТҰЖ	111	301	261	475
3) НТТ	490	771	819	1136
4) ТК(ТКА)	28	-192	-126	-7

11 - е с е п. 6-косымшаның деректері бойынша КР экономикалық қызметі мен жалпы экономиканың 2002-2003 жылдардағы нағижендерінің макроэкономикалық көрсеткіштерін есептеңіз:

1. КР экономикасының секторлары бойынша негізгі бағалардағы жалпы қосылған ЖҚҚ-ды:
 - а) қаржы емес корпорациялар;
 - ә) қаржы корпорациялары;
 - б) мемлекеттік басқару органдары;
 - в) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар;
 - г) үй шаруашылықтары;
 - ғ) жалпы экономика бойынша (негізгі және нарықтық бағаларда).
 2. КР экономикасының әрбір секторында ЖҚҚ абсолюттік өсімі мен өсу каркынын.
 3. КР секторлары бойынша таза қосылған құнды:
 - а) қаржы емес корпорациялар;
 - ә) қаржы корпорациялары;
 - б) мемлекеттік басқару органдары;
 - в) үй шаруашылықтары;
 - г) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар;
 - ғ) жалпы экономика бойынша.
- Экономикалық талдау жасаныз.

Жауабы: 2002 ж. 1а) 2433,1; 1ә) 74,8; 1б) 194,1; 1в) 24,5; 1г) 778,1; 1ғ) 3504,5; 2003ж. 1а) 2814,5; 1ә) 74,5; 1б) 232,1; 1в) 33,0; 1г) 1144,8; 1ғ) 4298,9.

12 - е с е п. 6-косымша мен 11-есептің деректері бойынша төмендегі көрсеткіштерді есептеңіз:

1. КР экономика секторларының жалпы пайдасын (жалпы аралас табысын):
 - а) қаржы емес корпорациялар;
 - ә) қаржы корпорациялары;
 - б) мемлекеттік басқару органдары;
 - в) үй шаруашылықтары;
 - г) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар;
 - ғ) бүкіл экономика бойынша.

2. КР жалпы пайдасынын (жалпы аралас пайдасынын) абсолюттік өсімі мен өсу қарқынын.

3. КР экономикасы секторларының таза пайдасын (таза аралас пайдасын):

- а) қаржы емес корпорациялар;
- ә) қаржы корпорациялары;
- б) мемлекеттік басқару органдары;
- в) үй шаруашылықтары;
- г) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар;
- ғ) бүкіл экономика бойынша

Жауабы: 2002 ж. 1а) 1104,4; 1ә) 40,7; 1б) 39,4; 1в) 11,9; 1ғ) 157,0; 1д) 1353,4.
2003 ж. 1а) 1506,3; 1ә) 32,3; 1б) 54,6; 1в) 13,7; 1ғ) 399,3; 1д) 2006,2.

13-есеп. 6-косымша мен 12-есептің деректері бойынша төмендегі көрсеткіштерді есептеніз:

1. КР экономикасының секторлары бойынша бастапқы табыстын сальдосын:

- а) қаржы емес корпорациялар;
- ә) қаржы корпорациялары;
- б) мемлекеттік басқару органдары;

в) үй шаруашылықтары, бұл ретте шікі экономика секторларының жалдамалы қызметкерлерінің еңбекақысы 2002 жылы – 1418, 6 млн теңгені, 2003 жылы 1484, 2 млн теңгені құрады.

г) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін үй шаруашылықтары.

2. Эрбір секторда бастапқы табыс сальдосының абсолюттік өсімі мен өсу қарқынын.

3. Бастапқы табыстын жалпы сальдоасын, яғни КР ЖҰТ-ын.

4. КР ЖҰТ-тың абсолюттік өсімі мен өсу қарқынын.

5. КР экономикасы секторларының бастапқы табысының таза сальдосын:

- а) қаржы емес корпорациялар;
- ә) қаржы корпорациялары;
- б) мемлекеттік басқару органдары;

в) үй шаруашылықтары;

г) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар.

6. КР таза ұлттық табысы.

7. КР таза ұлттық табысының абсолюттік өсімі мен өсу қарқынын.

Жауабы: 2002 ж. 1а) 800,2; 1ә) 112,7; 1б) 460,1; 1в) 11,9; 1ғ) 2233,2; 1д) 3618,0.

2003 ж. 1а) 1075,2; 1ә) 115,1; 1б) 562,7; 1в) 13,7; 1ғ) 2584,7; 1д) 4351,4.

14-есеп. 6-косымша мен 13-есептің деректері бойынша төмендегі көрсеткіштерді есептеніз:

1. КР экономикасының секторлары бойынша жалпы қолда бар табысты:

- а) қаржы емес корпорациялар;
- ә) қаржы корпорациялары;
- б) мемлекеттік басқару органдары;
- в) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар.
- г) үй шаруашылықтары;
- ғ) КР бүкіл экономикасы бойынша.

2. ҚР қолда бар жалпы табыстың құрылымы динамикасын мына белгілер бойынша:

- а) экономика секторы;
- ә) құрамдас элементтер: ұлттық табыс пен ағымдағы трансфертердің сальдосы.

3. ҚР ҚЖТ абсолюттік өсімі мен өсу қарқынын.

4. ҚР экономикасының секторлары бойынша ҚТТ-ты:

- а) каржы емес корпорациялар;
- ә) каржы корпорациялары;
- б) мемлекеттік басқару органдары;
- в) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар.
- г) үй шаруашылықтары;
- ғ) бүкіл экономика бойынша.

3. ҚР қолда бар таза табыстың абсолюттік өсімі мен өсу қарқынын.

Жауабы: 2002 ж. 1а) 620,8; 1ә) 129,0; 1б) 748,7; 1в) 12,0; 1г) 2124,9; 1ғ) 3635,3. 2003 ж. 1а) 809,9; 1ә) 119,8; 1б) 798,2; 1в) 13,7; 1г) 2585,7; 1ғ) 4327,3.

15 - есеп. 6-қосымша мен 14-есептің деректері бойынша тәмендегі көрсеткіштерді есептеніз:

1. ҚР экономикасының үш секторы бойынша қолда бар жалпы түзетілген табысты:

- а) мемлекеттік басқару органдары;
- ә) үй шаруашылықтары;
- б) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар.

2. ҚР экономикасының секторлары бойынша қолда бар таза түзетілген табысты:

- а) мемлекеттік басқару органдары;
- ә) үй шаруашылықтары;
- б) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар.

Экономикалық қорытынды жасаңыз.

Жауабы: 2002 ж. 1а) 543,1; 1ә) 2388,7; 1б) – 46,2;

2003 ж. 1а) 549,6; 1ә) 2898,9; 1б) –50,9.

16 - есеп. 6-қосымша мен 14 және 15-есептердің деректері бойынша тәмендегі көрсеткіштерді есептеніз.

- а) каржы емес корпорациялар;
- ә) каржы корпорациялары;
- б) мемлекеттік басқару органдары;
- в) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар.
- г) үй шаруашылықтары;
- ғ) бүкіл экономика бойынша.

2. ҚР экономикасының секторлары бойынша таза ұлттық жинағын:

- а) каржы емес корпорациялар;
- ә) каржы корпорациялары;
- б) мемлекеттік басқару органдары;
- в) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар.
- г) үй шаруашылықтары;
- ғ) бүкіл экономика бойынша.

3. ҚР ТҰЖ абсолюттік өсімі мен өсу қарқынын.

Экономикалық корытынды жасаныз.

Жауабы: 2002 ж. 1а) 620,8; 1ә) 99,0; 1б) 313,7; 1в) -46,2; 1г) 7,2; 1д) 994,5.
2003 ж. 1а) 809,9; 1ә) 93,9; 1б) 279,0; 1в) -50,9; 1г) 8,9; 1д) 1140,8.

17-есеп. 6-косымша мен 16-есептің деректері бойынша төмендегі көрсеткіштерді есептеніз.

1. ҚР экономикасының секторлары бойынша таза кредит беруді (таза карызы алушуды):

- а) каржы емес корпорациялар;
 - ә) каржы корпорациялары;
 - б) мемлекеттік басқару органдары;
 - в) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар.
 - г) үй шаруашылықтары;
 - ғ) ішкі экономика бойынша.
2. ТК (ТҚА) абсолюттік өсімі мен өсу қарқынын.
3. Секторлар бойынша инвестициялардың өсімін қаржыландыру.
- Экономикалық корытынды жасаныз.
- Жауабы:** 2002ж. 1а) -264,5; 1ә) 86,4; 1б) 221,7; 1в) -50,3; 1г) -47,5; 1д) -54,2.
2003 ж. 1а) -179,2; 1ә) 81,1; 1б) 145,8; 1в) -51,1; 1г) -55,5; 1д) -59,2.
2002 ж. 3а) 622,7; 3ә) 99,1; 3б) 314,2; 3в) -46,2; 3г) -13,6; 3д) 976,2.
2003 ж. 3а) 811,4; 3ә) 93,9; 3б) 280,2; 3в) -50,9; 3г) 1,9; 3д) 1136,5.

18.5.2. Тест тапсырмалары

1. Үй шаруашылықтарының өнеркәсіптік өндіріс өнімінің шығарылымын мына деректер бойынша анықтаңыз (мың теңге):
 - а) қалбырға салынған ауыл шаруашылығы өнімі – 200;
 - ә) теріден жасалған бұйым – 70;
 - б) өсірілген ауыл шаруашылығы малы – 120;
 - в) жиналған ауыл шаруашылығы дақылдары – 30;
 - г) өндірілген өсімдік майы – 20,
 оның ішінде сату үшін – 10.
 - 1) 440;
 - 2) 430;
 - 3) 280;
 - 4) 290;
 - 5) 270.
2. Әр сиырдан сауылған сүт пен оның майлышының мөлшері жөніндегі деректер бойынша сүттің орташа майлышы мына формула бойынша есептеледі:
 - 1) құрылымдық орташа шама;
 - 2) геометриялық орташа шама;
 - 3) арифметикалық салмақталған орташа шама;
 - 4) хронологиялық орташа шама;
 - 5) арифметикалық жай орташа шама.

- 3. «Орман шаруашылығы» саласы өнімінің шығарылымы мына есірілген өнімнің құнына тен болады:**
- 1) орман көшеттерінің;
 - 2) көмір кен қазбаларының;
 - 3) көп жылғы көшеттердің;
 - 4) ауыл шаруашылығы малының;
 - 5) көп жылғы көшеттерді тасымалдаудың.
- 4. Жас көп жылғы көшеттерді өсіру күны қай саланың шығарылымына жатады?**
- 1) өсімдік өсіру шаруашылығы;
 - 2) ағаш дайындау;
 - 3) орман өсіру;
 - 4) балық өсіру;
 - 5) аңшылық.
- 5. Ауыл шаруашылығының өнімі – бұл ненің құны?**
- 1) мал шаруашылығы үй-жайларын күрделі жөндеу;
 - 2) өсімдік өсіру шаруашылығы мен мал шаруашылығының шикі өнімдері;
 - 3) ауланған балықтың;
 - 4) еттің, ұнның;
 - 5) мал ұстауға арналған ғимараттар мен құрылыштардың.
- 6. Ғимараттар мен құрылыштарды күрделі жөндеу қай саланың шығарылымында есепке алынады?**
- 1) сауда;
 - 2) құрылых;
 - 3) ауыл шаруашылығы;
 - 4) өнеркәсіп;
 - 5) жылжымайтын мұлікпен жасалатын операциялар.
- 7. Өнеркәсіп өніміне не жатады?**
- 1) ұн;
 - 2) ғимараттарды күрделі жөндеу.
 - 3) салынған ғимарат;
 - 4) уақытында жойылған ақаудың барлық түрі;
 - 5) есірілген мал.
- 8. Жалпы ішкі өнім өндірістік әдіспен не ретінде есептеледі?**
- 1) таза қосылған құн мен өнім плюс импортқа салынатын таза салық;
 - 2) таза ішкі өнімнен өнім минус импортқа салынатын таза салық;
 - 3) жалпы қосылған құн плюс өнім мен импортқа салынатын таза салық;
 - 4) жалпы шығарылым плюс өнім мен импортқа салынатын таза салық;
 - 5) таза ішкі өнім минус негізгі капиталды тұтыну.

9. ЖІӨ нақты қолемінің индексі нені салыстырады?

- 1) есепті кезеңнің ЖІӨ-нің нақты құнын базистік кезеңнің ЖІӨ-нің құнымен;
- 2) базистік кезеңнің ЖІӨ-нің атаулы құнын;
- 3) өндірілген өнімдердің өнірлік құндарын;
- 4) есепті және базистік кезеңдердің ЖІӨ-нің атаулы құндарын;
- 5) тауарлар мен қызметтердің тұтынушылық және бөлшек сауда бағаларын.

10. Төмендегі млрд теңгедегі деректер бойынша жалпы ұлттық табысты есептеніз:

- а) экономиканың жалпы пайда – 670;
 - ә) жалдамалы қызметкерлерге еңбекақы төлеу – 650;
 - б) өндіріс пен импортқа салынатын салықтар – 180;
 - в) өндіріс пен импортқа арналған демеуқаржы (субсидия) – 50;
 - г) меншіктен түскен табыс: алынған – 20;
төленген – 50.
- 1) 1570;
 - 2) 1450;
 - 3) 1470;
 - 4) 1420;
 - 5) 1620.

11. Негізгі капиталды тұтыну төмендегі қай көрсеткіштің құрамына кіреді?

- 1) таза ұлттық табыс;
- 2) таза қосылған құн;
- 3) таза ұлттық жинақ;
- 4) жалпы ұлттық табыс;
- 5) аралық тұтыну.

12. Жалпы қосылған құнның құрамында не есепке алынады?

- 1) пайдаланылған шикізаттың, материалдардың, энергияның бөлігі;
- 2) аралық тұтыну;
- 3) өнім өндіру мен оны сатуға жұмысалған жалпы шығын;
- 4) негізгі капиталды тұтыну;
- 5) өнімнің жалпы шығарылымы.

13. «Экономиканың шығарылымы» көрсеткіші не ретінде есептеледі?

- 1) жалпы қосылған құн минус аралық тұтыну;
- 2) жиынтық қоғамдық өнім;
- 3) экономиканың барлық секторларының шығарылымының сомасы;
- 4) материалдық өндіріс салалары шығарылымының сомасы;
- 5) материалдық емес өндіріс салалары шығарылымының сомасы.

14. Қолда бар түзетілген жалпы ұлттық табыс неге тең?

- 1) экономиканың үш секторының нақты түпкілікті тұтынуы плюс аралық тұтынуға;
- 2) үш сектордың нақты түпкілікті тұтынуы минус жалпы ұлттық жинақ;
- 3) нақты түпкілікті тұтынудың сомасына;
- 4) ұлттық жинаққа;
- 5) үш сектордың түпкілікті тұтынуы плюс негізгі капиталды тұтыну.

15. ҰШЖ бойынша тауарлар мен қызметтер өндірісінің иттихесіне не жатады?

- 1) жиынтық қоғамдық өнім;
- 2) жер ресурстары;
- 3) жалпы өнім;
- 4) енбек ресурстары;
- 5) жалпы ішкі өнім.

16. Жалпы ұлттық табыс пен таза ұлттық табыс көлемінің арасындағы айырма ненің мөлшерінен құралады?

- 1) негізгі капиталды тұтыну;
- 2) демеуқаржы (субсидия);
- 3) трансферттердің;
- 4) салықтардың;
- 5) аралық тұтынудың.

17. Өнім өндірісінің нақты көлемінің динамикасы неде зерттеледі?

- 1) тұрақты бағаларда;
- 2) негізгі бағаларда;
- 3) сатып алушының бағаларында;
- 4) ағымдағы бағаларда;
- 5) нақты қолданыстағы бағаларда.

19-ТАҚЫРЫП

БАҒА СТАТИСТИКАСЫ

19.1. Бағалар жөніндегі түсінік, олардың түрлері

Баға – тауар құнының ақшаға шағылуы. Тариф – қызмет құнының ақшаға шағылуы. Баға өнім өндіру мен оны сатуға жұмсалатын шығын, сондай-ақ кәсіпорынның пайдасы мен табысы жөніндегі деректердің негізінде құрылады.

Тауарлар мен қызметтердің бағаларын статистикалық зерттеудің міндеттері мыналар болып табылады:

1. Тауарлар мен қызметтердің бағаларын статистикалық бақылауды ұйымдастыру.
 2. Тауарлар мен қызметтердің бағаларын тіркеу, баға жөнінде акпарат жинау, оны республика ауқымында жинактап қорыту.
 3. Бағалардың, инфляциялық процесс құрамын, құрылымы мен динамикасын талдау.
 4. Бағаны ішкі және ұлттық экономиканың тауарлары мен қызметтерін, экспорт пен импортты бағалауда пайдалану.
 5. Өнірлік және республикалық деңгейлерде орташа бөлшек сауда бағалары мен бөлшек сауда бағалардың индекстерін есептеу.
 6. Бөлшек сауда бағалардың деңгейі мен динамикасына ықпал ететін факторларды статистикалық зерттеу.
 7. Тұрмыс құнын өлшеуіш ретінде орташа тұтыну баға мен тұтыну бағаның индекстерін есептеу.
 8. Тауарлардың, қызметтердің бағаларын өніраалық және халықаралық ауқымда салыстыруды жүргізу.
- Статистикалық органдардың есептерінде, шоттары мен талдау жұмыстарында ағымдағы нарықтық бағалар, сондай-ақ барлық институционалдық бірліктердің, экономика секторларының арасында операция, нарықтық мәміле жасалған сәтте қолданылатын бағалар қолданылады.

Ағымдағы нарықтық бағалардың көмегімен өндірілген, пайдаланылған және сатылған өнімнің жалпы көлемі анықталады; экономиканың салалар мен секторға бөлінген құрылымы өлшенеді.

Ағымдағы нарықтық бағаларға мыналар жатады:

- 1) факторлық құн;
- 2) негізгі баға;
- 3) өндірушінің бағасы;
- 4) сатып алушының бағасы (тұтынушының нарықтық бағасы);
- 5) «ФОБ»;
- 6) «СИФ» (құн, сақтандыру, тасымал);

Факторлық баға (ФБ) – өндіруші тауардың, қызметтің бірлігі үшін алатын баға:

$$\text{ФБ} = \text{АТ} + \text{НКТ} + \text{ЖП} (\text{ЖАТ}).$$

Негізгі баға (НБ) – өндіруші тауардың немесе қызметтің бірлігі үшін алатын, өнімге салынатын салық қосылмаған (ҚҚС мен импортқа салынатын салықты қоспағанда), алайда өнімге арналған субсидия қосылған баға (14.2-тақырып).

Тұтынушының бағасы (ТБ) – өндіруші тауардың немесе қызметтің бірлігі үшін алатын, өнімге салынатын салық қосылған, ҚҚС пен импортқа салынатын салықты қоспағанда және өнімге арналған субсидия қосылмаған баға.

Өндірушінің бағасы мен негізгі бағаның арасындағы өзара байланыс:

а) $\text{ТБ} = \text{НБ} + \text{ТБС}$ өнімнің (ҚҚС және импортқа салынатын салықты қоспағанда) = $\text{НБ} + \text{БС}$ өнімнің (ҚҚС және импортқа салынатын салықты қоспағанда) – БС өнімнің.

ә) $\text{НБ} = \text{ӨБ} - \text{ТБС}$ өнімнің (ҚҚС және импортқа салынатын салықты қоспағанда) = $\text{ӨБ} - \text{БС}$ өнімнің (ҚҚС және импортқа салынатын салықты қоспағанда) + БС өнімнің,

мұнда ТБС – таза басқа салықтар (14.2-тақырып).

Тұтынушының нарықтық бағасы (ТНБ) – өнім мен импортқа салынатын барлық таза салықтарды қосқанда, сатып алушы тауар немесе қызмет үшін төлейтін баға.

Тауарлар мен қызметтер шығарылымы есептерде негізгі және өндірушінің бағасы деп аталатын екі баға түрінде бағалануына байланысты деректерді салыстырмалы түрге келтіру үшін шығарылым бірдей (негізгі) бағаларда қайта есептеледі.

Егер есептілікте шығарылым туралы мәліметтер өндірушінің бағасында жазылса, онда мәлімет белгіліша нактыланады: өндірушінің бағасында шығарылым (Ш) минус өнімге салынатын салық (С) (ҚҚС қоспағанда) плюс өнімге арналған субсидия (Д), демеуқаржы:

$$\text{Ш негізгі бағада} = \text{Ш өндірушінің бағасында} - \text{С экспорттың} \\ (\text{ҚҚС қоспағанда}) + \text{Д өнімге арналған}.$$

Шығарылым мен жалпы қосылған құнның бағасына байланысты іс жүзінде ЖКҚ мен ЖІӨ арасында мынадай арақатынас қолданылады:

а) ЖІӨ нарыктық бағада = ЖКҚ негізгі бағада + TC өнім мен импортка салынатын (ҚКС коспағанда);

ә) ЖІӨ нарыктық бағада = ЖКҚ өндірушінің бағасында + $KKC + TC$ импортқа.

Кеден статистикасында тауарлардың импорты «ФОБ» бағада (экспорттаушы елдің порты), ал тауарлардың импорты «СИФ» бағада (импорттаушы-елдің порты) есепке алынады.

«ФОБ» баға ағылшын тіліндегі «fob» деген сөзден шықкан, ол «борттағы еркін баға» деген ұғымды білдіреді. «ФОБ» бағаға мынадай құрамастар кіреді:

1) тауар бірлігінің өндіруші бағасы бойынша құны;

2) тауар экспорттаушы елдің шекарасынан өткен сәтте тауармен, яғни оны жеткізумен, сактандырумен, сактаумен, тауарды одан әрі тасымалдаумен байланысты барлық қызметтердің құны;

1) төленген экспорттық баждар минус алынған салық женілдіктері.

«СИФ» баға деген сөз де ағылшын тіліндегі «cif» деген сөзден пайда болған, құн, сактандыру, фрахт-тасымал деген ұғымды білдіреді. «СИФ» бағаға тауар бірлігінің құны мен тауарды сактандырумен, оны тағайындалған жерге дейін жеткізумен байланысты барлық қызметтердің құны кіреді.

«СИФ» баға мен «ФОБ» бағаның арасындағы айырма тауарды сактандыру, тасымалдау қызметтері мен тауар экспорттаушы-елдің шекарасынан кесіп өткеннен кейін көрсетілетін қызметтердің құнынан құралады. Акпарат кедендік мағлұмдамадан алынады. Тауарлардың экспорты мен импорттың есебі кеден органы кедендік жүк мағлұмдамасында тауарды шығаруға берген құн бойынша жүргізіледі.

19.2. Өнімді статистикалық бағалау мен қайта бағалау әдістері

Қазақстан Республикасының төлем балансы мен сыртқы экономикалық (калған әлемнің) ұлттық шоттарының макростатистикалық есептері кеден статистикасының тауарлардың экспорты мен импорттың бағалар жөніндегі ақпаратына негізделеді. Осы статистикалық есептер Қазақстан Республикасының қаржылық жағдайын, оның әлемнің басқа елдерімен сыртқы экономикалық байланыстарының жай-күй мен дамуын айғақтайты.

Тауарларды әр түрлі бағалау әдістерінің кесірінен макростатистикалық баланстарда көрсеткіштердің динамикасын бүрмалауға жол бермеу үшін

төлем балансы мен сыртқы экономикалық байланыстар шотында ҰШЖ-нің ұсынысы бойынша тауарлардың экспорты мен импорты «ФОБ» бірынғай бағалау пайдаланылады. Статистикалық органдар осы мақсатта тауарлардың экспорты мен импортын бір «ФОБ» бағада көрсете отырып бағаларды келесі әдістермен нақтылайды, кайта есептейді:

- сауда шот-фактураларының іріктең тексеруде «СИФ» және «ФОБ» бағасының аракатынасы жөніндегі деректерді пайдалану негізінде;
- «СИФ» және «ФОБ» бағаларының аракатынасын сараптық бағалауды колдану негізінде.

Аралық тұтынуға арналған тауарлар мен қызметтер тауар сатып алынған сэтте емес, оны тұтыну сәтінде сатып алушының бағасы бойынша бағаланады. Әсіресе инфляция жоғары болған кезеңдерде уақыттың айырмасы өте сезіледі және аралық тұтынудың айтарлықтай төмендеуіне, сондай-ақ пайданың корда болған уақыт ішінде бағаның өзгеру нәтижесінде кордан аралық тұтынуға келіп түскен тауарлардың құнының өзгерген мөлшеріне артуына себеп болады. Бұл үшін бухгалтерлік есептің деректері бойынша анықталған аралық тұтынудың мөлшерін нақтылау қажет, осы мақсатта өндірістік запастар сақталатын кезеңде бағалардың орташа өзгеруін ескере отырып мына формула бойынша қайта бағаланады:

$$AT_I = AT_0 \times I_p,$$

мұнда: AT_I – өндірістік қор сақталатын кезең ішінде бағалардың өзгеруі ескеріліп нақтыланған аралық тұтыну;

AT_0 – кәсіпорын есептерінің деректері бойынша аралық тұтыну;

I_p – өндірістік қор сақталатын кезең ішіндегі бағалар индексі, ол геометриялық орташа шама формуласы бойынша былайша есептеледі.

$$I_p = \sqrt[n]{I_1 \times I_2 \times I_3 \times \dots \times I_n},$$

мұнда: $I_1 \times I_2 \times I_3 \times \dots \times I_n$ – есепті жылдың аралық тұтынуында жұмсалған ресурстар бағаларының тізбекті айлық индекстерінің қебейтіндісі;

n – өндірістік қорлардың жыл ішіндегі айналым саны;

$$n = \frac{AT}{\Theta_3}.$$

мұнда: Θ_3 – өндірістік қорлардың орташа жылдық көлемі.

Өндірістік қорларды сактау кезеңі 360 күнді айналым санына бөлу арқылы анықталады: $t = \frac{360}{n}$.

Үй шаруашылықтарына (мемлекеттік басқару, денсаулық сактау, білім беру, корғаныс) тегін немесе төмен бағамен берілетін өнімнің өндірісі оларды өндіруге жұмсалған шығын бойынша анықталады. Шығын келесі

құрамдастардың сомасы ретінде есептеледі: аралық тұтыну + жалдамалы қызметкерлерге еңбекакы төлеу + негізгі капиталды тұтыну + өндіріс процесінде төленген таза салықтар + меншік ғимараттарды иеленуден түскен таза пайда.

Меншікті пайдалану үшін өндірілген өнім негізгі бағалар бойынша бағаланады.

Көрсеткіштерді ағымдағы нарықтық бағалар бойынша бағалау өндірілген немесе сатылған тауарлар мен қызметтердің нақты көлемінің өзгеруін көрсетпейді. Өндірілген және сатылған өнімнің нақты көлемінің динамикасы елдің экономикасының іс жүзінде осу қарқынын, халықтың әл-ауқатын айғақтайды; өндірістің, еңбек өнімділігінің, капитал қайтарымының, пайдалылықтың тиімділігінің көрсеткіштерін есептеуге негіз болады. Осыған байланысты өнім көрсеткіштерін, мысалы, ЖІӨ нақты көлемінің динамикасын тек тұрақты бағада зерттеу қажет. Тұрақты баға ретінде салыстыру базасы ретінде қабылданған жылдың орташа ағымдағы бағалары қабылданады. ҰШЖ-де тұрақты бағаларды әрбір бес жылда өзгерту ұсынылады. Өнім ағымдағы бағалардан тұрақты бағаларға қайта бағаланғанда мына әдістер пайдаланылады:

1) тікелей қайта бағалау әдісі: өнімнің тұрақты бағалардағы көрсеткіштері тұрақты бағаларды есепті кезенде өндірілген өнімнің санына қайта көбейту арқылы есептеледі;

2) дефляциялау әдісі, бұл жағдайда ЖІӨ құрайтын көрсеткіштер ағымдағы бағалардан индекс-дефлятордың көмегімен тұрақты бағаларға қайта есептеледі. Дефлятор бағалардың жиынтық денгейін, яғни экономикадағы жыл ішіндегі бағалардың орташа мағынасының шамасын сипаттайды. Дефлятор (D) – бұл бағалар индексінің біркітілген индексі, ейткени дефлятор бағалар индексінің есебіне құрылып негізделеді:

$$D = \frac{\sum p_1 q_1}{\sum p_0 q_1},$$

мұнда: $\sum p_1 q_1$ – ЖІӨ-нің атаулы құны;

$\sum p_0 q_1$ – ЖІӨ-нің нақты құны;

$i_p = \frac{p_1}{p_0}$ – ЖІӨ құрамдас элементтерінің баға индексі;

$$\sum p_0 q_1 = \sum \frac{p_1 q_1}{i_p}.$$

ЖІӨ нақты құны жөнінде алынған деректердің негізінде I_q индексінің көмегімен ЖІӨ-нің нақты көлемінің динамикасы зерделенеді:

$$I_q = \frac{\sum p_0 q_1}{\sum p_0 q_0},$$

мұнда: I_q – ЖІӨ-нің нақты көлемінің индексі есепті кезендегі ЖІӨ-нің нақты құнын ($p_0 q_0$) базистік кезендегі ЖІӨ-нің құнымен ($p_1 q_1$) салыстырады.

19.3. Қазақстанда баға мен тариф өзгерісін статистикалық бақылауды ұйымдастыру

Нарықка көшу жағдайында статистикада КР Статистика агенттігі іріктеме бақылау жүргізетін мына бағалар әдістемесі әзірлеген:

- 1) тауарлардың бөлшек сауда бағалары;
- 2) тауарлар мен қызметтердің тұтыну бағалары мен тарифтерінің.

Бақылаудың максаты – халықта тауарлар мен қызметтер сатылатын, есепті үақыт ішінде салыстырылатын бағалар мен тарифтерді тіркеу және бөлшек сауда мен тұтыну бағалар индекстерін есептеу.

Ішінәра бақылауды ұйымдастыру типтік іріктеу әдісіне негізделеді. Көп сатып алу-сату операцияларының ішінен халық ұдайы өткізетін әддегі жағдайлар іріктеліп алынады. Бақылау үшін іріктең алынған сауда және ақылы қызметтер объектілері базалық болып саналады, оларда бағалар мен тарифтер ұдайы тіркеледі. Тұтынушылық және бөлшек сауда бағаларының индексін, сондай-ак халықаралық салыстыру бағдарламалары үшін бағалардың деңгейі жөніндегі жедел деректерді есептеуде базалық кесіпорындар бойынша баға акпараты жиналады.

Тауарлар мен қызметтер мына белгілер бойынша іріктеледі:

- аумак (екі астана, барлық облыс орталықтары);
- сауда және ақылы қызметтер объектілері (өнірдегі сауда кесіпорындары);
- тауарлардың, өкіл-қызметтердің тізбелері (жіктеуішке сәйкес).

Тауарлардың бағалары сол бір тауарлар түріне тіркелсе, сапа сипаттамалары бірдей және іріктелген сауда базалық кесіпорындарында сатылған жағдайда екі кезеңде (айда) салыстырмалы болып танылады. Атаулары бойынша іріктелген тауарлар мен қызметтердің жыныстығынан табыс деңгейі әр түрлі халық топтарының тұтынушылық шығынының нақты құрылымының негізінде анықталып қалыптастырылатын тұтынушылық себет (корзина) құралады.

Нақты тұтыну құрылымы табысының деңгейі әр түрлі сан алуан халық топтарының материалдық әл-ауқатын айғақтайды. Сондықтан тұтыну бағалар индексі түрмис құны деп те аталады. Тауарлар мен қызметтердің тұтынушылық себетке іріктеу жүйесінің табыс деңгейіне әр түрлі отбасылар іріктеледі, сондай-ак олар тұтынушылық шығының құрылымын анықтау үшін өз бюджеттін есебін жүргізеді.

Қазақстан Республикасының статистикалық органдары тауарлар мен қызметтердің бағаларын әр айдаға емес, әр аптада бақылау жүргізеді, бұл мониторинг деп аталады. Тауарлар мен қызметтер бағаларының мониторингі – Қазақстан Республикасының Үкіметі әлеуметтік-экономикалық

саясат пен макроэкономика саласындағы көптеген мәселелер бойынша шешім қабылдау, сондай-ақ өнірлердегі бағалар қозғалысын талдау үшін инфляцияның апта сайынғы деңгейінің көрсеткіштерін есептеу.

Қазақстан Республикасының өнірлері бойынша тауарлардың (қызметтердің) салыстырмалы ауқымы бойынша тіркелген бағалардың деректерінің негізінде орташа бағалар мен индекстер есептеледі.

1. Өнір бойынша орташа салыстырмалы баға арифметикалық жай орташа шама формуласы бойынша былайша анықталады:

$$\bar{P}_j = \frac{\sum P_j}{K}$$

Мұнда: P_j – тауардың (қызметтің) орташа салыстырмалы бағасы;

$\sum P_j$ – өнірдің сауда нұктелері бойынша тауардың (қызметтің) салыстырмалы бағаларының сомасы;

K – тауардың (қызметтің) J салыстырмалы бағаларының саны.

Егер есепті кезеңдегі қайсы бір сауда нұктесінің бағалары жөнінде дөрек болмаса, онда жетіспейтін бағаның шартты мағынасы бағаның жеке индексін осындай тауарға (қызметке) және осы тауардың (қызметтің) базистік кезеңдегі бағасына көбейту арқылы есептеледі:

$$P_{ji} = I_{pj} \times p_{j0}$$

Мұнда: p_{ji} – тауардың (қызметтің) j есепті кезеңдегі бағасы;

i – осындай тауардың (қызметтің) j бағасының жеке индексі;

p_{j0} – тауардың (қызметтің) j базистік кезеңдегі бағасы.

2. Тауардың (қызметтің) j өнірлік деңгейдегі бағасының индексі:

$$I_{pj} = \frac{\bar{P}_{ji}}{P_{j0}},$$

Мұнда: I_{pj} – тауардың (қызметтің) өнірлік деңгейдегі баға индексі;

\bar{P}_{ji} – тауардың (қызметтің) j есепті кезеңдегі орташа бағасы;

P_{j0} – тауардың (қызметтің) j базистік кезеңдегі орташа бағасы.

3. Тауардың (қызметтің) j республикалық деңгейдегі бағасының индексі:

$$I_{pj0} = \frac{\sum I_{pj} \times d_{ji}}{\sum d_{ji}} = \frac{\sum i_{p_{j1}} d_{j1} + \sum i_{p_{j2}} d_{j2} + \dots + \sum i_{p_{j6}} d_{j6}}{d_{j1} + d_{j2} + \dots + d_{j6}} = \sum i_{p_{j0}} d_{ji},$$

Мұнда: I_{pj0} – тауардың (қызметтің) республикалық деңгейдегі бағасының индексі;

$i_{p_{j1}}, i_{p_{j2}}, \dots, i_{p_{j6}}$ – тауардың (қызметтің) j республиканың облыс орталықтары мен астана ларындағы бағасының жеке индекстері;

d_1, d_2, \dots, d_{16} – әр өнірдің үй шаруашылықтарының есепті кезеңдегі республика бойынша олардың жалпы көлеміндегі шығынының үлесі.

Республикалық деңгейде әр тауар (қызмет) бойынша орташа баға арифметикалық жай орта шама бойынша анықталады:

$$\bar{P}_{j_0} = \frac{P_{j_1} + P_{j_2} + \dots + P_{j_{16}}}{16},$$

мұнда: \bar{P}_{j_0} – тауардың (қызметтің) республикалық орташа бағасы;

$P_{j_1}, P_{j_2}, \dots, P_{j_{16}}$ – тауардың, қызметтің Қазақстан Республикасы бойынша орташа бағалары (14 облыс пен 2 астана).

Барлық тауарлар мен қызметтер бағаларының республикалық жыныстық индексі Ласпейрес формуласы бойынша былайша есептеледі:

$$I_p = \frac{\sum i_p P_0 q_0}{\sum P_0 q_0}.$$

Тұтыну бағалар индекстерін есептегенде халықтың базистік кезенде шығынды тұтынуының белгіленген (тұракты) құрылымы анықталады. Базистік кезенде сатып аlyнатын тауар мен қызмет көлемі жөніндегі ақпарат әр уақытта болғандықтан, іс жүзінде индекстерді есептеу үшін осы формула қолданылады.

Келтірілген формулалар бойынша бөлшек сауда және тұтыну бағалардың индекстері есептеледі. Алайда айырмашылықтар да бар – тауардың бөлшек сауда бағаларының индекстері тауардың бағасының өзгерістері мен Қазақстан Республикасы бөлшек сауда тауар айналымының нақты құрылымы жөніндегі деректер бойынша, ал тұтынушылық бағалардың индекстері – бағалардың және іріктелген отбасылардың үй шаруашылықтары шығындарының нақты құрылымы бойынша есептеледі.

Статистикада бағалардың деңгейі мен оған ықпал ететін фактордың (мысалы, тауар өндірісі) арасындағы тәуелділікten саны А. Маршалдың сезімталдықтың динамикалық коэффициентін есептеудің көмегімен мына формула бойынша бағаланады:

$$\vartheta = \frac{\Delta p}{p_0} : \frac{\Delta x}{x_0},$$

мұнда: Δp және Δx – бағаның және факторлық белгінін (x) абсолюттік өсімдері;

p_0 және x_0 – бағаның және факторлық белгінін (x) базалық немесе базистік мағыналары.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. ҰШЖ-ті бағалардың негізгі элементтерінің құрамын атап өтіңіз.
2. Тұтыну бағалар бөлшек сауда бағаларынан айырмашылығы неде?
3. Бөлшек сауда бағаларының индекстері өнірлік деңгейде калай есептеледі?
4. Бөлшек сауда бағаларының индексін республикалық деңгейде анықтаудың әдістемесін баяндаңыз.
5. Қазақстан Республикасында тұтыну бағалары мен олардың индекстерін есептеуге арналған іріктеу жүйесін атаңыз.



Ұсынылатын әдебиет

1. Гусаров В.М. *Статистика*. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2001.
2. *Методологические положения по статистике*. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2005.
3. *Система национальных счетов – инструмент макроэкономического анализа*: Учебное пособие / Под ред. Ю.Н. Иванова. – М: Финстатинформ, 1996.
4. *Социально-экономическая статистика*: Учебное пособие / А.М. Елемесова, К.К. Бельгибаева, Е.М. Кииков, Г.М. Молдакулова. – Алматы: Экономика, 1999.
5. Шокаманов Ю.К. *Статистика внешнеэкономической деятельности*. – Алматы, 2003.
6. *Цены в реальном секторе экономики Казахстана*. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2004.

19.4. Практикум

19.4.1 Ізденуге арналған сұрақтар

1. Баға статистикасының міндеттері қандай?
2. Шығарылым негізгі бағада қалай бағаланады?
3. «СИФ» және «ФОБ» бағаларының арасындағы айырмашылық неде?
4. Экспорт пен импорт кай баға бойынша және қалай қайта есептеледі?
5. Аралық тұтыну кай баға бойынша және қалай қайта есептеледі?
6. Халыққа тегін берілетін өнім және меншікті тұтынуға арналған өнім қалай бағаланады?
7. Өнімді ағымдағы нарықтық бағадан тұракты бағаға қайта бағалаудың рөлі қандай?

8. Өнімді ағымдағы бағадан тұрақты бағаға қандай әдістермен қалай қайта бағаланады?
9. Бөлшек сауда және тұтыну бағаның өзгерістерін ішінәр бакылауда тауарлар мен қызметтер қалай ірітеледі?
10. Бағалардың денгейі мен оның факторларының арасындағы тәуелділікте бағалауда қандай әдіс пайдаланылады?

19.4.2. Типтік есептерді шешу мысалдары

1 - мысал. Төменде келтірілген 3-есептің деректері бойынша сүттін (жана сауылған) бағасы мен халықтың 2000-2001 жылдардағы орташа жылдық ақшалай табысының өзгерістері арасындағы сезімталдықтың динамикалық коэффициентін есептеп.

Шешүі.

$$\bar{x} = \frac{\Delta p}{\Delta x} = \frac{54-47}{47} + \frac{92040-76224}{76224} = 0,718, \quad \text{демек} \quad \text{халықтың} \quad 2000-2001$$

жылдардағы орташа жылдық ақшалай табысының артуы сүттін (жана сауылған) бағасының 0,718%-ға өсуіне ықпал етті.

19.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

19.5.1. Есептер

1 - есеп. Мынаны есептеп:

1. Өнімнің негізгі бағадағы шығарылымын:
 - а) тауар өндіретін кәсіпорындар бойынша;
 - ә) нарыктық қаржылық емес қызметтер көрсететін кәсіпорындар бойынша;
 - б) экономика бойынша.
2. Өндірушінің бағасындағы шығарылым:
 - а) тауар өндіретін кәсіпорындар бойынша;
 - ә) нарыктық қаржылық емес қызметтер көрсететін кәсіпорындар бойынша;
 - б) экономика бойынша.

Төмендегі (шартты) млрд теңgedегі белгілі деректерді пайдалана отырып тауарлар мен қызметтер шығарылымының негізгі баға мен өндірушінің бағасының көрсеткіштері арасындағы сандық өзара байланысты анықтаңыз:

A. Тауар өндіретін кәсіпорындар:

- оларды сатудан алған түсім – 3066
- оның ішінде ККС – 613
- толенген экспорт бажы – 8

кейір өнім түрлерінің бағаларының өзіндік құннан төмен

түсүне байланысты осы кәсіпорындарға мемлекеттік

бюджеттен залал өтеді – 2

– аяқталмаған өндіріс қалдықтары:

жылдың басында – 85

жылдың сонында – 97

— даяр сатылмаған өнімнің корлары:

жылдың басында

— 885

жылдың сонында

— 981

Ә. Нарыктық каржылық емес қызметтер көрсететін кәсіпорындар оларды са-
тудан алған түсім

— 2378

оның ішінде ҚҚС

— 396

Жауабы: 1а) 2555; 1ә) 1982; 1б) 4537; 2а) 2561; 2ә) 1982; 2б) 4543.

2 - е с е п. КР ЖІӨ динамикасы жөнінде мынадай деректер белгілі:

Көрсеткіш	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.
1. Ағымдағы бағадағы ЖІӨ, млн теңге	2600,0	3250,6	3776,3	4612,0	5542,5
2. ЖІӨ-нің физикалық көлемінің индексі (өткен жылға %-да)	109,8	113,5	109,8	109,3	109,4

Мынаны есептеңіз:

1. ЖІӨ-нің ағымдағы бағадағы тізбекті индекстерін (өткен жылға %-да).

1. ЖІӨ-нің ағымдағы бағадағы базистік индексін (1999 жылмен салыстыры-
ғанда 2004 жылды %-да).

2. ЖІӨ базистік және тізбекті индекстерінің өзара байланысын тексеріңіз.

3. ЖІӨ дефляторын (өткен жылға %-да).

Жауабы: 1) 1,250; 1,162; 1,221; 1,202; 2) 2,132;

4) 1,389; 1,161; 1,057; 1,132.

3 - е с е п. Қазақстан Республикасы халқының орташа жылдық ақшалай табы-
сы мен жекелеген азық-түлік және азық-тұлік емес тауарларының бөлшек сауда
бағаларының динамикасы жөнінде мынадай деректер берілген.

Көрсеткіш	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.
1. Халықтың жан басына шак- кандагы табыс, теңге	76224	92040	107496	126396	153804
2. Орташа бөлшек сауда бағалар, теңге					
а) сауылған сүт (литр)	47	54	51	56	54
ә) жұмыртқа (он дана)	100	100	101	118	143
б) сиыр еті	239	277	303	316	351
в) кой еті	256	310	348	381	424
г) картоп	26	25	31	35	31
ғ) алма	76	92	104	110	111
д) есімдік майы	119	153	163	162	164

Мынаны есептеңіз:

1. Халықтың жан басына шағылған орташа жылдық ақшалай табысының ин-
дексін.

2. Азық-тұлік және азық-тұлік емес тауарлардың орташа бөлшек сауда
бағаларының индексін.

3. Баға деңгейлері мен халықтың орташа жылдық ақшалай табысының арасындағы тәуелділікten сезимталдығының динамикалық коэффициентін. Эрбір тауар осы көрсеткіштерді есептөңіз. Экономикалық корытынды жасаңыз.

19.5.2. Тест тапсырмалары

1. Тауардың (қызметтін) өндір бойынша орташа салыстырмалы бағасы қай формула бойынша анықталады?
 - 1) геометриялық орташа шаманың тізбекті есеп жүйесі бойынша;
 - 2) геометриялық орташа шаманың базистік есеп жүйесі бойынша;
 - 3) арифметикалық жай орташа шама;
 - 4) гармоникалық орташа шама;
 - 5) құрылымдық орташа шама.
2. Тауар (қызмет) бағасының – республика бойынша өкіл индексін есептейтін формуланы таңдаңыз:
 - 1) $\bar{p}_1 : \bar{p}_0$;
 - 2) $\sum i_{pj} \cdot d_j$;
 - 3) $\frac{\bar{p}_{0j} + \bar{p}_{1j}}{2}$;
 - 4) $\bar{p}_0 : \bar{p}_1$;
 - 5) $\bar{p}_j = \frac{p_1 + p_2 + \dots + p_j}{j}$.
3. Барлық тауарлар мен қызметтердің тұтыну бағаларының жиынтық республикалық индексі қай формула бойынша есептеледі?
 - 1) Пааш;
 - 2) Лаплас;
 - 3) Ласпейрес;
 - 4) Лоренц;
 - 5) Фишер.
4. Тұтыну баға индексі ненің негізінде есептеледі?
 - 1) халықтың шығысты тұтынуының өзгермелі құрылымының;
 - 2) халықтың есепті кезеңдегі шығысты тұтынуының белгіленген құрылымының;
 - 3) халықтың есепті кезеңде табысты тұтынуының тұракты құрылымының;
 - 4) халықтың табысының өзгермелі құрылымының,
 - 5) халықтың базистік кезеңдегі шығысының тұракты құрылымының.
5. Тұтыну бағасының бөлшек сауда бағасынан ерекшеленеді, өйткені тұтыну баға нені білдіреді?
 - 1) халық сатып алған тауар бірлігінің құнын;
 - 2) өндірістің бағасын;
 - 3) факторлық құнды;

- 4) сатып алушының бағасын;
5) халыкка сатылған тауар бірлігінің күнін.
6. Есепті кезенде екі нарықтағы картоптың орташа бағасы бизнес-тік кезеңмен салыстырғанда 17%-ға көтерілді. Құрылымдық өзгерістердің нәтижесінде орташа баға 1%-ға төменdedі. Тұракты құрамының бағасының индексін анықтаңыз.
- 1) 1,158;
 - 2) 0,769;
 - 3) 1,182;
 - 4) 0,863;
 - 5) 2,18.
7. Кеден статистикасы тауарлардың экспортын қай бағада есептейді?
- 1) «ФОБ»;
 - 2) шығарылым;
 - 3) өндіріс;
 - 4) қосылған күн;
 - 5) «СИФ».
8. Факторлық баға неге тең болады?
- 1) аралық тұтынудың, жалдамалы қызметкерлерге төленген еңбекақының, жалпы пайданың сомасына;
 - 2) негізгі бағага;
 - 3) өндірушінің бағасына;
 - 4) аралық тұтынудың, жалдамалы қызметкерлерге төленген еңбекақының, жалпы пайданың және таза салықтардың сомасына;
 - 5) тұтынушының бағасына.

20-ТАҚЫРЫП

МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ, ТАУАР ЖӘНЕ АҚША АЙНАЛЫСЫНЫң СТАТИСТИКАСЫ

20.1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті статистикасының негізгі ұғымдары мен көрсеткіштері

Мемлекеттік бюджет ұғымы, оны статистикалық зерттеу міндеттері. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті – негізгі қаржылық жоспар – мемлекеттің ақшалай қаражатының өзінін функцияларын атқаруға қажетті орталықтандырылған корының табысы мен шығысы жөніндегі есебі. Мемлекеттік жедел бюджет әдетте бір жылға жасалады және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Мемлекеттік бюджетте қаржылық құжат ретінде мемлекеттің, кәсіпорындардың, мекемелердің белгіленген кезеңдегі ақшалай табысы мен шығысы жазылады. Мемлекеттік бюджетке оның табысы ретінде түсетін ақшалай қаражаты Қазақстан Республикасының қаржы ресурстарының өте маңызды бөлігін құрайды.

Мемлекеттік бюджет мына себептерге байланысты қажет:

- *біріншіден*, экономикалық циклдің үздіксіз айналымын қамтамасыз ету үшін өнімнің шығарылымы орталықтандырылған ресурстардың болуын қажет етеді;
- *екіншіден*, мемлекетке нарыктық емес сипаттағы қызметтер көрсету, әлеуметтік-мәдени іс-шараларын орындау, корғанысты қүшайту, мемлекеттік басқару органдарын, құқық корғау органдарын және т.б. ұстau үшін орталықтандырылған қаражат қажет.

Бюджеттік қатынастар экономиканың басқа секторларының бірліктеріне салық салу, зейнетакы, жәрдемакы және басқа да әлеуметтік төлем беру арқылы табыс пен байлықты қайта бөлуге негізделеді.

Мемлекеттік бюджет республикалық және өнірлік бюджеттерден кұралады.

Мемлекеттік бюджет статистикасының міндеттері мыналар болып табылады:

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің табысы мен шығысының, жаңа бюджеттік жіктеу бойынша оның тапшылығының (профицитінің) көлемін анықтау.

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің табыс көздері мен шығысы бағыттарының құрылымы және оның динамикасын зерттеу.

3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттің аткарылу барысын бакылау мен талдау.


4. Мемлекеттік ішкі борыштың көлемін зерттеу.

5. Мемлекеттік бюджет табысы мен тауарлар және қызметтер өндірісі нәтижелерінің макроэкономикалық көрсеткіштерімен өзара байланысын талдау.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің статистикалық көрсеткіштер жүйесі. Мемлекеттік бюджетті зерттеу кезінде пайдаланылатын статистикалық көрсеткіштер жүйесі бюджеттік жіктеушке негізделеді.

Бюджеттік жіктеуіш – мемлекеттік басқару органдарының бюджеттік қызметін сипаттайтын табыстар мен шығыстарды біркелкі белгілер бойынша заңдастырып топтастыру. Халықаралық валюта қоры ұсынған мемлекеттік бюджетті жіктеу жүйесінің негізінде Қазақстан Республикасының жаңа бюджеттік жіктеуіші әзірленді.

Мемлекеттік бюджеттің қолданысы таза кредит беруді коса алғанда табыс және алынған ресми трансфертер мен шығыстар сиякты экономикалық категориялардың көмегімен байкалады. Табыстар мен алынған ресми трансфертер мемлекетті ақшалай қаражаттың қажетті толықтырумен камтамасыз етеді. Таза кредит беруді коса алғанда, шығыстар акша ресурстарын жалпымен мемлекеттік қажеттілікке сәйкес бөледі. Мемлекеттік бюджеттің статистикалық көрсеткіштер жүйесі мынадай тараулардан тұрады:



20.1-сурет. Мемлекеттік бюджеттің статистикалық көрсеткіштер жүйесі

Көрсеткіштердің үш тарауының әрқайсысы бюджеттік жіктелімге сәйкес жіктеуге, шағын жіктеуге, топтарға, шағын топтарға, түрлерге бөлінеді.

Мемлекеттік бюджеттің статистикалық көрсеткіштер жүйесі мемлекеттік басқару секторының мекемелері мен басқа секторлардың бірліктерінің арасында орындалатын экономикалық операциялардың мәнін көрсетеді. Экономикалық операциялар мына белгілер, яғни экономикалық тегі мен мақсатты тағайындалуы бойынша ерекшеленеді.

Экономикалық тегінің белгісі бойынша операциялар төмендегі түрлері болады:

- бөлу және қайта бөлу;
- ресурстардың табысты арттыратын табыс бөлігіне тұсуі;
- ресурстардың табысты арттырмайтын, алайда мемлекеттік қаржы активтерімен жасалатын операцияларды ғана көрсете отырып, бюджеттің тапшылығын қаржыландыратын табыс бөлігіне тұсуі.

Операциялар экономикалық тегіне байланысты қайтарылатын және қайтарылмайтын топқа, ал қайтарымсыз операциялар ақылы және тегін операцияларға бөлінеді.

Қайтарымды операциялар – бұл белгіленген өтеу мерзімі бар шарттық міндеттемелер нысанындағы тұсімдер мен төлемдер. Оларға бөлу және қайта бөлу операциялары жатады. Тек қайтарымды операциялардың негізінде қаржы талабы пайда болады немесе міндеттемелер өтеледі. Қайтарымды операциялар мемлекеттік басқару секторы мекемелерінің басқа секторлардың бірліктеріне қатысты міндеттеме туындастын операцияларға және басқа секторлардың бірліктерінің мемлекеттік басқару секторларының мекемелеріне қатысты туындауға себеп болатын операцияларға бөлінеді.

Қайтарымсыз операциялар – шарттық міндеттемесіз түскен тұсімдер мен төлемдер. Осы операцияларға бюджеттің табыс бөлігіне оның табыс бөлігін арттыратын да, сондай-ақ арттырмайтын да ресурстардың тұсімі жатады. Өтелетін операция деп тауарлар мен қызметтердің көрі ағыны болатын қайтарымсыз тұсімдер мен төлемдер, мысалы жиындар мен төлемдер аталады. Өтелетін операцияларда төлемдердің өтелуі қарастырылады. Өтеусіз операциялар – тауарлар мен қызметтердің көрі ағыны болмайтын қайтарымсыз тұсімдер мен төлемдер, мысалы, салықтар. Өтеусіз операцияларда орнына қайсы бір баламаны алу қарастырылмайды және операция еркіті және міндетті болуы мүмкін.

Экономикалық операциялар мақсатты тағайындалуы бойынша ағымдағы және күрделі операцияларға бөлінеді.

Ағымдағы тұсімдер мен төлемдер мемлекеттік басқару органдарының ағымдағы қызметтімен, *капитал тұсімдері* – капитал шығынмен капитал активтерді сатып алушмен, жасауды немесе сатушмен, оларды бір жылдан астам уақыт пайдаланумен байланысты.

20.2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің операцияларын жіктеу

Казақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің табысы мен алынған ресми трансфертерін экономикалық жіктеу мынадай жүргізіледі:

1. Табыстар:
 - 1.1. Салық түсімдері.
 - 1.2. Салықтық емес түсімдер.
 - 1.3. Капиталмен жасалатын операциялардан түскен табыс.
2. Алынған ресми трансфертер.

Табыстар категориясы – бюджетке төленетін міндепті, қайтарымсыз төлем. Олар мемлекет қызметінің қаржылық базасы болып табылады.

Салық түсімдері – мемлекеттік мекемелер мемлекеттік қажеттілікті канагаттандыру үшін өндіретін міндепті, өтеусіз, қайтарымсыз төлемдер.

Салықтық емес түсімдер – бұл:

- а) өтелетін қайтарымсыз түсімдер (меншіктен түскен табыс, жиындар, тауарлар мен қызметтерді сатудан түскен түсім, ведомстволық ұйымдардың кассалық пайдасы);
- ә) кейбір өтеусіз қайтарымсыз түсімдер (айыппұлдар, ағымдағы жеке қайыр көрсету) және т.б.

Капиталмен жасалатын операциялардан түскен табысқа күрделі активтерді сатудан түскен табыс, мемлекеттік емес көзден түскен күрделі салынға салынған ерікті салын кіреді. Осы табыстар өтелетін, өтелмейтін түсімдер мен ішінара өтелетін, өтеусіз болады.

«Табыс» категориясы мақсатты тағайындалу белгісі бойынша ағымдағы және күрделігে бөлінеді. Ағымдағы табысқа салықтық және салықтық емес түсімдер; күрделі табысқа – капиталмен жасалатын операциялардан түскен табыс жатады.

«Бюджетке алынған ресми трансфертер» категориясы – өтеусіз, қайтарымсыз, міндепті емес түсімдер. Трансфертер басқа мемлекеттік басқару мекемелерден: резиденттер мен бейрезиденттерден алынатын біржолғы, ұдайы емес, ерікті түрде алынады. Мемлекеттік емес көздерден алынған трансфертер «Табыстар» деп аталатын категорияда есепке алына-ды. Трансфертер есепке алынатын операция бюджет тапшылығын қаржыланырмайды, көрінше оны қыскартады. Алынған ресми трансфертер мен табыстар борыштық міндептемесін қабылдамай шығын жұмсауға болатын қаражат болып табылады, сондыктan олар бір категорияға біріктіріледі.

Салықтық, салықтық емес түсімдер мен ағымдағы ресми трансфертер бюджетке ағымдағы түсімдер болып саналады. Капитал түсімдер капиталмен жасалатын операциялардан түскен табыстың қурайды.

Мемлекеттің қаржы ресурстарын қайта бөлу ауқымы қатысты көрсеткішті – бюджеттің табыстылық деңгейін көрсетеді.

$$\frac{\text{Бюджеттің}}{\text{табыстылық}} = \frac{\text{Табыстың және бюджеттің алғынған}}{\text{ресми трансфертерінің сомасы}} \times 100. \\ \text{денгей} \qquad \qquad \qquad \text{ЖІӨ}$$

Табыстың әрбір категориясының табыс көзі болады. Мысалы, «Салық түсімдері» категориясында салықтар салық базасының ерекшелігі немесе қызмет түрі (өнімді импорттау, тауарлар мен қызметтер сату, табыс алу) бойынша жіктеледі.

Бюджеттің таза кредиттеуді қоса алғанда шығыстар – жалпы мемлекеттік қажеттілікті қанағаттандыру үшін қажетті операциялар. Мемлекеттік шығыска мемлекет төлемнің максатына (қысқа мерзімді немесе ұзак мерзімді) карамастан төлеген барлық төлемдер кіреді.

Бюджеттен жұмсалған шығыстар – қайтарымсыз, өтелетін және өтеусіз, ағымдағы және құрделі төлемдер. Басқа мемлекеттік басқару мекемелеріне арналған трансферттік төлемдер бюджеттен жұмсалатын шығысты құрайды және дербес категория ретінде карастырылмайды.

«Бюджеттің таза кредиттеуді қоса алғанда шығыстар» категорияның мынадай екі жіктелімі болады:

1. Функционалдық жіктеу.
2. Экономикалық жіктеу.

Шығысты функционалдық жіктеу мемлекеттің экономика салынын дамуына бағытталған шығысын сипаттайтын.

Бюджет шығысының мынадай функционалдық топтары болады:

1. Мемлекеттік жалпы сипаттағы қызметтер.
 2. Қорғаныс.
 3. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік.
 4. Білім беру.
 5. Денсаулық сақтау.
 6. Әлеуметтік сақтандыру мен қамтамасыз ету.
 7. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық.
 8. Демалысты ұйымдастыру мен мәдениет саласындағы қызмет.
 9. Отын-энергетикалық кешен.
 10. Ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, балық аулау, аңшылық және табиғатты қорғау.
 11. Отынды қоспағанда тау-кен өндіру өнеркәсібі мен пайдалы казбалар; өндеу өнеркәсібі, құрылыш.
 12. Көлік және байланыс.
 13. Экономикалық қызметпен байланысты өзге қызметтер.
 14. Негізгі топтарға жатқызылмаган шығыстар.
- Бюджет шығысының функционалдық көп топтары келесі төрт категорияны құрайды:

1. *Мемлекеттік жалпы сипаттагы қызметтер* – бұл жалпы бюджеттік қызмет, жалпы кадр саясаты, корғаныс, қоғамдық тәртіп, мемлекеттік қауіпсіздік, сыртқы катынастар.

2. *Қоғамдық және әлеуметтік қызметтер* – білім беру, деңсаулық сактау, әлеуметтік сактандыру мен әлеуметтік қамтамасыз ету, тұрғын үй шаруашылығы, коммуналдық қызмет көрсету, демалысты ұйымдастыру мен мәдени қызмет.

1. Экономикалық қызметтепен байланысты мемлекеттік қызметтер

Экономикалық дамудың мемлекеттік міндеттерін шешуге, өнірлік сәйкесіздіктерді реттеуге, жана жұмыс орындарын құруға бағытталады.

2. *Өзге функциялар* – мемлекеттік борыштың кепілдігімен байланысты пайыздар мен шығысты төлеу, сондай-ақ басқа мемлекеттік мекемелерге берілетін жалпы сипаттағы трансфертер.

Шығыстарды функционалдық жіктеу экономикалық жіктеумен толықтырылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетін таза кредиттеуді қоса алғанда, шығысты экономикалық жіктеуге мыналар қарді:

I. Ағымдағы шығыстар (мемлекеттің халықтың күнделікті қажеттілігін қанағаттандыруға жұмсалатын шығыс).

II. Құрделі шығыстар (өндірісті кеңейтуге – негізгі капиталды сатып алуға, көр жасау үшін тауар сатып алуға, жер мен материалдық емес актив, құрделі трансферт сатып алуға бағытталатын шығыс).

III. Таза кредиттеу.

Осындағы кредиттер мен кәдімгі акциялар жатуы мүмкін. «Таза кредиттеу» көрсеткішін есептеу үшін берілген кредиттердің сомасынан сатып алынған акциялардың сатылған құны немесе кредит бойынша өтемдердің сомасын шегеру қажет. Берілген кредиттерде мемлекет бұрын мемлекеттік саясат мақсатында сатып алған басқа фирмалардың барлық активтері болады. Кредиттеу бюджет тапшылығының есептеріне ықпал ететін шығыс бабы ретінде қарастырылады.

«Қаржыландыру» категория бюджет шығысында тапшылықты қаржыландыру көзі ретінде қарастырылады және борышты өтейді. Қаржыландыру операцияларын жіктеуде мемлекеттік басқару секторының тапшылығын жабу үшін ақшалай қаражат алынатын және табыстың шығыстан асу нәтижесінде пайда болған қаражат пайдаланылатын көздері көрсетіледі. Ішкі қаржыландыру бойынша мемлекеттік басқару мекемелері мен осы елдің резиденттері арасында жүзеге асырылатын қаржыландыру операциялары есепке алынады. Сыртқы қаржыландыру бойынша мемлекеттік басқару мекемелері мен осы елдің бейрезиденттерінің арасында орындалатын операциялар көрсетіледі.

Берілген кредиттер (өтелгендерді қоспағанда) мемлекеттік қаржының өтімділігін қамтамасыз ету тәсілімен емес шығысты арттыру арқылы мем-

лекеттік саясаттың максаттарына жету құралы болады, сол себептен таза кредиттеу сомасы шығыстармен бір категорияға біріктіріледі.

Бюджеттің барлық көрсетілген табыс пен шығыс көрсеткіштері абсолюттік шамада келтіріледі. Статистикада себеп-салдарлық байланыстардың тереңдігін талдаپ, анықтау үшін абсолюттік көрсеткіштердің негізінде құрылымның, үйлестірудің, динамиканың, салыстырудың қатысты шамалары; вариация көрсеткіштері; индекстер; орташа шамалар есептеледі.

Мемлекеттік бюджеттің үшінші бөлігі – бюджет сальдосы. ХВК мемлекеттік каржы статистикасының басшылығына сәйкес:

Мемлекеттік бюджеттің сальдосы = Мемлекеттік табыс және
алынған ресми трансфертер – Мемлекеттік шығыс,
таза кредиттеуді қоса алғанда.

Бюджет сальдосы жөніндегі деректердің негізінде мына көрсеткіштер есептеледі:

1. Мемлекеттік бюджеттің тапшылығының (профицитінің) абсолюттік сомасы.

2. Мемлекеттік бюджет тапшылығының қатысты деңгейі.

Тапшылықтың (профициттің) абсолюттік сомасы. Егер бюджеттің табыстары мен алынған ресми трансфертері оның шығысынан асса, онда бюджеттің артығы немесе профицит пайда болады. Профициттің сомасы мемлекеттік борышты өтеуге жұмсалады немесе республикалық және жергілікті бюджеттерде бюджет қаражатының бос қалдығы қалады. Бюджет жылының сонындағы бюджет қаражатының бос қалдығы кассалық айналымдағы қолма-кол ақшаны ұлғайтуға, сондай-ақ тиісті билік органының мемлекеттік борышын жабуға пайдаланылады.

Егер, керісінше, таза кредиттеуді қоса алғанда, шығыстар табыс пен алынған ресми трансфертерден асса, онда бюджет тапшылығының сомасы пайда болады.

Қаржыландыру тапшылығының көлемі қарама-карсы белгісі бар тапшылықтың мөлшеріне тең болады. Сонда тапшылықты қаржыландыру жағынан оның сомасы мынаған тең болады:

Тапшылықтың сомасы = Таза қарыз алу (қарыз алу минус
борышты өтеу) + Өтімді активтердің қалдығын азайту.

Бірқатар жыл бойы бюджет тапшылығының кордалануынан мемлекеттік борыш пайда болады. *Мемлекеттік борыш* – бұл мемлекеттік басқару мекемелерінің баска секторлардың алдындағы ресми жарияланған тікелей міндеттемелерінің төленбegen сомасы. Мемлекеттік борыштың сомасы мекемелердің өткенде жасаған операцияларынан құралады және келешекте жасалатын операциялардың көмегімен өтелуі немесе мерзімсіз борышка кайта ресімделу тиіс.

Мемлекеттік борышқа мыналар кірмейді:

- мемлекеттік басқару шағын секторларының ішкі- және құрылым аралық борыштары;
- ақша-кредит реттеу органдарының колма-кол ақшаны эмиссиялаумен байланысты міндеттемелері және осы органдардың өзге де міндеттемелері;
- кредитор мен борышқордың арасындағы уағдаластық бойынша немесе бір жакты тәртіппен белгіленген мерзімге пайыз төлеу тоқтатылған қызмет көрсетілмейтін борыштар; төленбекен міндеттемелер бойынша кез келген ағымдағы берешек.

Бюджет тапшылығының қатысты деңгейі мына екі тәсілмен есептеледі:

- а) тапшылықтың абсолюттік сомасының бюджетті таза кредиттеуді қоса алғанда шығыстың жалпы сомасына қатанасымен;
- ә) елдің жалпы ішкі өніміне (ЖІӨ) тапшылықтың абсолюттік сомасының қатанасымен.

Егер тапшылықтың деңгейі ЖІӨ құнының 3%-нан аспаған жағдайда, біршама қалыпты деп саналады. Мұндай тапшылық мемлекеттік зaim шығару арқылы немесе қағаз ақша эмиссиясымен жабылады. Тапшылық жоғары деңгейде болған жағдайда (3%-дан көп жоғары) мемлекет борышты зайдармен жабуға жағдайы болмайды. Инфляция күшейіп, ақша айналысының зандары бұзылады, ақша құнсызданып, халыктың өмір сүру деңгейі төмендейді, сол себептен қаржылық жағдайды жаңа ақша эмиссиясы да, әсіресе егер ол тауар айналымының қажеттілігінен асқан жағдайда туゼмейді.

20.3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің табысын статистикалық талдау әдістері

Статистика мемлекеттік бюджеттің бекітілген жоспарының орындалуын накты деңгейлердің жоспарланғаннан, мемлекеттік бюджеттің тарауларының жоспарының орындалуының қатысты шамаларынан абсолюттік ауытқуын есептеудің көмегімен бағаланады :

- а) табыстар мен алынған ресми трансфертердің барлығы, оның ішінде олардың тұсы көздері;
- ә) таза кредиттеуді қоса алғанда шығыстардың барлығы, оның ішінде шығыстардың бағыттары бойынша;
- б) бюджет тапшылығы (профициті).

Мемлекеттік бюджет табысының барлық көздерінің ішінде салық түсімдерінің өзіндік салмағы барынша жоғары. Салық түсімдерінің накты сомаларының (H) жоспарлаудан немесе өткен кезеңдегімен салыстырғанда ауыткуы мына екі фактордың, яғни салық базасының (B) және салық ставкасының (C) колданылуынан пайда болады.

Салық сомасының жалпы өзгеруіне әрбір фактордың жасайтын ықпалы факторлық индекстік талдау арқылы зерттеледі:

$$\Delta H = H_1 - H_0 = B_1 C_1 - B_0 C_0,$$

мұнда: ΔH – салық сомаларының абсолюттік өзгеруі;

H_1 – салық түсімдерінің есепті кезеңдегі сомалары;

H_0 – салық түсімдерінің базистік кезеңдегі немесе жоспармен салыстырғандағы сомалары;

B_1 – есепті кезеңдегі салық базалары;

B_0 – базистік кезеңдегі немесе жоспар бойынша салық базалары;

C_1 – есепті кезеңдегі салық ставкалары;

C_0 – базистік кезеңдегі немесе жоспар бойынша салық ставкалары.

Оның ішінде салық сомаларының абсолюттік өзгерісі мына факторлардың жасайтын ықпалының есебінен анықталады:

а) салық базасының ΔH_B өзгеруі:

$$\Delta H_B = (B_1 - B_0) \times C_0;$$

ә) салық ставкасының ΔH_C өзгеруі:

$$\Delta H_C = (C_1 - C_0) \times B_1;$$

Есімнің өзара байланысын тексеру:

$$\Delta H = \Delta H_B + \Delta H_C.$$

Мемлекеттік бюджеттің табыстары (МБТ) тауарлар мен қызметтер шығарылымының мөлшерінен және макроэкономикалық көрсеткіштердің, яғни мен жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) мен жалпы ұлттық табыстың (ЖҰТ) аракатынасына байланысты болады. Осы тәуелділікті мына көп факторлық модель түрінде көлтіруге болады:

$$\frac{MBT}{y'} = \underbrace{\frac{W}{a}}_b \times \underbrace{\frac{ЖІӨ}{W}}_c \times \underbrace{\frac{ЖҰТ}{ЖІӨ}}_d \times \underbrace{\frac{MBT}{ЖҰТ}}_e$$

мұнда: $y' = abcd$ – мемлекеттік бюджеттің табысы;

$W = a$ – тауарлар мен қызметтер шығарылымы;

$\frac{ЖІӨ}{W} = b$ – тауарлар мен қызметтер шығарылымындағы жалпы ішкі өнімнің үлесі;

$\frac{ЖҰТ}{ЖІӨ} = c$ – жалпы ұлттық табыстың жалпы ішкі өнімге арақатынасының коэффициенті;

$\frac{МБТ}{ЖҰТ} = d$ – мемлекеттік бюджет табысының жалпы ұлттық табысқа арақатынасының коэффициенті.

Мемлекеттік бюджет табысының жалпы абсолюттік өсімі ($\Delta Y'$) былайша анықталады: бюджеттің есепті кезеңдегі табысы минус бюджеттің бастыстік жыл ішіндегі табысы:

$$\Delta Y' = Y'_t - Y'_0 = a_t \cdot b_t \cdot c_t \cdot d_t - a_0 \cdot b_0 \cdot c_0 \cdot d_0.$$

Оның ішінде мемлекеттік бюджет табысының мына факторлар жасайтын ықпалдың есебінен абсолюттік өсімі:

а) тауарлар мен қызметтер шығарылымының $\Delta Y'$ өзгеруі;

$$\Delta Y'_a = (a_t - a_0) \cdot b_0 \cdot c_0 \cdot d_0;$$

ә) тауарлар мен қызметтер шығарылымындағы $\Delta Y'$ жалпы ішкі өнім үлесінің өзгеруі:

$$\Delta Y'_b = (b_t - b_0) \cdot a_t \cdot c_0 \cdot d_0;$$

б) жалпы ұлттық табыстың жалпы ішкі өнімге арақатынасы коэффициентінің $\Delta Y'$ өзгеруі

$$\Delta Y'_c = (c_t - c_0) \cdot a_t \cdot b_t \cdot d_0;$$

в) мемлекеттік бюджет табысының жалпы ұлттық табысқа арақатынас коэффициентінің $\Delta Y'$ өзгеруі:

$$\Delta Y'_d = (d_t - d_0) \cdot a_t \cdot b_t \cdot c_t;$$

Өсімдердің өзара байланысы мына схема бойынша тексеріледі:

$$\Delta Y' = \Delta Y'_a + \Delta Y'_b + \Delta Y'_c + \Delta Y'_d.$$

Бюджет табысы мен алынған ресми трансфертерді (APT) талдауды қолда бар жалпы ұлттық табыс (КЖҰТ) жөніндегі мәліметті енгізу арқылы кеңейтуге болады. Табыстің абсолюттік өсімін әрбір фактордың есебінен жіктеу әдістемесі өткен модельдегідей сияқты.

$$\underbrace{\frac{МБТ және APT}{ЖҰТ}}_y = \underbrace{\frac{Ш}{Ш}}_x \times \underbrace{\frac{ЖІӨ}{ЖІӨ}}_c \times \underbrace{\frac{КЖҰТ}{ЖҰТ}}_d \times \underbrace{\frac{МБТ және APT}{КЖҰТ}}_e$$

Мұнда: $Y = a \cdot b \cdot c \cdot d \cdot e$ – табыстар мен алынған ресми трансфертер;

$\frac{КЖҰТ}{ЖҰТ}$ – қолда бар жалпы ұлттық табыстың жалпы ұлттық табысқа арақатынасының коэффициенті;

МБТ және АРТ – мемлекеттік бюджет табысының және алынған ресми ҚЖҮТ

трансфертердің колда бар жалпы ұлттық табыска арақатынасының коэффициенті.

Мемлекеттік бюджеттің табыстары мен алынған ресми трансфертерінің абсолюттік өсімі бюджеттің есепті жылдағы табысы мен алынған ресми трансфертері минус бюджеттің базистік жыл ішіндегі табысы мен алынған ресми трансфертері:

$$\Delta Y = Y_1 - Y_0 = a_1 \cdot b_1 \cdot c_1 \cdot d_1 \cdot e_1 - a_0 \cdot b_0 \cdot c_0 \cdot d_0 \cdot e_0,$$

оның ішінде мына факторлардың ықпалының есебінен:

а) тауарлар мен қызметтер шығарылымының өзгеруі:

$$\Delta Y_a = a_1 \cdot b_0 \cdot c_0 \cdot d_0 \cdot e_0 - a_0 \cdot b_0 \cdot c_0 \cdot d_0 \cdot e_0 = (a_1 - a_0) \cdot b_0 \cdot c_0 \cdot d_0 \cdot e_0;$$

ә) тауарлар мен қызметтер шығарылымындағы жалпы ішкі өнім үлесінің өзгеруі:

$$\Delta Y_e = a_1 \cdot b_1 \cdot c_0 \cdot d_0 \cdot e_0 - a_1 \cdot b_0 \cdot c_0 \cdot d_0 \cdot e_0 = (b_1 - b_0) \cdot a_1 \cdot c_0 \cdot d_0 \cdot e_0;$$

б) жалпы ұлттық табыстың жалпы ішкі өнімге арақатынасы коэффициентінің өзгеруі;

$$\Delta Y_c = a_1 \cdot b_1 \cdot c_1 \cdot d_0 \cdot e_0 - a_1 \cdot b_1 \cdot c_0 \cdot d_0 \cdot e_0 = (c_1 - c_0) \cdot a_1 \cdot b_1 \cdot d_0 \cdot e_0;$$

в) колда бар жалпы ұлттық табыстың жалпы ұлттық табыска арақатынасы коэффициентінің өзгеруі:

$$\Delta Y_d = a_1 \cdot b_1 \cdot c_1 \cdot d_1 \cdot e_0 - a_1 \cdot b_1 \cdot c_1 \cdot d_0 \cdot e_0 = (d_1 - d_0) \cdot a_1 \cdot b_1 \cdot c_1 \cdot e_0;$$

г) табыстар мен алынған ресми трансфертердің колда бар жалпы ұлттық табыска арақатынасы коэффициентінің өзгеруі:

$$\Delta Y_e = a_1 \cdot b_1 \cdot c_1 \cdot d_1 \cdot e_1 - a_1 \cdot b_1 \cdot c_1 \cdot d_1 \cdot e_0 = (e_1 - e_0) \cdot b_1 \cdot c_1 \cdot d_1 \cdot a_1;$$

Өсімдердің өзара байланысы мына схема бойынша тексеріледі:

$$\Delta Y = \Delta Y_a + \Delta Y_e + \Delta Y_c + \Delta Y_d + \Delta Y_e.$$

Мемлекеттік бюджет туралы ақпарат бюджеттегі қаржы ұйымдары, мекемелері, жергілікті жерлердегі аткарушы билік ұйымдары жасайтын бухгалтерлік есептіліктен, сондай-ақ қаржы ұйымдары тапсыратын ведомстволық статистикалық есептіліктен алынады. Есеп жасау кезеңділігі – ай, тоқсан, жыл.

Мемлекеттік бюджеттің аткарылуы жөніндегі жылдық есепте бағыныстағы қаржы органдарынан, банк мекемелерінен, жергілікті аткарушы органдардан бюджеттің аткарылуы туралы есеп, арнайы кара жат бойынша сметалардың орындалуы туралы есеп, есеп айырысу дағы

каражаттың калдығы, негізгі қаражат туралы аныктамалар, бюджеттік ұйымдар ақшалай қаражатының жетіспеуі мен ұрлануы жөніндегі жиынтық есеп және т.б. түрінде түсетін деректер жинақтап қорытылады.

Ведомстволық есептілік бюджетке қосылған құн, пайда, кәсіпорындардың табыс салығының накты сомалары мен тұсу жоспарларының орындалу пайызы; басқа салық жиындарының, сондай-ақ салықтар мен төлемдердің түрлері бойынша бересінің сомалары жөнінде ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге салық инспекциялары төлеушілер салықтарды дұрыс төлегенін бақылау нәтижелері бойынша берген мәліметтер хабарланады.

Бюджеттік мекемелер мен ұйымдар жылдық есеп құрамында шығыс сметасының орындалуы туралы есепті, республикалық бюджеттен қаражат алу туралы анықтама мен құрделі салымдар мен басқа іс-шараларды қаржыландыруға енгізілген және алынған қаражат туралы анықтаманы тапсырады.

Жылдық есепке бюджеттің шығыс сметасының орындалуына ықпал еткен негізгі факторлар атап өтілген түсіндірме жазба қоса тұркеледі.

20.4. Тауар айналысы статистикасы

Тауар қозғалысы – тауардың өндірушіден көтерме сауда сатып алушы, экспорттаушы, импорттаушы, сауда агенті, брокер арқылы бөлшек саудаға жасайтын қозғалыс процесі.

Тауар айналымы – тауарлардың белгіленген уақыт кезеңі ішінде ақшага шағылған айналыс процесі. Тауарлардың құны (Q) сатылған тауарлардың саны (q) мен тауар бірлігі (p), құнының қобейтіндісіне тең, яғни $Q = qp$.

Тауар айналымының категориялары:

1) *жалпы* – тауардың өндірушіден тұтынушыға қозғалу жолындағы, екінші қайтара шотты қоса алғанда барлық сатылуының сомасы;

2) *таза* – жалпы екінші қайтара шотсыз тауар айналымы;

3) *көтерме сауда* – өндірушінің және сауда дедалдарының тауарды кейін қайта сатуға басқа дедалдарға, өндірістік немесе жаппай тұтынушыға ірі топтармен сатуы;

4) *бөлшек сауда* – кәсіпорындардың, жеке тұлғалардың тауарларды халыққа түпкілікті тұтыну үшін сатуы.

Буындылық коэффициенті – қайта сату санының жалпы тауар айналымының таза тауар айналымына қатынасы ретінде анықталатын көрсеткіші.

Тауар қоры – нарыкта тауардың белгіленген бөлігінің тұрақты бар болуы. Тауар корының көлемі белгіленген уақыт сәтіне қалыптаскан жағдай

бойынша табиғи гүрде және ақшага шағылып есептеледі. Орташа тауар коры акпараттың болуына орай: арифметикалық орташа шама, хронологиялық орташа шама және т.б. әр түрлі формулалар бойынша есептеледі (2.3. 3.8-тақырыптар).

Тауар сыйымдылығы – тауар корларының тауар айналымы бірлігіне қатынасы, ол тауар айналымы бірлігіне канша тауар коры шағылатынын көрсетеді.

Тауар айналымының тауарлық қорлармен қамтамасыз етілуі (күндерде) – бұл тауар коры жететін сауда жасалатын күн саны; белгіленген тауар түрінің тауар корының (3) осы тауардың бір күндік тауар айналымына (a) қатынасы ретінде есептеледі.

Тауар айналымдылығы мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

а) тауар айналымдылығының жылдамдығы (айналым саны, C):

$$C = \frac{\text{Тауар айналымының көлемі}}{\text{Тауардың орташа коры}} = \frac{Q}{3}$$

ә) тауарлардың бір айналымының уақыты (күндерде, B):

$$B = \frac{\text{Тауардың орташа коры}}{\text{Бір күндік тауар айналымы}} = \frac{3}{A}$$

Тауар айналымына немесе тауар корларына ықпал ететін факторлардың динамикасы индекстер жүйесінің көмегімен бағаланады. Индекстер жүйесінің әдістемесі «Негізгі капиталдың статистикасы», «Шығын және аралық тұтыну статистикасы» тақырыптарында қарастырылады.

20.5. Ақша айналысы статистикасы

Айналысталғы ақша – занды және жеке тұлғалар тауарлар мен кызметтерді төлеу құралы, күн құралы мен корлану құралы ретінде ұстайтын ақша (банкнота, монета) сомасы.

Ақша базасы (Б) – Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілейтін ақша. Ақша базасының құрамына колма-қол ақша (Ұлттық банктен тыс) және Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің міндетті, артық резервтері (банктердің, банк емес, каржы және каржы емес ұйымдардың депозиттері) кіреді.

Ақша массасы (M) – шаруашылық айналымға (ЖІӨ) қызмет көрсететін сатып алатын және ақшалай қаражаттың жиынтық көлемі. Ақша массасы ақшаны өтімділік деңгейі бойынша жіктейтін агрегаттармен өлшенеді.

Қазақстанда ақша массасының төрт агрегаты: МО, М1, М2, М3 (1998 жылдың казанынан бастап) бар. Олардың құрамы мынадай:

МО – айналыстағы қолма-қол ақша, яғни бұл занды және жеке тұлғалар банктен тыс тауарлар мен қызметтерді төлеу құны, құн құралы мен қорлану құралы ретінде ұстайтын банкноталардың, монеталардың сомасы;

М1 – МО агрегаты + халықтың және банктік емес занды тұлғалардың ұлттық валютада аударатын депозиттері;

М2 – М1 агрегаты + ұлттық валютадагы басқа депозиттер мен халықтың және банктік емес занды тұлғалардың шетел валютасында аударылатын депозиттері;

М3 – М2 агрегаты + халықтың және банктік емес занды тұлғалардың шетел валютасындағы басқа депозиттері.

Ақша мультипликаторы (m):

$$m = \frac{M}{B},$$

мұнда: M – айналыстағы ақша массасы;

B – ақша базасы.

Ақша мультипликаторы туралы ақпарат ақша массасының динамикасын бақылау және коммерциялық банктердің экономикаға жүмсайтын кредит салымының көлемін талдау үшін қажет. Ақша массасы М3 ақша агрегаты бойынша анықталады. Ақша мультипликаторы коэффициент ретінде банк резервтерінің өзгеру есебінен айналыстағы ақша массасының қалай өзгеретінін сипаттайтын. Егер ақша айналысы каналдары артық ақша массасымен, қамтамасыз етілмеген тиісті тауар массасымен толып кетсе, яғни ақша массасының өсу карқыны тауарлар мен қызметтер өндірісінін өсу карқынынан асады, яғни инфляция туындаиды.

Бүкіл ақша массасының өсімін факторлық талдау (М3 агрегаты үшін) мына схема бойынша жүзеге асырылады:

$$\Delta M3 = M3 - M3_0 = m_i B_i - m_0 B_0$$

мұнда: $M3$, $M3_0$ – М3 ақша агрегатының есепті және базистік кезеңдердегі ақша массасы;

m_i , m_0 – есепті және базистік кезеңдердегі ақша мультипликаторы;

B_i , B_0 – есепті және базистік кезеңдердегі ақша базасы, оның ішінде мына факторлардың өзгеру есебінен:

а) ақша мультипликаторының өзгеруі

$$\Delta M3_m = (m_i - m_0) \times B;$$

ә) ақша базасының өзгеруі

$$\Delta M3_B = (B_i - B_0) \times m_0.$$

Абсолюттік өсімдердің өзара байланысы:

$$\Delta M3 = \Delta M3_m + \Delta M3_B.$$

$$\frac{I_{\text{сатып алу}}}{I_{\text{түтшілік}}} = \frac{1}{I_{\text{багасы}}}$$

Теңгениң сатып алу қабілетінің атаулы индексі тенге бағамының АҚШ долларына қатынасы мен жалпы акша массасындағы ұлттық және шетел валютасының акша айналымы үлесінің өзгеруі ескеріліп былайша есептеді:

$$\frac{I_{\text{намин.}}}{I_{\text{төңгімен}}} = \frac{I_{\text{сатып алу}}}{I_{\text{төңгімен}}} \times d_{\text{төңгіл.}} \times \frac{I_{\text{АҚШ долл.}}}{I_{\text{доллары}}} \times d_{\text{АҚШ}}$$

Мұнда: $d_{\text{төңгіл.}}$, $d_{\text{АҚШ}}$ – Қазақстанның акша нарығындағы тенгедегі немесе АҚШ долларындағы акша айналымының үлесі.

$$\frac{I_{\text{АҚШ долл. сатып алушадығы баға}}}{I_{\text{АҚШ долл. қатынасы бойынша төңгениң бағамы}}} = \frac{1}{I_{\text{АҚШ долл. қатынасы бойынша төңгениң бағамы}}}$$

Айналыстағы акша айналымының саны (V) немесе акша бірлігі айналымының жылдамдығы.

$$V = \frac{ЖИ\Theta}{M3},$$

Мұнда: ЖИ\Theta – ағымдағы бағадағы жалпы ішкі өнім;

$M3$ – кезең ішіндегі акшаның орташа қалдығы.

Акша айналымының саны ЖИ\Theta-ге қызмет көрсетілетін кезең ішіндегі акша бірліктері мен төлем күралдарының қайталанымының (есе, айналым) саны.

Акша массасының бір айналымының ұзақтығы (t):

$$t = \frac{K}{V} = \frac{M \times K}{ЖИ\Theta} = M \times \frac{1}{6}$$

Мұнда: K – кезеңдегі күнтізбелік күндер;

$\frac{ЖИ\Theta}{K} = 6$ – ЖИ\Theta-нің бір күндік көлемі.

Осы көрсеткіш кезең ішіндегі ЖИ\Theta-ге қызмет көрсететін акша массасының бір айналымы үшін қанша күн қажет екенін көрсетеді. Акша айналысы жылдамдығының мөлшері өз кезегінде экономиканың монетарлану деңгейіне ықпал етеді.

$$\text{Экономиканың монетарлану деңгейі} = \frac{\text{Акша массасы (M3)}}{\text{ЖИ\Theta}}$$

Акша айналысының жылдамдығы неғұрлым төмен болса, экономиканың монетарлану деңгейі солғұрлым жоғары болады.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Мемлекеттік бюджеттің аткарылуы жөніндегі есепте қандай экономикалық операциялар есепке алынады?
2. Тауар айналысы статистикасының негізгі көрсеткіштерін атаңыз.
3. «Ақша массасы», «акша базасы» деген ұғымдар нені білдіреді?
4. МО, М1, М2, М3 ақша агрегаттарының құрамын атап өтіңіз.
5. Ақша массасының факторлық талдау әдістемесін баяндаңыз.



Ұсынылатын әдебиет

1. Гусаров В.М. *Статистика*. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2001.
2. *Методологические положения по статистике*. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2005.
3. Система национальных счетов – инструмент макроэкономического анализа: Учебное пособие / Под ред. Ю Н. Иванова. – М: Финстатинформ, 1996.
4. Социально-экономическая статистика: Учебное пособие / А.М. Елемесова, К.К. Бельгibaева, Е.М. Кийков, Г.М. Молдакулова. – Алматы: Экономика, 1999.
5. Шокаманов Ю.К. *Статистика внешнеэкономической деятельности*. – Алматы, 2003.

20.6. Практикум

20.6.1. Ізденуге арналған сұрақтар

1. Мемлекеттік бюджеттің табысы мен алынған реңми трансфертері осы тараудың 5-есебінде ХВК-дың ұсынысы бойынша қандай экономикалық операцияларға бөлінеді?
2. Мемлекеттік бюджеттің шығыс және таза кредиттеудің экономикалық операциялары осы тараудың 5-есебінде ХВК-дың ұсыныстары бойынша олардың функционалдық маңызы ескеріліп қандай топтарға бөлінеді?
3. Тауар қоры мен тауар айналымдылығының көрсеткіштері қалай есептеледі?
4. Ақша айналысын қандай өлшеуіштер сипаттайты?
5. Үлттых валютаның сатып алу қабілетінің индекстері қалай есептеледі?
6. Ақша массасы айналымының жылдамдығы қалай анықталады?
7. «Ақша массасының бір айналымының ұзактық көрсеткішін есептеу әдістемесі қандай және оның маңызы неде?

8. «Үлгі есептерді шешу» деп аталатын 20.4.2-тараудың 2-есебінде қарастырылған факторлық талдауды жүргізу әдістемесін зерделеп банктердің кассасына акша түсімінің, оның ішінде: а) акша айналымы саны; ә) акша массасының орташа қалдығы сияқты факторлардың өзгеру ықпалынан жалпы өсімін факторлық талдау жасаңыз.

20.6.2. Типтік есептерді шешу мысалдары

1-мысал. ҚР Мемлекеттік бюджетінің табысын мына деректер бойынша көп факторлық талдау жасаңыз:

ҚР өндіріс нәтижелерінің макроэкономикалық көрсеткіштерінің динамикасы, млрд теңге

Көрсеткіш	1997 ж.	1998 ж.
1. Мемлекеттік бюджеттің табысы мен алынған ресми трансфертері, оның ішінде табыстар	405,6	379,5
2. Мемлекеттік бюджеттің шығыстары мен таза кредиттеу, оның ішінде шығыстар	405,3	379,3
3. Шығарылым	469,6	451,6
4. Жалпы ішкі өнім	439,5	426,1
5. Жалпы ұлттық табыс	3316	3283
	1672	1733
	1649	1710

Шешүі. Есептік қатысты көрсеткіштер мынаған тен болады:

	1997 ж.	1998 ж.
$b = \frac{ЖИ\Theta}{Ш}$	0,504222	0,527871
$c = \frac{ЖУТ}{ЖИ\Theta}$	0,986244	0,986728
$d = \frac{МБТ}{ЖУТ}$	0,245785	0,221813

$$\Delta Y' = Y'_1 - Y'_0 = a_1 \cdot b_1 \cdot c_1 \cdot d_1 - a_0 \cdot b_0 \cdot c_0 \cdot d_0 = \\ = 379,3 - 405,3 = -26 \text{ млрд теңге}$$

ҚР Мемлекеттік бюджетінің шығыстары 1997 жылмен салыстырғанда 1998 жылы 26 млрд теңгеге төмендеді.

$$Y'_a = (a_1 - a_0) \cdot b_0 \cdot c_0 \cdot d_0 = \\ (3283 - 3316) \cdot 0,504222 \cdot 0,986244 \cdot 0,245785 = -4,034 \text{ млрд теңге}$$

Тауарлар мен кызметтер шығарылымының төмендеу салдарынан ҚР Мемлекеттік бюджетінің табысы 4,034 млрд теңгеге қысқарды.

$$Y'_a = (b_1 - b_0) \cdot a_1 \cdot c_0 \cdot d_0 = \\ (0,527871 - 0,504222) \cdot 3283 \cdot 0,986244 \cdot 0,245785 = 18,820 \text{ млрд теңге}$$

1997 жылғы жалпы ішкі өнімнің 50,4% үлесімен салыстырғанда 1998 жылы оның 52,8%-ға үлғауы КР Мемлекеттік бюджеті табысының 18,820 млрд теңгеге өсүін камтамасыз етті.

$$Y' = (c_1 - c_0) \cdot a_1 \cdot c_1 \cdot d_0 = \\ (0,986728 - 0,986244) \cdot 3283 \cdot 0,527871 \cdot 0,245785 = 0,206 \text{ млрд теңге}$$

Жалпы үлгіткіш табыс пен жалпы ішкі өнімнің арақатынасының тек 0,05%-ға өсүі КР Мемлекеттік бюджетінің 0,206 млрд теңгеге толығуна себеп болды.

$$Y'_d = (d_1 - d_0) \cdot a_1 \cdot b_1 \cdot c_1 = \\ (0,221813 - 0,245785) \cdot 3283 \cdot 0,527871 \cdot 0,986728 = - 40,992 \text{ млрд теңге}$$

Жалпы ішкі өнімде Мемлекеттік бюджет табысы үлесінің 2,4%-ға қысқаруына байланысты бюджеттің табысі 40,992 млрд теңгеге кеміді.

$$\Delta Y' = Y'_a + Y'_e + Y'_c + Y'_d - \\ - 26 = - 4,034 + 18,820 + 0,206 - 40,992.$$

2-мисал. Осы тараудың 8-есебінің деректері бойынша 2000-2001 жылдардың мына көрсеткіштерін есептейік:

1. Бөлшек сауда тауар айналымының жалпы индексін

$$I_{pq} = \frac{\sum p_i q_i}{\sum p_0 q_0} = \frac{7196}{5704} = 1,262 \text{ немесе } 126,2\%.$$

2. Жалпы (жынтық) индекстердің өзара байланысын пайдалана отырып тауарлардың бөлшек сауда бағаларының жалпы индексін

$$I_p = \frac{I_{pq}}{I_q} = \frac{1,262}{1,071} = 1,178 \text{ немесе } 117,8\%.$$

3-мисал. Млрд теңгеде берілген деректер бойынша мына факторлардың ықпалынан ақша массасының орташа қалдығының абсолюттік өсімін анықтанаңыз:

- а) банктердің кассаларына түскен бір күндік ақша түсімінің;
- ә) ақша массасының бір айналымының ұзактығының.

Ай	Түскен қолма-қол ақша	Ақша массасының орташа қалдығы
Тамыз	67	79
Кыркүйек	69	81

Шешүі: Мынаны есептейміз: а) банктердің кассаларына тамыз және кыркүйек айларында түскен бір күндік түсімді мына формула бойынша: $b = \frac{T}{K}$,

мұнда: b – банктердің кассаларына ақшаның түсетін бір күндік түсімі;

T – банктердің кассаларына түсетін ақша түсімі;

K – кезеңнің күндері,

сонда

$$\bar{b}_o = \frac{T_o}{K_o} = \frac{\Pi_o}{D_o} = \frac{67}{30} = 2,233 \text{ млрд тенге},$$

$$\bar{b}_i = \frac{T_i}{K_i} = \frac{\Pi_i}{D_i} = \frac{69}{30} = 2,3 \text{ млрд тенге},$$

ә) тамыз және қыркүйек айларында акша массасының бір айналымының ұзақтығы мына формула бойынша: $t = \frac{K}{n} = \frac{K}{T} = \frac{K \times MO}{T} = \frac{MO}{\bar{b}}$,

мұнда: $n = \frac{T}{MO}$ – акша айналымының кезең ішіндегі саны

$$t_{0_0} = \frac{MO_{0_0}}{\bar{b}_{0_0}} = \frac{79}{2,233} = 35,38 \text{ күндік } t_{i_1} = \frac{MO_{i_1}}{\bar{b}_{i_1}} = \frac{81}{2,3} = 35,22 \text{ күндік}$$

Енді факторлық талдау жасаймыз.

Акша массасының орташа қалдығының абсолюттік өсімі $\Delta MO = MO_i - MO_{0_0} = 81 - 79 = 2$ млрд тенге, яғни тамызben салыстырғанда қыркүйекте акша массасының орташа қалдығы 2 млрд тенгеге көтерілді,

оның ішінде мына факторлардың өзгеру ықпалынан:

а) банктердің кассаларына ақшаның бір күндік түсімінің:

$\Delta MO_{0_0} = (\bar{b}_i - \bar{b}_{0_0}) \times t_{0_0} = (2,3 - 2,233) \times 35,38 = 2,37$ млрд тенге, банктердің кассаларына ақшаның бір күндік түсімінің үлғауының есебінен акша массасының орташа қалдығының өсімі 2,37 млрд тенгеге үлгайды;

ә) акша массасының бір айналымының ұзақтығының:

$\Delta MO_i = (t_{i_1} - t_{0_0}) \times \bar{b}_{0_0} = (35,22 - 35,38) \times 2,3 = -0,37$ млрд тенге акша массасының бір айналымының ұзақтығының төмендеу есебінен акша массасының орташа қалдығы азайды.

Осымдердің өзара байланысын тексеру: $2 = 2,37 - 0,37$.

20.7 Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

20.7.1. Есептер

1-есеп. ҚР өндірісі нәтижелерінің макроэкономикалық көрсеткіштерінің динамикасы жөнінде мынадай деректер берілген, млрд тенге:

Көрсеткіш	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.
1. Мемлекеттік бюджеттің табыстары мен алынған реисми трансфертері, оның ішінде табыстар	590,2 587,0	733,9 733,7	807,9 807,9	1004,6 1004,6
2. Мембюджеттің шығыстары мен газа кредиттеу, оның ішінде шығыстар	593,5 576,5	746,9 726,0	820,9 801,1	1050,7 1027,0
3. Шыгарылым	5442	6939	7542	8931
4. Жалпы ішкі өнім	2600	3251	3776	4612
5. Жалпы үлттых табыс	2429	3075	3618	4351
6. Қолда бар жалпы үлттых табыс	2456	3097	3635	4327

Мынаны есептеңіз:

1. КР мемлекеттік бюджеті тапшылығының абсолюттік сомасын.
2. Мемлекеттің мешікті жинағын.
3. КР Мемлекеттік бюджеті тапшылығының қатысты деңгейін:
 - а) бюджет шығысна;
 - ә) жалпы ішкі өнімге.
4. Бюджеттің табыстылық деңгейі.

2-есеп. I-есептің деректері бойынша КР Мемлекеттік бюджеті табыстырының тауарлар мен қызметтер өндірісі нәтижелерінің макроэкономикалық көрсеткіштерінен тәуелділігінің факторлық талдау жасаңыз:

- а) тауарлар мен қызметтер шығарылымы;
- ә) жалпы ішкі өнімнің шығарылымдағы үлесі;
- б) жалпы ұлттық табыс пен жалпы ұлттық өнімнің арақатынасы;
- в) жалпы ұлттық табыстағы мемлекеттік бюджеттің үлесін. Экономикалық қорытынды жасаңыз.

3-есеп. I-есептің деректері бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бюджеттің табыстары мен алынған ресми трансфертердің тауарлар мен қызметтер өндірісі нәтижелерінің макроэкономикалық көрсеткіштерінен тәуелділігін факторлық талдаңыз:

- а) тауарлар мен қызметтер шығарылымы;
- ә) жалпы ішкі өнімнің шығарылымдағы үлесі;
- б) жалпы ұлттық табыс пен жалпы ішкі өнімнің арақатынасы;
- в) қолда бар жалпы ұлттық табыс пен жалпы ұлттық табыстың арақатынасын;
- г) жалпы ұлттық табыстағы мемлекеттік бюджеттің үлесін. Алынған нәтижелерді экономикалық қорытынды жасаңыз.

4-есеп. КР Мемлекеттік бюджеттің табыстары, шығыстары мен кредиттеуі жөніндегі қолда бар деректер (млрд теңге) бойынша оның көрсеткіштерінің жайкүйі мен динамикасына статистикалық талдау жасаңыз.

	Көрсегіш	2002 ж.	2003 ж.
I. Тұсімдер, оның ішінде		821,2	1022,3
1.1. Табыстар, оның ішінде		807,9	1004,6
салықтық тұсімдері		752,8	947,3
салықтық емес тұсімдер		45,6	44,8
капиталмен жасалатын операциялардан түскен табыс		9,5	12,5
1.2. Алынған ресми трансфертер		***	***
1.3. Бюджеттен бұрын берілген кредиттердің негізгі борышын өтеу		13,3	17,7
II. Шығыстар мен кредиттеу, оның ішінде		834,2	1068,4
Жалпы бюджеттік қызметке, жалпы кадр саясатына жұмсалатын мемлекеттік шығыстар		45,6	65,3
Корғаныс		37,7	47,5

Кестенің соңы

	1	2	3
Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік		77,8	91,6
Білім беру		121,2	149,0
Денсаулық сактау		76,1	89,8
Әлеуметтік сақтандыру мен қамтамасыз ету		201,4	239,2
Демалысты үйымдастыру және мәдениет саласындағы қызмет		22,8	33,8
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық		24,7	47,2
Отын-энергетикалық кешен		7,4	8,5
Ауыл, орман шаруашылығы, балық аулау, аныштылыш және коршаган ортаны корғау		28,8	47,2
Өнеркәсіп, құрылым		5,5	3,9
Көлік және байланыс		57,4	82,4
Экономикалық қызметпен байланысты өзге қызметтер		48,2	86,4
Негізгі жатқызылмаган шығыстар		38,9	35,4
Ресми трансфертер		12,6	12,5
Кредиттеу		33,1	41,4

Осы мақсатта әр жыл үшін ХВК ұсыныстарына сәйкес экономикалық операцияларды топтастыруды орынданыз:

1. ҚР Мемлекеттік бюджетінің табыстары мен алынған ресми трансфертерін экономикалық жіктеуді.
2. ҚР Мемлекеттік бюджетінің шығыстары мен таза кредиттеуді функционалдық жіктеуді.

5-е сеп. 4-есепте экономикалық операцияларды топтастыру нәтижелері бойынша әр жылдың мына көрсеткіштерін есептеніз:

- құрылымның көрсеткіштерін;
- ҚР Мемлекеттік бюджетінің табыстары мен алынған ресми трансфертерін;
- ҚР Мемлекеттік бюджетінің шығыстары мен таза кредиттеуді;
- құрылымның абсолюттік ауыткуларын:
 - табыстар мен алынған ресми трансфертердің;
 - құрылымдық өзгерістерді аныктап шығыстар мен таза кредиттеуді.

6-е сеп. 4-есептің деректері бойынша құрылымды графикалық түрде көрсетіңіз:

- табыстар мен алынған ресми трансфертерді;
- шығыстар мен таза кредиттеуді.

7-е сеп. 4-есептің деректері бойынша әрбір жылдың мына көрсеткіштерін есептеніз:

- Мемлекеттік бюджет тапшылығының сомасын және бюджет тапшылығын қаржыландыру көлемін;
- Мемлекеттік бюджет тапшылығының қатысты деңгейін шығыстарға пайызыда.

8-есеп. Қазақстан Республикасы бөлшек сауда тауар айналымының динамикасы жөнінде мынадай деректер берілген:

Көрсеткіш	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.
1. Бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемі, млрд теңге, оның ішінде	570,4	719,6	826,3	968,9	1218,9
азық-түлік тауарлары	250,4	305,5	339,8	370,3	418,6
азық-түлік емес тауарлар	320,0	414,1	486,5	598,6	800,3
Бөлшек сауда тауар айналымының накты көлемінін индекстері (өткен жылға %-да), оның ішінде	107,1	115,7	108,2	109,8	118,2
азық-түлік тауарлары	98,6	109,8	103,6	101,3	106,4
азық-түлік емес тауарлар	115,3	120,7	111,9	115,9	125,5

9-есеп. Қазақстан Республикасы ақша массасының динамикасы жөніндегі деректер берілген, млрд теңге:

Көрсеткіш	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.
1. Ақша базасы (резерв ақша, жыл сонында) оның ішінде:	175,0 145,5	208,2 177,9	317,0 262,1
КР Ұлттық банкіден тыс колма-қол екінші деңгейдегі банктердің және т.б. ұйымдардың депозиттері	29,5	30,3	54,9
2. Ақша агрегаттары (жыл сонында):	131,1	161,7	238,7
МО (айналыстағы колма-қол ақша)	224,3	287,3	411,6
M1, оның ішінде	1,9	17,8	29,8
халық аударатын депозиттер тенгеде	91,1	107,8	143,1
банктік емес заңды тұлғалар тенгеде	338,0	498,1	692,8
M2, оның ішінде			
тенгедегі басқа депозиттер және халық шетел валютасында аударатын депозиттер	49,9	61,4	111,2
басқа депозиттер және банктік емес заңды тұлғалар шетел валютасында аударатын депозиттер	64,9 576,0	149,3 765,0	170,0 971,2
M3, оның ішінде			
халықтың шетел валютасындағы басқа депозиттері	134,1	171,4	194,4
банктік емес заңды тұлғалардың шетел валютасындағы басқа депозиттері	104,0	95,4	84,0
3. Ағымдағы бағалардағы жалпы ішкі өнім	3251	3776	4612

Мынаны есептөніз:

1. Эр жылдың ақша базасы құрылымының көрсеткіштерін.
2. M1, M2, M3 ақша агрегаттары құрылымының көрсеткіштерін.
3. MO, M1, M2, M3 ақша агрегаттары ақша базасының индекстерін.
4. Эр жылдың ақша мультиплікаторын.

5. Ақша массасы (М3) айналымдылығының әр жылдағы мына көрсеткішін:
- айналымның жылдамдығын (айналым санын);
 - бір айналымның ұзактығын.

10-есеп. 9-есептің деректері бойынша М3 агрегаты үшін бүкіл ақша массасының, оның ішінде мына факторлардың өзгеру ықпалынан абсолюттік есімін факторлық талдау жасаңыз:

- ақша мультипликаторының;
- ақша массасының.

Мына нұскалар бойынша талдау жасаңыз.

A. 2002 жылмен салыстырғанда 2003 жылы.

B. 2001 жылмен салыстырғанда 2002 жылы.

Экономикалық қорытынды жасаңыз.

11-есеп. Қолма-қол ақшаның айналу жылдамдығы 7,9%-ға, қолма-қол ақшасыз айналымның жылдамдығы 1,2%-ға ұлғайған жағдайда, I тоқсанмен салыстырғанда IV тоқсанда ақша массасының айналу жылдамдығы калай өзгергенін анықтаңыз. IV тоқсанда жалпы ақша массасындағы қолма-қол ақшаның үлесі 30%-ды құрайды.

Жауабы: 1,5 %-ға төмендеде.

20.7.2. Тест тапсырмалары

- Тауар айналымы бағаларының жалпы индексі ненің өзгергенін көрсетеді?**
 - сату құрылымының тауар айналымы динамикасына;
 - сатылған тауарлардың жалпы құнының;
 - бағалардың тауар айналымының динамикасына;
 - тауар сату көлемінің тауар айналымының динамикасына;
 - тауар айналымының абсолюттік есімінің.
- Ақша айналымының саны немен анықталады?**
 - кезеңдегі ақшаның орташа қалдығының ЖІӨ-ге қатынасымен;
 - айналыстағы қолма-қол ақшаның орташа қалдығымен;
 - ақшаның бір айналымының ұзактығының сомасымен;
 - ЖІӨ-нің кезеңдегі ақшаның орташа қалдығына қатынасымен;
 - колма-қол ақшаның кассаларға түсуімен.
- Тауар айналымының жалпы индексі ненің өзгергенін көрсетеді? ?**
 - сатылған тауарлар құны динамикасының;
 - тауарларды сатудың накты көлемінің тауар айналымына;
 - орташа баға динамикасының тауарға;
 - бағалардың тауар айналымының динамикасына;
 - сату құрылымының тауар айналымының динамикасына.

- 4.** Ақша айналымы санының өзгеруінің ықпалынан банктердің касаларына түсетін ақша түсімінің абсолюттік өсімін мына деректер бойынша анықтаңыз, млрд теңге:

Ай	Түскен қолма-кол ақша	Ақша массасының орташа қалдығы
Тамыз	67	79
Қыркүйек	69	81

- 1) 5,1;
- 2) 2;
- 3) 0,3;
- 4) 35,2;
- 5) 1,7.

5. Ақша базасы – бұл:

- 1) талап етілмелі депозиттер;
- 2) сатып алатын және шаруашылық айналымға қызмет көрсететін ақшалай қаражаттың көлемі;
- 3) барлық экономикалық активтер;
- 4) қолма-қол валюта;
- 5) Ұлттық банк белгілейтін резерв ақша.

- 6. Кассалық түсімнің сомасы 33%-ға көтерілген, ал айналыстағы ақша массасы 7%-ға арткан жағдайда, I тоқсанмен салыстырғанда II тоқсандаты ақша массасы айналымының саны қалай өзгергенін анықтаңыз.**

- 1) 27,1%-ға ұлғайды;
- 2) 24,3%-ға ұлғайды;
- 3) 24,3%-ға азайды;
- 4) 4,7 есеге артты;
- 5) 21,1%-ға азайды.

7. Айналымдағы ақша массасының ақша базасына қатынасы – бұл:

- 1) ақша агрегаттарының сомасы;
- 2) факторлық құн;
- 3) осы кезеңде айналыс үшін қажет ақша бірлігінің саны;
- 4) ақшаның бір айналымының ұзактығы;
- 5) ақша мультиликаторы.

- 8. Тауар айналысының жылдамдығы мен айналым уақыты көрсеткіштерінің арасындағы тәуелділік:**

- 1) тікелей;
- 2) кері;
- 3) тәуелділік жок;
- 4) қосымша мәлімет қажет;
- 5) белгісіз.

- 9. Кезеңдегі тауарлық орташа кор аралыктары тең мезеттік күтімдерлері бойынша қай формула бойынша есептеледі?**
- 1) хронологиялық орташа шама;
 - 2) тізбекті есептеу жүйесі бойынша геометриялық орташа шама;
 - 3) арифметикалық жай орташа шама;
 - 4) базистік есептеу жүйесі бойынша геометриялық орташа шама;
 - 5) арифметикалық салмақталған орташа шама.
- 10. Ақшаның сатып алу қабілеттің индексі не ретінде анықталады?**
- 1) ақша базасының индексі;
 - 2) ақша массасының индексі;
 - 3) тұтыну баға индексі;
 - 4) тұтыну баға индексінің көрі мөлшері;
 - 5) бөлшек сауда және тұтыну баға индексі.
- 11. Экономиканың монетарлану деңгейі немен анықталады?**
- 1) банктердің кассаларына түскен ақша массасының қолма-қол ақшаның орташа калдығына катынасымен;
 - 2) атаулы ЖІӨ-нің накты ЖІӨ-ге катынасымен;
 - 3) ЖІӨ-нің ақша базасына катынасымен;
 - 4) ақша массасының ЖІӨ-ге катынасымен;
 - 5) қаржы активтерінің ақша массасына катынасымен.
- 12. Ақша мультипликаторы неге тең?**
- 1) депозиттердің сомасына;
 - 2) сатып алғынатын және ақшалай қаржаттың көлеміне;
 - 3) ақша массасының ақша базасына катынасымен;
 - 4) ақша базасының ақша массасына катынасымен,
 - 5) экономикалық активтердің сомасына.

21-ТАҚЫРЫП

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТИІМДІЛІГІНІҢ СТАТИСТИКАСЫ

21.1. Экономикалық қызмет нәтижелері тиімділігінің көрсеткіштері

Өндіріс нәтижелері тиімділігінің көрсеткіштері экономикалық қызмет нәтижесінің шығынға немесе ресурстарға аракатынасы түрінде есептеледі. Осы көрсеткіштерге енбек өнімділігі, капитал кайтарымы, материал сыйымдылығы, өнім бірлігінің өзіндік құны және 15, 16, 17-тақырыптарда қарастырылған басқа көрсеткіштер, сондай-ақ пайдалылық жатады. Экономикалық қызмет нәтижелері 18-тақырыпта қарастырылған, атап айтқанда: шығарылым, жалпы қосылған құн, жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық табыс, жалпы (таза) пайда және т.б. көрсеткіштерді білдіреді.

Кәсіпорындардың, ұйымдардың пайдалылық көрсеткіштерін қарастырайық:

$$\text{1. Сатудын рентабельділігі, \%} = \frac{\text{Tаза табыс}}{\text{Сатылған өнімнің өзіндік құны}} \times 100$$

Сатудын рентабельділігі ағымдагы шығындардың тиімділігін сипаттайды.

$$\text{2. Кәсіпорынның жалпы рентабельділігі, \%} = \frac{\text{Жалпы табыс}}{\text{Негізгі капиталдың, материалдық емес активтердің және материалдық айналым капиталы корының орташа жылдық құны}} \times 100$$

Жалпы рентабельділік авансталған капиталдың тиімділігін көрсетеді.

$$3. \text{Мүліктің рентабельділігі, \%} = \frac{\text{Жалпы табыс}}{\text{Мүліктің орташа құны}} \times 100$$

$$4. \text{Мүліктің таза рентабельділігі, \%} = \frac{\text{Таза табыс}}{\text{Мүліктің орташа құны}} \times 100$$

$$5. \text{Капиталдың таза рентабельділігі, меншігі, \%} = \frac{\text{Таза табыс}}{\text{Меншікті капиталдың орташа құны}} \times 100$$

Табыс көрсеткіштерін есептеу әдістемесі 18-тақырыпта келтірілген.

Макроденгейдегі рентабельділік көрсеткіштері:

$$1. \text{Сатылған өнімнің рентабельділігі, \%} = \frac{\text{Жалпы пайда аралық тұтыну + еңбекақы төлеу + негізгі капиталды тұтыну + басқа таза салықтар}}{\times 100}$$

$$2. \text{Жалпы рентабельділік, \%} = \frac{\text{Жалпы (таза) пайда}}{\text{Негізгі капиталдың, материалдық емес активтердің және материалдық айналым капитал запастарының орташа жылдық құны}} \times 100$$

Атап өтілгендермен қоса экономикалық қызмет нәтижелерінің тиімділік көрсеткіштеріне тиімділіктің басқа көрсеткіштері жатады:

$$\text{Өндірісте тұтынылған қаражатты пайдалану тиімділігінің коэффициенті} = \frac{\text{Таза косылған құн}}{\text{Аралық тұтыну + негізгі капиталды тұтыну}}$$

$$\begin{aligned} \text{Өндірісте төленген енбекті пайдалану тиімділігінің коэффициенті немесе жалдамалы енбекті пайдалану (қанау) дәрежесі} &= \frac{\text{Жалпы пайда немесе жалпы аралас табыстар + өндіріске салынатын басқа таза салықтар}}{\text{Жалдамалы қызметкерлерге еңбекақы төлеу}} \\ \text{Ұлттық экономиканың тиімділік коэффициенті} &= \frac{\text{Tаза пайда немесе таза аралас табыс}}{\text{Өндіріс шығындары}} \end{aligned}$$

Статистикада жұмыссыздықтан шегілген ысыраптың көлемі байлаша анықталады:

$$\Delta \text{ЖКК}_{\text{жұмыссыздық}} = W \times \Delta K,$$

мұнда: $\Delta \text{ЖКК}_{\text{жұмыссыздық}}$ – жұмыссыздықтан жалпы косылған құнның шегілген ысырабы (-);

$W = \frac{\text{ЖКК}}{T}$ – жалпы косылған құнның жұмыс істеушілердің санына қатынасымен есептелген еңбек өнімділігі;

K – жұмыссыздардың саны.

Өз кезегінде еңбек өнімділік еңбектің капиталмен жарактандырылуы мен капитал қайтарымына байланысты (3,6-параграф). Үш көрсеткіштің арасындағы тәуелділікті мына формула түрінде көрсетуге болады:

$$W = F \cdot f,$$

мұнда: W – еңбек өнімділігі;

$F = \frac{HK}{T}$ – еңбектің капиталмен жарактандырылуы;

$\frac{HK}{T}$ – негізгі капиталдың орташа жылдық құны;

T – жұмыс істейтіндердің (жұмыспен қамтылғандардың) саны;

$f = \frac{\text{ЖКК} \text{ немесе } \text{ЖІӨ}}{HK}$ – капитал қайтарымы.

21.2. Экономикалық қызмет нәтижелерінің тиімділігін факторлық талдау

Экономикалық қызмет нәтижелерінің тиімділігін факторлық талдау мына схема (*A-E*) бойынша жүргізіледі.

A. Еңбек өнімділігінің өсімін факторлық талдау.

$$\Delta W = W_1 - W_0 = F_1 f_1 - F_0 f_0,$$

оның ішінде мына факторлардың ықпалының есебінен:

а) еңбектің капиталмен жарактандырылуының өзгеруі:

$$\Delta W_F = (F_1 - F_0) \times f_0;$$

ә) капитал қайтарымының өзгеруі:

$$\Delta W_f = (f_1 - f_0) \times F_f.$$

Абсолюттік өсімдердің өзара байланысы:

$$\Delta W = \Delta W_F + \Delta W_f$$

Еңбек өнімділігінің индексі (тұракты құрам индексі) – жұмысшылардың (қызметкерлердің) құрылымы өзгермеген жағдайда, жұмысшылардың (қызметкерлердің) жыныстығының жеке еңбек өнімділігінің өзгеру дәрежесін сипаттайтыды. Мына формулалар бойынша есептеледі:

а) агрегаттық индекс: $I_w = \frac{\sum w_1 t_1}{\sum w_0 t_1};$

ә) арифметикалық орташа шама индексі: $I_w = \frac{\sum i_w w_0 T_1}{\sum w_0 T_1};$

б) гармоникалық орташа шама индексі: $I_w = \frac{\sum w_1 T_1}{\sum \frac{w_1 T_1}{i_w}};$

в) Струмилин формуласы: $I_w = \frac{\sum i_w T_1}{\sum T_1}.$

г) еңбек (еңбек сыйымдылығы көрсеткіштері пайдаланылып):

$$I_w = \frac{\sum t_0 q_1}{\sum t_1 q_1},$$

мұнда: t_0, t_1 – тиісінше базистік және есепті жылдағы еңбек сыйымдылығы, ол жұмыс уақыты шығынының (tq) өнім бірлігінің шығарылымына (q) қатынасы ретінде есептеледі.

Еңбек сыйымдылығының өзгеру ықпалынан жұмыс уақытының көбеюі (азаюы):

$$\Delta t q_i = \sum t_0 q_1 - \sum t_1 q_1.$$

Белгіленген құрамның өнімділік индексін өнімділіктің өндіріс көлемінің өзгеруіне жасайтын ықпалын талдау үшін пайдалану:

$$\Delta q_w = \sum w_1 T_1 - \sum w_0 T_1.$$

Белгіленген құрамның өнімділік индексін өнімділіктің еңбек ресурстарына қажеттіліктің өзгеруіне жасайтын ықпалын талдау үшін пайдалану:

$$\Delta T_w = \sum t_0 q_1 - \sum t_1 q_1.$$

Орташа өнімділік индексі (өзгермелі құрам индексі) – жұмысшылар (қызметкерлер) жынытығының орташа еңбек өнімділігінің өзгеруін сипаттайды және оның өзгеруінің жеке өнімділік пен жұмысшылардың (қызметкерлердің құрылымы) деп аталағын екі факторының ықпалын көрсетеді. Мына формула бойынша есептеледі:

$$I_w = \frac{\sum w_i T_i}{\sum T_i} : \frac{\sum w_0 T_0}{\sum T_0} = I_{w \text{ күп}},$$

мұнда: $I_w = \frac{\sum w_i T_i}{\sum T_i} : \frac{\sum w_0 T_0}{\sum T_0}$ – тұрақты құрамның өнімділік индексі;

$I_{w \text{ күп}} = \frac{\sum w_i T_i}{\sum T_i} : \frac{\sum w_0 T_0}{\sum T_0}$ – еңбек өнімділігі әр түрлі жұмысшылардың (қызметкерлердің) санындағы құрылымдық өзгерістер индексі.

Орташа өнімділіктің өзгеру факторларын талдау:

- орташа өнімділіктің еңбек өнімділігінің есебінен өзгеруі:

$$\Delta \bar{W} = \frac{\sum w_i T_i}{\sum T_i} - \frac{\sum w_0 T_0}{\sum T_0},$$

- орташа өнімділіктің жұмыс істейтіндер санындағы құрылымдық өзгерістердің есебінен өзгеруі: $\Delta \bar{W}_{\text{күп}} = \frac{\sum w_0 T_1}{\sum T_1} - \frac{\sum w_0 T_0}{\sum T_0}$.

B. Өнімнің өсімін еңбек өнімділігі, жұмыс істейтіндер саны деп аталағын екі фактордың өзгеру салдарынан факторлық талдау.

$$\Delta \mathcal{J}KK = \sum \mathcal{J}KK_i - \sum \mathcal{J}KK_0 = \sum W_i \times T_i - \sum W_0 \times T_0$$

мұнда: $\Delta \mathcal{J}KK$ – жалпы қосылған құнның абсолюттік өсімі;

$\sum \mathcal{J}KK_i - \sum \mathcal{J}KK_0$ – жалпы қосылған құнның тиесінше есепті және базистік жылдағы сомасы;

$$W_i = \frac{\mathcal{J}KK_i}{T_i}, W_0 = \frac{\mathcal{J}KK_0}{T_0} \quad \text{еңбек өнімділігінің есепті және базистік}$$

жылдағы деңгейлері;

T_i, T_0 – жұмыс істейтіндердің есепті және базистік жылдағы, оның ішінде факторлардың өзгеру есебінен саны:

a) еңбек өнімділігінің; $\Delta \mathcal{J}KK_w$:

$$\Delta \mathcal{J}KK_w = \sum W_i T_i - \sum W_0 T_0;$$

ә) жұмыс істейтіндер санының $\Delta\text{ЖКК}_T$:

$$\Delta\text{ЖКК}_T = \sum W_0 T_1 - \sum W_0 T_0$$

Жалпы косылған құнның абсолюттік өсімдерінің өзара байланысы:

$$\Delta\text{ЖКК} = \Delta\text{ЖКК}_T + \Delta\text{ЖКК}_W$$

C. Орташа еңбек өнімділігін индекстік талдау:

$$1. I_{\overline{W}_{(mfp, kfp)}} = \overline{W}_1 : \overline{W}_0 = \frac{\sum W_1 T_1}{\sum T_1} : \frac{\sum W_0 T_0}{\sum T_0} = \frac{\sum W_1 d_1}{\sum W_0 d_0},$$

мұнда: \overline{W}_1 , \overline{W}_0 – есепті және базистік жылдағы орташа еңбек өнімділігі;

$d_1 = \frac{T_1}{\sum T_1}$; $d_0 = \frac{T_0}{\sum T_0}$ – Қазақстанда есепті және базистік жылы жұмыс істейтіндердің жалпы санындағы әрбір өнірде, кәсіпорында, сала-

да жұмыс істейтіндер санының үлесі, өзіндік салмағы, оның ішінде мына факторлардың өзгеру есебінен:

а) еңбек өнімділігінің:

$$I_{\overline{W}_{(mfp, kfp)}} = \overline{W}_1 : \overline{W}_0 = \frac{\sum W_1 T_1}{\sum T_1} : \frac{\sum W_0 T_1}{\sum T_1} = \frac{\sum W_1 d_1}{\sum W_0 d_1};$$

ә) жұмыс істейтіндер саны құрылымының:

$$I_{\overline{W}_{(mfp, oz)}} = \overline{W}_{mfp} : \overline{W}_{oz} = \frac{\sum W_0 T_1}{\sum T_1} : \frac{\sum W_0 T_0}{\sum T_0} = \frac{\sum W_0 d_1}{\sum W_0 d_0}$$

Орташа индекстердің өзара байланысы:

$$I_{\overline{W}_{(oz, kfp)}} = I_{\overline{W}_{(mfp, kfp)}} \times I_{\overline{W}_{(oz, kfp)}}$$

D. Есептелген орташа индекстердің негізінде барлық ЖКК -ның, оның ішінде мына үш фактордың ықпалының есебінен абсолюттік өсімдік анықталады:

$$\Delta\text{ЖКК} = \Delta\text{ЖКК}_T - \Delta\text{ЖКК}_W$$

оның ішінде мына факторлардың өзгеру есебінен:

а) жекелеген кесіпорындарда, салаларда енбек өнімділігінің $\Delta\mathcal{J}\mathcal{KK}_w$:

$$\mathcal{J}\mathcal{KK}_w = (\bar{W}_1 - \bar{W}_{\text{шарт}}) \times \sum T_1 = \left(\frac{\sum W_1 T_1}{\sum T_1} - \frac{\sum W_0 T_1}{\sum T_1} \right) \times \sum T_1 = \\ \frac{\sum W_1 T_1}{\sum T_1} \times \sum T_1 - \frac{\sum W_0 T_1}{\sum T_1} \times \sum T_1 = \sum W_1 T_1 - \sum W_0 T_1;$$

ә) жұмыспен қамтылғандардың (жұмыс істейтіндердің) санының өзгеруінің $\Delta\mathcal{J}\mathcal{KK}_T$:

$$\mathcal{J}\mathcal{KK}_T = (\sum T_1 - \sum T_0) \times \bar{W}_0 = (\sum T_1 - \sum T_0) \frac{\sum W_0 T_0}{\sum T_0} = \\ = \frac{\sum T_1 \cdot \sum W_0 T_0}{\sum T_0} - \frac{\sum T_0 \cdot \sum W_0 T_0}{\sum T_0} = I_T \times \sum W_0 T_0 - \sum W_0 T_0 = \\ = \sum W_0 T_0 (I_T - 1) = \sum \mathcal{J}\mathcal{KK}_w (I_T - 1);$$

б) (жұмыспен қамтылғандар) жұмыс істейтіндер саны құрылымының өзгеруінің:

$$\mathcal{J}\mathcal{KK}_I = (\bar{W}_1 - \bar{W}_0) \times \sum T_1 = \left(\frac{\sum W_0 T_1}{\sum T_1} - \frac{\sum W_0 T_0}{\sum T_0} \right) \times \sum T_1 = \\ \frac{\sum W_0 T_1}{\sum T_1} \times \sum T_1 - \frac{\sum W_0 T_0}{\sum T_0} \times \sum T_1 = \sum W_0 T_1 - \sum W_0 T_0 \times I_T = \\ = \sum W_0 T_1 - \sum \mathcal{J}\mathcal{KK}_w \times I_T$$

Мұнда $I_T = \frac{\sum T_1}{\sum T_0}$ – жұмыс істейтіндер санының индексі.

Жалпы косылған күнның абсолюттік өсімдерінің өзара байланысы:

$$\Delta\mathcal{J}\mathcal{KK} = \Delta\mathcal{J}\mathcal{KK}_w + \Delta\mathcal{VDC}_T + \Delta\mathcal{J}\mathcal{KK}_d.$$

E. Орташа енбекақы мен жұмыс істейтіндер санының өзгеру салдарынан енбекақы қорының өсімін факторлық талдау.

$$\Delta EK = \sum EK_1 - \sum EK_0 = \sum \bar{W}_1 T_1 - \sum \bar{W}_0 T_0,$$

Мұнда: ΔEK – енбекақы қорының абсолюттік өсімі;

$\sum EK_1, \sum EK_0$ – есепті және және базистік кезеңдегі енбекақы қоры;

$\bar{Ж}_1, \bar{Ж}_0$ – есепті және базистік кезеңдегі орташа еңбекақы;

T_1, T_0 – есепті және базистік кезеңдегі жұмыс істейтіндердің саны,

оның ішінде мына факторлардың өзгеру есебінен:

a) орташа еңбекақының;

$$\Delta EK_3 = \bar{Ж}_1 T_1 - \bar{Ж}_0 T_0;$$

ә) жұмыс істейтіндер санының:

$$\Delta EK_T = \sum \bar{Ж}_1 T_1 - \sum \bar{Ж}_0 T_0.$$

Еңбекақы қорының абсолюттік өсімінің өзара байланысы:

$$\Delta EK = \Delta EK_i + \Delta EK_T.$$

Кәсіпорындардың, өнірлердің, экономика салаларын жеке алып карағанда орташа еңбекақы мен еңбекақы қорының абсолюттік өсімін индекстік талдау өзгермелі, түракты құрамның және құрылымдық өзгерістердің еңбек өнімділігінің индекстері сияқты схема бойынша жүргізіледі.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Экономикалық қызмет нәтижелерінің тиімділігі деген ұғымға анықтама беріңіз.
2. Экономикалық қызмет нәтижелерінің тиімділігі көрсеткіштерінің жүйесін атаңыз.
3. Еңбек өнімділігінің факторлық талдауы калай жүргізіледі?
4. Өнімнің факторлар өзгеруінін ықпалынан ескені калай аныкталады?
5. Еңбекақы өсімінің факторлық талдауы калай жүргізіледі?
6. Жұмыссыздық салдарынан өнімнің шегілетін ысырабы калай аныкталады?



Ұсынылатын әдебиет

1. Голуб Л.А. Социально-экономическая статистика. – М.: ВЛАДОС ИМПЭ им. А.С. Грибоедова, 2003.

2. Гусаров В.М. Статистика. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2001.
3. Социально-экономическая статистика: Учебное пособие / А.М. Елемесова, К.К. Бельгибаева, Е.М. Кийков, Г.М. Молдакулова. – Алматы: Экономика, 1999.
4. Экономическая статистика: Учебник/ Под ред. Ю.Н. Иванова. – М.: ИНФРА-М, 1999.
5. Цены в реальном секторе экономики Казахстана. – Алматы: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2004.
6. Статистика: Учебное пособие / Под ред. В.Г. Ионина. – М.: ИНФРА-М, 2003.

21.3. Практикум

21.3.1. Ізденуге арналған сұрақтар

1. Жұмыссыздық салдарынан өнімнің шегілетін ысырабының көлемі қалай есептеледі?
2. Еңбек өнімділігі, еңбектің капиталмен жарактандырылуы мен капитал кайтарымы индекстерінің арасында қандай тәуелділік болады?
3. Еңбек өнімділігінің: орташа арифметикалық, орташа гармоникалық, агрегаттық, академик Струмилин, еңбек индекстерінің арасында қандай айырмашылық барын түсіндіріңіз.

21.3.2. Типтік есептерді шешу мысалдары

1 - м ы с а л . Мына деректер (шартты) берілген:

Көрсеткіш	Базистік жыл	Есепті жыл
Жұмыс істейтіндердің орташа жылдық саны, мың адам	7820	7835
Жұмыссыздар саны, мың адам	366	394
Жалпы ішкі өнім (тұрақты бағада), млн теңге	3742	3964
Негізгі капиталдың орташа жылдық құны, млн теңге	15022	15981

Ш е ш у і

1. Еңбек өнімділігінің базистік және есепті жылдағы деңгейі (бір адамға шаққандағы мың АҚШ долларында):

$$W_0 = \frac{3742}{7820} = 478,5 \text{ мың теңге / адам}$$

$$W_1 = \frac{3964}{7835} = 505,9 \text{ мың теңге / адам}$$

2. Жұмыссыздық салдарынан жалпы ішкі өнімнің шегілетін ысырабы (мың АҚШ долларында).

$$\text{ЖКК} = W \times Ж = 505,9 \times 394 = 199324,6 \text{ мың теңге.}$$

2 - м ы с а л. З-есептің және 7-косымшаның деректері бойынша Астана және Алматы қалаларындағы экономикалық қызметтің тиімділігіне статистикалық талдау жасаңыз. Осы мақсатта мыналарды есептейміз:

1. Жалпы қосылған құнның жан басына шағылған деңгейі

2002 ж.	2003 ж.
Астана қаласы	
$\frac{209,2 \times 1000}{497,5} = 420,5 \text{ мың теңге / адам}$	$\frac{287,9 \times 1000}{506,3} = 568,6 \text{ мың теңге / адам}$

Алматы қаласы	
$\frac{601,1 \times 1000}{1141,1} = 526,8 \text{ мың теңге / адам}$	$\frac{747,9 \times 1000}{1162,4} = 643,4 \text{ мың теңге / адам}$

2. Еңбек өнімділігінің деңгейі

2002 ж.	2003 ж.
Астана қаласы	
$\frac{209,2 \times 1000}{218,7} = 956,6 \text{ мың теңге / адам}$	$\frac{287,9 \times 1000}{239,0} = 1200,8 \text{ мың теңге / адам}$

Алматы қаласы	
$\frac{601,1 \times 1000}{509,3} = 1180,2 \text{ мың теңге / адам}$	$\frac{747,9 \times 1000}{525,7} = 1422,7 \text{ мың теңге / адам}$

3. Орташа еңбекақының өсу карқыны

Астана к. $\frac{33002 \times 100}{27658} = 19,3\%$	Алматы к. $\frac{32622 \times 100}{28396} = 114,9\%$
---	--

4. Жалпы қосылған құнның жұмыссыздықтан шегілген ысырабы

2002 ж. 2003 ж.

Астана к.

$$956,6 \times 20,8 = 19897,28 \text{ млн теңге}$$

$$1200,8 \times 22 = 26417,6 \text{ млн теңге}$$

Алматы к.

$$1180,2 \times 54 = 63730,8 \text{ млн теңге}$$

$$1422,7 \times 51 = 73411,2 \text{ млн теңге}$$

3 - мұсал.

2-мисалдың есептерін пайдалана отырып 2 қаланың (Астана мен Алматы) арасындағы жалпы косылған құнындағы барлық абсолюттік айырманы факторлық талдауды орындаңыз,

$$\begin{aligned} \Delta KKK &= \sum \Delta KKK_i - \sum \Delta KKK_0 = \\ &= (287,9 + 747,9) - (209,2 + 601,1) = 225,5 \text{ млрд теңге}, \end{aligned}$$

онын ішінде мына факторлардың айырмашылықтары есебінен:
а) бір жұмыс істейтінге шакқандағы ЖКҚ деңгейінің:

$$\begin{aligned} \Delta KKK_{w_i} &= \sum w_i T_i - \sum w_0 T_i = 0 = 1035,8 - (956,6 \times 239,0 + 180,2 \times 525,7) = \\ &= 1035,8 - (228,6 + 620,4) = 1035,8 - 849 = 186,8 \text{ млрд теңге} \end{aligned}$$

ә) жұмыс істейтіндер санының:

$$\Delta KKK_{T_i} = \sum w_0 \times T_i - \sum w_0 T_0 = 849 - 810,3 = 38,7 \text{ млрд теңге}.$$

Тексеру: $225,5 = 186,8 + 38,7$

4 - мұсал. 1999 жылдың 5-қосымшасының деректері негізінде КР бойынша мына коэффициенттерді есептеңіз:

1. Өндірісте тұтынылған қуралдарды пайдалану тиімділігінің коэффициентін:

$$\frac{4133 - 2230 - 287}{2230 + 287} = \frac{1616}{2517} = 0,642.$$

2. Өндірісте төленген еңбекті пайдалану тиімділігінің коэффициентін:

$$\frac{(1616 - 718) + 5}{718} = \frac{953}{718} = 1,327.$$

3. Үлгіткің экономиканың тиімділік коэффициентін:

$$\frac{843}{2230 + 718 + 287} = \frac{843}{3235} = 0,261.$$

21.4. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

21.4.1. Есептер

1 - е с е п. 1-мисалдың деректері бойынша барлық жалпы өнімнің, оның ішінде мына факторлардың өзгеру ықпалынан абсолюттік өсімін (млн АҚШ доллары) есептеңіз:

- а) енбек өнімділігінің;
- ә) жұмыс істейтіндер санының.

Жауабы: а) 214,8; ә) 7,2.

2-есеп. 1-мысалдың деректері бойынша барлық еңбек өнімділігінің, оның ішінде мына факторлардың өзгеру ықпалынан абсолюттік өсімін (млн АҚШ доллары) есептеніз:

- еңбектің капиталмен жарактандырылуының;
- капитал қайтарымының.

Жауабы: а) 29,6; ә) -2,2.

3-есеп. 7-қосымшаның деректері бойынша КР өнірлерінің экономикалық кызмет нәтижелерінің тиимділігіне статистикалық талдау жасаңыз.

Осы мақсатта КР және өнірлер бойынша әрбір жылдың мына көрсеткіштерін есептеніз:

- Өндіріс деңгейін (халықтың жан басына шаккандағы ЖКҚ, мың адам/төнгеде).
- Еңбек өнімділігінің деңгейі (орташа бір жұмыс істейтін адамға шаккандағы ЖКҚ, мың адам/төнгеде).
- Орташа айлық еңбекакының осу карқынын.
- Жұмыссыздық салдарынан жалпы қосылған құнының шегілген ысырабын.

4-есеп. Өткен 3-есеп пен 7-қосымшаның деректері бойынша екі өнірдің барлық жалпы қосылған құнының арасындағы жекелеген жылдардағы, оның ішінде мына факторлардың айырмашылығы есебінен абсолюттік айырмаға факторлық талдау жасаңыз:

- бір жұмыс істейтін адамға шаккандағы ЖКҚ деңгейі;
 - жұмыс істейтіндер саны.
- Өнірлерді оқытуыш белгілейді.

5-есеп. 7-қосымшаның деректері бойынша еңбек өнімділігінің орташа деңгейінің динамикасына (бір жұмыс істейтін адамға шаккандағы ЖКҚ) индектік талдау жасаңыз.

Осы мақсатта Қазақстанның екі өнірі бойынша мынаны есептеңіз:

1. Өзгермелі, тұракты құрамдардың, жұмыс істейтіндердің санындағы құрылымдық өзгерістердің еңбек өнімділігінің индекстерін (бір жұмыс істейтін адамға шаккандағы ЖКҚ).

2. Барлық жалпы қосылған құнының, оның ішінде мына факторлардың өзгеруінің ықпалынан абсолюттік өсімін анықтаңыз:

- бір жұмыс істейтін адамға шаккандағы ЖКҚ деңгейі (ағымдағы бағада);
- жұмыс істейтіндер саны;
- жұмыс істейтіндер санының құрылымы.

6-есеп. Қазақстанның екі өнірі бойынша орташа еңбекақыға индектік талдау жасаңыз.

Осы мақсатта:

1. Өзгермелі, тұракты құрамдардың, жұмыс істейтіндердің санындағы құрылымдық өзгерістердің орташа еңбек ақысын есептеңіз.

2. Барлық еңбекақы қорының, оның ішінде мына факторлардың өзгеруінің ықпалынан абсолюттік өсімін анықтаңыз:

- а) орташа еңбекакының;
- ә) жұмыс істейтіндер саны;
- б) жұмыс істейтіндердің күрүлымы.

7 - е с е п . Қазақстан Республикасы бойынша мынадай деректер берілген:

Көрсеткіш	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.
1. Экономикада жұмыс істейтіндердің саны, мын адам.	6201 960	6699 780	6709 691	6985 672
2. Жұмыссыздар саны, мын адам.	3402	4004	4883	5707
3. Негізгі капитал, млрд. теңге.				
4. Ағымдағы бағалардағы жалпы ішкі өнім, млрд тенге.	2600	3251	3776	4612
5. АҚШ долларының бағамы.	144,50	150,20	155,60	144,22

Мынаны есептеніз:

1. Әрбір жылдағы мын АҚШ долларындағы негізгі капиталды.
2. Әрбір жылдағы мын АҚШ долларындағы жалпы ішкі өнімді
3. Еңбек өнімділігінің деңгейі мен оның динамикасын (АҚШ долларында).
4. Еңбектің капиталмен жарактандырылуы мен оның динамикасын (АҚШ долларында).
5. Капитал кайтарымы мен оның динамикасын (АҚШ долларында).
6. Жұмыссыздық салдарынан ЖІӨ жоғалтатын ысыраптың көлемі (АҚШ долларында),

8 - е с е п . 7-есептің деректері бойынша жалпы ішкі өнімнің, оның ішінде мына факторлардың өзгеру ықпалынан абсолюттік өсімін есептеп (АҚШ долларында):

- а) ЖІӨ-нің үлттық валютадағы көлемінің;

- ә) АҚШ доллары бағасының.

ҚР экономикалық қызметтің нәтижелері тиімділігінің динамикасы жөнінде экономикалық корытынды жасаңыз.

9 - е с е п . 5-косымшаның деректері бойынша ҚР бойынша көрсетілген жылдардағы мына коэффициенттерін есептеп:

1. Өндірісте тұтынылған құралдарды пайдалану тиімділігінің коэффициенттерін.
2. Өндірісте төленген еңбекті пайдалану тиімділігінің коэффициенттерін.
3. Үлттық экономиканың тиімділік коэффициенттерін.

10 - е с е п . 6-косымшаның деректері бойынша ҚР экономикасы секторларының көрсетілген жылдардағы мына коэффициенттерін есептеп:

1. Өндірісте тұтынылған құралдарды пайдалану тиімділігінің коэффициенттерін.
 2. Өндірісте төленген еңбекті пайдалану тиімділігінің коэффициенттерін.
 3. Үлттық экономиканың тиімділік коэффициенттерін.
- ҚР экономикасының барлық секторларының экономикалық қызметтің тиімділігін талдаңыз.

21.4.2. Тест тапсырмалары

- 1. Капитал қайтарымының өзгеру ықпалынан еңбек өнімділігінің өсуін мұна деректер бойынша есептөнді (млрд теңге):**

Көрсеткіш	Базистік жыл	Есепті жыл
1. Жұмыс істеушілердің орташа жылдық саны, мын адам.	300	340
2. Негізгі капиталдың орташа жылдық күні, млн АҚШ доллары.	600	850
3. Тұракты бағадағы жалпы ішкі өнім, млн АҚШ доллары.	348	476

- 1) 0,28;
- 2) 0,29;
- 3) -0,05;
- 4) 0,24;
- 5) -0,04.

- 2. Өндіріс тиімділігінің көрсеткіштеріне ретінде есептеледі?**

- 1) жалпы пайданың сомасы;
- 2) өнімнің кезең ішіндегі өсімі;
- 3) таза табыстын сомасы;
- 4) экономикалық қызмет нәтижесінің өсімі;
- 5) экономикалық қызмет нәтижесінің шығынға аракатынасы.

- 3. ҚР ұлттық экономикасы тиімділігінің коэффициентін жыл ішіндегі мұна деректер (млрд теңге) бойынша есептөнді:**

a) таза пайда және таза аралас табыстар	843
b) аралық тұтыну	2230
c) негізгі капиталды тұтыну	287
d) өндіріске салынатын басқа таза салықтар	55
e) жалдамалық қызметкерлерге төленетін еңбекақы	718

- 1) 0,285;
- 2) 0,378;
- 3) 0,322;
- 4) 0,256;
- 5) 0,335.

- 4. Ұлттық экономиканың тиімділік коэффициенті неге тең?**

- 1) таза қосылған күн / негізгі капиталды тұтыну;
- 2) таза қосылған күн / жалдамалы қызметкерлерге еңбекақы төлеу;
- 3) жалпы пайда (жалпы аралас табыс) / жалдамалы қызметкерлерге еңбекақы төлеу;
- 4) таза пайда (таза аралас табыс) / өндіріске және өнім сатуға жұмсалатын шығын;
- 5) таза қосылған күн / аралық тұтыну.

5. Өндірісте төленген еңбекті пайдалану тиімділігінің коеффициентін жылдың мына деректері бойынша анықтанды (млрд теңге):

a)	таза пайда және таза аралас табыс	843
b)	негізгі капиталды тұтыну	287
c)	жалдамалы қызметкерлерге еңбекақы төлеу	718
d)	өндіріске салынатын басқа салықтар	55

- 1) 1,174;
- 2) 1,4162;
- 3) 1,650;
- 4) 2,937;
- 5) 1,574.

6. Өндіріс тиімділігінің макроэкономикалық корсеткіштеріне не жатады?

- 1) жалпы ұлттық табыс;
- 2) жалпы ішкі өнім;
- 3) пайдаланылған материалдық ресурстардың көлемі;
- 4) жұмыс істейтін халықтың саны;
- 5) онімнің материал сыйымдылығы.

7. Сатудың рентабельділік деңгейі не регінде есептеледі?

- 1) таза табыстың сатылған өнімнің өзіндік құнына қатынасы;
- 2) алынған табыстардың сомасы;
- 3) өнім сатудан түскен түсім;
- 4) табыстың өнімнің өзіндік құнына қатынасы;
- 5) өнім сатудан түскен табыстың өнім өндіру мен оны сатуға жүймсалған шығынға қатынасы.

22-ТАҚЫРЫП

ӘЛЕУМЕТТІК СТАТИСТИКА

22.1. Әлеуметтік статистиканың пәні, объектілері

Әлеуметтік статистика қоғамның, адамдардың өмірі мен кызметінін, әлеуметтік және демографиялық құрылымының, сондай-ақ олар мемлекеттік және құқықпен жасайтын өзара қарым-қатынастардың сандық сипаттамасын зерттейді.

Әлеуметтік статистиканың ерекшеліктері мыналар болып табылады:

- ерекше мәні мен зерттеу объектілері болады;
- сандық та, сондай-ақ сандық емес деректерді (реттік шкалада немесе атаулы шкалада өлшемнен) пайдаланады;
- деректер сұралкка берілген жауап түрінде жиналады;
- әлеуметтік ақпаратты арнайы өндөу мен жинап корыту тәсілдерін (мысалы, арнайы ұйымдастырылған зерттеулер) колданады.

Әлеуметтік статистика пәні – қоғамның әлеуметтік өмірінің қатынастары жүйесін саны мен сапасына карай бағалау, адамдардың мінез-құлқы мен олардың арасында иғіліктердің бөліну заңдылықтарын анықтау.

Әлеуметтік статистиканың зерттеу объектілері мына екі түрге бөлінеді:

- 1) жеке объект – адам, халық;
- 2) ұжымдық объект – адам топтары: отбасы (отбасылар), еңбек ұжымы (ұжымдар), үй шаруашылығы (шаруашылықтар) және т.б.

Бақылау бірлігі – зерттеу мақсатына байланысты адам, үй шаруашылығы.

Әлеуметтік статистика мына бірнеше тараудан құралады:

- I. Халық санының статистикасы.
- II. Отбасы мен үй шаруашылықтары статистикасы.
- III. Халықтың өмір сүру деңгейінің статистикасы.
- IV. Халықтың табысы мен шығысының статистикасы.
- V. Халықтың тауарлар мен кызметтер тұтыну статистикасы.

- VI. Халықтың тұрғын үй жағдайы және тұрмыстық қызмет көрсету статистикасы.
- VII. Халықтың бос уақыт статистикасы.
- VIII. Халықты жұмыспен қамту және оның жұмыссыздық статистикасы.
- IX. Халықтың денсаулығы мен оған медициналық қызмет көрсету статистикасы.
- X. Халыққа білім беру деңгейі мен оны оқыту жүйесін дамыту статистикасы.
- XI. Сауықтыру және бос уақытты өткізу статистикасы.
- XII. Моральдық статистика.
- XIII. Қоғамдық-саяси жүйе мен қоғамдық пікір статистикасы.
- XIV. Табиғи ресурстар мен қоршаган ортаны қорғау статистикасы.
- Әлеуметтік статистиканың әр саласында белгіленген әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер қалыптасады. Осы көрсеткіштердің арасынан халықтың өмір сүру деңгейі көрсеткіштерінің маңызы зор, өйткені олар:
- экономиканың жай-күйін, халықтың әл-аукатын көрсетеді;
 - мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясатын әзірлеу үшін пайдаланылады;
 - әр түрлі елдердің экономикалық даму деңгейлерін халықаралық салыстыру үшін қолданылады.

22.2. Үй шаруашылықтарына ішінара бақылауды үйімдастыру

Халықтың өмір сүру деңгейінің көрсеткіштері жөніндегі ақпарат негізінен үй шаруашылықтарын ішінара бақылаудан алынады.

Үй шаруашылықтарын ішінара бақылау үй шаруашылықтарының құрамы, халықтың ақшалай табысы мен шығысының деңгейі және құрылымы туралы мәлімет алу мақсатында жүргізіледі.

Үй шаруашылықтарының ішінара бақылау қағидалары:

1. Үй шаруашылықтарының жиынтығын іріктең республикалық және облыстық деңгейде жүргізуі тиіс.
2. Тауарлар мен қызметтердің кең түрде жіктеуі пайдаланылады.
3. Экономика тұрақсыз, бағалар әр түрлі және инфляция жағдайында халық өзі жұмсайтын шығысын есіне түсіруі қыын болғандыктан, ұдайы акша шығысын тіркеу үшін қысқа (екі мерзімдік) уақыт аралығы қолданылады.

Қазақстанда үй шаруашылықтарының іріктеме жиынтығы 1999 жылы ҚР халық санағының корытындылары бойынша Тұрғын үй-жайлары тізбесінің негізінде аумақтық бөлініс бойынша қалыптастырылады.

Үй шаруашылықтарының бүкіл (бас) жиынтығы мына алты стратаға бөлінеді:

- 1) үлкен – үй шаруашылықтарының саны 30 мың бірліктен асатын ірі қалалардың үй шаруашылықтары кіреді;
- 2) орташа – үй шаруашылықтарының саны 10 мың бірліктен асатын, алайда 30 мың бірліктен аспайтын орташа қалалардың үй шаруашылықтары;
- 3) шағын – үй шаруашылықтарының саны 10 мың бірліктен аспайтын шағын қалалар мен қала үлгісіндегі кенттердің үй шаруашылықтары;
- 4) Алматы қаласының үй шаруашылықтары;
- 5) Астана қаласының үй шаруашылықтары;
- 6) селолық елді мекендердің үй шаруашылықтары.

Тұрғын үй-жайлардың жеке үй, жеке үйдін бөлігі, жеке пәтер сияқты тұрлерінде тұратын үй шаруашылықтары есепке алынады. Іріктеу көлеміне 12 мың үй шаруашылығы кіреді. Әрбір стратаның көлемі мына формула бойынша анықталады:

$$n_i = \frac{N_i}{N} \times n,$$

мұнда: n – i-ші стратаның үй шаруашылығын іріктеу көлемі;

N – үй шаруашылықтарының бас жиынтығының көлемі;

N_i – i-ші стратаның үй шаруашылықтарының бас жиынтығының көлемі;

n – КР үй шаруашылықтарының іріктеме жиынтығының көлемі (12000).

Шаруашылықтардың КР барлық өнірлерінен болуын қамтамасыз ету үшін олар көп сатылы кездейсок-ықтимал іріктеу әдісімен құрылады.

Халықтың өмір сұру деңгейі мен құн көрсеткіштерінің жүйесі

Халықтың өмір сұру деңгейі – лайықты өмір сұруге арналған материалдық ресурстарға: салуатты өмір сұруге, аумактық және әлеуметтік ұтқырлықты қамтамасыз етуге, акпаратпен алмасуды және қоғам өміріне қатысуға қол жеткізу.

Халықтың өмір сұру деңгейі күрделі экономикалық категория ретінде жеке және интегралдық көрсеткіштер жүйесімен сипатталады. Интегралдық көрсеткіштер адам әлеуетінің дамуының негізгі мүмкіндіктерін есепке алады – бұл:

- ұзак және салауатты өмір сүру;
- білім алу;
- экономикалық өндіріске катысу.

Халыктың өмір сүру деңгейінің интегралдық көрсеткіштеріне адамның даму индексі, халыктың жоқшылық индексі мен халыктың кедейшілік көрсеткіші жатады.

A. Адамның даму индексі (АДИ) осы мүмкіндіктердің деңгейі мен динамикасын көрсететін өмір сүру ұзактығының индексі, білім алу деңгейінің индексі, халыктың жан басына шакқандағы нақты ЖІӨ индексі деп атала-тын үш индекстің арифметикалық орташа шамасы ретінде есептеледі.

Адами даму индексінің (АДИ) құрамдастары мына формула бойынша есептеледі:

$$АДИ = \frac{X_{1\text{факт}} - X_{1\text{min}}}{X_{1\text{max}} - X_{1\text{min}}}.$$

Біріккен Ұлттар Ұйымы индекстерді есептеу үшін көрсеткіштердің мына шекті мағыналарын ұсынады:

Көрсеткіш	min	max
1. Тұған кезде өмір сүрудің күтілетін ұзактығы, жыл	25	85
2. Ересек адамдардың арасындағы саяттылық, %	0	100
3. 5-24 жастагы окуышылардың жиынтық үлесі, %	0	100
4. Сатып алу төбе-тендігі бойынша халық басына шаккандағы нақты ЖІӨ, АҚШ доллары	100	40000

Адами даму индексі гендерлік фактор ескеріліп ерлер мен эйелдердің үлесі (d) арқылы есептеледі. Егер енбекакы туралы дерек болмаса, онда 75% көлеміндегі арақатынас пайдаланылады – бұл енбекакы есебі жүргізілетін барлық елдердің енбекакы көрсеткішінің орташа салмақталған катынасы.

Халыктың кедейшілігі – халыктың өмір сүруінің барабар деңгейі мен азаматтық, мәдени, экономикалық, саяси және әлеуметтік құқықтарды пайдалану үшін қажетті ресурстарға, мүмкіндіктерге, таңдауға, қауіпсіздік пен күшке тұрақты немесе созылмалы түрде шектелуі. Қазақстанда күнкөрістің ең тәменгі деңгейі кедейшіліктің белгісі болып табылады. Адами даму индексімен салыстырғанда халыктың кедейшілік деңгейін (жоқшылық деңгейі сияқты) есептегендегі елдегі орташа көрсеткіштерге емес негізгі құрамдастар бойынша адами даму мүмкіндігінен айырылған адамдардың үлесіне ерекше назар аударылады. Мысалы, жалпы халық санындағы табыс ең тәменгі күнкөріс деңгейінен тәмен халыктың үлесі есептеледі. Күнкөрістің ең тәменгі деңгейі – адам өмір сүру үшін қажетті тауарлар мен қызметтердің нарықтық баға бойынша құндық бағасы. Қазақстанда ең тәменгі күнкөріс деңгейі – ғұтыну себетіне кіретін тауарлар мен қызметтердің құнына үйлесімді табыстардың (шығыстардың) объективті түрде белгілен-

ген деңгейі. Тұтыну себеті белгіленген калория деңгейін колдау үшін қажетті өнімдер кіретін тұтыну себеті (адамға күніне 2172 калория) мен ең қажетті азық-түлік емес тауарлар және қызметтер (киім-кещек, аяқ киім, коммуналдық және басқа да қызметтерді төлеу) сатып алу үшін қосылған 30%-дан құралады. Қазақстанда халықтың кедейшілік индексі – ХКИ мына көрсеткіштер пайдаланылып есептеледі:

P_1 – халықтың 60 жасқа дейін өмір сүрмейтін үлесі, %;

P_2 – оқумен қамтылмаған 16 жастағы жастардың үлесі, %;

P_3 – халықтың тұтыну деңгейін төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшерінен төмен (кедейшілік деңгей);

P_4 – жалпы жұмыссыздық деңгейі.

Халықтың нашарлап бара жатқан кедейшілік деңгейін сипаттау үшін кедейшілік деңгейі кедейшіліктің терендігі мен өзектілігі көрсеткіштерімен толықтырылады.

Кедейшіліктің деңгейі кедей адам қаншалықты кедей екенін көрсетеді. Егер халықтың кедей топтарының орташа табысының (тұтыну) мөлшері ен төменгі күнкөрістен (кедейшілік белгісінен) көп төмен болса, онда кедейшілік деңгейі терең болып саналады.

Кедейшіліктің өзектілігі қоғамдағы ең кедей адам қаншалықты кедей екенін көрсетеді, яғни кедей халықтың арасындағы теңсіздікі сипаттайды. Кедейшілік өзектілігінің мағынасы қаншалықты жоғары болса, халықтың кедейшілік проблемасы соншалықты маңызды болады.

B. Халықтың жоқшылық (кедейшілік) индексі:

1) дамушы елдердің (ХКИ – 1) негізгі адами даму салаларында халықтың мұқтаждық көрсеткіштері пайдаланылып мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{ХКИ} - 1 = \sqrt[3]{\frac{1}{4}(P_1^3 + P_2^3 + P_3^3)},$$

мұнда: P_1 – 40 жасқа дейінгі жаста қайтыс болатын, яғни ұзак және жақсы өмір сұру мүмкіндігінен айырылған адамдардың үлесі;

P_2 – ересек халықтың арасындағы сауатсыздардың, яғни білім алу мүмкіндігінен айырылған адамдардың үлесі;

P_3 – медициналық қызметтерге, қауіпсіз ауыз суға қол жеткізе алмайтын халықтың үлесінің және тамаққа жарымаудан салмағы аз, яғни жақсы өмір сұру үшін қажетті ресурстарға қол жеткізе алмайтын 5 жасқа дейінгі жастағы балалардың үлесінің арифметикалық орташа шамасы;

2) индустримальдық елдердің (ХКИ – 2) – осыған ұқсас формула бойынша есептеледі:

$$\text{ХКИ} - 2 = \sqrt[3]{\frac{1}{4}(P_1^3 + P_2^3 + P_3^3 + P_4^3)},$$

мұнда: P_1 – халықтың 60 жасқа дейін өмір сүрмейтін үлесі, %;

P_2 – функционалдық сауатсыз халыктың үлесі, %;

P_3 – халыктың табысы елде орташа жан басына шағылған табыс деңгейінің 50%-нан төмен үлесі, %;

$P_4 - 1$ жыл және одан астам уақыт жұмысы жоқ экономикалық белсенді халыктың үлесі.

C. Халықтың мұмкіндіктер бойынша көдейшилік көрсеткіштері (ХКК) – мына үш көрсеткіштің арифметикалық орташа шамасы:

а) білікті медициналық қызметкерлердің көмегінсіз туған балалардың үлесі;

ә) 15 және одан үлкен жастағы сауатсыз әйелдердің үлесі;

б) салмағы аз 5 жасқа дейінгі жастағы балалардың үлесі.

Өмір сүру деңгейінің жеке көрсеткіштеріне мыналар жатады:

1. Жалдаматы қызметкерлердің еңбекақысы.

2. Халықтың табысына, еңбекақыны қоспағанда, барлық көздерден алынған ақшалай және натуралды (заттай) табыстардың калған түрлері: жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыс, каламакы, шай-пұл, жеке еңбек қызметінен түскен табыс, материалдық көмек, зейнетакы, жәрдемакы, шәкіртакы, өтемакы, ұтыс, мұра, сыйлық, сактандыру өтемакысы, қайырымдышлық жәрдем, гранттар және т.б. жатады.

3. Атаулы еңбекақы мен атаулы табыстар деп осы көрсеткіштердің ағымдағы бағада ақшага шағылуы аталады.

4. Нәкты еңбекақы мен нақты табыстар әрбір азамат өзінің жалақысы мен табыстарына сатып ала алатын материалдық игліліктер мен қызметтердің сомасын білдіреді. Нәкты және атаулы табыс (жалақының) арасында мынадай өзара байланыс бар:

$$\bar{3}_{\text{нақты}} = \bar{3}_{\text{атаулы}} : I_{\text{тұтыну бағасы}},$$

мұнда: $\bar{3}$ – орташа жалақы немесе табыс.

5. Қолда бар табыстар – атаулы ақшалай табыс минус міндетті төлемдер мен жарналар.

6. Халықтың табысы ағымдағы шығыстарды жабуга немесе жинақ ақшага пайдаланылады. Халықтың ағымдағы шығысының құрамына тамак өнімдерін, сусын, темекі; киім-кешек, аяқ киім, жиңіз сатып алуға; тұрғын Үй-коммуналдық және басқа да қызметтерді төлеу кіреді. Халықаралық статистикада отбасы өз кірісінің 50%-нан астамын тамаққа жұмсаса, онда ол кедей болып саналады.

7. Халықтың жинағы – табыстар мен ағымдағы шығыстардың арасындағы айырма. Жинақ ақшалай және табиғи нысанда болады. Ақшалай жинақ халыктың қолындағы ақшаның өсімі, қаржы мекемелеріне, бағалы

қағаздарға салынған салымның өсімі болып табылады. табиғи нысандағы жинақ – жердің, көліктің және өзге де материалдық қордың құнының өсімі.

8. Халықтың жан басына шаққанда азық-түлік және азық-түлік емес тауарлардың ең маңызды түрлерін тұтынуы.

9. Халықтың ұзақ пайдаланылатын заттармен 100 отбасына не месе халықтың 1000 адамына шаққандагы қамтамасыз етілуі. Мысал ретінде автокөлікпен, мұздатқышпен, телевизормен, телефонмен және т.б. қамтамасыз етілуін жатқызуға болады.

10. Төменгі және жоғарғы децил медиана формуласы бойынша есептеледі. Дециль ретінде бөлу қатарының әр шетіндегі 10% жиіліктерді кесетін вариантыны орналаскан аралыктар қабылданады.

Бірінші төменгі децильді анықтау үшін $\frac{\sum f}{10}$ жиілік санының 1/10-ын табамыз. Төменгі дециль (ең төменгі дециль)

$$d_1 = X_1 + i_1 \frac{\frac{\sum f}{10} - S_{d_1-1}}{f_{d_1}}$$

мұнда: d_1 – төменгі дециль;

i_1 – бірінші (төменгі) децильдік аралық;

$\frac{\sum f}{10}$ – жиілік санының 1/10-і;

S_{d_1-1} – бірінші децильдік жиіліктің алдындағы жиілік;

f_{d_1} – бірінші децильдік жиілік.

Тоғызыншы (жоғарғы) децильді анықтау үшін жиіліктің 9/10-ын анықтаймыз.

Жоғарғы дециль (жоғары табыстар) d_9 :

$$d_9 = X_9 + i_9 \frac{\frac{9}{10} \sum f - S_{d_9-1}}{f_{d_9}}$$

мұнда: d_9 – тоғызыншы (жоғарғы) дециль;

i_9 – тоғызыншы (жоғарғы) децильдік аралық;

$\frac{9}{10} \sum f$ – жиілік санының 9/10-ы;

S_{d_9-1} – тоғызыншы децильдік жиіліктің алдындағы жиіліктердің сомасы.

f_{d_9} – тоғызыншы децильдік жиілік.

11. Халықтың табысын децильдік саралау коэффициенті K_d – оның шының және бірінші децильдік топтардағы халықтың орташа табысының арасындағы арақатынас:

$$K_d = \frac{d_{10}}{d_1},$$

мұнда: d_{10} , d_1 халықтың ең бай бөлігінің 10%-ның және халықтың ең аз табысы бар 10%-ның тиесінше жан басына шағылған айлық табысы.

Халықтың табысын децильдік саралау коэффициенті халықтың табысы ең жоғары тобының 10%-ның ең аз табысы халықтың табысы ең төмен тобының 10% -ның ең жоғары табысынан неше есеге асатынын көрсетеді.

12. Халықтың табысының шогырлану көрсеткіші: Лоренц пен Джини коэффициенттері, табысты бөлудегі теңсіздікті белгілеуде сипаттайтын:

а) Лоренц коэффициенті – бүл табысты накты бөлу кисық сзығы (Лоренц кисық сзығы) мен біркелкі бөлетін тік сзықтың (квадраттың диагоналі) арасында орналасқан дене ауданының осы квадраттың ауданының жартысына үлесі:

$$K_{\text{Лоренцтікі}} = \frac{\sum(|y_i - x_i|)}{2} \text{ немесе } \frac{S_1}{S_1 + S_2} = I - S_2,$$

мұнда: y_i – табыстың жалпы сомасындағы халықтың i -ші тобының табыстың үлесі;

x_i – халықтың жалпы санындағы халықтың i -ші тобының үлесі;

S_1 – кірістерді біркелкі бөлу ауданы;

$S_1 + S_2$ – аудандардың сомасы, яғни табыстарды біркелкі және накты бөлу ауданы.

Лоренц кисық сзығы графикалық түрде тік бұрыш координаталар жүйесінде: абсцисса осі бойынша – халық санының жинақталған жиілігі (x), ордината осі бойынша – халықтың табысының жинақталған жиілігі (y) көрсетіледі.

ә) Джини коэффициенті – халықтың табысының бүкіл сомасының халықтың жекелеген әлеуметтік толптарының арасында бөлінуін көрсетеді:

$$K_{\text{Джини}} = 1 - 2 \sum_{i=1}^n x_i C_{\text{ит}} y_i + \sum_{i=1}^n x_i y_i \text{ немесе } \sum p_i q_{i+1} - \sum p_{i+1} q_i.$$

мұнда: x_i – халықтың жалпы санындағы i -ші әлеуметтік тобына тиесілі үлесі;

y_i – халықтың i -ші әлеуметтік тобының шығыстар үлесі;

n – әлеуметтік топтар саны;

$C_{\text{ит}}$ – кумулятивтік табыстың үлесі;

p_i – табысы ең жоғары i -ші топтан жоғары емес халықтың үлесі;

q_i – халықтың табысының жалпы сомасындағы i -ші топтың табысының өрістетілген корытындысы бойынша есептелген үлесі.

Табыстар біркелкі бөлінген жағдайда Лоренц пен Джини коэффициенттері 0-ге және кері ұмтылады. Коэффициенттер 1-ге неғұрлым жақындаған сайын қоғам солғұрлым топтарға көбірек бөлінеді (сараланады). Егер коэффициенттердің мағынасы 1-ге тең болса, онда табыстар голыктай емес бөлінеді, яғни тек 1 бірліктің кана 100% табыска ие болады.

13. Ассоциация мен контингенция коэффициенттері егер сапа, балама белгілер берілген жағдайда колданылады. Олардың формулалары 12.3-параграфта қарастырылған.

Халықтың жекелеген топтары арасындағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің айырмашылықтары көрсеткіштердің, яғни орташа шама, әсіресе мода, медиана; саралуа, шоғырлану, құрылымдық ерекшеліктер, ассоциация, контингенция, ұлттық валютаны сатып алу қабілеті және т.б. коэффициенттердің көмегімен көрсетіледі.

14. Құрылымдық ерекшеліктердің сызықтық коэффициенті:

$$\bar{d} = \frac{\sum |d_1 - d_0|}{n},$$

мұнда: d_1 , d_0 – есепті, базистік жылы зерттелетін жиынтық көрсеткіштерінің катысты көрсеткіштері;

n – құрылымдық құрамдастардың саны.

15. Құрылымдық ерекшеліктердің квадраттық коэффициенті:

$$\sigma = \sqrt{\frac{\sum (d_1 - d_0)^2}{n}}.$$

16. К. Гатевтің интегралдық коэффициенті:

$$K_{\text{интегр}} = \sqrt{\frac{\sum (d_1 - d_0)^2}{\sum d_1^2 + \sum d_0^2}}.$$

17. Салаи индексі:

$$I = \sqrt{\frac{1}{n} \sum \left(\frac{d_1 - d_0}{d_1 + d_0} \right)^2}$$

18. Халықтың тауарлар мен қызметтердің тұтыну динамикасы физикалық қөлемнің қайта өзгертілген индексінің (тұтыну бағаларының индексі) көмегімен зерттеледі.

$$I_q = \frac{\sum p_1 q_1}{\sum p_0 q_0},$$

мұнда: $\sum p_1 q_1$, $\sum p_0 q_0$ – халықтың есепті, базистік жылы тауарлар мен қызметтердің тұтынуы;

i_p – тауардың, қызметтің жеке индексі.

Табыс деңгейі әр түрлі отбасылардың топтары бойынша тұтыну тауарлары индексінің негізінде (6-тарау) өкіл-тауарлардың жиынтығы мен базистік кезеңдегі сатып алу құрылымы бойынша анықталады. Жан басына шағылған табысының белгіленген мөлшері бар халыктың әр тобы бойынша бағалар субиндексі көрсетілген формула бойынша: азық-тұлік қоржыны, азық-тұлік емес қоржын және ақылы қызметтер жиынтығы бойынша жеке есептеледі. Азық-тұлік, азық-тұлік емес қоржын бағаларының есептелген субиндекстерінің негізінде алкогольдік шимдік бағасына жасалатын түзету ескеріліп, табысының деңгейі әр түрлі жұмысшылар, қызметшілер, фермерлер, зейнеткерлер және т.б. сияқты халық топтары бойынша жиынтық баға индексі анықталады.

19. Ең төменгі күнкөріс деңгейі құнының индексі ең аз тұтыну себет құнының өзгеруін көрсетеді және табысы аз халық үшін тұтыну құны бірдей азық-тұлік өнімдерінің өзгермейтін жиынтығы қаншалықты қымбаттағанын айфактайды. Ең төменгі күнкөріс деңгейінің индексін есептеу үшін тұтыну себетін қалыптастырудың нормативтік тәсілдемесі пайдаланылады.



Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Әлеуметтік статистиканың тарауларын атаңыз.
2. Халыктың өмір сүру деңгейінің интегралдық көрсеткіштері қалай анықталады?
3. Халыктың өмір сүру деңгейінің жеке көрсеткіштері қалай анықталады?
4. Халыктың табысын саралау қандай көрсеткіштермен сипатталады?
5. Үй шаруашылықтарын ішінәра бақылауды жүргізу кагидаларын атап өтіңіз.



Ұсынылатын әдебиет

1. Шокаманов Ю.К. Человеческое развитие в Казахстане: методология измерения и анализ. – Алматы, 2003.
2. Уровень жизни населения и бедность в Республике Казахстан. Статистический мониторинг. – Алматы, 2004.

22.4. Практикум

22.4.1. Ізденуге арналған сұрақтар

1. Қазақстанда үй шаруашылықтарын ішінара бакылау қалай ұйымдастырылады?
2. Халықтың өмір сүру деңгейін бағалауда қандай интегралдық көрсеткіштер колданылады?
3. Халықтың жоқшылық индексі қандай әдіспен есептеледі?
4. Халықтың кедейшілік көрсеткіші қандай әдіспен есептеледі?
5. Халықтың жоқшылық пен кедейшілік индексімен салыстырыланда адами даму индексін есептеу әдістемесінің ерекшелігі неде?
6. Халықтың өмір сүру деңгейі қандай жеке көрсеткіштермен сипатталады?

22.4.2. Типтік есептерді шешу мысалдары

1 - мұсал. Төменде Алматы облысының 16 жасқа дейінгі жастағы балалары бар байқалатын үй шаруашылықтарын 2000 жылдың мамыр айында жан басына шағылған қолда бар ақшалай табыстың көлемі бойынша бөлу деректері берілген:

Шаруашылықтардың жан басына шағылған қолда бар ақшалай табыстың көлемі бойынша топтары, x	Байқалатын үй шаруашылықтарының саны, f	Топтардағы жан басына шакқандағы орташа қолда бар табыс, \bar{x}	Жан басына шағылған қолда бар ақшалай табыс, $\bar{x} \cdot f$	Үй шаруашылықтарының кумулятивтік саны
1450-ге дейін	-	725	-	-
1451–2900	11	2175,5	23930,5	11
2901–4350	67	3625,5	242908,5	78
4351–5800	106	5075,5	538003,0	184
5801–7250	90	6525,5	587295,0	274
7251–8700	56	7975,5	446628,0	330
8701–10150	43	9425,5	405296,5	373
10151–11600	21	10875,5	228385,5	394
11601–13050	11	12325,5	135580,5	405
13051–14500	17	13775,5	234183,5	422
14501–15950	8	15225,5	121804,0	430
15951–17400	9	16675,5	150079,5	439
17401–18850	1	18125,5	18125,5	440
18851-ден асатын	10	19575,5	195755,0	450
Жиыны:	450	7395,5	3327975,0	

Мынаны есептеңіз:

1. Барлық байқалатын үй шаруашылықтарының жан басына шағылған орташа қолда бар табысы.
2. Моданы – жан басына шағылған орташа ақшалай табысы.
3. Медиананы – үй шаруашылықтарын екі жартыга бөлетін жан басына шағылған орташа ақшалай табысты.

Шешүі.

1. Барлық үй шаруашылыштарының жан басына шағылған орташа колда бар табысын арифметикалық орташа шама формуласы бойынша байлайша есептейміз:

$$\bar{x} = \frac{\sum x \times f}{\sum f} = \frac{3327975,0}{450} = 7395,5 \text{ тенге.}$$

2. Мода:

$$\begin{aligned} Mo &= x_m + i \frac{f_2 - f_1}{f_2 - f_1 + f_3 - f_2} = 4351 + 1449 \frac{106 - 67}{106 - 67 + 106 - 90} = \\ &= 4351 + 1449 \frac{39}{39 + 16} = 5378,5 \text{ тенге} \end{aligned}$$

Үй шаруашылыштарының көпшілігінде жан басына шағылған орташа колда бар табыс 5378,5 тенгегін құрады.

3. Медиананы табу үшін үй шаруашылыштарының кумулятивтік салынын анықтаймыз. Олардың жартысы (225) медиандық аралықты айқастайды. Медиананың мағынасын мына формула бойынша анықтаймыз:

$$Me = x_m + i \frac{\sum f - S_{m+1}}{f_m} = 5801 + 1449 \frac{225 - 184}{90} = 5801 + 660,1 = 6461,1 \text{ тенге.}$$

Үй шаруашылыштарының жартысының жан басына шағылған колда бар табысы 6461,1 тенгеден төмен, ал жартысының – 6461,1 тенгеден жогары.

2 - м ы с а л. 1-мысалдың деректері бойынша мынаны есептегеніз:

1. Төменгі және жоғарғы децильдік жан басына шағылған табысты.
2. Децильдік сараланған табыстың коэффициентін.

Шешүі.

1. Төменгі және жоғарғы децильдік аралықты табу үшін 1-мысалда есептеген кумулятивтік жиіліктерді пайдаланамыз. Төменгі децильдік аралық 45 шаруашылышқа сәйкес келеді.

$$d_1 = X_1 + i_1 \frac{\sum f - S_{d_1-1}}{f d_1} = 2901 + 1449 \frac{45 - 11}{67} = 2901 + 1449 \frac{34}{67} = 3636,3 \text{ тенге.}$$

2. Жоғарғы децильдік аралық 405 шаруашылышқа сәйкес келеді.

$$d_u = X_o + i_u \frac{\sum f - S_{d_u-1}}{f d_u} = 11601 + 1449 \frac{405 - 394}{11} = 13050 \text{ тенге}$$

3. Децильдік сарапанған табыс коэффициенті.

$$K_d = \frac{d_4}{d_1} = \frac{13050}{3636,3} = 3,6 \text{ рет,}$$

яғни үй шаруашылтықтарының табысы ең жоғары топтарының 10%-ның ең жоғары кіріс табысы ең аз үй шаруашылтықтары топтарының 10%-ның ең жоғары табысынан 3,6 есе жоғары.

3 - м ы с а л. 1-мысалдың деректері бойынша мынандай есептегіз: үй шаруашылтықтарының құрылымын:

- a) үй шаруашылтықтарының саны бойынша;
 - ә) жан басына шағылған акшалай табысының көлемі бойынша.
1. Лоренц коэффициентін.
 2. Джини коэффициентін.

Ш е ш у і.

1. Құрылымның және Лоренц пен Джини коэффициенттерін есептеуге кадет деректерді мына кестеде есептейміз.

Үлесі (құрылымы), %	y-x	Кумулятивтік үлестер мыналар бойынша		$x_i \cdot Cum_y_i$	$x_i \cdot y_i$
		үй шаруашылтықтарының саны	акшалай колда бар табыс		
-	-	-	-	-	-
2,4	0,7	1,7	2,4	0,7	1,68
14,9	7,3	7,6	17,3	8,0	119,2
23,6	16,2	7,4	40,9	24,2	571,12
20,0	17,6	3,3	60,9	41,8	836,0
12,4	13,4	1	73,3	55,2	684,48
9,6	12,2	2,6	82,9	67,4	647,04
4,7	6,9	2,2	87,6	74,3	349,21
2,4	4,1	1,7	78,4	26,6	188,16
3,8	7,0	3,2	93,8	85,4	324,52
1,8	3,7	1,9	95,6	89,1	160,38
2,0	4,5	2,5	97,6	93,6	187,2
0,2	0,5	0,3	97,8	94,1	18,82
2,2	5,9	3,7	100	100	220,0
100	100	39,1			4200,53
					1225,66

2. Лоренц коэффициентін:

$$K_{\text{Lorenz}} = \frac{\sum (|y_i - x_i|)}{2} = \frac{0,391}{2} = 0,1955.$$

3. Джини коэффициенті:

$$K_{Джини} = 1 - 2 \sum_{i=1}^n x_i C_{итого} y_i + \sum_{i=1}^n x_i y_i = 1 - \frac{2 \times 4200,53}{100 \times 100} + \frac{1225,66}{100 \times 100} = 0,28246.$$

Лоренц пен Джини коэффициенттерінің 0-ден асатын мағыналары Қазақстан Республикасы үй шаруашылықтары табысының сараланғанын раставиды.

4 - м ы с а л. Откен мысалдың деректері бойынша Лоренцтің графикалық қисық сызығын салыныз.


Шешуі.

Лоренцтің қисық сызығы тік бұрыш координаталар жүйесінде құрылады. Абсцисса осі бойынша үй шаруашылықтарының кумулятивтік (жинақталған) саны, ордината осі бойынша – халықтың табысының кумулятивтік жайліктері (у) кабылданады.

Графикті салу үшін EXCEL-де бастапқы деректерді енгізіп, олардың негізінде нұктелік диаграмма құрамыз. Содан кейін көрсетілген нұктелер бойынша оларды алмастыратын қолайлы сызық жүргіземіз (осы мақсатта полиномдарды колданған орынды, мысалы, екінші реттегі полиномды таңдаймыз).

Біркелкі бөлінген сызықты (диагональді) графикалық құралдарды пайдаланып жүргіземіз:

$$y = 0,0078x^2 + 0,1691x + 1,7767 \\ R^2 = 0,9973$$



22.1-сурет. Лоренц сызығы

22.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

22.5.1. Есептер

1-е се п. Алматы облысының зерттелетін үй шаруашылыштары жұмсайтын шығыстың динамикасы жөнінде мынадай деректер (отбасының бір мүшесіне бір айға есептелген) берілген, теңге:

Көрсеткіш	1998 ж.	1999 ж.
Ақшалай шығындар, барлығы оның ішінде	5369	5643
тамакқа	2584	2509
азық-тұлік емес тауарларын сатып алуға	731	821
алкогольдік сусын сатып алуға	58	73
қызметтерді, салықтарды, жындарды, төлемдерді төлеуге	1475	1663
өзге шығыс	272	239
	249	338

Мынаны есептеңіз:

1. Ақшалай шығыстар мен олардың құрамдастарының өсу карқыны мен абсолюттік өсімдері.
2. Ақша шығысының әр жылдағы құрылымын және құрылымдық өзгерістерді габыныз. Экономикалық қорытынды жасаңыз.

2-е се п. 1-есептің деректері бойынша мынаны есептеңіз:

1. Құрылымдық ерекшеліктердің сзықтық коэффициентін.
2. Құрылымдық ерекшеліктердің квадраттық коэффициентін.
3. К. Гатевтің интегралдық коэффициентін.
4. Салаи индексін.

3-е се п. Қазақстан Республикасы халқының зерттелген үй шаруашылыштарының ақшалай табысы мен шығысы құрамының динамикасы жөніндегі деректер берілген, теңге:

Көрсеткіш	1997 ж.	1998 ж.
1. Халықтың жан басына шағылған орташа ақшалай шығысы, барлығы, оның ішінде	34187	36241
енбекакы төлеу	25347	26622
әлеуметтік трансфертер	3927	4515
сатудың барлық түрінен алынған табыстар	2209	2236
өзге ақша түсімдері	2704	2868
2. Халықтың жан басына шағылған ақшалай шығысы, барлығы оның ішінде	33237	35901
тұтыну шығыстары	28651	31237
оның ішінде		
азық-тұлік тауарларына	16074	16765
азық-тұлік емес тауарларына	7026	7476
акылы қызметтерге	5551	6996
салықтарға, жындарға,		
төлемдерге	1825	16892
өзге ақша шығыстары	2761	2975

Әр жылдың мына көрсеткіштерін есептеніз.

1. Ақшалай табыстардың құрылымын.
2. Ақшалай шығыстардың құрылымын.
3. Ақшалай шығыстардың ақшалай табыстармен аракатынасы және оның өсуі карқынын.

4. Халық жинағының, оның ішінде мына факторлардың өзгеру ықпалының есебінен өсімін:

- a) ақшалай табыстардың;
- ә) жинактың жалпы табыстардағы үлесі.

Халықтың ақшалай табысының негізгі көздері мен олардың шығысының бағыттары жөнінде экономикалық қорытынды жасаңыз.

Жауапы: 4) -610; 4ә) -667.

4 - е с е п. Ақшалай шығыс құрамындағы өзгерістерді сипаттау үшін 3-есептің деректері бойынша мынаны есептеніз:

1. Құрылымдық ерекшеліктердің сзықтық коэффициентін.
2. Құрылымдық ерекшеліктердің квадраттық коэффициентін.
3. К. Гатевтің интегралдық коэффициентін.
4. Салаи индексін талдаңыз және қорытынды жасаңыз.

5 - е с е п. Алматы облысының зерттелетін үй шаруашылықтарын колда бар ақшалай табыстың қолемі бойынша 2000 жылғы желтоқсандағы жан басына шағылған колда бар ақшалай табысты бөлу деректері келтірілген:

Шаруашылықтардың айлық жан басына шағылған орташа табыс бойынша топтары, теңге	Зерттелетін үй шаруашылықтарының саны
1450-ге дейін	4
1451-2900	21
2901-4350	42
4351-5800	72
5801-7250	37
7251-8700	29
8701-10150	24
10151-11600	24
11601-13050	18
13051-14500	22
14501-15950	14
15951-17400	9
17401-18850	55
18851-ден жоғары	19
Жыныс:	390

Мынаны есептепеңіз:

1. Үй шаруашылықтарының жан басына шағылған орташа айлық ақшалай табысының қолемі бойынша құрылымы.
2. Барлық зерттелетін үй шаруашылықтарының жан басына шағылған орташа ақшалай табысы.

3. Моданы – үй шаруашылықтарының ен жиі кездесетін жан басына шағылған орташа ақшалай табысын.

4. Медиананы – үй шаруашылықтарын екі жартыға бөлетін жан басына шағылған орташа ақшалай табысты.

5. Төменгі және жоғарғы децильдік жан басына шағылған табысты.

6. Табысты децильдік саралау коэффициенті.

7. Лоренц коэффициентін.

Лоренцтің қисық сзығын графикалық түрде көрсетініз.

Халықтың өмір сүру деңгейі туралы экономикалық корытынды жасаңыз.

Жауабы: 5) 3384 және 18297.

6 - есеп. Алкогольді тұтынушыларды олардың отбасы жағдайына байланысты әлеуметтік демографиялық сипаттау мақсатында ішінara бақылау жүргізілді. Зерттеу нәтижелері мынадай болды (мың адам):

Алкогольді тұтынушылар тобы	Отбасы жағдайы		Барлығы
	тұрмыста (үйленген)	тұрмыста емес (үйленбеген)	
Тұтынған	10	14	24
Тұтынбаған	2	4	6
Жиыны	12	18	30

Мынаны есептеңіз:

1. Ассоциация коэффициентін.

2. Контингенция коэффициентін.

3. Алкогольді тұтынушыларға отбасы жағдайының жасайтын ықпалының дәрежесі жөнінде корытынды жасаңыз.

Жауабы: 1) 0,176; 2) 0,053.

7 - есеп. Қазақстан Республикасы халқының 2000-2001 жылдардағы квинтильдік топтары бойынша табыстың бөлінуі жөніндегі мынадай деректер берілген:

Жыл	Халықтың табыстары бойынша әлеуметтік квинтильдік топтары, %					Жиыны
	1	2	3	4	5	
2000	7,74	12,29	16,44	22,52	41,01	100
2001	7,25	11,64	16,25	22,98	41,88	100
2002	7,71	11,92	16,30	22,67	41,40	100
2003	7,94	12,22	16,74	23,08	40,02	100
2004	8,41	12,44	16,75	22,85	39,55	100

A. Мынаны есептеңіз:

1) әр жылдың Джини коэффициенттерін;

2) әр жылдың Лоренц коэффициентін.

B. Әр жылдың Лоренцтің қисық сзығын сзызыңыз.

C. Халықтың табысын саралау динамикасы жөнінде экономикалық корытынды жасаңыз.

22.5.2. Тест тапсырмалары

- 1. Халықтың табысының құрылымдық ерекшеліктерінің (өзгерістерінің) сыйыктық коэффициенті не ретінде анықталады?**
 - 1) құрылымдық квадраттық орташа табыс;
 - 2) медиандық табыс;
 - 3) модальдық табыс;
 - 4) Джини табыстың шоғырлану коэффициенті;
 - 5) Табыс құрылымының қатысты көрсеткіштерінің абсолюттік ауыткұдың орташа шамасы.

- 2. Адами даму индексі қайсысын жинақтап қорытатын көрсеткіш?**
 - 1) туу мен өлімнің жалпы коэффициенттерінің айырмасын;
 - 2) адамның алдағы жасының орташа санын;
 - 3) уақытша болмайтындарды коса алғанда тұракты тұратын адам санын;
 - 4) халықтың жан басына шакқанда негізгі тамақ өнімдерін орташа тұтыну;
 - 5) білім беру, табыс және халықтың жасының ұзактығы индекстерінің арифметикалық орташа шамасын.

- 3. Алдағы өмірдің орташа ұзактығын есептегендеге қай формула пайдаланылады?**
 - 1) гармоникалық салмақталған орташа шама;
 - 2) арифметикалық салмақталған орташа шама;
 - 3) арифметикалық жай орташа шама;
 - 4) геометриялық орташа шама;
 - 5) хронологиялық орташа шама.

- 4. Кедейшіліктің терендігі нені көрсетеді?**
 - 1) бір адамға шағылған қажетті ең аз ақшалай табысы;
 - 2) зертелетін үй шаруашылықтарының мүшелері табысының тапшылық үлесі квадраттарының орташа шамасын;
 - 3) табыс деңгейінің ауытқу квадраттарының орташа шамасын;
 - 4) зертелетін үй шаруашылықтары мүшелерінің табыс деңгейінін күнкеріс деңгейінен орташа ауыткуын;
 - 5) бір адамға шағылған ең аз еңбекақыны.

- 5. Базистік жылы Джини коэффициентінің 0,25-тен есепті жылы 0,36-ға дейін ұлғауы нені айфактайды?**
 - 1) халықтың табысы жогары тобының ең аз табысын;
 - 2) халықтың табысының ауқымын;
 - 3) халықтың табысының саралануының азайғанын;
 - 4) халықтың табысы төмен тобының барынша жоғары табысын;
 - 5) халықтың табысының саралануының күшегенін.

- 6. Халықтың табысының графикалық саралau ненің көмегімен көрсетіледі?**
 - 1) Лоренцтің қисық сыйығынын;
 - 2) Варзар белгілерінін;

- 3) жазықтықта бейнелейтын сзықтардың;
- 4) пирамидалардың;
- 5) секторлардың.
7. Өнірдін отбасы жағдайына байланысты алкогольді тұтынатындарды іріктеме нәтижелері бойынша 0,38-ге тең ассоциация коэффициенті нені айғақтайды?
- 1) алкогольді тұтыну олардың отбасына байланысты емес екенін;
 - 2) алкогольді тұтынушылардың өмір сүру деңгейінің нашарлағанын;
 - 3) алкогольді тұтынушыларды саралаудың күшегенін;
 - 4) алкогольді тұтынушыларды саралаудың азайғанын;
 - 5) тұтынушылардың алкогольді тұтынуы олардың отбасы жағдайына байланысты екенін.
8. Лоренцтің қисық сывығы нені білдіреді?
- 1) халықтың әр түрлі топтарының орташа табысының арасындағы арақатынасты;
 - 2) халықтың жан басына шағылған қажетті ең аз табысты;
 - 3) халықтың ең аз ақшалай табысының кұрылымын;
 - 4) халықтың санын және осы санға сәйкес табысты кумулятивтік бөлу;
 - 5) халықтың әр түрлі топтарының табыс деңгейінің орташа ауытқуы.
9. «Өмір сүру деңгейі» ұғымы нені білдіреді?
- 1) мемлекеттік бюджеттің табыс деңгейін;
 - 2) адам, отбасы, халықтың әлеуметтік тобы иеленетін тауарлар мен кызметтердің жиынтығын;
 - 3) материалдық ігілік сатып алуға жұмсалатын шығыстың деңгейін;
 - 4) жалпы ішкі табыстың көлемін;
 - 5) мемлекеттік бюджеттің шығыс сомасын.
10. Накты (реально) еңбекақы индексі неге тең болады?
- 1) тенгенін сатып алу қабілетінің индексіне;
 - 2) тұтыну бағасының индексіне көбейтілген атаулы еңбекақы индексіне;
 - 3) ең тәмен күн көріс деңгейіне көбейтілген атаулы еңбекақы индексіне;
 - 4) тенгенін сатып алу қабілітінің индексіне бөлінген халықтың атаулы табысына;
 - 5) тенгенін сатып алу қабілетіне көбейтілген атаулы еңбекақы индексіне.
11. Контигенттің коэффициентін ішінәра бақылаудың мына деректері бойынша есептешіз:

Тұрғылықты мекені	Өмір сүру деңгейінің бағасы	
	он	теріс
Ауылды жер	23	47
Калалық жер	32	42

- 1) 0,319;
- 2) 0,107;
- 3) -0,107;

- 4) 0,218;
 5) -0,218.
- 12. Төменгі және жоғарғы децильдер – бұл:**
- 1) барлық жиіліктердің табысының ширегі орналасқан аралықтар;
 - 2) бөлү қатарының әр түрлі шектеріндегі жиіліктердің 10%-ын кесетін та-быстар орналасқан аралықтар;
 - 3) жиіліктердің жартысының табыстары орналасқан аралықтар;
 - 4) халықтың 10%-ның табысы мен баға денгейлерінің арасындағы тәуел-ділікті сандық бағалау;
 - 5) баға денгейі мен табыстардың арасындағы тәуелділікті сандық баға-лау.
- 13. Табыстың өзгеруіне орай сүт пен сүт өнімдерін тұтынудың 0,3-ке ғен икемділік коэффициенті нені айғақтайды?**
- 1) халықтың табысының өсімі 0,3%-ға өскен жағдайда сүт пен сүт өнімдерін тұтыну 1%-ды құраганын;
 - 2) халықтың шығысының өсімі 1%-ға өскен жағдайда сүт пен сүт өнімдерін тұтыну 0,3%-ға төмендегенін;
 - 3) табыстың 0,3%-ға төмендегенін;
 - 4) халықтың табысы 1%-ға ұлғайған жағдайда сүт пен сүт өнімдерін тұтыну 0,3%-ға ұлғаятынын;
 - 5) сүт пен сүт өнімдерін тұтыну 0,3%-ға төмендейтінін.
- 14. Икемділік коэффициенті ненің арасындағы тәуелділіктің санын бағалайды?**
- 1) бағалардың денгейі мен оларға ықпал ететін факторлардың;
 - 2) үй шаруашылықтары шығыстарының накты құрылымының;
 - 3) бөлшек сауда бағаларының индекстері;
 - 4) тұтыну бағаларының индекстері;
 - 5) іріктелген отбасылар бойынша үй шаруашылықтары табысының накты құрылымының.
- 15. Халықтың жекелеген тауарлар мен қызметтер топтарын тұтыну динамикасы ненің көмегімен зерттеледі?**
- 1) накты көлем индексінің;
 - 2) гармоникалық орташа баға индексінің;
 - 3) накты көлемнің арифметикалық орташа индексінің;
 - 4) Доу-Джонстың орташа индексінің;
 - 5) өзгермелі құрамның бағасының орташа индексінің.
- 16. Үй шаруашылықтарының накты колда бар табыстың индексі не ретінде есептеледі?**
- 1) атаулы колда бар табыс индексінің акшаның сатып алу қабілетінің индексіне катынасы;
 - 2) атаулы колда бар табыс және тұтыну бағасы индексінің көбейтіндісі;

- 3) есепті кезеңнің колда бар табысының базистік кезеңнің иемденетін табысына катынасы;
- 4) акшаның сатып алу кабілетінің тауар айналымына катынасы;
- 5) атаулы колда бар табыс индексінің тұтыну бағаларының индексіне катынасы.
17. Үй шаруашылдықтарының колда бар табысы бастапкы табыстардың ненің мөлшеріне нақтыласа пайдада болады?
- 1) күрделі трансфертер сальdosының;
 - 2) еңбекакы;
 - 3) ағымдағы трансфертер сальdosының;
 - 4) бастапкы табыстар сальdosының;
 - 5) баға индекстерінің.

«СТАТИСТИКАНЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫ» 1-БӨЛІМІНЕ ГЛОССАРИЙ

A.A. Чупровтың өзара түйіндестік коеффициенті – сапа көрсеткіштерінің келісілген өзгерісінің байланыс тығыздығын өлшеу үшін пайдаланылатын ең ортак көрсеткіш болып табылады. Ол екі атрибутивтік белгінің арасындағы өзгерісті, осы өзгеріс бірнеше топ (үш және одан астам) топ құрган жағдайда қолданылады.

Абсолюттік көрсеткіштер – бастапқы статистикалық материалды жинактау (жинау) нәтижесінде тікелей алынатын көрсеткіштер. Осы көрсеткіштердің неғізінде оларды толықтыратын қатысты және орташа шамалар есептеледі.

Абсолюттік өсу (Δу) – катар деңгейлерінің айырмасы. Қатар көрсеткіштері өлшенетін бірлікті көрсетіледі. Жекелеген уақыт кезеңінің (тізбекті есептеу тәсілі), сондай-ак катардың басынан бастап бүкіл уақыт кезеңінің (базистік есептеу тәсілі) абсолюттік өсуі есептеледі.

Агрегаттық индекс – экономикалық индекстің негізгі нысаны. Агрегаттық индексте жекелеген элементтердің жиынтықталмау салдарынан индекстегендегі элементпен экономикалық жағынан тығыз байланысты және агрегаттық индекстің салмағы деп аталатын косымша көрсеткіш енгізіледі.

Ағымдағы бақылаулар – жүйелі түрде, тұрақты, үздіксіз және құбылыстың пайда болуына орай жүзеге асырылатын бақылаулар. Деректер әдетте қайсы бір құбылыстың белгіленген уақыт кезеңіндегі жай-күйін сипаттайды.

Аналитикалық топтар – сол немесе басқа жиынтықтың шектерінде вариацияланатын белгілердің өзара байланысты өзгеруін зерттеу.

Анкеталық тексеру – жаппай емес бақылаудың бір түрі, бұл жағдайда мәлімет алынуы тиіс тұлғаларға толтыруды және оны кері қайтаруды өтініп анкетелер таратылады немесе жіберіледі. Әдетте анкеталар кері қайтарылғанда аз болып шығады, мұның өзінде олар кездейсок болмайды.

Аралық – әр топтағы белгінің ең көп және ең аз мағынасының арасындағы айырма. Аралықтар жиынтық бірліктерінің осы белгі бойынша бөліну сипатына байланысты тең және тең емес болуы мүмкін.

Аралық вариациялық қатарлар – варианттардың мағыналары аралық түрінде берілген қатарлар (мысалы, халықтың жастар тобы бойынша саны).

Аралық көрсеткіштер – белгіленген кезең ішіндегі процестердің нәтижелерін (өнім өндірісі, енбек пен материалдың шығынын, халық санының өсуі немесе азаюы және т.б.) сипаттайтын көрсеткіштер.

Арифметикалық орташа шама – вариант сомаларын олардың санына бөлуден алынған бөлінді.

Арифметикалық орташа (сызықтық) ауытқу – варианттардың орташа шамадан орта абсолюттік ауытқуын сипаттайтын көрсеткіш.

Арнайы ұйымдастырылған статистикалық бақылаулар – бастапқы статистикалық акпарат есептердің негізінде емес басқа тәсілдермен жиналатын жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық бақылаулар.

Асимметрия коэффициенті (K_A) – орта шама мен моданың арасындағы айырмалың квадраттық орташа ауытқуға катынасы.

Ассоциация (контингенция) коэффициенті – өзара тоқайластық коэффициентінің екі атрибутивтік белгінің вариациясы екі топпен шектелген жағдайдағы нұсқасы (варианты) (ейткені ал्�тьернативті сипатта болады).

Атрибутивтік белгілер – сапаның мағынасын қабылданған белгілер (жыныс, білім, мамандық).

Әлеуметтік-экономикалық статистика – статистиканың БҮҰ Үлттых шоттар жүйесіне (1993 ж.) негізделетін және төрт негізгі тармаққа: экономикалық, әлеуметтік, демографиялық статистикага және қоршаған орташа статистикасына бөлінетін тарауы.

Базистік индекс – зерттелетін құбылыстың 100% ретінде қабылданған кайсы бір кезеңмен салыстырғанда белгіленген кезеңде өзгеруін сипаттайтын индекс.

Бақылау бірлігі – қажетті статистикалық мәлімет алынуы тиіс бастапқы бірлік. Яғни бақылау бірлігі – зерттелетін нәрсе немесе алынатын мәлімет көзі.

Бас жынтық (N) – бақыланатын бірліктердің бүкіл жынтығы.

Басып озу коэффициенті – салыстырылатын динамика қатарларының өсу қарқындарының арақатынасы.

Бета-коэффициенттер – дамуында зерттелетін көрсеткішті жаксартудың ірілеу резервері бар факторларды табады және тиісті факторлық белгі оның орташа квадраттық ауытқу шамасына өзгерген жағдайда нәтиже белгісі орташа квадраттық ауытқудың қай болғынан өзгеретінін көрсетеді.

Бөлу занылығы – вариацияланатын белгілердің ұлғаюына байланысты бөлу қатарындағы жиіліктердің өзгеру занылығы. Бірката бөлу қатарында жиіліктер вариацияланатын белгімен қатар өседі, содан кейін азаяды. Осы занылылықка сәйкес келетін теориялық бөлудің қисық сызықтары ретінде қалыпты бөлудің қисық сызығы болып табылады.

Бір факторлық және көп факторлық корреляциялық байланыстар – жұптық корреляциямен немесе көптік корреляциямен сипатталатын байланыстар. Мұның өзінде барлық факторлар кешенді түрде, яғни бір уақытта және өзара байланысты іс-кимыл жасайды деп қарастырылады.

Біржолғы бақылаулар – оқтын-оқтын, кезеңді түрде емес жүргізілетін бақылаулар. Осы бақылаулардың деректері әдетте белгіленген уақыт кезеңіндегі құбылыстарды сипаттайтын.

Біржолғы есеп – кәсіпорындардың бастапқы есебінің материалдары негізінде арнайы ұйымдастырылған статистикалық бақылау.

Варзар белгісі – екі – басқа (тік бұрыштың қабырғалары) көбейтіндісі болып табылатын көрсеткіштерді көрсетуге арналған тік бұрышты диаграмма.

Вариант – жиынтықтың жекелеген бірліктерінің вариацияланатын белгісінің мағынасы.

Вариация коэффициенті (v) – квадраттық орташа ауытқу мен арифметикалық орташа шаманың пайыздық қатынасын салыстыру көрсеткіші.

Вариацияланатын белгі мағынасының үлесі – жиынтықты альтернативті вариацияланатын белгі бойынша сипаттайтын және жиынтықтың бізді қызықтыратын белгілері бар бірліктері санының жиынтық бірліктерінің жалпы санына қатынасы ретінде есептеледі. Бас жиынтықтағы үлес r , ал іріктеме жиынтықтағы үлесі – w латын әрпімен белгіленеді және жиілік шамасы деп аталады. Бұл жағдайда іріктеме бақылауда жиілік шамасын (іріктеме үлесті) өлшеу негізінде үлес пен бас жиынтық жөнінде дұрыс түсінік беру максаты қойылады.

Вариацияланатын белгілер – жиынтықтың жекелеген бірліктерінің әр түрлі мағынаны (сандық және сапалық) қабылдайтын белгілері.

Вариацияланатын белгінің орташа мағынасы – бүкіл жиынтық бойынша бас X орташа шамасы, ал іріктеме бақылауға ұшыраған бірліктердің белгісінің орташа мағынасы \bar{x} іріктемелі орташа шамасы деп аталады. Ішінара бақылауда іріктелген орташа шаманың негізінде бас орташа шама туралы дұрыс түсінік беру максаты қойылады.

Вариацияның ауқымы (R) – вариацияланатын белгінің ең көп және аз мағынасының арасындағы айырма.

Гармоникалық орташа шама – белгінің жалпы көлемі вариантардың кері мағыналарының сомасы ретінде құрылғанда қолданылады. Гармоникалық орташа шама салмак ретінде белгі иесінің – жиынтық бірліктері емес осы бірліктердің белгі мағынасына көбейтіндісі (яғни $w = xf$) қолданылатын жағдайларда пайдаланылады.

Гистограмма – аралық вариациялық қатарды x осінде құрылған тік бұрыштар түрінде графикалық түрде көрсету. Осы тік бұрыштардың ені тиісті жиіліктің аралығына, ал биіктігі тиісті жиілікпен үйлеседі.

Даму интенсивтілігінің көрсеткіші – осы құбылыстың белгіленген орташада таралу дәрежесін ашатын қатысты көрсеткіш. Мысалы, тұғандардың немесе қайтыс болғандардың жиынтығын халық санымен салыстыра келе біз осы құбылыстың даму дәрежесін, интенсивтілігін бағалаймыз.

Дәрежелердің корреляциясы коэффициенті (ρ) – жиынтық бірліктерінің сандық белгілер бойынша орындарының (дәрежелерінің) номірлері негізінде есептегетін көрсеткіш.

Деректерді арифметикалық (санап) бақылау – жекелеген деректерді арифметикалық жағынан үйлестіруге, яғни жиынды тексеруге, бірінен

бірі туындайтын көрсеткіштерді салыстыруға негізделеді. Атап айтқанда қосылыштардың сомасы жалпы жиыннан аспауға, ал бірқатар басқа көрсеткіштердің көбейтіндісін білдіретін көрсеткіш олардың көбейтіндісіне тең болуы тиіс.

Деректерді логикалық бакылау – әр түрлі сұрақтарға берілген жауаптарды олардағы сәйкесіздіктерді табу мақсатында салыстыру. Мысал ретінде жас пен білім деңгейін немесе жас пен отбасы жағдайын көлтіруге болады.

Детерминация коэффициенті (η^2) – белгінің топтық деңгейінің дисперсиясы (δ^2) мен белгі деңгейінің жалпы дисперсиясының (σ^2) арақатынасы. Детерминация коэффициенті факторлық белгінің нәтижелілік белгісінің өзгеруіне қосатын үлесін көрсетеді.

Дециль – медианага ұқсас, қатарды жиілік сомасы бойынша 10 тең бөлікке бөлөтін көрсеткіш.

Диаграмма – салыстыруды орындауды жөнілдету, деректердің заңдылықтары мен үрдістерін табу мақсатында деректерді графикалық түрде көрсету.

Динамика көрсеткіші – құбылыстың кейде өзгеру дәрежесін сипаттайтын қатысты көрсеткіш.

Динамика қатарларын жылжымалы орташа шамамен тегістеу – бастапқы динамика қатарын элементтері қатардың басынан бастап бірте-бірте ауыстыру арқылы бастапқы қатар элементтерінің белгіленген санының орташа мағыналары ретінде есептелетін жаңа қатармен алмасыту.

Динамика қатары – құбылыстың дамуын сипаттайтын көрсеткіштерді хронологиялық тәртіппен рет-ретімен орналасқан көрсеткіштер қатары. Динамика қатарларында көлтірілген корытып талдаған көрсеткіштердің түрлеріне байланысты оларды абсолюттік, қатысты және орташа шама динамика қатарларына бөлуге болады.

✓ **Динамика факторларын талдаудың индекстік әдісі – индекстік көбейткіштер** ретінде күрделі құбылысты құрайтын осы құбылыстың өзгеруіндегі жекелеген факторлардың рөлін бағалау үшін пайдалану. Мысалы, өндірілген өнімнің құны өндірілген өнімнің саны мен бағалардың өзгеруіне байланысты олшенеді. Құн индексі сан индексі мен баға индексінің көбейтіндісіне тең болады.

Динамиканың аралық қатарлары – қоғамдық даму деңгейлері белгіленген уақыт кезеңінде сипатталатын динамика қатарлары.

Динамика қатарын тік сзызық бойынша аналитикалық тенестіріу – даму (гренд) сзызығын табу. Сынық сзызықты тік сзызық кана емес, сонымен бірге кайсы бір басқа сзызық бойынша тенестіруге болады.

Динамиканың мезеттік қатарлары – динамиканың қоғамдық құбылыстардың даму деңгейлері белгіленген уақыт сәтінде сипатталатын қатарлары.

Дискреттік вариациялық қатарлар – варианттардың мағыналары бүтін сандардың мағыналары бар қатарлар (мысалы, отбасылардың адам саны бойынша жалпы саны).

Дисперсия (σ^2) – орташа шамадан орташа ауытқу квадраты.

Екінші қайтара іріктеме – жекелеген бірлік жиынтықтан кездескінен кейін оны кері қайтару қарастырылатын іріктеме әдісі.

Жай топтастыру – деректерді бір белгі бойынша топтастыру.

Жалпы индекстер – жиынтықтың жалпы өзгеруін сипаттайтын индекстер. Мысалы, ауыл шаруашылығының бүкіл жалпы өнімінің индексі жалпы индекс болып табылады.

Жаппай емес статистикалық бақылау – жиынтық бірліктері бөлігінің, алайда шынайы және сенімді талдап қорытылған статистикалық сипаттама алуға болатын есебі. Осы бақылау түрінің іріктемелі, негізгі массивтің, анкеталық, монографиялық сиякты бірқатар түрлері қолданылады.

Жаппай статистикалық бақылау – зерттелетін құбыльстық құрайтын жиынтықтың барлық бірліктерін толық есепке алу.

Жеке индекстер – жиынтықтың жекелеген элементтерін сипаттайтын индекстер. Мысалы, ауыл шаруашылығы өнімінің жекелеген түрлерін өндіру индекстері жеке болып табылады.

Жеке индекстердің орташа шамасы – агрегаттық индекстің кайта құру нәтижесінде алынған экономикалық индекстің нысаны.

Жиілік – сол немесе басқа вариант қашалықты жиі кездесетінін, көрсетегін сан.

Жиілік шамасы – қатысты мөлшер түрінде көрсетілген жиілік (бірліктің, пайыздың үлесі).

Жиынтық бірлігі – статистикалық бақылау объектісінің тіркелуі тиіс белгі иесі және зертеу кезінде жүргізілетін есептің негізі болып табылатын бастапқы элементі. Яғни жиынтық бірлігі – бұл зерттелетін нәрсе.

Жоспардың орындалу көрсеткіші – жоспарланған деңгеймен салыстырғанда нақты қол жеткізілген деңгейдің шамасының арақатынасын ашатын қатысты көрсеткіш.

Жоспарлық тапсырма көрсеткіші – жоспарланатын көрсеткіш шамасының нақты қол жеткізілген деңгейге арақатынасын ашатын қатысты көрсеткіш.

Жүйелі іріктеу – зерттелетін белгімен тығыз байланысты қайсы бір белгі бойынша сарапланған жиынтықтан механикалық іріктеу. Үлгілік бақылаудың бір түрі болып табылады.

Жіктеу (классификация) – атрибутивтік белгі бойынша түракты негізгі топтасыту, онда жекелеген жиынтық түрлері ғана емес, сонымен бірге жиынтық бірліктерінің топтары мен шағын топтарының толық тізбесі болады.

Икемділік коэффициенті (Э) – факторлық белгі бір пайызға үлгайғанда нәтижелілік белгісі қанша пайызға артатынын көрсететін көрсеткіш.

Икемділіктің жеке коэффициенттері – факторларды өлшеу бірліктеріндегі

айырмашылыктарды жояды және басқа факторлар тіркелген жағдайда әрбір фактор 1%-ға өзгерген жағдайда талданатын көрсеткіш оргашаша қанша пайызға өзгеретінін көрсетеді.

Индекс – зерттелетін қогамдық құбылыс деңгейінің кейде және кеңістігінде өзгеруін сипаттайтын қатысты шама.

Интерполяция – динамика қатарының жетіспейтін мүшелерін регрессия тендеуін негізінде есептеу.

Картограмма – картада түсі немесе нүктелері әр түрлі қоюлықта көрсетілген деректер. Картограмма тиісінше негізгі түстік және нүктелікке бөлінеді.

Картодиаграмма – картада әр түрлі диаграммаларды немесе дене-белгілерді орналастыру. Мұның өзінде диаграмманың көлемі әдетте сол немесе басқа әкімшілік-аумақтық бірлікке қатысты деректердің ауқымын білдіреді.

Квадраттық оргаша ауытқу (σ) – дисперсияның квадрат түбірі.

Квартиль – медианаға ұксайтын, қатарды жиілік сомасы бойынша 4 тең белікке бөлетін көрсеткіш.

Кезеңді бақылаулар – тұракты емес, алайда белгіленген уақыт кезеңінен кейін ұдайы өткізілетін бақылаулар. Деректер әдетте қайсы бір құбылыстардың белгілі бір уақыт сәтіндегі жай-куйін сипаттайды.

Келісім өлшемі – нақты белудің калыптыға жақындығын сипаттайтын көрсеткіш. Пирсонның («хи-квадрат» өлшемі), Романовскийдің, Колмогоровтың («лямбда» өлшемі) және Ястребскийдің өлшемдері белгілі.

Кластерлік талдау – көп өлшемді топтастыру есептерін шешу әдістері. Белгілердің бүкіл жиынтығы «белгі кеңістігін» құрайды. Әрбір белгіге координатаның маңызы беріледі.

Корреляциялық байланыстар – қатысты, толық емес байланыстар, бұл жағдайда фактор-белгінің бір мағынасына салдар-белгісінің бірнеше мағынасы үйлеседі. Корреляциялық байланыстар өзінің тегі бойынша тікелей және кері, тік сзыық және қисық сзыық (сзыықтық және сзыықтық емес), бір факторлық және көп факторлық болады.

Корреляциялық катынас (эмпирикалық) (η) – детерминация коэффициентінің квадрат түбірі. Топтастыру мен нәтижелілік белгілерінің арасындағы байланыстың тығыздығын көрсетеді.

Корреляциялық тәуелділікті табу тәсілі ретінде топтастыру әдісі – корреляциялық тәуелділіктер топтастыру әдістерін пайдаланылғанда және жеке емес оргаша деректерді салыстырғанда табылатын тәсілдеме.

Корреляциялық топтастырулар – жиынтықтың бірліктерін құрамдастырымда алынған екі өзара байланысты белгілер бойынша бөлу.

Корреляциялық-регрессиялық талдау – статистикалық модельді нәтижелілік белгісінен бір немесе бірнеше белгі-фактордан және байланыс тығыздығының

дәрежесін бағалаудан тәуелділігін шамалап білдіретін регрессия тендеуі түрінде құру және талдау.

Корреспонденттік деректер тәсілі – деректерді пошта бойынша жіберілетін және белгіленген уақытқа дейін толтырып кері жіберу өтініші бар нұскаулықтар коса тіркелген бланкілер бойынша жинау.

Коэффициенттер тәсілі – ішінара бақылау деректерінің бас жиынтыққа таралу тәсілі. Осы тәсіл жаппай зерттеу деректерін тексеру мен нақтылау үшін ішінара бақылау жүргізу кезінде колданылады.

Көлем көрсеткіштерінің индексі – зерттелетін объектілердің ауқымын (өнімнің физикалық көлемін, бөлшек сауда айналымын, тұтынуды және т.б.) сипаттайтын индекстер.

Көп өлшемді топтастыру – белгілердің бүкіл жиынтығы бойынша топтастыру. Топтастыру мақсаты – кластерлік талдаудың көмегімен «белгі кеңістігінде» нүктелерді (объектілер тобының) жеке бөлу.

Көп сандар заны – көптеген занылдықтардың жиынтық элементтерінің жеткілікі төрт сандында жаппай процесте ғана калыптасу әрі айқын байқалу қасиеті.

Көп сатылыш іріктеме – типтік іріктеу бірнеше іріктеу сатыларымен ұштастырылатын іріктеу әдісі. Бұл ретте әрбір сатының өзінің іріктеу бірлігі болады.

Көп фазалық іріктеу – көп сатылыш іріктеуден іріктеу сатыларында сол бір іріктеletін бірлік сакталатынымен ерекшеленетін іріктеу әдісі.

Көп факторлық корреляциялық-регрессиялық талдау – зерттелетін нәтижелілік көрсеткішке тендеуге енгізілген әрбір фактордың қалған факторлар тіркелген жағдайда (оргаша деңгейде), сондай-ақ осы көрсеткіштің теориялық мағынасын белгіленген дәл дәрежеде табылатын факторлардың кез келген үйлесімінде жасайтын ықпалын бағалауға мүмкіндік беретін регрессия тендеуін құру әдісі. Бұл ретте факторлардың арасында функционалдық байланыс болмауга тиіс деген маңызды талап қойылады.

Кумулята – жинақталған жиілік негізінде дискреттік вариациялық қатар үшін салынған полигон.

Күрделі топтастыру – деректерді екі және одан астам белгі бойынша топтастыру.

Қайталама топтастыру – бұрын бөлінген (бастапқы) топтастырудың негізінде жаңа топтардың пайда болуы. Әдетте жаңа топтар бастапқы аралықтарды ірілendіру арқылы алынады. Жаңа топтар құрудың екінші тәсіліне жиынтықтың бірліктерін үлестік қайта топтастыру жатады.

Қайталанбайтын іріктеме – жекелеген бірліктің бас жиынтықтан кездейсок іріктелгеннен кейін қайтарылуы қарастырылмайтын іріктеу әдісі.

Касақана жол берілген қате – артық жазу немесе деректерді жасыру салдарынан туындастын кателер. Өкімшілік құқық бұзушылық кодексінде деректер-

ді бермеу немесе статистикалық деректерді бұрмалап беру үшін жазаға тарту көзделген.

Қасакана емес жол берілген қателер – жанылысу, сандардың орнын ауыстыру және т.б. салдарынан кездейсоқ жол берілген қателер. Көп деректерді жиынтықтағанда кездейсок қателер бірін-бірі ішінәра жабады.

Қатысты көрсеткіш – салыстырылатын екі статистикалық шаманың арақатынасының сандық мөлшерін беретін талдап корытылған көрсеткіш. Екі көрсеткішті (абсолюттік, қатысты немесе орташа) салыстыру (бөлу) нәтижесінде алынады.

Құндық көрсеткіштер – ағымдағы немесе қатысты бағада берілген абсолюттік көрсеткіштер.

Құрамдастырылған топтастыру – курделі топтастырудың бір белгі бойынша құрылған топтар кейін екінші және т.б. белгі бойынша шағын топтарға бөлінетін бір түрі.

Құрылым көрсеткіші – пайызда көрсетілген бүтіннің үлесін (немесе өзіндік салмағын) көрсететін қатысты көрсеткіш.

Құрылымдық өзгерістер есепке алынатын индекстер жүйесі – өзара байланысты индекстер жүйесі. Осы жүйеде орташа көрсеткіш динамикасының көрсеткіші (өзгермелі құрам көрсеткіші) екі индекстің, яғни өзгермейтін құрылымдағы орташа көрсеткіш (тұракты құрам индексі) пен орташа көрсеткіш динамикасы на құрылымның өзгеруіне жасайтын ықпалын өлшейтін индекстің (құрылым өзгерісінің индексі) көбейтіндісі ретінде колданылады.

Құрылымдық өзгерістер индексі – құрылымның өзгеру көрсеткішін орташа-ландырылған көрсеткішінің өзгеруін сипаттайтын индекс. Осы индекс өзгермелі құрам индексін тұракты құрам индексіне болу арқылы аныкталады. Тұракты құрам индекстері есепті кезеңнің салмағы бойынша есептеледі, сондыктан оларды толықтыратын құрылым индекстері индекстер жүйесін құру үшін базистік кезеңнің салмағы бойынша есептеледі.

Құрылымдық топтар – жиынтықтың құрамын сол немесе басқа белгілер бойынша зерттеу.

Маусымдық ауытқулар – динамика қатарындағы жыл ішіндегі өндірістің немесе осы тауарды тұтынудың айрықша жағдайларына байланысты көп те емес, аз да емес ауытқулары.

Маусымдық индекс (I) – аттас айлары (токсандары) бойынша накты денгейлердің тегістелген денгейлерге пайыздық қатынастардан есептелген оргаша шамалар. Бұл ретте бірнеше жылдың (әдетте үш жылдан кем емес) деректері алынады.

Медиана – вариациялық қатардың орташасында болатын вариантта. Медиана қатарды тен бөледі, оның екі жағында жиынтық бірдей бірлік саны болады.

Мемлекеттік статистикалық есептілік – жалпы мемлекеттік және ведомствоның бақылаулар, сол кезде жеңе тұлғалар, заңды тұлғалар мен олардың құрылымдық

бөлімшелері мемлекеттік статистика органдарына Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен, хабарланатын мәліметтерді бери мен олардың дұрыстығы үшін жауапты тұлғалардың колы қойылған есептер табыс етеді.

Механикалық іріктелетін типтік іріктеме – механикалық іріктеу мен типтік іріктеудің белгілері үйлесетін іріктеме әдісі. Бас жиынтықтың бірліктерін топтастыру бейтарап белгі бойынша емес зерттегендегі көрсеткіштерге айтарлықтай ықпал ететін белгі бойынша жүргізіледі. Бұл іріктеме қатесін азайтуға және оның санын кемітуге мүмкіндік береді.

Механикалық іріктеу – бас жиынтық аралықтарға бөлінетін, содан кейін бірінші аралықта бірлік кездейсок таңдалады, содан кейін оны барлық қалған аралықтарда таңдайтын әдіс.

Мода – осы жиынтықта өте жиі кездесетін белгінің мөлшері (варианты). Вариациялық катарда бұл жиілігі жоғары варианты болады.

Моменттік (мезеттік) көрсеткіштер – құбылыстың белгіленген уақыт сәтіндеңі жай-куйін сипагтайдын көрсеткіштері (жыл соңындағы халықтың, жұмысшылардың, кәсіпорындардың, машиналар мен жабдықтардың, малдың және т.б. саны).

Монографиялық сипаттау – бірлі-жарым, алайда үлгі объектілерді, мысалы жекелеген кәсіпорындарды, аудандарды және т.б. егжей-тегжей зерттеу үшін пайдаланылатын жарапай емес зерттеудің бір түрі.

Натуралды (заттай) көрсеткіштер – заттай өлшеу бірліктерінде көрсетілген абсолюттік көрсеткіштер. Натуралды (заттай) көрсеткіштер жай (мысалы электр станциясының куаты – киловатта, ал тасымалданған жүктің көлемі – тоннада) құрамадас (өндірілген электр энергиясының мөлшері – киловатт-сағатта, ал жүк айналымы – тонна-километрде) көрсетіледі. Сондай-ақ шартты өлшеу бірліктері қолданылады (мысалы, әр түрлі отын түрлері жану жылуулығы 7000 ккал/кг деңгейінде қабылданған шартты отын тонналарына, ал сыйымдылығы әр түрлі консерві қалбырлары сыйымдылығы 353,4 куб. см. шартты қалбырға ауыстырылады).

Негізгі массив тәсілі бойынша бақылау – зерттелуге тиіс фактілердің айтарлықтай белгілі жинақталған ен ірі бақылау бірліктері таңдалатын жаппай емес бақылаудың бір түрі.

Нәтижелілік белгісі – бөлү қатары бірлігінің факторлық белгі деп аталатын және оның маңызын анықтайтын басқа белгімен өзара байланыста болатын белгісі.

Номенклатура – жиынтықтың жекелеген түрлерінің жүйеге келтірілген толық тізбесі.

Нұсқаулық – есептілік нысаны мен зерттеу бланкісіне қоса тіркелетін, сонымен бірге қосымша түсініктеме берілетін арнайы статистикалық құжат.

Огива – орын ауыстырған осьтерге құрылған кумулят.

Орташа шама – бір текес құбылыстар жиынтығының қайсы бір саны вариацияланатын белгі бойынша корытып талданған сипаттамасы. Орташа шама жиынтық бірлігіне жатқызылған осы белгінің деңгейін көрсетеді.

Орташа шамалардың мажоранттық ережесі – осы ережеде орташа шаманың дәрежесінің көрсеткіші неғұрлым көп болса, сол бір бастапқы статистикалық материалды пайдаланғанда оның шамасы солғұрлым көп болады деп қарастырылады.

Осцилляция коэффициенті (v_R) – вариацияның шегі (R) мен арифметикалық орташа шаманы салыстыру көрсеткіші.

Өзгермелі құрам индексі – екі кезеңнің өз кезеңдерінің салмағы бойынша өлшенген орташа көрсеткіштерінің қатынасы.

Өзін-өзі тіркеу – зерттелетін түлғаның бланкті өзі сұраптарға түсінік ала отырып толтыруы. Арнайы бөлінген қызметкер тағайындалған уақытта толтырылған бланктерді жинап, олардың толық және дұрыс толтырылуын тексереді.

Өсу қарқыны (Tu) – бір кезен катарының деңгейлерінің екіншіге қатынасы. Өсу қарқыны катардың барлық деңгейлері база ретіндегі кабылданған кайсы бір кезеңнің деңгейіне қатысты болғанда базистік ретіндегі немесе әрбір кезеңнің деңгейлері откен кезеңнің деңгейлерімен арақатынаста болғанда тізбекті ретінде есептеледі. Коэффициентте, пайызыда, промилледе және т.б. есептеледі.

Өсім қарқыны (T_{ay}) – абсолюттік өсуді бастапқы деңгейдің шамасына (коэффициенттер) бөлу және 100-ге көбейту (пайыздар) арқылы есептеледі.

Өсімнің 1%-дық абсолюттік мәні – абсолюттік өсуді өсу қарқынына бөлуден алынған бөлінді.

Полигон – x осінде вариант, ал y осінде – жиілік көрсетілетін дискреттік вариациялық қатарды графикалық көрсету.

Репрезентативтілік (көрнектілік) қателері – іріктеме жиынтық бас жиынтыкты қалай көрсететінін (таныстыратынын) білдіреді. (Іріктеме қатесін де қараңыз).

Ресми статистиканың негізін қалайтын қағидалары – БҮҰ мүше-елдері ресми статистикасының БҮҰ Статистикалық комиссиясы Нью-Йорктегі арнайы сессияда 1994 жылғы 11-14 сәуірде қабылдаған қағидалары.

Салыстыру көрсеткіші – әр түрлі объектілерге немесе аумақтарға жататын, алайда сол бір уақыт кезеңімен (мезетімен) аттас көрсеткіштерді салыстыруды сипаттайтын қатысты көрсеткіш.

Сандық белгілер – саны вариацияланатын белгілер (жұмыс өтілі, енбекакы). Альтернативті белгілер атрибутивтік белгілердің бір түрі болып табылады.

Сапа көрсеткіштерінің индексі – зерттелетін объектілердің құбылысының сапа-лық маңызын (бағалардың, өндірістің өзіндік құнының, енбек өнімділігінин, астық түсімділігінің және т.б.). көрсететін индекстер.

Саулдама тәсілі – экспедициялық (ауызша) саулдама, өзін-өзі тіркеу, корреспонденттік тәсіл.

Сериялық іріктеме – жиынтықтың жекелеген бірліктерін емес толыктай серияла-

ры (ұялары) кездейсок іріктелетін іріктеме әдісі. Серия ішінде барлық бірліктер жаппай іріктеледі.

Статистика – жаппай қоғамдық құбылыстардың сапалық мазмұнын сан жағынан зерттейтін ғылым. Статистиканың жалпы теориясы мен әлеуметтік-экономикалық статистикаға бөлінеді.

Статистикалық бақылау – әлеуметтік-экономикалық өмірдің құбылыстары мен процестері жөніндегі деректерді алдын ала әзірленген бағдарлама бойынша жоспарлы, ғылыми жағынан үйімдастырып жинау.

Статистикалық бақылау бағдарламасы (бір жакты) – статистикалық бақылау өткізген кезде жауап алынуы тиіс сұраптардың тізбесі.

Статистикалық бақылау бағдарламасы (көн магынада) – бақылауды жүргізудің мақсаты мен міндеттері, дерек жинау, оларды есептеудің нысан, сауалнама, анкета, санақ парагы, есеп бланкісі мен оларды есептеу әдістемесі және статистикалық бақылауды жүргізу жөніндегі нұскаулық түріндегі әдістемесі.

Статистикалық бақылау объектісі – зерттелетін объектінің статистикалық мәлімет жинауды тиіс бірліктерінің жиынтығы.

Статистикалық бақылауда фактілерді есепке алу тәсілдері – үш тәсіл колданылады: 1) зерттеу процесінде фактілерді тікелей есепке алу; 2) жасау сәтінде фактілерді құжатпен есепке алуға негізделген есеп; 3) адамдарға сұрақ беруге негізделген есеп.

Статистикалық бақылауды үйімдастыру нысандары – екі нысан: 1) статистикалық есептілік; 2) арналы үйімдастырылған статистикалық зерттеу.

Статистикалық бақылаудың жиынтық бірліктерін қамту толықтығына байланысты түрлері – жаппай және жаппай емес бақылаулар.

Статистикалық бақылаудың қатесі – көрнектілік қатесі мен тіркеу қатесі деп аталатын екі топқа бөлінеді.

Статистикалық бақылаудың мақсаты – нақты әлеуметтік-экономикалық процестер туралы акпарат жинау.

Статистикалық бақылаудың міндеттері – ең кыска мерзімде заттардың нақты жағдайын шынайы баяндайтын дұрыс және толық бастапқы акпарат алу.

Статистикалық бақылаудың фактілерді оқта-текте есепке алуға байланысты түрлері – ағымдағы (тұрақты), кезенді және біржолғы.

Статистикалық баланс – өзара теңдік белгісімен байланысты абсолюттік шаманың екі сомасынан тұратын көрсеткіштер жүйесі.

Статистикалық жинактау – зерттелетін құбылыс үшін маңызды бірқатар белгілер бойынша қорытып галданған сипаттама алу мақсатында бастапқы деректерді ғылыми өндеу.

Статистикалық есептілік – кәсіпорынның жұмысы туралы статистикалық бар, арналы нысанға енгізілген және статистикалық органдарға табыс етілген ресми құжат.

Статистикалық жиынтық – бірнеше сапа негізімен бірліктілген, алайда өзара бірката белгімен ерекшеленетін сол бір түрдегі жекелеген бірліктердің массасы.

Статистикалық кесте – статистикалық жиынтықтың жиынтық сандық сипаттамасын беретін кесте.

Статистикалық көрсеткіш – қоғамдық құбылыстардың сапасы белгілі сандық өлшемі.

Статистикалық санақ – арнайы үйымдастырылған статистикалық бақылау, оның міндеті кайсы бір құбылыстың санының толық есебі мен құрамының сипаттамасын осы құбылыстың құрайтын әрбір бірліктік статистикалық формулярына жазу арқылы арнайы үйымдастырылған статистикалық бақылау. Санак екі түрге болінеді: 1) кәсіпорындардың бастапқы есебінін материалдары негізінде (біржолғы есеп); 2) фактілерді арнайы үйымдастырылған тіркеу негізінде (халық санағы, ауыл шаруашылығы санағы).

Статистикалық формуляр – есептілік бланкісі немесе зерттеу бланкісі. Мынадай формулярлар қолданылады: 1) жиынтық бірліктерінің топтары жөнінде мәлімет болатын тізімдік; 2) жиынтықтың жекелеген бірліктері жөніндегі дөректер енгізілетін жеке.

Статистиканың жалпы теориясы – статистиканың ықтималдық теориясына негізделген тарауы. Ол қоғамда, экономикада, өндірісте, табиги құбылыстарда жаппай вариацияланатын құбылыстардың санын көрсету, талдау мен модельдеуді зерттейтін және оның әдістерін әзірлейтін кең салалы әдіснамалық ғылым болып табылады.

Сызықтық вариация коэффициенті (v_d) – орташа сызықтық ауытқу (\bar{d}) мен арифметикалық орташа шаманы салыстыру көрсеткіші.

Сызықтық корреляция коэффициенті – вариацияланатын белгілердің олардың орташа мағынасынан стандартталған ауытқуларын салыстыру негізінде құрылған көрсеткіш. Эмпирикалық және теориялық корреляциялық катынаспен салыстырғанда сызықтық корреляция коэффициенті байланыстың тығыздығы ғана емес, сонымен бірге оның бағытын – 1-ден +1-ге дейін өзгертіп көрсетеді.

Талдап қорытылған көрсеткіштер – бірліктер жиынтығын жалпы және топтар бойынша сипаттайтын көрсеткіштер. Статистикада талдап қорытылған көрсеткіштер абсолюттік, катысты және орташа болуы мүмкін.

Теориялық корреляциялық катынас – белгі-фактормен байланысты вариацияны өлшейтін көрсеткіш. Нәтижелілік белгісінің нақты мағыналарының оның мағынасының орташа шамасынан ауытқуын өлшейтін жалпы дисперсия мен нәтижелілік белгісінің теориялық мағынасының оның нақты мағынасынан ауытқуын өлшейтін дисперсияның арасындағы айырманың негізінде бағаланады. Осы айырма жалпы дисперсияның мағынасына бөлінеді және алынған нәтижеден квадраттық түбір алынады.

Типологиялық топтар – жиынтыкты сапасы біркелкі топтарға бөлу (әлеуметтік-экономикалық типтерді жеке бөлу).

Типтік іріктеу – зерттелетін көрсеткіштердің вариациясына ықпал ететін белгілерге (типтер жеке бөлінеді) бөлінген жиынтық бірліктерін кездейсок іріктеу.

Топаралық вариация (δ^2) – топтастыру белгісіне байланысты вариация. Егер топтық орташа шаманы вариант ретінде қарастырып, олардың ауытқуын жалпы орташа шаманың айналысында есептесек, бұл жағдайда жалпы вариацияның осы бөлігін тікелей өлшеуге болады.

Топ ішіндегі вариация (σ^2) – белгілердің топ ішіндегі, топ ішіндегі дисперсиялардың орташа шамасымен өлшенетін вариациясы.

Топтастыру – зерттелетін құбылысты маңызды белгілер бойынша бөліктеге бөлу.

Топтық индекстер – жиынтық элементтерінің бөліктерін қамтитын индекстер. Мысалы, өсімдік өсіру шаруашылығы мен мал шаруашылығы өндірісінің индекстері топтық болып табылады.

Хұракты құрам индексі – есепті кезеңнің сандары бойынша есептелеңтін сапа көрсеткіштерінің индекстері.

Хізбекті индекс – зерттелетін құбылыстың 100% ретінде кабылданған өткен кезеңмен салыстырғанда белгіленген кезең ішінде өзгеруін сипаттайтын индекс.

Тік сзықты және қисық сзықты корреляциялық байланыстар – таңдалған теориялық байланыс нысанының аналитикалық түрде көрсетуге байланысты және сзықтық немесе сзықтық емес функциямен (параболамен, гиперболамен, жартылай логарифмдік қисық сзықпен, өкілдік қисық сзықпен және т.б.) көрсетілуі мүмкін болуына орай ерекшеленеді.

Тікелей және кері байланыстар – нәтижелілік белгісінің өзгеру бағытына байланысты ерекшеленеді. Белгі факторлық белгі өзгеретін бағытта өзгерсе, онда байланыс тікелей, ал баска жағдайда – байланыс кері болады.

Тікелей қайта есептеу тәсілі – ішінара бақылаудың деректерін бас жиынтыкка тарату тәсілі. Осы тәсіл қолданылғанда бас жиынтыктың көрсеткіштері ірік-теген орташа шама немесе іріктелген үлестердің негізінде есептеледі.

Тіркеу кателері – жекелеген фактілерді тіркеу кезінде туындастын кателер. Тіркеу кателері өзінің ерекшелігі бойынша кездейсок (қасақана емес), немесе әдей істелген (қасақана) болуы мүмкін.

Үйлестіру көрсеткіші – бүтіннің жекелеген бөліктерінің аттас шамаларының арақатынасын сипаттайтын қатысты көрсеткіш. Осы бөліктердің біреуі салыстыру базасы ретінде қабылданады.

Фактілердің тікелей есебі – жиынтыктың бірліктерін жеке санау, яғни қарастырылу, санау, өлшеу, салмағын өлшеу және т.б. арқылы қажетті мәлімет алу.

Фактілердің құжаттама есебі – деректердің жүйелі құжаттамалық есебіне негізделетін есебі, кейін осының негізінде статистикалық есептілік нысандары толтырылады.

Факторлық белгі – бөлу катарының өзара байланыста болатын басқа белгінің мағынасын анықтатын және нәтижелік белгі деп аталатын бірлігінің белгісі.

Фехнердің белгі корреляциясы коэффициенті – байланысты сандық белгілердің мағыналарының орташа шамалардан ауытку белгілерін салыстыру негізінде бағалайтын көрсеткіш.

Функционалдық байланыстар – белгі-функцияның толыктай және бір мағынаға өзгеруі белгі-дәлелдің өзгеруімен анықталатын толық, қатаң байланыстар. Мысалы, шенбердің ауданы толыктай оның радиусымен анықталады: $S = \pi \times r^2$.

Халық санағы – халыктың саны, орналасуы мен құрамы жөнінде дерек алу мақсатында арнайы үйымдастырылатын статистикалық бақылау.

Хронологиялық орташа шама – мезеттік катардың орташа деңгейін қатардың орташаша деңгейін кезеңнің басы мен соңындағы жағдайға қалыптасқан деңгейлердің жартылай сомасы ретінде анықтау арқылы есептеу.

Ценз – зерттелетін жиынтықтың барлық бірліктерін қанағаттандыруы тиіс шектеу белгісі.

Шагын іріктеме – бірлік саны 20-дан аспайтын іріктеме. Шагын іріктемеде іріктеудің орташа және шекті кате есебінің формуаларда көрсетілетін өзіндік ерекшеліктері болады.

Шынайы-кездейсок іріктеу – бүкіл жиынтықтың кез келген бірлігін бақылаудың абсолюттік тең мүмкіндігін қамтамасыз ететін іріктеме әдісі.

Іріктеме жиынтық (п) – жиынтықтың іріктең зерттелетін бөлігі.

Ішінара бақылау – жаппай емес бақылаудың байқалатын жиынтықтың бірліктерін кездейсок іріктеу арқылы үйымдастырылатын бір түрі.

Ішінара бақылау деректерін бас жиынтыққа тарату тәсілдері – тікелей қайта есептеу тәсілі мен коэффициенттер тәсілі.

Іріктеме кате – іріктелген үлес пен іріктелген орташа шаманың бас жиынтықтағы үлес пен орташа шамадан ауытқуының ықтимал шектері.

Іріктеменің шекті катесі (Δ) – сенімділік коэффициентіне (t) көбейтілген, шекті кате t -есе орташа катеден аспайтынына кепілдік беруге болатын ықтималдыққа тәуелді кате.

Экспедициялық сауалдама – зерттелетін тұлғаны арнайы тағайындалған тұлғаның (тіркеушиңің немесе интервью алушының) сұрауы және осының негізінде саудама парагын толтыруы.

Экстраполяция – құбылыстың одан әрі дамуын регрессия теңдеуінің негізінде болжуа.

Эмпирикалық корреляциялық катынас (η) – факторлық және нәтижелік белгінің арасындағы байланыстың тығыздығын сипаттайтын көрсеткіш. Ол детерминация коэффициентінің квадраттық түбірі болып табылады.

«ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ СТАТИСТИКА» II БӨЛІМІНЕ ГЛОССАРИЙ

Ағымдағы трансфертерге табыска салынатын ағымдағы салықтар (үй шаруашылықтары мен кәсіпорындар үнемі төлейтін); сактандыру төлемдері мен сактандыру өтемақылары; ағымдағы халықаралық ынтымақтастық, табиғи зілзалаардан кейінгі жедел жәрдем; өсім, айыппұл; сот шығындарының төлемдері; лотереялар мен құмар ойындарда төленетін ұтыстар.

Адамның даму индексі – үш индекстің, яғни өмір сүрудің ұзактығы, білім алу, жан басына шағылған нақты жалпы ішкі өнім деңгейінің арифметикалық орташа шамасы ретінде есептеледі.

Айналым капиталы – бір өндірістік циклде немесе қысқа күнтізбелік кезең ішінде (бір жылдан аспайтын) тұтынылатын, сондай-ақ жасалған өнімге заттай кіретін және өзінің құнын оған толықтай көшіретін еңбек заттары.

Айналыстағы акша – заңды және жеке тұлғалар тауарлар мен қызметтерді төлеу құралы, құрал-жабдық құны мен қорландыру қаражаты ретінде банктен тыс ұстайтын акша сомасы (банкnota, монета).

Активтер мен пассивтер балансы есептеу арқылы жиынтығы макроденгейде үлттық байлыкты немесе елдің үлттық капиталын құрайтын экономика секторының «меншікті капиталдың таза құны (тозуды шегергенде)» көрсеткішін шыгаруға мүмкіндік береді.

Активтер мен пассивтердегі өзге өзгерістер шоғында активтер мен пассивтер құнының табиғи зілзала, соғыс салдарынан өзгеруі көрсетіледі.

Акциялар мен капиталда үлестік қатысудын басқа да түрлері (үлестік жарна) – менишік исесінің акционерлік қоғамның меншігіндегі үлесін, асіресе кәсіпорын құйзелген, банкрот болған жағдайда растайтын, сондай-ақ пайданың бөлігін дивиденд түрінде алуға құқық беретін бағалы қағаздар; олар шын мәнінде борыштық міндеттеме болып табылмайды.

Ақша айналымының саны ақша бірліктері мен төлем құралдарының ЖІӨ-ге қызмет көрсету кезеңіндегі қайталауының (есенің, айналымының) оргаша салын көрсетеді.

Ақша базасы – Қазақстан Республикасының Үлттық банкі белгілейтін ақша.

Ақша массасы – шаруашылық айналымына қызмет көрсететін сатып алу және акшалай қаражаттың жиынтық көлемі (ЖІӨ).

Арнайы қарыз алу құқыктары (АҚҚ) – ХВҚ жасайтын халықаралық резерв активтер. АҚҚ жасалатын операциялар осы елдің және әлемнің тиесті қалған елдерінің қаржы органдарының қаржы шоттарында жазылады. АҚҚ-ын тек ресми органдары, әдетте ХВҚ мүше елдердің орталық банктері ғана ұстайды. Құқыктар ХВҚ арнайы қарыз алу құқыктары департаментіне кіретін бір катысушылардан басқаға, сондай-ақ ХВҚ белгілеген бір ұсташылардан

басқа ұстаушыларға беріледі. АҚҚ әр ұстаушының басқа резерв активтерді, атап айтқанда шетел валютасын алуға кепілді және шубәсіз құқығын білдіреді. АҚҚ құны валюта коржынының негізінде күн сайын анықталады.

Атаулы енбекақы мен атаулы табыстар – бұл осы көрсеткіштердің ағымдағы бағада ақшаға шағылуы.

Ауыл шаруашылығы өнімі – өсімдік өсіру шаруашылығы мен мал шаруашылығы «шикі» өнімдерінің, яғни бастапқы, басқа салаларда өндемеген өнімдердің жиынтығы.

«Ауыл шаруашылығы» саласы өнімінің шығарылымы оның салаларының шығарылымдарының сомасы, яғни өсімдік шаруашылығының шығарылымы плюс мал шаруашылығының шығарылымы плюс ауыл шаруашылығына көрсетілетін қызметтердің құнының сомасы ретінде анықталады.

Аяқталмаган өндіріс – кәсіпорын өндей бастаған, алайда басқа институционалдық бірліктерге жеткізу үшін бір мекеме (цеҳ) шегінде аяқталмаган заттар.

Әлеуметтік транфертер – мемлекеттік бірліктер үй шаруашылыштары мен коммерциялық емес ұйымдарға әлеуметтік жәрдемакы және жеке меншік нарықтық емес тауарлар мен қызметтер түрінде береді.

Бағалы қағаздар – акшалай, ресми түрде ресімделген құжаттар. Осы құжаттардың иесі оларды табыс ету немесе беру арқылы оларды шығарған тұлғаға қатысты мүліктік құқықтарын раставды. ҚАҚ-та барлық бағалы қағаздар келесі екі экономикалық категорияға бөлінеді.

Байланыс саласының шығарылымы келесі қызметтердің түрін, яғни байланыс кәсіпорындарының пошта, кезеңді баспасөз, жіберілген затты жеткізуден, пошта маркілерін, ашық хат және т.б. сатудан алатын табысының; телефон және телеграф арналарын пайдалану, телефон орнату төлемінің, радио мен теледидардан түсетін түсімнің; жеке адамдарға қызмет көрсетуден түсетін табыстың сомасымен анықталады.

Борыштық міндеттемелер – қарыз алушы қарыз қаражат алғанда кредиторға беретін қарызға алынған сома мен оның шарттары жазылған құжаттар. Борыштық міндеттемелердің ерекшелігі – белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін тіркелген табысты камтамасыз етіп иеге кайтарылуы (облигациялар, индекстелген бағалы қағаздар, вексельдер, депозиттік сертификаттар, жекешелендіру чектері).

Белу операциялары – табыстармен жасалатын операциялар; енбекақы, пайда, пайыздар, барлық трансфертер (салыктар, әлеуметтік төлемдер).

Бөлшек сауда тауар айналымы – кәсіпорындардың, жеке тұлғалардың халыкка түпкілікті тұтыну үшін тауар сатуы.

Белінбекен табыс – таза табыстан дивиденд шегеріліп анықталады.

Буындылық коэффициенті – қайта сату санының көрсеткіші, жалпы тауар айналымының таза тауар айналымына катынасы ретінде есептеледі.

Бүкіл өнімнің өзіндік құны – өнімнің белгіленген көлемі мен құрамын жасап сатуға жұмысалған шығынның жалпы сомасы.

Бюджет шығысы – кайтарылатын төлемдер, ақылы және өтеусіз, ағымдағы және күрделі.

Бюджеттік жіктеу – табыстар мен шығыстарды мемлекеттік басқару органдарының бюджеттік қызметтің сипаттайтын біртекtes белгілер бойынша жүйелі, заңды түрде топтастыру.

Даяр өнім – өндіруші басқа институционалдық бірліктерге жеткізгенге дейін өндірушілерде сақталатын тауарлар. Олар белгіленген стандарттарға жауап береді, сертификатпен жабықталған, толықтай қапталған, осы кәсіпорында ешқандай өндеуді қажет етпейді.

Дебиторлар мен кредиторлардың өзге шоттарына сауда (коммерциялық) кредиті, жұмыс үшін төленетін аванс, өзге дебиторлық (кредиторлық) берешек, (мерзімінде төленбеген пайыз бойынша берешек) кіреді.

Депозиттер – бұл кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, халықтың салымдары.

Дефлятор бағалардың жынытық деңгейін, яғни экономикадағы жыл ішіндегі бағаның орташа бағасын сипаттайды; бұл жалпы ішкі өнімнің атаулы құнының оның накты құнына қатынасы ретінде есептелетін бірліктілік баға индексі.

Джини коэффициенті – халықтың бүкіл табыс сомасының халықтың квинтильдік топтары арасында бөлінуін сипаттайды.

Елдің ұлттық байлығы – елде жинақталған экономикалық активтердің тауар өндіруге, қызмет көрсетуге және адамдардың өмір сүруін қамтамасыз етуге арналған қаржы емес және таза қаржы активтерінің белгіленген уақыт сәтінде жинақталған жынытығы.

Еңбек ететін халық (еңбек ресурстары) – еңбек етуге қабілетті халық, яғни накты жұмыс істейтін және экономикада жұмыс істемейтін, алайда еңбек ете алатын ықтимал қызметкерлер.

Еңбек өнімділігі – еңбектің еңбек шығынының бірлігіне шағылған өнімнің белгіленген мөлшерін шығару қабілеті.

Еңбек өнімділігінің жалпы (жынытық) көрсеткіштері – осы уақыт кезеңінде жұмысшылардың (жұмыс істейтіндердің) жынытығының бір немесе бірнеше жұмыс түрін орындаған кездегі өнімділігін көрсетеді. Жұмысшының (қызметкердің) жұмыс уақыты бірлігіндегі орташа өнімділігі ретінде есептеледі.

Еңбек өнімділігінің индексі – капитал қайтарымы индексі мен еңбектің капитал мен жарактандырылу индексінің көбейтіндісіне тең.

Еңбек өнімділігінің көрі көрсеткіші – еңбек сыйымдылығы – өнім бірлігін өндіруге жұмысалған еңбектің мөлшері.

Еңбек өнімділігінің құндық көрсеткіштері – жұмыс уақытының бірлігінде немесе бір қызметкер өндірген өнімнің құны.

Еңбек өнімділігінің натуралды (заттай) көрсеткіштері – жұмыс уақыты бірлігінде немесе бір қызметкер табиғи түрде өндірген өнімнің саны; ел деңгейінде тек біркелкі өнім түрлері бойынша немесе жекелеген өндіріс деңгейінде есептеледі.

Еңбек өнімділігінің тікелей көрсеткіші – шығарылым – еңбек шығынының бірлігі жұмсалып шығарылған өнімнің мөлшері.

Еңбекке қабілетті жастағы еңбекке жарамды халықтың саны еңбекке қабілетті жастағы халықтың санынан (тұракты) әлеуметтік корғай органдарында зейнет-акы алатын, еңбекке жарамды жастағы жұмыс істемейтін I және II топтағы мугедектердің саны мен еңбекке қабілетті жастағы, жеңілдікпен жасы бойынша зейнетакы алатын жұмыс істемейтін зейнеткерлердің саны аз.

Еңбекке қабілетті жастағы халық – халықтың КР еңбек заңнамасына сәйкес ой енбегімен және дене енбегімен айналыса алатын бөлігі (ерлер 16–63 жас арасы мен әйелдер 16–58 жас арасында).

Еңбектің капиталмен жараптандырылуы (қормен жараптандырылуы) – бір орташа тізімдік қызметкерге орташа шағылған негізгі капиталдың көлемін көрсетеді.

Жалдамалы емес (өздері жұмыс істейтін) қызметкерлер – үй шаруашылықтарының мүшелерінің иелігіндегі корпоративтік емес кәсіпорындарда немесе дербес өз есебінен табыс алатын жұмысы бар азаматтар.

Жалпы қолда бар ұлттық табыс – ұлттық табыстан шетелден алынған және шетелге берілген ағымдағы трансфертер сальdosының мөлшерімен ерекшеленеді.

Жалпы өнірлік өнім өнірдің (облыстың, ауданның, қаланың) экономикалық қызметтің сипаттайтын және КР өнірлерінің негізгі бағаларындағы жалпы қосылған құндардың сомасы ретінде анықталады.

Жалпы пайда немесе экономиканың жалпы аралас табыстары екі альтернативті көрсеткіш болып табылады. Пайда жалдамалы қызметкерлері бар қаржы және қаржы емес корпорациялар секторларының кәсіпорындары бойынша сальдо арқылы жалпы қосылған құн минус еңбекакы минус өндіріске салынатын басқа да таза салыктар ретінде анықталады. Аралас табыс жеке немесе басқалармен әріптес болып, еңбек немесе лауазымдық жалакы түрінде сыйакы алмай жұмыс істейтін корпоративтік емес кәсіпорындар бойынша анықталады.

Жалпы табыс мынаған тен: өнім сатудан түскен табыс минус сатылған өнімнің өзіндік құны минус кезеңнің шығыстары (әкімшілік шығыстар).

Жалпы тауар айналымы – қайталама шотты қоса алғанда, тауардың өндірушіден тұтынушыға дейінгі қозғалыс жолындағы барлық сатудың сомасы.

Жалпы ұлттық жинақ ақша нақтыланған қолда бар ұлттық табыс минус түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстар ретінде есептеледі.

Жалпы ұлттық табыс – жалпы ішкі өнімнен оған жердің, капиталдың, еңбектің таза факторлық табыстары (ТФТ) косылуына байланысты сан жағынан ерекшеленеді.

Жалпы ішкі өнім резидент-бірліктердің қызметінің осы елдің экономикалық аумағындағы есептегі кезең ішіндегі нарықтық бағадағы түпкілікті нәтижесін білдіреді.

Жалпы ішкі өнім болу әдісімен (табыс жасау әдісімен) резидент-өндірушілердің бастапқы табыстарының: ішкі экономика мен қалған әлем секторлары қызметкерлерінің; өндіріске салынатын басқа да таза салықтардың; экономиканың жалпы пайдасы мен жалпы аралас табыстардың сомасы ретінде анықталады.

Жалпы ішкі өнім түпкілікті пайдалану әдісімен тауарлар мен қызметтерді түпкілікті тұтынуға жұмсалған шығыстың, капиталдың жалпы қорланымының және тауарлар мен қызметтердің таза экспорттының сомасына тен болады.

Жалпы ішкі өнім өндірістік әдіспен экономиканың барлық салалары мен секторларының нарықтық бағадағы сомасы ретінде есептеледі.

Жартылай фабрикаттар – бір цехта өндіріс аяқталған, алайда басқа цехтарда, кәсіпорындарда одан әрі өңделуге тиіс өнімдер.

Жасты көшіру әдісі – халықтың әрбір жас тобы белгіленген жаста өмірдің шегіне жету деңгейін ескере отырып келесі (келешектегі) кезеңіне көшеді.

Жеке өнімділік индексі – жұмысшылардың өнім шығару немесе накты өнім өндірісі енбек сыйымдылығының көрсеткіштерінің өзгеруін сипаттайды.

Жиынтық өнімділік индексі (жалпы және топтық) – жиынтыктың (барлық жұмысшылардың, жұмыс істейтіндердің, кәсіпорынның, өнірдің, елдің) барлық бірліктері өнімділігінің бірлесіп өзгеруінің жиынтық нәтижелерін билдіреді.

Жұмыс уақыты – қызметкер жұмысты немесе басқа да енбек міндеттерін орындаған немесе орындауға тиіс уақыттың ұзақтығы.

Жұмыс уақытының барынша көп ықтимал қоры (колда бар уақыт) – белгіленген уақыт ішінде енбек заңнамасына сәйкес жұмыс істелуі мүмкін барынша көп жұмыс уақыт саны (кезекті демалыс уақытын есептегендеге).

Жұмыс уақытының қоры – жұмысшылардың өнім өндіруге жұмсалған уақытының шығыны, адам-күнде және адам-сағатта есептеледі.

Жұмыс уақытының (күнтізбелік, табельдік, ең ықтимал жоғары) қорын пайдалану коэффициенттері – жұмыс істелген уақыт қорын тиісті теориялық ықтимал жұмыс уақытының қорына бөлуден алынған бөлінді ретінде анықталады.

Жұмыс істелген уақыт қоры – өнім өндіруге накты жұмсалған жұмыс уақытын көрсетеді.

Жұмыс істелмеген уақыт – орынды себептермен пайдаланылмаган уақыт (ауру, демалыс және занда рұксат етілген басқа демалыс) және орынсыз себептермен

жұмысқа келмеу – жұмыс уақытының ысырабы (бос түрү, жұмысқа себепсіз келмеу).

Жұмыспен қамтылған халық – экономикада жасына қарамастан накты жұмыс істейтін халық.

Жұмыссыз халық – жұмысы жок (табыс экелетін жұмысы), алайда жұмысты белсенді түрде экономикалық белсенді жастағы (15 және одан жоғары) халық.

Жұмысшының (қызметкердің) орташа айлық (тоқсандық, жылдық) өндірімі – бір жұмысшы (қызметкер) ай (тоқсан, жыл) ішінде өндірген өнімнің орташа көлемі, ай (тоқсан, жыл) ішінде өндірілген өнім көлемінің жұмысшылардың (қызметкерлердің) тиисті кезеңдегі орташа-тізімдік санына қатынасы ретінде есептеледі.

Зайдар (несие) – кредитор тікелей борышкерге беретін, сондай-ақ құжатпен ресімделетін және басқа тұлғага берілуі тиіс емес қаржы құралы (тұтыну кредиті, сатып алуға және бөліп төленетін кредит, несие және коммерциялық кредитті қаржыландыру, қаржы лизингі туралы келісім).

Инвестициялар – табыс (пайда) алу немесе он әлеуметтік эсерге жету мақсатында акша капиталын қаржы емес активтер мен елдің іші мен шетелдегі құрылышқа салу.

Инвестициялардың осімін қаржыландыру жалпы ұлттық жинақ акша плюс күрделі трансферттердің сальdosына тең.

Институционалдық бірлік – активтері бар, міндеттеме қабылдауға және экономикалық қызмет пен басқа бірліктермен операция жасауға қабілетті экономикалық дербес тұлға (жеке, занды).

Капитал қайтарымы – негізгі капиталды тиімді пайдаланудың, сондай-ақ негізгі капиталға салынған әрбір теңге (салыстырмалы бағада немесе тұрақты бағада) ақшадан алынған өнімнің көлемін сипаттайтын басты көрсеткіш.

Капитал құрау немесе Қазақстан Республикасының жалпы капитал корланымы – мыналардың, яғни а) негізгі капиталдың жалпы корланымының; ә) материалдық айналым қарражаты қорының өзгеруінін; б) құндылықтарды таза сатып алушын сомасы ретінде қалыптастырылады.

Капитал сыйымдылығы – капитал қайтарымының көрі көрсеткіші, негізгі капиталдың орташа құнының алынған өнімнің (пайданы) көлеміне қатынасы.

Капиталмен жасалатын операциялар шоты негізгі және айналым капиталының, құндылықтардың, материалдық емес және қаржы активтерінің корлану процесін, сондай-ақ күрделі шығындарды қаржыландыру көздерін сипаттауға арналған.

Капиталмен жасалатын операциялардан түсетін табыска күрделі активті сатудан түсетін табыс, мемлекеттік емес көздерден түсетін күрделі салымға салынатын ерікті журналар кіреді.

Кедейшілік деңгейі – халыктың тұтыну деңгейі ең төменгі күнкөріс деңгейінің молшерінен төмен үлесі.

Кино- және бейнетаспа өнімінің шығарылымы – жалға беру төлемінің көлемінде есептеледі.

Көлік саласының (тас жол шаруашылығын қоспағанда) шығарылымы жүк және жолаушылар тасымалынан, пошта тасымалдаудан, тиуе-түсіру жұмыстарынан, койма үй-жайларын пайдаланудан алынған нақты табыстардың сомасы ретінде аныкталады.

Көтерме сауда тауар айналымы – өндірушілер мен сауда дедалдарының тауарды кейін қайта сату үшін өндірістік немесе көпшілік тұтынушыларға ірі топтармен сатуы.

Құндік орташа өндірім – бір жұмыс құні ішінде өндірілген өнімнің орташа көлемі, ол кезең ішінде өндірілген өнім көлемінің кәсіпорынның барлық жұмысшылар нақты жұмыс істеген адам-күн санына қатынасы ретінде есептеледі.

Құнтізбелік уақыт коры – белгіленген құнтізбелік қүн санын қызметкерлердің орташа тізімдік санына қоғайту.

Құрделі салымдар – жаңа, сондай-ак колданыстағы негізгі капиталды кенейтуге, қайта жаңартуға және техникалық қайта жарактандыруға жұмсалатын акша шығыны.

Құрделі трансфертер – кәсіпорындардың құрделі салымдарын мемлекеттік бюджеттен тегін қаржыландыру; капиталды жекешелендіру процесінде беру; откен жылдардың берешегін кешіру, мұра, сыйға беру, меншік құқығын беру нәтижесінде алынған негізгі капиталға салық салу; едәуір залал; 2 және одан астам жылда қордалған ірі шығынды жабу үшін ірі акшалай төлем төлеу; мектеп, кітапхана, зертхана салуға жұмсаған шығынды жабу үшін үй шаруашылыштарының, кәсіпорындардың жасайтын ірі қайыр көрсетуі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті – негізгі қаржылық жоспар – мемлекеттің акшалай каражатының өзінің функцияларын аткару үшін қажетті оргалықтандырылған қорының табысы мен шығысы туралы есебі.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің табыстары мен алынған реесми трансфертерінің экономикалық жіктемесі мынадай: табыстар (салық түсімдері, салық емес түсімдер, капиталмен жасалатын операциялардан түскен табыс) және алынған реесми трансфертер.

Қазақстан Республикасының резиденттеріне түсетін табысы қызметкерлердің еңбекақысы мен меншіктен түсетін табыстан құралады.

Қайта бағалау шотында қаржы және қаржы емес активтер мен пассивтердің иелері есепті кезең ішінде есептейтін оң немесе теріс холдингтік пайданы есепке алынады.

Қайта сатуға арналған тауарлар – көтерме сауда немесе бөлшек сауда саудагерлер қайта сату мақсатында сатып алған тауарлар. Көтерме сауда және бөлшек сауда саудагерлер қайта сатуға арналған тауарларды өндемейді, тек сату үшін

тартымды және қолайлы болу үшін тауардың түрін көркемдейді (жуады, сұрыптайды, орап-буады).

«Қалған әлем» секторы – осы елге катысты барлық шет елдерді біріктіреді.

Қалған әлемнің шоттарында осы елдің шет елдердің экономикаларымен жасалатын сыртқы экономикалық байланыстары көрсетіледі және оған сыртқы экономикалық байланыстар шоты, капиталмен жасалатын операциялар шоты мен қаржы есебі кіреді.

Қаржы активтері қаржы емес активтерден айырмашылығы олардың көпшілігі басқа институционалдық бірліктерге талап қояды, яғни оларға институционалдық бірліктердің арасында орнайтын шартты дебиторлық-кредиторлық катынастардың негізіндегі қаржы міндеттемелері қарсы тұрады.

Қаржы емес активтер – шықкан тегіне, «жасалу тәсіліне» байланысты өндірілген және өндірілмеген; материалдық және материалдық емес активке бөлінеді.

Қаржы операциялары – кредит алу, оларды өтеу, бағалы қағаз сатып алу және сату, сондай-ақ басқа қаржы құралдарымен жасалатын операциялар.

Қаржы шотында институционалдық бірліктердің қаржы активтерін сатып алу – мен және қаржы міндеттемелерін қабылдаумен байланысты жасайтын операциялар көрсетіледі.

«Каржылық емес корпорациялар» секторы – шығынды жабатын және табыс алғатын баға бойынша тауар өндіретін және қызметтер көрсететін институционалдық бірліктер (кейбір жағдайда ішінara мемлекеттік бюджеттің есебінен).

«Каржылық корпорациялар» секторы – қаржылық қызметтер, яғни делдалдық (мысалы, өз атынан кредит беретін) және қосалқы (кредит бермей акшалай қаражатты жұмылдырады) қызмет көрсететін институционалдық бірліктер.

Қоғамдық енбектің өнімділігі – жалпы ішкі өнімнің экономикалық белсенді халықтың орташа жылдық санына қатынасы ретінде анықталады.

«Қоғамдық тамактандыру» саласы өнімнің шығарылымына сатылған үстелме плюс тамақ жасау үшін пайдаланылған және өнделмей сатылған өнімдердің құны минус қосылған құн салығы минус өнімге салынатын басқа да таза салықтарға тең тауар айналымы кіреді.

Колда бар табыс – атаулы акшалай қаражат минус міндетті төлемдер мен жарналар.

Колма-кол акша – айналыстағы және төмел құралы ретінде пайдаланылатын банкнота мен монеталар (іс жүзінде айналыста нақты болмайтын ескерткіш монеталарды қоспағанда).

Қор сыйымдылығы – тауар корының тауар айналымына тауар айналымының бірлігіне қанша тауар қоры келетінін сипаттайтын қатынасы.

Құндылықтар – бұл өндіріс пен аралық тұтынуға арналған, өнеркәсіпте пайдалануға арналған экономикалық активтер (шикізат пен материалдан бас-

ка), олар үй шаруашылыктарында, коммерциялық ұйымдарда, мемлекеттік мекемелерде жинақтау құралдары ретінде сакталады. Құндылыктарға бағалы металдар мен асыл тастар, антиквариат, өнер туындылары, топтамалар, зергерлік бұйымдар жатады.

Құндылыктарды таза сатып алу құндылыктарды, яғни бағалы металдарды, тастарды, зергерлік бұйымдарды, антиквариатты және т.б. сатып алу мен олардың кетуунің арасындағы айырмаса тен.

Құрылымдық өзгерістердің орташа капитал қайтарымының индексі – орташа капитал қайтарымының бір фактордың есебінен, яғни негізгі капиталдың орташа құнындағы құрылымдық өзгерістердің есебінен өзгеруін көрсетеді.

Құрылыш өнімі – құрылыш, монтаж, жобалау-іздестіру ұйымдарының тікелей пайдалы, тек негізгі қызметтің нәтижесі.

«Құрылыш» саласының шығарылымы мына элементтердің сомасы ретінде анықталады:

- құрылыш-монтаж жұмыстарының құны;
- бейресми экономиканы, жасырын өндірісті есептеу;
- құрылыш объектілерімен байланысты геологиялық-барлау, бұрғылау және жобалау-іздестіру жұмыстарының құны;
- құрылыштың негізгі капиталын таратудан шегілген залал;
- жерлерді жаксарту жөніндегі жұмыстардың құны;
- объектілер мен уақытша токтатылған құрылыштарды консервациялауға жұмсалған шығындар;
- ғимараттар мен құрылыштарды құрделі жөндеу;
- ғимараттар мен құрылыштарды мердігерлік тәсілмен орындан құрделі жөндеу;
- жол салу және оны құрделі жөндеу;
- мемлекеттік бюджеттен емес өзге құрделі шығындар;
- мердігерлік және шаруашылық тәсілмен салынған жеке меншік тұрғын үйлердің, саяжайлардың құны.

Қызметтер – өндіруші тұтынушылардың тапсырыстары бойынша тұтыну заттарының, жай-күйін; тұтынушының денесінің, сана-сезімінің жай-күйін өзгерту үшін жүзеге асырылатын әр түрлі іс-кимылдар.

Лоренц коэффициенті – квадрат диагоналінің осы квадрат аланының жартысында біркелкі бөлінуінен ауытқу алаңының үлесі.

Лоренц кисық сзығы – тік бұрыш координата жүйесінде графикалық түрде: абсцисса осі бойынша – халық санының жинақталған жиіліктері (x), ордината осі бойынша – халықтың табысының жинақталған жиіліктері (y) көрсетіледі.

Материалдық айналым қаражаты қорының өзгеруі жыл сонында қайта сатуға даяр өндірістік қорлардың, аяқталмаған құрылыштың құнының және кезеңнің басындағы тиісті көрсеткіштердің айырмасы ретінде есептеледі.

Материалдық шығынның деңгейі немесе өнімнін материал сыйымдылығы материалдық шығын сомасының өнім шығарылымына қатынасы ретінде есептеледі.

«Мемлекеттік басқару органдары» секторы – мемлекеттік бакылаудағы, мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын, халыққа жеке және ұжымдық сипаттағы нарыктық емес қызметтер көрсетегін институционалдық бірліктер.

«Мемлекеттік басқару органдары» секторының түпкілікті ғұтынуға жұмсайтын шығынына мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардағы ағымдағы шығын, осы ұйымдардың негізгі капиталының тозуы, әскери техниканы, әскер қызметшілердің тамағы мен киім-кешегін сатып алуға жұмсалатын шығыс кіреді.

Мемлекеттік басқару органдарының нақты түпкілікті ғұтынуы олар халыққа көрсеткен ұжымдық қызметтердің құнына тән болады.

Мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландыру қолемі тапшылықтың көрінісінде белгілі мөлшеріне тән.

Мемлекеттік бюджет шығынының функционалдық жіктелімінде мемлекеттің экономика салаларын дамытуға жұмсалатын шығыстары көрсетіледі. Шығыстар жалпы мемлекеттік сипаттағы қызметтер, қоғамдық және әлеуметтік қызметтер, экономикалық қызметпен байланысты мемлекеттік қызметтер, өзге функциялар деп аталатын төрт категориядан құрады.

Мемлекеттік бюджеттің ағымдағы табыстары – салықтық және салықтық емес түсімдер.

Мемлекеттік бюджеттің ағымдағы шығысы – мемлекеттің халықтың күнделікті қажеттілігін канагаттандыруға арналған шығыстары.

Мемлекеттік бюджеттің күрделі табыстары – капиталмен жасалатын операциялардан тусетін табыс.

Мемлекеттік бюджеттің күрделі шығыстары – өндірісті кеңейтуге жұмсалатын (негізгі капитал сатып алуға, кор жасау үшін тауар сатып алуға, жер мен материалдық емес актив сатып алуға, күрделі трансфертер).

Мемлекеттік бюджеттің мемлекеттік борышы – мемлекеттік басқару мекемелерінің басқа секторлардың алдындағы тікелей міндеттемесінің ресми танылған төленбекен сомасы.

Мемлекеттік бюджеттің табыстары – бюджетке төленетін міндетті, кайтарылмайтын төлемдер; олар мемлекет қызметінің қаржылық негізін құрайды.

Мемлекеттік бюджеттің тапшылығының (профицитінің) абсолюттік сомасы – егер бюджеттің табыстары мен алғынған ресми трансфертері оның шығысынан асса, онда бюджеттің артығы немесе профицит пайда болады; егер, керісінше, таза кредиттеуді қоса алғанда, шығыстар табыс пен алғынған ресми трансфертерден асса, онда бюджет *тапшылығының* сомасы пайда болады.

Мемлекеттік материалдық резервтер – мемлекеттік басқару органдары кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер қажет күтпеген жағдайда ғұракты жұмыс істеудің камтамасыз ету мақсатында резервтейтін шикізаттың, отынның, материалдардың, тұқымның, жем-шөптің қорлары.

Меншіктен түсетін табыс – экономиканың барлық секторлары пайыз, дивиденд, рента, тікелей шетелдік инвестициядан түсетін инвестициялық табыс нысандында алатын бастанкы табыстар.

Монетарлық алтын – ақша-кредит мекемелерінде каржы активі немесе халықаралық резерв ретінде сакталатын алтын. Монетарлық алтынға «құндылық» тобының активтеріне жататын өнеркәсіптік пайдалануға арналған алтын кірмейді. Монетарлық алтын құрамында Халықаралық валюта корының (ХВК) кепілдік сертификатымен расталған 995/1000 сынаамалы монета, құйма және кесек алтын түрінде болады.

Накты енбекақы мен накты табыстар әрбір азамат өзінің енбекақысы мен табысына сатып ала алатын материалдық ігілік пен қызметтердің сомасын көрсетеді.

Накты түпкілікті тұтыну – резидент-үй шаруашылықтары каржыландыру көзіне карамастан жеке тұтыну үшін сатып алған тауарлар мен қызметтердің құны және мемлекеттік басқару органдары жалпы қоғамға көрсететін ұжымдық қызметтердің құны.

Накты халық – осы елді мекенде олардың тұрғылыкты мекенине карамастан накты тұратын (тұракты немесе уақытша) азаматтар.

Нактыланған қолда бар табыс – жалпы ұлттық қолда бар табыс плюс «үй шаруашылықтары» секторы алған табиғи нысандағы әлеуметтік трансфертерге тең.

Негізгі баға – өндіруші тауардың немесе қызметтің бірлігі үшін алатын, сондай-ақ өнімге салынатын салық шегерілген (ККС пен импорт салығын қоспағанда), алайда өнімге берілген субсидия косылған бағасы.

Негізгі капитал (негізгі құрал-жабдық) – экономикада ұзақ уақыт бойы (1 жылдан астам), бірнеше рет немесе өзгермейтін натуралды-заттық нысанда, өзінің құнын жасалатын тауарлар мен қызметтерге бірге-бірге көшіре отырып пайдаланылатын өндіріс құралдары, экономикалық каржы емес активтері.

Негізгі капиталдың пассив болігі – негізгі капиталдың өндіріс процесін қалыпты ұйымдастырып, оны жүргізу үшін жағдайды қамтамасыз ететін ғимарат, құрылыштар сияқты түрлері.

Негізгі қызметтен салық салынғанға дейін алынған табыс – мынаган тең: жалпы табыс минус басқа шығын (жарнама бойынша, нарыктың жағдаятын зерттеу, сактандыру және т.б. бойынша).

Негізгі капиталды жою құны – металл сыйнығы сатылатын баға бойынша анықталады – бұл негізгі капиталдың ескіру мен тозуынан негізгі капиталды жоюдан кейін сағудан түскен түсім.

Негізгі капиталды қалпына келтіру құны – жана жағдайларда негізгі капиталды ұдайы өндірісінің негізгі капиталды түгендеу мен қайта бағалау негізінде анықталатын ағымдағы бағалар деңгейінің өзгеруі есепке алынған құны.

Негізгі капиталдың тұтыну – өндірісте пайдаланылатын негізгі капитал құнының есепті кезең ішінде табиғи және сапалық тозу немесе кездейсок бүліну нәтижесінде азауы.

Негізгі капиталдың ағымдағы құны – активтің колданыстағы нарыктық баға бойынша құны.

Негізгі капиталдың актив бөлігі – негізгі капиталдың еңбек заттарына, яғни машинадарға, жабдықтарға, құралдарға және т.б. тікелей ықпал ететін түрлерінен құралады.

Негізгі капиталдың амортизациясы – тозудың акшага шағылуы (латын тілінен amortizatio – өтеу).

Негізгі капиталдың амортизациясының жалпы сомасы мынаган тең болады: бастапқы құн плюс құрделі жондеудің құны плюс жаңғыртуға жұмсалатын шығын минус жою құны.

Негізгі капиталдың баланстық (қалдық) құны – негізгі капиталдың жинақталған тозу сомасы шегерілген бастапқы құны.

Негізгі капиталдың бастапқы (толық) құны – салыктар мен жиындарды коса алғанда активті салуға, сатып алуға жұмсалатын шығынның, сондай-ақ оны жеткізу, құрастыру, орнату, пайдалануға беру және оны тағайындалуына сәйкес пайдалану үшін жұмыс жағдайына келтірумен байланысты басқа да шығындардың құны.

Негізгі капиталдың жай ұдайы өндірісі амортизация корының есебінен орын алады.

Негізгі капиталдың жай-күйінің көрсеткіштері – тозу мен жарамдылық коэффициенттері.

Негізгі капиталдың жалпы қорланымы резидент-бірліктердің келешекте жана табыс алу үшін оларды келешекте өндірісте пайдалану ұзак уақыт пайдаланылатын инвестициялық объектілерге қаражат салуы.

Негізгі капиталдың жылдық ұдайы өндірісінің қолемі жанадан енгізілген негізгі капитал құны плюс құрделі жондеуге жұмсалатын шығынға тең.

Негізгі капиталдың кеңейтілген ұдайы өндірісі құрделі салымның есебінен камтамасыз етіледі.

Негізгі капиталдың қозғалыс көрсеткіштері – жою, тұсу мен жаңару коэффициенттері.

Негізгі капиталдың моральдық тозуы – колданылатын негізгі капиталдың ұдайы өндірісінің арзандауына немесе бұдан да жетілдірілген негізгі капиталдың жасалуымен байланысты оның құнының төмендеуі.

Негізгі капиталдың табиғи тозуы – табиғи – негізгі капиталдың материалдық ескіру (тозуы), пайдалану немесе жұмыс істемей тұру нәтижесінде, табиғат күшінің немесе зілзалауың салдарынан оның табиғи қасиеттері мен құнының бірте-бірте жоғалуы.

Негізгі капиталдың тозуы – негізгі капиталдың ескіруі.

«Орман шаруашылығы», «Балық шаруашылығы» салаларының шығарылымы нарықтық шығарылым плюс нарықтық емес шығарылым ретінде аныкталады.

Объектілер – тауарлар, қызметтер, акша.

Орташа сағаттық өндірім – жұмысшылар бір сағат накты жұмыс істегендегі өндіреттің өнімнің орташа көлемі.

Осы елдің экономикалық аумағы – осы елдің үкіметі әкімдік етіп басқаратын, сондай-ақ шектеріндегі адамдар және тауарлар мен акша еркін ете алатын аумақ.

Өзгермелі, тұракты құрамның, құрылымдық өзгерістердің қатысты шығын деңгейінің индекстері – ағымдағы шығындардың тиімділігін өнір, кәсіпорынның типтері, мешік нысаны, сала, экономика секторының белгілері бойынша шығын деңгейі мен шығарылған өнім массасындағы айырмашылықтардың есебінен сипаттайды.

Өзгермелі құрамның орташа капитал қайтарымының индексі – орташа капитал қайтарымының жекелеген кәсіпорындардағы, салалардағы капитал қайтарымы мен негізгі капиталдың орташа күннендағы құрылымдық өзгерістер деп аталатын екі фактордың өзгеру есебінен өзгеруін көрсетеді.

Өндірушінің бағасы – ҚҚС пен импорт салығын және өнімге берілетін субсидијаны коспағанда, өнімге салынатын салықты қоса алғанда өндіруші тауардың немесе қызметтің бірлігі үшін алатын баға.

Өндірілген материалдық емес қаржы емес активтер – адамның еңбегімен жасалатын экономикалық объект және қайсы бір тасымалдаышқа жазылған жалпыға жария емес ақпарат. Осындай объектиге геологиялық-барлау жұмыстарына, ЭМ компьютерлік бағдарламалық қамтамасыздандыруға, көніл көтеретін, әдеби және көркем шығармалардың түпнұсқаларына жұмсалатын шығын жатады.

Өндірілген материалдық қаржы емес активтер – өндіріс процесінде пайда болады және негізгі капиталға, материалдық айналым капиталына және құндылыққа белгінеді.

Өндірілмеген қаржы активтері – өндіріске қажетті активтер, алайда олар өздері өндіріс өнімі болып табылмайды, ол табиғаттан пайда болады (жер, жер койнауы, культивацияланбайтын биологиялық ресурстар, жер астындағы су ресурстары).

Өндірілмеген материалдық емес қаржы емес активтер – өндіріс процестерінен тыс жасалатын, ал өндіріс процесіне байланысты жасалатын және бір институционалдық бірліктен екінші институционалдық бірлікке кезең-кезеңмен көшетін занды, есептік нысандар; олар патент : жалға алу құқығы немесе басқа да берілетін келісімшарт, сатып алынған іскерлік «гудвилл» байланысы және авторлық құқық түрінде іске асырылады.

Өндіріс нәтижелері тиімділігінің көрсеткіштері экономикалық қызмет нәтижесінің шығындарға немесе ресурстарға аракатынасы ретінде есептеледі.

Өндіріс шотында кәсіпорындардың өндіріс нәтижелері, яғни барлық тауарлардың, қызметтердің шығарылымы, аралық тұтыну жөніндегі операциялары көрсетіледі.

Өндірістік қорлар – кәсіпорын өндірісте аралық тұтыну ретінде пайдалану үшін корда ұстайтын барлық тауарлар (шикізат пен материалдар, отын мен жаңар-жағармай; жиынтықтаушы бұйымдар, конструкциялар, бөлшектер; арзан бағалы және жылдам тозатын заттар; құрылым материалдары: бордақыланатын жас және үлкен мал; кеңсе тауарлары).

Өнеркәсіп өнімі – кәсіпорынның, үй шаруашылығының өнеркәсіптік-өндірістік қызметтінін тауарлар нысанындағы немесе тауарлардың ішінәра жоғалтылған тұтыну құнын қалпына келтіретін өнеркәсіптік сипаттағы жұмыстар мен қызметтер түріндегі тікелей пайдалы нәтижесі.

«Өнеркәсіп» саласының шығарылымына:

- даяр бұйымдар, өндөлме шикізаттан жасалған өнім;
- жартылай фабрикаттар, аяқталмаған өндіріс;
- тапсырыс бойынша бөгде тарап үшін орындалған өнеркәсіптік жұмыстар;
- мешілкік жабдықтар мен көлік құралдарын курделі жөндеу жөніндегі жұмыстар;
- косалкы өндірістердің өнімі (электр энергиясы, бу, су);
- өндіріс және қайта өндеу кіреді.

Өнім бірлігінін жеке өзіндік құны – бір бұйымды шыгаруға жұмсалатын шығын.

Өнім бірлігінін орташа өзіндік құны – белгіленген өнімнін көлемін өндіруге жұмсалған шығынның әр түрлі мешілкік нысанындағы, өнірлердің осы өндірілген өнімнін мөлшеріне жұмсалған жалпы сомасы.

Өнім өндірісі мен оны сатуға жұмсалатын шығынына бүкіл өнім өндірісіне, өнімді көшіруге, оны сактауға, толыктай өндеуге, белгілі мөлшермен өлшеуге, қаптауға, тұтынушыға босатуға және т.б. қатысты шығынның толық шамасы кіреді.

Өнімдер – тауарлар мен қызметтер.

Өнімнің еңбекақы сыйымдылығы – еңбекақы шығынның өнім шығарылымының катынасына тең.

Өнімнің өзіндік құны – өндіріс процесінде белгіленген өнімнің, табиғи ресурстардың, шикізаттың, материалдың, отынның, энергияның, негізгі капиталдың, еңбек ресурстарының көлемін пайдалануымен байланысты ақшалай шығыннан қалыптасады.

Өнімнің төлем сыйымдылығы – еңбекақы шығынның өнім шығарылымына катынасы ретінде анықталады.

Резидент – осы елдің экономикалық аумағында орналасқан, жыл және одан астам уақыт бойы экономикалық қызметке қатысатын институционалдық бірлік.

«Сауда» саласының шығарылымы мына әдістермен есептеледі:

- сату және сатып алу бағаларында косылған құн салығы мен өнімге салы-

- натын баска да таза салық косылмай (сатылған сауда үстелмесі) құнының сатылған тауарлардың айырмасы;
- сауда қызметтің іске асыруға жұмсалған шығын мен алынған табыстың со- масына тен сауда үстемесін көлемі.

Салық түсімдері – мемлекеттік мекемелер мемлекеттік қажеттілікті қанағат- тандыру үшін өндіретін міндетті, өтеусіз, қайтарымсыз төлемдер.

Салықтық емес түсім – ақылы қайтарымсыз түсім (меншіктен түсетін табыс, жиындар, тауар мен қызмет сатудан түсетін түсім, ведомстволық ұйымдардың кассалық пайдасы); кейбір өтеусіз, қайтарымсыз түсімдер (айыппұлдар, ағымдағы жеке) және т.б.

«СИФ» (импорттаушы елдің порты) «cif» деген ағылшын сөзінен шықкан, құнды, сактандырудың, фрахт-тасымалдауды білдіреді. Кеден статистика- сында тауарлардың импорттың «сиф» бағада есепке алады. «Сиф» бағаға тауар бірліктерінің құны мен тауарды сактандырумен, тағайындалған жерге дейін тасымалдаумен байланысты барлық қызметтердің құны кіреді.

Статистикалық алшактық – жалпы ішкі өнімді түпкілікті пайдалану әдісімен, та- быс жасау әдісімен және өндірістік әдіспен есептегендеге кәсіпорындар мен үй шаруашылықтары табыстарын жасыруына; бухгалеттік есептің халықаралық стандарттарға сәйкес болмауына; кәсіпорын деңгейіндегі қаржылық есептілік- те көрсетілген салықтар мен пайда туралы акпараттың сенімсіздігіне байла- нысты туындаиды.

Субсидиялар – мемлекеттік бірліктердің кәсіпорындарға төлейтін өтелмейтін ағымдағы төлемдері.

Субъектілер – шаруашылық бірліктер.

Табельдік кор – жұмыс уакытының коры, ол демалыстар мен мереке қундері қосылмай, жұмыс істелетін ықтимал құн санына сәйкес есептеледі.

Табиғи нысандағы табысты қайта бөлу шотында бастапқы табыстардың – ішкі экономиканың секторлары шетелден алған ағымдағы трансфертерінің қайта бөлінуі минус отандық секторлар шет елге төлеген ағымда трансфертері көрсетіледі.

Табыс құрылатын шот жалпы қосылған құнның бастапқы табыс бөлінетін сатыдағы қозғалысын, жалдамалы қызметкерлердің еңбекакысына, мемле- кеттін табысының – салықтарға, кәсіпкерлердің табысының – пайдаға бөлінуін көрсетеді.

Табыс пен байлыққа салынатын ағымдағы табыстар, күрделі салықтар – ҰШЖ-де трансфертер ретінде қарастырылатын қайта бөлінетін төлемдер.

Табыстарды қайталама бөлу шоттары – алынған табыстардың экономиканың секторлары арасында қайта бөлінуі.

Табысты пайдалану шоты жалпы ұлттық колда бар табыстың түпкілікті ұлттық тұтыну мен жалпы ұлттық жинақ ақшаға қалай пайдаланылатынын көрсетеді.

Табысты бастапқы бөлу шотында факторлық табыстар (енбекақы, пайда, арас-лас табыс, пайыздар, дивидендтер, рента, инвестициялық табыстар) косылған құнды өндіруші бір сектордан басқа алушы-секторға қалай түсетінін тіркеледі.

Таза кредиттеу (+) экономика үшін бейрезиденттердің осы елдің резиденттеріне берген қаржы активтерінің олардың қаржы міндеттемелерінен асуын көрсетеді.

Таза қарыз алу (-) осы елдің резиденттері өтеуге тиіс қаржы міндеттемелерінің берілген қаржы активтерінің сомасынан асқан қөлемін көрсетеді.

Таза косылған құн жалпы косылған құн минус негізгі капиталды тұтынуға тең.

Таза табыс негізгі қызметтен салық салынғанға дейін түскен табыс минус салықтарға тең.

Таза салықтар – салықтар мен субсидиялардың арасындағы айырма.

Таза тауар айналымы – қайталама шотсыз жалпы тауар айналымы.

Таза ұлттық жинақ ақша жалпы ұлттық жинақ ақша минус негізгі капиталды тұтыну ретінде анықталады.

Таза ұлттық табыс жалпы ұлттық табыс минус негізгі капиталды тұтынуға тең.

Таза ішкі өнім жалпы ішкі өнімнен негізгі капиталды тұтынуды шегеруге тең болады.

Тас жол шаруашылығы өнімнің шығарылымы автокөлік жолдарын ағымдағы жөндеумен ұстау жөніндегі жұмыстардың (тазарту, белгі қою, көгалдандыру) қөлемімен анықталады.

Тауар айналымы – тауарлардың белгіленген уақыт кезеңінде ақшага шағылыш айналу процесі.

Тауар корлары тауар айналымының қамтамасыз етілуі (құнде) – тауар корларының жетіспейтін сауда жасалатын құндердің саны; белгіленген тауар түрінің осы тауардың бір құндік айналымына қатынасы ретінде есептеледі.

Тауар қоры – белгіленген уақыт сәтінде нарықта табиғи және ақшага шағылған тауардың бөлігінің ұдайы болуы.

Тауардың қозғалысы – тауардың өндірушіден бөлшек саудага, түпкілкіті тұтынушыға көтерме сауда сатып алушы, экспорттауши, сауда агенті, брокер арқылы қозғалу.

Тауарлар – меншік күкірткіштік таратылатын және сұраныска ие физикалық заттар.

Тауарлар мен қызметтер шотында экономика бойынша тауарлар мен қызметтердің жалпы ресурстары (шығарылым мен импорт), сондай-ақ осы ресурстар пайдаланылатын бағыттар көрсетіледі.

Тауарлармен және қызметтер жасалатын операциялар олардың өндіріс, тұтыну, инвестициялар, экспорт пен импорт процестеріндегі қозғалысын тіркейді.

Тенгениң сатып алу қабілетінің атаулы индексі – теңге бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі мен жалпы ақша массасындағы шетел валютасындағы ақша айналымының үлесі ескеріліп есептеледі.

Техникалық сактандыру резервтері – белгіленген жағдай туындағанда сактандыру етемақысын төлеу, меншіктен табыс алу максатында сактандыру резервтерінің қаржатын инвестициялау жөніндегі сактандыру полистері, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілерді зейнетакымен қамтамаыз етуге арналған резервтер.

Трансферт – бір институционалдық бірлік екінші институционалдық бірлікке тауарды, қызметті, ақшаны орнына ешқандай балама, яғни өтемақы алмай, тегін беретін экономикалық операция.

Тұған кездегі өмірдің болжамды үзактығы – ұрпақтың бүкіл өмірінде әр жастағы өлімнің деңгейі осы көрсеткіш есептелецін жылдардағыдан болады деген шамамен ұрпақтың тағы бір адамы орташа өмір сүру қажет орташа жыл санын көрсетеді.

Тұрақты құрамның еңбек өнімділігінің индексі – жұмысшылардың (қызметкерлердің) құрылымы өзгермеген жағдайда жұмысшылар (қызметкерлер) жиынтығының жеке өнімділігінің дәрежесін сипаттайды.

Тұрақты құрамның орташа капитал қайтарымының индексі – орташа капитал қайтарымының негізгі капиталдың өзгермейтін (тұрақты) құрылымында жекелеген кәсіпорындарда, салаларда капитал қайтарымының өзгеру деп аталағын бір фактордың, яғни орташа капитал қайтарымының өзгеруін сипаттайды.

Тұрақты халық (TX) – осы елді мекенде санактың саны сәтінде нақты тұруына қарамастан тұрақты (жыл және одан астам) тұратын (яғни уақытша кеткендерді қоса алғанда), сондай-ақ тұру мерзіміне қарамастан тұрақты жұмыс істеуге немесе окуга келген адамдар.

Тұтынушының нарықтық бағасы (TNB) – өнім мен импортқа салынатын барлық таза салықты қоса алғанда сатып алушы тауар немесе қызмет үшін төлейтін баға.

Тұпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыс – экономиканың үй шаруашылықтары, мемлекеттік басқару органдары, үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар деп аталағын үш секторының тұтыну тауарлары мен қызметтеріне жұмсалатын шығыстардан қалыптасады.

Уақытша кеткендер – осы елдің мекеннен бір жылдан аспайтын мерзімге уақытша тыскары кеткен тұрақты тұрғындар.

Уақытша тұратындар – осы елді мекенде уақытша (бір жылдан аспайтын) тұратын адамдар.

«Үй шаруашылықтары» секторы – занды тұлға күрмаган жеке кәсіпкерлердің және жеке еңбек қызметтінің баска да нысандарын біркітіреді (бұған занды тұлға мәртебесі жоқ отбасылары, жалғыз азаматтар, кәсіпкерлер кіреді).

«Үй шаруашылықтары» секторының түпкілікті пайдалануға жұмсайтын шығысы – Казакстан Республикасының экономикалық аумағында, сондай-ақ шетелде де орналасқан резидент-үй шаруашылықтарының шығыстарын көрсетеді.

«Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар» секторы – үй шаруашылықтарына тауарлар мен қызметтерді қайырымдылық көмектін, құрылтайшы-кәсіпорындардың трансфертерінің есебінен тегін немесе төмен бағамен береді.

«Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар» секторының түпкілікті тұтынуға жұмсайтын шығысына – үй шаруашылықтарының жеке және ұжымдық қажеттіліктеріне қызмет көрсететін қоғамдық ұйымдардың ағымдағы шығыны, негізгі капиталының тозуы кіреді.

Ұлттық жинақ акша – қолда бар табыстың түпкілікті тұтынуға жұмсағаннан кейін қалған және корланымды каржыландыруға жұмсалатын бөлігі.

Ұлттық табыс Казақстан Республикасының резиденттері есепті кезенде нарықтық бағада өндірген барлық тауарлар мен қызметтердің жиынтық нарықтық құнын көрсетеді.

Ұлттық Шоттар Жүйесі – макроэкономиканың өрістетілген моделі, экономикалық циклдің сандық сипаттамасы.

Ұлттық экономика тек резиденттердің ғана осы елдің экономикалық аумағында немесе одан тыскары орналасқанына қарамастан қызметтің қамтиды. Ұлттық экономика үшін «жалпы ұлттық табыс» көрсеткіші есептеледі.

ҰШЖ-гі бастапқы шығындар – өндірістің бастапқы факторларын көрсетеді және оған еңбекақы, өндіріс салығы, негізгі капиталды тұтыну кіреді.

ҰШЖ-да макроденгейдегі аралық тұтыну отандық өндірушілер осы кезең ішінде өндірістік қызмет процесінде жұмсаған негізгі капитал мән еңбекақыны қоспағанда өндірісте жаңа, басқа тауарлар мен қызметтерді жасау процесінде жұмсалған тауарлар мен қызметтердің құнын қамтиды.

Үй шаруашылықтарының нақты түпкілікті тұтынуына олардың жеке ағымдағы табысы мен үй шаруашылықтарына тегін қызмет көрсететін мемлекеттік басқару органдары мен коммерциялық емес ұйымдардан тегін алған тұтыну тауарлары мен қызметтерінен (табиғи нысандағы әлеуметтік трансфертер) күралады.

«ФОБ» баға ағылшын тіліндегі «fob» деген сөзден шыққан, ол «борттағы еркін баға» деген ұғымды білдіреді. Кеден статистикасында тауарлардың экспорты «фоб» бағада есептеледі.

Факторлық баға – өндіруші тауардың, қызметтің бірлігі үшін алғатын баға. Ол аралық тұтынудың, негізгі капиталды тұтынудың, жалпы пайданың (жалпы аралас табыстардың) сомасына тең.

Халық – осы аумакта тұратын адамдар.

Халықтың жоқшылық (кедейшілік) индексі көрсеткіштердің арифметикалық орташа шамасының кубтық квадраты ретінде есептеледі

1) *индустриалдық елдер үшін:*

- халықтың 60 жасқа дейін өмір сүрмейтін үлесі, %;
- ересек халықтың функционалдық сауатсыз үлесі, %;
- халықтың табысы елдегі медиандық табыстың 50%-дық деңгейінен төмен үлесі, %;
- экономикалық белсенді халықтың 1 жыл және одан астам уақыт жұмысы жоқ үлесі;

2) *Қазақстан үшін (халықтың кедейшілік индексі – ХКИ):*

- халықтың 60 жасқа дейін өмір сүрмейтін үлесі, %;
- ересек халықтың сауатсыз үлесі, %;
- халықтың табысы құнқоріс деңгейінен төмен үлесі, %;
- экономикалық белсенді халықтың жұмысы жоқ үлесі;

3) *дамуши елдер үшін* – адами дамудың негізгі салаларында халықтың мұқтаждық көрсеткіштері пайдаланылып ұқсас формула бойынша есептеледі:

- ұзак және салауатты өмір сұру мүмкіндігінде, яғни 40 жасқа дейін өмір сүретін халықтың үлесі;
- білім алу мүмкіндігінде – ересек халықтың сауатсыз үлесі;
- лайықты өмір сұру үшін қажетті ресурстарға қол жеткізуде – деңсаулық сақтау қызметтеріне, қауіпсіз ауыз суға қол жеткізе алмайтын халықтың арифметикалық орташа үлесі және салмағы аз 5 жасқа дейінгі жастағы үлесі.

Халықтың кедейшілігінің мүмкіндіктер бойынша көрсеткіштері – білікті медициналық қызметкердің көмегінсіз туған балалардың үлесі; 15 және одан ересек сауатсыз әйелдердің үлесі; салмағы нормадан аз 5 жасқа дейін балалардың үлесі сиякты үш көрсеткіштің арифметикалық орташа шамасы.

Халықтың өмір сұру деңгейі – лайықты өмір сұруге арналған материалдық ресурстарға: салауатты өмір сұруге, аумақтық және әлеуметтік ұтқырлықты қамтамасыз етуге, ақпаратпен алмасуды және қоғам өміріне қатысуға қол жеткізу.

Халықтың өмір сұру деңгейінің интегралдық көрсеткіштері адам әлеуетінің дамуының негізгі мүмкіндіктерін, яғни ұзак және салауатты өмір салты; білім алуды; экономикалық өндіріске қатысады есепке алады.

Халықтың табысының децильдік саралау коэффициенті – халықтың ең жоғары табысты тобының 10%-ның ең төмен табысы халықтың ең төмен табысы бар тобының 10%-ның ең жоғары табысынан неше есе асатының көрсетеді.

Халықтың тауарлар мен қызметтерді тұтыну динамикасы – физикалық көлемнің гармоникалық орташа индексінің (тұтыну бағасының индексі) көмегімен зерттеледі.

Шетелдердегі аумақтық анклавтар – осы елдің үкіметтік мекемелері

дипломатиялық, әскери, ғылыми максатта жалға алу немесе менишік негізінде пайдаланатын баска елдерде аймактар.

Ішкі экономика осы елдін экономикалық аумағындағы резиденттердің де, сонымен бірге бейрезиденттердің де кызметті қамтиды. Ішкі экономика үшін «жалпы ішкі өнім» көрсеткіші есептеледі.

Экономика секторы – өз атынан активтерді иеленетін, міндеттеме қабылдайтын, баска мекемелік бірліктермен үқсас экономикалық қызметті жүзеге асыратын институционалдық бірліктердің жиынтығы.

Экономикалық актив – менишік құқығы таратылатын және оны иеленуден ие экономикалық пайда (келешектегі табыс) алатын объект.

Экономикалық белсенді емес (енжар) халық – экономикалық белсенді жастағы, үй шаруашылығын жүргізетін халық, сондай-ақ күндізгі оку нысаны бойынша оқытын окушылар.

Экономикалық белсенді жастар – бұл 15-24 жастағы жұмыс істейтін және жұмыссыз халық.

Экономикалық белсенді халық (жұмыс күші) – халықтың тауар мен қызмет өндіру үшін жұмыс күшін ұсынуды қамтамасыз ететін бөлігі (15 және одан үлкен жастағы).

Экономикалық қызмет істемейтін еңбекке қабілетті жастағы еңбекке жарнамды халық – женілдікпен, асыраушысынан айырылуына байланысты, мүгедектік бойынша зейнетакы алатын адамдардың белігі жұмыс іздемейді, алайда жұмыс істей алады және істеуге даяр; немесе күнкөріс көзіне қарамастан жұмыс істей кажет еместер.

Экономикалық операция – екі институционалдық бірліктің өзара келісім бойынша өзара ықпалдасуының экономикалық ағыны.

Экономикалық өндіріс – институционалдық бірліктің бақылауымен орындалатын, баска тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін еңбек, капитал, тауар, қызмет шығыны жүзеге асырылатын қызмет.

Экономикалық функциялар – негізгі экономикалық процестер.

Экономиканың жалпы қосылған құны шығарылым мен аралық тұтынудың арасындағы айырма ретінде анықталады, яғни бұл құнның үстелуі.

Экономиканың таза пайдасы немесе таза аралас табыстар жалпы пайдаға немесе жалпы аралас табыстарға минус негізгі капиталды тұтынуға тең.

Экономиканың шығарылымы – экономиканың резидент-бірліктерінің есепті кезең ішінде өндірістік қызметтің нәтижесінде жасаған тауарлар мен қызметтерінің жиынтық құны.

ҚОСЫМШАЛАР

I-қосымша

Ресми статистиканың негізін қалайтын қағидалары

Статистикалық комиссия Нью-Йорктегі 1994 жылғы 11-14 сәуір аралығында (I-қосымша) өткен арнайы сессиясында БҰҰ ЕЭК шешіміне негізделген, (47) алайда кіріспесі қайта қаралған Ресми статистиканың негізін қалайтын қағидаларын кабылдады.

Төменде бекітілген есептен алынған, кіріспесі мен қағидалар бар сілтеме (Экономикалық және әлеуметтік кеңестің ресми жазбалары, 1994, №9 қосымша (Е/1994/29), V тарау) келтірілген.

РЕСМИ СТАТИСТИКАНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАЙТЫН ҚАҒИДАЛАРЫ

Статистикалық Комиссия,

статистикалық акпарат экономика, демография, әлеуметтік және экология саласындағы дамуға, сондай-ақ мемлекеттер мен бүкіл әлемнің халықтары өзара танысып, сауда жасау үшін негіз болып табылатындығын **назарга ала отырып**,

когамның ресми статистикаға аргатын сенімнің дәрежесі өзінің мүшелерінің құқықтарын танып, құрметтеуге тырысатын кез келген қоғамның негізін қалаушы құндылықтары мен қағидаларын құрметтеуге ете байланысты екенин **ескерे отырып**,

ресми статистиканың сапасы және демек үкіметке, іскерлік орта мен қоғамға берілетін акпараттың сапасы азаматтардың, кәсіпорындар мен басқа да респонденттердің қажетті статистикалық акпарат дайындау үшін қажетті тиісті әрі шынайы дерек берудегі ынтымақтастық жасасуына және статистиканы жасаушылар мен оны пайдаланушылардың қажеттілігін канаттандыру максатында олардың арасындағы ынтымақтастыққа айтарлықтай байланысты екенин **назардан тыс қалдыраймай**,

статистика мәселелерімен, елдер арасында салыстыру жүргізуге мүмкіндік беретін стандарттар мен тұжырымдамалар әзірлеумен айналысатын үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың құш-жігерін **мойындан**,

сондай-ақ Халықаралық статистикалық институттың Кәсіби этикасы декларациясына **сілтеме жасаі отырып**,

Еуропалық Экономикалық Комиссия 1992 жылғы 15 сәуірде кабылдаған карар С (47) әмбебап негіз деген **пікірді билдіре отырып**,

Экономикалық Комиссияның Статистика жөніндегі комитеті Азия мен Тынық мұхит өнірінің Негіз қалайтын қағидаларды қараша жүмыс тобы 1993 жылғы қарашада Бангкокте өткен өзінің 8-сессиясында ЕЭК кабылдаған нұсқамен келісіп, ұсынылған қағидалар барлық ұлттар үшін колайлы екенин атап өткенін назарға ала отырып,

сондай-ақ Африкалық топографтар, статистиктер мен демографтардың бірлескен конференциясы 1994 жылғы наурызда Адисс-Абебада өткен өзінің 8-сессиясында Ресми статистиканың негізін қалайтын қағидалары әмбебап екенин **назарға ала отырып**.

Ресми статистиканың мына қағидаларын қабылдайды:

1. Ресми статистика демократиялық қоғамның ақпараттық жүйесінің кажетті элементі болып табылады, ол үкіметті, іскерлік орта мен қоғамды экономикалық, демографиялық, әлеуметтік және экологиялық жағдай туралы деректермен қамтамасыз етеді. Осы мақсатта практикалық жағынан құнды ресми статистикалық деректерді мемлекеттік статистикалық мекемелер азаматтардың қоғамдық ақпаратқа құқығын күрметтеуді қамтамасыз ету үшін объективті түрде дайындалап таратады.

2. Статистикалық мекемелер ресми статистикаға артылатын сенімді актау үшін статистикалық деректерді жинау, өндөу, сактау мен ұсыну әдістері мен тәртіптемелері қатысындағы шешімдерді катаң кәсіби ұстанымдарға, ғылыми қағидалар мен кәсіби этикаға сәйкес қабылдауға тиіс.

3. Статистикалық мекемелер деректерді дұрыс түсінуді оңайлату үшін ақпаратты статистика саласындағы дереккөздер, әдістер мен тәртіптемелер қатысындағы ғылыми стандарттарға сәйкес ұсынуға тиіс.

4. Статистикалық мекемелер статистикалық деректердің кате түсінілгеніне немесе кате пайдаланғанына түсініктеме беруге құқылы.

5. Статистикалық мақсаттағы деректер барлық дереккөздерден, яғни статистикалық тексеруден немесе әкімшілік есептіліктен жиналуы мүмкін. Статистикалық мекемелер дереккөзді сапаны, деректердің уақытында берілуін, шығын мен респонденттерге жүктелетін ауыртапшылықты ескеріп таңдауға тиіс.

6. Статистикалық мекемелер статистикалық ақпаратты дайындау үшін жиналатын жеке деректер жеке немесе занды тұлғаларға жататынына қарамастан құпиялы және статистикалық мақсаттаған пайдалануы тиіс.

7. Статистикалық жүйелер жұмыс істейтін ауқымдағы зандар, нормалар мен шектер жариялыш болып табылады.

8. Статистикалық жүйеде келісімділік пен тиімділікті қамтамасыз ету үшін елдер деңгейіндегі статистикалық мекемелердің қызметін үйлестіруді жүзеге асыру қажет.

9. Әрбір елдегі статистикалық мекемелердің халықаралық ұфымдарды, жіктемелер мен әдістерді пайдалану барлық ресми деңгейдегі статистикалық мекемелердің келісімділігі мен тиімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

10. Статистика саласындағы екі жақты және көп жақты ынтымақтастық барлық елдердегі ресми статистиканың жақсаруына көмектеседі.

**Статистика салаларының халықаралық статистика қызметінің
бағдарламаларын кешенді ұсынудағы жіктемесі***

Бағдарламалық құрамдастар (статистиканың салалары, тараулары)

1. Демографиялық және әлеуметтік статистика

- 1.1. Халықтың өсуі және көші-кон
- 1.2. Еңбек
- 1.3. Білім беру
- 1.4. Денсаулық сактау
- 1.5. Табыс және тұтыну
- 1.6. Әлеуметтік қамтамасыз ету
- 1.7. Елді мекендер және тұрғын үй құрылышы
- 1.8. Әділ сот және қылмыс
- 1.9. Мәдениет
- 1.10. Саяси және басқа да қоғамдық қызмет
- 1.11. Уақытты пайдалану

2. Экономикалық статистика

- 2.1. Экономикалық шоттар
- 2.2. Қысқа мерзімді экономикалық статистика
- 2.3. Қәсіпорын құрылымының статистикасы
- 2.4. Салалық статистика
 - 2.4.1. Ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және балық аулау
 - 2.4.2. Энергетика
 - 2.4.3. Тау-кен өндіру, өндіреу өнеркәсібі, құрылыш
 - 2.4.4. Көлік
 - 2.4.5. Туризм
- 2.4.6. Банк және қаржы статистикасы және сактандыру статистикасы
- 2.5. Мемлекеттік қаржы статистикасы, салық статистикасы және мемлекеттік сектордың статистикасы
- 2.6. Халықаралық сауда және төлем балансы
- 2.7. Бағалар
- 2.8. Еңбекақы шығындары
- 2.9. Фылым мен техника

3. Коршаған орта статистикасы мен көп салалық статистика

- 3.1. Коршаған орта
- 3.2. Өнірлік статистика мен шағын өнірлер статистикасы
- 3.3. Көп салалық статистика мен көрсеткіштер
 - 3.3.1. Өмір сүру жағдайлары мен кедейшілік

* 2007 жылдың казан айында Еуропалық статистиктердің Комиссия Бюросында жіктелім макұлданды, 2006 жылдан бастап 2005 жылдың 22 наурызындағы нұсқасын пайдалану үшін ұсынды.

- 3.3.2. Гендерлік статистика және халықтың ерекше топтарының статистикасы
- 3.3.3. Акпараттық қоғам
- 3.3.4. Ғаламдану
- 3.3.5. Мынжылдық декларациясында қалыптастырылған даму максаттарымен байланысты индикаторлар
- 3.3.6. Тұракты даму
- 3.4. Жылнамалар мен ұқсас жинактар

- 4. Деректерді жинау, өндөу, тарату және талдау әдіснамасы
- 4.1. Метадеректер
- 4.2. Жіктемелер
- 4.3. Дереккөздер
- 4.3.1. Халық және тұрғын үй корының санағы; халықтың, тұрғын үй мен күрьылыштардың тіркелімдері
- 4.3.2. Кәсіпорындар мен ауыл шаруашылығының санактары мен тіркелімдері
- 4.3.3. Үй шаруашылықтарын тексеру
- 4.3.4. Кәсіпорындар мен ауыл шаруашылығын тексеру
- 4.4. Деректерді редакциялау мен негіздеу
- 4.5. Деректерді тарату, олар сакталатын қойма жасау
- 4.6. Статистикалық құпиялышық және сәйкестендіруден көргөзу
- 4.7. Деректерді талдау

- 5. Ресми статистиканың ұлттық және халықаралық деңгейдегі стратегиялық және баскаруышылық мәселелері
- 5.1. Мекемелік жүйелер мен қағидалар; ресми статистиканың рөлі
- 5.2. Статистикалық бағдарламалар; статистикалық жүйе ауқымында үйлестіру
- 5.3. Статистикалық жүйелер мен баскарудың сапасы мен олардың нәтижелілігін елшеу
- 5.4. Адам ресурстарын мен олардың дамуын басқару
- 5.5. Технологиялық ресурстар мен олардың дамуын (деректермен электрондық алмасуды және оларды бірлесіп пайдалануды қоса алғанда) басқару
- 5.6. Халықаралық статистикалық қызметті үйлестіру
- 5.7. Техникалық ынтымақтастық және әлеуетті өрістету

«Мемлекеттік статистика туралы»

**Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы №98-І Заны
(2001. 30. 01. №154 - II, 2002.15.01. №280-II; 2004.20.12. №13-III; 2004.21.12.
№14-III КР Зандарымен енгізілген өзгерістермен)**

Осы Зан статистика қызметі саласындағы құқықтық катынастарды реттейді, үәкілдепті органның және статистика қызметін жүргізуі мемлекеттік органдардың өкілдептігі мен міндеттерін айқындайды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Занның қолданылу аясы

Осы Занның қүші жеке тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының занда тұлғаларына, өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын бейрезидент-занда тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне (бұдан әрі – занда тұлғалар) қолданылады.

Осы Зан Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және экологиялық (бұдан әрі – әлеуметтік-экономикалық) салала-рында болып жатқан құбылыстар мен процестер туралы статистикалық деректер жинаудың, өндеудің және таратудың негізгі қағидаларын айқындайды.

2-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Занда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

ведомстволық статистикалық байқаулар – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүргізетін байқаулар;

мемлекеттік статистика – мемлекеттік статистика органдары қалыптастыратын біріншігей статистикалық ақпарат жүйесі;

мемлекеттік статистикалық есептілік – жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар, бұл орайда жеке тұлғалар, занда тұлғалар және олардың құрылымдық бөлімшелері хабарланатын мәліметтердің берилуі мен дүрыстығына жауапты адамдар қол қойған есептерді мемлекеттік статистика органдарына Қазақстан Республикасының зандағында белгіленген тәртіппен ұсынады;

статистикалық байқау – әлеуметтік-экономикалық өмірдің құбылыстары мен процестері туралы деректерді алдын ала әзірленген бағдарлама бойынша тіркеу арқылы жоспарлы түрде, ғылыми үйімдастырып жинау. Мемлекеттік статистикалық байқаулар жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулардан тұрады;

ұлттық санақ – белгілі бір уақыт кезеңіндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша зерттелуге жататын барлық жеке және занда тұлғаларды жалпы мемлекеттік статистикалық байқау. Уәкілдепті орган статистикалық жұмыстар жоспарынан тыс жүргізеді;

жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар – уәкілдепті орган жүргізетін байқаулар;

бастапқы статистикалық ақпарат – статистикалық байқау жүргізілген кезде мемлекеттік статистика органдарына статистикалық максаттарда пайдалану үшін

табыс етілген накты жеке тұлға, занды тұлға және оның құрылымдық бөлімшесі туралы деректер;

статистикалық жұмыстар жоспары – мемлекеттік статистикалық байқаулар мен статистикалық байқауларға байланысты басқа да статистикалық жұмыстарды жүргізудің жылдық жоспары бар құжат;

статистикалық байқау бағдарламасы – байқау жүргізудің мақсаты мен міндеттері, деректер жинау жүзеге асырылатын көрсеткіштердің (сұрақтардың) тізбесі, нысан, сұраптама, сауалдама, санак парагы, есепке алу мөркағазы және басқа (бұдан ері - статистикалық нысандар) түрінде ұсынылған, оларды есептеп шығарудың әдістемесі және статистикалық байқау жүргізу жөніндегі нұсқаулыктар;

тарату – құпия болып табылмайтын статистикалық акпаратты пайдаланушылардың, осы акпаратты пайдалану нысандары мен құралдарына карамастан, оған қол жеткізуін камтамасыз ету;

арнайы ұйымдастырылған статистикалық байқаулар – жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар, бұл ретте бастапқы статистикалық акпаратты жинау есептер негізінде емес, басқа тәсілдермен жүзеге асырылады. Бастапқы статистикалық акпаратты жинау тәсілі бойынша сауалдамалық, декларациялық, корреспонденттік және инспекциялық байқаулар, есепке алу және санак жүргізу болып бөлінеді;

статистикалық қызмет – коғамдағы бұқаралық сипаты бар құбылыстардың сандық деректерін статистикалық стандарттар негізінде жинауга, өндеуге және таратуға байланысты қызмет;

мемлекеттік статистикалық байқаулардың типтері – мемлекеттік статистикалық есептілік және арнайы ұйымдастырылған статистикалық байқаулар;

үәкілетті орган – мемлекеттік статистикаға басшылықты жүзеге асыратын, өкілдегі Қазақстан Республикасының зандарымен айқындалатын орталық атқарушы орган.

3-бап. Қазақстан Республикасының статистика саласындағы мемлекеттік саясаты

Қазақстан Республикасының статистика саласындағы мемлекеттік саясаты ғылыми әдістеме және халықаралық стандарттар негізінде бірынғай статистикалық акпараттық жүйенің құрылуына, жұмыс істеуіне және жетілдірілуіне бағытталған. Бірынғай статистикалық акпараттық жүйе барлық жеке және занды тұлғалардың республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйі мен тенденцияларын сипаттайтын статистикалық деректерге деген қажеттіліктерін канагаттандыруға тиіс.

Қазақстан Республикасының статистика саласындағы мемлекеттік саясаты әдіснамалық тұтастық және орталықтандыру принциптеріне құрылады. Үәкілетті орган мемлекеттік органдардың статистикалық қызметін үйлестіруді жүзеге асырады және мемлекеттік статистикалық байқаулар жүйесінде жетекші орын алады. Үәкілетті органға қарағанда мемлекеттік органдар негұрлым дұрыс статистикалық көрсеткіштерді әзірлеуді қамтамасыз ететін болған жағдайда, мемлекеттік органдар статистикалық байқаулар өткізеді. Ұлттық санакты және статистикалық жұмыстар жоспарында қөзделген мемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу кезінде жеке және занды тұлғалардың, сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелерінің бастапқы статистикалық акпаратты ұсынуы міндетті болып табылады және өтеуізіз негізде жүзеге асырылады.

Ғылымның және қоғамдық үйымдардың мүдделі өкілдері алдын ала талқылағаннан кейін статистикалық жұмыстар жоспарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

4-бап. Статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға қойылатын негізгі талаптар

Статистикалық қызмет жүргізетін уәкілетті орган мен мемлекеттік органдар: статистикалық көрсеткіштердің тұтастырын, дұрыстырын және жеткіліктілігін; Қазақстан Республикасында болып жатқан экономикалық және әлеуметтік процестердің және олардың даму тенденцияларының жан-жакты және дұрыс зерделенуін, корытындылануы мен талдануын; статистикалық ақпараттын Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген шектерде қол жететіндегі және ашық болуын; колданылатын әдістеменің және есептелген негізгі көрсеткіштердің халықаралық тәжірибеде пайдаланылатын статистикалық стандарттармен салыстырмалылығын қамтамасыз етеді.

5-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы заңдары

Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделген және осы Заң мен соған сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта Қазақстан Республикасының заң актілеріндегіден өзге ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері колданылады.

6-бап. Мемлекеттік статистика саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттер немесе халықаралық үйымдар арасындағы статистика саласындағы өзара қарым-қатынастар екі жакты және көп жакты халықаралық шарттар, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тен құқылық және өзара мүдделер принциптерінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органы мен басқа мемлекеттердің статистика органдары және халықаралық үйымдар арасында мемлекеттік тікелей жасасылған шарттар негізінде айқындалады.

2-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК СТАТИСТИКАНЫ ҮЙЫМДАСТЫРУ

7-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика органдары

Статистикалық қызметті Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасын қалыптастыратын органдар: уәкілетті орган мен оның аумактық болімшелері; статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

8-бап. Уәкілетті орган

Уәкілетті орган статистика саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлейді және жүзеге асырады, Қазақстан Республикасында статистиканы жетілдіру жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді және жүзеге асырады. Статистикалық есеп жүргізудің әдіснамасы мен әдістемесі мәсселерінде тәуелсіз болады, озінің аумактық

бөлімшелеріне басшылық жасауды жүзеге асырады, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметін үйлестіреді.

Үәкілдепті орган мен оның аумактық бөлімшелері өз қызметінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Үәкілдепті орган туралы ережеге сәйкес статистикалық жұмыстар жоспарын басшылықта алады.

Үәкілдепті органның статистиканы ұйымдастыру жөніндегі нормативтік күкілдектік актілері мемлекеттік статистикалық байқауларда қамтылған жеке тұлғалар үшін, сондай-ақ заңды тұлғалар үшін міндетті.

Үәкілдепті орган статистика саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында: статистикалық байқаулар бағдарламаларын бекіту негізінде мемлекеттік органдардың статистикалық қызметін үйлестіреді; шет елдермен және халықаралық ұйымдармен статистика саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады, олармен мемлекеттік статистиканы дамытуға бағытталған келісімдер мен шарттар жасасады; мемлекеттік статистика мәселелері жөніндегі нормативтік күкілдектік актілер шығарады.

9-бап. Мемлекеттік статистикалық тіркелім

Мемлекеттік статистикалық тіркелім статистикалық есеп жүргізудің күрделі болып табылады және онда статистикалық есеппен қамтылған барлық жеке және заңды тұлғалар туралы қысқаша әкімшілік және экономикалық акпарат болады. Оны жүргізу үшін халықаралық стандарттарға сәйкес үәкілдепті орган мен оның аумактық бөлімшелері жүзеге асырады.

Жеке және заңды тұлғалар туралы тіркелімдер мен акпараттық деректер базаларын жасайтын және жүргізетін мемлекеттік органдар мен олардың бағынысындағы ұйымдар мемлекеттік статистика органдарына бірыңғай Мемлекеттік статистикалық тіркелімді қалыптастыруға және оған көкейкесті сипат беруғе қажетті акпаратты тегін береді.

9-1-бап. Елді мекендерде әр шаруашылық бойынша есеп жүргізу

Әр шаруашылық бойынша есеп жүргізу ауылдық жерлерде тұратын жеке тұлғаларды, сондай-ақ тұратын жеріне қарамастан жеке үй (косалқы) шаруашылығы бар жеке тұлғаларды мемлекеттік статистикалық байқау болып табылады.

Ауылдың (селоның), кенттің, ауылдық (селолық) округтің әкімі әр шаруашылық бойынша кітаптарға тіркеу жазбаларын жүргізу үйлестіреді. Үәкілдепті орган әр шаруашылық бойынша есеп жүргізуі әдіснамалық тұрғыдан басқаруды жүзеге асырады және осы есептің деректерін тиісті статистикалық көрсеткіштер түзу үшін пайдаланады.

3-тaraу. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ СТАТИСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

10-бап. Үәкілдепті органның құқықтары

Үәкілдепті орган мен оның аумактық бөлімшелері өз өкілдектері шегінде:

статистикалық жұмыстар жоспарында белгіленген мөлшерде және мерзімдерде заңды тұлғалар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінен шынайы мемлекеттік статистикалық есеп-кисапты тегін алуға;

статистикалық жұмыстар жоспарын орындау және ұлттық санак жүргізу мақсатында статистикалық жинактау және талдау үшін жеке тұлғалардан олардың экономикалық және әлеуметтік-демографиялық жай-куйі, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметтер туралы дұрыс ақпарат алуға;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ұйымдардың лауазымды адамдарын мемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу ісіне тартуға;

мемлекеттік статистикалық байқаулар бағдарламаларын әзірлеуге және бекітуге;

Мемлекеттік статистикалық тіркелім жүргізу үшін, сондай-ақ мемлекеттік органдар қалыптастырытын жиынтық статистикалық деректерді қайталамайтын статистикалық деректерді тузу үшін мемлекеттік органдардан бастаптық статистикалық ақпаратты, сондай-ақ орындайтын функцияларына қарай оларда болатын басқа да ақпаратты алуға;

жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды бастапқы және статистикалық есепке қою ісін бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

11-бап. Үәкілетті органның міндеттері

Үәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері өз құзыреті шегінде:

халықаралық статистикалық стандарттарға сәйкес статистикалық әдіснама әзірлеуге;

әдістемелік нұсқаулықтардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға; статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес мемлекеттік жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізуге және мемлекеттік органдарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен статистикалық және талдау ақпаратымен қамтамасыз етуге;

жиынтық статистикалық ақпараттың жеке және заңды тұлғалар үшін ашық болуын қамтамасыз етуге;

прокурордың талап етуі бойынша сұратылған ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тегін беруге;

колданылып жүрген шарттар бойынша міндеттемелерге сәйкес халықаралық ұйымдарға статистикалық ақпарат беруге, сондай-ақ шет елдермен статистикалық ақпарат алмасуға;

мемлекеттік статистика органдарына ақпарат беретін заңды және жеке тұлғаларды статистикалық нысандар мөрқағаздарымен және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулармен қамтамасыз етуге;

республиканың және оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпараттық-статистикалық деректер базасының жинакталуын, жүргізуін және өзектілігін қамтамасыз етуге;

статистика саласында ғылыми-зерттеу әзірлемелерін ұйымдастыруға;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік статистика органдары қызметкерлерінің дербес жауапкершілігі негізінде мемлекеттік және коммерциялық құпияны, бастапқы статистикалық ақпараттың жасырын болуын сактауга міндетті.

12-бап. Статистикалық қызмет жүргізетін мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінің құқықтары мен міндеттері

Статистикалық қызмет жүргізетін мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелері өз құзыреті шегінде:

ведомстволық статистикалық байкаулар жүргізуге; ведомстволық статистикалық байкаулардың бағдарламаларын әзірлеуге;

жеке және заңды тұлғалардан статистикалық ақпарат алуга;

мемлекеттік органдардан орындастын функцияларына қарай оларда болатын ақпаратты статистикалық деректер түзу үшін алуга;

ұйымдарда бастапқы есеп пен статистикалық есептіліктін жолға койылуын бакылауды жүзеге асыруға, өздері алған деректердің дұрыстығын тексеруге құқылы.

Статистикалық қызметті жүргізетін мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелері:

уәкілетті органға әдістемелік нұсқаулықтардың орындалуы туралы мәліметтер беруге;

мемлекеттік және коммерциялық құпияларды, бастапқы статистикалық ақпараттың құпия болуын сақтау принципін ұстануға;

жүргізілетін статистикалық байкаулар бағдарламалары мен әдістемелік әзірлемелер жобаларын уәкілетті органның келісуі мен бекітуіне табыс етуге міндетті.

13-бап. Жеке және заңды тұлғалар құқықтарының кепілдіктері

Жеке және заңды тұлғаларға бастапқы статистикалық ақпараттың құпиялылығына, статистикалық жұмыстар жоспарына қол жеткізуге болатындығына кепілдік беріледі. Бастапқы статистикалық ақпаратты тарату ақпаратты берген жеке және заңды тұлғалардың келісімімен ғана немесе аты-жөні көрсетілмей жүргізілу мүмкін. Басқа мемлекеттік органдардан алынған жеке және заңды тұлғалар туралы ақпарат ақпаратты ұсынған мемлекеттік органдардың келісімімен ғана таратылуға жатады.

Бастапқы статистикалық ақпаратты таратудың өзге де жағдайлары:

мемлекеттік меншік нысанындағы немесе акцияларының бакылау пакеті мемлекетке тиесіл заңды тұлғалар туралы ақпаратқа;

Мемлекеттік статистикалық тіркелімнен алынған құпия емес ақпаратқа қатысты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

Ескерту. 14-бап 2004.12.20. №13 ҚР Заңына сәйкес алынып тасталды.

4-тaraу. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТЕК СТАТИСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ЗАНДАРЫН БҰЗГАНЫ ҮШИН ЖАУАПТЫЛЫҚ

15-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы заңдарын бұзганы үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы заңдарының бұзылуына кіналі адамдар Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Қазақстан Республикасының Президенті

Н. Назарбаев

**Қазақстан Республикасында қабылданған Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (ЭҚЖЖ)
негізгі секциялары мен тараулары**

Код	Саланың атаяу
1	2
A	Ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман өсіру
01	Ауыл шаруашылығы, аңшылық және осымен байланысты қызметтер
02	Орман өсіру, ағаш дайындау және осымен байланысты қызметтер
B	Балық аулау, балық өсіру
T	Өнеркәсіп (C + D + E)
C	Тау-кен өндіру өнеркәсібі
CA	Энергетика үшін материал өндіру
CB	Тау-кен өндіру өнеркәсібі, энергетика үшін материал өндіруді қоспағанда
D	Өндіре өнеркәсібі
DA	Ауыл шаруашылығы өнімін өндіреу
DB	Тоқыма және тігін өнеркәсібі
DC	Тері, теріден бұйым жасау және аяқ киім шығару
DD	Ағаш және ағаштан жасалған бұйым шығару
DE	Қағаз және картон өндірісі; баспа ісі
DF	Кокс өндірісі, мұнай айдау, ядролық материал өндірісі мен оны өндіреу
DG	Химия өнеркәсібі
DH	Резенке және пластмасса бұйымдарының өндірісі
DI	Өзге металл емес минералдық өнім өндірісі
DJ	Металлургия өнеркәсібі және металл өндіреу
DK	Машина және жабдық өндірісі
DL	Электр және электрондық жабдық өндірісі
DM	Көлік жабдықтарының өндірісі
DN	Өнеркәсіптің өзге салалары
36	Жиын өндірісі; өнеркәсіптің өзге салалары
37	Қайталама өндіреу
E	Электр энергиясын, газ бен су өндіру, тарату
41	Су жинау, тазарту мен тарату
F	Кұрылым
G	Сауда, автокөлік және үйде пайдаланылатын бұйымдарды жөндеу
50	Автокөлік сату, техникалық қызмет көрсету және жөндеу
51	Көтерме сауда және комиссиялық агенттер арқылы сауда жасау
52	Үйде пайдаланылатын бұйымдардың бөлшек саудасы мен оларды жөндеу

ҚР ұлттық шоттар жүйесінің негізгі көрсеткіштерінің динамикасы

млрд теңге

Көрсеткіш	1999 ж.	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.
	2	3	4	5	6
1. Негізгі бағалардағы шығарылым	4133	5442	6958	7542	8931
2. Арапық тұтыну	2230	3015	3932	4037	4632
3. Өнім мен импортқа салынатын салық	119	175	229	273	317
4. Өнім мен импортқа арналған субсидия	6	2	4	2	4
5. Жалдамалы қызметкерлерге енбекакы төлеу	718	932	1167	1237	1518
6. Өндіріс пен импортқа салынатын салық	174	256	325	384	453
7. Өндіріс пен импортқа арналған субсидия	6	2	4	2	4
8. Негізгі капиталды тұтыну	287	421	498	577	666
9. Таза пайда және таза аралас табыстар	843	994	1265	1388	1978
10. Тұпкілікті тұтынуға жұмысалған шығын (экономиканың 3 секторының)	1674	1914	2319	2797	3186
11. Капиталдың жалпы корланымы	293	498	681	904	1189
оның ішінде					
— негізгі капиталдың жалпы корланымы	261	450	771	907	1073
— материалдық айналым қаржаты запасының өзгерүі	32	21	102	123	123
— құндылықтарды, өндірілмеген каржы емес активтерді таза сатып алу	—	27	-192	-126	-7
12. Тауарлар мен қызметтердің экспорты	856	1481	1501	1782	2247
13. Тауарлар мен қызметтердің импорты	809	1258	1531	1748	1965
14. Статистикалық алшақтық	2	-8	88	-85	-52
15. Накты тұпкілікті тұтыну	1674	1914	2318	2797	3186
оның ішінде:					
а) үй шаруашылықтарының,	1585	1751	2058	2568	2916
оның ішінде:					
— үй шаруашылықтарының тұпкілікті тұтынуға жұмысайтын шығысы	1446	1580	1850	2304	2603
— табиғи нысандағы табиғи трансфертер	139	171	208	264	313

5-қосымшаның соңы

1	2	3	4	5	6
– мемлекеттік басқарудың	89	163	260	229	270
16. «Қалған әлемнен» алынған бастапқы табыстар	13	20	33	37	40
оның ішінде: – еңбекакы	1	1	1	1	1
– өндіріс пен импортка салынатын салық	–	–	–	–	–
– меншіктен түскен табыс	12	19	32	36	39
17. «Қалған әлемге» берілген бастапқы табыс	76	182	201	195	301
оның ішінде: еңбекакы	8	7	8	11	34
– өндіріс пен имортка салынатын салық	–	–	–	–	–
– меншіктен түскен табыстар	68	175	193	184	267
18. «Қалған әлемнен» алынған ағымдағы трансфертер	21	23	58	65	42
19. «Қалған әлемге» берілген ағымдағы трансфертер	2	15	24	48	66
20. «Қалған әлемнен» алынған күрделі трансфертер	7	9	14	17	18
21. «Қалған әлемге» берілген күрделі трансфертер	37	51	42	36	23

Казакстан Республикасы экономика секторлары бойынша ұлттық шоттар жүйесінің 2002-2003 жылдардағы негізгі микроэкономикалық көрсеткіштері

мілрд теңге

Көрсеткіш	Каржы емес корпорациялар	Каржы корпорациялары	Мемлекеттік басқару органдары	Үй шаруашылыктарына кызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар	Үй шаруашылыктары	Жалпы экономика	Калған алем	Тауарлар мен кызметтер (пайдалану)	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Шығарылым 2002 ж.	5743,0	169,8	393,3	45,2	1190,7	7542,1	1748,0	1781,7	7542,1
2003 ж.	6407,3	206,9	497,2	49,9	1769,6	8930,9	1964,8	2247,1	8930,9
2. Арапалық тұтыну 2002 ж..		3309,9	95,0	199,2	20,7	412,7	4037,6		4037,6
2003 ж.		3592,8	132,4	265,1	16,9	624,8	4632,0		4632,0
3. Өнімге арналған субсидия шегерілген салыктар						271,9			271,9
2002 ж.						313,0			313,0
4. Негізгі плаиталды тұтыну				0,8	43,1	576,9			576,9
2002 ж.	488,2	5,3	39,5	2,3	44,8	666,0			666,0
2003 ж.	563,1	6,5	49,3						
5. Еңбекакы	1230,0	27,8	154,6	12,4	4,4	1429,2	0,6		1429,8
2003 ж.	1182,6	34,6	177,4	19,0	104,3	1517,9	0,6		1518,5
6. Арасас табыс	2002 ж.				611,4	611,4			611,4
2003 ж.					638,1	638,1			638,1
7. Өндіріске арналған субсидия шегерілген өзге салыктар									
2002 ж.	98,7	6,3	0,1	0,2	5,2	110,5			110,5
2003 ж.	125,6	7,6	0,1	0,3	3,1	136,7			136,7

34 - 3/10-09

6-қосымшасының жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
8. Меншіктен түсітін табыстар:									
а) алынған									
2002 ж.	16,4	124,8	57,5	0	81,3	280,0	184,2		464,2
2003 ж.	23,6	156,2	72,8	0	107,0	359,6	267,0		626,6
ә) толенген									
2002 ж.	320,6	52,8	19,2	0	35,1	427,7	36,5		464,2
2003 ж.	454,7	73,4	14,5	0	44,0	586,6	40,0		626,6
9. Ағымдағы табыс салығы, мұлік салығы									
а) алынған									
2002 ж.	0	0	259,7	0	0	259,7			259,7
2003 ж.	0	0	373,8	0	0	373,8			373,8
ә) берілген									
2002 ж.	179,9	2,3	0	0	77,5	259,7			259,7
2003 ж.	267,3	5,3	0	0	101,2	373,8			373,8
10. Әлеуметтік сактандыруға аударымдар:									
а) алынған									
2002 ж.	25,1	23,2	179,8	0,2	0	228,3			228,3
2003 ж.	37,8	19,7	190,9	0,2	0	248,6			248,6
ә) берілген									
2002 ж.	0	0	0	0	228,3	228,3			228,3
2003 ж.	0	0	0	0	248,6	248,6			248,6
11. Табиги нысандары трансфертер көсилемаган әлеуметтік жәрдемакылар:									
а) алынған									
2002 ж.	0	0	0	0	126,4	126,4			126,4
2003 ж.	0	0	0	0	288,9	288,9			288,9
ә) берілген									
2002 ж.	25,1	1,9	99,3	0,1	0	126,4			126,4
2003 ж.	37,8	1,7	249,2	0,2	0	288,9			288,9

6-қосымшиның жалгасы

I	2	3	4	5	6	7	8	9	10
12. Басқа ағымдағы трансфертер:									
а) алынған									
2002 ж.	5,4	0	48,1	0	117,0	170,5	47,9		218,4
2003 ж.	5,8	0	36,6	0	127,0	169,3	66,0		235,3
ә) берілген									
2002 ж.	4,9	2,7	99,7	0	45,8	153,1	65,3		218,4
2003 ж.	3,8	8,0	116,6	0	65,1	193,5	41,8		235,3
13. Натуралды нысандағы әлеуметтік трансфертер:									
а) алынған									
2002 ж.	0	0	0	0	263,8	263,8			263,8
2003 ж.	0	0	0	0	313,2	313,2			313,2
ә) берілген									
2002 ж.	0	0	205,6	58,2	0	263,8			263,8
2003 ж.	0	0	248,6	64,6	0	313,2			313,2
14. Тұркілікті тұтынуға жұмсалған шығыстар									
2002 ж.	0	0	229,4	0	2411,5	2640,9			2640,9
2003 ж.	0	0	519,2	64,6	2602,7	3186,5			3186,5
15. Негізгі капиталдың жалпы корланымы									
2002 ж.	758,4	12,7	98,0	4,1	33,9	907,1			907,1
2003 ж.	862,4	12,9	139,8	0,2	57,4	1072,7			1072,7
16. Материалдық айналым қаражаты корларының езгеруі									
2002 ж.	128,8	0	-5,5	0	0	123,3			123,3
2003 ж.	128,2	0	-5,4	0	0	122,8			122,8

6-қосымшиның соңы

I	2	3	4	5	6	7	8	9	10
17. Сатып алу минус кетүү құндылықтарды									
а) өндірілмеген каржы емес активтерді									
2002 ж.	0	0	0	0	0	0	0		0
2003 ж.	0	0	0	0	0	0	0		0
ә) өндірілмеген каржы емес активтерді									
2002 ж.	0	0	0	0	0	0	0		0
2003 ж.	0	0	0	0	0	0	0		0
18. Зейнетакы корларындағы үй инаруашылықтарының қаражатының таза құнының езгеруіне орай енгзілген түзетулер									
а) алынған:									
2002 ж.	0	0	0	0	30	30			30
2003 ж.	0	0	0	0	25,9	25,9			25,9
ә) төленген:									
2002 ж.	0	30	0	0	0	30			30
2003 ж.	0	25,9	0	0	0	25,9			25,9
19. Күрделі трансфертер:									
а) алынған:									
2002 ж.	1,9	0,1	12,8	0	14,4	29,2	35,2		64,4
2003 ж.	1,5	0	54,1	0	15,6	71,2	22,6		93,8
ә) төленген:									
2002 ж.	0	0	-12,3	0	-35,2	-47,5	-16,9		-64,4
2003 ж.	0	0	52,9	0	22,6	75,5	18,3		93,8

Ескерту: 1) ішкі экономика секторларының жалдамалы қызметкерлеріне төленген енбекакы 2002 ж. – 1418,6 млрд тенгені, 2003 ж. – 1484,2 млрд тенгені құрады;

2) статистикалық алшактық 2002 ж. – 71,3 млрд тенгені, 2003 ж. – 52,4 млрд тенге құрады.

Қазақстан өнірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері

Облыстар мен қалалар	Халықтың орташа жылдық саны, мың тенге		Экономикалық белсенді халық, мың адам		Экономикала жұмыс істейтіндер, мың адам		Жұмыссыздар, мың адам		Жалпы косылған күн, млрд тенге		Оргаша айлық еңбекшілер, тенге	
	2002	2003	2002	2003	2002	2003	2002	2003	2002	2003	2002	2003
Қазақстан Республикасы	14858,9	14909,0	7399,6	7657,3	6708,9	6985,2	690,7	672,1	3355,2	4138,0	20323	23221
Ақмола	751,6	748,5	394,4	410,5	358,1	372,7	36,3	37,8	99,7	116,4	12332	14954
Ақтөбе	668,3	670,1	335,0	348,0	300,8	314,3	34,2	33,7	158,3	201,4	21078	23848
Алматы	1567,4	1565,7	761,2	789,7	690,8	721,7	70,4	68,0	159,5	188,2	14278	15933
Атырау	449,8	454,6	206,1	213,5	184,0	193,2	22,1	20,3	373,0	510,8	41570	48338
Шығыс Қазақстан	1474,2	1460,6	722,9	743,4	670,4	689,3	52,5	54,1	258,4	291,6	18816	20099
Жамбыл	979,6	982,8	482,6	519,5	423,4	462,1	59,2	57,4	68,6	94,9	13437	14779
Батыс Қазақстан	601,2	603,0	301,8	314,5	271,6	285,1	30,2	29,4	166,4	200,7	27122	29876
Қарағанды	1339,0	1332,3	725,1	726,5	664,6	671,8	60,5	54,7	325,0	379,2	18032	19962
Қостанай	927,6	916,5	532,9	541,1	483,2	494,1	49,7	47,0	163,2	201,2	14176	16803
Қызылорла	602,4	605,6	275,2	287,5	240,8	254,7	34,4	32,8	90,4	118,6	17046	19928
Мангистау	323,4	344,1	147,6	156,6	133,2	141,4	14,4	15,2	188,8	208,4	38847	44369
Павлодар	753,4	748,9	408,1	410,7	372,7	376,8	35,4	33,9	193,3	238,9	19695	21801
Солтүстік Қазақстан	686,7	678,3	407,9	405,2	375,2	372,5	32,7	32,7	90,7	104,1	11823	13708
Оңтүстік Қазақстан	2095,7	2131,1	896,0	952,3	812,1	870,8	83,9	81,5	209,6	247,7	13635	15309
Астана қаласы	497,5	506,3	239,5	261,0	218,7	239,0	20,8	22,0	209,2	287,9	27658	33002
Алматы қаласы	1141,1	1162,4	563,3	577,3	509,3	525,7	54,0	51,6	601,1	747,9	28396	32622

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

І БӨЛІМ. СТАТИСТИКАНЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫ

1-тақырып. Статистиканың пәні мен әдісі.....	6
1.1. Статистика жөніндегі жалпы түсінік және оның даму тарихы	6
1.2. Статистиканың мәні және оның теориялық негіздері	8
1.3. Статистикалық әдіснама және статистикалық көрсеткіштер	11
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	14
Ұсынылатын әдебиет	14
1.4. Практикум	15
1.5. Өзіндік жұмысқа арналған сұраптар	16
2-тақырып. Статистиканы ұйымдастыру қағидалары	18
2.1. Статистиканың жоспарлы және нарыктық	
экономикадағы рөлі	18
2.2. Қазақстанның статистикасын реформалау	20
2.3. Ресми статистиканың негізін қалайтын қағидалары	26
2.4. Қазақстанда және шет елдерде статистиканы қазіргі	
кезеңде ұйымдастыру	28
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	33
Ұсынылатын әдебиет	33
2.5. Практикум	34
2.6. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	35
3-тақырып. Статистикалық бакылау	37
3.1. Статистикалық бакылау, оның міндеттері	
мен нысандары	37
3.2. Статистикалық бакылаудың бағдарламасы	38
3.3. Статистикалық бакылауды ұйымдастыру	
түрлері мен тәсілдері	41
3.4. Статистикалық есептілік	43
3.5. Статистикалық санас	45
3.6. Статистикалық бакылаудың кателіктери	
және олармен куресу шаралары	46
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	47
Ұсынылатын әдебиет	48

3.7. Практикум	48
3.8. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	52
4-тақырып. Статистикалық жинақтау	56
4.1. Статистикалық жинақтау туралы жалпы ұғым	56
4.2. Топтастыру – статистикалық жинақтаудың ғылыми негізі.....	58
4.3. Күрделі және қайталама топтар	60
4.4. Бөлу қатарлары	62
4.5. Статистикалық кестелер	68
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	70
Ұсынылатын әдебиет.....	70
4.6. Практикум	71
4.7. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	74
5-тақырып. Абсолюттік және қатысты шамалар	78
5.1. Статистикада жинақтап қорытылған көрсеткіштер	78
5.2. Абсолюттік статистикалық шамалар	79
5.3. Қатысты шамалар	80
5.4. Абсолюттік және қатысты шамалардың графикалық көрінісі	83
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	86
Ұсынылатын әдебиет.....	86
5.5. Практикум	87
5.6. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	90
6-тақырып. Орташа шамалар	95
6.1. Статистикада орташа шаманың мәні мен түрлері.....	95
6.2. Арифметикалық орташа шама	97
6.3. Гармоникалық орташа шама.....	101
6.4. Мода және медиана	104
6.5. Статистикада орташа шаманы колданудың негізгі ережелері	108
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	109
Ұсынылатын әдебиет.....	110
6.6. Практикум	111
6.7. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	115
7-тақырып. Вариацияның көрсеткіштері	119
7.1. Вариацияның көрсеткіштері.....	119
7.2. Дисперсияны есептеу тәсілдері.....	122

7.3. Вариациялық катарды талдау тәсілдері	127
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	131
Ұсынылатын әдебиет	131
7.4. Практикум	132
7.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	136
8-тақырып. Ішінара бақылау.....	140
8.1. Ішінара бақылаудың теориялық негіздері.....	140
8.2. Ірітеме жиынтықтарды қалыптастыру тәсілдері	144
8.3. Ірітеме деректердің типтілігін тексеру және оларды тарату тәсілдері	145
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	149
Ұсынылатын әдебиет	149
8.4. Практикум	150
8.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	153
9-тарау. Динамика катарлары	157
9.1. Динамика қатарлары және оның түрлері	157
9.2. Динамика қатарларының аналитикалық (талдамалы) көрсеткіштері және динамика катарларын талдау тәсілдері.....	159
9.3. Динамика қатарларының үрдісін анықтау әдістері	164
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	169
Ұсынылатын әдебиет	170
9.4. Практикум	171
9.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	177
10-тақырып. Индекстер.....	182
10.1. Индекстер туралы жалпы түсінік	182
10.2. Жалпы индексті есептеу қағидалары мен әдістері	185
10.3. Агрегаттық индексті орташа индекске ауыстыру.....	188
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	191
Ұсынылатын әдебиет	191
10.4. Практикум	192
10.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	195
11-тақырып. Индекстерді талдау кезінде пайдалану	200
11.1. Динамика факторларын талдаудың индекстік әдісі (өзара байланысты индекстер жүйесі).....	200

11.2. Құрылымдық өзгерістердің ықпалын индекстердің көмегімен зерттеу (өзгермелі және тұрақты құрамдағы индекстер).....	202
11.3. Құрылымдық өзгерістердің макро- және микроденгейге жасайтын ықпалын зерттеу	204
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	206
Ұсынылатын әдебиет.....	206
11.4. Практикум	207
11.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	210
12-такырып. Өзара байланыстарды статистикалық зерттеу әдістері	213
12.1. Өзара байланыс түрлері. Өзара байланысты баланстық зерттеу әдістері	213
12.2. Корреляциялық байланыстар, олардың ерекшеліктері мен нысандары.....	215
12.3. Сапа (атрибутивтік) белгілерінің арасындағы байланыстың тығыздығын өлшеу.....	216
12.4. Сандық белгілердің арасындағы байланыстың тығыздығын өлшеу.....	219
12.5. Корреляциялық тәуелділіктерді анықтаудың графикалық әдістері	221
12.6. Аналитикалық топтастыру әдісі	222
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	225
Ұсынылатын әдебиет.....	226
12.7. Практикум	226
12.8. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	230
13-такырып. Өзара байланыстарды зерттейтін корреляциялық-регрессиялық әдіс.....	233
13.1. Бір факторлық корреляциялық-регрессиялық талдау.....	233
13.2. Сызықтық емес тәуелділіктер	238
13.3. Көп факторлық корреляциялық-регрессиялық талдау	243
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	247
Ұсынылатын әдебиет.....	247
13.4. Практикум	248
13.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	254

II БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ СТАТИСТИКА

14-тақырып. Әлеуметтік-экономикалық статистиканың теориялық негіздері.....	258
14.1. Әлеуметтік-экономикалық статистиканың пәні, әдістері және міндеттері	258
14.2. Әлеуметтік-экономикалық статистикада пайдаланылатын ұлттық шот жүйесінің негізгі ұғымдары, категориялары, жіктемелері	262
14.3. Ұлттық шоттар құрудың негізгі қағидалары	269
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	273
Ұсынылатын әдебиет.....	274
14.4. Практикум	274
14.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	276
15-тақырып. Халық және еңбек статистикасы	287
15.1. Халық статистикасы.....	287
15.2. Еңбек статистикасы.....	295
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	305
Ұсынылатын әдебиет.....	306
15.3. Практикум	306
15.4. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	310
16-тақырып. Ұлттық байлық статистикасы	321
16.1. Ұлттық байлық ұғымы, оның құрамы	321
16.2. Негізгі капиталдың статистикасы.....	330
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	340
Ұсынылатын әдебиет.....	340
16.3. Практикум	340
16.4. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	345
17-тақырып. Шығын мен аралық тұтыну статистикасы	352
17.1. Шығын мен аралық тұтыну туралы ұғым және оның құрамы.....	352
17.2. Шығынды факторлық индекстік талдау	356
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	363
Ұсынылатын әдебиет.....	363
17.3. Практикум	363
17.4. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	368

18-тақырып. Өндіріс нәтижелерінің статистикасы	374
18.1. Үлттық шот жүйесіндегі экономикалық өндіріс түсінігі	374
18.2. Өндіріс нәтижелерінің микро- және мэзозэкономикалық көрсеткіштері	375
18.3. Өндіріс нәтижелерінің макроэкономикалық көрсеткіштері ..	382
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	394
Ұсынылатын әдебиет	395
18.4. Практикум	396
18.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	397
19-тақырып. Баға статистикасы	407
19.1. Бағалар жөніндегі түсінік, олардың түрлері	407
19.2. Өнімді статистикалық бағалау мен кайта бағалау әдістері ..	409
19.3. Қазақстанда баға мен тариф өзгерісін статистикалық бакылауды ұйымдастыру	412
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	415
Ұсынылатын әдебиет	415
19.4. Практикум	415
19.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	416
20-тақыrap. Мемлекеттік бюджет, тауар және ақша айналысының статистикасы.....	420
20.1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті статистикасының негізгі ұғымдары мен көрсеткіштері	420
20.2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің операцияларын жіктеу	423
20.3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің табысын статистикалық талдау әдістері	427
20.4. Тауар айналысы статистикасы	431
20.5. Ақша айналысы статистикасы	432
Өзін-өзі тексеруге арналған сұраптар	435
Ұсынылатын әдебиет	435
20.6. Практикум	435
20.7. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	438
21-тақыrap. Экономикалық қызмет нәтижелері тиімділігінің статистикасы	445
21.1. Экономикалық қызмет нәтижелері тиімділігінің көрсеткіштері	445

21.2. Экономикалық қызмет нәтижелерінің тиімділігін факторлық талдау	447
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	452
Ұсынылатын әдебиет	452
21.3. Практикум	453
21.4. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	455
22-такырып. Әлеуметтік статистика	460
22.1. Әлеуметтік статистиканың пәні, объектілері	460
22.2. Үй шаруашылықтарына ішинара бақылауды үйлемдастыру	461
22.3. Халыктың өмір сүру деңгейі мен күн көрсеткіштерінің жүйесі	462
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	469
Ұсынылатын әдебиет	469
22.4. Практикум	470
22.5. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар	474
«Статистиканың жалпы теориясы» 1-бөліміне глоссарий.....	481
«Әлеуметтік-экономикалық статистика» 2-бөліміне глоссарий	495
Қосымшалар	515

ШОҚАМАНОВ ЮРИЙ КАМИРҰЛЫ
БЕЛГІБАЕВА ҚҰРАЛАЙ ҚАНАШҚЫЗЫ

СТАТИСТИКА

Oқулық

Кітапты орыс тілінен қазак тіліне аударған
Редакторы
Компьютерде бетеген
Мұқаба дизайнері

*Т.К. Алпысбаева
К.Ә. Өміргалиева
А.Т. Ақылова
К. Мышибаев*

Басуға 05.04.2010 ж. қол қойылды.
Пішімі 70x100^{1/16}. Офсеттік басылым. Баспа табағы 67,5.
Шартты баспа табағы 62,8. Есептік баспа табағы 43,9.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс 3/10-09. Еркін баға.

«Экономика» баспасы ЖШС компьютерлік
орталығында беттеліп, көркемделген.
050063, Алматы қаласы, Сайын көшесі, 81-үй

ISBN 978-601-225-143-2



